

Мәмбет Қойгелдиев

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ



АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Екі томдық монография

Мәмбет Қойгелдиев

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Бірінші том

Өңделіп, толықтырылған
екінші басылымы



Алматы «Мектеп» 2021

ӘОЖ 94 (574) (035.3)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ59

Қойгелдиев М.
Қ59 Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толық-
тырылған екінші басылымы. — Алматы: «Мектеп»
баспасы, 2021. — 480 б., сур.

ISBN 978-601-07-1592-9

Кітапта XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет — Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалады.

Кітап студент жастарға, тарихшы мамандарға, сондай-ақ қалың оқырманға арналған. Монографияның бірінші кітабы жаңа факті және тұжырымдармен толықтырылып қайта басылып отыр.

Қ 0503020905—027 98—21
404(05)—21

ӘОЖ 94(574)(035.3)
КБЖ 63.3(5Қаз)

- © Қойгелдиев М., 2008
- © Пак В., мұқабаның безендірілуі, 2008
- © «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2021

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүлкітік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-07-1592-9

Мәңгі мұқалмас мұратымыз — АЗАТТЫҚ үшін күрес жолында мерт болған Алаш зиялыларының рухына арнаймын

Автор

КІРІСПЕ

Мәселенің тарихнамасы. Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі тарихын зерттеуді олардың өздері бастап берген болатын. Бұл ретте Ө.Бөкейхановтың¹, М.Дулатұлының², М.Тынышбаевтың³, Е.Омаровтың және басқа алаш қайраткерлерінің⁴ өз замандастарының өмірі мен қызметіне байланысты түрлі басылымдарда жариялаған еңбектерін айтқан жөн. Олар кім туралы жазбасын заман сұранысына сай жеке тұлғаның қоғамдық ұстанымы мен атқарған еңбегін бірінші кезекке қойды. Мәселен, Бөкейханов Байтұрсынұлы мен Дулатұлының саяси және ағартушылық қызметін прогресшіл адамзат үлгі тұтқан қайраткерлердің еңбегімен салыстыра келіп: «Бауырым, Ахмет, Мирыкуб!! Сен екеуіңнің абақтың Радищев пен Новиков абақтысы XVIII ғасырда «ақыл патшасы»

¹ *Бөкейхан Өлихан*. Ұят-ай!; Жұрт төреші; Мен кадет партиясынан неге шықтым?; Көкітай; Григорий Николаевич Потанин; Петр Петрович Семенов; Н.Л.Скалозубов, т.б. // *Бөкейхан Өлихан*. Таңдамалы шығармалар жинағы. А., 2003, 2-кітап, 73—75, 171—172, 173—174, 176—178, 178—187; соныкі. Киргизы; Выборы в Степном крае; Бауырым, Ахмет!; Бауырым, Дінше!; Қадірлі Өлі!; Шырақ, Мадиярым!, т.б. // *Бөкейхан Ө.* Таңдамалы. А., 1995. 66—77, 397—399, 400—403.

² *Дулатұлы М.* Жер аудару; Балаларға жұққаны; Қай жерде қалай? «Айқап» журналы; Досмайыл қажыға ашық хат; Исмағұлбек Гаспиринский; Қазақ әдебиет кеші; Тағы құрбан; Алаштың азаматы; Тарихи жыл; Алаш ұлына; Шораи Ислам; «Қазақ» баспаханасы; Алаш ұранды қазаққа; Ашық хат; Жалпы қазақ-қырғыз съезі; Орда гербі (таңбасы); Қазақ зиялылары; Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов; Бірімжанұлы Ахмет, т.б. // *Дулатұлы М.* Бес томдық шығармалар жинағы. А., 2002, 2, 3 Т.

³ *Тынышбаев М. Сыртанов Барлыбек*. «Қазақ», 1915. №95, 96; Соныкі. Киргизы и освободительное движение — *Тынышбаев М.* История казахского народа. Алма-Ата, 1993, т.б.

⁴ *Омаров Ил*. Ученая деятельность А.Б.Байтұрсунова — «Труды общества изучения киргизского края». Вып. III. Оренбург, 1922. С. 7—16.

атанған француз Вольтер еді. Осы Вольтердің замандасы Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан. Осы Дидро қатын патша II Екатеринамен хат алысып, патша Дидродан көп ақыл алған. Біздің Россияда абақтыда жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Мельчин, Чернышевский, Морозов абақтыда жатқан. Бәрін жазып болмайды. Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдалған.

Түркияда халықты қатарға қосамын деп сабаздар абақтыға жабылған, айдалған. Бұрынғы Медхат пашалар 1883 жылы айдауда жүргенде өлген, осы күнгі Ахмед Риза һәм басқалары да абақтыда жатқан.

Шырақтарым, сендерді мінегенде осылармен бір салып мінесе не армандарың бар!» — деп жазды¹. Ал Кәкітай Құнанбаевқа арналған мақаласында Құнанбай тұқымының переселен мекемесі ұсынған 15 десятинадан жер үлесін алмай, сөйтіп өздерінің соңынан жүріп үйреніп қалған қазақ баласын адастырмаймын деп қасарысып, ақырында Қарауылдан айырылғанын, «Саясат жолында мұндай ерлік қылған қазақ басшысын көргенім жоқ», — деп бағалады².

Кеңестік билік тұсында ұлт зиялыларының тарихын жазу ісі ресми саясатқа тікелей тәуелді болды, билік талабына сай бейімделіп отырды. Қазақ облыстық бірінші партия конференциясы жаңа қоғамдық құрылыс үшін қазақ елінде ұлттық зиялылардың тым аз екендігін, ал білімді, тәжірибелі азғана зиялыларды «ешқандай да кітаптың ауыстыра алмайтындығын»³ мойындай отырып, бірақ олармен билік бөлісу ниетінде жоқ екендігін ашық білдірді⁴. Мұндай саясаттың астары түсінікті болатын. Қазақ бұқарасының санасын өзіне біржола қаратып алуды

¹ *Қыр баласы*. Ұят-ай! // Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. А., 1994, 168—171-бб.

² Ғалихан. Кәкітай / Сонда, 271—274-бб.

³ Қазақстан Республикасы Президентінің Мұражайы (бұдан былай ҚР ПМ), 139-қ., 1 т., 1-а іс. Протоколы 1-ой Всекиргизской конференции РКП(б), 117, 126-127 п.

⁴ Конференцияның қабылдаған қарарларында бұл мәселеге байланысты бір ауыз сөз айтылмады. Қараңыз: Протоколы первой областной киргизской конференции РКП(б). 11—18 июня 1921 г. Алма-Ата — Москва, 1935. С. 101—136.

көздеген кеңестік билік, өзінің негізгі қарсыласы ұлт-азаттық ұстанымындағы алаш зиялыларын күрес кеңістігінен біржола аластауды алдына мақсат етіп қойған еді. 1922 жылдан бастап жоғарғы билікте жүрген Алаш қайраткерлері қызметтерінен ығыстырыла бастайды¹.

Бұл саяси жағдай осы кезеңдегі мерзімді басылымдардан да анық аңғарылады. 1922 жылдың екінші жартысында республикалық «Степная правда» газеті революциялық қозғалыс тарихына арналған мақалалар жариялай бастайды. Алдымен, газетте Алаш қозғалысына қатысты фактілерді бұрмалай көрсетуді мақсат тұтқан «Н.Ш» деген бүркеншік есімді біреудің мақаласы жарық көрді². Бұл мақалаға жауап ретінде осы газетте Ө.Байділдин мен А.Кенжиннің мақалалары жарияланады³.

Ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді өкілдерінің бірі А.Кенжин Алаш қозғалысына байланысты бас көтере бастаған қарабайыр, ұлыдержавалық пиғылды пікірлерге тойтарыс беру мақсатында жазылған мақалаларында бұл тақырыпқа қалам тартқан авторларды мәселенің түп-тамырына, яғни Алаш қозғалысының алғышарттарына зер салуға, отарлық тәуелділік жағдайында қалыптасқан қазақ зиялыларының ұлтжандылық көңіл күйін өмірлік шындықпен байланыста қарап, тура түсінуге, тіптен қажет болса Алаш қайраткерлерінің азамат соғысы жылдарындағы қимыл, іс-әрекетін де осы контексте қарауға шақырды⁴.

А.Кенжин мақалалары, белгілі дәрежеде, жаңа билік біржола орнағаннан кейінгі уақыттағы қорғанысқа көшкен алаш зиялыларының ұстанымынан хабар беретін жарияланымдар болатын. Азамат соғысы жылдарындағы Торғай оқиғаларына қатынасқан, көзқарасы тұрғысынан сол тарихи кезеңдегі Қазақстандағы «бонопартистік» көңіл

¹ Қозыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. Алма-Ата, 1990. С.49.

² Н. Ш. К истории революционного движения в Восточной Киргизии — «Степная правда», 1922, 26 и 27 июля (№ 160-161).

³ Байділдин А. По поводу революционного движения в Восточной Киргизии — «Степная правда», 1922, 2 августа (№ 168); Кенжин А. К статье «Ревдвигение в Киргизии» — «Степная правда», 1922, 27 августа (№ 184); Сонькі. К исторической оценке деятельности «Алаш-Орды» — Сонда, 1922, 14 ноября (№ 247).

⁴ Кенжин А. К исторической оценке деятельности «Алаш-Орды» — «Степная правда», 1922, 14 ноября (№ 247).

күйдегі большевиктік бұқараның типтік өкілі И.Грушин деген Кенжинге жауап мақаласында Таран отряды тап болған қайғылы қасірет үшін кінәні түгелімен алашордалықтарға аударып, «шындықты жасыру ешкімнің де қолынан келе қоймас», өйткені «тарих Кенжиндер қалағандай жазылмайды, бар шындық қалпына келтірілетін болады», — деп жазды¹. И.Грушин атынан жасалған бұл мәлімдемеде Қазақстандағы саяси билік шын мәнінде кімдердің қолында екендігін ескертудің нақ өзі болатын.

«Степная правда» жариялаған мақалалары арқылы көтерілген мәселеге байланысты жоғарғы билік пен большевиктік бұқара арасындағы көңіл күйден біршама «түсінік» алған А.Кенжин, пікірсайыс «Известия Киробкома РКП(б)» журналына ауысқаннан кейін жариялаған мақаласында енді бастапқыдан өзге сарынға көшуге мәжбүр болып, Алаш партиясының қызметі мен бағдарламасын буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың көрінісі есебінде бағалап, «қазақ пролетариаты мен кедейлері бостандыққа орыс пролетариатымен қол ұстасып, ортақ жау — буржуазияға қарсы бірге көтерілгенде ғана жетеді деп қорытты»².

«Жеңілгендердің соры мол!» — деген римдіктер. Бұл қағида жеңілгендердің ауыр қалін білдірумен бірге, ендігі кезеңде екі жақтың арақатынас тарихын баяндау да жеңген жақтың үлесіне тиеді дегенді аңғартқан³. И.Грушин қателескен жоқ еді. Осы кезден бастап тарих ғылымында Алаш партиясы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты орталық биліктің идеологиялық ұстанымы тұрғысынан баяндау етек ала бастайды.

1925 жылғы 20 қарашадағы санында «Советская степь» Мәскеудегі оқу орындарында жүрген бір топ қазақ студенттерінің Жандосов, Нұрмақов және басқа қазақ қайраткерлеріне жолдаған ашық хатын жариялайды⁴. Сол тарихи кезеңдегі қоғамдық ойдағы бірнеше өзекті

¹ Грушин И. Благое намерение и неблагодарный поступок — «Степная правда», 1922, 17 сентября.

² Кенжин А. К исторической оценке деятельности партии «Алаш» — Известия Киробкома РКП(б), 1923, №1(25).

³ Геллер М., Некрич А. Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. Ч. 1. Лондон, 1982. С. 7.

⁴ Открытое письмо т.т. Джандосову, Нурмакову, С.Садвакасову, Ходжанову, Мендешеву, Рыскулову, Тюрекулову — «Советская степь», 1925, 20 ноября.

мәселелерге қозғау салған бұл хатта мынадай да сауал бар еді: «Біз февраль революциясына дейін және одан кейін де басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов және М.Дулатұлы сияқты ұлтшыл қазақ зиялылары тұрған ұлттық қозғалысты (Алашорда) қалай бағалауымыз керек? Сондай-ақ, бұл ұлтшыл зиялылар тобына біздің партияның қазіргі қатынасы қандай болмақ?».

Студенттердің қойған сауалдарына жалғыз Т.Рысқұлов қана жауап беріп, ол «Революцияға дейін ұлтшыл интеллигенция патша үкіметіне, ескі тәртіпке қарсы, жаңа қоғамдық қатынастар үшін жұмыс жүргізді, сондықтан да ол прогрестік рөл атқарды. Ақпан революциясынан кейін, әсіресе Қазан төңкерісінен соң ұлтшыл интеллигенцияның белгілі бір бөлігі революцияға қарсы шығып, ескі тәртіп жағында болды, соған байланысты олардың бұл жұмысын халықтың одан әрі дамуына зиянды әрекет есебінде бағалау керек», — деген пікір айтты¹.

Сөйтіп, москвалық студенттердің ашық хаты алаш зиялыларының тарихтағы алатын орнына байланысты кең пікір алысуға ұласып, сол тұстағы қайраткерлердің өзек-жарды ойларының айтылуына түрткі бола алған жоқ. Оның мынадай себептері бар еді.

1925 жылы 29 мамырда И.Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына өлкелік «Ақжол» газетінің саяси бағытына байланысты арнайы хат жолдайды. И.Сталин хатында «Ақжолда» жарияланған сыни мақалаларға талдау жасап және олардан алаш зиялыларының қастандық әрекетін көріп, партияда жоқ зиялыларды қазақ жастарын саяси және идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеу ісіне жіберуге үзілді-кесілді қарсы екендігін білдіреді².

Сол жылғы жаздың соңын ала Қазақ өлкелік партия ұйымын басқаруға келген Ф.Голощекин желтоқсанда болып өткен V өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамасында алаш зиялыларына байланысты екіұшты пікірге жол берілмейтіндігін мәлімдеп: «Түсінікті ғой, жолдастар. Ақпан революциялық қозғалысы сияқты (қазақ зиялыларының қызметі де — *Авт.*) объективті революция-

¹ Рысқұлов Т. Жастардың хатына жауап — «Еңбекші қазақ», 1926, 9 июль; Тоғжанов Г. О Байтұрсунове и байтұрсуновщине. Алма-Ата — Москва, 1932, С. 16.

² ҚР ПМ., 141-к., 1 т., 479 «А» ісі, 1-2 п.

пшыл болды, ал қазір реакцияшыл, тіптен контрреволюцияшыл. Басқа ештеңе емес. Бар жауап осы»¹.

И.Сталин мен Орталықтың талабын басшылыққа алған Ф.Голощекиннің алаштық зиялылар қызметіне байланысты айтқан пікірлері теория жүзінде ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясына, оның иесі алаш зиялыларына қарсы шабуылға көшуге негіз болған еді. «Советская степь» газетінің 1927 жылғы 22 шілдедегі санында «Ш.»² деген бүркеншік есім жамылған автордың мақаласында «Алаш қозғалысы туралы мәселені шешу оның бұрынғы қолдаушылары үшін идеологиялық сынға айналып отыр» деген пікір айтылып, ендігі уақытта «партиялық ой Алашорда тарихы бойынша пәрменді жұмыс жасап, идеологиялық майданның бұл саласында жан-жақты қарулы көрінуі»³ тиіс деген ұсыныс жасалынды. Республикалық орталық партиялық басылым арқылы айтылған бұл пікір бұдан былайғы уақытта Алаш идеясы мен оны ұстанушы зиялыларға қарсы ресми билік тарапынан идеологиялық майдан жарияланатындығын ашық білдіру, сондай-ақ алаштық ұстанымдағы зиялыларды бұл бағыттан бас тартатындықтарын білдіруге шақыру да еді.

Бұл уақытта голощекиндік-партиялық тапсырыс өз нәтижесін бере бастайды. Байлар меншігін жаппай тәркілеуге көшу қарсаңында, яғни 1927 жылы А.Бочаговтың Алашорда тарихына арналған очерктер жинағы жарық көреді⁴. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің кеңес билігіне қарсы күресін айғақтайтын құжаттарды негізге ала отырып жазылған бұл еңбектің Алаш қозғалысын айыптау тұрғысынан жазылғанын байқау, әрине, қиын емес еді. Алаш қозғалысын қазақ қоғамындағы ұсақ-буржуазиялық күштердің әрекеті есебінде бағалаған автор, оның өмірге келу себептеріне ешқандай да көңіл

¹ Отчет Казкрайкома РКП(б) V Всеказахстанской конференции РКП(б). Кзыл-Орда, 1926, С. 20.

² Қозыбаев И. М. бұл бүркеншік есімнің иесі Ш.Шафиро дейді. Қараңыз: Қозыбаев И. М. Историография Казахстана., 51-б.

³ Ш. К вопросу об истории Алаш-Орды. — «Советская степь», 1927, 22 июля (№ 166).

⁴ Бочагов А. К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917—19 гг. Кзыл-Орда, 1927.

аудармаған-ды. Сондай-ақ бұл шағын еңбекте дәлелсіз тұжырымдар, саналы түрде бұрмаланған фактілер де жеткілікті болатын. Мәселен, автордың Алаш партиясының Орталық Комитеті болды, Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат болып партия атынан түскендердің басым көпшілігі патшалық аппараттың қызметкерлері еді деген және басқа көрсетулері соның көрінісі еді¹.

Жалпы партиялық нұсқау бойынша асығыс жазылған бұл жұмыс ғылыми зерттеу еңбегінен гөрі, төменгі партия ұйымдары үшін арнайы жазылған үгіт-насихат анықтамалығына көбірек ұқсайтын еді². Сондықтан да бұл кітапшаға аса үлкен сұраныс болған жоқ.

1929 жылы Қызылордада О.Исаевтың алғы сөзімен Н.Мартыненконың «Алаш-Орда. Сборник документов» деп аталатын кітабы жарық көреді³. Бұл шын мәнінде Алаш қозғалысы жөнінде біршама түсінік бере алатын құжаттардан құралған тұңғыш жинақ болатын. Мәселен, жинақта облыстық және жалпықазақ съездерінің хаттамалары мен шешімдері, Алаш партиясының бағдарламасы сияқты қазақ ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-мұраттарынан біршама мәлімет беретін құжаттық материалдар жарық көрді. Сонымен бірге, Мартыненко жинағы да Бочагов еңбегі сияқты нақты саяси мақсатқа қызмет етуге тиіс еді⁴. Автордың сондай мақсат көздегендігі материал сұрыптау принципінен және кейбір маңызды құжаттарды оқырманға ұсыну әдісінен байқалды. Мәселен, Мартыненко жинағына Алаш партиясы бағдарламасының орыс тіліне А.Кенжин аударған түпнұсқаға жақын нұсқасы бола тұрып, яғни құжаттың, мазмұнын бұрмалауға салған

¹ Сонда. 30, 36-бб.

² Кітапшаның осы мақсатта жазылғанын автордың өзі де мойындайды. *Қараңыз: Бочагов А.К. У истоков. Воспоминания. Алма-Ата, 1971. С.101—103.*

³ *Мартыненко Н.* Алаш-Орда. Сборник документов. С предисловием тов. Ураза Исаева. Кзыл-Орда, 1929; бұл кітапты «Айқап» баспасы жазушы Қ.Сарсекеевтің кіріспе сөзімен 1992 жылы сол күйінде қайта басып шығарды.

⁴ Кітаптың осындай мақсат көздегені жөнінде О.Исаев Қазақстан коммунистерінің бірінші съезінде сөйлеген сөзінде: «1929 жылы Өлкелік партия комитетінің тапсырмасы бойынша Мартыненко жолдас Алашорда туралы жинақ құрастырды. Бұл жинақ Алашорданың контрреволюциялық қызметін әшкерелеуді көздейтін үгіт-насихат жұмысы үшін даярланды» — ҚР ПІМ, 708-қ., 1 т., 2-іс, 91 п.

сапасыз аударма нұсқасын енгізді¹. Кейіннен бұл нұсқа шетелдік басылымдарға да енді².

Бочагов пен Мартыненко еңбектерінің шығуымен бір мезгілде алаш зиялыларын қудалау және сотқа тарту ісі қатар жүрді. 1927 жылы қазан айында ОГПУ орындарының Елдес Омаровты тұтқынға алып, тергеуге алуынан басталған бұл процесс 1930 және 1932 жылдары ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің үлкен тобын (А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, М.Тынышбаев және басқалар бастаған) түрлі ауыр жазаларға кесумен аяқталды³.

20-жылдардың орта тұсынан қалыптаса бастаған бұл ауыр саяси жағдай өз ретінде Алаш қозғалысына қатысты жазылған еңбектерге өз әсерін тигізбей қоймады. Өздерінің алғашқы еңбектерінде — ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының объективті-революциялық рөлі жөнінде жазған Т.Рысқұлов⁴ пен С.Асфендияров⁵ соңғы еңбектерінде қазақ зиялыларының қызметін басынан аяғына дейін реакциялық буржуазиялық ұлтшылдықтың көрінісі есебінде бағалауға мәжбүр болды. Ал Ғ.Тоғжанов⁶,

¹ *Мартыненко Н.* Алаш-Орда. С. 73—76; Мартыненко мәтініндегі бұрмалаушылық туралы қараңыз: Болашақ үшін де өткенді білу — парыз (дөңгелек үстел материалдары) — «Социалистік Қазақстан», 1989, 19 шілде.

² Программные документы мусульманских политических партий 1917—1920 гг. Оксфорд, 1985, С. 47—53.

³ *Қараңыз:* «Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы» атты дөңгелек жозы басындағы сұхбат. К.Нұрпейісовтің сөзі. — «Ақиқат», 1992. № 1, 45—46-бб.

⁴ *Рысқұлов Т.* Из прошлого казахской национальной интеллигенции. Избранные труды, Алма-Ата, 1984. С. 148—153; Соныкі. О контрреволюционной Алаш-Орде и ее осколках — Сонда, С. 206—213; Соныкі. Из истории революционной борьбы в Казахстане — Сонда, С. 225—237.

⁵ *Асфендияров С.* История Казахстана (с древнейших времен). Алма-Ата, 1993. С. 270—276.

⁶ *Тоғжанов Г.* О Байтурсунове и байтурсуновщине. Алма-Ата — Москва, 1932.

І.Қабылов¹ және Н.Тимофеев² сияқты тарихшылар Алаш қозғалысынан тек Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясына қарсы әрекетті көрді.

Ф.Голошекин мен партиялық басшылықтың есебі бойынша алаштық идеология мен зиялыларға қарсы шабуылдың шырқау биігі С.Брайнин мен Ш.Шафиро даярлаған Алашорда тарихы бойынша очерктер кітабы болуға тиіс еді³. Кітапты даярлау барысында, яғни 1933 жылы 8—29 желтоқсан аралығында Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында Алашорданың контрреволюциялық рөліне арналған ғылыми конференция өткізіледі. Баяндаманы талқылауға тарихшы мамандармен бірге Ө.Жангелдин, С.Меңдешев, С.Асфендияров, І.Құрамысов сияқты мемлекет қайраткерлері, «Еңбекші қазақ» газетінің Бас редакторы Ө.Мусин және т.б. шақырылады.

Ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерімен біржола есеп айырысу мақсатында жүргізілген 1930 және 1932 жылдардағы сот процестерінен кейін өткізілген бұл конференцияның негізгі мақсаты — «күйретілген Алашорданың қалдықтарына»⁴ енді идеология және «тарих майданында» соққы беру еді. Өздеріне осындай саяси міндет жүктелгенін баяндамашылар Брайнин мен Шафиро да жасырған жоқ⁵.

Конференцияның негізгі мақсаты тарихи шындықты анықтау емес, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының идеологиясымен, бұл идеологияның қоғамдық таным мен санаға ықпалымен күресу болғандығы оны ұйымдастыру ісінен анық байқалатын еді. Сондай-ақ бұл жағдайды елемеу де мүмкін емес. Жиырма шақты күнге созылған конференция Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу

¹ *Қабулов И.О* некоторых вопросах истории партийной организации и Октябрьской революции в Казахстане — Из истории партийного строительства в Казахстане. Алма-Ата, 1936. С. 62—101.

² *Тимофеев Н.* К истории образования казахстанской краевой организации ВКП(б) — Сонда, С. 102—171.

³ *Брайнин С., Шафиро Ш.* Очерки по истории Алаш-Орды. Под редакцией Н.Н.Ванаг. Алма-Ата, 1935.

⁴ ҚР ПМ, 811-қ., 20 т., 686-іс, 1 п.

⁵ Сонда. 3-16, 31—42 п. Шафиро мен Брайниннің баяндамалары.

институтында өтті. Ал бұл мекеменің басты мақсаты қоғамда, білім жүйесінде және ғылымда марксистік-лениндік дүниетанымды орнықтыру болғандығы мәлім. Бұл міндетті іске асыруда ол билікке сүйенді, олар екеуара үйлесімді қызмет жасады.

Конференцияның жұмысына бастапқы кезеңде институт директорының орынбасары З.А.Порядин төрағалық жасаса, пікірсайыс қызу қарқын алып, шешендердің сөзі идеологиялық басшылыққа қажет бағыт алмауына байланысты төрағалықты конференцияның екінші жартысында Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы І.Құрамысов өз қолына алады. Бұл екеуі де негізгі тақырыппен ешуақытта арнайы айналыспаған, сондықтан да одан алыс, ал конференция барысында белгілі бір идеологиялық нысанға қол жеткізу ісі мойындарына жүктелген қызметкерлер болатын.

Конференцияда өздерінің «Очерки по истории Алаш-Орды» атты кітаптары жөнінде баяндама жасаған Ш.Я.Шафиро мен С.Х.Брайнин 20-жылдарға шейін екеуі де «Поалей Цион» аталатын еврейлер жұмысшы партиясының белсенді мүшелері болған. Қазақстанға 20-жылдардың екінші жартысында ғана келіп, қазақ марксизм-ленинизм институтына қызметке алынғанға шейін¹ Қазақстан тарихымен айналыспаған адамдар еді. Даярлаған еңбектерінің белгілі дәрежеде қатаң ғылыми өлшемге сай келмейтіндігін олардың өздері де түсінді және ол жөнінде Шафиро жасаған баяндамасында «Өз жұмысымызда біз қандай мақсаттар көздедік, бұл тақырып Қазақ марксизм-ленинизм институтында сөз болғандықтан, мен оған жауап бере кетейін. Біз алдымызға Алашорда қозғалысы тарихын беруді мақсат ретінде қойған жоқпыз, өйткені тарих майданы Қазақстанда өте дамымай қалған майдан, біз осындағы мұражайларда не бар, не жоғын да білмейміз. Қажет материалдың басым бөлігін Мәскеу қаласынан алдық...» — деп ашық айтты да. Өз еңбектеріне байланысты осындай мәліметтер бере келіп, ол «шама-

¹ Брайнин Соломон Хаимович (1897—?) Қазақ марксизм-ленинизм институтына қызметке 1931 желтоқсанда қабылданған, ал Шафиро Шолом Яковлевич (1896—1965) институтқа шамамен 1932 жылы қабылданған болуы керек.

шарқымыз бен мүмкіндігімізге қарай қолда бар материалдарға сүйене отырып Алаш қозғалысын әсерлеп көрсететін аңыздарды әшкерелеу» міндетін көздегендіктерінен хабардар етті.

Баяндамашының сөзінен анық көрініп тұрғандай Қазақ марксизм-ленинизм институтында істейтін бұл екі автор өздерін зерттеуші ғалымнан гөрі басым түрде биліктегі партияның тапсырысын орындаушы «идеологиялық майданның» жауынгерлері рөлінде сезінгендігі анық байқалады, соған сай негізгі міндеттері де ғылыми шындықты анықтау емес, биліктің қарсыластарына идеологиялық соққы беру еді. Міне, осы баяндалған жағдайдан-ақ алаштану ісіне қандай «ғылыми» негіз қаланғанын байқау, әрине, қиын емес.

Дегенмен, бұл арада бір нәрсенің ғана басы ашық емес, түмшаланулы. Ол «идеологиялық майдандағы» нағыз шабуылдаушы кім және ол қандай құндылықтарды жойып, оның орнына қандай құндылықтарды орнықтырмақшы? Бұл сауалға жауапты толық болмаса да, белгілі дәрежеде пікірсайыс барысымен таныса отырып алуға болады.

Бізді бұл арада тарихи факті ретінде қызықтыратын нәрсе ол, әрине, өзара тартысқа түскен жақтардың қандай рухани құндылықтарды немесе ұстанымдарды қорғағандығы болса керек. Сонымен, Шафиро мен Брайниннің Алаш қозғалысына байланысты жасаған талдаулары мен тұжырымдарын дәлелді сынға алушылардың қатарында А.Мусин, С.Меңдешев, С.Асфендияров және басқалар болды. Мәселен, А.Мусин («Социалды Қазақстан» газетінің жауапты редакторы) кітап авторларының «методологиялық тұрғыдан кәдімгідей кемшіліктері бар» екендігін, ол әсіресе «қозғалыстың әлеуметтік экономикалық негіздерінің» елеусіз қалуынан анық байқалатындығын, өйткені кез келген тарихшының зерттеуі, ең алдымен, қоғамдық құбылыстардың «әлеуметтік түп-тамырын анықтап алудан басталатындығын» айтты. «Міне, осы орайда, — деп көрсетті Мусин, — «қазақ буржуазиялық зиялылары қозғалысының бұдан ерте емес, жиырмасыншы ғасырдың басында басталуын немен түсіндіруге болады? Оны кездейсоқтыққа жатқызуға болады ма? Әрине, жоқ. Олай болса, бұл сұрауға дәлелді түсінік берген жөн. Ал кітап авторларында бұл сұрауға жауап жоқ, оған ынта да байқалмайды». А.Мусин тарапынан айтылған

бұл пікір шын мәнінде ішкі Ресейден орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуы нәтижесінде жер мәселесінің ушыға түсуі қазақ азаттық қозғалысына негіз болғандығы Брайнин мен Шафиро кітабында неге айтылмағандығы жөнінде мәселе көтерумен тең еді. Кітаптың ең әлсіз тұсы да осы болатын.

Пікірсайыста сөз алған С.Меңдешев Брайнин мен Шафироның жасаған тұжырымдарының өмірлік шындықтан алшақ жатқанын, отарлық езгідегі қазақ қоғамы жағдайында қазақ зиялыларының қызметі объективті-революциялық сипатта болғандығын мойындау өмірлік шындыққа сай келетіндігін айтып, Б.Қаратаев, Ө.Бөкейханов және М.Тынышбаевтың қызметіне байланысты кітап авторларының ірі бұрмалаушылыққа ұрынғандығын көрсететін нақты дәлелдер келтіреді¹.

Конференцияда қазақ зиялыларының қызметін объективті ғылыми тұрғыдан емес, таза саяси-конъюнктуралық тұрғыдан бағалауды айыптап С.Асфендияров сөйлейді. «Өз қызметінің бастапқы кезеңінде қазақ зиялылары — деп көрсетті ол, — прогресшіл, тіптен революциялық рөл атқарды... 1905 жылы Бөкейханов та, Тынышбаев та революционер болған емес. Ал, бірақ олар бүкілхалықтық қозғалысқа жетекшілік жасамады ма? Сондықтан да бұл буржуазиялық зиялылардың, белгілі дәрежеде, революциялық рөл атқарғанын неге айтпасқа... Брайнин осында жасаған баяндамасында 1905 жылдан басталған ұлт-азаттық қозғалысты бағалауда методологиялық қателіктер жіберді деп санаймын»².

Қазақ басқарушы тобы арасында кеңестік биліктің өз адамы саналған Ө.Жангелдиннің өзі де Шафиро мен Брайниннің ұстанымымен келісе алмайтындығын ептеп болса да білдіріп, «патшалық самодержавие мен шенеуніктердің езгісіндегі» қазақ халқы «мәдениетке ұмтылып», өз жауларына қарсылық көрсету үшін біріге бастағандығын атап өтті.

Сонымен, конференцияның алғашқы жартысында қазақ саяси басқарушы тобы мен зиялылары тарапынан идеологиялық шабуылға көшкен шовинистік, ұлы державалық күштерге қарсы ұйымдасқан түрде тойтарыс

¹ Сонда. 222—225 п.

² Сонда. 235—240 п.

беру әрекеті анық байқалды. Олардың бұл әрекеті өлкелік басшылық тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Конференцияның барысында-ақ мұндай «еркін» пікірдегілердің бастапқы өз ұстанымдарынан бас тартуы байқалды және бұл жағдай оларға билік тарапынан жасалған ықпалдың нәтижесі болуы да әбден ықтимал еді. Дискуссияның І.Құрамысов төрағалық жасаған 26 желтоқсан күнгі отырысында екінші мәрте сөз алған А.Мусин енді кітап авторларының ұстанымына байланысты бұдан бұрын айтқан тұжырымдарынан бас тартып, «соңғы күндері... Мусин, Момынов, Әлжанов¹ Алашорданы біреулерден қорғапты-мыс, Алашорданы асыра әсірелеп көрсетіпті деген сөздер айтылып жүр... Мен аталған жолдастар Алашорданы қорғапты деген пікірге үзілді-кесілді қарсы екенімді білдіремін. Бұл тым асыра айту, дұрыс мәлімет емес. Ия, рас әсірелеудің қайсыбір элементтері болғаны рас... Мәселені бүгінгі саясаттан үзіп алып, академиялық, тарихилық тұрғыдан талдауға ұрынған да болуымыз ықтимал», — ал шын мәнінде «алашордалықтар орыс үкіметінің қызметіндегі тыңшылар еді», қазақтардың 1916 жылғы көтерілісін басуға қатысты, сондықтан да «кімде-кім Алашорданы қорғаса, ол жасырынып жүрген ұлтшыл» деп түйді.

Бастапқы айтқан турашыл ойын жуып-шайып екінші мәрте Федоров пен Асфендияров та сөз алады.

Алаш қозғалысының мақсат-мұратын шынайы тұрғыдан түсінуге жақын тұрған сыншылардың бірі, әрине, Ә.Лекерев болатын. Әсіреқызыл тапшылдық ұстанымға ұрынған ол тым солшыл бағытта сөйлеп, алашшылдарды «қазақ феодалдары мен буржуазиясының таптық тобы» деп атады.

Конференцияны жүргізуші өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы І. Құрамысов «мен осында Асфендияровка сөз бергеніме өкініп отырмын» деп мойындап, одан ары сөзін «біз Қазақстандағы революциялық қозғалыстың партиялық-ұстамдылық тұрғысынан сомдалған тарихын жасауымыз керек...» Ал ұлттық интеллигенция арасында болса әлі де Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатұлы есімдері төңірегінде

¹ Момынов пен Әлжановтың сөз мәтіндері стенограммада қатталмаған.

жасалған дақпыртқа сенушілік бар. Біраз кісілер осы дақпырт ықпалында жүргенін әлі де түсінбей келеді. Олардың арасында шын көңілден адасушылар да бар, біз оларға жылы сөзбен де, қатаң сөзбен де көмектесетін боламыз, тіптен қажет болса «көгерте соғуымыз да» керек, өйткені «көгерте соғудан» партиялық тарих шындығы туады... Біздің конференциямыз осы дискуссияны біржола аяқтап, ортақ бір тұжырымға келуі керек», — деп қорытты¹.

С.Брайнин мен Ш.Шафионың кітабы Н.Н.Ванагтың редакторлық басшылығымен Мәскеудегі Коммунистік академияның тарих институты және Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтының атынан 1935 жылы жарық көреді². Жоғарыда айтылғандай, бұл Алаш қозғалысы атына бағытталған ғайбат пікір және тұжырымдардан құралған еңбек болатын. Ресми биліктің қолдауына сүйенген кітап авторлары қалай болғанда да қазақ ұлт-азаттық қозғалысы мен оның жетекшілерін идеологиялық тұрғыдан «әшкерелеп» көрсету арқылы өз міндеттерін орындауға тырысты. Олардың өз «ұстанымдарына» сенімді болғаны соншалық, кітапта берілген жалған фактілерге байланысты айтылған сын пікірлерге тіптен құлақ та аспады. Мәселен, 1933 жылғы конференцияға шейін кітапта берілген «Бөкейханов Торғай облысындағы қазақ еңбекшілерінің көтерілісін, ал Тынышбаев болса, Шкапскиймен бірге Жетісу облысындағы қазақ бұқарасының қарсылығын жойқын күшпен басып тастауды ұйымдастырды»³, — деген көрсетулері сол күйінде қалдырылды.

Қорыта айтқанда, С.Брайнин мен Ш.Шафионың кітабы, кеңестік тарихнаманың «ғылым саяси күрес қаруы болуға тиіс» деген ұстанымды біржола басшылыққа алғанын айғақтайтын еді. Сонымен бірге кітапта оның авторлары жіберіп алған бір ірі қателік те бар-тын. Ол кітапқа қосымша есебінде қозғалысқа қатысты құжаттық материалдардың берілуі еді. Өз ретінде ол материалдар Алаш қозғалысының ұлт-азаттық, жалпыдемократиялық

¹ Сонда. 241 п.

² Рысаков П. Алашордынская контрабанда. — «Правда», 1935 г., 13 апреля, №102(6348).

³ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Под ред. Н.Н.Ванаг. А. — М., 1935. С. 83-84.

мазмұнын айғақтайтын құжаттар болатын. Міне, осы жағдай кітап авторлары мен оны шығаруға атсалысқан кісілерге өте жағымсыз тиген еді.

Кітап жарық көре салысымен-ақ, яғни 1935 жылы 13 сәуір күнгі «Правда» газетінде оған П.Рысаков дегеннің пікірі жарияланады. Пікір білдірушінің мақала соңына өз аты-жөнін қойғандығы, әрине, күмәнді-ақ. Дегенмен ол Брайнин мен Шафионың «алаш қозғалысы төңірегінде қалыптасқан түрлі аңыздардың түгін де қалдырмай әшке-реклеу» мақсаттарына жеткендіктерін айта келіп, сонымен бірге кітаптың екінші бөлігінде берілген құжаттық материалдардың «алашордалықтардың соңындағыларды контрреволюциялық тұрғыдан насихаттауға қызмет жасайтын материал болмақ», — деп көрсетеді. Мәскеулік сыншыға әсіресе ұнамағаны «алашорда жетекшілерінің бірсыпыра пікірлері, «Алаш» партиясының бағдарламасы, алашорда съездерінің аса маңызды үндеулері мен қаулы-қарарлары» еді¹.

Қазақ өлкелік партия Комитетінің бюросы «Правда» жариялаған рецензияға байланысты өзінің 15 және 16 сәуір күнгі отырыстарында Брайнин мен Шафионың кітабы туралы мәселе қарап, рецензияда көрсетілген кемшіліктерді түгелдей тура деп тауып, мынадай мазмұндағы шешім қабылдайды:

**«БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының
«Очерки по истории Алаш-Орды»
кітабы туралы» шешімі**

16 сәуір, 1935 ж.
Алматы

Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының 15 сәуірдегі қаулысы (прот. № 104, 5-б.) мынадай редакцияда өзгертіліп қабылдансын:

1. 1935 ж. 13 сәуірдегі Орталық Орган «Правдадағы» «Алашордынская контрабанда» аталатын Брайнин мен Шафиро ж.ж. Н.Ванагтың редакциялық басшылығымен жарық көрген «Очерки по истории Алаш-Орды» кітабына байланысты жарияланған рецензия тура деп мойындалсын.

¹ ҚР ПМ, 141-к., 1 т., 8074-іс, 203 п; Қозыбаев И.М.Историография Казахстана. С. 76.

Кітап редакторы Ванаг ж. және авторлар Шафиро мен Брайнин ж.ж.-ға кітапқа қосымша ретінде бірсыпыра алашордалық құжаттарды беріп ірі саяси қателік жіберді. Қосымша ретінде бұл құжаттардың берілуі объективті тұрғыдан контрреволюциялық алашордалық ұлтшылдық идеологиясын насихаттау болып табылады.

2. Жіберілген қателіктерін жөндеу және қосымша берілген алашордалық құжаттарды алып тастау үшін Шафиро мен Брайнин ж.ж. кітабы таратуға жіберілмесін.

3. Кітап авторлары Шафиро мен Брайнин ж.ж., сондай-ақ Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Тимофеев ж.-қа кітапқа қосымша ретінде бірқатар алашордалық құжаттардың жариялануына жол бергендері үшін ескерту жасалынсын.

4. «Правда» сынын мойындайтындықтары және өз қателіктерін түзетуге уәде беретіндіктері жөнінде Шафиро мен Брайнин ж.ж. мәлімдемелері ескерілсін.

БК(б)П Қазақөлкеком хатшысы *Л. Мирзоян*.

Осы мазмұндағы талқылаулар Мәскеуде Н.Н.Ванаг¹ жұмыс жасайтын Коммунистік академияның жанындағы Тарих институтында да өтіп, оның артын ала «Правда» газетінде осы институттың директоры Н.Лукиннің хаты жарық көріп, онда «Брайнин мен Шафиرونның «Очерки по истории Алаш-Орды (под редакцией *Н. Н. Ванага*)» кітабының Институт дирекциясы тарапынан саяси тұрғыдан зиянды» басылым ретінде мойындалғандығы айтылады. Тура осы сарындағы Э.Генкин мен А.Ломакиннің «Очерктер» жөнінде жазылған пікірі «Историк-марксист» журналында жарияланады².

¹ 1935 жылы «Очерки по истории Алаш-Орды» кітабына редакциялық басшылық жасағаны үшін Коммунистік академияның Тарих институты директорының орынбасары қызметінен босатылған Н.Н.Ванаг 1937 жылы қаңтарда тарихшы-троцкишіл ретінде қамауға алынып, осы жылы 8 наурыз күні атылған. *Қараңыз: «Советская историография»* атты кітапта (М., 1996), 29—30-бб.

² *Қараңыз: «Правда». 1933 г., 20 апреля; Генкина Э., Ломакин А. Против Алашордынской контрабанды. — «Историк-марксист», 1935, № 4. С. 108—110; В Институте Истории Коммунистической академии. Об «Очерках по истории Алаш-Орды» — Сонда. С. 155—156.*

Брайнин мен Шафирионың кітабына тағылған айып көп ұзамай Н.Мартыненконың жинағына да жетеді. Мамыр айында Өлкелік партия Комитетінің бюросы оны айналымнан алу жөнінде шешім¹ қабылдайды. Жинаққа кіріспе жазған О.Исаев бұл уақытта қазақ зиялыларының қызметін бағалауға байланысты жіберген «қателігі» үшін үш рет жазбаша түсінік беруге мәжбүр болған еді. Ол 1937 жылы Қазақстан коммунистерінің бірінші съезінде мынадай деп көрсетті: «Өрине, тек Алашордаға қатысты документтерді жинап, жариялаудың өзі ғана онымен күресуден гөрі, қайта Алашордаға мінбе беріп, Алашорданың идеяларын насихаттауға көбірек ұқсайтын еді. Жолдастар, мен бұл жинаққа 29-жылы кіріспе жаздым. Осы кіріспеде мен Алашорданың Қазан төңкерісіне дейінгі қызметін объективті-революциялық қызмет есебінде бағалап, үлкен қателік жасадым. Бұл қателігімді мен жазба түрінде 3 рет жөндетім: 1931 жылы тілшілер съезінде, 1933 және 1935 жылдары. Бірақ тағы да қайталап айтуды жөн көріп тұрмын, өйткені сөз үлкен саяси мәселе туралы болып отыр»².

Сонымен, тақырыпқа қатысты алғашқы кезеңдегі әдебиетке жасалған талдау мынадай бір мәселеге назар аударуға итермелейді. Кеңестік идеологиялық аппарат Алаш қозғалысы аталған қоғамдық құбылыстың қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының нақ өзі екендігін айна қатесіз таныды. Сондықтан да оның ең қарапайым, болар-болмас көрінісінен қаймықты, қорықты. Бұл қозғалысты еске салатындай қоғамда ешқандай да белгі болмауын мұқият қарастырды. Оның бұл әрекеті де тегін емес-тін. Жүйе өзінің ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы жасаған қылмысын мықтап жасырып тастауға тиіс болды. Мәскеу мен Алматыдағы билік орындарының алаш тақырыбына байланысты ғылыми мекемелер мен жеке тұлғаларға соншалықты шүйлігуінің астарында, сірә, осы мақсат жатқан еді.

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін зерттеу 20—30-жылдары шамамен осы жоғарыда баяндалғандай

¹ ҚР ПМ, 141-қ., 1 т., 8074-іс., 252 п.; Қозыбаев И. М. Историография Казахстана., С. 76.

² ҚР ПМ, 708-қ., 1 т., 2-іс., 91 п.

бағытта және деңгейде жүрді. Ал 1937—1938 жылдардағы интеллигенцияға қарсы жүргізілген жаппай қуғын-сүргін саясаты және тоталитарлық идеологияның салтанат құруы бұл тақырыптың ғылыми зерттеу объектісі санатынан ұзақ мерзімге шығып қалуына алып келді. 80-жылдардың соңына шейін XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне арналған бірлі-жарым мақалалар болмаса¹, бұл тақырыпты арнайы зерттеу объектісі есебінде алған монографиялық деңгейдегі еңбектің жарық көрмеуі соның айғағы.

Әрине, бұл мәселе мүлдем назардан тыс қалып қойды десек қателікке ұрынар едік. Зерттеушілер бұл мәселеге тоқталды. Бірақ оны революцияға дейінгі Қазақстандағы азаттық (таптық) қозғалысқа немесе кеңестік құрылысқа арналған еңбектерінде негізгі мәселеге жанама сюжет есебінде ғана қарастырды².

Соңғы жылдарға дейін Қазақстандағы түрлі саяси партиялардың революция қарсаңындағы, тұсындағы және

¹ Мәселен, Ж.Ақбаевтың қоғамдық қызметі жөнінде: *Сүлейменов Б.* Аграрный вопрос и национально-освободительное движение в Казахстане в годы первой русской революции — «Известия АН КазССР, серия общественных наук», 1966, вып. I; *Жакипова А.Ж., Сапарғалиев Г.С.* Об общественно-политической деятельности *Я.Ақпаева* — «Ученые труды Казгосуниверситета», Т. 8, серия юридическая, Алма-Ата, С. 72—79, т.б.

² *Якунин А. Ф.* Революция 1905—1907 гг. в Казахстане — «Революция 1905—1907 гг. в национальных районах России» деген кітапта. М., 1955, 661—714 б; *Қозыбаев М.* Алиби Джангильдин — первый военный комиссар Степного края. Кустанай, 1957; *Елеуов Т.* Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1961; *Асылбеков М. Х.* Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905—1907 гг.), Алма-Ата, 1965; *Сапарғалиев Г.* Карательная политика царизма в Казахстане (1905—1907 гг.). Алма-Ата, 1966; *Турсунбаев А.Б.* Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата, 1967; *Нурпеисов К.* Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян. Алма-Ата, 1968; Амангельды Иманов: статьи, документы, материалы (сост. *М.К.Козыбаев, П.М.Пахмурный*). Под ред. *С.Б.Бейсембаева*, Алма-Ата, 1974; *Сүлейменов Б.С.* Революционное движение в Казахстане в 1905—1907 гг. Алма-Ата, 1977; *Зиманов С.З.* Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата, 1970; *Елькеев Б.* Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане в период установления Советской власти. Автореферат. Ташкент, 1975; *Джаксалиев М.* Экономические и социально-политические взгляды казахских общественных деятелей конца XIX—начала XX вв. Автореферат. М., 1973, т.б.

одан кейінгі жылдардағы қызметін, олардың өзара қатынасын зерттеу ісін бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты жүргізіп келгендігі мәлім¹. XX ғасырдағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы мен бұл процестегі Алаш зиялыларының қызметіне баға беру ісі осы мекеме арқылы жүрді. Кезінде бұл институттың ғылыми мекеме атанғанымен, шын мәнінде республикалық партия ұйымының тікелей басшылығымен және оның тапсырысы бойынша жұмыс істейтін идеологиялық орын болатын. Соған байланысты бұл институт қабырғасында жазылған еңбектердегі тарихи фактілерді, әрине, ғылыми сұрыптаудан өткізу арқылы пайдалануға болатындығын айта отырып, ал бірақ ол «зерттеулерде» жасалған тұжырымдардың бүгінгі күнде ешқандай да ғылыми мәнге ие еместігін дәлелдеп жатудың өзі артық. Біз тақырыбымызға байланысты партия тарихы институты қызметкерлері жариялаған еңбектерге ортақ мынадай ерекшеліктерді бөліп атаған болар едік.

1. Қазақ халқының Ресей билігіне қарсы азаттық қозғалысын толық табиғи құбылыс ретінде мойындамайтындықтарын. 2. Ұлт қайраткерлерінің өз халқының ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған қозғалыс мен олардың ұлыдержавалық шовинизм мен кеңестік биліктің империялық саясатын сынға алуын «партияның ұлттық саясатының интернационалдық мазмұнын түсіне алмағандық» есебінде бағалауын. 3. Қазақ елінің ұлттық мәдениетіне жоғарыдан менсінбей қарап, соның айғағы ретінде зерттеу еңбектерінде қазақ тіліндегі дерек көздерін пайдалануды қажет санамағандықтарын, т.с.с.

¹ Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. Алма-Ата, 1984; *Бейсембаев С.* Ленин и Казахстан. Алма-Ата, 1987; Соныкі. Ленин және Қазақстан. Алматы, 1970; *Пахмурный П.* Коммунистическая партия — организатор партизанского движения в Казахстане. Алма-Ата, 1965; Соныкі. Большевики Казахстана в революции 1905—1907 гг. Алма-Ата, 1976; *Пахмурный П., Григорьев В.* Октябрь в Казахстане. Алма-Ата, 1978; *Григорьев В.К.* Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане (1920—1922 гг.). Алма-Ата, 1984; Соныкі. Противостояние (Большевики и непролетарские партии в Казахстане 1917—1920 гг.). Алма-Ата, 1989; *Григорьев В., Шапоров Ю.* Фрагменты времени — «О чем не говорили» деген кітапта. Алма-Ата, 1990. С. 3—65; О прошлом — для будущего (некоторые актуальные проблемы истории Компартии Казахстана в свете гласности). Алма-Ата, 1990, т.б.

1989 жылы баспадан белгілі қоғам қайраткері, ағартушы М.Сералиннің қоғамдық-саяси көзқарасын талдауға арналған С.Зиманов пен К.Ыдырысовтың монографиялық еңбегі жарық көрді¹. Кітаптан «Айқап» журналы төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары жөнінде көптеген тың фактілерді және тұжырымдарды кездестіреміз.

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарасы түрлі жылдарда қазақстандық философ ғалымдардың да зерттеу объектісі болды².

Ресей империясы көлемінде пролетарлық партиялар мен ұсақбуржуазиялық, пролетарлық емес партиялардың арақатынасын зерттеуде инициатива ерқашанда ресейлік ғалымдарда болып келгендігі мәлім³. Тар партиялық методология, көп жағдайда қазақ қоғамының ерекшеліктерін есепке алмайтын жалпыимпериялық ұстаным тұрғысынан жазылғандықтарына қарамастан, олардың еңбектерінде Қазақстан шындығына қатысты маңызды тұжырымдар мен деректер бар екендігін мойындаған жөн. Мәселен, Л.М.Спирин өзінің монографиялық зерттеуінде Алаш партиясы атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа түскендердің әр облыс бойынша жиған дауыстарының саны туралы аса мәнді статистикалық материалдарды тұнғыш рет жариялады⁴.

Қазан төңкерісі қарсаңындағы және одан кейінгі Қазақстандағы өзгерістер, жаңа жағдайға байланысты қазақ

¹ Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата, 1989.

² Бейсембиев К.Б. Идеино-политические течения в Казахстане в конце XIX — начале XX в. Алма-Ата, 1961; Соныкі. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (дореволюционный период). Алма-Ата, 1976; Бурабаев М.С. Распространение идей марксизма-ленинизма в дооктябрьской Казахстане. Алма-Ата, 1965; Соныкі. Общественная мысль Казахстана в 1917—1940 гг., Алма-Ата, 1991, т.б.

³ Непролетарские партии России. Урок истории. М., 1984; Непролетарские партии России в трех революциях. Сбб. статей. М., 1989; Спирин Л.М. Классы и партии в гражданской войне в России (1917—1920 гг.). М., 1938; Соныкі. Крушение помещичьих и буржуазных партий в России (начало XX в. — 1920 г.). М., 1977; Соныкі. Россия. 1917 год. Из истории борьбы политических партий. М., 1987; Думова Н.Г. Кадетская партия в период первой мировой войны и Февральской революции. М., 1988.

⁴ Спирин Л.М. Россия, 1917 год., С. 308, 311, 317.

зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі, белгілі дәрежеде, ресейлік¹ және түркістандық² эмиграция өкілдері еңбектерінде де көрініс тапты. Бұл ретте 1917 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың даму ерекшеліктері мен бағыттарын тереңірек түсіну үшін М.Шоқайұлының естеліктерінің маңызын бөліп айтқан орынды. Отарлық езгіге қарсы күресте қазақ қайраткерлерімен тығыз байланысты болған З.Уалиди Тоғанның естеліктерінде қазақ ұлт-азаттық қозғалысына да тікелей қатысы бар фактілер мен тұжырымдар кездеседі.

Алаш қайраткерлерінің тағдырын, әсіресе шетелдерге қоныс аударуға мәжбүр болған алаштықтардың өмірі мен қызметін танып білуде Х.Оралтай еңбегінің орны ерекше. Сондай-ақ бұл еңбектің даулы жерлері де бар. Мәселен, автордың Алаш партиясы тарихын 1905 жылдан бастауымен, «Қазақ» газетімен бірге «Айқап», «Қазақстан» басылымдарын осы ұйымның органына жатқызуымен келісу қиын³. Бұл басылымдардың ұлт-азаттық қозғалыс үні болғаны рас, бірақ белгілі бір саяси ұйымның органы болды деп айту негізсіз.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысын жаңа методологиялық тұрғыдан қорытып зерттеуде шетелдік тарихшы мамандардың жариялаған

¹ Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары. М., 1993; Миллюков П.Н. Воспоминания. М., 1991; Бердяев Н.А. Истоки и смысл русского коммунизма. М., 1990; Соныкі. Судьба России. М., 1990; Геллер М., Некрич А. Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. Ч. I, Лондон, 1982, т.6.

² Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. 1, 2 том, А., 1998, 1999; Чокаев Мұстафа. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. Токио — Москва, 2001; Заки Валиди Тоған. Воспоминания. Борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное существование и культуру. М., 1997; Zeki Velidi Togan. Baskurtların Tarihi. Ankara, 2003; Dr. Baymirza Hayit. Turkistan devletlerinin milli mucadeleri tarihi. Ankara, 1995; Соныкі; Dr. Baymirza Hayit «Basmacılar» Turkistan Milli Mucadele Tarihi (1917—1934), Ankara, 1997; Prof. Dr. A. Ahat Andican. Ceditizmiden Bagimsizliga Haricte Turkistan Mucadelesi. Istanbul, 2003; Оралтай Х. Алаш — Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. Стамбұл, 1973 (біз бұл еңбектің орыс тілінде қысқартылып жасалған аудармасымен таныстық: ҚР ПМ., 811 к., 23 т., 460-ic); Оралтай Х. Елімай-лап өткен өмір. Istanbul, 1999, т.6.

³ Оралтай Х. Алаш — Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық үшін күресінің ұраны., 8-б.

енбектерінің мәні зор¹. Сонымен бірге елімізде қалыптасып отырған мүлдем жаңа саяси жағдайға және бұрын жабық мұрағат қорларының ашылуына байланысты шетелдік авторлардың зерттеулерінің деректік (негізінен, орыс тіліндегі деректік жинақтар мен баспасөз материалдарынан тұратын) негізінің әлсіздігін, соған байланысты жасаған тұжырымдардағы кемшіліктерді елемей де мүмкін емес.

Қазақ зиялыларының XX ғасырдың басында қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі шын мәніндегі жаңа кезең өткен ғасырдың 80-жылдарының соңына қарай басталды. Оған жол ашып берген бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру үдерісі, соған байланысты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанынан тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасын қайта қарау үшін құрылған комиссияның шешімдері болды², 1988 жылдан бастап кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын жариялау ісі басталып кетті, қоғамды алаш зиялыларының жеке шығармаларымен таныстырудан басталған бұл іс,

¹ *Карр Э.* История Советской России. кн.1. Большеви́стская революция 1917—1923, Т. 1, 2. М., 1990; *Бовфа Дж.* История Советского Союза, Т. 1, М., 1990; *Верт Н.* История Советского государства. 1900—1991. М., 1992; *Олкотт М.Б.* Казахи. Стэнфорд, 1987; *Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш.* Пресса и национальное движение среди мусульман России до 1920 г. Париж, 1964 (бұл еңбектің орыс тіліне Б. Садыхова жасаған аудармасынан үзінді «Әлем» альманағында жарияланған: 1990, вып. 1. С. 155—184.). *Андреас Киппелер.* Россия — многонациональная империя. Возникновение. История. Распад. М., 2000, т.б.

² *Қараңыз:* Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ақын Шөкәрімнің шығармашылық мұрасы жөнінде — «Социалистік Қазақстан», 1988, 14 апрель; Қазақстан КП Орталық Комитеті Комиссиясының А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі бойынша қорытындылары — «Социалистік Қазақстан», 1988, 28 декабрь; Қазақстан КП Орталық Комитеті Комиссиясының Міржақып (Мир-Якуб) Дулатовтың шығармашылық мұрасы бойынша қорытындылары — «Социалистік Қазақстан», 1989, 26 шілде, т.б.

күш ала келіп олардың көптомдық еңбектерін жариялауға ұласты¹.

Осы кезеңнен бастап қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі «дөңгелек столдардың» тақырыбына айнала бастайды². «Қазақстан коммунисті» журналы³ мен «Социалистік Қазақстан» газеті Алаш қозғалысына арналған мақалалар топтамасын жариялайды⁴. Түрлі басылымдарда Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қоғамдық қызметі мен саяси көзқарасын талдауға арналған мақалалар жарық көреді⁵.

Алаш қозғалысын зерттеу және оны өз оқырмандарымен таныстыруда біраз еңбек тындырған «Ақиқат» журналы

¹ Бөкейханов Ә. Шығармалар. Құрастырып, кіріспесін және өмірбаяндық ғылыми мақаласын жазған М. Қойгелдиев. А., 1994; Соныкі. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Избранное. А., 1995; Соныкі. Таңдамалы. Шығармалар жинағы. 1, 2-кітап. А., 2003; Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 2006; Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 2002—2006; Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное. А., 1998; Тынышпаев М. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). А., 1992; Соныкі. История казахского народа. А., 1993; Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 2004—2006; Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы. А., 2005; Кемеңгерұлы Қ., Үш томдық шығармалар жинағы. А., 2005—2004; Әлжанов О. Шығармалар жинағы. А., 2004; Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. А., 2003; Алаш ақиықтары. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Т. Жұртбай. А., 2006, т. б.

² Болашақ үшін де өткенді білу — парыз (Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы партия тарихы институтында өткен «дөңгелек стол» материалдары) — «Социалистік Қазақстан», 1989, 19 шілде; Знать прошлое, чтобы помнить о будущем — «Казахстанская правда», 1989, 19 июля; Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы — «Ақиқат», 1992, № 11; Алашорда — XX ғасырдағы қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті — Сонда, 1993, № 1.

³ 1991 жылғы қарашадан бастап «Ақиқат» журналы.

⁴ Алаштың ақиқатын кім айтады: Григорьев В. Кадеттер жолын ұстанған партия; Нұрпейісов К. Саяси партия болып санала ма? Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы! — «Қазақстан коммунисті», 1990, № 5; «Социалистік Қазақстан», 1990, 14, 15 және 16 мамыр.

⁵ Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов — «Қазақ әдебиеті», 1989, 9 июнь; Сармурзин А. Г., Григорьев В. К. Бөкейханов және тарих шындығы — сонда, 1989, 7 июль; Мұхаметқанов Қ. Әлихан Бөкейханов — «Семей таңы», 1990, 17 қаңтар; Жанғожин Р., Созақбаев С. Қайраткер Ғұмар Қарашев — «Қазақ әдебиеті», 1989, 29 декабрь; Қойгелдиев М. Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп. Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасы хақында — «Социалистік Қазақстан», 1990, 14, 16 және 17 қаңтар; Соныкі. Ә. Бөкейханов. Саяси портрет — «Ақиқат», 1992, № 6; Соныкі. Алашорда.

бірнеше нөмірінде осы қозғалыстың белсенді мүшелерінің тізімін жариялады¹.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы тарихын жаңа сапаға көтеру ісінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары белсенділік таныта бастайды. Бұл ретте институт директоры қызметінде жүріп академик М.Қ.Қозыбаевтың жариялаған зерттеу еңбектері біз қарап отырған ғылыми мәселені жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға жол ашқандығын айтқан жөн².

Зиялылар тарихын зерттеудегі жаңа кезеңнің тағы бір белгісі бұл мәселені кең тарихи хронологиялық ауқымда және нақты деректік негізде зерттеуді қуаттайтын еңбектердің жарық көре бастауы болды³.

1993 жылдың соңына қарай Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымы XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихы мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар жинағын шығарды⁴. Бұл жинақ көтерген ғылыми мәселелері мақала авторларының тарихи фактілерді талдау және қорыту дәрежесі тұрғысынан алғанда ұлттық тарихи ойдың жаңа кезеңде қайтадан бой көтеруінің айғағы еді. Сонымен бірге жинақта анықтай түсетін пікірлер де жоқ емес. Мәселен, Н.Кенжебаевтың 1916 жылғы көтерілісті қазақ елінің отарлық дәуірдегі азаттық үшін күресінің шыңы ретінде бағалауымен⁵ келісу қиын. Біздің пікірімізше, оның мынадай себептері бар. *Біріншіден*, 16-жылғы көтеріліс ұлт-азаттық революция

¹ «Егеменді Қазақстан», 1992, 18 қаңтар; Сонда. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы және М.Шоқайұлы — «Ақиқат», 1993, № 3; *Нұрпейісов К. Өлімқан Ермеков ОГПУ тергеушілері алдында* — Сонда, 1993, № 4, т.б.

Қараңыз: «Қазақстан коммунисті», 1991, № 8, 9, 10; «Ақиқат», 1993, № 4.

² *Қозыбаев М. Қ.* Проблемы истории, археологии и этнографии Западного Казахстана — «Вестник Академии Наук КазССР», 1990, № 3, С. 60—71; Соныкі. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері — «Қазақ әдебиеті», 1992, 3 көкек; соныкі. История и современность. Алма-Ата, 1991: соныкі. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.

³ *Әбжанов Х., Әлпейісов Ә.* Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. Алматы, 1992; *Әбжанов Х. М., Гуревич Л. Я.* Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Алма-Ата, 1992; *Гуревич Л.* Тоталитаризм против интеллигенции. Алма-Ата, 1992.

⁴ Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. Алматы, 1993.

⁵ Сонда, 96-б.

дәрежесіне көтерілуі үшін қоғамдағы негізгі саяси күштердің, ең алдымен, оның мақсат-мүддесін анықтап, бағыт-бағдар бере алатын ұлт зиялыларының қолдауын алуы керек еді. Солай болды ма? Әрине болған жоқ. Көтеріліс бұл уақытта қазақ жұртында танымал бастаушы күшке айналып қалған ұлттық-саяси топтың қолдауын алған жоқ. Керісінше, қазақ зиялылары көтерілісті қан төгуден басқа нәтиже бермейтін қозғалыс деп санап, оған үзілді-кесілді қарсы болды.

Екіншіден, кез келген ұлт-азаттық революцияның түпкі мақсаты — саяси бостандық. Көтеріліс өз алдына мұндай міндет қоя аларлықтай деңгейге көтерілген жоқ. Көтерілісті ондай биік мұраттарға жеткізе алатын бастаушы саяси күш те болған емес. Ал түрлі хандықтар мен хандардың пайда болуы саяси мемлекеттік дербестік үшін жалпыұлттық күрестің жиынтық көрінісі бола алмайды. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы мемлекеттік құрылыстың заманға лайық жаңа түрін өзіне мақсат етіп келесі 1917 жылы қойды. Алаш партиясы өз бағдарламасында қазақ шындығын негізге алған демократиялық республикалық құрылысты негізгі мақсат етіп алды. Бұл уақыт, заман үдерісінен шыққан міндет болатын. Ұлт-азаттық қозғалыс алдына осындай биік, прогресшіл мақсат қоя отырып, ұлт зиялылары қазақ қоғамының өзінен ең аз дегенде 50—60 жыл озық кетті. Олай дейтініміз, халық өз бастаушыларына Азамат соғысы жылдары жетерліктей қолдау көрсете алмады. Ондай қолдау жасауға даярлығы да жоқ еді. Большевиктердің таптық негізде бөліп-жару саясаты бұған қосымша болды. Соның нәтижесінде, алаштық ұлт зиялылары ұсынған тәуелсіз демократиялық республика идеясы жеңіліс тапты.

Үшіншіден, бізге, яғни тарихшыларға 1917 жылғы ұлт зиялыларын түрлі ағымдар мен топтарға жіктеуде таптық-партиялық әдістен бас тартып, шынайы ғылыми әдіске ойысқанымыз жөн. Ал бұл әдіске көшсек бастаушы саяси күш ретінде жалпыадамзаттық дамудағы прогресшіл принциптерді саяси күрес пен азапты рухани ізденіс нәтижесінде қабыл алып, «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан зиялылар тобын атағанымыз тарихи шындыққа үйлесімді. Ал 1917 және одан кейінгі жылдары қоғамдық күресте большевиктік партиялық-таптық ұстанымды қабыл алып, оған қолдау көрсеткен зиялылар тобы тәжірибесінің аздығынан және ұлт-азаттық қозғалыстың дербес күш

ретінде жеңіске жете алатындығына сенбегендіктен орыс демократиясының солшыл ағымының соңына ерген топ ретінде бағалануға лайық.

Алаш қозғалысының тарихына арналған алғашқы монографиялық зерттеу 1994 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрді. «Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш»¹ аталатын бұл еңбектің авторы Д.А.Аманжолова еді. Еңбек Алаш қозғалысына байланысты объективті ғылыми көзқарас қалыптастырудың бастамасы болды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында зерттеушілер үшін жабық болып келген Кеңестік Қауіпсіздік Комитетінің (ОГПУ — НКВД) мұрағат қорлары өз есігін ашты. Ал бұл мұрағат материалдарынсыз Алаш қозғалысының ғылыми тарихын жазу мүмкін емес-тін. 1995 жылы осы мұрағат қорлары материалдары және басқа дерек көздері негізінде жазылған К.Нұрпейісов пен М.Қойгелдиевтің Алаш қозғалысы тарихына арналған монографиялық зерттеулері баспадан шықты².

Осы мезгілден бастап Алаш қозғалысының мақсаты мен мұраттарын шетелдік оқырмандарға кеңірек таныстыру ісі жүрді³.

90-жылдары Алаш қозғалысының тарихын, алаштық зиялылардың өмір жолы мен шығармашылық мұрасын зерттеу ісімен тарихшылармен қатар басқа да гуманитарлық ғылым салаларының өкілдері де белсенді түрде

¹ Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994.

² Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995; Қойгелдиев М. Қ. Алаш қозғалысы. А., 1995.

³ Mambet Qoygeldiyev. Tutas Turkistan ideyasi cane Mustafa Sogayuly // Reform Movements and Revolutions in Turkistan: 1900—19247 Studies in Honour of Osman Khoja. Sofa. Haarlem, 2001, 315—327.

Қойгелдиев М. Национальная элита в контексте российских (советских) реформ в Казахстане (XVIII—XX в.в.) // Азиатская Россия: люди, структуры империи. Сборник научных статей. Омск., 2005. С. 119—127;

Mambet Koigeldiev. The Alash Movement and the Soviet Government: A Difference of Positions // Empire, Islam, and Politics in Central Eurasia. Edited by Uyama Tomohiko. Slavic research Center Hokkaido University. Sapporo, 2007, // 153—184.

айналыса бастайды¹. Мұндай белсенділікке, белгілі дәрежеде, Ресей тарихнамасындағы бұрынғы империядағы ұлтаралық қатынастар тарихына байланысты жаңа бетбұрыстардың әсері болғандығын жоққа шығаруға болмас².

2004 жылдан бастап Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатымен бірлікте «Алаш қозғалысы» аталатын құжаттар мен материалдар жинағының көптомдығын шығаруды қолға алды. Бүгінгі уақытта бұл басылымның төрт кітабы жарық көрді³.

Сонымен, жоғарыда ғылыми әдебиетке жасалған талдау ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысын, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын, тиянақты түрде, еркін, идеологиялық мүдделерден тәуелсіз, ғылыми негізде зерттеуге қажет мүмкіндіктердің соңғы жылдарда ғана туа бастағандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының деректік негізі жөнінде. Алаш қозғалысына қатысты дерек көздерінің ауқымы, әрине, кеңі түсті. Жоғарыда айтылғандай, қозғалыс қайраткерлерінің, әсіресе оның басшыларының артында қалған мұраларының жарық көруі соңғы жылдарға шейін дискуссия тақырыбы

¹ Озганбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905—1917 жж.). А., 1997; Жүгенбаева Г.С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879—1938). А., 2000; Иманбаева С. Міржақып Дулатұлы. А., 2001; Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана, 2002; Нұрмағамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы 1920—1990-е годы ХХ века. А., 2003; Тәж-Мұрат М. Батыс Алаш-Орда. Библиографиялық сөздік тәжірибесі. Ақтөбе, 2003; Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына ұлттық көзқарас. А., 2004; Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар. А., 2004; Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть 1, 2. Шымкент, 2004; Қара Абдуқап. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. А., 2004; Қыдырғалиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана 2007; Алаш және Өуезов (Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары). А., 2007; Өзбеков С., Байгелова Н. Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализмінің дамуы. А., 2007, т.б.

² Мусульманские депутаты Государственной думы России. 1906—1917 гг. Уфа, 1998; Тагиров И.Р. Очерки из истории Татарстана и татарского народа (XX век). Казань, 1999; Национальные истории в Советском и постсоветских государствах. М., 1999; Зорин В.Ю., Аманжолова Д.А., Кулешов С.В. Национальный вопрос в Государственных Думах России. М., 1999; Ашинин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология. М., 2002, т.б.

³ Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1, 2, екі кітаптан тұратын 3-том. А., 2004, 2005, 2007.

болып келген көптеген мәселелердің біржола өз шешімін табуына алып келді. Мәселен, бүгінгі уақытта Әлихан Бөкейхановтың қаламынан туған еңбектермен таныс кісінің кезінде бұл тарихи тұлғаға таңылған «буржуазиялық ұлтшыл» және басқа осы сияқты айыптаулармен келісе қоймайтындығын сенімді түрде айтуға болады. Басқаша айтқанда, Алаш қозғалысының басшылары мен оның белсенді мүшелерінің жарық көрген еңбектері қозғалыс тарихын зерттеуде басты дерек көздері болып қала беретіндіктері хақ.

Қазіргі уақытта, сондай-ақ «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» сияқты басылымдарда жарияланған материалдарды ғылыми айналымға тартуға ешқандай да кедергі жоқ. Бұл арада әсіресе «Қазақ» газетінің орны ерекше. «Қазақ» газеті қоғамдық күреске енді араласа бастаған қазақ интеллигенциясына сүйеніш, ұстаз, мектеп есебінде болды. Ол бүкіл халыққа, ұлт зиялыларына пікір алысатын құрал, сөйлейтін мінбер болды. Ең негізгісі, ол 1913—1918 жылдар аралығында ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиясын қорытушы, саяси күреске бағыт-бағдар беруші орталыққа айналды. Қазақ зиялылары, қозғалыс басшылары ең терең ойларымен, қасиетті сырларымен осы газет арқылы өз халқымен бөлісіп отырды. Біздің ұлт-азаттық қозғалыстың ішкі динамикасы дегенде ұлттық басылымдарды алдымен ауызға алатындығымыз да сондықтан.

Міне, осы аталған дерек көздеріне қосымша түрлі мұрағат қорларында құпия түрде сақталып келген материалдардың зерттеушілердің қолына тие бастағанын айтқан жөн. Бұл ретте, ең алдымен, тілге оралары, әрине, Алаш қайраткерлері үстінен 1928—1932 жылдары екі мәрте жүргізілген сот процестерінің материалдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағат қорларында сақтаулы бұл істердің (78754, 2370, т.б.) материалдарымен мұқият танысып шығып, олардағы тақырыбымызға қатысты деректік материалдарды біз өз еңбегімізде пайдаландық.

Сондай-ақ алаш зиялыларының басым бөлігі кейінгі, яғни 1937—1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тұсында қайтадан ұсталып, атылып кеткені мәлім. ҚР ҰҚК мұрағатында сақтаулы бұл материалдарды біз ғылыми айналымға тарттық.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысты, соған байланысты қазақ зиялыларының қызметін зерттеуде Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ) қорларының орны ерекше. Мұнда XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезіндегі патша үкіметінің

Қазақстандағы отарлау саясатының барысын жетерліктей терең түсінуге (19, 25, 33, 317, 469, 479, 643), соған байланысты қазақ саяси элитасының отаршыл әкімшілікке қарсы қызметін жан-жақты пайымдауға мүмкіншілік беретін (15, 14, 64, 369, т.б.) қорлар шоғырланған. 90-жылдардың басында мұнда қазақ қайраткерлерінің Уақытша үкімет тұсындағы қызметінен мәлімет бере алатын бұрын жабық қорлардың (мәселен, 17, 9) құжаттары зерттеушілердің қолына тиді.

Ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуде бұрынғы партия тарихы, қазіргі Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (ҚР ПМ) материалдарының маңызы зор. Бұл мекемедегі 139, 141, 708, 719, 811-қорларда бірінші орыс революциясынан бергі кезеңдегі Қазақстанның саяси өміріне байланысты аса құнды деректік материалдар жиналған. Бұл материалдардың, әсіресе 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі, сондай-ақ одан кейінгі жылдардағы қазақ элитасының саяси ұстанымын, ұлттық саяси топтың ішіндегі түрлі ағымдарды, Кеңес үкіметі, большевиктер партиясы мен қазақ зиялыларының ара-қатынасын терең түсінуге жол ашады.

ҚР ПМ қорларында сақтаулы материалдардың мынадай бір ерекшеліктеріне тоқталған жөн. Кеңестік идеологиялық аппарат қазақ ұлт-азаттық қозғалысын 1916 жылғы көтеріліспен шектеп, ал 1917 жылғы алаш зиялыларының басшылығымен жүрген қоғамдық қозғалысты большевиктер партиясы мен кеңестік билікке қарсы бағытталған контрреволюциялық әрекет есебінде бағалады. Кеңестік тарихнама бұл бағаны билік тарапынан берілген тапсырма ретінде қабылдап, Алаш қозғалысын ұлт-азаттық күрестің көрінісі есебінде емес, жалпыресейлік контрреволюциялық реакцияшыл күштердің қазақ қоғамынан шыққан одақтасы ретінде түсіндіруге міндеттенді. Міне, осы берілген тапсырмаға сәйкес ұлт-азаттық қозғалыс ұстанымындағы келесі буын саяси топтың (С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, т.б.) қазақ мүддесін қорғау бағытындағы қызметі большевиктік партия қатарындағы «ұлтшылдықтың» көрінісі есебінде түсіндірілуге тиіс болды.

Біздің пайымдауымызша, қазіргі уақытта бұл аталған алаштан соңғы келесі буын саяси элитаның қызметі кеңестік билік шеңберінде алаш зиялыларының күресін одан ары жалғастыруды мұрат тұтқан әрекет есебінде бағалануға лайық. Соған байланысты біз өз зерттеуімізде кеңестік «ұлтшыл» элитаның қызметіне қатысты құжаттық материалдарды ұлт-

азаттық қозғалыстың кеңестік билік тұсындағы барысы мен тағдырын куәландыратын дерек көздері ретінде қарастырдық.

Біздің тақырыбымызға қатысты аса мазмұнды, сондықтан да құнды деректік материалдар Ресей мұрағат қорларында сақтаулы. Бұл ретте біз, ең алдымен, Орынбор облыстық мемлекеттік мұражайының (ООММ) қорларын атар едік. Қазақстан тарихына байланысты аса бай бұл мекемеде революцияға дейінгі қазақ зиялыларының қалыптасу жолын, «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан зиялылардың қоғамдық қызметін баяндайтын біраз материалдар бар және олардың ғылыми маңызын асыра бағалау қиын. Біз зерттеу жұмысымызда бұл мұрағат 10 (Орынбор генерал-губернаторы кеңсесі) және 21 (Орынбор губерниялық жандарм басқармасы) қорларының құжаттарын пайдаландық.

Мәскеу мұрағат мекемелері арасынан біз Ресей қазіргі заман тарихы құжаттарын сақтау және зерттеу Орталығы (РЦХИДНИ), яғни бұрынғы орталық партия мұрағаты және Ресей Мемлекеттік тарих мұрағаты (РГИА) қорлары материалдарымен жұмыс жасадық. Бұл арада, әсіресе, генерал-губернаторлар есебі сақталған полиция департаменті (102) және РК(б)П ОК (17) қорларындағы құжаттардан өзімізге пайдалы көптеген материалдар кездестірдік.

Ең соңында айтарымыз ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары тарихын зерттеу үшін әр жылдары біздің елімізде және шет мемлекеттерде жарық көрген түрлі деректік жинақтардың берер пайдасын асыра бағалау мүмкін емес¹.

¹ 1905 жылы Орал облысының һәм Торғай облысының Петерборға депутат болуп барған изғу ишанларының һәм билариниң дин туғрасындағы һәм жер туғрасындағы һәр министирларға ұсынған сузларидур. Матбуға К.М.Тухватуллин, Уралскі, 1905; Программные документы мусульманских политических партий 1917—1920 гг. Оксфорд, 1985; Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции. Оксфорд, 1987; Восстание 1916 года в Казахстане. Сборник воспоминаний и материалов. Алма-Ата, 1937; Революция 1905—1907 годов в Казахстане (сборник документальных материалов). Алма-Ата, 1949; Революционное движение в Казахстане в 1905—1907 годах (сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1955; Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907—1914 годах. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1957; Советы и Ревкомы в Казахстане (октябрь 1917—1920 гг.). Документы и материалы. Алма-Ата, 1971; Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1, Алма-Ата, 1960; Әліби Жанкелдин. Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1975; Протоколы революционного комитета по управлению Казахским Краем (1919—1920 гг.). Сборник документов. Алматы, 1993, т.6. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Жетісу — Ыстықкөл қасіреті: 1916—1920 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. М.Қ.Қойгелдиевтің жетекшілігімен. А., 2007.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

I т а р а у . Патшалық биліктің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы отарлау саясаты

РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алаш қозғалысы, жалпы ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбын талдауға алғанда ескерілуге тиіс іргелі мәселелер бар. Солардың бірі, мүмкін негізгісі, ол Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі ерекшеліктері. Ресей — алып империя және ол көптеген этникалық құрылымнан тұрады. Оның құрамына түрлі өркениеттік бағыттағы халықтар енді. Соған байланысты саяси билік бұл жағдайды ескермеске шарасыз-тын, соны ескере отырып кейде сол ерекшеліктерге бейімделуге мәжбүр болды.

Сонымен бірге, Ресей отаршылдығының отарланған барлық аймақтардағы ортақ белгісі — ол басқару жүйесінің жазалаушы — репрессиялық сипат алуы еді. Ресей билік жүйесіне тән мұндай ерекшелік мемлекеттік аппарат қызметінің негізгі мақсатына, яғни қосылған территорияның (аумақтың) табиғи ресурстарын игеру ісіне бағындырылуынан туындап жатты. Өз ретінде мұндай мақсатқа жету әрекетінің жергілікті халықтың қарсылығына жолығары, әрине, толық табиғи нәрсе. Бұл қарсылық неғұрлым қуатты болған сайын ресейлік отарлық билік мемлекеттік аппараттың жазалаушы — репрессиялық функциясына басымдылық беріп отырды.

Сонымен, Ресей билігінің қазақ жеріндегі негізгі ерекшеліктері жөнінде.

1. Ресей үшін қазақ жерін өзіне қосып алу бұл оның континенттік аумағын одан ары кеңейте түсу. Қазақ жерінің жақындығы және оның орыс жерімен ұласып жатуы Ресейлік билікке өз мақсатына асықпай, сатылап жетуге мүмкіндік туғызды. Алынған аумақтар біртіндеп империяның құрамына қосылды. Жаңа жерді өзіне қосып ала отырып Ресейлік билік екі бірдей мақсатты шешуді

көздеді. Жаңа аумақ империяның жер ресурстарын молайта отырып, біріншіден, арзан табиғи байлық көзіне айналуға тиіс болса, екіншіден, қазақ жері империяның Орталық Азияға, Шығысқа тереңдеп ену жолындағы дәліз міндетін атқару үшін де қажет еді. Батыста Ұлыбритания, ал Шығыста Цзинь империяларымен бөсекелестікке түскен Ресей үшін Қазақ жері, міне, осы екі бірдей міндетті орындай алатын аса қолайлы әрі пайдалы аумақ болғандығы хақ.

2. Ресейдің орталық аудандарында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесі аса үлкен өзгеріссіз сол күйінде қазақ қоғамына да көшірілді. Ал Ресейдегі мемлекеттік басқару жүйесі Қазақ жеріне тарар шағында (XIX ғ. 60-жылдарының соңы), мамандар бір ауыздан мойындағандай, әскери-феодалдық, яғни басыбайлылық мазмұндағы билік еді. Губерния, облыс, уездер басына билік құқы аса зор орыс немесе еуропалық текті әскерилер тағайындалды. Мәселен, «Далалық облыстарды басқару Ережесінің» 17-бабына сәйкес генерал-губернатор «саяси тұрғыдан сенімсіз, зиянды жатжұрттықтарды»¹ Ішкі істер министрінің келісімімен белгіленген жерге бес жылдан аспайтын мерзімге жер аударуға құқылы болды².

Генерал-губернаторларды халық арасында «жарым патша» атады. Бұл атақ олардың қазақ даласында шексіз билік иесі болғандығын айғақтайды.

Басқаша айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде қалыптасқан билік жүйесі отаршыл мазмұндағы жүйе еді және ол жергілікті халықты мәжбүрлеу арқылы өз тіліне, өз идеалдары мен заңына бағындыруды көздеді.

3. Ресей билігі орнықтырған заңдар жүйесі қазақтарды негізгі құқықтарынан айырды. Мәселен, дала облыстарын басқару үшін 1891 жылы 25 наурызда бекітілген заңдық актіде «көшпелілер қоныстанған жерлер және ол жерлерге

¹ Ресейлік ресми құжаттарда орыс емес азиялықтарды осылай «инородец», яғни жатжұрттықтар атады.

² Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. А., 1960. С. 388.

тиесілі нәрселер, сондай-ақ ормандар да, мемлекет меншігі ретінде мойындалады» және тек «көшпелілердің мерзімсіз қоғамдық пайдалануына қалдырылады»¹ деп көрсетіледі.

Бұл шын мәнінде қазақ жерлерін тәркілеудің нақты көрінісі болатын. Сондай-ақ айырықша көңіл аударарлық нәрсе, осы бапқа (120) «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер Мемлекеттік мүлік министрлігі құзырына өтеді»² деген қосымшаның берілуі еді. Осы қитұрқы қосымшаға сүйене отырып отарлаушы әкімшілік мекемелері егіншілікке жарамды ең құнарлы қазақ жерлерін «көшпелілер үшін артық жер ретінде бағалап» ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударма келген орыс және басқа еуропалықтарға берді.

Осы ретте ресейлік отаршылдыққа байланысты мынадай бір мәселеге көңіл аударған жөн. Кез келген отарлау сияқты Ресейлік отарлаудың да көздеген негізгі мақсаты — ол қазақ жерінің табиғи ресурстарын игеру болды. Оның түрлі бағытта жүргізілген әрекет-шаралары (мәселен, қазақтарды орыстандыру, шоқындыру, т.с.с.) осы басты мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс еді. Кеңестік тарихнама мүмкін болғанша метрополияның осы көздеген мақсатын бүркемелеп көрсетуге көп күш жұмсады, Ресейдің, мәселен, «ағартушылық» және басқа міндеттерін алға шығарып тәптіштеп көрсетуге ден қойды.

4. Қазақ облыстарын басқаруға арналған Ереже (1868) бойынша қазақ қоғамындағы барлық әлеуметтік топтардың (олардың арасында төре, бай, би, т.б.) құқы орыс селосындағы тұрғындардың құқымен теңгерілді. Дін істерін жүргізу орыс әкімшілігі бекітетін моллаларға жүктеледі. Мешіт ғимаратын тұрғызу, оның жанынан оқу орындарын ашу қатаң түрде орыс әкімшілігінің рұқсатымен жүргізілді.

Жергілікті қазақ тұрғындарының қоғамды басқару ісіне қатынасуы ең төменгі басқару буыны — болыстық басқарушыға сайлана алу мүмкіндігімен шектелді. 1905 жылдан бастап Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқына ие болған қазақ қоғамы бұл құқын ұзақ пайдалана алған жоқ.

¹ Сонда, 395-б.

² Сонда.

1907 жылы 3 маусымда қабылданған заң бойынша «9-бап кезбе жатжұрттықтар» сайлау құқынан айырылды¹.

5. Патшалық биліктің жүргізген реформалық шаралары қазақ қоғамының ішкі сұраныс тілектерінен бастау алған емес, керісінше, орыс мемлекетінің мүддесі негізге алынып — ресейлік орталықтарда даярланып, қазақ қоғамына сырттан таңылды. Реформаларды даярлау, олардың мақсаты мен орындау механизмін анықтау ісіне тіптен Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин сияқты қазақ қоғамының озық өкілдері де тартылған емес, сондықтан да жүргізілген реформалық шаралар өміршең, нәтижелі болған жоқ, қазақ қоғамының қарсылығын тудырып отырды. Ресейлік үстемдік жағдайында қазақ қоғамынан бірде-бір реформалардың шықпауы да осы әділетсіздіктің көрінісі.

Қазақ жерінде ресейлік реформалар бұйрық, зорлау, күштеу әдістері арқылы енгізілді. Мұндай әдіс-құралдарды қолдану, әсіресе ресейлік биліктің одан ары тереңдей ене түсуіне кезекті қарсылықтан соң анық байқалды. Мәселен, 1816—1821 жылдар аралығында жүрген сұлтан Арынғазы Әбылғазыұлы бастаған (1816—1821) іс жүзінде оның жалғасы болған Жоламан Тіленшіұлы бастаған (1822—1824 жылдардың бастапқы кезеңі) және басқа ресейлік отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар қозғалыс басшыларын қазақ қоғамынан еріксіз айыруға және хандық билікті біржола жою реформаларына (1822, 1824) ұласты. Исатай Тайманұлы (1836—1838), Кенесары Қасымұлы (1837—1847) бастаған және басқа ұлт-азаттық көтерілістерден соң жүргізілген 1867—1868 жылдардағы реформалық шаралар қазақ қоғамы ішінде байқалған кез келген дербестіктің қалдығы мен ізін біржола жоқ етуді мұрат тұтты. Қазақ қоғамын, мүмкін болғанша терең илеуге бағытталған шаралар 1916—1917 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстардан соң аса үлкен қарқынмен әрі қатыгездікпен жүргізілді.

Жүргізілген ресейлік реформалардан соң қазақ өмірінде алға жылжу байқалса, ол жетістіктер қоғам үшін тым қымбатқа түсті. Табиғат байлықтарының азып-тозуы,

¹ Положение о выборах в Государственную Думу. Указ 3 июля 1907 г. // Политическая история России. М., 1996. С. 607.

халық санының кеміп кетуі, ұлттық мәдениет тамырларының әлсіреуі, ұлттық мінездің тоқырауы — ресейлік реформалардың өтеуі, міне, ұлт өмірі осындай өзгерістермен сипатталады.

6. Қазақ жеріне ішкі Ресейден орыс шаруаларын және басқа қоныс аударушыларды жаппай көшіріп әкеліп орналастырудың кең ауқым алғандығы соншалық, оған әлемдік тарихтан ұқсас құбылысты табудың өзі оңайға түспейді. Демографтар Н.В.Алексеев мен А.Н.Алексеевтің есебі бойынша 1917 жылғы революция қарсаңында қазақ жеріндегі Ресейден қоныс аудара келген тұрғындардың үлес салмағы шамамен 32,0%-ға жеткен (переселен — шаруалар, казактар және қала тұрғындарын бүтіндей алғанда)¹.

Егер мұхиттың арғы бетіндегі елдерді еуропалық отарлау эмиграция сипатында жүрсе, ал орыс шаруаларын «тастың арғы бетіне», яғни Сібір мен Қазақ жеріне қоныстандыру — билік үшін бұл жай бір орыннан екінші орынға қоныс ауыстыру сияқты ішкі мәселе ретінде шешілуге тиіс болды. Ішкі Ресейдегі жерсіз және құқықсыз орыс шаруалары «өз отырған жерлерінен бүтін отбасыларымен көтеріліп мүлдем беймәлім елге жақсы жер үшін бет түзейді»².

Егер мемлекет тарапынан қаржылай және моральдық қолдау болмаса, әрине, қоныс аудару мұндай кең ауқым алмас еді. Патша үкіметі қоныс аударушылар санасында «жаңадан қосып алынған жерлер бұрыннан басы бүтін орыс жерлері» деген түсінік туғыза біледі. Өз атамекенінде мемлекеттік биліктен ешқандай да қамқорлық көре алмаған переселен шаруалар, қазақ жеріне жеткенде өкіметтің нақты қолдауын сезініп, өздерінің аса маңызды мемлекеттік іс атқарып жатқандықтарына сене бастайды.

Ресми биліктің қаржылай әрі рухани қолдауына сүйенген қоныс аударушы шаруалар қажет көлемде ең құнарлы жер үлестерін алып және басқа да басымдылықтарды иемденіп, көп ұзамай-ақ өздері де қазақ кедейлерінің қанаушыларына айнала бастайды.

¹ Қараңыз: Алексеев Н.В., Алексеев А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897—1997 гг.). Усть-Каменогорск, 1999. С. 27—38.

² Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и семиреченской областях // Вопросы колонизации. 1906. Т. 6. С. 105.

Мемлекеттік билік үшін де переселен шаруалардың жағдайының тезірек нығаюы қажет-тін, өйткені қоныс аудару келгендерден ол өзінің жаңа әлеуметтік тірегін көрді. Міне, осы мемлекеттік билік пен қоныс аудару келгендер арасындағы өзара іштей түсінудің және мүдде ортақтығы біртіндеп отарлаушы күштер идеологиясының қалыптасуына негіз болды, ал оның басым бағыттары — христиандық (православие), мемлекеттілік (великодержавие және самодержавие) және орыс этносының өркениеттік миссиясы еді.

Патшалық биліктің пәрменді переселен саясатының түпкі мақсаттарының бірі қазақ жерінде сандық басымдылыққа қол жеткізу, сол арқылы оның бар табиғи ресурстарымен бүтіндей Ресей империясының құрамды бөлігіне айналдыру болғандығын елемей, әрине, мүмкін емес. Француз социологтарының дәлелді көрсеткеніндей егер сырттан қоныс аудару келгендердің жергілікті халықпен салыстырғанда үлес салмағы 17%-дан асып түссе, сондай-ақ олардың сыртқы түрі, киімі, жүріс-тұрысы жергілікті халықтан тым өзгеше болса, онда соңғылар өздерін оккупация жағдайында сезінбек екен¹. 1917 жылдың қарсаңында, жоғарыда баяндағандай, ішкі Ресейден келген переселендердің үлес салмағы бұл көрсетілген деңгейден анағұрлым асып түскен болатын. Ал ресми биліктің бұл аталаған екі топтағы тұрғындардың арақатынасына байланысты ұстанған саясаты оларды өзара жарастырудан гөрі, қайта оларды өзара қарсы қоюға бейімділік танытты.

7. Әрине, Ресей билігі жеткен шақта қазақ қоғамының мәдениеті қарышты даму жолында тұрған жоқ-тын. Қазақ қоғамы, қарапайым халық ортағасырлық мешеулік және надандық құрсауында өмір сүрді. Бұл белгілі факті. Сонымен бірге, «қазақ қоғамын мүлдем мәдениетсіз, тақыр жерде тұрды» деп тұжырым жасау да ағаттыққа ұрындырары хақ. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесі және өмір сүру ғұрпы мен салт-дәстүрі, кенеттен төнген қауіп жағдайында өзін-өзі сақтау механизмдері болды. Ресейлік билік қазақ қоғамының мұндай ерекшеліктерін қаперге алып, онымен

¹ Литературная газета. 2006, 27—31 декабря, №52.

есептесуді өзіне міндет санаған жоқ, қазақ жерінде өзін кәдімгі «жаңа жердегі» еуропалықтардай сезінді. Кезінде, мәселен, Алтын Орда заманында осы далалықтарға өзінің бағынышты халде болғандығын, олардан мемлекет, әскер құру сияқты және басқа салаларда біраз нәрсе үйреніп, қабыл алғандығын есіне алғысы келмеді. Керісінше өзін мұнда жаңа сапа, мазмұндағы еуропалық үлгідегі өркениет құндылықтарын жеткізуші күш ретінде көрсетуге тырысты.

Қорыта айтқанда, Ресей қазақ даласын өзіне қарату арқылы Орта Азия бағытында өзінің «өркениеттік» тереңдей ену әрекетіне жол ашудан үміттенді. Өз ретінде отарланушы рөліндегі халықтардың табиғи қарсылығына «пантюркизм», «панисламизм» сияқты айдар тақты. Жергілікті халықтың өз азаттығы жолындағы қарсылығын осындай мазмұнда бұрмалап көрсету — Ресейге кең көлемде жазалау шараларын іске асырып отыру үшін қажет болды.

ҚАЗАҚ ЖЕРІН ОТАРЛАУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

(XIX ғасырдың 90-жылдары — 1917 жыл)

а) Қазақ жерін пәрменді отарлау саясатына көшуге дайындық

(«Дала Ережесіне» дейінгі кезең)

Патшалық биліктің Қазақстанды және басқа шет ұлт аймақтарын отарлау саясатының әдістерін арнайы талдауды көздеген зерттеу еңбектері жоқ. Дегенмен деректік материалдардан XVIII ғасырдың 30—40-жылдары-ақ, яғни Ресей империясы Қазақстанды өзіне біржола қарату ісіне кіріскен сәтте, оның отарлау саясатының негізгі мақсаты, сондай-ақ ол мақсатты іске асыру құралдары қалыптасып қалғанын аңғаруға болады. Негізгі мақсаты — бар байлығымен қазақ жерін иемдену болса, ал бұл мұратты іске асырудың басты құралы етіп онсыз да толық қалыптасып және қатайып үлгермеген қазақ қоғамындағы мемлекеттік құрылымды біржола жойып, сол арқылы ұлттық тұтастық пен саяси бірліктің нығаюына мүмкіндік бермеуді тандап алған еді.

Патша үкіметінің қазақтарды мемлекеттік құрылымынан айыру саясаты бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен, ол жаңа сайланған қазақ хандарын хандық дәрежеде бекіту құқы. Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, орыс патшалығының ондағы ойы «қазақтарда орыс әкімшілігінің бекітуінеіз хан болу мүмкін еместігі туралы пікір қалыптастыру» еді. Сондықтан Абылай хан орыс әкімшілігіне хандық мемлекеттік құрылымның қуатты қарсыласы есебінде қарап, одан өзін алыс ұстауға тырысты¹.

¹ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. Алма-Ата, 1985. С. 115.

Отаршыл орыс әкімшілігі қазақ қоғамындағы хандық билікті жою мақсатына «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» (1822) сияқты құжаттарды жасап, соларға сүйеніп, басқарудың жаңа аппаратын құру арқылы жетті. Бірақ қазақ жүздерінің хандық деңгейдегі саяси тәуелсіздігін біржола жойған бұл реформалар көп ұзамай-ақ патшалық әкімшіліктің қазақ қоғамының ішкі өміріне тереңдеп еніп, оны игеріп, алып кетуге әлі де болса әлсіз екендігін көрсетіп берді. Арынғазы Әбілғазыұлы мен Кенесары Қасымұлы бастаған сұлтандардың белсенді іс-әрекеті, тіпті Кенесары хан басшылық жасаған көтерілістің жалпы ұлттық азаттық қозғалысқа ұласуы соның нақты айғағы болатын.

Мұны жақсы түсінген патшалық әкімшілік ХІХ ғасырдың 60-жылдарының орта тұсынан бастап Қазақстанды отарлаудың «ең сенімді» жолына түсті. Ол Орталық Ресейден орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аударту еді. Мұндай саясатты бастай отырып, ол өзара тығыз байланысты мынадай екі мақсатты көздеді. Біріншіден, 1861 жылғы 19 ақпанда жарияланған реформадан кейінгі уақытта метрополияда қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті жерге мұқтаж орыс шаруаларын қазақ жері және басқа отарлық тәуелділіктегі аймақтарға қоныс аударту арқылы бәсеңдету болса, екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа еуропалық шаруаларды жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақ қоғамындағы отарлық билікке қарсы күштерді біржола жою, сөйтіп болашақта қазақ елін орыстандыру арқылы қазақ жерін империяның географиялық құрамды бөлігіне айналдыру еді. Басқаша айтқанда, Ресейдің Қазақстандағы «тарихи» миссиясына орыстық империялық тарихнама және оның батыстағы еуроцентристік пікір-лестері қаншама «өркениеттілік», «ағартушылық» сипат беруге тырысқанымен, шын мәнінде орыс әкімшілігінің Қазақстанда ұстанған бағыты қатардағы жаулап алушылықтың, отарлаудың нағыз өзі болатын.

Орыс шаруаларына дейін қазақ даласын игеруді бастап берген, әрине, казактар еді. Ресей империясындағы 11 казак әскерінің төртеуі (Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу) қазақ жерінде құрылды. ХІХ ғасырдың соңына қарай, негізінен, қазақ жерінен тұрған Сібір казак әскері 5 млн десятина, Орал казак әскері — 6 млн десятина және Жетісу казак

әскері — 610 484 десятина, бәрін қосқанда — 11 610 484 десятина жер иемденді¹. Казак қоныстары Жайық, Ой, Ор, Ертіс, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Іле сияқты өзендердің бойындағы ең құнарлы жерге орналасып, қазақ жұртының дәстүрлі шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Біріншіден, казак қоныстары қазақтарды ең құнарлы жерден айырумен бірге, сол арқылы оның егіншілік мәдениетінің дамуын тежеді, мал шаруашылығына байланысты қоныс аудару жүйесін бұзды, сөйтіп түрлі қиындықтар туғызды. Екіншіден, үкімет түрлі артықшылықтар берген казак қоныстары панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылық жасап отырды. Үшіншіден, Ресейдің Орта Азиядағы отарлау саясаты бойынша белгілі маман М.А.Терентьев дәл атап көрсеткендей, казактар қазақ жері табиғатына немқұрайды қарап, ормандарды ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерді аз уақыт пайдаланып, тастап жаңа жерлерге кетіп отырды².

Жерге тойымсыз казактар өз қажетіне жарамды үлестен анағұрлым үлкен жер алуға ұмтылды. 1839 жылы орталық билік орындарының нұсқауы бойынша жер өлшеуші мамандар Ертістің күнбатыс жағалауына орналасқан орыс-казак қоныстарынан ары қазақ даласына тағы да он шақырым бойлап (десятиверстная), бұл кеңістікке қазақ шаруаларының енуіне, шаруашылық құруға тыйым салды³.

Бірақ қазақтар Ертіс бойындағы бұрынғы ата қонысында отыра берді, тек казак-орысқа он шақырымдық жерді пайдаланғаны үшін салық төлейтін болды. Мәселен, Кереку қазағы жылына жер үшін казак-орысқа 90 мың сом шамалы алым төлеген⁴. Бұл шығын қазақ шаруасына жайлы бола қоймағандығы өзінен-өзі түсінікті.

Сонымен бірге әскери күш ретінде отарлау саясатында белсенді рөл атқарған казактар, жергілікті халықты

¹ Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). Алма-Ата., 1993. С. 187.

² Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т. 2-3, СПб., 1906. С. 268.

³ «Қазақ» газеті, 1915, № 100, 101.

⁴ Бұл да сонда.

күшпен ығыстыру нәтижесінде алған үлкен құнарлы аудандарды игеруге келгенде айтарлықтай жоғары егіншілік мәдениетін таныта алған емес. Оны мынадай фактілерден байқауға болады. XIX ғасырдың 80-жылдары Жетісу облыстық басшылығы облыста тұратын казак-орыстардың шектен тыс артық жер иемденіп отырғандығын, ал ол жердің игерусіз жатқандығын мойындауға мәжбүр болып, казак-орыс иелігінен 214 511 десятина жерді алып, оның 7 529 десятинасын қалаларға және 260 983 десятинасын қазақтарға қайтарып берген¹.

Тура осы тақырыпқа байланысты М.Тынышбаевтың көрсетулерінен мынадай фактілерді оқимыз. 1874 жылы генерал Колпаковский казактардан түскен шағымды ескере отырып, Лепсі уезіндегі казак жерін тексеру үшін арнайы комиссия шығарады. Оның құрамына жергілікті казак тұрғындардың да өкілдері енген². Осы комиссия жұмысы нәтижесінде тек Лепсі уезінде казак-орыстардың иелігінде пайдаланусыз жатқан 10 000 десятина жер қазақтарға қайтарылған. Игерусіз жатқан казак-орыс жерін шектеу Қапал және Верненск уездерінде де болған³.

Дегенмен казак-орыс қоныстарын құру, әскери бекіністер салу патша үкіметінің казак жерін отарлау барысындағы өтпелі кезең ғана еді. Біржола отарлаудың баянды жолы жаңа жерге орыс шаруаларын мейлінше көбірек қоныстандыру екендігін патша үкіметі жақсы түсінді.

Мұндай мемлекеттік шараның заңдық негізін құрған 1868 жылғы 21 қазанда патша бекіткен «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереже» (бұдан былай «Уақытша Ереже») еді. Оның 210-бабында «қырғыздар қоныстанған жер мемлекет жері есептеліп, қырғыздарға қоғамдық пайдалануға беріледі»⁴ деп көрсетілді.

1886 жылғы 12 маусымда бекітілген «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі Ереже» Сырдария және Жетісу облыстарындағы қазақтарға байланысты 1868

¹ «Вопросы колонизации». 1914, №15, С. 426.

² Мәселен, бұл комиссияның құрамында М.Тынышбаевтың әкесі Тынышбай Әлдекеұлы болған. *Қараңыз*: ҚР ПМ., 811-к., 20-т., 67-іс, 3-п.

³ Сонда.

⁴ Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960. С. 337.

жылғы Ереженің баптарын қайталайды. Оның 270-бабында: «Көшпелілердің қоныстары орналасқан мемлекет жері, олардың дәстүрі мен осы Ереже баптары негізінде мерзімсіз уақытқа көшпелілердің қоғамдық пайдалануына беріледі»¹, — делінді.

Бұл осы уақытқа дейін тек қазақ қоғамына ғана тиесілі және басқа жұрт соның меншігі есебінде мойындап келген қазақтардың атамекенін Ресей үкіметінің қандай да болсын келісімсіз зорлықпен тәркілеуі еді. Сөйтіп, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ жұрты іс жүзінде Ресей крепостниктік мемлекетінің реформаға дейінгі қазыналық жерді пайдаланған мемлекеттік шаруаларына теңгерілді.

Үкімет орындары қоныс аударушыларға түрлі жеңілдіктер жасап, артықшылықтар берді. Бұл іс жергілікті әкімшіліктің қолында болды.

Мәселен, 1869 жылы Түркістан генерал-губернаторы К.Ф.фон Кауфман бекіткен «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша Ережелер» облысқа келген келімсектердің жағдайын жеңілдетуді көздеген бірсыпыра шараларды белгіледі. Олардың ішінде мынадай жеңілдіктер бар еді: а) әрбір қоныс аударушы ер адам басына егіншілікке қолайлы 15 десятинадан жер бөлініп; оған басы артық 15 десятина қосылды. Ал пошта тракті бойындағы бекеттерге орналасқандарға 30 десятина бөлініп, оған 15 десятина басы артық жер қосымша берілді; ө) қоныс аударушылар 15 жыл бойы салықтан, түрлі міндеткерліктерден (соның ішінде рекруттық) босатылды. Мұқтаж отбасыларына 100 сомға дейін қарыз беру белгіленді².

К.Ф.фон Кауфман 1867—1881 жылдар аралығындағы өзінің қызметіне байланысты есебінде Жетісудағы орыс қоныстанушыларының жағдайына тоқталып былай деп жазды: «...өлкеде орын теуіп жатқан орыс қоныстары өзара тығыз байланыса аларлықтай ыңғайлы қатынас жолдары бойына орналасқанда ғана өзіне тиесілі мәнге ие болып, материалдық және рухани күшке айналмақ. Осы ойды негізге ала отырып, облыста жаңа қоныстанып жатқан орыс

¹ Сонда. 373-б.

² Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы (бұдан былай — ҚР ОММ), 19-қ., 1-т., 26-іс, 139-140-п.

келімсектерді бөлгенде оларды казак қоныстары және қалаларымен жалғастыра орналастырып, мүмкін болғанша, негізгі қатынас жолы бойы және аса құнарлы жерлерге тамыр жайған тұтас орыс қоныстары тізбегін жасау тура деп табылды»¹.

Ресей үкіметі Жетісу облысы жерін жедел қарқынмен отарлауға кіріскенде, негізінен, екі стратегиялық мақсатты көздеді. Ол, біріншіден, Жетісу жерін Қоқан әскерінен тазарта отырып, оның орнын басқан бекіністер мен гарнизондар арқылы Ресейдің оңтүстік-шығыстағы шекарасын айқындап, Қытай экспансиясына шек қою еді. Екіншіден, үкімет орындары 40-жылдардың орта тұсында Жетісу халқының Кенесары Қасымұлы қозғалысына көрсеткен үлкен қолдауын және басқа ресейлік экспансияға қарсы наразылықты ескере отырып, өлке халқы құрамында жедел түрде орыстық элементтерді көбейтіп, сол арқылы мұнда терең тамыр жайып, орыс үстемдігін қамтамасыз ету болды².

1874 жылы Ақмола облысында қоныс аударып келгендерді орналастыру тәртібі жасалынды³. Онда қоныс аударып келуші әрбір ер адамға 18 десятинадан кем емес және 30 десятинадан көп емес үлес беру, ал оларға лайықтап ең аз дегенде 20 ер адам орналаса алатын жер телімін даярлау туралы айтылды. Бұл бөлінген жер телімдерінде қазақтарға егін егіп, қыстау салуға тыйым салынды. Егер көшіп келген орыс шаруалары бұл алған жерді игеріп түрлі шаруашылықтар құрса артықшылықтар алды, салықтан босатылды, түрлі қаржы және тікелей басқа міндеткерліктен (әскери емес) 10 жылға босатылды.

Қоныс аударушылар легінің өсуі облыстың байырғы тұрғыны қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына үлкен зиянын тигізе бастаған еді. 1890 жылы мемлекеттік Мүлік министрлігімен өзара қатынас қағаздарында далалық генерал-губернатор қоныс аударушыларға бөлінетін жердің жоқтығын, өйткені қазақтар қоныстанбаған жердің тұзды, құм және тастақ, егіншілікке жарамсыз келетіндігін,

¹ Сонда, 140-141-п.

² «Вопросы колонизации», 1911. № 9, С. 216—217.

³ Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в.—1917 г.). М., 1986. С. 91.

келімсектердің жапшай отарлау әрекетінің жергілікті мал шаруашылығына өте жайсыз тиіп, оның көлемінің қысқаруына, бүтіндей қазақ ауылдарының тоқырауға ұшырап, дала пролетариаты — жатақтарға айналып, ендігі уақытта болымсыз өз малын бағу үшін орыс шаруалары мен казактардан арендаға жер сұрауға мәжбүр болып отырғандықтарын жазады¹.

Көрші Том және Тобыл губернияларынан қоныс аударып келген шаруалар өздерімен бірге жерді тағылық жолмен игеру әдісін де ала келді. Олардың көздеген мақсаты, жерді шамасы келгенше жыртып, тозғанынша түсімін жинап, содан соң оны тастап басқа тың жер іздеу еді. Сібір губернияларының іргелес жақын орналасуы оларға қазақ жеріне ауысып қона салуға көп қиындық та туғызбады. Алдымен, біліп байланыс жасауға бірнеше өкілдерін (ходоки) жіберіп, олар аңқау қазақтармен тез тіл табысып, арзан бағаға жерін жалдап, оған туыстарын, жерлестерін көшіріп әкеп қондырып, біраз уақыт өткен соң әкімшіліктің көмегімен бұл жерден қазақтарды біржолата ығыстырып, қоныстар салды. Жаңа қоныстанушылардың қатарында арыз жазып жер үлесін алып, қоныс аударушыларға тиесілі заңды қарыз бен жеңілдіктерді пайдаланып, уақыт өткен соң жаңа жеңілдіктер мен қарыз алу үшін басқа облысқа көшіп кетушілер де болды. Жерге, оның байлығына қоныс аударушылар тарапынан осындай немқұрайды қатынас нәтижесінде XIX ғасырдың соңында-ақ Ақмола, Көкшетау, Өскемен, Зайсан уездеріндегі аса құнды ормандардың біразы талан-таражға түсіп, біржола жойылып кетті.

Өз бетінше қоныстанушы шаруалар, әсіресе Пермь губерниясынан келгендер орманды алқаптарға жақын орналасуға тырысты. Егіншілік мәдениетінің төмендігі салдарынан олар орман ағаштарын ысырапсыз пайдаланып, Ақмола облысы ормандарының біразын құртып жіберді. Ақмола уезіндегі аса бағалы ақ қайың ормандары осылайша жойылды².

¹ ҚР ОММ, 369-к., 1-т., 8677-іс, 302, 360, 361-п.; сонда, 4229-іс, 17-21, 90, 91, 99-п.; 8627-іс, 43-44-п.; 8505-іс, 239-240-п.; 8726-іс, 18-19-п.; 6561-іс, 127-п.; *Хасанаев М.Ж., Сопибекова К.И.* Алексеев шенеунік, топограф. «Қараөткел» газеті. 1992, 15 сәуір.

² *Хасанаев М.Ж., Сопибекова К.И.* Аталған мақала.

Дала генерал-губернаторлығы көз алдында өтіп жатқан мұндай ауыр жағдайды елемеске шарасы болмағандықтан Ішкі істер министрлігіне әлденеше рет хабарлап, нақты шаралар қолдануды өтінді. Соның нәтижесінде Ішкі істер министрлігі өз бетінше қоныс аударуды тежеуді көздеген бірнеше шара қарастырды. Мәселен, 1889 жылғы 13 шілдеде шыққан заң бойынша өз еркімен қоныс аударушылар әкімшілік жолмен бұрынғы мекеніне қайтарылуға тиіс болды. 1890 жылғы 22 ақпанда шыққан Жарлық та өз бетімен қоныс аударушыларға қарсы бағытталды. Ең ақыры, 1891 жылы көктемде Ішкі істер министрлігі дала облыстарына қоныс аударуды уақытша тоқтата тұру туралы Жарлық шығарды¹.

Дегенмен XIX ғасырдың 60—90-жылдарының өзінде ішкі Ресей губерниялары мен Сібірден қоныс аударған шаруалардың қазақ жерін отарлау үдерісі айтарлықтай үлкен қарқынмен жүрді. Тек 1885 жылдан 1893 жылға дейін ғана Ақмола облысының байырғы халқының иелігіндегі 251 779 десятина жер тартып алынып, 10 940 еркек кіндікті халқы бар жаңа қоныс тебушілердің 24 ауылы құрылды². 1895 жылға дейін Жетісу облысында 35 569 тұрғыны бар 63 шаруалар ауылы пайда болды³. Осы сияқты өзгерістер басқа облыстарда да жүріп жатты.

Бірақ қазақ жеріне әкеліп орыс шаруаларын қоныстандырудағы бұл қарқын да XIX ғасырдың соңына қарай отаршыл әкімшілікті қанағаттандырудан қалды. Соған байланысты ол жаңа отарлау қарқынына лайық жаңа заңдық негіз жасауға көшті.

ә) Қазақ жерін отарлаудың жаңа кезеңі және оның негізгі қорытындылары

(XIX ғасырдың 90-жылдары — 1917 жыл)

Қазақ жерін отарлаушы орыс әкімшілігіне жаңа заңдық негізді 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола,

¹ Скляров Л. Ф. Переселение и землеустройства в Сибири, в годы столыпинской аграрной реформы. Л., 1962. С. 64—66; Хасанов М. Ж., Сопибекова К. И. Аталған мақала.

² Қазақ ССР тарихы. III т. Алматы, 1982. 267-б.

³ Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1914 гг. Алма-Ата, 1965. С. 206.

Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» берді. Ереженің қазақ жеріне байланысты негізгі баптарында былай деп жазылды:

«119. Көшпелілер қоныстанған жерлер және сол жерлерге тиесілі нәрселер, сондай-ақ ормандар да мемлекет меншігі ретінде мойындалады.

120. Көшпелілер қоныстанған жер, олардың дәстүрі мен осы ереже баптары негізінде көшпелілердің мерзімсіз қоғамдық пайдалануында қалдырылады.

1-қосымша. Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрлігі құзырына өтеді»¹.

Бұл келтірілген баптар сол тарихи кезеңдегі қазақ даласын басқаруда негізгі заң есебінде жүрген Ереженің отарлық сипатын анық көрсетеді. Олардың алғашқысы қазақ жерінің астындағы кені мен үстіндегі бар байлығын орыс кәсіпкерлігі мен қазақ жеріне мыңдап келіп қоныс теуіп жатқан орыс шаруаларының талауына берген бап болатын.

Дегенмен қазақ қоғамына аса ауыр тиген, әрине, 120-бапқа берілген қосымша еді. Ол қосымша бойынша кез келген жер қазақтардың үлесінен алынып, қоныс тебушілердің пайдалануына өтуі мүмкін. Қазақ даласына ешқандай да кедергісіз именбей енуді аңсаған отаршыл күштерге керегі де осы бап болатын.

1891 жылғы Ереже өз күшіне енгеннен кейінгі уақытта қазақ жерін пәрменді түрде отарлауға мүдделі күштердің үлкен ыждаһатпен қолға алған ісі қазақ шаруасына қажет жер көлемін анықтап, одан «артылған» жерден «қоныс аудару қорын» жасауға кірісу болды.

Бұл мақсатта алғашқы жасалған қадамдардың бірі — 1895 жылы Ф.А.Щербина бастаған ғылыми экспедицияның құрылуы еді. 1896—1899 жылдар аралығында Торғай, Ақмола және Семей облыстарының 12 уезін аралап, зерттеу жұмыстарын жүргізген бұл экспедицияның негізгі міндеті әрбір орта қазақ шаруашылығының өмір сүруіне қажет жер нормасы көлемін анықтап, қоныс аударушыларға жер қорын даярлау жұмысына бағыт-бағдар беріп, ұсыныстар жасау еді. Ф.А.Щербинаның пікірі бойынша, бұл норманың көлемі шамамен 187 десятина жер болып белгіленді.

¹ Материалы по истории политического строя Казахстана. С. 395.

Экспедиция оны мынадай әдіс арқылы шығарды. Біріншіден, қазақтың орта деген үй шаруашылығының өмір сүруіне жеткілікті мал басы саны анықталып (ол жылқы малына шаққанда 24 бас деп алынды), екіншіден, бір бас малды жыл бойы ұстау үшін қажет жайылым көлемі шығарылды (десятина түрінде). Осы екі көрсеткіштің көбейтіндісі жер нормасын берді¹.

Экспедиция зерттеуіне іліккен жоғарыда аталған облыстардың 8 уезіндегі қазақтардың иелігіндегі жер көлемі 45 889 000 десятина болған. Щербинаның есебі бойынша, бұл жердің 23 297 000 десятинасы (51%) қазақтарға қалып, ал қалған 22 592 000 десятинасы (49%) артық жер есебінде переселен мекемесі қарамағына көшуге тиіс еді.

Егіншілік министрлігі бұл ұсынысты қарап, 1901 жылғы 5 наурыздағы №11 Жарлығы бойынша қазақтардың жерге мұқтажын «толық өтеу» мақсатында, оларға қалатын жер көлемін 29 121 000 десятинаға (63%) көтеріп, орта есеппен әр қожалыққа 234 десятинадан жер үлесін белгілейді².

«Артық» қазақ жерін анықтау шарасы орталық билік орындарының орыс шаруаларына Оралдың шығыс жақ бетіне жаппай қоныс аударуына мүмкіндік беретін құжаттар қабылдауымен қатар жүрді. XX ғасырдың басындағы ішкі Ресейдегі аграрлық қозғалыстар үкімет орындарын да, помещиктерді де қоныс аудару саясатына жаңа тұрғыдан қарауға мәжбүр етті. Олар қоныс аударудан ішкі әлеуметтік қайшылықты бәсеңдету құралын көріп, енді бұл үрдіске мақсаттылық және жаппай сипат беруге көшті. Ішкі істер министрлігінің 1894 жылғы 29 маусымдағы Жарлығы бойынша, Сібір мен Дала өлкесіне қоныс аударуға қойылған шектеу жойылып, қоныс аударушыларға ешқандай да кедергісіз құжаттар беру губернаторларға жүктелді³. Ал 1904 жылы 6 маусымда қабылданған «Ауыл тұрғындары мен мешан-егіншілерді өз еркімен көшіру туралы уақытша Ережелер» соған дейінгі осы

¹ ҚР ОММ, 19-қ., 1-т., 5-іс, 3-3-об-п; Журнал совещания о землеустройстве киргиз. СПб., 1907. С. 17; Ямзин И.Л., Воцанин В.П. Учение о колонизации и переселениях (учебное пособие для высших учебных заведений). М.Л., 1926. С. 35-36.

² ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 38-іс, 3-3-об-п.

³ Скляров Л.Ф. Переселение и землеустройства в Сибири, в годы столыпинской аграрной реформы. Л., 1962. С. 67.

мазмұндағы заңдық актілерді ауыстыруға тиіс болды. Оның бірінші бабында диқаншылықпен айналысатын және «үкімет қажет деп тапқан» аудандарға барғысы келетін жері тапшы губерниялардан шыққан қоныс аударушыларға бұдан былай үкімет орындарының қолдау көрсететіндігі айтылды¹. Бұл категорияға жататын қоныс аударушылар үкімет тарапынан түрлі артықшылықтар мен материалдық көмек алуға құқылы болды.

Осындай заңдық құжаттарды қабылдаумен бір мезгілде жаппай қоныс аударуды қамтамасыз ете алатын әкімшілік жүйесін құру ісі де қолға алынды. 1896 жылы Ішкі істер министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы (Переселенческое управление) ашылды². 1905 жылғы мамыр айында бұл басқарма жаңа құрылған Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің қарамағына өтті³. Бұл мекемеге империя көлеміндегі қоныс аудару істері жүктелді.

1904—1905 жылдары үкімет орындары Қазақстан аумағын қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торғай — Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. 1904—1906 жылдары бұл аталған облыстардың бөрінде аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды.

Бұл мекемелер аудандық деп аталғанымен, іс жүзінде олардың қызметі белгілі бір облыс көлемін қамтыды. Өз ретінде аудандық қоныстандыру мекемелері уездік деңгейде кіші аудандық (подрайон) болып бөлінді. Сөйтіп, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың алғашқы жылдары қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелері жүйесі пайда болды.

Қоныстандыру мекемелері әкімшілік құрылымы тұрғысынан ғана емес, жұмыс жасау әдісі, атқарған міндеті жағынан да таза отаршылдық мазмұндағы мекемелер-тін. Уездік, облыстық деңгейдегі бұл мекемелердің негізгі міндеті жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» («излишки») тауып, қоныс аударушыларға жер телімдерін

¹ Полный свод законов Российской империи (бұдан былай — ПСЗ), III. Т. XXIV, 1904. ст. 24701.

² *Ерошкин Н. П., Куликов Ю. В., Чернов А. В.* История государственных учреждений России до Великой Октябрьской Социалистической Революции. М., 1965. С. 228.

³ Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате. 6 мая, 1905 г. № 575 отд. второй. С. 220.

даярлау, осы мақсатта құрылған жер межелер топтарының қызметін ұйымдастыру, қоныс аударушыларға тиесілі мемлекеттік түрлі көмектердің уақытында берілуін қамтамасыз ету, қоныс аударушылардың орналасуы барысында пайда болатын әр қилы мәселелерді, солардың ішінде жергілікті халық пен келімсектер арасында туатын даудамайды реттеп отыру еді. Ал әкімшілік орындары болса, бұл мекемелердің басына империялық мүдделерді жақсы түсінетін, соған қызмет етуге даяр адамдарды ғана қоюға тырысты.

Қоныстандыру мекемелері қызметінің қандай мазмұнда болғанын мынадай фактілер айғақтайды. 1905 жылы Верный қаласында Жетісу аудандық қоныстандыру мекемесі ашылып, оның жетекшісі болып түркістандық, жергілікті жағдаймен жақсы таныс шенеунік Орест Авенъерович Шкапский тағайындалады. Ол облыстық жер жағдайына қатысты зерттеу жұмыстары нәтижелерімен танысып және өзі біраз уездерді аралап шыққан соң, сол жылдың күзінде орталықтағы егіншілік және жерге орналастыру басқармасының меңгерушісі Шванебах алдында пайымды әрі дәлелді баяндама жасап, Жетісу облысында қазақ пен қырғыздардан артылған, бос жатқан, қоныс аударушыларға лайық жердің жоқ екендігін айтады. Сонда, Шванебах оны тоқтатып: «Шкапский қырғыздардан құнарлы жерді тартып алу үшін қойылған, ал бұл істің заңды, не заңсыз болып шығуы Шванебахты қинамайды»¹, — дейді. Келесі, 1906 жылы Шкапский Жетісудағы қызметінен босатылып, оның орнына соған дейін қоныстандыру учаскелерін дайындау үшін құрылған Ақмола — Семей уақытша партиясының меңгерушісі, Орталық қоныстандыру басқармасының ерекше тапсырмалар бойынша шенеунігі С.Н.Велецкий тағайындалады. Жетісудағы Қоныстандыру мекемесін Велецкий басқарған 1906—1914 жылдар, егер тұжырымдап айтар болсақ, мұнда империялық зорлықтың салтанат құру жылдары болды.

Қоғамдық көзқарасы және практикалық қызметі тұрғысынан алғанда ұлыдержавалық, шовинистік бағыт

¹ Шванебах пен Шкапский екеуі арасында болған бұл диалог жөнінде М.Тынышбаев кейіннен Шкапскийдің өзінен естігенін айтады. КР ПМ, 811-қ., 20-т., 67-іс, 6-п.; *Тынышбаев М.* История казахского народа. Алма-Ата, 1993. С. 33.

ұстанған С.Н.Велецкий үшін жергілікті халық, оның табиғи мүддесі деген ұғымдар жоқ еді. Оның сенімді пікірі бойынша, өзі басқарған қоныстандыру мекемесі егіншілікке жарамды жерден ешқандай да мүдірместен қоныстандыру учаскелерін ашып, оларға ішкі Ресей губернияларынан келген орыс шаруаларын орналастыра беруі керек-тін.

М.Тынышбаевтың атап көрсеткеніндей, Жетісу облысына келген соң қызметін Верный уезінің Шамалған болысындағы егіншілікке жарамды қазақтардың жерін қоныс аударушыларға тартып өперуден бастаған Велецкийдің «алғашқы істеген әрекеттері жергілікті халықтың ғана емес, облыс әкімшілігінің де үрейін алған еді»¹. Орталық қоныстандыру басқармасы берген ерекше өкілдік құқына сүйенген Велецкийдің ұстанған бағыты отарлау саясатында басқа, ұстамдырақ әдістерді қолдаған Жетісу әскери губернаторы генерал М.Е.Ионовқа ұнай қойған жоқ еді.

Әскери губернатормен болған өзара айтыс барысында Велецкий өзі ұстанған саяси бағыттың дұрыстығын негіздеп Түркістан генерал-губернаторы Н.Н.Гродековке 1907 жылғы 24 ақпанда жолдаған №331 қатынас хатында былай деп жазды²: Қазақша аудармасы: «Отарлау шараларын жүргізуге кедергі болып отырған аса зиянды жағдай ретінде мынаны айтқан жөн. Жетісуда мемлекетшілдік мүддеге қарсы тұрған шет аймақтық мүдде тым даму алған. Бұл мүдде мынадай тұжырымдар арқылы беріледі: «Түркістан түркістандықтар үшін», ал Жетісуда: «Жетісу жетісулықтар үшін», яғни жатжұрттықтар үшін, ал шын мәнінде ол Ресейдің құрамды бөлігі бола тұрып, басым түрде орыстарға тиесілі болуға тиіс. Қазақтардың өздеріне жасалып жатқан қысым туралы барлық шағымдары, міне, осы көңіл күйден бастау алады, ал іс жүзінде жартылай тағы бұратаналар арасына өркениет әкелуші орыс тұрғындардың тұрмыс жағдайы бұратаналар дінінен төмен»³.

¹ ҚР ПМ, 811-қ., 20-т., 67-іс, 7-п.

² Хаттың мазмұны түсінікті болу үшін қазақшаға аударып беріп отырмыз — *Аем*.

³ ҚР ОММ, 19-қ., 1-т., 41-іс, 21-п.

Жоғары лауазымды қоныстандыру мекемесі шенеунігінің пікірі бойынша, отарлау ісінде негізгі кедергіге айналып отырған нәрсе ол өзара бітіспес екі көзқарастың, яғни шет аймақтық (бұл арада түркістандық және қазақтық) мүдде мен жалпы мемлекеттік (яғни империялық) мүдденің қақтығысуы еді. Мұндай қайшылық тек қоныстанушылар мен жергілікті бұратана халықтың арасында ғана емес, сонымен бірге отарлаушы мемлекеттік аппараттағы шенеуніктер арасында да орын алған. Велецкийдің ұстанымы бойынша, әрине, жоғарғы биліктің міндеті бұл екі көзқарас арасындағы тартыста жалпы мемлекеттік мүдденің үстем алуын қамтамасыз ету. Осыған орай, Велецкий өзінің қарсыласы әскери-губернатор генерал Ионовтың ұстанған бағытына меңзеп: «...мұнда оғаш және жасанды мынадай жағдайға тап боласыз: әкімшіліктегілер іске мемлекетшілдік мүддеден ада бұратаналық көзқарас тұрғысынан қарайды, ал іс жүзінде мемлекетшілдік мүдде ұлттық, сословиялық, таптық және басқа мүдделерден жоғары тұруы керек ғой»¹, — дейді.

Велецкий жер және басқа қоғамдық мәселелерді шешуде ашықтан-ашық күшке сүйенуді жақтады: «Қоныстандыру ісін біржолға шешу үшін, — деп жазды ол, — нық сенім және күшті билік қажет, сондай-ақ мына «әуелде өзіме» сияқты көңіл күйін типыл етіп кесіп тастаған жөн»².

Велецкийдің пікірінше, жергілікті халық тарапынан пәрменді қарсылық болуы мүмкін емес, егер ондай қарсылық көріне қалғанда, үкімет орындары оны аяусыз жаншып басуы керек. Отарлау ісінде әккі шенеунік «Мен бұл істі Ақмола және Семей облыстарында 6 жыл бойы табысты жүргіздім, бұл шаруаға ішкі жылымаса да қазақ жұрты толығынан тыныш күйде болды әрине, жергілікті әкімшіліктің қолдауына да сүйендім. Сонда да уез бастықтары мен генерал-губернатор маған «жергілікті халықтың тыныш болатындығына кепілдік бере алмайтындықтарын» айтқан, ал бірақ ол сандырақ қой; қазақ жұртының жігерсіздігі соншалық, мұндай жария шаралармен оның тыныштығын жеп-жеңіл бұза алмайсың, бөрі де Жоғарғы биліктің ықпалымен істеліп жатқанын

¹ Сонда, 21, 21-об п.

² Сонда, 21-об п.

көре тұрып ол тыпыр етпейді, ал, екіншіден, егер де кейбір шиеленістер бола қалған күнде де әкімшілік қазақтарды тәртіпке шақыра алады. Меніңше, ондай толқулар қазақтар тарапынан емес, орыс переселендерінің тарапынан болуы әбден ықтимал¹.

Велецкийдің нұсқауы бойынша, Жетісу облысында қоныстанушыларға учаске дайындаушы мамандар «артық» жер есебінде халықтың суландырылған, жоңышқа егілген, игерілген жерлерін де кең түрде ала бастаған еді. Бұл шара сол тұстағы қазақ облыстарын басқаруға қатысты Ресей заңдарына қайшы келетін әрекет болатын. Велецкий мұндай шешімді жаңа қоныстанушылар үшін суландыру жүйесін жүргізуге мемлекет қаржысының жоқтығымен түсіндірді. Қоныстандыру мекемесінің мұндай заңсыз әрекетіне үзілді-кесілді қарсы шыққан генерал Ионов 1907 жылы 30 маусымда Түркістан генерал-губернаторының көмекшісі генерал Кондратовичке жіберген №8856—30 қатынасында: «Егер зерттеу жұмыстарының нәтижесі қырғыздардың (қазақтардың — *Авт.*) егін егіп отырған жерін алу туралы шешім қабылдауымен аяқталса, онда мұндай шешімдер үшін партиялардың зерттеу жұмыстары мен арнайы комиссиялар құрудың қажеті жоқ. Осы уақытқа дейін Қоныстандыру мекемесі қырғыздардың суландырылған жерін зорлықпен тартып алуға бейімділік танытып келді. Енді бұл әдісін Велецкий мырза Шамалғанда да өткізбек, ол туралы бөтен жерге әуес Верный қоныстанушыларын хабардар етіп отыр»², — деп жазды. Одан ары генерал Ионов Велецкийдің ісіне наразылығын жасыра алмай былай деп қорытады: «Суландырылған жерді тартып алуды тоқтату керек және қырғыздардың наразылығын туғызбай қоныстандыру аумақтарын құрудың жалғыз жолы — бос жатқан жерді суландыру. Сондай-ақ қоныстандыру аумақтарына қырғыздардың қыстаулары мен басқа пайдаланып отырған жерлері еніп кетпеуін бақылауға тура келеді.

Содан соң артық жерді анықтаудың көзбен өлшеп, біреулерден сұрап білуден басқа жетілген әдістерін іздестіру керек. Статистикалық зерттеусіз жаңағыдай әдістермен

¹ Сонда.

² Сонда, 25-п.

анықтау арқылы Лепсі уезінен 130 000 десятина жер алынатындығы сөз болып отыр»¹.

Велецкийдің Жетісудағы қазақ және қырғыз жерін тартып алудағы жүгенсіздігі өз ретінде Ташкенттегі генерал-губернаторлық әкімшілігінің де наразылығын туғызған болатын. Генерал-губернатор шенеуніктерін мазасыздандырған ой, әрине, қазақ және қырғыздардың жаппай атамекен жерінен айырылуы емес, қоныстандыру мекемесі қоздырған наразылықтың бүкілхалықтық «бүлікке» ұласып кету қаупі еді.

Өздерінің бұл қаупін Ташкенттегі әкімшілік шенеуніктері Мұстафин мен Каплун генерал-губернаторға жазған баяндамасында былайша білдірді: «Велецкийдің пікірі бойынша, отарлау және көшпелілерді жерге орналастыру мәселесі жай ғана шешілмек: жарамды жер қоныстанушыларға өтеді, ал көшпелілер болса, Балқаш жағалауындағы шөлге «орналастырылады» («водворяются»). Бағымызға орай, қырғыздардың жер иемдену мәселесін Велецкий мырза шешпейді, ал егер ол бұл теориясын халық арасына таратса, онда мұндай істің салдары өте қайғылы болуы әбден мүмкін»².

Бірақ Велецкий мырза жергілікті генерал-губернатор Ионовтың да, Ташкенттегі әкімшіліктің жоғарғы лауазымды шенеуніктерінің де ескертулерін елеместен, ішкі Ресей губернияларына түрлі хабарландырулар таратып, Жетісу облысына шақырып жатты. Ол туралы генерал-лейтенант Г.Л.Кондратович 1908 жылғы 25 майда Түркістан генерал-губернаторы атына жазған баяндамасында: «...Жетісу қоныстандыру мекемесінің меңгерушісі генерал-губернатор мен Петербургке өзінен талап етілген жұмыс жоспары жөнінде емес, іске асыру қиын және шектен тыс көп қаржыны қажет ететін кең көлемді ойларын баяндайды... Мен өзім де оның өткен жылғы жоспарына сеніп жаңылыс бастым, тек Жетісуды аралап шығу арқылы ғана шындыққа көзім жетті. Бірақ қоныстандыру мекемесінің меңгерушісі өткен 1907 жылғы өз жоспарын түгел газеттерге жариялап үлгерді, енді соның салдарынан

¹ Сонда, 29—29-об п.

² Сонда, 33-об п.

орыс халқы дәмеленіп келіп, көңілі қалатын Жетісуға шұбыруда»¹.

Бұл екі арада, генерал Ионов пен Велецкий арасындағы тартыстың және қоныстандыру ісінің егжей-тегжейімен танысу үшін 1907 жылы мамырда Жетісуға Түркістан генерал-губернаторының көмекшісі генерал-лейтенант Кондратович пен Түркістан өлкелік егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасының бастығы Пилыц келеді. Қапал, Лепсі, Жаркент және Пржевальск уездерін аралап шыққаннан кейінгі өткен кеңесте генерал Кондратович «Жетісу Қоныстандыру мекемесі жергілікті әкімшілік және басқа орындардың пікірімен есептеспестен, жеке-дара жұмыс жасап қана қоймай, заңсыздыққа ұрынып, табиғи-тарихи және шаруашылықтық-статистикалық тұрғыдан зерттелмеген жерлерден қоныстандыру аумақтарын жобалап отыр», — деп көрсетіп, ендігі уақытта «жер бөлу жұмыстарын тежеп, жергілікті бұратаналарды толық жерге орналастырып біткенше Жетісу облысына қоныстандыруды тоқтатуды»² ұсынады.

Бірақ еркінсіген Велецкий мырзаға Жетісу әскери-губернаторы генерал Ионов та, Түркістан генерал-губернаторының әкімшілігі де кедергі бола алған жоқ. Тура осы тартыс барысында Ресей империясының мемлекеттік жүйесінде ұзақ ғасырлар бойы тамыр жайған іргелі дәстүр өз дегенін істеді, Велецкий мырза айтқан «жалпымемлекеттік мүдде» («государственное начало») үстемдік алды. Орталық, Петербургтік билік Велецкий жағына шықты, ол ұстанған бағытты қостады. 1907 жылы Жетісу әскери-губернаторы генерал Ионов қызметінен босатылды³. Ал Жетісу қоныстандыру мекемесі әкімшілік тұрғыдан Ташкентке қарағанымен, іс жүзінде тек Петербургті ғана тындады.

Жетісу қоныстандыру мекемесінің және оның басшысының жұмыс стилінен біршама түсінік беретін бұл деректер белгілі дәрежеде басқа қазақ облыстарындағы қоныстандыру мекемелеріне де тән болатын. Өйткені олардың бәрінің алдында бір ғана мақсат тұрды. Ол — қайткен күнде жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» неғұрлым көбірек тауып, ол жерлерге ішкі Ресейден өз

¹ Сонда, 34 п.

² Сонда, 104—105 п.

³ Сонда: ҚР ПМ, 811-қ., 20-т., 67-іс, 7-8-п.

бетімен немесе рұқсат алып, жолдамамен келген орыс қоныс аударушыларын орналастырып, оларға қамқорлық жасау еді. Ал қоныстандыру мекемелерінің қызметін тікелей қазақ халқының тұрмысына байланысты қарағанда бірден көзге ұратын мынадай екі негізгі қырын байқауға болады. Олар, біріншіден, жергілікті қазақ елінің пайдалануындағы жердің «артығын» анықтап, қоныстандыру учаскелерін дайындау, екіншіден, қазақ бұқарасын «жерге орналастыру» еді.

Патша үкіметінің отарлау саясатының шын мазмұнын ашатын бұл мәселелер ғылыми әдебиетте әлі де болса өз дәрежесінде қаралмай келеді. Енді осы мәселелерге арнайы тоқталып көрелік.

Қоныстандыру мекемелерінің құрылған бетте қолға алған негізгі жұмысы, әрине, қазақ елінің пайдалануындағы басы «артық» жерді іздеп тауып, қоныстандыру учаскелерін ұйымдастыру болды. Бұл шараны іске асыру үшін оларға алдымен формалды түрде болса да қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын анықтау қажет еді. Ал қоныстандыру мекемелері құрылғанға дейін белгіленген Щербина нормасы оларды қанағаттандырмады. Өйткені бұл норма оларға тым көлемді көрінді. Сондықтан да 1907 жылдан бастап жаңа аудандарды зерттеумен бірге бұрын Щербина экспедициясы жұмыс істеген уездердегі қазақ шаруашылықтарын қайта зерттеу жұмысы басталып кетті. Қайта зерттеу жұмысын Көкшетау уезінен 1907 жылы статист Кузнецовтың экспедициясы бастады. 1908 және 1909 жылдары статистикалық партиялар Ақмола облысының басқа да уездерінде жұмыс жасады.

Тура осы мезгілде Қостанай уезін «қайтадан зерттеуге» бұрын Щербина экспедициясына қатынасқан статист П.А.Хворостинский жіберілді. Содан соң оның басшылығымен Орал облысының Орал, Ілбішін және Темір уездері зерттелінді.

1910 жылы Торғай облысының Ақтөбе уезі және Семей облысының Павлодар уезі қайта зерттелінді. Осы жылы зерттеу жұмыстары Жетісу облысының Қапал және Жаркент уездерінде, Сырдария облысының Перовск уезінде жүргізілді¹.

¹ «Вопросы колонизации». 1911. №9. С. 404—405; Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Под ред. С.П.Швецова. Л., 1926. С. 64.

Міне, осы «қайта жүргізілген зерттеулердің» қоныс-тандыру мекемелері үшін қандай нәтиже бергенін төмендегі кестеден байқауға болады¹:

Уездер	Әрбір шаруашылыққа тиесілі жер (десятина)	
	Щербина экспедициясының есебі бойынша	«Қайта зерттеулер» есебі бойынша
Омбы...	168—199	77—205
Петропавл...	191—510	74—323
Көкшетау...	209—444	72—328
Атбасар...	168—384	55—358
Ақмола...	158—401	85—286
Павлодар...	30—360	44—180
Қарқаралы...	266	116—280
Өскемен...	177	92—142
		Жан басына:
Ақтөбе...	123—168	27—168
Қостанай...	120—300	27—40
Торғай...	—	130

Егер Щербина экспедициясы әрбір орта қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын сол орта отбасының жылдық тұрмыс шығынына жарайды деген 24 бас малды (жылқыға аударғанда) асырап-сақтай алу мүмкіндігінен шығарса, кейінгі экспедициялар мен статистикалық партиялар ол шығын санын 16 басқа түсіріп, соған сай жер нормасы көлемін де осы соңғы санға бейімдеді. Мәселен, Өскемен уезін 1911 жылы қайта зерттеген статист А.В.Перепплетчиков Егіншілік және жерге орналастыру Бас басқармасына берген есебінде аталған уезді 16 табиғи-тарихи ауданға бөлді. Шаруашылыққа жайлы аудандарда әр үйге шамамен 90 десятина, ал қолайсыз аудандарда шамамен 142 десятина бөлуді ұсынады. Сөйтіп, ең жоғарғы норма көлемі 1907 жылғы есеппен салыстырғанда (Кузнецов жүргізген) 20—30 десятинаға кемітілді. Мұндай қысқарту тек осы уезде ғана 1 023 857 десятина «артық» жер шығарып, олар қазыналық-оброктық статья мен

¹ Казахское хозяйство в его естественно-исторических... С. 110.

қоныстандыру қорына өтуге тиіс болды. Он жыл ішінде қоныстандыру мекемесінің мамандары тек Өскемен уезінен ғана 2 млн десятина «артық» жер тапқан¹.

Қайта зерттеу барысында осындай «артық» жерлер басқа уездерден де шықты. Мәселен, Кузнецов экспедициясы Қоныстандыру басқармасына далалық облыстарға байланысты Щербина экспедициясы белгілеген норма тым үлкен, қазақ пен қырғыздардың жер нормасын тағы да қысқартуға болады деп хабарлаған, экспедицияның мұндай қорытындысына сүйене отырып, Қоныстандыру басқармасы Көкшетау уезі көшпелілерінің пайдалануындағы жердің 42%-ын қоныстандыру қорына алуға болады деп шешті².

Сонымен, қоныстандыру мекемелері ұйымдастырған экспедициялар мен статистикалық партиялардың ортақ мүддесі «артық» деп қазақ жерін көбірек алу еді. Ол жөнінде Щербина экспедициясына қатынасқан Ө.Бөкейханов 1913 жылы өзінің пікірін былайша білдірді: «Қазаққа қалдырған Щербина нормасы қазаққа көп жер қалдырды, қазақ ұтып кетті деп, қазақты қайта жазды; бұрынғы қазаққа Щербина нормасымен қалған жерді мінеп, неше қайтара кішірейтіп шұнтитып көшпелі қазаққа деп жаңа норма шығарды»³.

Қоныстандыру мекемелерінің шенеуніктері өздері көздеген жер нормасын жасай отырып, бұрын болмаған қарқынмен және кең көлемде қазақ жерін талауға кірісті. Оны мынадай фактілерден көруге болады. Егер дала генерал-губернаторлығы бойынша 1870—1905 жылдар аралығында қоныс аударушыларға 169 603 жан басы үлесі даярланса, 1906—1909 жылдар аралығында бұл сан 197 232 болды⁴. Басқаша айтқанда, соңғы төрт-ақ жылда келушілерге дайындаған жер үлесі одан бұрынғы отыз бес жылдағыдан анағұрлым артып түсті.

Нақ осындай қарқынмен қоныстандыру оңтүстік облыстарда да жүріп жатты. Егер 1868—1905 жылдар аралығында Жетісу облысында 36 орыс селосы пайда болса,

¹ «Қазақ». 1914, № 51; *Скляров Л. Ф.* Переселение и землеустройства в Сибири, в годы столыпинской аграрной реформы. Л., 1962. С. 278.

² *Скляров Л. Ф.* Аталған еңбек. С. 278.

³ «Қазақ». 1913, № 24.

⁴ ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 5938-іс, 6-п.

1905—1910 жылдар аралығында 54¹, ал 1910—1915 жылдар аралығында құрылған орыс селоларының саны жүзден асып түсті (бұл санға қазақ станицалары мен қалалар енген жоқ).

Қоныстандыру мекемелері құрылғанға дейінгі және одан кейінгі қазақ жерін қоныс аударушыларға алу қарқыны төмендегідей көрсеткіштермен сипатталады.

Ақмола, Семей және Торғай облыстары бойынша 1906 жылға дейін қазақтардың пайдалануынан алынған жерлер²:

Облыс аттары	Бөлінген қоныстандыру учаскелерінің саны	Жер көлемі (десятина)
Ақмола	382	2 978 560
Семей	67	532 485
Торғай	130	1 022 167
Барлығы	579	4 533 212

Қазақ шаруашылығы бойынша білгір маман, профессор С.П.Швецовтың есебі бойынша, бұл алынған жерлердің 1,4 млн десятинасы Шербина экспедициясы шыққан (1896 ж.) кезеңге дейін, ал 3 млн десятинадан сәл артығы одан кейінгі уақытта қоныс аударушыларға өткен³. Енді бұл үдеріс кестеде көрсетілген облыстарда және Орал облысында 1906—1916 жылдар аралығында қандай қарқынмен жүрді, соған көңіл аударалық⁴.

Облыс аттары	Бөлінген қоныстандыру учаскелерінің саны	Жер көлемі (десятина)	Жер басы (екі жыныстағыларды есептегенде)
Ақмола	2 617	3 487 445	253 764
Семей	842	2 594 399	110 505
Торғай	659	2 416 567	162 976
Орал	136	876 929	54 513
Барлығы	4 254	9 375 340	1 163 316

¹ «Вопросы колонизации», 1911, № 9, С. 214.

² Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях... С. 108.

³ Сонда, 108—109-бб.

⁴ Сонда, 111-б.

Бұл келтірілген кестелерден көрініп тұрғандай, қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі он жыл ішінде пайда болған қоныстандыру аумақтарының саны одан бұрынғы барлық жылдарды қоса алғандағыдан 7,3 есе, ал қазақ шаруашылықтарының пайдалануынан қоныстанушыларға алынған жер көлемі соңғы он жылда бұрынғы мезгілмен салыстырғанда 2 есе өскен. Дала генерал-губернаторы Шмит 1910 жылы Орталық үкімет орындарына жолдаған «Дала өлкесіндегі отарлау ісінің жағдайы мен мұқтаждары» деген баяндамасында: «Соңғы 16 жыл ішінде өлке тұрғындарының жалпы саны екі есе, ал соның ішінде орыс шаруаларының саны 15 есе өсті. Жыл өткен сайын отырықшы және көшпелі тұрмыстағы елдердің арасалмағы соңғылардың пайдасына өзгерген жоқ, бұл жағдай әсіресе Ақмола облысына тән. Егер 1892 жылы осы облыстағы әрбір 100 отырықшы жан басына шаққанда 205 көшпеліден келсе, қазіргі уақытта сол 100 отырықшы жан басына тек 60 ғана көшпеліден келеді»¹. Ал 1916 жылға дейін бұл көрсеткіштердің өзара айырмашылығы алшақтай түскендігі түсінікті. Қоныстандырушы мекемелер мұндай ірі шараны іске асырғанда 1891 жылғы Ереженің 120-бабына берілген «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер Мемлекеттік мүлік министрлігі басқаруына өтеді» деген қосымшаны негізге алды.

Әңгіме болып отырған мезгілде Сырдария және Жетісу облыстары Түркістан генерал-губернаторлығына қарағаны мәлім. 1886 жылғы 12 маусымда бекітілген Түркістан өлкесін басқару Ережесінде қазақтан артылған жерді қазына өз пайдасына алады деген қосымша жоқ еді. Бұл жағдай аталған облыстардағы қоныстандыру мекемелеріне тым жайсыз тиді. Сондықтан да олар Петербургке дала облыстарын басқару Ережесіндегі қосымшаны Түркістанды басқару Ережесіне де тездетіп енгізуді өтінумен болды.

Түркістанды басқару Ережесінің 270-бабына «көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасы қарауына өтеді» деген қосымша 1910 жылы 7 сәуірде Мемлекеттік Думаның жалпы жиналысында қаралып, қабылданады. Мемлекеттік Кеңестің енгізген редакциялық өзгерісінен соң, бұл заң

¹ ҚР ОММ., 64-к., I-т., 5938-іс, 5-об п.

жобасы 1910 жылы 7 желтоқсанда Мемлекеттік Думада қайтадан қаралып, Мемлекеттік Кеңестің енгізген өзгерісімен қабылданып, сол жылғы 19 желтоқсанда оны патша өз қолымен бекітеді.

Түркістанды басқару Ережесіне енгізілген бұл қосымша қоныстандыру мекемелеріне енді Түркістандағы қазақ және қырғыз жерін талауға кең жол ашып бергенімен, жергілікті халықтың егіншілікке қолайлы жерін отаршылдардың бөліске салуы оған дейін де жүріп жатқан еді. 1910 жылы 7 сәуірде осы қосымша заң жобасын талқылау барысында Мемлекеттік Думаның мүшесі Волков-2 мынадай фактілер келтірді: «Көріп отырғандарыңыздай, мырзалар, Үкімет қырғыз жеріне байланысты солшыл партиялардың жекеменшік жерлерді зорлықпен тартып алу жөнінде барлық жобаларынан анағұрлым асып түсіп, олардан көп батылдық танытып отыр... Мәселен, қоныстандыру аумақтары қырғыздар (қазақтар деп оқыңыз — *Авт.*) отырықшы тұрмысқа айрықша ден қойып отырған, яғни мұнда переселендерге жер алу бұратаналар үшін аса ауыр тиеді-ау деген аудандарда көптеп жобаланып, құрылып жатыр. Бұл ақылға да қонымсыз және заңға да қайшы әрекет»¹. Одан ары Волков-2 сенатор Паленнің Түркістанда жүргізген тексеру материалдарына сүйеніп, қоныстандыру мекемелерінің учаскелер құру барысында жеке шаруашылықтарды қоныс аударуға мәжбүр етіп қана қоймай, жеке учаскелерге орналасқан жүздеген, мыңдаған шаруашылықтарды егістік жерінен, арықтарынан, жоңышқалықтарынан, бау-бақшаларынан күшпен айырып жатқанын айта келіп, мынадай нақты мысалдар келтіреді: «Ревизия бұратаналарға тиесілі үш мешіттің, Құдайға құлшылық ететін үш орынның осындай күйге ұшырағанын анықтаған. Тек он қоныстандыру учаскесін құру үшін 2800 адамы бар, 560 қырғыз отырықшы ошағы орнынан көшіріліп, олардың орнына 700 переселен отбасы орналасқан. Қоныстандыру мекемесі осы облыстан тағы да қырғыздардың 30 000 адамы тұратын 5 100 отырықшы мекенді алып, осы орындарға не бары 2500—3000 переселендер шаруашылығын орналыстырмақ. Міне, осы айтылғандар, мырзалар, біздің қоныстан-

¹ «Вопросы колонизации». 1911, №9, С.262.

дыру ведомствосы тілінде шет аймақты сәтті отарлау деп аталады»¹.

Пікірсайыс барысында құқықтық тұрғыдан өте маңызды ой айтқан Мемлекеттік Думаның мүшесі Дзюбинский болды. Ол Түркістанды басқару Ережесінің 279-бабына сілтеме жасап, көшпелі жұрт егер отырықшы тұрмысқа өтсе, онда егіншілікке игерген жері соның меншігі болып табылатындығын ескертті. «Түркістан жұртының үлкен бөлігі баяғыда отырықшы тұрмысқа өткен қырғыздардан тұрады, олар көшіп-қонудың не екенін ұмытқан, бірақ заң жүзінде әлі көшпелі болып саналады, сондықтан да олардың өңделетін және суармалы игерген жері иеліктерінен алынуы мүмкін»². Дзюбинский Қоныстандыру басқармасының бұл әрекетін жеке адамдардың меншігін экспроприациялаудан басқа ештеңе емес деп бағалады. «Мырзалар, — деді ол сөзінде, — сіздер, жекеменшіктің принципті қорғаушылары, белгілі бір адамға тиесілі жер оның иелігінен келісімсіз алынуы мүмкін емес деп санайсыздар, сөйте тұра көшу мүмкіндігі жоқ, жарты десятина немесе десятина жерді өз бейнетімен өндеп, игерген бейшара қырғыз кедейлерінің жерін тартып алуды ұсынасыздар»³.

Депутат Дзюбинский сөзінде Қоныстандыру басқармасының егіншілікке игерілген қазақ жерлерін күшпен тартып алу саясатының түпкі себебін де ашып көрсеткен болатын. Бұл суландыру жүйесін салу үшін мемлекеттің көп қаржы шығынын талап ететін жерден қашып, егіншілік құруға даяр жергілікті халықтың жерін тартып алу сияқты жеңіл жолға түсудің өзі еді⁴.

Түркістанды басқару Ережесінің 270-бабына берілген қосымшадағы «излишки» ұғымына талдау жасаған Мемлекеттік Дума мүшесі Милюков былай деп көрсетті: «Мәселенің мәні «излишки», яғни «артық» деген сөздің астарын түсінуде болып отыр. Заң артықтың не екені білмейді ғой. Осы «артық» деген ұғымның өзі қолданыстағы заңға қайшы келеді. Өйткені «артық» жердің қайда болуы

¹ Сонда, 310-б.

² Сонда, 310-б.

³ Сонда.

⁴ Сонда. 311—312-бб.

мүмкін, егер сонда алдын ала заң жүзінде «үлес» жер көлемі белгіленген болса. Ал мұндағы «үлес» жер белгілеу жүйесі граф Паленнің толық дәлелді әрі нанымды айтылған пікірінше 1) қолданыстағы Заңға сәйкес келмейді; 2) мазмұны жағынан әділетсіз; 3) экономикалық тұрғыдан зиянды; 4) саяси тұрғыдан қауіпті»¹. Оппозициядағы кадет Милоковтың үкімет орындарының қазақ жерін отарлау барысында ойлап тапқан «норма» деген ұғымға жасаған талдауы да көңілге қонымды еді. Милоков: «Қолданыстағы заң бойынша тұрғындар қалай қорғалмақ? Заң оны көшпелі және отырықшыға бөледі. Отырықшылар өз меншігіне жабайы өсетін ормандардан басқа өздері өндеген жерді түгелдей ала алады. Көшпелі жұрттың «мерзімсіз қоғамдық негізде пайдаланатын жері бар, міне, сол жер олар отырықшы жұрттар жағдайына өткенше толығымен иеліктерінде қалады. Бұл ережелер бүтіндей алғанда ... Жергілікті тұрғындардың жерге сұранысы толығымен қанағаттандырылғанша қандай да бір «артық» жер туралы мүмкіндікті жоққа шығарады. Мәселені бұлай қою, мырзалар, әрине, орыс отарлауын алыс болашаққа шегере салумен тең. Міне осы тура жағдайға байланысты жер «нормасы» жүйесі ойдан шығарылған, ал бұл жүйе қолданыстағы заңдағы үлес белгілеу тәртібіне мүлдем қайшы келеді»².

Үкіметтің, әсіресе Қоныстандыру басқармасының қазақ еліне жасап отырған қиянатын дәлелді сынға алған депутаттарға жауап сөзінде Қоныстандыру басқармасының бастығы Глинка екіжүзділікпен «артық» деп алынған жердің ішіне «отырықшы бұратаналар немесе көшпеліліктен отырықшылыққа өткен жұрттың» жерін енгізуді ойымызға да алған емеспіз деп, артынша: «Егер осында сөйлегендер сіздерді қырғыздардың бірнеше балшық үйін бір жерден екінші жерге ауыстыруға байланысты жанашырлық сезім көрсетуге шақырса, онда мен Мемлекеттік Думаны сондағы осы күнге дейін өзінің жерге орналасуын сарылып күтіп отырған орыс адамдарына жанашырлықпен қарауға шақырар едім»³, — деді.

¹ Сонда, 319-б.

² Сонда, 319—320-бб.

³ Сонда, 327—328-бб.

Бұл, әрине, Қоныстандыру басқармасы бастығының ғана пікірі емес, сол тұстағы орталық биліктің ұстанған саяси бағыты болатын. Түркістанды басқару Ережесінің 270-бабына қосымшаға байланысты үкімет оны енгізу қажеттілігінің мынадай екі себебін алға тартты: 1) Түркістандағы орыс тұрғындарын күшейте түсу қажеттілігі; 2) бұл өлкеде, әсіресе Сырдария облысында, үлкен артық жер қоры бар болғандықтан, мұнда еуропалық Ресейдің оңтүстік губернияларынан қоныс аударушыларды әкеліп орналастыру. Ал «артық» жер көшпелі қазақтардың пайдалануында болып отырғандықтан, бұл қосымша олардан сол жерді алу үшін қажет еді¹.

Сонымен, үкімет орындары Түркістанды үлкен қарқынмен отарлау саясатына көше отырып, өзара тығыз байланысты екі мақсатты көздеді. Олар жерге мұқтаж орыс шаруаларын Орта Азияға қоныс аударта отырып, ішкі әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету, орыс қоныс аударушыларын неғұрлым көбірек және тезірек орналастыру арқылы Түркістан сияқты түрлі шикізатқа бай өлкеде Ресей үстемдігін біржола қамтамасыз ету еді. Күшке негізделген мұндай отаршыл саясатты жүргізе отырып, үкімет орындары шын мәнінде Түркістанда «артық» жердің жоқ екендігін, сондықтан да жергілікті халықтың атамекен жерін күшпен тартып алып, олардың санасында империяға деген шексіз наразылық ұрығын сепкенін түсіне алмады.

Түркістанды басқару Ережесіне жоғарыда аталған қосымша енгізілген соң Сырдария облысы қазақтарына да, Бөкейхановтың сөзімен айтқанда, «Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал қазағының кебі келді. Енді Түркістанда да қазақ жерін алғанда закон деп»² алатын болды. Енді Түркістан генерал-губернаторлығына қараған Сырдария және Жетісу облыстарында (Солтүстік Қырғызстан мен Ташкент уезін қоса алғанда) қоныстандыру мекемелері ашылғанға дейін және одан кейінгі мезгілде орыс-казак және қоныс аударушы шаруаларға өткен жер көлеміне назар аударалық³:

¹ Сонда, 255-б.

² «Қазақ», 1913, №9.

³ Кесте алынған еңбек: *П.Г.Галузо. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1914 гг.* Алма-Ата, 1965. С. 90.

Облыс	Алынған жер (десятина)				
	Барлығы	1906 жылға дейін		1905—1915 ж.	
		абс.көлемі	% шаққанда	абс.көлемі	% шаққанда
Жетісу Сырдария	2320053	838495	36,1	1481558	63,9
	872955	159561	18,1	713390	81,7
Барлығы	3193008	998056	31,3	2194948	68,7

Кестеден 1906 жылға дейін Сырдария облысына келіп қоныстану Жетісу облысына қарағанда анағұрлым баяу жүргендігін көреміз. Оған себеп болған, әрине, Сырдария облысындағы қазақтардың жерін қоныстанушы орыс шаруаларына алып беретін заңның жоқтығы еді. 1906 жылдан кейінгі мезгілде қоныстанушылардың келіп орналасуы екі облыста да өте жоғары қарқынмен жүрген. Оған себепші болған, біріншіден, қоныстандыру мекемелерінің ашылуы болса, екіншіден, әрине Ережедегі 270-бапқа жоғарыда аталған қосымшаның енгізілуі.

Жалпы, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ жерін патша үкіметі тарапынан отарлау кең көлемде және айтарлықтай үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл үдеріс, әсіресе қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі уақытта бұрын болмаған деңгейге көтерілді. Патша үкіметінің қазақ жерін отарлау ауқымын қоныстандыру мекемелерінің көрсеткіштері негізінде жасалған кестелерден байқауға болады (70-бет):

Сонымен, 1917 жылға дейін қазақтардың иелігінен казак-орыс әскерінің, қоныс аударушы орыс және басқа еуропалық шаруалардың, сондай-ақ мемлекеттің пайдалануына өткен жердің көлемі 45 млн гектарға жуық еді. Бұл барлық қазақ жерінің 16%-ға жуығы болатын. Қоныстанушылардың пайдалануына Семей, Ақмола, Орал және Жетісу облыстарындағы қазақ жерінің ең құнарлы және көлемді бөлігі өтті.

Столыпин реформасы тұсында қазақ жерін пәрменді отарлау үдерісі өз ретінде қазақ облыстары тұрғындарының ұлттық құрамына да үлкен өзгерістер ала келді. Оны 71-беттегі кестелерден айқын аңғаруға болады.

1905 және 1916 жылдар аралығында ауылдық жерде тұратын халықтардың ұлттық құрамының өзгеріске

1860—1917 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ПАЙДАЛАНУЫНАН ТАРТЫП АЛЫНҒАН ЖЕР
КӨЛЕМІ (1928 ЖЫЛҒЫ ШЕҚАРАЛЫҚ ӨЛШЕМ БОЙЫНША, МЫҢ ГА ЕСЕБІМЕН)¹:

Губерния аттары	Жалпы жер көлемі (мың га есебімен)	Тартып алынған жер (мың га есебімен)	Соның ішінде			Алынған жерлер % шаққанда
			Қазақ әскеріне берілген	Қоныстанушы поселкелерге беріледі	Орманды саяжайлар мен арнайы бөлінген учаскелер	
Семей	59696,6	15272,5	6779,8	4995,0	3497,0	25,6
Ақмола	53740,3	9405,0	1859,1	5751,3	1795,6	17,5
Қостанай						
округі	12178,6	4000,5	—	3412,3	588,2	32,0
Орал	26405,3	8228,6	7066,2	967,5	204,9	31,2
Адай						
округі	33153,4	—	—	—	—	—
Ақтөбе	28487,2	2468,7	—	2419,9	48,8	8,7
Сырдария	41084,7	1816,5	—	1816,5	—	4,4
Жетісу	27384,6	3793,4	1108,1	2432,1	253,2	13,9
Барлығы	282130,7	44985,2	16813,2	21794,6	6387,7	15,9

¹ ҚР ОММ., 74-к., 11-т., 236-іс, 16-п.

Губерния-лар	Қоныстанушы шаруалар			Қазақтар			Қазақтар		
	1905	1916	1905 ж-ға %	1905	1916	1905	1905 ж-ға %	1916	1905 ж-ға %
Ақмола	207,0	627,0	302,9	81,0	138,0	170,4	484	527	108,9
Семей	23,0	152,0	660,9	34,0	48,0	141,2	656	665	101,5
Торғай	100,0	305,0	305,0	—	—	—	435	507	116,6
Орал	97,0	137,0	141,3	131,0	141,0	107,7	472	480,0	101,7
Сырдария	28,6	57,4	200,7	—	—	—	1116,2	1438,8	128,9
Жетісу	5,8	88,6	1530,0	35,0	52,5	150,0	536,7	570,3	106,3
Барлығы	461,4	1367,0	296,3	281,0	379,5	135,0	3699,9	4188,1	113,2

Губерния-лар	1905 ж. пайызға шаққанда			1916 ж. пайызға шаққанда		
	Барлық халқы	Қоныстанушы шаруалар	Қазақ-тар	Барлық халқы	Қоныстанушы шаруалар	Қазақ-тар
Ақмола	7720	26,9	10,5	62,6	1292,0	48,5
Семей	713	3,2	4,8	92,0	865,0	17,6
Торғай	535	18,7	—	81,3	812,0	37,6
Орал	700	13,8	18,7	67,5	758,0	18,1
Сырдария	1144,8	2,5	—	97,5	1496,2	3,8
Жетісу	577,8	1,0	6,1	92,9	711,4	12,3
Барлығы	4442,8	10,3	6,3	83,4	5924,6	23,1
					6,4	70,5

ұшырауы (1916 жылғы шекара бойынша, мың адам есебімен)¹: (71-беттегі жоғарыдағы кесте.)

Қазақ облыстарындағы ауылдық жерде тұратын ұлттардың 1905—1916 жылдардағы арасалмағының өзгеруі:² (71-беттегі төменгі кесте.)

Кестедегі сандар көрсетіп тұрғандай, 1916 жылы жергілікті халықтың үлес салмағы 1905 жылмен салыстырғанда, 12,9%-ға кеміп кеткен. Оның есесіне қоныс аударушы орыс шаруаларының үлесі 10,3%-дан 23,1%-ға өскен. Қазақ-орыстың үлесі сол күйінде қалуы түсінікті. Өйткені қазақ жерін қазақ-орыстардың күшімен отарлау ХІХ ғасырдың соңына дейін-ақ созылды. Қазақтардың үлес салмағы әсіресе солтүстік облыстарда, яғни Ақмолада 62,6 пайыздан 40,9%-ға, Семейде 92%-дан 76,9%-ға, Торғайда 81,3%-дан 62,4%-ға төмендеп кеткен. Жетісу облысында орыс қоныстанушыларының үлесі 1%-дан 12,3%-ға көтерілсе, ал қазақтардың үлесі осы мезгілде 92,9%-дан 80,3%-ға азайған.

Бұл келтірілген цифрлық фактілер патшалық биліктің қазақ жерін отарлау саясатында өз дегеніне жеткендігін көрсетеді. Бұдан былайғы уақытта көлемі ұшан-теңіз қазақ жерінің табиғи байлықтарын емін-еркін игеруге, ал қазақ жұртына қуатты ықпал етіп, оны орыс империясы саясатының орбитасына мықтап тартуға негіз қаланған еді.

б) Жерге орналастыру саясаты

Қазақ жерін отарлау барысында отаршыл күштердің «излишки», «жер нормасы» сияқты ойлап тапқан әдістерінің бірі көшпелі қазақтарды «жерге орналастыру» (землеустройством) саясаты еді. Көшпелі қазақтарды жер үлесін беріп орналастыру және оларды көшпелі тұрмыстан отырықшы тұрмысқа өтуге ынталандыратын шараларды қарастыру жөнінде мәселе алғаш рет 1896 жылы Сібір темір жолы комитетінде көтерілді³. Комитет отырықшы тұрмысқа өтіп жатқан қазақтарға түрлі жеңілдіктер жасау мәселесін қоя отырып, бірақ ол шараларды белгілеуді өз қолына алмай, Ішкі істер министрлігіне тапсырады.

¹ ҚР ОММ., 74-қ., 11-т., 236-іс, 6-п.

² Сонда, 7-п.; *Айымбетов С.* Отарлық саясаттың сойқаны. «Егеменді Қазақстан». 1992, 12 қыркүйек.

³ ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 67-іс, 88-об-89-п.

1905 жылы 5 мамырда патша Жарлығымен Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігі Жерге орналастыру және егіншілік Бас басқармасы болып қайта құрылды. Осы Жарлықпен Ішкі істер министрлігіне қарасты Сібір бұратаналарына қатысты жерге орналастыру және жер пайдалану істері де Бас басқармаға өтуге тиіс болды. Бас басқарманы құру туралы үкімет Жарлығында орыс ұлтынан басқаларға «қамқорлық» жасау жөнінде де айтылды¹.

Ал 1907 жылдың соңынан бастап жерге орналастыру ісі Қоныстандыру басқармасының қолына өтіп, жергілікті жерде қоныстандыру мекемелері мен жерге орналастыру мекемелерінің бірігуі үдерісі жүрді. Енді тұтас бір ұжымға айналған бұл мекемелердің басында бір-ақ адам, яғни қоныстандыру және жерге орналастыру ісінің меңгерушісі тұрды². Бұл мекемелердің ең негізгі міндеті қазақтарды жерге неғұрлым көбірек орналастырып, қоныс аударушыларға мүмкін болғанша молырақ «артық» жерді шығару еді. Профессор Кауфман айтқандай, жергілікті халықты жерге орналастыру міндетін мойнына алған қоныстандыру мекемесінің жағдайы бір отар қойды бағуға қойған қасқырдың жағдайындай.

Үкімет орындарына көшпелі қазақтарды жерге орналастыру жолдары мен әдістері туралы жергілікті әкімшілік және жеке адамдар тарапынан түрлі ұсыныстар XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап-ақ түсіп жатты. Мәселен, Жетісу облыстық әкімшілігінің 1882—1899 жылдарды қамтитын есебінде отырықшылыққа ауысатын қазақ және қырғыз шаруашылықтарына мынадай шаралар қарастырылды: 1) қоныс аударған орыс шаруаларына тиесілі жан басына 10 десятина жер облыс әкімшілігінің шешімі бойынша отырықшылыққа көшкен қазақ және қырғыздарға да берілмекші; 2) қазақ пен қырғыздарды отырықшы қоныстарға жазу ісін уезд бастықтарының келісімін білдіретін куәлік арқылы Қазына Палатасы жүргізетін болды, қазақ және қырғыз қоныстарындағы әкімшілік және сот істері облыстағы орыс селоларындағыдай негізде құрылды; 3) отырықшы қоныстарға кіруші

² «Вопросы колонизации», 1913, № 13. С. 13.

³ Сонда, 90-б.

қазақ пен қырғыз, қажет жағдайда, уезд бастығының келісімімен егін салуға қажет тұқымдық дән және егіншілік құралдарын қарыз түрінде алуға құқықты; 4) отырықшы қонысқа енген қазақ пен қырғыздар үш жылға заттай салықтан және земскілік алымнан босатылды, ал келесі үш жылда бұл алым-салықтарды жартылай орыс қоныстанушылармен тең негізде өтейтін болды; 5) олар әскери міндеткерліктен босатылды, т.с.с.¹.

Бұл белгіленген жеңілдіктер Жетісу облысы әкімшілігінің қызметінде кең түрде қолданылмағанымен, арагідік жүргізілгенін байқауға болады. Мәселен, Пішпек уезі Таштөбе ауылының қырғыздарын отырықшы тұрмысқа ауыстыруда әкімшілік жоғарыда айтылған «жеңілдіктерді» қолданған. Әкімшілік тарапынан жасалған мұндай әрекеттер Ақмола, Семей, Орал облыстарында да байқалды. Дегенмен ол әрекеттер әзірге жүйелі шараға ұласа қойған жоқ еді².

Дала генерал-губернаторлығы мен Түркістанда көшпелі қазақ және қырғыз шаруашылықтарын кең түрде жерге орналастыру мәселесінің дербес, маңызды мемлекеттік саясат есебінде қойылуы қоныстандыру мекемелерінің қызметке кірісу кезеңіне тұспа-тұс келеді. Оның өзара байланысты мынадай екі себебі бар еді: біріншіден, қоныстануға ағылып келіп жатқан орыс шаруаларына «артық» жер телімдерін табу қажеттілігі орыс әкімшілігін жергілікті халықты жаппай жерге орналастыру саясатына көшуге итермелесе, екіншіден, егіншілікке жарамды ең құнарлы жерінен біржола айырылып қалу қаупін сезінген қазақ пен қырғыздар ендігі жағдайда отаршыл орыс әкімшілігі ұсынған нұсқадағы отырықшы өмір салтына біржола көшуге көмек сұрап, әкімшілік орындарына арыз жаза бастайды.

Бұл арада, әрине, көшпелілердің отырықшы тұрмысқа өту үдерісіндегі өзара принциптік айырмашылығы бар екі көріністі елемеске болмайды. Олардың бірі ішкі шаруашылықтық және демографиялық даму барысында қоғамның белгілі бір бөлігінің біртіндеп, эволюциялық жолмен егіншілікке негізделген отырықшы тұрмысқа

¹ ҚР ОММ., 19-к, 1-т., 67-іс, 88-об-89-п.

² Сонда, 1912, №11. С. 365.

ойысуы. Бұл үдеріс қазақ даласында түрлі табиғи-географиялық ортаға сай ерте кезендерден бері үзіліссіз жүріп жатты. Екіншісі, отаршыл әкімшіліктің жасаған зорлығы салдарынан көшпелілердің еріксіз қысқа мерзім ішінде бірыңғай отырықшы тұрмысқа өтуге мәжбүр болуы. Біз әңгімелеп отырған мезгілде қазақ шаруаларының белгілі бір бөлігінің жаппай отырықшылыққа өтуіне себепші болған, әрине, патшалық әкімшіліктің жасаған зорлығы еді.

Жергілікті әкімшілік орындары қоныс аударушыларды жер үлесімен қамтамасыз ету ісін қазақ шаруаларын жерге орналастыру науқанымен қатар алып жүру қажеттігін жақсы түсінді. Көшпелі қожалықтарды жерге орналастыру шарттары туралы 1905 жылы ақпан — наурыз айларында өткен Дала Ережесі бойынша басқарылатын облыстардағы қоныстандыру ісін қараған кеңесте де сөз болды. Оның шешімінде былай деп жазылды: «Ақмола, Семей және Торғай облыстарында жұмыс жасаған партиялардың іс тәжірибесіне сүйене отырып, Кеңес қырғыздары отырықшы тұрмысқа өткен жағдайда... егіншілікпен айналысуы үшін орыс шаруаларынан үлкен көлемде жерге ие болу тоқтатылуға тиіс деп санайды»¹.

Жоғарыда аталған Жетісу қоныстандыру мекемесінің менгерушісі Велецкий 1906 жылғы 12 қыркүйекте Түркістан генерал-губернаторына жазған №817 қатынас хатында: «Бұратаналарды отырықшыландыру тек олардың өзі үшін ғана маңызды емес, сонымен бірге отарлау ісі үшін де қажет, өйткені жергілікті жағдайда қырғыздарды жерге орналастырмай қоныстанушыларға көлемді жерді бөліп беру мүмкін емес»², — деп көрсетті.

Дала генерал-губернаторы Шмит отарлау ісінің жағдайы туралы баяндамасында «қырғыздарды жерге орналастыру» ісін бірінші кезекте тұрған міндет ретінде бағалады³. Ал Ақмола облысындағы жер бөлу партиясының менгерушісі 1908 жылы берген есебінде қазақтарды «өз еркімен және біртіндеп емес, еріксіз және жаппай отырықшыландыру қажет» деп санады⁴.

¹ ҚР ОММ., 19-к, 1-т., 5-іс, 8-п.

² Сонда, 38-іс, 1-1-об-п.

³ Сонда, 64-к., 1-т., 5938-іс, 9-об-п.

⁴ Скларов Л. Ф. Аталған еңбек, 277-б.

Жергілікті әкімшілік орындарынан, Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасынан келіп түскен бұл ұсыныстарды негізге ала отырып, Министрлер кеңесі өзінің 1908 жылғы 11 маусымдағы отырысында Ақмола облысы Көкшетау уезіндегі «артық» жері алынған қазақтарды қалаулары бойынша қоныс аударушылармен бірдей құқықта жерге орналастыруға рұқсат берді. Орталық үкіметтің нақ осы шешіміне сәйкес бұдан былай отырықшы тұрмысқа орыс қоныстанушыларымен бірдей құқықта жеке қазақ шаруалары орыс поселкелеріне мүше болып кіру немесе бірнеше үй хутор құру арқылы өте алатын еді. Сондай-ақ қоныстанушыларға тиесілі үлес алып, отырықшы тұрмысқа жеке қазақ ауылдары да көше алатын болды. Ол үшін мұндай тілекті сол ауылдың барлық отбасылары немесе олардың үштен екісі қолдаса болғаны еді¹.

Егер далалық облыстарда қазақ шаруаларының жаңа жағдайда өз еркімен жер үлесін алып, отырықшы тұрмысқа ойысуы біршама баяу жүрсе, онтүстік облыстарда бұл үдерістің жедел қарқынмен өткенін байқау қиын емес. Оны Жетісу облысына байланысты мына кестеден көруге болады²:

**1906—1909 жылдар аралығында Жетісу облысындағы
жыртылмалы егіс көлемінің өсуі (мың га)**

Уездер	1906	1909	Уездер	1906	1909
Верный	54062	72497	Жаркент	9306	13431
Қапал	31661	33179	Пржевальск	31878	86554
Лепсі	30056	46446	Пішпек	73928	92757

Әрине, қазақ пен қырғыздардың жыртылмалы жер көлемінің өсуі, белгілі дәрежеде олардың біраз бөлігінің әлеуметтік жіктелу барысында бірыңғай отырықшы тұрмысқа ауысу нәтижесі екендігі түсінікті. Дегенмен бұл үдерісте негізгі қозғаушы күшке айналған, әрине, отарлау саясаты болатын. Жергілікті халықты жерге орналастыру, әсіресе егіншілікке құнарлы жері мол Верный, Пржевальск

¹ ҚР ОММ., 19-к., 1-т, 115-іс, 25-26-об-п.

² Сонда, 26-іс, 17-п.

және Пішпек уездерінде үлкен қарқынмен жүргені бұл пікірдің дәлелді екендігін көрсетеді.

Қоныстандыру мекемелері қазақ шаруаларын жерге орналастыру ісін, әсіресе 1909—1910 жылдары кең көлемде жүргізді. Оған негіз болған 1909 жылы 9 маусымда Министрлер Кеңесінің Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы Жерге орналастыру және қоныстандыру мекемелеріне берген нұсқауы болатын¹. Өте қитұрқы әдіспен жазылған бұл нұсқаудың қазақ шаруаларына аса жайсыз тигені 20-пункті еді. Онда «отырықшы қала ретінде боламыз деген қазақтарға жер бөліп беретін партиялар қазақ пайдасында қалатын жерден (5 һәм 9-пункттерде айтылған) оған мұжықтармен теңгеріп, жан басына 15 десятинадан асырмай жер кесіп береді» делінген. Бұл сол кезеңде «отырықшы жұрт нормасы» аталған болатын. «Осылай отырықшы жұрт нормасымен жер алған қазақ сайлауы, билігі мұжықша болады. Алым жерге салынады, қазақ хатынан шығады, сельский обыватель қатарына кіреді»².

Сыныққа сылтау іздеген Қоныстандыру басқармасы бұл нұсқауды қазақ даласында өз дегеніне жету үшін заң есебінде насихаттап, басшылыққа алды және онысын жасырған да жоқ. Осы мекеменің бастығы Глинка Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде аталған нұсқауға мынадай түсінік берді: «Біздің қазақ турасында істеп отырған ісіміз дұрыс. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі қазақтан артық жерді алу; екіншісі қазаққа тиісті жер беріп орналастыру. Қазақтың артық жерін алып жатырмыз — артық жерді алсын деген заң бойынша; қазаққа жер беріп орналастырып жатырмыз өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған дұрыс әдісіміз бар: қазаққа тиісті жер беріп орналастыру турасында Думаға заң жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалыбында жер беріп орналастырсақ қазаққа көп жер тиеді: артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы заңмен бекітіп қазаққа берген соң ала алмаймыз.

¹ Бұл нұсқаулықтың *А. Байтұрсынұлы* жасаған толық аудармасы 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланып, шығармалар жинағына енген. Қараңыз: *А. Байтұрсынов*. Ақ жол. Алматы, 1991, 222—225-бб. Біз осы аударманы пайдаландық — *Авт.*

² «Қазақ». 1913, № 24.

Қазақ жері қазақтан көп артылып қалуы үшін, яғни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министрлер Кеңесінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа отырықшы болып жер алуға риза болсаңыздар сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік»¹.

Жергілікті халықты түрлі әдістермен алдап та, зорлап та жерге орналастыруда жергілікті қоныстандыру мекемелері үлкен белсенділік танытты. Орталық үкімет орындарының отарлау үдерісіне байланысты қабылдаған түрлі заңдық, нұсқаулық құжаттары жергілікті отарлау аппараты қызметіне бағыт-бағдар беру мақсатында белгілі бір шараның алдын ала емес, көп жағдайда атқарылған шараларды бекіту немесе оларды тереңдете түсу, аяқтау мақсатында кешігіп жарық көріп жатты. Басқаша айтқанда, отарлау үдерісінде бастама көтерушілік көбінесе орталық мекемелердің қолында емес, жергілікті мекемелердің қолында болды. Байырғы халықты жерге орналастыру ісінде мынадай деректі байқауға болады. Жоғарыда аталған Министрлер Кеңесі 1909 жылы 9 маусымда қабылдаған нұсқау Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты облыстарға жүрмегенімен, Жетісу облысындағы Қоныстандыру мекемесі қазақтарды қысқа мерзім ішінде жаппай жерге орналастыру шарасына кірісіп кеткен еді. Облыстық Қоныстандыру мекемесі ол жөнінде өзінің 1909 жылғы қызметі туралы есебінде былай деп жазды: «...1909 жылы қырғыздарға тиесілі жер үлесі нормасын анықтап, оларды біржола отырықшы тұрмысқа көшіріп, ал соның нәтижесінде артылған жерді орыстық отарлау ісіне жарату үшін алғаш рет облыстағы барлық қырғыздардың жерді пайдалану және шаруашылық жүргізу тәжірибесін статистикалық тұрғыдан зерттеуге

¹ Глинка сөзінің аудармасы «Қазақ» газетінде (1913, 29 маусым № 20) берілген, біз соны пайдаландық — *Авт.*

кірістік. Сондай-ақ жылына 2 уезден зерттеп, бұл істі 3 жылдан асырмай аяқтау жоспарланып отыр»¹.

Ал 1909 жылғы 9 маусымдағы нұсқауға байланысты Түркістан бойынша арнайы шешімнің болмауына қарамастан, Велецкий ол құжатты сол жылы-ақ Жетісудағы өз қызметінде басшылыққа алып үлгерген еді. Оған мына құжат куә бола алады: «Ташкент. «Захо» қонақ үйі. Генерал Фольмбаумға... Бас басқарма бастығы әскер министріне хабарлапты: бұратана туралы Ереженің 16, 41—45-баптарында және Дала Ережесінің 11, 25-баптарында қырғыздар отырықшы тұрмысқа өте қалған күнде оларды сол мезетте құқықтық және басқару тәртібі жағынан орыс шаруаларымен теңгеру қарастырылған. Бұл тәртіпті Министрлер Кеңесі қуаттаған, енді ол Ақмола облысы Көкшетау уезінде қолданыс табуда, сондай-ақ оны басқа орыс шаруаларына берілетін үлесті негізге ала отырып, басқа дала аудандарына таратуға рұқсат бар. Сондықтан да Таштөбе² қырғыздарын осы тәртіп бойынша орналастыруға болады. Осы жылғы тоғызыншы маусымдағы нұсқаудың жиырмасыншы бабын қараңыз. Велецкий, 1909 жыл, 7 желтоқсан»³.

Дала генерал-губернаторы Шмит қазақтарды жерге орналастырудың алғашқы аяқ алысы жөнінде 1910 жылғы есебінде былай деп жазды: «Қырғыздарды жерге орналастырудың қажеттігін орталық үкімет мойындап отыр. Тәжірибе есебінде биыл отырықшы тұрмысқа өткісі келген отбасылардың біразы жерге орналастырылды. Осы аяқталған жылы 2981 ер адам немесе барлығы шамамен 6000 адам отырықшы тұрмысқа өтті. Қырғыздарды біртіндеп жерге орналастыруда переселендерді орналастыруда қолданылатын тәртіп негізге алынды.

Алғашқы тәжірибе қырғыздардың отырықшы тұрмысқа өтуге даяр екендігін байқатып, сонымен бірге енді қырғыз жұртын біртіндеп отырықшыландырудан жаппай отырықшыландыруға көшу қажеттігін көрсетіп берді⁴.

¹ ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 113-іс, 89-об-п.

² Жоғарыда аталған Пішпек уезіне қарасты қырғыз ауылы.

³ ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 115-іс, 81-п.

⁴ ҚР ОММ., 64-қ., 1-т., 5938-іс, 12-п.; Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907—1914 годах. Сб. документов и материалов. Составители: *Ф. Н. Киреев, Ф. И. Колодин*. Алма-Ата, 1957. С. 188—191.

Сонымен, көріп отырғанымыздай, қазақ шаруаларын пайдаланып отырған құнарлы жерінен айыру мақсатында оларды біртіндеп емес, қысқа мерзім ішінде жаппай отырықшы тұрмысқа көшіру туралы пікір Столыпин реформасы жылдары айтылғанын енді дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Қоныстандыру Басқармасының деректері бойынша тек 1909—1910 жылдары ғана отырықшы тұрмысқа өткен қазақтарға жалпы көлемі 384 364 десятина (17 972 ер жан басына) 104 жер телімі бөлініп берілген¹.

Ал 1913 жылы қазақтарға түпкілікті кесіп беруге жоспарланған жердің көлемі 400 000 десятина. Мұның 180 000 десятинасы Торғай облысы, Қостанай уезі, Арақарағай болысынан. Ақмола облысында қазаққа кесіп берілетін жер Омбы, Көкшетау, Қызылжар уездерінде белгіленген. Бұл үш уезден 90 000 десятина жоспарланған. Семей облысында Кереку (Павлодар), Семей, Өскемен уездерінен 60 000 десятина жер белгіленген. Жетісу облысында Қалғоты, Ырғайты (Восточный), Жайылма, Шамсы болыстарындағы қазақтарға 50 000 десятина жер белгіленіп, олардан артылған жерді қоныс аударушы орыс шаруаларына беру жоспарланған. Сырдария облысында отырықшы тұрмысқа өтуге арыз жазған Шымкент және Өулиеата уездері қазақтарына 20 000 десятина жер бөлінген².

Жыл өткен сайын шаруашылыққа жарамды жердің тарыла түсуі қазақ шаруаларының әкімшілік орындарынан жер үлесін сұрап арыз жазуына мәжбүр етті. Сөйтіп, қазақ қоғамының біраз бөлігі жан басына 8—12—15 десятинадан үлес алып отырықшы тұрмысқа өте бастайды. Профессор С.П.Швецовтың Қоныстандыру басқармасының көрсетулеріне сүйене отырып жазуына қарағанда, солтүстік және батыс облыстардағы қазақ шаруаларына 1906—1916 жылдары 95 490 ер адамға деп 452 жер телімі бөлінген. Олардың жалпы көлемі 2 306 342 десятина. Уездерге шаққанда ол мынадай көрсеткіштермен сипатталады³:

¹ «Вопросы колонизации». 1912, № 11, С. 22.

² «Қазақ». 1913, № 1.

³ Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях... С. 54.

Уезд атауы	Жер телімдерінің саны	Жан басы	Жер көлемі
Ақтөбе	88	23 535	551 677
Қостанай	143	25 946	527 767
Орал	142	32 940	899 696
Семей	25	4 299	125 171
Өскемен	51	8 185	187 657
Зайсан	3	585	14 374
Барлығы	452	95 490	2 333 342

Бұл есепке Түркістан генерал-губернаторлығы құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстары бойынша көрсеткіштердің кірмегені көрініп тұр. Жоғарыда айтылғандай, қазақ шаруаларының отырықшы тұрмысқа өтуі бұл облыстарда да айтарлықтай жедел жүрген болатын.

Сонымен, 1909—1910 жылдары қазақ жерін отарлау барысында жаңа кезең басталды деп айтуға негіз бар. Оның негізгі ерекшелігі — қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерді көбірек босатып алу үшін оларды жаппай бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Міне, сондықтан да XX ғасырдың басындағы қазақ шаруаларының бұрын болмаған көлемде және жедел қарқынмен отырықшы тұрмысқа ойысуының ең негізгі себебін таптық жіктелу үдерісінен емес (әрине, оны жоққа шығаруға болмайды), алдымен, отарлау саясатынан іздеу толық негізді. Отырықшы тұрмысқа өтудің мұндай себебін қазақ ауылдарынан түрлі әкімшілік орындарына келіп түскен арыздармен танысып та байқауға болады.

«Маған сенім білдірген 143 үй иелері, — деп жазады Сырдария облысы, Өулиеата уезі, Қарабастау болысының басқарушысы Тілеп Қасаболатов Өулиеата уездік қоныстандыру және артық жер қорын жасау комиссиясының төрағасына жазған арызында, — орыс шаруаларын қоныстандыру үшін басы артық-мыс деген жерді беру туралы мәселені жан-жақты талқылап, егер өздерінің игілігіндегі жарамды жерді ылғи да осылай ала берсе, онда шаруашылықтардың күйзеліске ұшырамай қоймайтындығына көздері жетіп, сондықтан да бірауыздан бірыңғай отырықшы тұрмысқа өту туралы шешім қабылдап, сайлаған өкілі арқылы жоғарғы бастықтардан өздеріне жер

телімін бөлуді өтінеді». Арызының соңында Т.Қасаболатов «Министрліктің бізді отырықшы тұрмысқа өткізу және жерге орналастыру туралы барлық нұсқаулары біз үшін мүлдем жат шешімдер екендігін мәлімдеуді өзіме міндет санаймын»¹ деп тұжырымдайды.

Әулиеата уезінен түскен осындай мазмұндағы арыздарға ортақ бір елеулі жағдай олардың иелері «дала генерал-губернаторлығына қарасты қазақтарға белгіленген 15 десятинадан жер нормасын» өздеріне де белгілеуді өтінген. Біздің жорамалымызша, бұл ойды арыз иелері мәтінге жер бөлуді мекеме шенеуніктерінің айтуы бойынша енгізген. Соған қарағанда, шенеуніктер Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы нұсқауын Сырдария облысына да қолдануға рұқсат сұрап, ұсыныс дайындауды көздеген болуы керек.

1909 жылы қарашада Верный қаласында болып өткен Жетісу облысы қазақ және қырғыздарының ауыл шаруашылығы съезіне қатысушылар Жетісу әскери губернаторына жолдаған арызында шаруашылыққа жарамды жердің азаюына байланысты «қазіргі уақытта, өкінішке қарай, қырғыздардың басым көпшілігінің кедейленгені сонша, олардың бір орыннан екінші орынға көшіп-қонуға қуаты жоқ, сондықтан да олар жерге біржола шөкті, ал мұндайларды қырғыздар «жатақтар» (отырықшы) деп атайды. Бай және орта тұрмыстағы қырғыздар болса, мамырдан қазанға дейін жер ауыстырып жүреді. Сонымен, біз қазіргі уақытта-ақ отырықшымыз»², — деп жазды. Қазақтар мен қырғыздарды жаппай отырықшы тұрмысқа ауыстыруға байланысты өз өтініштерін білдіре келіп, хат иелері «ондай тұрмысқа өткен жағдайда бізді крестьяндардың, казактардың да сословиесіне тіркемеуді, ал отырықшы өмірге өткен тұрақтарды облыстағы тараншы және дүнген ауылдарын атағандай «қырғыздардың отырықшы ауылдары» деп атауды»³ сұрайды.

Осы айтылған пікірді дәлелдей түсетін тағы да бір мысал келтірілдік. Лепсі уезіне қарасты Мақаншы — Шілікті болысындағы 201 үйдің атынан Мірсейіт Елебаев Түркістан

¹ ҚР ОММ., 33-қ., 1-т., 37-іс, 17—18-п.

² Сонда, 19-қ., 1-т., 396-іс, 209-209-об-п.

³ ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 396-іс, 209-209-об-п.

генерал-губернаторына жазған хатында өздерінің отырықшы тұрмысқа өтуге мәжбүр болғандығын былайша түсіндіреді: «1910 жылы жер өлшеуші және жерге орналастырушы шендер біздің ата қоныс жерімізде жаңадан пайда болған орыс поселкелерінің арасынан егін егіп, пішен шабуға қолайлы ұзындығы 20, көлденеңі 10 шақырым жер қалдырған еді. Болыстағы 201 отбасы жерімізді поселкеге тартып алып жатқанын көре отырып, осы қалған жерді ұстап қалу үшін поселке құрып осы жерге орналасуды қалап отыр»¹.

Жарамды жердің орыс поселкелерінің иелігіне көшуі уақыт өткен сайын шаруашылыққа қолайлы жерден біржола айырылып қалу қаупінің күшеюі қазақ шаруаларын отырықшы тұрмысқа өтуге итермелеген еді. Бұл барлық облыстардағы қазақтарға төн құбылыс болатын.

Сонымен бірге патша үкіметі қазақтарды жаппай жерге орналастыру саясатын жүргізе отырып, оларға да қоныс аударушы орыс шаруаларына көрсеткен қамқорлығын жасады деп айту қателік болар еді. Біз құжаттық материалдардан ондай мазмұндағы фактілерді кездестіре алмадық. Оның есесіне егіншілікке жайлы құнарлы жерді алып, отырықшы тұрмысқа өтуді қалаған қазақ ауылдарының алдына түрлі жасанды кедергілер қойылғанын айғақтайтын деректерді кездестіруге болады. Мәселен, жоғарыда аталған Мақаншы — Шілікті және оның көршісі Мақаншы — Садыр болыстары қазақтарының өздері орналасқан жерге поселке құрып отырықшы тұрмысқа өтуге рұқсат сұрап жазған өтініштері түрлі негізсіз себептермен қанағаттандырылмай, кейінге қалдырып отырған².

Қазақ шаруаларын тез арада жаппай отырықшы тұрмысқа аударып, құнарлы жерін тартып алуды көздеген қоныстандыру мекемелері бұл мақсатқа жету үшін қазақ қоғамының ішінен өзіне «сүйеніш» іздегені мәлім. Ондай «сүйеніш» көп болмаса да бар еді. Үкімет шенеуніктері оларға түрлі «құрмет» көрсетіп, артықшылықтар беріп отырды. Мәселен, Семей облысы, Павлодар уезіне қарасты

² Сонда, 245-іс, 2-2-об-п.

³ ҚР ОММ, 19-қ., 1-т., 245-іс, 2, 2-об, 4, 4-об, 6, 12-п.

Тереңкөл және Мұздыкөл болыстарындағы жұртты бастап 15 десятинадан жер алып, отырықшы тұрмысқа көшуге көндіргені үшін осы болыстардағы екі қажыға жер бөлу мекемелері ер адам басына 30 десятинадан үлес берген¹.

Пішпек уезіне қарасты Талқан болысында жер алу жұмысын жүргізген Войшвилло деген шенеунік жоғары үкімет орындарынан «қырғыздарды жерге орналастыруда белсенділік танытқан» Әмір Өзбеков пен Мамытқұл Ілебаевтың қызметін «қоныстандыру ісіне пайдалы болғандықтан» белгілі бір сыйлықпен атап өтуді сұрайды². Жергілікті халықты жерге орналастыру саясатын жүргізу барысында үкімет орындары, бұл саясаттың идеологтары қазақ қоғамы ішіндегі отырықшы тұрмысқа қарсы элементтерді анықтауды да естен шығарған жоқ еді. Жетісу облыстық қоныстандыру мекемесі өзінің 1906—1913 жылдардағы қызметі бойынша есебінде қазақ байлары ескі көшпелі тұрмысты артық санап, отырықшылыққа өтуге қарсы насихат жүргізіп отыр, ондағы ойы «бүкіл Жетісуды қырғыздардың иелігінде қалдыру және кедейлердің үстінен өз үстемдігін сақтау»³ деп көрсетті.

Осы ойды 1910 жылы сәуірде Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде депутат Каппис те айтты. Ол «қырғыздарды отырықшы тұрмысқа зорлықпен өткізіп жатыр, оларды жерге орналастыруда, қоныстандыру ісінде түрлі әділетсіздіктерге жол беріліп жатыр деген шағымдардың басымы қырғыз жұртының байларынан шығып отыр. Қоныстандыру басқармасы, сондай-ақ Жетісу облысына барған жеке шенеуніктер жиған деректер қырғыз бұқарасының отырықшы тұрмысқа өтуге даяр, ру немесе жеке қожалық түрінде тиесілі жер үлесін алып, шаруашылық құруға соншалықты ыңғай танытып отырғандығын көрсетеді. Бірақ оған қырғыздардың ықпалды адамдарының ыңғайымен жүретін халық соты сияқты халықтық құрылымдар жеке адамдардың, тіптен бүтін бір қауымдардың отырықшы тұрмысқа өтуіне қатты кедергі жасауда»⁴ деп мәлімдеді.

¹ «Қазақ» газеті. 1913. № 28.

² ҚР ОММ., 19-қ. 1-т., 371-іс, 1—1-об-п.

³ Сонда. 26-іс, 16-п.

⁴ «Вопросы колонизации», 1911, № 9. С. 280.

Басқаша айтқанда, патша шенеуніктері көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қожалықтарын жедел және жаппай бірыңғай отырықшы тұрмысқа өткізу саясатын жүргізе отырып, бұл ұстанған бағытының қазақ қоғамының мүддесіне қаншалықты тура келетіндігі жөнінде аса көп ойланған жоқ. Қазақтарды «жаңа өмір салтына» ауыстырудың жолдарын, оның уақыт мөлшерін және басқа қажет шарттарын өздері анықтап, белгіледі. Әрине, қазақтарды жерге орналастыру ісінде үкімет шенеуніктерінің, Мемлекеттік Дума мүшелерінің бәрі бірдей бір пікірде болды деп айта алмаймыз. Олардың арасында отарлаудың басқа, жұмсағырақ жолын ұстанғандар да, сондай-ақ қазақ шаруаларын атамекен жерінен айырып ашықтан-ашық тонау саясатын айыптаушылар да болды. Бірақ өмірде отарлаудың өктем, тұрпайы күшке сүйенген әдісі үстем алып жатты. Өйткені ресми билік орындары Ресей мен қазақ қоғамы арасындағы қатынаста отарлаушы мен тәуелді, бағындырушы мен бағыныштылар арасындағы байланысты ғана көрді. Өкініштісі сол, біз әңгімелеп отырған мезгілде ішкі Ресейден, Сібірден қазақ жеріне қоныс аударған орыс бұқарасы осы ұлыдержавалық, империялық саясаттың құралына айналды, «жайлы мекен, жұмақ жер» үшін өзі сияқты басқа жұрттың бұқарасын құнарлы жерінен, қасиетті жер кіндігінен айыруға атсалысты. Күрделі тарихтың ащы шындықтарының бірі осы болатын.

ҚАЗАҚ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ ОТАРШЫЛ ӨКІМШІЛІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Әрине, Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясаты қазақ жерін күшпен тартып алып, оған қазақтарды, орыс шаруаларын қоныстандырумен шектелмегендігі түсінікті. Қазақ жерін отарлаумен бір мезгілде рухани отарлау, ал бұлардан ертерек басталған басқару жүйесін империя мүддесіне қызметке қою сияқты ісі де жүріп жатты. Бұл мәселелердің дербес, арнайы талдауға мұқтаж екендігін айта отырып, біз олардың негізгі бағыттары мен көріністеріне ғана тоқталып өтумен шектелмекпіз.

XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда мемлекеттік басқару аппараты таза отарлық сипаттағы мекемелер

жүйесінен тұрды. Оның отарлық сипаты иерархиялық құрылымынан да, кадрлық құрамынан да, көздеген мақсаты мен жұмыс жасау әдісінен де көрінді. Ресей империясының қазақ жері мен қоғамын отарлау саясаты, ең алдымен, қатал орталықтандырылған мемлекеттік басқару аппаратына сүйенді. 1891 жылғы дала облыстарын және 1886 жылғы Түркістан өлкесін басқару Ережелері бойынша бірнеше облысты біріктірген генерал-губернаторлықтың басында генерал-губернатор тұрды. Ал облыстардың басында әскери губернатор және облыстық басқарма болды. Уездерді генерал-губернатор бекіткен бастықтар биледі. Болыс және ауылдарды болыстық управительдер мен старшындар басқарды.

Империялық басқару жүйесінде біржола қалыптасқан тәртіп бойынша қазақтардың басқару аппаратына тартылуы ең төменгі болыстық буынмен ғана шектелді.

Генерал-губернатор өзіне қарасты облыстар көлемінде шексіз билікті иемденді. Сондықтан да оны жергілікті халық «жарты патша» атады. Түркістанды басқару Ережесінің 15, Дала Ережесінің 17-баптарына сәйкес генерал-губернаторлардың Ішкі істер министрімен келісе отырып, саяси сенімсіз бұратаналарды бес жыл мерзімге дейін жер аудару құқығы болды. Занды сыйламағандығы, билік орындарының талабын орындамағаны үшін бұратаналарды жеті күнге дейін тұтқынға алу, айыптар төлету құқығын уезд бастықтары да иемденді.

Әскери қызметтегі адамдардан тұрған облыстық және уездік басшылықтың жергілікті халықты басқарудағы құқығы өте үлкен болатын. Ұзақ жылдар бойы Түркістанда тұрған князь Мансұров патша шенеуніктерінің жағдайын былайша сипаттады: «Мен мұнда өлкенің Ресейге қосылғанынан 30 жыл уақыт өткен соң келіп, сол кездегі қарапайым шенеуніктердің орнында орыс қызметкерлерінен де, жергілікті халықтан да алыс тұрған кастаның отырғанын көрдім... Олар өздерін өлкенің нағыз және жалғыз билеушісіндей сезініп, алдарына келгендердің бәрі бірдей дірілдеп, құрмет көрсетіп, пара беруге тиіс деп түсінді. Парақорлық адам нанғысыз деңгейге жеткені сонша — түрлі

желеулермен заттай не ақша түрінде алына берді»¹. Бұл берілген сипаттама барлық облыстардағы әкімшілік орындарына төн еді.

Семей облысындағы патшалық әкімшіліктің осы мазмұндағы қызметі жөнінде біршама фактіні Түркістан өлкесін тексеруге келген сенатор Паленге жазған арыз хатында Ж.Ақбаев келтіреді. Солардың біріне назар аударалық.

Дала Ережесінің 17-бабына сүйенген генерал-губернаторлар қазақ даласында «үлгілі» тәртіп орнату мақсатында саяси сенімсіз деп есептелген адамдарды жер аудару құқығын кең пайдаланып отырды. Осы мақсатта ел арасынан жеткен өсек-аяңды да (донос) көп тексеріп жатпай-ақ іске жаратқан. Соның салдарынан ешқандай да кінәсіз адамдар зәбір көрген. Мәселен, дала генерал-губернаторы Надаров 1906 жылдың жазында Ақмолаға келген бетте уезд бастығынан барлық жылқы ұрлаушылардың тізімін талап етеді. Уезд бастығы кеңсесінің қызметкерлері тиісті іс қағаздарын ақтарып, екі сағаттың ішінде 54 қазақтың аты-жөні жазылған тізімді әкеліп береді. Тізімге көз жүгіртіп шыққан Надаров «Бәрі де Семей облысына жер аударылсын!» деп қол қояды. Осы Жарлықты орындауға келгенде, анықталғандай, 54 адамның екеуі 1-2 жыл бұрын қаза тапқандар еді, ал біразы үкімет орындарына сенімді, «сіңірген» еңбектері үшін түрлі марапаттар мен сыйлықтар алған адамдар болып шығады².

Дала Ережесіндегі 17-бапты қазақ даласындағы түрлі қарсылас топтар (олардың әрекетін партиялық күрес атаған — М.Қ.) өзара кек алу үшін, бірін-бірі мұқату, әлсірету үшін кең пайдаланатын болған. Оған генерал-губернатор кеңсесінің түскен арыздарды тексеріп жатпай-ақ, кінәлі деп тапқан адамдарды жер аудару беруі себепші болған. М.Дулатұлы «Жер аудару» атты мақаласында осы жайға байланысты бірнеше нақты мысалдар келтіреді. Солардың екеуінің мазмұны мынадай.

¹ Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана. С. 65.

² ҚР ОММ, 64-к., I т., 5832-іс, 182-п.

1906 жылы Ақмола уезі Аққұм — Нұра болысынан отыздан аса кісі Семей облысына жер аударылды. Бұлар бір болыс елдегі өзара тартысып жүрген екі қарсылас топтың басшылары — болыс, би, ауылнай, бай, мырзалар еді. Бұлар өуелде екі жағы да кетіп қаламыз деп ойламаған, өздерінің қарсы жағының ғана көздерін жоғалтпақшы болған. Ақырында, іс шиеленісіп кетіп, екі жағы бірдей айдалған¹.

Тексерусіз жер аударудың қазақ қоғамы ішінде қандай үрей тудырғанын мынадай фактіден де байқауға болады. «Егер ел ішінде пәленшені пәлен уезге жер аударды екен деп, өсек жайылса, әлгі адам ұры емес екені өзіне мағлұм болса да, алдындағылар тексерусіз кеткенін көзі көргендіктен, абақтыға түсіп, этаппен айдалудан қорқып, тағдырға мойынсұнып, қатын-баласын шулатып, әлгі аударды деген жерге өзі кетеді екен. Мұндай оқиғалар осы күнде әр жерде болып тұрады. Егер кімде-кімнің кінәсі тексерілмей жазаға кіріптар етілмейтін болса бұйтпес еді»².

1909—1912 жылдар аралығында дала облыстарының генерал-губернаторы Шмит қол астындағы елді аралап Зайсан уезіне барғанда ондағы казак-орыс пен орыс шаруалары «қазақтар малымызды ұрлайды» деп шағым айтқан. Бірақ нақты ұрлықшының атын атай алмаған, айғақтар да келтірмеген. Малдарының жоғалғаны анық па? Жоғалса ұрланғанына қандай дәлел бар? Ал оны ұрлаған қазақ екендігін кім көрген? Міне, осы сияқты сауалдарға жауап іздеместен, іске заңдық сипат берместен, генерал-губернатор малдарымыз жоғалды деген казак-орыс пен орыс шаруаларына малдарын көршілес қазақ ауылдарынан төлетіп өперген. Қазақтар болса жоғары лауазымды өкімнің шешіміне бір ауыз сөз қарсы айта алмаған. Өйткені, айтар болса 17-бап бойынша ұрлықшы атанып, жер аударылған қазақтардың кебін құшатынын әбден жақсы түсінген³.

Қазақ даласын пәрменді отарлау кезеңінде «үлгілі» істерімен терең «із қалдырған» губернаторлардың бірі

¹ «Қазақ». 1913, № 9.

² Сонда.

³ Сонда.

1908—1914 жылдары Семей облысында билік құрған А.П.Тройницкий еді. Оның қазақ «өлкесін ұлттандыру» жобасы мынаған саяды: Семей облысының бес уезіндегі қазақтар басқа жаққа көшіріледі, ал олардың орнына Курск губерниясының шаруалары қоныстандырылады. Бірақ көп ұзамай, губернатор бұл жобасынан бас тартады.

Губернатор өзінің ең батыл жобасын Семей облысында іске асыруды көздейді. Қазақтар қоныстанған ең құнарлы жерден бөліп алып қоныстандыру аумақтарын жасап, оларға облыстағы орыс шаруаларына орын тебуді ұсынады. Бірақ шаруалар ол жерді алудан үзілді-кесілді бас тартады. Тройницкий сол үшін де орыс шаруаларына «қырғыздардан да жаман, арамтамақтар» деген баға береді.

Тройницкийдің есерсоқтығы тіптен мынаған дейін жеткен еді. Ол құркұлақ (діңгене)¹ ауруы дендеген ауылдарға арнап Жарлық шығарады. Онда тымырсық, сасық ауаның организмге зияндығы туралы айтылып, сондықтан да қазақтарға үйлерін жиі желдетіп тұру жөнінде кеңес берілген еді. Тіптен губернатордың Жарлығын басшылыққа алған полиция наурыздың әлі қайтпаған суығы мен боранына қарамастан қазақтардың үйлеріне күштеп рамалар қойғызады.

Бір қызығы сол, Тройницкийдің осы сияқты әрекеттерін Петербург «өлкенің жергілікті ерекшеліктеріне» байланысты жасалған шаралар есебінде, ал губернатордың өз басын «жастық жалынын сақтай білген, ғажап Адам» есебінде бағалаған еді. Сондықтан ол 1914 жылы ішкі Ресейге, Тула губерниясына губернаторлық қызметке ауыстырылады².

Губернатор Тройницкийдің қазақтарға деген төкаппарлығында шек болған емес. Ол жөнінде А.Байтұрсынұлы: «С. синод пен жер жұмысының бас мекемесі қазақ пен орысты ауыл үй қондырып, жақындастырып, дінін, атын жоғалтып, орыс қылып, «сен — қазақ, біз — орыс» деген сөздер болмас қамын жегенде, губернатор Тройницкий: «Сен — қазақ, біз — орыс, оны ұмытпа», — деп, қазақтардың

¹ Организмде С витаминінің жеткіліксіздігінен болатын тіс ауруы.

² «Русское Слово» газеті. 1914, 1 наурыз, № 50.

есіне салып отыратын еді»¹, — деп жазды. Тройницкий Семейге келгеннен кейін екі жыл өткен соң жазған есебінде: «Саяси тұрғыдан алғанда қырғыздар қазіргі уақытта ешқандай да бақылаусыз қалып отыр. Мен болсам далада не болып жатқанынан мүлдем хабарсызбын, олар жөнінде тек кездейсоқ естуім мүмкін. Ал қырғыздар болса топ-тобымен Меккеге барып қайтуда, олардың арасында түрлі молдалар мен Түркиядан шыққандардың мұсылмандық насихат жүргізіп жатқандығы сөзсіз», — деп көрсетті. «Орыс шаруалары болса қырғыз даласында бытырап, қырғыз тілін білмей дәрменсіз күй кешуде, — деп жазады губернатор. — Егер жақын арада жаңа полицейлік штаттар белгіленбесе қырғыздарың өз бетінше есеп айырысуға кірісіп кетуі мүмкін. Өйткені жергілікті жерде билік жоқ. Қырғыздар болса өздерін даланың толық әміршісі сезініп құтыруда, орыстардың малы мен жылқыларын айдап кетуде, тіптен шенеуніктерге де шабуыл жасауда. Жылқы ұрлаудан қырғыздар орыс шаруаларымен күресудің бүтін бір жүйесін жасап алған»². Басқаша айтқанда, XX ғасырдың басында қазақ даласында біржола орнаған полицейлік жүйе губернатордың пікірі бойынша әлі де жетімсіз еді.

Түрлі жүгенсіздіктер мемлекеттік аппараттың уездік және одан төменгі буындарында да кең етек алды. Мәселен, Жетісу облысы Қапал уезінде болып өткен сайлау кезінде уезд бастығы Петров өзіне жас қазақ қыздарын алып келуді талап еткен. Бұйрық орындалған. Уезд бастығының зорлауына ұшыраған екі қыздың бірі сол жерде жан тапсырса, екіншісі өзер дегенде тірі қалған³.

Жергілікті басқару аппаратының жұмысынан жақсы хабардар М.Тынышбаев мұндай көріністердің Жетісуда өте кең етек алғанын, XX ғасырдың басында облыстағы қызмет орындарына түрлі сенімсіз адамдардың көптеп келе бастағанын, олардың аңқау, сенгіш қазақтарды алдап, «мәселен, бір қорап швед сіріңкесін бір бас қойға сатып, ал қырғыздар болса орысша сөйлеуді, кейде жазуды да үйреніп

¹ «Қазақ» газеті. 1914, № 50.

² ҚР ОММ, 15-к., 1-т., 472-іс, 1-3, 9—11-п.

³ ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 67-іс, 5-п.

алып, сол казак пен татарлардан шыққан алаяқтарға еліктеп резинадан галош, лакталған етік киіп кісімісіп, папирос шегіп, арақ ішуді шығарғанын»¹ ашына жазды.

Менменсіген шенеуніктер қазақ даласында өздерін Африкадағы немесе Латын Америкасындағы отарлаушы еуропалықтан титтей де кем сезінбеген еді. Ж.Ақбаев жоғарыда аталған арыз хатында Қарқаралыдағы шаруа бастығы Цылов дегеннің мынадай бір істеген қылығын еске алады. Ол келген бетте өзіне қарасты болыстық басқармаларға бүйідей тиіп, тіпті үшеуін негізсіз себептермен қамауға алады. Жаңа келген бастықтың екпінінен қорыққан бір болыс оны тыныштандыру үшін Балқашқа құятын Қаратал өзенінің жағасын мекендеген жолбарысты тірідей ұстап әкеліп, сыйлыққа тартады. Ал Цылов болса, жолбарыстың үстіне мініп суретке түсіп, суреті мен жолбарыстың терісін өз үйінің төріне іліп қойған еді. Суреттің астына «Цылов жолбарысты «Кендары» тауында атып алды» деген сөз жазылады. Ал шын мәнінде Қарқаралыға таяу жердегі (17 шақырым) Кендары тауын табиғатының жайсыздығына байланысты ешқандай да жолбарыс мекендемеген².

Мемлекеттік биліктің ең төменгі сатысында тұрған болыстық басқармалар мен ауыл старшындарының жұмыс әдісі өздерінің жоғарғы әміршілерінікінен көп ерекшелене қойған жоқ. Қазақ бұқарасын тонауда олар да отаршыл билікке сүйенді, алып мемлекеттік механизмнің құрамды бөлігіне айналды. Олай етпеске олардың шамасы да жоқ еді. Өйткені болыстық басқарманың сайлануы және қызметіне бекуі тікелей уезд бастығы мен губернаторға тәуелді болды³. Болыс басқармасы қызметіне халық арасында еңбегімен қадірі асқан адам емес, уездік және облыстық әкімшілікке ұнаған, негізінен, байлар табының өкілдері сайланды. Сондықтан болыстық басқармалар

¹ Сонда.

² ҚР ОММ, 64-қ., 1-т., 5832-іс, 152-п.

³ Түркістанды басқару Ережесі (82, 88, 90-баптары) және Дала Ережесі (63, 70-баптары) бойынша болыстық басқармаларды уезд бастығы немесе оны ауыстыра алатын адам қатынасқан болыс сайлаушыларының съезі сайлап, губернатор бекіткен. Қараңыз: Материалы по истории политического строя Казахстана... С. 359, 391.

арасында біліміне, еңбегі мен алған беделіне сүйенгендері өте аз кездесетін еді.

Болыс басқармасы қызметіне ұмтылушылар, негізінен, бір ғана мақсатты — еңбекші бұқарадан түрлі жолдармен жиған алым арқылы баюды көздеді. Рулас, ауылдас туыс-жақындарының қолдауына сүйенген болыстық басқармаға кандидаттар сайлау науқаны кезінде 30, 40 мың сомға дейін шығынданды. П.Г.Галузо өз еңбегінде осы мәселеге байланысты князь Мансұровтың Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінен мынадай үзінді келтіреді: «...заң бойынша жылдық табысы 500 сомнан аспайтын болыстық управитель осы қызметке сайлануы үшін 30 000 сом ақша жұмсауы керек еді» деп, ізінше Мансұров: «Үш жылдық қызметі кезінде осы 30 000 сомды төлеу үшін ол жергілікті халықтан қанша сом қайтарып алуы керек еді?» деген орынды сауал қояды¹.

Билікке келген болыстық басқарма, көп жағдайда, бұл шығынды, негізінен, қарсы топтың жағынан, яғни соған қарасты ауыл-аймақтан қайтаруға күш салды. Сөйтіп, болыстық басқарма сайлауы қазақ қоғамында бітіспес айтыс-тартыстың, жауласудың қайнар көзіне айналып отырған еді.

Басқаша айтқанда, болыстық басқарма мен ауылнайлар (старшындар) отарлаушы мемлекеттік жүйе жағдайында ұлттық мүддені қорғай алмайтын-ды.

Басқару аппаратының жергілікті халыққа қатынасы, шенеуніктердің көрсеткен түрлі «өнегелі істері», әрине, өз ретінде қоныс аударушы орыс шаруалары мен қазақ бұқарасының арақатынасына да өз ықпалын тигізбей қоймады. Орыс шаруаларының үлкен бөлігі ұлыдержавалық, шовинистік идеологиямен улана отырып, қазақ шаруаларымен күнделікті қатынаста түрлі заңсыз әрекеттерге, әділетсіздіктерге барды. Өкінішке орай, бұл сипаттағы фактілер мұрағат материалдарында өте аз кездеседі. Ол түсінікті де. Орыс әкімшілігі қазақтарға жасалынған қиянатқа көп көңіл аудармаған. Ал мұндай сипаттағы фактілердің біразын «Қазақ» газетінен кездестіруге болады. Енді солардың бір-екеуіне көңіл аударалық.

¹ Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана. С. 69.

Семей облысы, Өскемен уезінен мұғалім Хафиз Сәрсекеев газетке былай деп жазады: «Зайсаннан көшкен елмен Алтай тауына шыққанымда мұжықтардың қазаққа қылып отырған зорлықтарының шет жағасын көрдім. Қара Ертіс елінің болысы Ахмед Саржанұлының ауылына мұжық қаласының адамдары келіп 8 атымыз жоғалды, ізі сендерге келді деп жала жауып, Шөденбай деген кісінің бір үйір жылқысын айдап кетіп, өзін атып өлтіреді. Сот атқан адамды отырғызған жоқ... Қазақтар үрейлі. Бұл жақта мұжықтың малы жоғалса, болыстар қазақтың қолынан тауып беруге подписка алады екен. Бұлай етпей, амал да жоқ: малдан бас қымбат қой»¹.

«Үш жаз болды Семей уезі, Сейтен елінің Нияз деген жеріне Чичиринка атты переселен қаласы түскен еді, — деп жазады Н.Нүрекенов. — ...Осы қаланың жылқысын бағып, жаздай осы елдің қазағы Омар Соқыр баласы деген тұрып еді. Ораза таянған соң орыстардан жылқы баққан ақысын сұрайды, орыстар бермеген соң, өзім көшіп, ораза ұстауға елге қосыламын, балам мұнда жалғыз қалсын деп үйін жығып көшкелі жатқанда орыстар жиылып келіп, үйін, мал-жанын қалаға әкетіп, Омардың өзін бір қораға қамап қойып, ертеңіне 21 шілдеде старшинасы, писары бар, бөрі жабылып таспен, кірпішпен, ағашпен ұрып өлтіреді... Пристав бұлардың бірін де абақтыға әкетпеді...

Пристав кеткен соң орыстар: «Бізге ешнәрсе болмайды, қазақты өлтіргенге не жаза болушы еді?» деп қуанысып, арақ-шарабын ішіп, мейрам қылысты. Қазақтар аң-таң болып аңқиып қала берді»².

Барлық қазақ облыстарымен тығыз байланыста болған «Қазақ» газеті 1913 жылғы 14 қыркүйектегі нөмірінде: «Бұл кезде мұжықтың қазаққа қылып тұрған дұшмандық хабары жылдан-жылға артып бара жатыр. Қит етсе жанжал, төбелес, байлап тастау, кісі өлтіру. Мұндай оқиғалар қазақ пен мұжық араласқан жерде тым-ақ көбейіп барады», — деп, газет басқармасына Ақтөбе уезінің тұрғыны Досмұхамед Қожабайұлынан келіп түскен хатты жариялайды.

¹ «Қазақ». 1913., № 30.

² Сонда. 1913, № 29.

«Өткен тамыздың 28 күні түс мезгілінде Жусалинский деген мұжық қаласының 5 орысы жоғалған екі атын іздеп Аралтөбе болысына қараған Қазмұхамед деген кісінің ауылына келіп, атымызды сендер алдыңдар деп екі кісісін ұстап алып кетеді. Сол күні кешке екі жүздей орыс жиналып қару-жарағымен, манағы ұстап өкеткен екі қазақты арбаға отырғызып, күндізгі келген ауылға сау ете түседі. Сол арада арбадағы екі қазақтың бірін түсіріп, мылтықпен атып өлтіреді, бірі қашып үйге кіріп кетеді. Мұны көріп сол елдің ауылнайы Жүніс Қарабалаұлы мойнына знагін салып орыстарға қарсы шыққанда, орыстар ауылнайды да, ауылнайдың қасындағы інісін де мылтықпен атып салады, екеуі де сол арада жан тапсырады. Өлтірілген үш кісіден басқа төрт кісіні атып жаралап кетті, төртеуі де өлім қалінде жатыр. Бұл іс туралы прокурор һәм докторға хабар беріліп, осы күні тексеру болып жатыр».

Қарқаралы уезінің мұғалімі Имам Әлімбеков жазған хатында көрші мұжықтардың жоғалған малымызды тауып бер деп ағайындарын ұстап өкетіп, қаласына апарып, неше түрлі ретпен қинағанын, табанына темір қыздырып басқанын, екі аяғынан жоғары көтеріп асқанын, үрпіне шөп жүгірткенін баяндайды.

Мақала авторы М.Дулатұлы осы сияқты бірнеше хаттарға талдау жасай келіп: «Бұл қалай арзан қан?» деп заңды сауал қояды¹.

Міне, бұл келтірілген фактілер жергілікті халықтың мүддесін қорғау мемлекеттік аппараттың міндетіне кірмегендігін айқын көрсетсе керек.

Мұрағат материалдары, оның есесіне, ресми биліктің біз әңгімелеп отырған кезеңде қазақтарды орыстандыру ісіне білек түріне кірісіп кеткендігін аңғартады. 1910 жылы болып өткен болыс басқармаларын сайлау барысында Семей, Ақмола және басқа облыстарда бұл қызметке ұсынылған кандидаттарға міндетті түрде орысша білу талабы қойылған еді. Жоғарыда аталған Семей облысының губернаторы Тройницкий 1910 жыл бойынша есебінде былай деп жазды: «...Осы арада мынадай бір шара жөнінде

¹ Сонда. 1913, № 30.

айта кетуді өзіме борыш санаймын: болып өткен қырғыз сайлауларында мен алғаш рет болыстық басқармалар мен оған кандидаттар ауызекі орыс тілін білгені дұрыс, ал орыс тілін білмейтіндерді бұл қызметтерге бекітпеймін деген талап қойдым. Екі ғасыр бойы Орыс державасы құзырында болып келген қырғыз елінің биліктегі ең басты өкілдері мемлекеттік тілді білмеуіне жол бергім келмеді. Орыс басшыларына тіптен солардың өзімен де тілмаш арқылы сөйлесуге тура келді. Қырғыздардың арасында орыс тілін білетіндер жоқ деген қауіп мүлдем қате, өйткені қырғыздардың үлкен бөлігі орыс тілін өте жақсы меңгеріп алған, біразы орыс мектептерінде білім алып жүр, бірақ қырғыздарға тән қулықпен орысша сөйлегілері жоқ.

Мен қолданған шара нәтижелі болып отыр. Орыс басшысы қазір болыстық басқармалар және оған кандидаттармен орысша сөйлесе алады, ал келесі сайлауларда бұл талап ауыл старшындары мен оған кандидаттарға да қойылатын болады»¹.

Губернатор Тройницкий асыра сілтеген жоқ еді. Көп ұзамай-ақ болыстық басқармалар мен ауылдық старшындарға міндетті түрде орыс тілін білу туралы талап дала генерал-губернаторлығына қарасты барлық облыстарға тарады. Оған мына Қарқаралы уезі Сарыбұлақ болысына жіберілген құжатпен таныса отырып, көз жеткізуге болады: «Семей губернаторының биылғы жылғы (1912 — М.Қ.) 6 шілдеде шыққан №11483 Жарлығына байланысты жұртқа жиналыстарда хабарлау үшін мынаны білдіремін: дала генерал-губернаторы мырза жұрт арасында орыс тілін тарату мақсатында енді орыс тілін білуді тек қана болыстық басқармадан ғана емес, сондай-ақ ауылдық старшындардан да және оған кандидаттардан да талап ету пайдалы деп тауып, бұдан былай аталған қызметке тек орыс тілін білгендер ғана сайланатын болады.

2-учаске крестьян начальнигі Афлеров»².

Сонымен, шамамен 1910 жылдан бастап қазақ ұлтының өкілдері қызмет істей алатын мемлекеттік биліктің ең

¹ ҚР ОММ, 15-к., 1-т., 472-іс, 25-п.

² Сонда. 840-к., 1-т., 1-іс, 405-п.

төменгі және жалқы буыны болыстық управитель, оған қарасты ауыл старшыны қызметіне орыс тілін білгендер ғана сайлана алатын болды. Басқару жүйесіндегі мұндай «жаңалықты» өз уағында «Қазақ» газеті де байқаған еді. Оның №15 (1913) нөмірінде жарияланған мақаласында Ө.Бөкейханов: «Қазақтың қай бір облысында өткен сайлауда орысша хат білмейтін кісі болыс болмайды деп қазақтың бұрыннан болыс болып жүрген қадірлі кісісін жолдан қалдырды. Қазақ болысы орысша хат білсін, орысша хат білмесе тасқа түсуге жарамайды деген закон бұ күнге дейін жоқ»¹, — деп жазды.

Сөйтіп, жер мәселесіндегідей саяси өмірде де жергілікті шенеуніктер орталық биліктен алда жүрді. Қазақ даласында мемлекеттік басқару жүйесінде орыс тіліне заңсыз түрде, зорлықпен мемлекеттік статустың берілуі соның айғағы еді.

Алдымен, басқару аппаратын, сол арқылы бүтін елді орыстандыруды көздеген шаралармен бір мезгілде қазақтарды христиан дініне шоқындыру саясаты жүріп жатты. Бұл ретте патша өкімшілігі Еділ және Жайық бойы, Сібір халықтары арасында христиан дінін таратуда жинаған мол тәжірибесін қазақ елімен қатынаста кең пайдалануға тырысты.

Отаршыл өкімшілік шоқындыру ісін, ең алдымен, жер мәселесі және қоныстандыру үрдісімен тығыз байланыстырды. Анығырақ айтқанда, ол, біріншіден, қазақ жерін өз меншігі жариялай отырып, христиан дінін қабылдаған қазақтарды орыс қоныс аударушылары сияқты жер үлесін алуда және басқа өмірлік қажеттілік нәрселерде түрлі артықшылықтар беруден үміттендірді; екіншіден, қоныстандырушы мекемелер орыс селоларын қазақ жеріне орналастыруда олардың жергілікті халыққа діни және басқа рухани ықпалының пәрменді болу жағын естен шығармады, осы бағытта нақты шаралар қарастырып, іске асырып отырды.

Генерал-губернатор Колпаковский 1887—1888 жылдар бойынша есебінде: «Қырғыздардың арасына орыс шаруаларын село және қала етіп қоныстандыру мен үшін

¹ «Қазақ». 1913, № 15.

оңайға түскен жоқ. Орыстар қырғыз даласына өздерінің тілдерін, әдет-ғұрпын және православие дінін ала келді. Мен мұны қырғыздарға әсер етпейді деп айта алмаймын», деп жазып, бұдан былай енді бұл үдеріске мақсаттылық сипат бере түсу үшін «Уақытша Ереже талаптарынан шықпай, христиан дінін қабылдаған қазақтарға жер, орман бөліктерін сыйға тарту, сонымен қатар жұмыс көлігін беру, жер өңдейтін құралдармен қамтамасыз етіп отыру керек. Жақында Семейге Алтайдан бір миссионер келіпті. Әрине, ол қазақ даласы үшін өте аз. Мен оған құзырымыздағы қазақтарды христиан дініне қабылдасақ, оларға ақшалай, заттай сыйлықтар және Букеньскийден 600 десятина жер бөлінетінін мәлімдедім. Омбы епископына жылына мемлекет тарапынан 19 мың сом ақша бөлініп тұрады. Сондықтан да Омбы епископы миссионерлік қызметті жандандырып, қазақтарды христиан дінін қабылдауға ерекше күш салуы керек»¹ — деген нақты ұсыныстар мен шараларды белгіледі.

XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы жер үшін талас қазақ қоғамы арасында христиан дінін таратушылар үшін біршама қолайлы жағдай туғызып берді. Ел ішіндегі ауызбірліктің болмауы, түрлі партия, топтар арасындағы бітіспес тартыс бұл үдеріске май құйғандай әсер етіп отырды. Оған жалпы қазақ қоғамына тән Семей уезі Аршалы елінің 7-ауылында болған жүз елу дауы куә бола алады. 1891 жылғы дала Ережесі бойынша болыс сайлау үшін, алдымен, әрбір елу үй өз жиналысында болыстық съезде тікелей болыс сайлауда дауыс беретін сайлаушыны (выборщик) анықтайтын болған. Аршалы елінде де 1898 жылғы сайлауда сол талап сақталып, болыс, би, ауылнай сайлауы аяқталған соң жүз үймен сайлауда жықтым деп жеңгендер алым-шығын ақшаның бәрін елу үйге салған, пішенін тартып алып шапқан, жайылымын тартып алып, малын жайған. Сонда жеңілген елу үй қазақтары ақыл сұрап көрші мұжыққа барады. Ал мұжықтар бұларға кеңес береді: «Сендер қала болып біздің болысқа жазылсаңдар, бұл қазақ қылып отырған кемшіліктен құтыласыңдар» деп. Мұны естіген елу үй қазақтары Семей

¹ ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 436-іс, 9—19-п.

губернаторына «бізді қазақ ауылынан шығар, жер бөліп бер, отырықшы тұрмысқа өтіп, қалған қазаққа үлгі көрсетілік» деп барады. Губернатор кеңсесінің нұсқауымен Аршалы еліне жер бөлуші шенеуніктер барғанда, елу үй кісілері жүз үйдің бар пішен, егін жайын өздеріне жаздырып алады. Сөйтіп, қазақ қоғамының өз арасында бітіспес дауға негіз қаланып отырған.

Тура осы оқиғаға ұқсас жағдай Ақтөбе уезі Тұзтөбе болысында да орын алған¹.

Міне, осы сияқты даудың барысында бүтін бір ауылдар, жеке үйлер орыс селоларына сіңіп кетіп отырған. Сондай жағдайдан хабар беріп, шоқынған қазақтардың бірі Иван Семенович Кусков (қазақша аты жөні — Сағындық Тұяқұлы) «Қазақ» газетіне: «Том губерниясы, Бийск уезі, Шарғы деген жерде жүз үйден аса қазақ бар едік. Ата-бабамыз орысқа кіріптар болып тағы заманда шоқынған еді»², — деп жазады.

Қазақтарды шоқындыру ісіне мейлінше жүйелілік және мақсаттылық беруді көздеген отаршыл әкімшілік қызметін шамасы келгенше Қасиетті Синод та қолдап отырды. Ол 1912 жылғы 5(26) сәуірде қабылдаған №3067 нұсқауында Қазақстандағы қоныстандыру мекемелеріне жерге орналастыру ісінде мұсылман дініндегі және православие дініндегі қазақтарды мүмкін болғанша орыс шаруаларымен аралас ұлтты селолар ұйымдастырғанда қазақтар мен орыстардың сан жағынан арасалмағы міндетті түрде соңғыларының жағында болуын қамтамасыз етуді ескертеді. Мұның өзі, Синодтың пікірінше, Түркістан және дала облыстары қазақтарының христиандық-православиелік дінді қабылдауына қажет жағдай жасамақ еді.

Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасы бұл ұсынысты қолдап, мұндай шаралар қазақтардың христиан дініне өтуін қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге оларды орыс мемлекеттік идеясы мен орыс мәдениетіне тарту үшін, түбінде орыстарға сіңіріп жіберу үшін керек деп тапқан еді³.

¹ «Қазақ». 1913, № 21.

² «Қазақ». 1917, № 235.

³ «Речь» газеті. 23 қаңтар, 1914. №22 (2691).

Үкімет орындары қазақ облыстарында христиан дінінің жағдайын нығайта түсу мақсатында Шіркеу, монастырь, приходтар салу үшін жер және қаржы бөліп отырды. Мәселен, XX ғасырдың 10-жылдарының алғашқы жартысында Орал (Теке) қаласынан 20 шақырым жердегі «Бармас» деген өзеннің бойынан монастырьға 100 десятина жер беріліп, қаржы бөлінген¹.

Біз әңгімелеп отырған кезеңде қазақ жерінде христиан дінін насихаттаушы миссионерлік жұмыс та кең өріс алды. Қазан, Ташкент, Орынбор, Омбы сияқты қалалар бұл мазмұндағы істің бағыт беруші орталықтары болды. 1901 жылы 11 қарашада Верный қаласында ресми түрде миссионерлік епархиалдық комитет құрылып, оған қаланың бас көтерер шенеуніктері мен әскери адамдары, көпестер кіреді². Протерей А.И.Макаровтың сөзімен айтқанда: «Біз — ұстазбыз, олар (қазақтар — М.Қ.) — шәкірттер»³ деп түсінген миссионерлер 1860—1917 жылдар аралығында қазақ тілінде православие дінінің 72 кітабын аударып бастырып таратқан еді⁴.

Тікелей II Николай патшаның басшылығымен үкімет орындары 1906 жылы 31 наурызда түркі тілді халықтардың жазуын орыс алфавитіне көшіру туралы ережені бекітеді. Бірақ әкімшілік Ресей империясындағы сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты, орыс алфавитін бірден енгізуге сескенді. Өзірше бұратаналардың бойын біртіндеп үйрете беру үшін, орыс алфавитін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шектелу қажет деген тұжырымға келді⁵.

Сонымен, қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқын шаруашылыққа жарамды жерінен айыру үдерісімен бір мезгілде отарлаушы әкімшілік жүйесінің

¹ Сонда. 30 мамыр, 1913.

² *Мырзахметов М.* Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты. «Қазақ әдебиеті». 2 ақпан, 1990.

³ *Остроумов Н.П.* Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. 30 августа, 1879 г. — 30 августа, 1904 года. Ташкент, 1904. С. 5.

⁴ *Мырзахметов М.* Аталған мақала.

⁵ Сонда.

жаңа жағдайға байланысты одан ары жетіліп, нығая түскендігін, сондай-ақ отарлау ісінің құрамды бөлігі қазақтарды орыстандыру, шоқындыру шараларының да жүйелілік, мақсаттылық сипат алғанын аңғару, әрине, қиын емес.

* * *

Егер XX ғасырдың басында мүлдем жаңа сапаға көтерілген Қазақстан мен Ресейдің арақатынасына байыппен қарар болсақ, онда отарлаушы мен отарланушының арақатынасына тән мынадай өзгерістерді байқауға болар еді.

Көп ұлтты Империяға айналған Ресей XVIII ғасырдан бастап-ақ жүйелі және мақсатты түрде қазақ қоғамын, қазақ елін мемлекеттік тұтастығынан айыру, сол арқылы қазақ қоғамына, қазақ жеріне терең бойлап ену саясатын жүргізді. Қазақ қоғамындағы феодалдық бытыраңқылық, түрлі саяси топтар арасындағы бітіспес күрес орыс әкімшілігінің өз дегеніне жеңіл жетуіне көмекші факторлар болды. Қазақ қоғамының бұрыннан қалыптасып келе жатқан ішкі мемлекеттік құрылымын жоя отырып, патша үкіметі XIX ғасырдың 20- және 60-жылдары іске асырған саяси реформалары арқылы қазақ қоғамының ішкі тарихи ерекшеліктері мен мүддесін ескеру негізінде емес, керісінше өзіне қолайлы, яғни Қазақстанды Ресей мүддесі тұрғысынан басқаруға қызмет ететін отаршыл әскери-феодалдық мемлекеттік жүйені орнатты. Соның салдарынан өзін-өзі қорғау қабілетінен айырылған қазақ қоғамы Ресей империясының экспансиялық саясатына жалпыұлттық деңгейде ұйымдасқан, қуатты қарсылық көрсете алмады. Сөйтіп, қазақ халқы ғасырлар бойы қан төгіп, қорғап келген жерінің ең құнарлы, шаруашылыққа қолайлы бөлігін атты казак әскеріне, Ресейдің ішкі губернияларынан, Сібірден қоныс аударып келген орыс және басқа еуропалық шаруаларға беруге мәжбүр болды. Орыс әкімшілігі ол жерлерді «артық жер», «көшпелі және отырықшы норма», «жерге орналастыру» сияқты заңсыз, күш пен зорлыққа сүйенген әдістерді қолданып тартып алды.

Шамамен екі ғасырға жуық мерзімде қалыптасқан басқару жүйесінде жергілікті халықтың билікке тартылуы мемлекеттік аппараттың ең төменгі буыны болыстық бас-

қарумен шектелді. Бұл қазақ елін саяси биліктен алыстату ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамын іштей ірітуге жасалған қадам да еді. Өйткені бұл жүйе, біріншіден, мемлекеттік басқарудан аласталған халық санасында өзін-өзі басқару туралы сенімді біржола жойып, басқару аппараты, оның негізгі иесі ұлыдержавалық ұлттың билеуші топтары алдында құлдық сана қалыптастыруға тиіс болатын. Екіншіден, бұдан былайғы уақытта жергілікті халықтың күнделікті тіршілігінде туып отыратын мәселелермен тікелей айналысатын ең төменгі әрі негізгі басқару буыны — болыстық басқарма қызметі мен оның көмекші орындары (би, старшын, елубасы) отаршыл әкімшіліктің тікелей шебер қолдауымен түрлі топтар мен күштердің арасындағы таусылмас талас объектісіне айналды. Бұл талас қазақтардың өз арасында рулық негізде бөлініп-жарылуына тікелей жол ашып, ұлттық тұтастыққа көшуіне үлкен нұқсан келтірді.

Басқару аппаратын орыстандыру (кадр саясаты, орыс тілінің мемлекеттік тілге айналуы, т.б.), қазақ қоғамы арасына христиан дінінің енуіне қажет қолайлы жағдайлар жасау империялық ұлыдержавалық саясаттың нақты көріністері болатын. Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясаты өзінің қаталдығы жағынан басқа еуропалық мемлекеттердің Азия мен Африка елдерін жаулап алу саясатынан кем түскен жоқ, ал қолданылған әдіс-айласының жергілікті тұрмысқа бейімділігі жағынан, әрине, анағұрлым асып түскен еді.

Бұл келтірілген фактілер мен тұжырымдар Ресей империясының құрамына ену қазақ қоғамына ауыр зардапты болғандығын көрсетеді. Өз жеріне иелік құқығынан, табиғатына жат сырттан күшпен таңылған отаршыл басқару жүйесі жағдайында өмір сүріп, өз ұлттық мемлекеттік жүйесін нығайту мүмкіншілігінен айырылған қазақ елі, өз ұлттық мүддесін қорғау, өз ұлттық ерекшеліктерін сақтау қабілетінен ада болу жолына түскен еді. Міне, осы тарихи шындықты мойындау қазақ елінің Ресей құрамына енуінің прогресті болғаны немесе болмағаны жөнінде айтысудың өзі қисынсыз екендігін көрсетеді. Империя құрамына енудің қазақ қоғамы үшін зиянды болғаны ешқандай да даусыз шындық.

Сондай-ақ XX ғасырдың басында терең дағдарыс жағдайындағы қазақ қоғамын өсіп-өну жолына алып шығуға қабілетті әлеуметтік күш те қалыптаса бастаған еді. Ол күш ұлттық зиялылар болатын.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

**П т а р а у . Ұлттық езгіге қарсы
наразылықтың күшеюі және қазақ
зиялыларының 1905—1916 жылдар
аралығындағы қоғамдық-саяси
қызметі**

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ- САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Ресейдегі 1905—1907 жылдардағы революцияның Қазақстан үшін де тарихи кезең болғандығы даусыз факт. Бұл жылдары Ө.Бөкейханов дәл атап көрсеткендей, «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді»¹. Бірақ тарих ғылымында 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыстың Қазақстанға, қазақ қоғамына тигізген ықпалын талдауда объективті ғылыми әдіс емес, белгілі бір саяси мүдделерді көздеу, тарихи фактілерді сол тұрғыдан сұрыптау және бағалау үстемдік алып келді. Негізінен, осы бағытта жазылған кенестік тарихнаманың басты тұжырымы мынаған саяды: біріншіден, «Қазақстандағы революциялық қозғалыс Ресейдегі бірінші халықтық революцияның құрамдас бөлігі» болды, екіншіден, бүкіл империя көлеміндегідей «мұнда да бұл қозғалыстың гегемоны большевиктік партия бастаған орыс пролетариаты» еді және үшіншіден, «революциялық қозғалыстың даму барысында қазақ еңбекшілерінің орыс жұмысшыларымен және қоныс аударған шаруалармен интернационалдық ынтымақтастығы нығайды»².

Тарихшы мамандар жасаған мұндай тұжырым кезінде «марксистік» атанған жалпы қоғамтану ғылымдары саласына ортақ белгілі схеманың дұрыстығын дәлелдей түсуге тиіс болды. Яғни, біріншіден, қазақ ұлт-азаттық

¹ Букейханов А. Киргизы — Формы национального движения в современных государствах. Под ред. А.И. Костелянского. СПб., 1910. С. 596-597.

² Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. III том. Алматы, 1982. 416-417-бб.

қозғалысы Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыстың табиғи одақтасы болса, екіншіден, ұлт-азаттық қозғалыстың өз мақсатына жетуі (ұлттық еркіндік алуы) Ресейде пролетариат диктатурасының орнауына тікелей тәуелді, сондықтан да қазақ азаттық қозғалысы сол кезеңнен бастап-ақ міндетті түрде ұлттық емес, басым түрде әлеуметтік-таптық сипат алуға тиіс еді. Зерттеу еңбектері көбінесе осы тұжырымға сай фактілерге негізделді, құжаттар жинағы осы талап тұрғысынан құрастырылды. Ал Ресейдің, орыс мәдениетінің қоғамдық дамуда кенже қалған азиялықтар үшін прогресшіл рөлі болды деу бұл тұжырымның өзекті жібі, соңғы нүктесі болуға тиіс еді.

1905—1907 жылдардағы революцияға байланысты осындай тұжырымдаманы тарих ғылымына енгізушілердің алдыңғы сапында С.Брайнин мен Ш.Шафиро сияқты «жаңа әдістеменің» белсенді өкілдері тұрды. Олар: «Қазақ бұқарасының ұлттық-революциялық қозғалысы жалпыресейлік қозғалыспен тікелей өте тығыз байланыста дамыды, 1905 жылдың қуатты ықпалында болды, большевиктер партиясы басқарған жұмысшы қозғалысының аясында қалыптасып, жетілді... Бұл ықпал біз әлі мүлдем зерттеп білмеген жолдар арқылы бұқараға жетіп, оны революцияландырған болатын»¹, — деп жазды.

Революциялық эйфория толқынында өмірге келген бұл пікір кейінгі жылдары А.В.Пясковский², А.Ф.Якунин³, А.Б.Тұрсынбаев⁴ және басқа тарихшылардың еңбектерінде қолдау тауып, жан-жақты баяндалды. Тарих ғылымында алпыс жылдан астам уақыт үстемдік құрған бұл тұжырымдама, біздің пікірімізше, мәселенің мынадай жақтарын есепке алмады.

¹ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Под ред. Н.Н.Ванаг. Алма-Ата — Москва, 1935. С. 9.

² Пясковский А.В. Революция 1905—1907 гг. в Туркестане. Қараңыз: Революция 1905—1907 гг. в национальных районах России. М., 1955. С. 567—660.

³ Якунин А.Ф. Революция 1905—1907 гг. в Казахстане. Сол жинақта, 661—714-бб.

⁴ Тұрсынбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата, 1967.

1. Шынымен де, кезінде В.И.Ленин дәл атап көрсеткендей, Ресейдегі 1905 жылғы орыс революциялық қозғалысы мен «ортағасырлық тоқырауда тағыланған жүздеген миллион» шығыс халықтарының, соның ішінде қазақ елінің де, өз азаттығы үшін күрес жолына түсуі арасында байланыстың бар екендігін жоққа шығару қиын. Сондай-ақ бұл екі азаттық қозғалыстың белгілі дәрежеде өзара тәуелді екендігі, соған байланысты бір-бірімен тілектес болуы объективті өмір талабынан туған қажеттілік екендігі де рас. Сонымен бірге бұл қозғалыстарды өзара байланыстырып тұрған осындай факторлармен бірге олардың табиғатынан туындайтын өзара айырмашылықтарын да елемей мүмкін емес. Ол айырмашылықтар бұл қоғамдық қозғалыстардың көздеген мақсатынан және қозғаушы күштерінен туындайды. Егер орыс жұмысшы табы, буржуазиясы, шаруалар бұқарасы және басқа солшыл күштер демеушісі болған орыс азаттық қозғалысының негізгі көздеген мақсаты Ресейді крепостниктік мешеулік пен деспотиялық тәртіптен экономикалық даму мен демократия жолына алып шығу болса, ұлт зиялылары бастаған қазақ азаттық қозғалысының басты мақсаты — отарлық тәуелділіктегі қазақ қоғамының мемлекеттік саяси дербестігін қалпына келтіру арқылы, ұлттық өркендеуге жол ашу болды. Бұл арада қазақ азаттық қозғалысының, белгілі дәрежеде, әлеуметтік-таптық міндеттерді де көтергенін жоққа шығаруға болмайды, дегенмен ол үшін бірінші кезекте ұлттық еркіндік тұрған еді.

Демек, бұл екі азаттық қозғалыстың түпкі көздеген мақсаттарында принциптік айырмашылықтар бар. Орыс буржуазиясы, оның мүддесімен сыбайлас басқа қоғамдық күштер, ұлыдержавалық, отаршылдық идеологияның ықпалына іліккен орыс пролетариаты мен шаруаларының белгілі бір бөлігі экономикалық дамуды отарлық тәуелділіктегі аймақтардың есебінен іске асыруды есінен шығарған емес. Революциядан кейінгі оқиғалар ағымы, орыс буржуазиялық партияларының Мемлекеттік Думадағы екі ұшты айқындамасы, орыс шаруаларының Столыпин реакциясы қолында отарлаушы құралға айналуы бұл пікірдің шындықтан алыс еместігін көрсетеді. Олай болса, бұл екі азаттық қозғалысты біртұтас революциялық ағымға жатқызып, шет аймақтардағы ұлт-азаттық қозға-

лысты метрополиядағы азаттық қозғалыстың артына мықтап байлап, олардың арасындағы антагонистік қайшылықтарды екінші қатарға асыру, біздің пікірімізше, тарихи шындықтан гөрі саяси пайданы көбірек көздейтін күштерге лайық әдіс.

2. Кеңестік тарихи әдебиетте 1905 жылы Қазақстандағы қоғамдық қозғалысқа атсалысқан әлеуметтік күштердің орнын ауыстыру, қазақ қоғамындағы таптық жіктелу процесін көпе-көрінеу асыра бағалау, осы негізде қисынсыз теориялық концепция жасау кең етек алды. Ал, шын мәнінде, өзін әлеуметтік-саяси күш ретінде түйсінуден алыс тұрған, сан жағынан тым аз қазақ жұмысшыларының да, шаруашылыққа жарамды құнарлы жерінен айырылған қазақ шаруаларының да қоғамдық санасын билеген ой — өлі қалыптасып үлгермеген қазақ буржуазиясы мен «пісіп жетілген» қазақ феодалдарының таптық езгісінен құтылу емес, өз атамекенінде саяси құқығынан айырып, шаруашылығын терең дағдарысқа әкеліп тіреп, өздерін экономикалық кіріптар еткен орыс әкімшілігінің орнатқан әділетсіз тәртібінен құтылу еді. Басқаша айтқанда, отарлық тәуелділіктегі қазақ қоғамында таптық санадан гөрі ұлттық сананың тезірек пісіп жетілуіне қолайлы алғышарттар басым түсіп жатты.

Қазақстандағы кеңестік тарихтануда ең үлкен бұрмалауға ұшыраған, әрине, ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі. 1905 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты екі ағымға, яғни халықтық-революциялық және буржуазиялық-феодалдық ағымдарға бөле отырып, кеңестік тарихнама ұлт зиялыларының қызметін «буржуазиялық-ұлтшылдықтың» көрінісі ретінде сипаттап, оны бірінші ағымға қарсы қойды. Мәселен, бес томдық «Қазақ ССР тарихынан» ұлттық зиялы қауым өкілдері дайындаған Қарқаралы арыз-шағымы туралы мынадай жолдарды оқуға болады: «Еңбекші бұқараны революциялық күрестен қайткен күнде де аулақтауға тырысып, феодалдық-бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары «петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25 июльде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласының жанында) байлардың съезі болып, онда патшаға петиция «әзірленді»¹.

¹ Қазақ ССР тарихы. 3-том, 388-б.

Сөйтіп, белгілі объективті себептерге байланысты қазақ қоғамының өзінің тарихи міндеттерін ұғыну процесі әлеуметтік-саяси күш ретінде пәрменді қалыптасу жолына түскен ұлт зиялылары арқылы жүргендігі, зиялылардың саяси бастаушы күшке айнала бастағандығы және бұл толық негізді әрі табиғи құбылыс екендігі ешқандай да есепке алынбады.

Әрине, тарих ғылымында тұңғыш орыс революциясының қазақ қоғамына ықпалына және ұлт зиялыларының қоғамдық қызметіне байланысты тек осы жалғыз пікір ғана болды десек қателікке ұрынар едік. 20-жылдары жарық көрген еңбектерде бұл мәселеге байланысты мүлдем басқа пікірлер де айтылды. Мәселен, Г.Сафаров өзінің белгілі кітабында «1917 жылғы революцияға дейін Түркістандағы жағдайды есепке алған ешқандай да революциялық идеология, орыс жұртының арасында революциялық қозғалыста бірлікке ұмтылушылықты аңғартатын кішкене де ынғай, ешқандай да бұқараны революциялық ұйымдастыру, ешқандай да революциялық дәстүр болған емес. Қанаудағы ұлттар мен қоныс аударып келген орыс жұртының арасында ұлттық теңсіздіктен бастау алатын өзара түсініспеушіліктің қалың қабырғасы тұрды¹ деп жазды.

Г.Сафаров 1905 жылы Түркістанда «интернационалдық пролетарлық таптық қозғалысқа ешқандай да негіздің болмағандығын» баса айтып, оның есесіне татар және қазақ зиялыларының ықпалымен «прогресшіл-ұлттық қозғалыстың»² даму алғандығына көңіл аударды.

Қазақ зиялыларының 1905—1907 және одан кейінгі жылдардағы қызметін прогресті құбылыс ретінде бағалаушылардың қатарында Т.Рысқұлов, С.Асфендияров сияқты ірі зерттеушілер де болды. Бірақ олар 20-жылдардың екінші жартысынан бастап елде қалыптасқан ауыр саяси жағдайға байланысты бұл мәселе бойынша өз пікірлерін толық жеткізе алмады. Біздің пікірімізше, бүгінгі тарих ғылымының біз қарап отырған мәселеге байланысты міндеті осы 20-жылдары қалыптаса бастаған тарихи шындыққа жақын көзқарасты жаңа методологиялық және фактілік негізде одан ары тереңдете зерттеу болып табылады.

¹ Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). М., 1921. С. 54.

² Сонда, 53, 54-бб.

Ғасыр басындағы қазақ зиялылары сан жағынан көп болған жоқ. Оның себебі түсінікті де. Қазақстанда бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары ашылған емес. Түрлі мекемелерде, әкімшілік орындарда қызмет жасаған қазақ мамандары, негізінен, Ресейлік оқу орындарында білім алды. Патша өкіметі қазақ халқының жалпы мәдени деңгейінің өсуіне мүдделі болған жоқ, керісінше қараңғылықта ұстау оған пайдалырақ көрінді. Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазақ даласында азын-аулақ ашыла бастаған орыс-қазақ мектептері мен гимназиялары жергілікті жұртты «Мұхаммед дінін уағыздаушы молдалардың зиянды ықпалынан» сақтау үшін және сонымен бірге «далада орыс ықпалын» жүргізу үшін керек болды.

Сонымен бірге отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губернаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3—4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында қазақ жастары үшін Қазан қаласы үлкен білім орталығы міндетін атқарды. Талантты ғалым, Қазан университетінің түлегі Батыржан Әуезханұлы Кенжетаев осы тақырыпқа өзінің диссертациялық жұмысын арнады. Б.Кенжетаевтың нақты деректік материалдарға негізделген көрсетулеріне қарағанда, мәселен 1877—1917 жылдар аралығында Қазан университетінде 37 қазақ жастары оқып, олардың 20-сы бұл оқу орнын сәтті аяқтап шыққан. Аяқталғандардың 15-і заң, ал 5-уі дәрігерлік факультеттерде оқыған¹.

Университетте оқыған студенттердің басым бөлігі «Астрахан губерниясындағы Ішкі орда қырғыздары

¹ Кенжетаев Б.А. Казахские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX— начале XX вв. Казань, 1998. С. 30, 80, 81.

(қазақтары — *Авт.*) үшін» тағайындалған генерал-адъютант Қрыжановский атындағы стипендия есебінен білім алды. Бұдан басқа жеке студенттер Зайсан уезіндегі қазақтардан, ішкі қазақ ордасынан, Орал және Жетісу облыстарынан және басқа көздерден бөлінген қаржыны пайдаланды. Тағы біраз студенттер Торғай облысы қазақтары жәрдемге жиған (19 200 сом) қаржы есебінен де шәкірт алған. Ай сайын берілетін шәкіртақы (стипендия) көлемі 320 сом болған¹.

Қазан университетін осы мезгілде аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов, Уалидхан Танашев, Жансұлтан Сейдали сияқты қайраткерлер болды. Бұл аталған кісілердің біразының еңбегіне біз алда, ретіне орай тоқталамыз.

Қазақ жастары үшін есігі ашық оқу ордаларының бірі Қазан малдәрігерлік институты болды. Бұл империяның шығыс бөлігіндегі малдәрігерлік мамандық беретін жалғыз оқу орны еді. Торғай облысынан келіп 1881 жылы бұл институтты аяқтаған М.Ақтанов болды. Ал 1887—1917 жылдар аралығында мұнда 18 қазақ жастары білім алған, оның 15-і оқуларын аяқтап шыққан. Оқу кезінде шәкіртақы оларға Торғай, Семей, Орал, Жетісу облыстарынан және басқа қаржы көздерден берілген². Институттың түлегі Есенғұлов Түбек 1916 жылғы Жетісудағы белгілі оқиғалар кезінде қоғамдық қызметімен көзге түседі. 1894—1908 жылдар аралығында 27 қазақ жастары Қазан мұғалімдер семинариясында оқып, олардың 19-ы толық курсты аяқтаған³. Семинарияны аяқтағандардың арасында С.Мендешев, М.Тұнғачин, Н.Залин, М.Сатбаев сияқты ғасыр басындағы қоғамдық өмірде белсенді қызметімен танылған кісілер бар еді.

Б.Кенжетаетың есебі бойынша жоғарыда аталған Қазан оқу орындарында 1877—1917 жылдар аралығында барлығы

¹ Султангалиева Г.С. Экономические и культурные взаимоотношения казахского народа с народами Среднего Поволжья и Южного Урала (XIX— нач. XX вв.) Канд. диссерт. 1990. С. 134—135-66.

² Кенжетаете Б.А. Аталған еңбек, 41, 82.

³ Сонда, 50, 51, 83—85-66.

82 қазақ жастары оқып, олардың 54-і белгілі бір кәсіп иесі ретінде диплом алған¹. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігі осы Қазан қаласы оқу орындарын аяқтаған мамандардан тұрды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталық, әрине, Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889—1894 жылдары Орман шаруашылығы институтында Ө.Бөкейханов, 1900—1905 жылдары Темір жол және көлік институтында М.Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін, әсіресе нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орнында өткен ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде (1917 жылға дейін) 20-ға жуық қазақ студенті оқып, жоғары білім дипломын иемденді². Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, Айдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқайев, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсекөв сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург медицина академиясын аяқтағандығы туралы дипломды Санжар Асфендияров, Сәдуақас Шәлімбаев, Халел Досмұхамедов және басқа бір топ қазақ жастары иемденді.

Біз өңгімелеп отырған тарихи кезеңде қазақ студенттерін Мәскеу, Киев, Варшава, Томск, Саратов және басқа ресейлік оқу орындарында кездестіруге болатын еді. Сондай-ақ біраз қазақ жастары Ресейден тыс, шетелдік Шығыс жоғары оқу орындарында да оқыған. Мәселен, біз жоғарыда атаған Ғалым Ахмедов жинаған деректерге қарағанда, бір ғана Стамбұл университетінде 1917 жылға дейін Ө.Ғайсин,

¹ Сонда, 51-б.

² 1917 жылға дейінгі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған қазақ зиялылары туралы мәліметтердің біразын біз Қазақстан Республикасы Президент Мұрағатында сақтаулы тұрған жазушы және зерттеуші Ғалым Ахмедов даярлаған мәліметтен кездестірдік. Сонымен бірге қараңыз: *Ханбиков Н.И.* Русские педагоги Татарин и их роль в развитии просвещения и педагогической мысли татарского народа. Казань, 1968.

С.Шанов, Д.Көлбаев, М.Тұрғанбаев және Ә.Машаев сияқты қазақстандықтар білім алған.

Мұрағат құжаттары және сенімді деректердің негізінде жасалған Ғ.Ахмедов ұсынған тізімнің көрсетулеріне қарағанда, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 120-ға жуық қазақ жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы диплом алған.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігін гимназия мен прогимназиялардың, медициналық училищелер мен курстардың, мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектерінен тұрды. Олар дәрігерлік, фельдшерлік, мұғалімдік кәсіпте, байланыс және банкі қызметінде, газет пен журнал редакцияларында, баспа-ханаларда, переселен және басқа мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеді. Зиялылар тарихын зерттеуші маман профессор В.К.Григорьевтің есебі бойынша, бұл топтағы ұлттық интеллигенцияның саны 700 шамасында¹.

Бұл топтың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омаров, Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Сейдәзім Қадірбаев, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашев, Сағындық Досжанов, Отыншы Әлжанов сияқты және басқа көптеген белгілі қайраткерлер болды.

Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына түсуге әрекетке көшкен орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады. Мұрағаттық және басқа деректер студент қазақ жастарының қоғамдық белсенділігінің айтарлықтай жоғары болғандығын көрсетеді. Мәселен, Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының студенті Ә.Бөкейхановтың студенттік ортадағы белсенділігі туралы «Семипалатинский листок» газетінің тілшісі мынадай куәлік келтіреді: «Орман шаруашылығы институтының студенті бола жүріп ол

¹ Григорьев В., Шапоров Ю. Фрагменты времени. В кн. «О чем не говорили». Алма-Ата, 1990. С. 48.

(Бөкейханов — *Авт.*) барлық студенттік істерде үлкен белсенділік танытты, әруақытта солшылдар жағында табылды. Марксизм туралы айтыс қызғанда ол экономикалық материализм туралы тезистерді бар күшін салып қорғады»¹. Болашақ Алаш қозғалысы жетекшісінің студенттік және одан кейінгі бірер жылдары да марксистік бағытта тұрғандығын басқа да деректік материалдар қуаттайды. Ол туралы ретіне қарай баяндалмақ.

Петербургтегі қазақ студенттерінің астанадағы қоғамдық өмірге енуі және олардың сол тұстағы түрлі саяси ағымдарға қатынасы туралы маңызды фактілерді Халел Досмұхамедовтың кейіннен ОГПУ орындарына берген жауап мәтінінен кездестіреміз. Ол былай деп жазды: «Петербургке 1-революция қарсаңында, яғни арасында студенттер де бар демократиялық күштер іштей тынып, наразылық танытып тұрған шақта бардым да, бірден студенттік өмір иіріміне сүңгіп, өзімнің саяси сауатымды ашуға кірістім, түрлі партиялардың бағдарламалық талаптарымен таныстым, түрлі студенттік үйірмелерде болдым, тек содан кейін ғана орыс мемлекеті өмірінің ішкі мазмұнын түсіне бастадым. Мені және басқа қазақ студенттерін бірде-бір саяси партияның немесе үйірмелердің бағдарламалары қанағаттандыра алған жоқ. Социал-демократтар тек жұмысшылар жөнінде... кадеттер өзге халықтар турасында бір ауыз сөз айтпай, тек орыс халқының ұлылығы жөнінде айтты, ал оңшылдар болса орыстан басқа жұртты кемсітумен болды.

Біз, бір топ қазақ студенттері, кездейсоқ барып тыңдаған Милюковтың баяндамасында айтылған сөздерді ешуақытта ұмыта алмаспыз. Ол сөзінде: «Патша өкіметі жат жұрттарды дөрекі және арсыз түрде қанап, тура сол істі еппен істеп, көздеген нәтижеге жетуге болатындығын ескермей отыр», — деді. Бұл айтылған сөз біздің сол кезеңдегі интеллигенция арасында үстемдік құрған кадет партиясына қатынасымыздың тағдырын шешті. Сол уақытта Петербургте жүрген 10 шақты қазақ студенті өз үйірмемізді құрып, Қазан және Мәскеудегі сондай үйірмелермен хат алыстық. Осы үйірмеде алғаш рет біздің негізгі тілектеріміз қалыпқа түсті. Ол: қазақ еліне толық мәдени және саяси

¹ «Семипалатинский листок» газеті. 1905, 5 маусым.

теңдік, автономия берілуге тиіс, мұсылмандық шығыспен емес, батыс елдерімен қатынасты нығайту, Түркиядан емес, Жапониядан үйрену, Бұқар мен басқа шығыс елдерінде емес, Ресей және батыс елдерінде білім алу, жаңа негіздегі білім мен мәдениет үшін күресу, бір сөзбен айтқанда, осы үйірмелерде тұңғыш рет кейін алашордалық қозғалыста үстемдік алған пікірлер бір арнаға түсті. 1-революция тек студенттерді ғана емес, біздің қызметтегі интеллигенцияны да оятты, ең негізгісі сол — мұғалімдер арасында қозғалыс ұрығын септі, ал бұл қозғалыстың басында Байтұрсынов тұрды»¹.

Х.Досмұхамедовтың бұл көрсетулеріндегі фактілердің шындықтан алшақ еместігіне толық сенуге болады. Саяси өмірге енді ғана араласа бастаған қазақ жастарын бұл тарихи кезеңде, ең алдымен, ұлттық мәселе, оның шешілу жолдары толғантқаны даусыз, сондықтан да олардың бұл мәселеде ұлыдержавалық бағытта болған партияларға сенімсіздікпен қарауы да толық негізді. Досмұхамедов көрсетулеріндегі келесі маңызды факті ол қазақ жастары арасындағы қазақ қоғамының «батыстық» немесе «шығыстық» даму мүмкіндігі төңірегіндегі айтыс. Ондай қызу пікір алысулардың Петербургтегі қазақ студенттері арасында болғандығын мұнда сәл кейінірек оқыған С.Асфендияров та айтады. Ол марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалында болған конференцияда (1933) сөйлеген сөзінде мынадай дерек келтіреді: «Алашорда лидерлері арасындағы «батысшылдық» және «түркішілдік» мәселесіне байланысты да анықтық қажет. Менің есімде 1912 жылдың күзінде, бірінші Балқан соғысы тұсында Петроградтағы қазақстандық, татар, өзбек студенттері арасында Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болғар студенттері бізбен жұдырықтасу алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бір мәжілісте Бөкейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың дәлелі осы болмақ!» дедік. Бөкейханов сонда біздің түрікшілдігімізге үзілді-кесілді қарсы шығып, «өздерінді ешқандай да сағыммен алдамандар, ескі Түркия ыдырау үстінде» деген

¹ ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты (бұдан былай — ҚР ҰҚКМ), арх. №011494, 3-т., 52-п. о.

сияқты ойларды айтып, біздің назарымызды батыстық өркениетке бұрды¹.

Мұрағаттық материалдар қазақ студенттерінің белсенді саяси үгітпен айналысқандығы жөнінде деректер сақтаған. Мәселен, Х.Досмұхамедов жоғарыда аталған көрсетуінде «1905—1906 жылдары басқа қазақ студенттерімен бірге Орал облысында насихат жұмысымен айналысып, жұртқа болып жатқан саяси оқиғалар жөнінде түсінік беріп, «Фикер» газетінде қазақша, «Уральский листок» газетінде орыс тілінде мақалалар жариялап, ауыл аралап жүріп» өзінің және басқа студенттердің 1906 жылдың бас кезінде полицияның қолына түсіп, бұдан былай оларға ел аралауға тыйым салынғандығын айтады. «Соған қарамастан, — деп жазады ол, — біз халыққа бірен-саран нәрселелерді түсіндіріп үлгердік, сөйтіп қазақ арасында Шыңғыс тұқымдарының дворяндық құқын қалпына келтіруді армандаған кадет, сұлтан Бақытжан Қаратаевтың кандидатурасын Мемлекеттік Думаға өткізбей тастадық»². Бұл, әрине, бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқаны кезінде атқарылған іс болса керек.

Саяси үгітпен студент М.Тынышбаев та айналысты. Жетісу облысы Лепсі уезіндегі жандарм орындары жоғарғы басшыларына студент Тынышбаевтың азаттыққа үндейтін түрлі баспа материалдарын үйіне тасып, оларды жергілікті сауатты қазақтардың арасында таратып жүргендігін жеткізген³.

Саяси қызметке араласу тек ірі қалаларда оқитын студенттерге ғана тиесілі көрініс емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға ден қою, түрлі үйірмелер жұмысына араласу Омбы, Семей, Орал сияқты жергілікті орталықтарда орта білім беретін оқу орындарында оқып жүрген жастарға да тән әрекет болатын. Мәскеу университетіне түскенге дейін Семей гимназиясында білім алған Х.Ғаббасов өзінің гимназияда Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, гимназистерге 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен Бекметов, соңынан

¹ ҚР ПМ, 811-к.. 20-т., 686-іс, 239-п.

² ҚР ҰҚКМ, арх. №011494, 3-т., 53-п.

³ *Тынышбаев М.* История казахского народа. Алма-Ата, 1993.

Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жақып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін қафтанға айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандарын жазады¹.

Міне, осы келтірілген және басқа фактілер ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметке біраз даярлықпен келгенін көрсетсе керек. Ал ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Ол жөнінде Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов сияқты қайраткерлердің кезінде айтқан пікірлерін келтіруге болады. Бірақ біз бұл мәселенің дау туғызбайтын шындық екендігін ескере отырып, тек М.Дулатұлының айтқан пікірімен шектелуді жөн көрдік. Ол «Қазақ» газетінде 1913 жылы былай деп жазған еді: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды»².

Мұрағат және басқа материалдардан қазақ зиялыларының өздерін қоғамдық күреске қандай күштің алып келгендігі жөнінде де айтқандарын кездестіруге болады. М.Дулатұлы 1929 жылы ОГПУ тергеуіне берген жауабында бұл мәселеге байланысты мынадай пікір айтады: «...Ол жылдардағы қазақ халқының қараңғылығы мен надандығын айтып жеткізу қиын. Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның бұл халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-шенеуніктер, болыс басқарушылары және басқалары өз «үлестерін» қосты; ауыр салық, зорлық, парақорлық, өсек тасу үйреншікті көрініске айналды; қазақ әйелі күң жағдайында болды, ең құнарлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып берілді, ал қазақтар болса

¹ ҚР ҰҚКМ, арх. №011494, 1-т., 337-п.

² «Қазақ», 1913, №28.

шөлге ығыстырылды; патша өкіметі мектептер аштыруға бас-көз қамқоршы болудың орнына, қазақтарға өздері жиған қаржыға мектеп үйін тұрғызуға тыйым салды; мектеп ашуға әрекет жасағандар Якут облысына жер аударылды (мысалы, Қосшығұлов, Науан қазірет, т.б.), дәрігерлік көмек жөнінде халықта түсінік те болған емес. Қазақ жұрты кез келген орысты жау санады, сондықтан да: «Сары орыстың бәрі орыс» немесе «Орыстан досың болса, жаныңда айбалтаң болсын» деген мақалдар шықты; ұлтаралық араздық қолдан жасалынды және түрлі шаралармен күшейтіліп отырды; егер қоныс аударма келген орыс шаруасының аты жоғалса, ол атты көрші қазақ ауылы төлеуге міндетті болды... Алым-салық ауыртпалығы кедей-кепшікке түсті, оны төлеуде жүздеген бас айдаған бай мен 5—10 бас малы бар кедей теңгерілді.

Қазақ елі, міне, осындай түнекте ғұмыр кешті. Патша өкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіне жетті. Осының бәрін көре тұрып өзімнің азын-аулық біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым санадым»¹.

Бұл айтылған пікірдің астына М.Дулатұлы ғана емес, сол тарихи кезеңде өмір сүрген кез келген қазақ зиялылары қол қоя алатын еді. Міне, осындай ауыр жағдайдағы қазақ қоғамының, оның көзі ашық азаматтарының метрополияда болып жатқан саяси оқиғаларға көңіл аудармауы, әрине, мүмкін емес-тін. Ресейдегі 1905 жылғы азаттық үшін қуатты қозғалыстың дүмпуі ортағасырлық қатынастар құрсауындағы қазақ қоғамына да келіп жетті.

Мұны, ең алдымен, қазақ елінің көңіл күйін жіті бағып отырған орыс әкімшілігі аңғарды. Ресей Ішкі істер министрлігі полиция департаментінің директоры генерал-майор Климович губерниялық жандарм басқармаларына жолдаған күпия Жарлығын мынадай сөздермен бастады: «Ресей мұсылмандары арасындағы қозғалыс өткен ғасырдың соңында, яғни Ресей тұрғындарының барлық топтарын қамтыған Үкімет тәртібіне наразылық негізінде пайда болған толқу барысында басталып, 1904 жылғы орыс-жапон соғысы тұсында ерекше күшейе түсті»².

¹ ҚР ҰҚКМ, арх. №011494, 1-т., 98-99-п.

² Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай — ООММ), 21-к, 9-т., 4-іс, 239-п.

Нақ осы пікірді Верный уезі бастығының міндетін атқарушы шенеунік Мойынқұм болысы қазақтарының жерге байланысты наразылық әрекеттеріне орай 1909 жылы шілдеде әскери губернаторға жазған құпия рапортында былайша білдірді: «Өзара байланысты мұндай оқиғалар маған бүтін бір құбылыстық сипат алып бара жатқандай көрінеді.

Сондықтан да бұл оқиғаларды тудырған себептерді талдай отырып мен мынадай қорытындыға келдім: өзімнің шет аймақтағы 19 жылдық қызметім кезінде қырғыздардың өміріне мұқият көз сала жүріп байқағаным сол, орыс-жапон соғысы аяқталған соң, осы соғыстағы сәтсіздік қырғыздардың алдында орыс билігі қадірінің төмендеуіне алып келді. Қырғыздар «бұрын ойлағандай орыстар соншалықты күшті емес» деген тұжырымға келді»¹.

Қоғамдық өмірдің тереңінде орын алған бұл өзгерістерге сол мезгілде шет елдік басылымдар да көңіл аударған болатын. 1906—1907 жылдары француз қызметінің майоры Лякость арнайы тапсырмамен Үндістан, Ауғанстан, Қашғария, Ресей Түркістаны және Персияда саяхатпен болып қайтып, еліне оралған соң Англия мен Ресейдің өзара бәсекелестігі аймағындағы халықтардың еуропалық билікке қатынасы жөнінде өз тұжырымдарын жариялайды. Францияның отар елдер министрлігіне тапсырған оның баяндамасында қазақ қоғамында қалыптасқан жағдайға да қатысы бар мынадай тұжырымдар бар еді:

«1) Орыс-жапон соғысы Орта Азиядағы Ресейдің ғана емес, сондай-ақ Англияның да жағдайын өте қатты сілкілеп өтті. Азиялық бұқараның өзгерістерге енжар және өзінен алыстағы барлық оқиғаларға немқұрайдылығына қарамастан, кішкентай ғана жапон халқының жеңісі буддалық және мұсылман халықтарының көңіл күйіне әсер етіп, олардың көз алдында орыстар мен ағылшындардың беделін түсірді.

2) Англия саясаты көреген: оның жетекшілері егер бұдан былай да ағылшындар мен орыстар өзара бақталастығын жалғастыра беретін болса, онда бас көтеруге шыққан азиялықтардың арасында біржола әлсірейтіндіктерін

¹ Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907—1914 годах. Сбб. документов и материалов. Алма-Ата, 1957. С. 159.

мойындап, соған байланысты өзара келісімге келіп, Шығыстың «оянуына» қарсы ұйымдасқан түрде әрекетке көшуді жөн көрді.

3) Үндістанда үндістер ғана емес, сондай-ақ ағылшын офицерлері мен шенеуніктері Лякостқа шынын айтып, ағылшындардың ендігі билігі үнді халқының ұлттық талаптарын қанағаттандыру арқылы ғана жүрмек, ал оларға көз жұму тіптен де мүмкін емес.

4) Орыс Түркістанында өте ықпалды жас сарттар партиясы¹ әрекет жасауда, олар кавказдық татарлар сияқты өз ұлттық бағдарламасы бар және ескі зорлықшыл билікке қарсылық көрсете алады ...»²

Міне, бұл келтірілген құжаттық материалдардан орыс-жапон соғысының қазақ қоғамының көңіл күйіне де ықпалы болғандығын аңғару, әрине, қиын емес. Сондай-ақ оның қазақтардың санасында пісіп жетілген наразылықтың сыртқа шығуына түрткі болатыны анық. Осы ретте, әсіресе, жерге байланысты халық наразылығының дүмпуін байқататын бір-екі құжаттан үзінділер келтірейік. «Соңғы жылдары бізден, қазақтардан ерте кезеңдерден бері пайдаланып келе жатқан жеріміз зорлықпен алынууда... Біздің жерімізді өлшеп, одан кесіп алып белгісіз бір алыс аймақтардан қоныс аудара келген шаруаларға үлестіріп беру жылда жүргізілетін үйреншікті іске айналды. Уақыт өткен сайын жеріміз кеміп, ал мұқтаждығымыз ұлғая түсуде: жан басымыз, мал саны өсуде, бұрын онша білінбей, енді үлкен қажеттілік тудырып отырған өзіміз үшін астыққа деген, ал мал үшін қысқы пішенге деген сұраныс ұлғая түсуде, бұларға қосымша түрлі алым-салық та көбейіп кетті. Ал біз өз тарапымыздан орыс переселендеріне көрсетілетін қамқорлықтың шет жағасын да көрген емеспіз. Олар жақсы, егінге жарамды, пішен даярлауға, мал бағуға болатын шабындықтар алады, оларға ең жақсы суаттар мен ормандар өтуде, ал біздің пайдалануымызға ең құнарсыз, егін егуге, пішен даярлауға жарамсыз, орман-тоғайы жоқ,

¹ Жас сарттар партиясын, әрине, орыс Түркістанындағы енді күш алып келе жатқан зиялылар бастаған ұлт-азаттық қозғалыс ретінде қабылдаған жөн.

² Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай — ӨР ОММ), II-1-қ., 4-т., 1278-іс, 1—3-п.

басым бөлігі тау-тастан, сордан тұратын суаттары кем жайылымдар қалдырылуда. Қазірдің өзінде өмір сүру қиындап кетті, ал бұдан былай енді қалған жерден айырылсақ күніміз не болары белгісіз.

Осындай жағдайдың салдарынан арамызда кедейшілік қанат жаюда, жыл санап малсыз жатақтың саны ұлғайып барады. Баяндалған себептерге байланысты ауқатты және бай дегендеріміз кедейленген күйсіздер мен орташаларды одан бетер ығыстырып, қажет деген шабындықтарынан, жайылымдарынан, жерден, жақсы суаттарынан айыруда, бұған, әрине, наразылық өте зор, өйткені жұрт әбден таршылық пен жоқшылық күйге түскен.

Міне соған байланысты Жоғары мәртебелі өзіңізден алдыңызда басымызды ие отырып біздің жағдайымызға назар аударуыңызды өтінеміз, өйткені біз де Ресей империясында ұлы патшаның орыс шаруалары және басқа бодандығындағы тұрғындары сияқты салық төлейміз, патшаны құрмет тұтамыз және Аллаға құлшылық етеміз, ал Алламыз біреу ғана. Олай болса, неге біз ұмыт, ескерусіз қалуға тиіспіз? Біз де басқалар сияқты адамбыз ғой...¹.

Ресей мемлекетінің Егіншілік және Мемлекеттік мүлік министрі атына Ақмола облысы, Көкшетау уезі Жыланды болысындағы елу отбасының сенім білдірген өкілдері Мұстафа Илинов пен Байдүйсен Оразаев деген кісілер қол қойған бұл арыз осы мезгілде (1901 ж.) түрлі аймақтардағы қазақ ауылдары атынан билік орындарына жалданған көп құжаттардың бірі ғана. Келесі императрица Александра Федоровна атына Торғай облысы Ақтөбе уезі Қаратоғай болысының №2 ауылының тұрғындары атынан жазылып Т.Баянақов пен Б.Шоқанов қол қойған арызда өздеріне тиесілі жердің 100 сом ақша пара мен ішілген 50 құты шарапқа сатылып кеткендігі, ал бұдан бұрын жазған арыздарының жауапсыз қалғандығы, «ендігі уақытта өздерінің ешқандай жер үлесі болмаған, сондықтан да отырған орындарынан ысырылып, сыртта қалуға тиіс күйге жеткізілгендіктерін айтады. «Сізге 1905 жылы 27 наурызда жолдаған арызымызда, — деп жазды олар, — бұл іске Переселен басқармасын араластырмай арнайы бір шенеунік

¹ Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы А., 2004, 25—26-бб.

бөліп, егжей-тегжейлі тексертуді өтінген едік, бірақ Сіз немесе губернатор тарапынан ондай әрекет байқалмады, сондықтан да кінәлілерді жауапқа тарттыруға дәрменсіз күйде қалатын түріміз бар, неге десеніз, біздің мүддемізге қарсы крестьян және уезд бастықтарынан құралған бүтін бір сірескен қабырға тұр, міне, солардың үкімін үлкен жігермен жалғыз-ақ болыс хатшысы Алексей деген жүргізіп отыр. Ал осы писарьдың өзіне сенімділігі сондай, оған қарап бүкіл қазақ жерінің нағыз иесі осы шығар деп қаласың¹.

Қазақ жеріндегі орыс билік жүйесінің халықтың негізгі талап-тілегіне жауап бере алмай отырғандығын орталық үкімет орындарына жолдаған хаттарында жеке тұлғалар да білдіре бастайды. Сондай бір хатты Ресей министрлер комитеті төрағасының атына Петербордағы Темір жол және көлік институтының студенті Мұхамеджан Тынышбаев жолдаған еді. Бұл хатта әбден негізді мынадай ұсыныстар айтылған еді: «Қазақтарды басқару тәжірибесі көрсетіп отырғандай қазіргі қолданыстағы «Уақытша Ереженің» көптеген баптары, жергілікті билік орындарының түрлі нұсқаулары мүмкін кезінде заман талабына сәйкес келгенімен, енді бүгінгі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне жауап бере алмайды. Өмірдің өзі қазақтардың аса қажетті деген сұраныстарын білдіретін бірнеше мәселелерді алдымызға көлденең тартып отыр.

1. 1868 жылғы «Уақытша Ереже» бойынша қазақтардың рухани-дін ісі жалпы азаматтық басқаруға бағындырылған, сол арқылы Ішкі істер министріне қарайды. Қазақтардың рухани-дін ісінің мұндай қойылуы тіптен де дұрыс емес, өйткені түрлі мекемелердегі шенеуніктер мұсылман дінінің ұстанымдарынан мүлдем хабарсыз.

... Рухани-дін ісі тұрғысынан қазақтарға толық еркіндік берілгені жөн», — деген ұсынысын білдіре отырып, одан ары студент М.Тынышбаев үкімет алдында дін ісіне байланысты әбден көңілге қонымды қазақ қоғамының талап-тілегін қояды.

М.Тынышбаев хатында өкіметтің жүргізіп отырған жер саясатының қолданыстағы «Уақытша Ереженің» 125 және 129-баптарына қайшы келетіндігін нақты дәлелмен айтып, «Біз қазақтар ерте замандардан бері жерімізді өз меншігіміз

¹ Сонда, 27—29-бб.

ретінде иеленіп келдік, ал орыс билігін ешқандай да қан төгуісіз, еркімізбен қабыл алғанда өзіміздің ең құнарлы жерімізден айырылу үшін, сондай-ақ жасалынған зорлықтар мен қиянаттарды үнсіз көтеріп жүре беру үшін алған жоқ едік, арамызға бейбіт өмір және тыныштық келеді, қауіп-қатерден қорғаныс табамыз деген ойда болдық; сондықтан да әділеттікке сай қыстауларымыз, егістіктеріміз, шабындықтарымыз келімсек тұрғындарға берілмек аудандардың құрамына мүлдем кірмеуін талап етеміз», — деп жазды.

М.Тынышбаев сондай-ақ «Уақытша Ереженің» 17-бабын (генерал-губернаторға кез келген сенімсіз көрінген қазақты сотсыз және тергеусіз бес жылға басқа өңірге жер аудару құқын беретін), 70-бабын (әскери губернаторға басқару ісіне халық сайлаған кісілерді емес, өзі қалаған адамды бекіту құқын беретін) жоюды, губернатор, уез бастығы, сот және басқа мемлекеттік қызметтегілерге қазақтың тілін, салты мен дәстүрін білуді міндеттеуді талап етті. «Біз, — деп жазды ол, — әскери сословиеге жатпаймыз, өлкеміз баяғыда-ақ тыныштанған, соған байланысты ешқандай да әскери басшылыққа, олардың ерекше бір қамқорлығына мұқтаж емеспіз. Сондықтан да әскери басқаруды азаматтық басқаруға алмастырып, мүлдем артық мекеме — генерал-губернаторлықты және онымен қоса «Ереженің» 17-бабын» жоюды ұсынып, 6 миллиондық қазақ халқының өкілдерінің жалпымемлекеттік, сондай-ақ қазақ халқын басқару ісіне қатысып бар мәселелерді шешуге атсалысу құқы барлығын ескертеді¹.

Міне, бұл келтірілген құжаттық материалдар ресейлік биліктің түрлі әділетсіз және заңсыз қызметіне байланысты қазақ қоғамында наразылықтың әбден пісіп-жетілгендігін айғақтайды және мұндай көңіл күй қоғамдағы барлық әлеуметтік топтарға ортақ болатын. Сондай-ақ осы берілген құжаттық материалдарға байланысты мынадай бір тарихи фактіге назар аударған жөн. Ол осы мезгілдегі жалпы қазақ ұлтының рухани өміріне тиесілі бір қасиет — халықтың оның жеке өкілдерінің белгілі бір нәрсеге қатысты өз көзқарасы мен ұстанымын еркін білдіре алуы еді. Осы мезгілге дейін орыс билігіне қарсы Исатай Тайманұлы,

¹ Сонда, 29—33-66.

Кенесары Қасымұлы және басқа белгілі тұлғалардың бастауымен болып өткен ұлт-азаттық көтерілістердің жеңіліс тапқанына қарамастан, ұлттың белгілі бір бөлігінде пікір, рух еркіндігінің барлығы, сондай-ақ бұл қасиетті құндылық ретінде жоғары бағалау әлі анық байқалды.

Төніп келе жатқан халықтық толқуларды болдырмау үшін және солшыл күштердің тегеурінін бәсеңдету мақсатында II Николай 18 ақпан күні Ішкі істер министрі А.Булыгин дайындаған рескриптке қол қойды. Онда «халықтан сайланған» адамдарды заңдық жобаларды дайындауға және талқылауға қатыстыру туралы айтылған еді. Сол күні жеке адамдар мен ұжымдарды мемлекет қызметі мен халықтың әл-ауқатын жетілдіре түсуге байланысты өз ұсыныстарын орталық билікке жеткізуге шақырған құжат та өмірге келді. Бұл қаулының әрбір әрпіне сенген қауымдар, муниципалитеттер, думалар, Земство жиналыстары, жеке азаматтар үкіметке түрлі қарарларын, өтініштерін, ұсыныстарын қардай боратты. Олардың біразы күн өткен сайын батылдық танытқан баспасөз бетінде жарық көріп жатты. Бұл мемлекет тарихында сөз еркіндігіне жол ашқан алғашқы оқиға еді. Осымен бір мезгілде жоғары оқу орындарының оқытушылары, журналистер, дәрігерлер, адвокаттар, жазушылар мен земск қызметкерлері өздерінің кәсіптік одақтарын құруға кірісті. Елде түрлі әлеуметтік топтарды біріктірген жаңа саяси партиялар пайда бола бастайды.

18 ақпан қаулысы тудырған көңіл күй Қазақстанға да жеткен еді. Ол жөнінде Ө.Бөкейханов өзінің «Қазақтар» атты мақаласында былай деп жазды: «...халық сеніміне ие болған адамдарды» жинауға және халық мұқтаждығын білдіретін арыз-шағымдарды беруге рұқсат еткен 18 ақпан рескриптің дала үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді. Қазақ халқының мұқтаждықтары жөнінде хат арқылы пікір алысу басталып кетті. 17 сәуірдегі дін сыйластығына қатысты қаулы көңіл күйді одан бетер көтере түсті. 1905 жылдың жазғытұры кеңшілік өмір келісімен далада, жайлауда жергілікті мәселелерді және барлық қазақ жұртының мұқтаждықтарын талқылаған съездер өте бастады. Осы жылғы барлық ірі дала жәрмеңкелері қазақтардың саяси съездері өткізілген аренаға айналды. Бұл съездерінде қазақтар артынша Жоғары мәртебеліге

жолданған арыз-шағымдары талқылап, оларға қолдарын қойды»¹.

Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке арыз-шағым жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең-байтақ қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған арыз-шағымға — 1000 адам², арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған арыз-шағым — 44 адам³, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы арыз-шағымында 14,5 мың адам қол қойған еді⁴.

Бұл арыз-шағымдардың мазмұны жөнінде нақты түсінікті Орал және Торғай облыстары қазақтары жолдаған петициямен танысу арқылы алуға болады. Ол қазақ тілінде жазылып, 1905 жылы Орал қаласындағы К.М.Тухватуллин баспасында жарық көрген. Екі бөлімнен тұратын бұл құжатта қазақ елінің дін және жер мәселелеріне байланысты талаптары жан-жақты және дәл баяндалған. Арыз-шағымның авторлары Кердери Ахмеджан халфе Баймұхамедұлының граф П.Игнатовқа жазған хатынан «қазақтың бұл күнде бауыры балшық, сырты су болып, көзінен аққан жасы таусылып, қан ағады» деген сөзін келтіріп, жер мәселесіне байланысты мынадай талаптар қояды:

«1) Қазақ жерінде бұл күнге шейін қала салып алып бейбіт өмір сүріп отырған орыстар отыра берсін және олар алған жерге талабымыз жоқ. Бірақ қалған жеріміз қырғыз-қазақ халқының өз пайдасына мәңгі ұрпақ мұрасы ретінде

¹ Букейханов А. Киргизы... С. 597.

² Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата, 1993. С. 27.

³ Қараңыз: 1905 жылы Орал һәм Торғай облысының Петерборға депутат болып барған изгу ишанларының һәм биларының дин һәм жер тұғрасындағы һәр министрларға ұсынған сузларидур. Орал. К.М.Тухватуллин баспасы, 1905. 28-30, 42-43-бб.

⁴ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Алма-Ата — Москва, 1935. С. 96.

ешкімнің ортағынсыз берілсін, сондай-ақ бұл жерді қырғыз-қазақ халқы императрица Анна Иоанновнаның жалованное грамотасына сәйкес ықтиярлы, тығыздық көрмей пайдалансын;

2) Бұдан былай орыс крестьяндарына қазақ жерінен жер берілмесін және қазақ жерінен переселенчески участок ашылмасын;

3) Дала Ережесі 119—136, яғни барлығы он жеті баптары негізсіз деп танылып, жойылсын;

4) қырғыз-қазақ халқының қолына жер мәңгілік өзіндік деген құжат қағаз берілсін»¹.

Арыз-шағымның әр бөлімінің соңына 22 адамнан қол қойған және олардың басым бөлігі (30-ға жуық) ишан, қажы, молда сияқты дін қызметіндегі кісілер болатын. Сондай-ақ бұл құжатты дайындауда Бақытжан Қаратаевтың басшылық рөл атқарғанын аңғару қиын емес. Екі бөлімнің соңында қол қойғандардың арасында оның аты-жөні Ақтөбе уезі Бөрте ауылының халық соты Мырзағазы Қойайдарұлы және осы ауылдан «потомственный гражданин» атағын иемденген Сабыржан Байеділұлының есімдерімен қатар аталады.

Мазмұндық тұрғыдан алғанда, бұл құжатта сол тарихи кезеңге лайық қазақ қоғамының дін, әсіресе жер мәселесіне байланысты негізгі талап-тілектері көрініс тапты.

Осы 1905 жылы Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде 14500 (екінші деректе — 12767) адам қол қойған Қарқаралы арыз-шағымы өмірге келді². Арыз-шағымдағы 11 тармақтан тұратын талап-тілектер сол тұстағы қазақ елінің қоғамдық тұрмыстағы ең негізгі мұқтаждықтарын толық қамтыды деп айтуға әбден болады. Онда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ұждан бостандығы, дін тұту еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, болыс кеңселеріндегі іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу күні өткен Дала Ережесін жаңа уақытқа сай заңмен ауыстыру, қазақ еліне жоғарғы

¹ 1905 жылы Орал һәм Торғай облысының Петерборға депутат болып барған... 42-43-бб.

² Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 2004. 33—39-бб.

заң шығарушы орындарға өз депутаттарын сайлауға мүрсат беру және басқа сол сияқты аса маңызды мәселелер көтерілді.

Арыз-шағымның ең маңызды мәселе — жер мәселесін айналып өтпегендігі түсінікті. Құжатты жазушылар «әкелер қанының өтеуімен азат етілген атамекенін» «орыс мемлекеті ешқандай дәлел-себепсіз, күштінің құқығы жүреді деген қағидаға сай, барлық қазақ жері мемлекет меншігі болып табылады деген заңды бекітіп, соның салдарынан қазақ даласына қоныс аудару қозғалысы» басталғандығын айтып, үкімет алдына мынадай талаптар қойған болатын:

«4. Соңғы 15 жыл бойы Дала өлкесін отарлау жүріп жатыр. Жыл өткен сайын қазақтардың иелігіндегі жер азайып келеді. Мал шаруашылығы өз табиғатына сай экстенсивті болмасқа шарасы жоқ, сондықтан да ол өмір сүруі үшін кең жайылымдарды талап етеді. Ал қоныс аударушыларға бөлінген аумақтар үшін ең шұрайлы жерлер мен тұщы су көздері тартып алынуда. Сондықтан да қазақтар иеленіп отырған жерді олардың меншігі ретінде мойындау қажет»¹.

1905 жылы түрлі арыз-шағымдар тапсыруда үлкен белсенділік танытқан далалық облыстардың қазақтары еді. М.Тынышбаев бұл саяси науқанға аталған өлкеден 25 мың адамның қатысқанын айтып: «Енді генерал Сухотинге барлық қырғыз жұртын Сібірге жер аударып, елсіз далада жеке өзіне патшалық құрудан басқа ештеме қалған жоқ»², — деп мысқылдаған болатын.

Қорыта айтқанда, 1905 жылы жазылған арыз-шағымдармен таныса келіп, олардың сол кезеңдегі қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы құжаттар екендігіне көз жеткізу қиын емес. Тарихи құжаттарды талдауда тар таптық бағыт ұстанған кеңестік тарихнама бұл арыз-шағымдарды «феодалдық-бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары» ұйымдастырған науқан ретінде бағалап, оларды, негізінен, дін мәселесін көтерген құжат етіп көрсетіп, мазмұнын бұрмалауға ұрынды³.

¹ Сонда, 37-б.

² Тынышбаев М. Аталған еңбек, 27-б.

³ Қазақ ССР тарихы. III т., 388-б.

Ал, шын мәнінде, бұл арыз-шағымдарды сол тарихи контекстен бөлмей қарар болсақ, олардың басқа дәрежеде және мазмұнда көрінуі тіпті де мүмкін емес-тін. В.И. Ленин «Азияның оянуы» атты еңбегінде шығыс елдердегі революциялық өрлеуге сипаттама бере келіп: «Дүние-жүзілік капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржола оятты. Езілген, ортағасырлық тоқырауда тағыланған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге, адамның ең қарапайым құқықтары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмтылып отыр»¹, — деп көрсеткен болатын. Бұл пікірдің түгелдей сол кезеңдегі қазақ азаттық қозғалысына да тән екендігі күмән тудырмаса керек.

Ал нақты Қарқаралы арыз-шағымының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес-тін.

Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы арыз-шағымын дайындауда Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев және басқа сол кезеңдегі белсенді қазақ зиялылары жетекшілік рөл атқарған². Сондай-ақ бұл іске дін қызметкерлері де өз үлесін қосқан және олардың ықпалы аз болмаса керек. Ө.Бөкейханов бұл арыз-тілекті жазуға, бір жағынан, «орыс әдебиетінде тәрбиеленген, еуропалық мәдениетке сеніммен қарайтын, Отанының бақытын батыс мәдениеті жетістіктерін тура қабылдай білумен байланыстырып, ал дін мәселелеріне екінші кезектегі іс деп қарайтын зиялылар» қатысса, екінші жағынан, «шығыстық ортодоксия мен ұлттық-діни ерекшелік рухында тәрбиеленген зиялылар» атсалысқандығын айтып, «соңғылары дінді негізгі мәселе есебінде қойып,

¹ Ленин В.И. Ш. Т. Ж. 23-т., 160-б.

² Қарқаралы петициясын дайындап үкімет орындарына жіберуде Бөкейханов пен оның пікірлес серіктерінің жетекші рөл атқарғандығын Бөкейхановтың Ресей мемлекеті земск және қалалық қоғам қайраткерлерінің съезінде сөйлеген сөзінен анық аңғаруға болады. «Семипалатинский листок» газеті. 1905, 8 желтоқсан.

мұсылман схоластикасына ешкім, ешуақытта аса алмайтын ғылым ретінде қарап, қырғыз халқын, жалпы, Мұхаммед дініндегілерді басқа халықтардан жоғары санап, ақ ниетпен және саналы түрде діни тұтастық пен ұлттық тұтастық арасындағы айырмашылықты көргілері келмеді»¹, — деп жазды. Орыс зиялыларымен салыстыра қарағанда, оның пікірі бойынша, алғашқы ағымдағыларды батысшылдар, ал соңғы ағымдағыларды түркішілдер деп атауға болатын еді².

Ө.Бөкейханов арыз-шағымының мәтінінде дінге байланысты талаптардың бірінші кезекте тұрғандығын діншіл, түркішіл зиялылардың халық арасындағы ықпалының басым түсіп жатқандығымен байланыстырды³.

Революциялық өрлеу барысында өмірге келіп, тек метрополия тұрғындарына ғана емес, сонымен бірге ұлттық аймақтарға да үлкен ықпалы болған құжаттардың бірі — 1905 жылғы 17 қазанда жарық көрген манифест болды. «Бостандық манифесі» атанған бұл құжатта жеке адамның құқығына қол сұқпау, ұждан бостандығы сияқты мызғымас принциптер негізінде халыққа азаматтық бостандықты сыйлау, кешіктірмей Думаға сайлау өткізу, оған сайлау құқығы болмаған әлеуметтік топтарды тарту жөнінде айтылған еді.

Қазақ зиялылары бұл құжатты халықтың саяси белсенділігін арттыру, саяси сауатын көтеру үшін пайдалануға тырысты. Манифест жарық көрген бетте қазақ тіліне аударылып, вице-губернатордың қолдауымен Ақмола баспаханасында көбейтіліп, бүкіл қазақ даласына таратылады. Ө.Бөкейханов ол жөнінде: «Қалада тұратын қазақтар манифестің қысқаша мазмұны баяндалған жеделхаттарды алып, шексіз қуанышқа батты. Далада және дала облыстары қалаларында ең алғашқы жария шерулер өтіп жатты. Қалаларда қазақтар тек теңдік, ұждан бостандығы, халық билігі жөнінде сөйлеген мәз-мейрам зиялыларға қосылды. Орыстардың аузынан мұндай сөздерді қазақтардың алғаш рет естуі еді, сөйтіп екі халықтың болашақтағы өзара жақындасуының негізі қаланған болатын. Қазақтар орыстардың бәрі бірдей емес екендігін, олардың

¹ Букейханов А. Киргизы... С. 597.

² Сонда.

³ Сонда, 598-б.

арасында ғасырлар бойы қазақ даласында орыс халқының атын былғап келген өздерінің ескі таныстарына ұқсамайтындары да бар екендігіне көздері жетті»¹ деп жазды.

Деректік материалдар 17 қазан Манифесіне байланысты митингілердің қазан және қараша айларында барлық дала облыстарын қамтығандығын көрсетеді. Жандарм орындарына тән және басқа құжаттар Омбы, Павлодар, Қарқаралыда өткен жиылыстарда құқық магистрі Жақып Ақбаевтың патшалық жүйені сынға ала сөйлеп, екі жақтың да, яғни халық бұқарасының да, сондай-ақ жандарм орындарының да назарына (әрине екеуіне түрлі мағынада) іліккендігін баяндайды.

Ө.Бөкейханов І Думаның он жылдығына арналған естелік мақаласында сол тұстағы қазақ саяси өмірі үшін жаңа мынадай фактілерді келтіреді: «Қарашаның басында Павлодардағы базар алаңында бүкіл қала тұрғындары мен қырдан келген қазақтар қатынасқан шеру болды. Онда сөйлеген шешен «қаражүзділермен бірге қызмет істеуден бас тартып» еркіндік жариялаған күндері (17 қазан манифесін айтып отыр — *Авт.*) отставкаға шыққан бұрынғы мировой судья Ж.Ақбаев еді...

Ж.Ақбаевтың Павлодардан Қарқаралыға бет алуы үгіт сапарына айналды. Жол бойы барлық жерде шешенді қырғыздардың үлкен топтары құрметті қонағындай қарсы алып, біраз жерге ұзатып салып, туысындай қоштасты. Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасына қарай жетті. Келген бетте полицай басқармасының тура қарсы алдындағы жалғыз алаңда митингі болды. Онда қала тұрғындары түгелдей — барлық орыс зиялылары, орыс-казактар, татарлар, сарттар және қырғыздар — жиналған еді»².

Қарқаралы уезінің бастығы генерал-губернаторлық кеңсесіне жолдаған жеделхатында Қарқаралыда өткен митингі жөнінде толық баяндап, шеруге қатысқандардың «Полиция жойылсын!», «Крестьян начальникитері жойылсын!» деген ұрандар ұстағанын хабарлап, «жағдай күрделі,

¹ Сонда, 588—599-бб.

² Букейханов А. Выборы в Степном крае. «К 10-летию I-ой Государственной Думы». Петроград, 1916. С. 44.

егер ол осылай тұра берсе, қырғыздар арасында ұлттық қозғалыс болуы ықтимал, өйткені дала әбден ширығып алған»¹ деп білдірді.

Шеруді ұйымдастырушылар митингіге қатысушылар атынан Министрлер Кеңесінің төрағасы Виттеге жеделхат жолдап, онда саяси бостандықтың келгенін іс жүзінде танытып, елге жағымсыз шенеуніктерді алып кетуді талап етеді².

Семей облысы губернаторының міндетін атқарушы Ф.Чернцов полиция департаментіне берген мәліметінде Ж.Ақбаевтың осы шеруге қатысқанын баяндай келіп, ол «...қырғыздарды билікке бағынбауға, даладағы орыс стражниктерін жазалауға шақырып, Ұлы мәртебелі Императордың атына қорлайтын сөздер» айтқанын білдіреді³.

Өз ретінде Ж.Ақбаев кейінірек (1911 ж.) Түркістан өлкесін тексере келген граф Паленге жолдаған арыз хатында «Мен адам ретінде және Ресей Империясының азаматы ретінде 17 қазан Манифесінің тез арада іске асуын жақтаймын, сондай-ақ жоғарыда баяндалған мерездерден тек осы Манифесті өмірге енгізу арқылы құтылуға болатындығына әбден сенемін»⁴ деп жазды.

Әрине, 1905 жылғы оқиғаларға қазақ зиялыларының белсенді түрде араласуы отаршыл әкімшілік тарапынан ескерусіз қалмағаны түсінікті. Үкімет орындары бірден жазалауға көшпегенімен, өз нысанасына іліккен қазақ оқығандарын қырына алуды ұмытқан жоқ және оны Ө.Бөкейхановтан бастады. Оған алдымен Семей қаласына келуге тыйым салынды. Ал 1906 жылғы 8 қаңтарда Керекуден Семейге облыстық съезге қатынасуға жолға шыққан оны Ямышевск поселкесінде ұстап, абақтыға жапты⁵. Сөйтіп, ұлт зиялылары мен билік арасындағы егес басталып кетті.

¹ Революционное движение в Казахстане в 1905—1907 гг. Сб. документов и материалов. Алма-Ата, 1955. С. 87.

² ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 1144-іс, 27-28-п.

³ Сонда, 64-к., 1-т., 5832-іс, 232-п.

⁴ Сонда, 184-п.

⁵ Букейханов А. Выборы в Степном крае... С. 45; «Қазақ» газеті. 1915. № 105.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Ресейдегі азаттық қозғалыстың өрлеуі барысында қазақ қоғамына да жеткен үлкен тарихи жаңалықтың бірі 1905 жылы 6 тамызда шыққан манифест бойынша қазақ еліне де Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқығының берілуі еді. Қазақ зиялылары Мемлекеттік Думаны империяның Қазақстандағы саясатына, әсіресе, жер мәселесіне әсер ету құралы деп бағалап, оның жұмысына үлкен үміт артып, сайлау науқаны мен Думадағы түрлі фракциялық жұмыстарға белсене араласты.

Өз ретінде империяның билеуші топтары, алдымен солардың мүддесін қорғаушы жоғарғы үкімет орындары Думаның ұлттық және әлеуметтік құрамын өз бақылауынан шығарған емес. Мәселен, 1906 жылы 21—28 мамыр аралығында болып өткен жиырма тоғыз губерниядағы Дворян қоғамдары өкілдерінің бірінші съезі біріккен дворяндар қоғамының Кеңесін құрып, құрамына Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңестің көптеген мүшелері енген бұл орынның міндетін мемлекеттік саясатқа ықпал ету, сондай-ақ «Мемлекеттік Думада белгілі бір мемлекеттік мәселелер бойынша дворяндар мүддесін теориялық тұрғыдан білдіріп»¹ отыру деп тұжырымдады. Съезд «Аграрлық мәселелер бойынша негізгі Ережелер» деп аталатын құжатында «суландыру жүйесі, жол салу және басқа шығындарға жұмсалатын қаржыны аямай Оралдың арғы беті мен қырғыз далаларында... ең кең көлемде көші-қон аумақтарын даярлауды ұйымдастыру»² қажет екендігіне баса назар аударды.

Өрине, ашық және кең отарлау саясаты жүргізіліп отырған жағдайда Дума қызметі де Ресей помещиктерінің мүддесіне қайшы келмеуге тиіс еді. Осы тұрғыдан ойлаған Ішкі істер министрі А.Г.Булыгин Мемлекеттік Думаны құру туралы қаулыны дайындау барысында 1905 жылдың жазында дала генерал-губернаторы Сухотинге хат жолдап, онда «қазақ жұртын анайы көшпелі, тоң астында мұзы ерімейтін, мұхит қабағында ит жегіп жүрген самоед,

¹ *Скляров Л.Ф.* Переселение и землеустройство в Сибири... С. 78—79.

² Труды первого съезда уполномоченных дворянских обществ 29 губерний. Изд. 2. СПб., 1910. С. 152—155.

лапармен бірдей деп, депутат сайлауынан тысқары қылайық деген пікір бар, сіз қазақты билеп отырсыз, біздің бұл ақылды қалай көресіз?»¹ — дейді. Сухотин Булыгин пікірін губернаторлыққа қарасты мекеме басшыларын жинап, кеңеске салады. Кеңеске қатысушылардың басым бөлігі Булыгин пікірі қате, «Қазақ жұрты іскер, шешен, өзі он облыста, саны бес миллион, қазақ жайын өзі Думада баян қылатын жөні бар, қазақтан Думада депутат болмаса, бес миллион жұрт мақсұды жетім-жесір қалады. Қазаққа депутат бермесе бұл әділдіктен тысқары болады, патша рескриптіне қарсы болады»² деген пікірді білдіреді.

Генерал-губернатор Сухотин қорытынды сөзінде: «Рас, қазақ елі самоед, лапар емес, бұлардың арасы жер мен көк арасындай, қазақты бұлармен оттас, ошақтас қыламын деген Булыгин сөзі әншейін амалсыз себеп. Дегенмен қазақ жұртына депутат бермейміз деген пікір дұрыс. Өйткені патшаның қол астындағы жұрттың үштен екі бөлімі орыс, қалған бір бөлімі поляк, еврей, татар, қазақ һәм өзге уақ жұрттар. Біздің орыстың ең болмаса жарымы сайлаған депутаттар жұрттың бәрін құрдас қылмақ болады. Бұларға төмем орыс емес жұрт сайлаған депутаттар қосылады. Сөйтіп, Думада біз орыстар азшылыққа қаламыз. Осыған қарағанда Булыгин сөзі дұрыс, орыс пайдасы. Қазақ ақылсыз, мылқау болса, мұның депутаты жау жаққа шыққанымен, зарары аз болмақ. Ал қазақ ақылды, шешен болса, онда қазақты Думадан тысқары қалдырған тиімді»³, — дейді.

Бірақ Ішкі істер министрі мен генерал-губернатордың тілегі Дума туралы үкімет шешімін дайындау барысында өтпей қалды. Бұл екі билік орындарының ұстанымына қарсы қазақ қоғамының наразылығын білдірген хаттар орталық билік мекемелері, патша атына түсіп жатты. Сол құжаттардың бірі, яғни Қарқаралы уезінің 42 тұрғыны қолдарын қойып, патша атына жолдаған хатта кімге де болса түсінікті мынадай ойлар айтылған еді: «Омбы қаласы, 1905 жылдың 22 шілдесі. Омбы қаласында генерал Сухотиннің басшылығымен өткен түрлі мекеме

¹ Булыгин хатының мазмұны Бөкейхановтың «Дума һәм қазақ» атты мақаласында берілген. «Қазақ». 1913, № 23.

² Сонда.

³ Сонда.

шенеуніктерінің мәжілісінде министр А.Г.Булыгин жобасы¹ рухында земскі жиылысына² қазақтардан өкіл жіберуге қарсылық білдірілді. Мұндай көрегендікке жатпайтын шешім Дала өлкесінің негізгі бұқара тұрғындарының даму сипаты мен ұмтылысынан хабарсыздықты байқатады және оларға мұндай шеттетушілік өте жағымсыз әсер етіп отыр.

Қытай және Ауғанстанмен шектесетін алып аумаққа орналасқан қазақтар өз тағдыры мен мүддесін мемлекет мүддесімен байланыстырады, сондай-ақ өздерін басқа халықтармен тең санайды және Жоғары Мәртебелім Сіздің халықтың сеніміне ие болған лайықтыларды сайлау туралы шешіміңізден хабардар. Шын мәнінде, егер қарапайым әділеттілік пен ақиқат аяқ асты болмаса алты миллиондық қазақтарды ерекше, құқықсыз топқа жатқызуға қандай негіз болуы мүмкін. Ия, рас, біз мал өсірумен айналысамыз, осы шаруашылықтың талабына сәйкес жазында 3—4 ай көшіп қонуға мәжбүрміз, бірақ бұл кейбіреулер ойлағандай берекесіз қаңғыру емес ... Мал шаруашылығы мәдениетімен айналысу қазақтарды неге сайлау құқынан айыруға негіз болуға тиіс, мәселен, саудамен, егіншілікпен, балық шаруашылығымен немесе басқа кәсіппен айналысатын халықтар мұндай құқынан айырылып отырған жоқ қой!? Ресей империясының халықтары шындығында білім деңгейі, мәдениеті жағынан мүлде біркелкі емес, сол сияқты мемлекеттік міндеткерліктерді түсіну тұрғысынан да қазақтар олардың алдында тұрған жоқ, сондай-ақ соңында да емес.

Мемлекет өмірін орнықты етіп құруды қазақтармен салыстырғанда басымдылық берілмекші басқа отырықшы жатжұрттықтарды атамай-ақ қояйық, тіптен қазақтардың қоғамдық және мемлекеттік міндеткерліктерді түсінуге

¹ Жоба авторы атымен «Булыгин Думасы» аталған бұл құжатта империя тұрғындарының басым бөлігін құрайтын жұмысшыларға, әскер қызметіндегілерге, әйелдерге, аз санды ұлттарға, т.б. сайлау құқы берілуге тиіс емес-тің//Большой энциклопедический словарь. М.: Большая Российская энциклопедия. 1997. С. 163.

² Жеделхатта «земскі жиналысына» деп көрсетілгенімен, сөз Мемлекеттік Думаның жұмысына қатынасу құқы жөнінде болып отыр/Қараныз: Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 том, 46-б.

келгенде орыс шаруаларынан кем екендігі дәлелденген емес. Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Тақсыр, сенуіңізді өтінеміз, қазақтардың, міне, осындай ұлы іске даярлығымыз басқа жұрттардан кем емес, ал бюрократия болса бізге жоғарыдан және менсінбей қарайды, бізді білгісі де келмейді, төмен санайды, мұндай қатынасқа төлейтін өтеміміз тым ауыр болып отыр. Қалай болғанда да бізді білуге тиістілердің білмегендігі үшін кінәлі емеспіз ғой ...»¹

Осы мазмұндағы наразылық хаттар түрлі деңгейдегі билік орындарына жеке тұлғалардың аттарынан да түсіп жатты². Олар, әрине, қазақ қоғамының, әсіресе оның зиялылар тобының саяси белсенділігін куәландыратын фактілер еді.

1905 жылғы жаздағы революциялық өрлеу барысында патшалық билік еңбекші бұқараның таптық наразылығына шет аймақтардағы отарлық тәуелділіктегі елдердің өз бостандығы үшін қуатты қозғалысын қосып алудан қаймықты. 1905 жылғы 6 тамыздағы Мемлекеттік Дума жөніндегі патша манифесті қазақ еліне де депутат сайлау құқығын берді. Бірақ бұл құқық жартыкеш болып шықты. Өйткені депутаттарды сайлау барысында облыс тұрғындарының ұлттық құрамы, қазақтардың сандық басымдылығы есепке алынбады, әрбір облыстардағы сайлауға қатыса алатын адамдардың жалпы саны ғана негізге алынды.

Қазақ зиялылары бұл әділетсіздікті түзетуге әрекет жасап бақты. Ол жөнінде «Семипалатинский листок» газеті мынадай хабар басты: «12 қараша (1905 ж. — *Авт.*) сенбі күні Семейдің Слабодкасында тұратын ауқатты бір кісінің үйіне кездейсоқ 30-ға тарта аса бай, беделді қазақ зиялыларының басы қосыла қалды. Осы жерде 17 қазан манифесінің қазақ тіліндегі нұсқасы мен түсіндірмелері оқылды... Бас қосу барысында зиялылар қазақ елінің мұқтаждықтарын айтысты. Ақыры ойласа келе, граф Виттеге мынадай мазмұнда хат жолдады: «Газеттердегі ақпарлардан мәлім болып отырғандай, Семей облысынан Мемлекеттік Думаға орыс-казактардан — 1 депутат, орыс шаруаларынан — 1 депутат, қазақтардан — 2 депутат

¹ Сонда, 44—45-бб.

² Сонда, 47—55-бб.

сайланбақшы екен. Соңғы санаққа қарағанда облыста 32 779 орыс-казак, 63 130 орыс шаруалары, 625 550 казак тұратыны мәлім болып отыр. Сонда қалай, он тоғыз казактың саяси құқығы бір орыс-казак және екі орыс шаруасы құқығымен тең болғаны ма?

Биік мәртебелім, біз Сіздің әділеттігіңізге, ұлтымызға ықыласпен қарайтыныңызға сене отырып, жоғарыдағы санақтық деректерді Далалық өлке халықтарының Думадағы өкілдік құқығын анықтарда назарыңызға алуыңызды өтінеміз»¹.

Министрлер Кеңесінің Төрағасы С.Ю.Витте бұл мәселені өз қалауынша шешуге, әрине, ерікті емес-тін. Оның үстіне саяси көзқарасы тұрғысынан да ол казак зиялылары ойлағандай Думаға депутаттар сайлауда ұлтаралық теңдікті сақтау жағында емес, керісінше патша төңірегіндегілер ұстанған пікірде болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Қалай болғанда да, казак зиялыларының Виттеге хаты жауапсыз қалды. Сөйтіп, казак халқы Мемлекеттік Думаға әр облыстан бір депутаттан ғана сайлау құқығын иемденді.

Сонымен, 1905 жылдың соңына қарай казак зиялылары бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына қызу араласып та кетті. Осы арада олар сайлау науқаны сияқты күрделі саяси шараға араласа отырып ірі кедергіге тап болды. Казак қоғамында бұл уақытта белгілі бір саяси платформаны негізге ала отырып үгіт-насихат жұмысын жүргізе алатын саяси ұйымдар жоқ еді. Міне, осындай жағдайда Думаға даярлық мерзімінің тар қыспағына іліккен ұлт зиялылары тұңғыш рет саяси партия құру әрекетін қолға алды.

1905 жылдың соңына қарай Орал қаласында өткен бес облыстың (Ақмола, Семей, Торғай, Орал және Жетісу) делегаттық съезі «Қазак конституциялық демократиялық партиясын» құру туралы шешім қабылдайды². Оралда шығып тұрған «Фикер» газеті (редакторы К.М.Тухватуллин) оның 9 адамнан тұрған Орталық Комитетінің құрамын

¹ «Семипалатинский листок» газеті. 1905, 16 қараша, № 243; Аққұрлыұлы С., Қамзабекұлы Д. І Мемлекеттік Дума және оған мүше болған казактар. «Ана тілі» газеті. 1993, 4 ақпан, №5.

² ҚР ІМ, 811-к., 20-т., 686-іс, 24-п.

жариялады. Олар Б.Қаратаев, Т.Бердиев, М.Бақыткереев, И.Тоқамбердиев, Х.Досмұхамедов, Н.Иппағамбетов, М.Мұқанов, Ғ.Рақымбердиев және Ү.Дүйсембин еді¹.

Осы қалада бірнеше саны жарық көрген «Әл-ғаср-ул-жәдид» басылымы «Қазақ конституциялық демократиялық партиясының» бағдарламасы мәтінін жариялап, жаңа құрылған партия мүшелерінің аты-жөнін де мәлім етеді². Олардың аты-жөні «Фикер» жариялаған тізіммен толық сәйкес келеді, тек «Әл-ғаср-ул-жәдид» жария еткен тізімдегілер саны тоғыз емес, он. Оныншы кісінің фамилиясы Ізбасаров, ал оның есімі берілмеген. Партия бағдарламасына қосымша жарияланған партия жарғысында оның орталық комитетінің «төрағасы және алты мүшесі болады. Оларды партия мүшелерінің сиезі сайлайды» деп көрсетілген. Міне, осы көрсетуге қарағанда «Фикер» газетінің партияның тоғыз кісіден тұрған орталық комитеті жөніндегі мәліметі дәл емес. Аталған он кісі «Қазақ конституциялық демократиялық партиясының» құрылтайшылары болды деп тұжырымдаған жөн сияқты.

Қазақ зиялыларының партия құру бағытындағы өрекетін тағы да мынадай деректен байқауға болады. 1906 жылы 10 маусымда Семей қаласында Мемлекеттік Думаға депутат сайлайтын қазақ сайлаушыларының 150-ден астам адам қатысқан жиналысы болып өтеді. Жиналыста Павлодар уезі Сейтен болысының меңгерушісі Темірғали Нүрекенов төрағалық жасайды. Жиналыста қаралған мәселелерге байланысты жергілікті газет: «...Әңгімені Ө.Н.Бөкейханов бастап, ол жиылысты «Народная свобода» партиясының бағдарламасымен таныстырып, отырғандар оған қосылу турасында қаулы қабылдады» — деп жазды. Газет жарыссөзде аталған партия туралы Шәкәрім Құдайбердиев және басқалардың сөйлегендігін айтады³.

Сонымен, саяси күрес жолына енді ғана түсе бастаған қазақ зиялыларының осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік бағдары, белгілі дәрежеде, Ресейдің радикалдық-буржуазиялық партиясы — кадеттердің ұстанған бағытымен

¹ «Фикер» газеті. Шығарушы К. М.Тухватуллин. 1905, 25 желтоқсан, № 5.

² Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 1 т., 55—61-бб.

³ ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 686-іс, 24-п.

тоғысқандығы тарихи шындық. Ал осы дербес және өміршең саяси партия деңгейіне көтеріле алмаған саяси ұйымның бағыт-бағдары туралы не айтуға болады? Ол шынымен де кейбір еңбектерде айтылып келгендей, бар болғаны ресейлік кадеттер партиясының Қазақстандағы филиалы ғана ма еді? Жоқ, әлде оның ұстанған саяси тұғырнамасында өзгешіліктер болды ма?

Қазақ кадеттерінің бағдарламасы 1905—1906 жылдары бірнеше саны Орал қаласында жарық көрген Камиль Тухватуллиннің «Фикер» (Пікір) атты газетінде және жоғарыда аталған «Әл-ғаср-ул-жәдид» журналында жарық көрген. Бағдарлама «Азаматтардың негізгі еркіндіктері», «Патшалықтың қалпы», «Халықтың өзін-өзі билеуі», «Сот», «Дін», «Жер», «Алым-салықтар», «Жұмысшылар» және «Мектептер» аталатын тоғыз тараудан тұрды. Бағдарламаның толық мәтіні «Алаш қозғалысы» жинағында жарияланғандықтан, бұл арада оның мазмұнына арнайы тоқталуды өзімізге міндет санамадық. Дегенмен бір нәрсенің басы ашық, бағдарлама сол уақыт тұрғысынан алғанда қазақ қоғамының ағымдағы ең өзекті мәселелерін батыл түрде көтеріп, оларды билік алдына көлденең тартқан маңызды құжат болатын. Мәселен бағдарламаның «Азаматтардың негізгі еркіндіктері» аталатын бірінші тарауында «Русия патшалығының барлық азаматтары жынысына, нәсіліне қарамай бәрі заң алдында тең болсын. Азаматтарға бай не кедей немесе шенеунік, ақсүйек яки қарасүйек нәсілі деп артықшылықтар, кемсітушіліктер жасалынбасын. Орыс болмағаны үшін қазақ, татар, башқұрт, поляк, еврей секілді, т.б. халықтардың шекесіне тиіп келе жатқан таршылықтар мен кемсітушіліктер түбірімен жойылсын»¹, — деп жазылды. Ал оның «Жер» аталатын тарауында «Қазақ халқының жері мен суы мәңгілік өздерінікі және оған ешкімнің ортақтығы жоқ делініп негізгі заңға жазылсын.

Қазақтардың жері қазына жері және ол жерге орыс мұжықтары орналассын деген заңдар бұзылып, жоқ қылынсын. Қазақтардың жерін өздерінің рұқсатынсыз орыстар мәңгілік ала алмайтындай болсын ...» — деген батыл талаптар қойылған еді.

¹ Сонда, 55-б.

Бағдарламаның білімге қатысты тарауы да заман сұранысына лайық дәреже, деңгейде жазылған еді. «Нәсіліне, дініне және жынысына қарамай әркімге оқуға, білім алуға рұқсат берілсін. ... Университеттердің және басқа оқу орындарының өзін-өзі басқаруына мүмкіндік берілсін. Студенттерге оқу арзан болсын. Студенттердің мәжілістер, жиналыстар өткізіп тұруына рұқсат етілсін. Қазақ балаларына университеттерде оқу үшін шәкіртақылар көбейтілсін», — деп көрсетілді құжатта¹.

Міне, бұл Орал қаласында жаңа ғана пайда болған саяси ұйымның бағдарламасынан келтірілген талап-тілектер оның «бар болғаны Ресейлік кадеттер партиясының филиалы» дәрежесінде қалып қоймағандығын анық байқатса керек. Иә, рас, мұндай талап-тілектердің ұлт-азаттық күрес жолында тұрған елдердегі буржуазиялық партиялардың бағдарламаларынан да кездесетіндігі бар. Бірақ соған сүйеніп бағдарламадан әлі қалыптасып үлгірмеген қазақ буржуазиясының таптық мүддесін көріп, онда қойылған мәселелердің жалпыұлттық, жалпы-демократиялық сипатына көз жұмуға бола ма? Әрине, оны елемей, сөзсіз, біржақтылыққа, қарабайырлыққа ұрындырар еді. Кеңестік тарихнаманың, «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» ресейлік кадеттер партиясының жай филиалы немесе қазақ буржуазиясының тар таптық мүддесін білдіруші ұйым есебінде көрсету, әрине, тарихи шындыққа мүлдем сай келмейді. Біз бұл арада қазақ зиялыларының ресейлік кадеттермен байланысын жоққа шығармаймыз. Оған дәлел ретінде, біз қарап отырған кезеңде Б.Қаратаев, С.Жантөрин, Ә.Бөкейханов сияқты қазақ зиялыларының осы ресейлік партияға мүше болғанын, ал Бөкейхановтың 1917 жылға дейін оның Орталық Комитеті құрамына енгенін айтсақ та жеткілікті. Қазақ зиялыларының түрлі саяси бағдарламалық құжаттарда, жарияланған мақалаларында көтерген мәселелері объективті тұрғыдан алғанда, белгілі дәрежеде, буржуазиялық дамуға қажет алғышарттарды қалыптастыруды көздейтін талаптар екені де рас. Дегенмен отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында өмірге келген бұл алғашқы саяси ұйым жалпыдемокра-

¹ Сонда, 58-б.

тиялық мұраттарды көздеген жалпыұлттық дербес партия құру әрекеті ретінде бағалануға әбден лайықты.

Ал осы қазақ зиялыларының 1905—1906 жылдары саяси партия құру әрекеті неге сәтсіз аяқталды? Оның мынадай екі себебі бар еді. Біріншіден, қазақ қоғамында жалпыұлттық платформада саяси партияның құрылуына қажет алғышарттар әлі пісіп жетіле қойған жоқ-тын. Екіншіден, ұлыдержавалық, шовинистік бағыт ұстанған кадеттер партиясының басшылығы үшін Қазақстан сияқты аймақта ұлттық еркіндік пен теңдікті мұрат тұтқан саяси ұйымның пайда болуы соншалықты тиімді емес-тін. Сондықтан да олар қазақ кадеттеріне қолдау жасап, ыңғай таныта қоймады. Партияның орталық басшылығы мен қазақ кадеттері арасындағы бұл алшақтық күн өткен сайын айқындала түсті.

Дегенмен қазақ тарих ғылымында қазақ саяси тобының алғашқы орыс революциясы тұсында және одан кейінгі кезеңде ресейлік кадеттермен өзара ымыраға келуінің себептері әлі де өз шешімін толық таба қойған жоқ. Олардың арасындағы өзара жақындықты тек таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіру, қазіргі уақытта мүлдем жеткіліксіз. Оның себептерін, әрине, ең алдымен, қазақ қоғамының отарлық жағдайынан, соған байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың стратегиялық міндеттерінен іздеген дұрыс болар.

Тарихи деректер қазақ зиялыларының әуелде кадеттер партиясының ұстанымына жақын келіп, сонан соң одан алшақтауы, кейбір зерттеушілер ойлағандай, жеңіл-желпі бола салған құбылыс емес-тін. Оған Ә.Бөкейхановтың саяси көзқарасындағы эволюциялық өзгерістерді бақылау арқылы да көз жеткізуге болады.

Біз жоғарыда «Семипалатинский листок» газетінің (1906) мәліметіне сүйеніп, студент Бөкейхановтың марксизм туралы айтысқа қызу араласып, «экономикалық материализм туралы тезистерді бар күшін салып» қорғағандығы жөнінде айттық. Оның осы ұстанымды кейінгі жылдары да, анығырақ айтқанда, Омбыда ХІХ ғасырдың 90-жылдары және ХХ ғасырдың алғашқы жылдары шығып тұрған демократиялық бағыттағы «Степной край» газетінде қызметте жүргенде де ұстанғандығын басқа тәуелсіз деректер қуаттайды. Ол Севастьянов, Соколов сияқты халықшылдармен, Беляков сияқты марксистпен бірге

газеттің редакция алқасы құрамына енеді. Бөкейхановтың омбылық кезіндегі көзқарасынан жақсы хабардар ескі досы, профессор С.П.Швецов былай деп жазды: «А.Н.Букейхан... представлял собою марксистское направление в газете и был несомненно, наиболее ярким его выразителем. Я бы сказал даже единственно ярким. Не случайно было то обстоятельство, что Якубович — Мельшин и Гоц-Рафаилов, желая вплотную примкнуть к «Степному Краю», нашли нужным предварительно вступить в переговоры и соглашения не с кем другим, а именно с ним. Со своими единомышленниками — народниками им не нужно было никаких предварительных переговоров, так как и без переговоров все было ясно. Иное дело — представители другого, чуждого им течения социалистической мысли — марксизма: здесь нужна была ясность и полная договоренность в отношениях»¹. Міне, бұл келтірілген фактілер болашақ ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшысының бастапқы кезеңде марксистік бағытта тұрғандығына дәлел бола алады.

Ә.Бөкейхановтың 1896 және 1903 жылдар аралығында Ф.А.Щербина экспедициясына қатынасуы оның саяси көзқарасына түбегейлі өзгерістер енгізді. Қазақ даласына орыс шаруаларының жаппай қоныс аудару процесін дайындап беруге тиіс болған экспедиция жұмысына араласа жүріп ол патшалық Ресейдің жаулап қазақ жеріне тереңдеп ену саясатына шек қою жалпы саяси деңгейі төмен, оқыған азаматтары саусақпен санарлық қазақ қоғамы үшін өте күрделі де ауыр іс екендігіне көзі жетті. Қазақ жерін ашықтан-ашық пәрменді отарлау саясатына білек түрініп кірісіп кеткен патшалық билік жүйесімен нәтижелі күрес

¹ Үзіндінің қазақша аудармасы: «*Ә.Н. Бөкейхан ... газеттің марксистік ұстанымын айғақтайтын өкіл болды, сондай-ақ ол, ешқандайда шүбәсіз, осы бағыттың жарқын анықтаушысы еді. Мен тіптен оны жалғыз ұстанушысы ретінде атаған болар едім. Якубович — Мельшин және Гоц — Рафаилов «Степной Крайға» ені үшін басқалармен емес, ең алдымен, Бөкейханмен келіссөз жүргізулері, әрине, кездейсоқ нәрсе емес-тің. Өздерімен бір пікірдегі халықшылдармен алдын ала келіссөз жүргізудің олар үшін ешқандай да қажеттілігі жоқ-тың, өйткені онсыз да бөрі түсінікті болатын. Ал өздері үшін жат социалистік ақыл-ойдың басқа, яғни марксизм ағымындағы өкілімен арадағы қатынаста толық айқындық және өзара түсіністік болуға тиіс еді. Қараңыз: Журнал «Северная Азия». «Общество изучения Урала, Сибири и Дальнего Востока». 1930, № 1—2, С. 112-113.*

жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді көздеген әрекеттер жасап, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы оппозицияда тұрған саяси күштердің қолдауына сүйену қажет екендігін ол жақсы түсінді. Сондықтан да мұндай сипаттағы іске, біріншіден, жалпыұлттық мүддені белсенді түрде қорғауға әлі даяр емес қазақ жұртын таптық негізде бөлшектейтін, ұстанған әлеуметтік бағдарламасы сол тарихи кезеңдегі қазақ жағдайына сәйкес келмейтін, екіншіден, Ресей жағдайында ашық та, ресми саяси күшке айналмаған марксистік партия бағытын ұстану тиімсіз еді. Ал өзінің бастапқы саяси күрес кезеңінде самодержавиелік билікті, оның отарлау саясатын өткір сынға алып, оған қарсы ашық және қуатты оппозициялық күшке айналған «халық еркіндігі» партиясы жағында болу Бөкейханов және басқа қазақ зиялыларына тактикалық тұрғыдан белгілі бір уақытқа дейін тиімді көрінгені тарихи шындық. Ол жөнінде Бөкейханов «біздің қазақ орыстың түзу жолда жүргендерінің отына жылынып» келген, империялық жүйе жағдайында «қазақ сияқты аз, кем жұрт мақсаты біреуге ілесіп жүріп болады. Өз бетімен қазақ жол аша алмайды» деп жазды¹.

Думаға дайындық барысында қазақ зиялыларының кадеттер партиясы тұғырнамасына жақын болуының тағы да мынадай бір себебі бар еді. 1905 жылы Ресейдің мұсылман дініндегі халықтары арасында отарлық езгіге қарсы саяси одақ қалыптаса бастайды және ол діни сипат алды. 1905—1906 жылдары мұсылмандардың бүкілресейлік үш съезі өтеді. Үкімет орындарының келісім бермеуіне қарамастан, Петербургте 15—23 қаңтар аралығында өткен екінші бүкілресейлік мұсылмандар съезі «Ресей империясының мұсылмандарын жалпымемлекеттік мүддеге сай, сондай-ақ ресей өмірі жағдайында бүгін және болашақта бірігіп қимыл жасау үшін бір саяси партияға бірігуге үндейтін» Жарғы қабылдап, қаулысында «Мемлекеттік Думаға депутат сайлау мерзіміне дейін тым аз уақыт қалуына байланысты ішкі губерния мұсылмандарының осы сайлау науқанында «Конституциялық-демократиялық

¹ «Қазақ». 1913, №23.

партиямен» ынтымақтаса әрекет жасауға шақырған» ұсынысын қуаттайды¹.

Енді ғана күрес жолына түсе бастаған қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басқа халықтармен ынтымақтастықтан бас тартуы, әрине, мүмкін емес еді. Қазақ зиялыларының саяси күресте діни фактордың маңызын жақсы түсінді.

1905 жылғы өрлеу, Думаға дайындық империя көлемінде демократиялық күштердің түрлі саяси шараларды ұйымдастыруымен қатар жүрді. Отаршыл жүйемен күресте өз мүмкіншілігін терең ұғынған ұлт зиялылары орыс және басқа халықтардың демократиялық күштерімен бір болу қажеттілігін жақсы түсіне отырып, бұл шараларға белсенді түрде араласты, сол арқылы қазақ қоғамының негізгі мәселелерін, оларды шешу жолдарын қарастырды.

6—13 қараша аралығында Мәскеуде Ресей мемлекетінің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлерінің съезі болып, онда негізгі мәселелердің бірі есебінде «Ресей империясы халықтары өкілдерінің Құрылтайы (Учредительное собрание) жөніндегі Ереженің» жобасы талқыланды. Басқаша айтқанда, демократиялық күштер бірінші Мемлекеттік Думаны Құрылтай жиналысына айналдырудың жолдарын қарастырды. Съезд орталық биліктен Ресейде әрбір азаматтың ұлтына, тегіне, діни сеніміне қарамай сайлауға және сайлануға құқықты екендігін мойындауды талап етті.

Съезд жұмысына Ә.Бөкейханов қатысып, сөзін отарлық езгідегі қазақ елінің жағдайынан мәлімет беруге арнады. Өзінің Оралдан Алтайға дейінгі аралықты мекен еткен төрт миллион қазақ елінің өкілі екендігін айта келіп, ол: «Осында сөйлеген поляк, латыш, малорос өкілдерінің сөзін тыңдай отырып, мен ескі кітапты оқығандай боламын. Бізде де қырғыз (қазақ — *Авт.*) тіліндегі мектептер қуғын-сүргінге ұшырауда. Бізді де цензура аямай жаншуда. Мысалы, қазақ тіліне аударылған И.Крыловтың 46 мысалын бастыру үшін цензурадан рұқсат ала алмай сандалғаным 13 ай өтті. Крестьян начальниктері (көбі бұрынғы ротмистрлер) қазақ тіліндегі істерді қарауға мойын да бұрмайды. 18 ақпандағы бұйрықтан кейін қырғыздар жиналып, өз мұқтаждықтарын

¹ «Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции». Оксфорд, 1987. С. 16-17.

арыз-шағымға түсірген еді. Бірақ пошта ол арыз-шағымды Петерборға жіберуден бас тартты. Мұнан соң арыз-шағымды жақын арадағы (400 шақырым) екінші бір қаладан жібермек болғанымызда, тағы да жаңағы оқиға қайталанды. Бұл да болмаған соң келесі бір (760 шақырым әрідегі) қаладан зорға дегенде жөнелттік.

Қазақтың мұқтажы шаш етекпен. Алайда ең бастысы — ана тілімде емін-еркін сөйлесем, тіл бостандығы болса екен дейді бұл ұлт. Сайлау науқанының таяп қалғанын жадымда ұстап, мен әлгінде ғана «съезд жергілікті тілдерді шектеудің барлық түрі тыйылсын деп шешім шығаруы қажет» деген мырзалардың ұсынысын қуаттаймын»¹ деді.

Осы жылғы қарашада Петербургте автономистердің съезі өтеді. Оған Темір жол және көлік институтының студенті М.Тынышбаев қатынасып, баяндама жасайды. Бұл баяндама өзінің сыншыл рухы жағынан, қазақ жерінде патшалық орнатқан зорлықшыл тәртіпті ымырасыз әшкерелеу тұрғысынан сол кезеңдегі ең батыл құжаттардың бірі болатын. Баяндамашы отаршыл үкіметтің «біріншіден, қырғыздардың (қазақ — *Авт.*) тілін, салт-дәстүрін, діни сенімін, жалпы ерекше болмысын тағылық және айуандықпен жазалау және қуғындау арқылы оны тәуелсіз ұлт ретінде жойып, бүтін өлкені орыстандырып жіберуді; екіншіден, түрлі әкімшіліктік шаралар, нұсқаулар және ережелер арқылы қырғыздарды құқықсыз, заңнан тыс тобырға айналдыруды; үшіншіден, оларды өздерінің қаны сіңген ата-бабасының сүйегі жатқан атамекен жерінен айырып, нәрсіз шөлге ысырып, өлім құшағына айдауды» көздейтінін, «қырғыздардың бұрынғы тәуелсіздігі мен бостандығына айырбасқа орыс бодандығын бейбіт және қантөгіссіз қабылдағаны үшін алғаны, міне, осылар!» — екендігін айтып, ендігі уақытта халыққа автономиялық дәрежеде болса да еркіндік беруін талап етті².

Қазақ облыстары үшін Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау ережесі 1906 жылы 22 ақпанда бекітіледі³. Қазақ тұрғындары атынан дауыс беретін сайлаушылар —

¹ «Семипалатинский листок» газеті. 1905, 8 желтоқсан.

² Тынышбаев М. История казахского народа. С. 25-26.

³ Букейханов А. Выборы в Степном крае. К 10-летию 1-ой Государственной Думы. Петроград, 1916. С. 48-49.

«выборщики» болыс съездерінде сайлануға тиіс болады. Сайлаушы болып тек сол болыста тұратын қазақ ғана сайлана алатын еді. Әрбір болыстық съездің болыс тұрғындарының санынан тәуелсіз екі сайлаушы сайлау құқы болды. Сайлау жабық түрде, шар тастау арқылы өткізілді. Көп жағдайда болыстан сайлаушы болып болыс басқарушыларының өздері немесе ауыл мектебінде сауатын ашқан сол болыстың тұрғыны сайланды. Сайлаушылар міндетті түрде орыс тілін білуге тиіс болды. Бұл үлкен есеппен жасалған тәртіп еді. Яғни бұл тәртіп бойынша қазақ қоғамының басым бөлігі орыс тілін білмегендіктен сайлау ісіне қатыса алмайтын. Сайлау процесіне орыс әкімшілігімен байланыстағы немесе орыс мектебін бітірген аз ғана топ қатыса алатын еді.

Міне, осындай жағдай Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына да келіп жетті. Сайлау бүкіл империя көлемінде қазақ даласында ең соңында өткізілді. Егер ол метрополияда үш жетінің ішінде (1906 жылдың 26 наурызынан 20 сәуіріне дейін) аяқталса, I Мемлекеттік Дума таратылған күні Жетісу облысында сайлау әлі өтіп те үлгірген жоқ еді¹. 1906 жылы 27 сәуірде Мемлекеттік Дума өз жұмысын бастап кеткенде, Семей облысында болыстар өз сайлаушыларын (выборщик) енді ғана анықтаған еді. Ал облыстың қазақ жұртының атынан Мемлекеттік Думаға депутат болып Бөкейханов осы жылдың 15 маусым күні сайланды. Ә.Бөкейхановтың сайлануына үлкен үлес қосқан «Семипалатинский листок» газеті ол жөнінде: «15 маусым күні Семейде... Семей облысының қырғыз жұртының атынан Мемлекеттік Думаға мүше сайлау болып өтті. Оған бірауыздан Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының қазағы, орманшы-ғалым, қырғыз Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов сайланды.

Редакция қырғыз халқын нәтижелі сайлау қорытындысымен құттықтайды, өйткені Бөкейханов арқылы қырғыздар Мемлекеттік Думада өз мүддесі үшін күресе алатын нағыз күрескерді иемденіп отыр»² деп жазды.

¹ Букейханов А. Выборы в Степном крае. К 10-летию 1-ой Государственной Думы. Петроград, 1916. С. 48-49.

² «Семипалатинский листок» газеті. 1905, 8 желтоқсан.

Газет бұдан кейінгі нөмірлерінде депутат Ө.Бөкейхановтың Петербургке жету үшін алдымен Омбыға, содан соң 3 шілдеде астанаға аттанғанын жазады. Ол Петербургке Дума тарқатылғандықтан алдында ғана жеткен еді.

Думаға депутаттар сайлау барысында әкімшілік орындары саяси бағыты мен іс-әрекеті ұнамаған депутаттыққа кандидаттарды өткізбеуге күш салды. Ө.Бөкейханов Семейде өткен сайлауға байланысты мынадай жайды еске алады:

«1906 жылы маусымда Думаға депутат сайлағанда Семей жандаралы (губернаторы — *Авт.*) Галкин выборщиктерді өз үйіне қонаққа шақырды. Сіздер сайлауға келдіңіздер, жандаралға, қонаққа бармасаңыздар да болар деп едім: «Қарағым-ау! Мұның қалай, бізді бұрын жандарал қашан қонаққа шақырып еді, біз барайық та», — деді ақсақалдар. Жандарал Галкин бізді үйіне шақырып алып насихат айтты: патша енді мұнан былай заңын да жұрт жақсысымен ақылдасып шығармақ болды... Патша осындай өздеріне ерік берген соң жақсыларыңды депутат сайлаңдар, абақтыда жатқан кісілеріңді сайламаңдар деді. Ақсақалдар «дұрыс», «дұрыс» деп, Галкин сөзін мақұлдап, таң ата абақтыдан шыққанымға ай болмаған мені депутат сайлады. Бұл бір заман»¹.

Тура осындай кедергі өзінің саяси белсенділігімен көзге түскен молда Шаймерден Қосшығұловтың да алдынан шықты. Ол Думаға мүшелікке өту үшін қажет Ақмола облысы қазақтарының дауысын алғаннан кейінгі уақытта, облыстық сайлау комиссиясы «кандидат орыс тілін білмейді екен» деген желеумен сайлау қорытындысын жаратпай тастайды.

Сонымен, I Мемлекеттік Дума жұмысына қазақ елінің атынан үш депутат қатынасты. Олар Орал облысынан — Алпысбай Қалменев, Торғай облысынан — Ахмет Бірімжанов және Семей облысынан — Әлихан Бөкейханов болатын. Бұлардың бәрі де жоғары білімді мамандар, яғни алдыңғы екеуі заңгер, соңғысы орманшы-ғалым еді.

I Дума таратылған кезде Жетісу және Сырдария облыстарында сайлау әлі өтіп үлгермегендіктен, бұл облыстардан депутат анықталмаған күйінде қалды.

¹ «Қазақ». 1913, № 24; Бөкейханов А. Выборы в Степном крае... С. 49-50.

Қазақ депутаттары А.Қалменев пен А.Бірімжанов Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң, яғни 10—17 маусым аралығында келіп Дума жұмысына қатынаса бастағанда аграрлық, азаматтық теңдік туралы және басқа мәселелер алғашқы талқылаудан өтіп, олар бойынша тиесілі комиссиялар құрылып қойған еді. Сондықтан Қалменев пен Бірімжанов ең әуелі өздері қатынаса алмаған 20-ға жуық Дума отырыстарының есебімен және соған дейін жұмыс жасаған комиссиялардың ісімен танысуға кірісті¹. Ал Ө.Бөкейханов болса, деректердің көрсетуіне қарағанда, Дума жабылуға 1—2 күн қалғанда жеткен². Міне, осыған қарағанда қазақ депутаттарына Дума жұмысына араласуға берілген уақыт тым өлшеулі еді. Соған қарамастан 2 шілде күнгі Дума отырысында А.Бірімжанов сөз сөйлеп, қазақ елінің жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық мәселе бойынша құрылған комиссияның құрамына қазақ депутаттарының өкілін енгізуді ұсынады³.

«... Менің түсінігімше, — деп көрсетті ол сөзінде, — Мемлекеттік Дума мүшелері 524-ке жетпек, олай болса, аграрлық комиссия мүшелерінің саны, егер 5-ін бірі есебінен алғанда, 103 немесе 104 болуға тиіс ... Ал енді осы жаңадан беріlmек орындарды Мемлекеттік Дума Сібір, Орта Азия және Кавказға бөліп отыр, ал қырғыздар (қазақтар деп оқыңыз — *Авт.*) орналасқан Далалық облыстар жөнінде ештеме айтылмады, мүмкін олар Сібір немесе Орта Азияға жатқызылған шығар, дегенмен Дума қаулысында ол жөнінде анық ешнәрсе айтылмаған». Қалыптасқан жағдайды баяндай келіп А.Бірімжанов: «3 орынды, ең болмағанда 2 орынды құрамында Жетісу, Семей, Торғай және Орал облыстары, сондай-ақ Бөкей ордасы, Астрахан губерниясындағы 500 000 далалықтарды қосып» қазақ облыстарына бөлуді ұсынады⁴.

А.Бірімжановтың ұсынысы И.Лаптев, Л.Петражицкий, А.Сыртланов, А.Черносвитов сияқты депутаттардың

¹ Политическая жизнь русских мусульман... С. 51.

² «Семипалатинский листок». 1906, 7 июля.

³ Политическая жизнь русских мусульман... С. 60.

⁴ Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. Сессия 1. С.1863.

аграрлық комиссияның сандық және өкілдік құрамына байланысты жасаған ұсыныстарымен бір арнада шықты.

Қазақ депутаттары Дума жұмысына мұсылман депутаттары фракциясы құрамында қатынасты. Бұл фракцияның заң жобасы ретінде дайындаған ең басты құжаты аграрлық мәселеге байланысты еді. Мұсылмандар фракциясы аграрлық тұжырымдамасына мұсылмандар партиясының бағдарламасын ала отырып, біріншіден, жерді облыстық меншікке айналдырып, сол арқылы облыс қарауындағы жерді оның тұрақты жұрты арасында бөлуді, екіншіден, жер үлесі көлемі оны игеруші егіншілер үшін ғана емес, сондай-ақ малшылар үшін де өсуін, үшіншіден, жер мәселесі шешілгенше сырттан келіп қоныс тебу біржола тоқтатылуын, төртіншіден, жеке мүшелері арасында бөліске салу үшін жер ауылдық қауым меншігіне берілуін талап етті¹. Думаның аграрлық комиссиясының назарына ұсынылған бұл құжатпен бір мезгілде Бірімжанов, Қалменов және басқа депутаттар тиісті үкімет орындарына қоныс аударушыларды жерге орналастыру комиссияларының қазақ облыстарында жасап жатқан заңсыз әрекеттері жөнінде сұрау салды².

Айта кетуге лайық елеулі жағдай, I және II Думалардың құрамында қазақ елінің жерге байланысты отарлық жағдайын тура және жанашырлықпен түсінген орыс басқа ұлт өкілдері де баршылық еді. Мәселен, I Дума жұмысы барысында орынборлық депутат Тимофей Иванович Седельников және басқа сібірлік депутаттардың ұйымдастыруымен қазақ жерін қарқынды отарлауға байланысты жергілікті халықтың жер тапшылығына байланысты ауыр жағдайын баяндаған 53 депутаттың қолы қойылған мәлімдеме Дума төрағасына тапсырылды. Қазақ жерін жаппай отарлау ісіне байланысты арасында қазақ елінің өкілдері бар Дума депутаттарының үлкен бөлігінің саяси ұстанымынан хабар беретін бұл құжаттың мәтінін сөз ғана қысқартумен қазақ тіліне аударып беруді жөн көрдік.

«№374. Комиссияға 1906 жылы 4 шілдеде берілді.

Мемлекеттік Думаның төрағасы Мырзаға

Қырғыздар (қазақтар — *Авт.*) тұратын дала облыстарын отарлаудың барлық күрделі істері «Дала ережесі» аталатын

¹ Сонда, С. 52—53.

² Сонда, С. 55—56.

1891 жылы 25 наурызда қабылданған заңның 120-бабына берілген 1 қосымшаға негізделген.

Бұл қосымша мынаны білдіреді: «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер Мемлекеттік мүлік министрлігі құзырына өтеді», яғни қазіргі Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасының.

Соншалықты қолданбалық маңызы бар бұл қосымшаның рухы мен дәл мазмұнын түсіну үшін Мемлекеттік кеңестің бұл қарап отырған заңға негіз етіп алған заңдық дәйектемелерімен міндетті түрде танысқан жөн.

Дала ережесінің 120, 122, 125 және 126-баптарынан төн дәйектердің ортақ тұғыры мынаған саяды: «көшпелілер үшін артық деп танылған жердің өкімет құзырына өтуі бұл болашақтың ісі, яғни дала облыстарында жерді межелееу ісі атқарылып, көшпелі жұрттың шаруашылық қажеттілігін қанағаттандыра алатын жер көлемі нақты анықталған соң барып іске аспақ». Ал межелееу Заңының 1-бабы бойынша межелееу ісі мынадай екі басты мақсат орындалғанда ғана Заңды болып табылмақ: 1) жалпы жер көлемі мен оның пайдаланымдағысы, сондай-ақ оның қазынаға тиелісі толығымен мәлім болғанда және 2) жер иеліктерінің тура және дау туғызбайтын шекарасын қаулы-қарарлар арқылы бекітіп, олардың иелеріне сенімділік бергенде ...

Бұл арада біз әдеттегі екі иелік түрін көріп отырмыз: бірінші ие — бұл орыс бодандығындағы түгелдей қырғыз (қазақ — *Авт.*) халқы, екінші ие — мемлекет, қазына. Әзірге бұл екі иелік иелерінің жер мүдделері межелееу арқылы анықталған жоқ. Соған байланысты олардың бірде-біреуінің өзара келісімге келмей жалпы пайдаланымдағы жердің бір тұтамын да өз еркінше бөліп алуға құқы жоқ.

Қазына мен қырғыздар (қазақтар — *Авт.*) арасында жер межелееу ісі әзірге аяқталмақ түгілі, тіптен басталған да жоқ: қырғыздардың қайсысына болмасын өз жерін бөліп алу, оларды өз қажеттіліктеріне сай еркін пайдалану, жалға беру мүмкіндіктері түрлі бюрократиялық және жасанды шаралар арқылы шектелген; демек, екінші иемденуші, мемлекеттің де жергілікті халықты тегіс және әділ түрде жермен қамтамасыз етпей қырғыз (қазақ — *Авт.*) жеріне келіп орналасуға ешқандай да құқы жоқ ...

Басқаша айтқанда, қазіргі уақытта, қырғыз (қазақ — *Авт.*) жерінің ауқымы кімге де болса белгісіз болып тұрғанда, бір уез, болыс және ауыл қырғыздарының (қазақтардың — *Авт.*) арасында пайдаланымдағы жер шебі үшін өзара жаппай қақтығысулар етек алып отырғанда, сондай-ақ даладағы жерсіз қырғыздардың саны бірнеше жүз мыңға жеткенде, мемлекет қажеттілігі үшін деген желеумен қырғыздардың (қазақтар — *Авт.*) артық-мыс деген жерін пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстың ешқандай да құқықтық негізі жоқ.

Осы аралықта қазір Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасы аталатын, бұрынғы Егіншілік және Мемлекеттік мүлік министрлігі далалық облыстарда қоныстандыру жер телімдерін құру үшін уақытша деп ұйымдастырған партиялар 13 жылдың көлемінде қырғыздардың (қазақтардың — *Авт.*) «артық жері» деген 3 млн десятина жерін алып үлгірді, бұл соған дейін казачествоның атты әскерін орналастыру үшін сол қырғыздардан (қазақтардан — *Авт.*) алынған 17 млн десятина жерді есепке алмағанда.

Міне, осы баяндалғандарды негізге ала отырып ... біз төмендегі өз қолдарын қоюшылар, Сізден, Төраға Мырза, кейінге қалдырмай Мемлекеттік Думаның талқылауына Министрлер Кеңесінің Төрағасының атына жолданып отырған мына мазмұндағы сауалды енгізуіңізді өтінеміз: 1) 1891 жылғы 25 наурызда қабылданған Заңның 120—126-баптарының рухы мен нақты мазмұнына қайшы келетін қырғыз даласында қоныстандыру жер телімдерін және жергілікті дачалар құру шаралары қандай негізде бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда, ал жергілікті халық болса жерге орналастыру ісінде мүлдем шетқакпай қалдырылып отыр; және 2) Министрлер Кеңесі тез арада бұл істерді тоқтатуға қандай шаралар қарастырмақ.

Мемлекеттік Думаның мүшелері: 1. Т.Седельников, 2. А.Беремжанов, 3. С.Джантюрин, 4. И.Лаптев, 5. Знатханов, 6. Хан Эриванский, 7. Т.Эльдарханов, 8. А.М.-б.Топчибашев, 9. Л.Петражицкий, 10. Щепкин, 11. И.Крук, 12. Кузмин — Караваев, 13. Долженков, 14. В.Набоков, 15. Быстров, 16. Д.Васильев, 17. Карьев, 18. Кальменев, 19. И.Антонов, 20. О.Буслов, 21. М.Рыбаков, 23. И.Субботин, 24. С.Рыжков, 25. Ульянов, 26. Дюмаев, 27. В.Врагов,

28. И.Улькин, 29. (түсініксіз), 30. Ишерский, 31. Н.Жордания, 32. Ершов, 33. Церетели, 34. Гомартели, 35. И.Савельев, 36. Чуриков, 37. Выроват, 38. Баратов, 39. Лебедев, 40. Шувалов, 41. В.Недоносков, 42. Накушин, 43. Сыртланов, 44. Ледыжцкий, 45. Любецкий, 46. Скимунт, 47. Афанасьев, 48. Я.Тенинсон, 49. А.Я.Луби, 50. Креинберг, 51. Мих. Федченко, 52. Мих. Свешников, 53. Выдрин¹».

Бұл аса маңызды саяси құжатты даярлау ісіне жоғарыда аталған Орынбор губерниясынан сайланған переселен мекемесінің шенеунігі Т.Седельниковпен бірге А.Бірімжанов, С.Жантөрин және А.Қалменов сияқты қазақ депутаттарының белсенді рөл атқарғандығы, әрине, ешқандай да күмән тудырмайды.

I Думада қазақ қоғамына қатысты атқарылған істер шамамен, осы сипатта жүрді. Бар болғаны 72 күн жұмыс жасаған бұл Дума, 9 шілде күні үкімет шешімімен таратылды. Нақ сол күннің кешінде Думадағы оппозицияның 182 өкілі (кадеттер, трудовиктер, меньшевиктер) Выборгте (Финляндия) жиналып манифест дайындап, оған өздерінің қолдарын қойды. «Жаңа халық өкілдері жиналысын шақырғанға» дейін салық төлеуден және әскери міндеткерлікті өтеуден бас тартуға шақырған бұл манифестке қол қоюшылардың арасында Ө.Бөкейханов та бар еді. Сол үшін ол келесі Думаға сайлану құқығынан айырылып қана қойған жоқ, сонымен бірге жауапқа тартылып, абақтыда отырып шығады.

Өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастаған II Думаға қазақтардан бес депутат сайланды. Олар Орал облысынан заңгер Б.Қаратаев, Жетісу облысынан инженер М.Тынышбаев, Сырдария облысынан көпес Т.Алдабергенев, Астрахан губерниясынан заңгер Б.Құлманов және Семей облысынан Т.Нүрекенов. Бұл аталған кісілердің ішінде үшеуінің жоғары білімі болды. Ұстанған саяси ұстанымына сәйкес қазақ депутаттарының бәрі мұсылман депутаттар фракциясының құрамында болды.

II Дума депутаттарының құрамы жағынан да және күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылау жағынан да

¹ *Сұлтангазы Г. Ж.* Общественно-политическая деятельность Ахмеда Беремжанова., С. 145—147; *Скляров Л. Ф.* Переселение и землеустройство в Сибири ... С. 277.

I Думадан гөрі солшыл болып шыққан еді¹. Пікір тартысын тудырған негізгі мәселелердің бірі тағы да аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. II Думаның екінші сессиясы Сібір және азшылық ұлттардың шаруа депутаттарының ынтасымен Сібірдегі жерге орналастыру ісі бойынша Бас басқарушыға депутаттық сұрау тапсырып, онда қоныстандыру үдерісі жүріп жатқан аудандарда «байырғы тұрғындардың құқығы мен мүддесі» ескерусіз қалғандығы айтылып, үкіметтің даярлықсыз жүргізіліп отырған қоныс аудару саясатын кең насихаттауы айыпталды². Депутаттық сұрауға берген жауабында Бас басқарушы тағылған айыпты мойындаудан бас тартып: «Орыс адамдарының шығысқа қарай табиғи қоныс аударуын заставалар, баррикадалар, шлагбаумдар құрып, күш қолдану арқылы ғана бөсеңдетуге немесе тыйым салуға болады»³ деп мәлімдеді.

1907 жылы 16 мамырда депутаттық сұрауға байланысты жарыссөзде депутат Б.Қаратаев сөйледі. Ол сөзін қазақ халқы үшін ең зөру іске айналған жер мәселесіне арнады. Бұл сөз іс жүзінде патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясатын жергілікті халықтың атынан әшкере-леудің өзі еді. Осы уақытқа дейін кеңестік тарихнамада тек тар таптық айқындама тұрғысынан талданып келген Қаратаев сөзінің мынадай маңызды жақтарын бөліп айту қажет. Біріншіден, үкіметтің қазақ жеріндегі отарлау саясаты оның ішкі таптық саясатының логикалық жалғасы. Үкімет «Ресей ішіндегі помещиктер мүддесін, яғни 130000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына қазақ жерін тартып әперіп отыр. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтан-ашық ұлыдержавалық, шовинистік негізде жүргізіліп отыр. Соның нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері қазақтарды «орныққан орындарынан, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен

¹ Оған 100-ден астам социалист-депутаттар (37 эсер, 66 социал-демократ, оның 2/3 меньшевиктер), 100 шамалы трудовик, 100 кадет, 80 депутат ұлттық азшылықтардан; ал октябристерден 19, монархистерден 33 адам сайланды. *Қараңыз: Верт Н. История советского государства. 1900—1991. М., 1992, С. 47.*

² Государственная Дума. Второй созыв. Стенографический отчет. 1907 г. Сессия вторая. Т. 1, СПб., 1907, стлб. 1746—1747, 2270—2271.

³ Государственная Дума. Второй созыв. Стенографический отчет. 1907 г. Сессия вторая, Т. II, СПб., 1907, стлб. 1101—1108.

жаппай қуып шығумен айналысып отыр»¹. Б.Қаратаев орыс халқының еңбекші бұқарасы мен зиялы қауымын қазақ елінің осындай ауыр жағдайына көңіл аударуға шақырды.

Солшыл депутаттардың үкіметтің аграрлық және отаршыл саясатын сынау мінбесіне айналған Дума патша мен оның төңірегіндегілерге ұнай қоймағаны түсінікті. Үкімет 1907 жылғы 3 маусым күнгі шығарған заңымен II Мемлекеттік Думаны таратып жіберді. Бұл құжат сонымен бірге, сайлау заңына түбегейлі өзгерістер енгізді. Оның бірінші тарауында мынадай сөздер бар еді: «9-бап. Сайлауға ... 5. Қаңғыбас жатжұрттықтар және 6. Шетелдік азаматтар қатыса алмайды...» «Ереженің» III тарауының Мемлекеттік Думаға сайлау өткізілетін губерниялар мен облыстардың тізімі берілген 2—4-баптарында Түркістан мен қазақ облыстары аталмаған болатын, өйткені мұнда тұратын қазақ, қырғыз, өзбек және басқа халықтар сайлау құқығынан айырылған еді². Патша үкіметі Қазақстан мен Түркістанда пәрменді отарлау саясатын жүргізе отырып, Думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын өзіне қолайлы деп тапты.

Сонымен, қазақ депутаттары қатынасқан I және II Думалар қазақ қоғамының отарлық жағдайына өзгеріс енгізе алатындай ешқандай заңдар қабылдаған жоқ. «3 маусым заңының» өмірге келуімен бірге қазақ зиялыларының Думаға артқан үміті де біржола сөнді. Ө.Бөкейханов кейінірек ол жөнінде былай деп жазды: «...екі Дума да мұжыққа орыс дворяны жерінен жер бермек болды. III Дума депутаты сайланатын жол жасағанда мұжық депутатын неше қайтара бұрынғыдан азайтты. Орыс патшалығының панасындағы жұрттың әрбір жүзіне сексен бес орыс мұжығы болады, қалған он бестің ішінде поляк, еврей, татар, қазақ һәм қалған уақ жұрттар. Орыстың қаласынан «3 маусым заңымен» сайланған мұжық депутаты оннан бірі-ақ, думада мұжық депутаты қырық-елу, төрт жүз қырық екі депутат ішінде. Орыстың патшалығын арқалап асырап отырған мұжыққа мұны қылғанда, аз,

¹ Сонда, 673—675-бб.; Б.Қаратаевтың Думада сөйлеген сөзінің қазақша аудармасы «Жалын» журналының 1989 жылғы 1 нөмірінің 75-76-беттерінде берілген.

Тексте: «Ст.9. В выборах не участвуют ... 5. Бродячие инородцы и 6. Иностранные подданные»// См.Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907—1914 годах. Сбб. документов и материалов, Алма-Ата, 1957. С. 2.

бытыранды, надан қазақты не ғылсын? Думадан шығарды да тастады»¹.

Ө.Бөкейханов және басқа қазақ зиялылары II Дума таратылғаннан кейінгі уақытта елде қалыптасқан саяси жағдайды жақсы түсінді. Шынымен де «3 маусым заңынан» кейін бір помещиктің даусы 7 қала тұрғынының, 30 шаруа сайлаушыларының немесе 60 жұмысшының даусына теңгерілген еді². Сөйтіп, 1905 жылғы 17 қазан манифесінің шығуымен бірге басталған самодержавиелік жүйені конституциялық басқару әдісімен ұштастыру әрекеті кезеңі аяқталып, империя қайтадан, Бөкейханов дәл айтып көрсеткендей, «баяғы қағусыз, қайырусыз, үйреншікті ескі жолына» түсті³. Бұл жағдай, белгілі дәрежеде, белсенді қазақ зиялылары санасында күйректік сезім де тудырды. Басқа емес, Бөкейхановтың өзі де «біздің қазақ сияқты жетім-жесір нашар жұртқа құрдастық, теңдік «17 октябрь» «3 маусымды» жықса келеді. Жақын арада біздің ат бөйгеден келеді деуге болмайды»⁴ деп жазды.

Дегенмен «3 маусым заңы» қазақ зиялыларын Дума арқылы жүргізуді көздеген саяси күрестен біржола қырыстыра алған жоқ. Олар Думадан тыс қала отырып, құрамы жағынан алғашқы екі Думадан анағұрлым консервативті, ұлыдержавалық бағыттағы III Дума шеңберінде де мұсылман фракциясы, сібірлік депутаттар, солшыл кадеттер және басқа одақтастары арқылы үкіметтің қазақ жерінде отарлау саясатына, «3 маусым заңына» қарсы әрекетін тоқтатпады. Мәселен, ол кезде мұғалім Отыншы Өлжанов Зайсан қазақтарының атынан жаңа ашылған III Мемлекеттік Думадағы саяси партиялардың бастықтарына жеделхат жіберіп, қазақ елінің саяси құқығының аяқ асты болғанын айтып, мұндай әділетсіз шешім қабылдаған үкіметке наразылық білдіреді. Ол жөнінде астана газеттері де жазады⁵.

Деректік материалдар Ө.Бөкейхановтың «3 маусым заңының» реакциялық мазмұнын әшкерелеуге, тіптен реті келсе оны жоюға біраз күш салғанын аңғартады. XX

¹ «Қазақ». 1913, № 23.

² *Верт Н.* История советского государства... С. 48.

³ «Қазақ». 1913, №40.

⁴ Сонда.

⁵ *Дулатұлы М.* Шығармалары, А., 1991, 294-б.

ғасырдың 10-жылдарының басында Мәскеу университетінде оқыған Х.Ғаббасов Ө.Бөкейхановтың тапсыруы бойынша Мәскеу және Петербург оқу орындарындағы қазақ студенттерінің «3 маусым заңының» қазақ елі үшін әділетсіз заң екендігін дәлелдеп, үкіметке сұрау түсіру үшін түрлі матариалдар жинағанын айтады¹. Ал Ө.Бөкейхановтың өзі ол жөнінде «1912 жылы қыстыгүні Петербургте жүрген қазақ болып кадеттен бастап Дума партияларына «сендер Думаға закон жобасын кіргізіндер, біздің қазаққа келер төртінші думада депутат беретін» дедік»² деп жазды.

Айтқандай-ақ, 1912 жылғы желтоқсанда кадеттік депутаттар Думаға сайлау заңына өзгерістер енгізу туралы заң жобасын ұсынады. Жоба Дума мүшелеріне таратылып, олар танысып шыққан соң Думаның 1913 жылғы 13 наурыздағы отырысында талқыланып, тиесілі қолдау таба алмағандықтан, өтпей қалады. Ол түсінікті де еді. 1907 жылғы «3 маусым заңы» бойынша Думада көпшілікке айналған оңшыл партиялар кадеттер ұсынған жалпыға бірдей сайлау құқығына қарсы шықты.

1914 жылы қаңтарда астаналық «Речь» газеті Ө.Бөкейхановтың Мемлекеттік Дума мүшелеріне ашық хатын жариялайды³. Хатта үкімет орындарының қазақ жерлерін алып ықпалды орыс ақсүйектеріне таратумен қанағаттанбай, енді қазақ жұртын христиан дініне шоқындыру әрекетіне көшкендігіне батыл наразылық көрсетілген еді. Бұл хаттың артын ала «Қазақ» газетінде Ахмет Жанталиннің «Государственная Думада»⁴ атты мақаласы жарияланып, онда автор Дума жұмысына ықпал жасаудың басқа жолдарын қарастыруға шақырады. Үкімет орындары Жанталиннің бұл пікірін елеусіз қалдырмайды. Оның сыртынан жандармдық бақылау орнатылады⁵.

Жоғарыда аталғандай біз қарап отырған кезеңдегі қазақ елінің ауыр жағдайына іштарта қараған адамдар Дума мүшелерінің арасында біраз бар еді. Қазақ қайраткерлерінің

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 1-т., 336-п.

² «Қазақ». 1913, № 23.

³ «Речь». 1914, 23 января, № 22 (2691).

⁴ «Қазақ». 1914, № 48.

⁵ ООММ (Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты), 21-к., 9-т., 4-іс, 36, 37, 38-б.

өтініші бойынша Сібір депутаттары Волков-2¹, Скалозубовтың, Дзюбинскийдің, Виноградовтың, мұсылман фракциясынан Максұдовтың, Жағыпаровтың және басқа демократиялық бағыттағы депутаттардың патша үкіметінен әділетсіз аграрлық және ұлт саясатын өзгертуді талап етуі, сол жүйе шеңберінде кішкене болса да атқарылған іс қана емес, сонымен бірге империя халықтарының шовинистік, кертартпа ұлтшылдық пиғылдан ада бөлігінің өзара достық ниетінің көрінісі-тің.

Мәселен, Забайкалье облысының депутаты Волков-2 III Дума мінбесінен қоныс аудару мекемелерінің Сібір, далалық облыстар және Түркістан халықтарына жасап отырған қиянатын әшкерелеп бір емес, әлденеше рет сөйлейді. III Думаның 1912 жылғы 1 мамырдағы отырысында ол осы тақырыпқа тағы да бір рет оралып: «Өткенде мен сіздерге сенатор граф Паленнің ревизиясы жинаған деректерге сүйене отырып, бұл бақытсыз қырғыз (қазақ — *Авт.*) жұртының артық-мыс деген желеумен тіптен арық, өңделген, жыртылмалы және шабындық жерлері, бау-бақшасы, жоңышқалықтары, онда салынған құрылыстары мен қыстаулары түгелдей тартып алынып переселендерге беріліп жатқанын айтқан едім... Соңғы кездері қоныс аударушыларды орналастыратын мекемелер қырғыздарға арнап тағы бір әдіс ойлап тапты. Ол отырықшы норма деп аталады. Сөз ретіне қарай айтсақ, ол ешқандай да заңда қарастырылмаған. Бұл отырықшы норманың мәні мынада: қырғыздарға да қонсы қонған переселендерге бөлінетін 15 десятинадан жер үлесін алып, сонда орналасу ұсынылады, ал қырғыздар болса бастарынан өткендіктен жақсы біледі, егер бұл ұсынысты қабыл алмаса, бәрібір оларды ата қонысынан қуып шығып жерсіз қалдырмақ, сондықтан да шарасыздықтан берілген үлесті алуға мәжбүр болуда»².

Бұл, әрине, Волков-2-нің жер мәселесіне байланысты қазақтарға араша түсіп Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңесте сөйлеген сөздерінің бірі ғана еді. Қазақтар үшін сөзбен бірге ісі қатар жүрген депутаттардың бірі тобылдық Николай Лукич Скалозубов болды. Оның III Дума мінбесінен сөйлеген сөздерінің қысқаша мазмұны мынаған сайды: қазақ жұртының жағдайын орыс қоғамы білмейді,

* Волков фамилиясында екі бірдей депутат болғандықтан, оларды Волков-1 және Волков-2 деп белгілеген.

¹ «Государственная Дума». Третий созыв. Стенографический отчет с 9 апреля по 9 июня 1912 г. СПб., 1912, стлб. 4007.

қазақтардың тыныс-тіршілігінен, шаруасынан билікте отырған орыс қайраткерлері мүлдем хабарсыз, Думадағы депутаттар солардың соңына еріп қазақ жұртына зиянды заңдарға қол көтеріп отыр, т.с.с.¹

1912 жылы Өскемен уезі Тарғын болысы 7-старшындағы Қошанай рулы қазақтардың жері қоныс аударушыларға өтеді. Қазақтар араша сұрап Тобол депутаты Скалозубовқа арыз жазады. Арызда 169 үйлі бұл ауылдың 60-сы өз пішені жоқтықтан казак-орыстан пішен сатып алып шабатынын, қой, жылқы бағатын жерді жылқы басына он тиын, қой басына бес тиын аренда төлеп тағы көрші казак-орыстан сатып алатынын жазады. Скалозубов араласқаннан соң бұл дау уездік комиссияда қаралып, Қошанай жері өз иелеріне қайтарылады². Н.Л.Скалозубовтың әділетсіз қуғынға ұшыраған бір топ Қарқаралы зиялыларына берген көмегі өз алдына баяндауға лайық.

Өз ретіне қарай айта кетелік, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары Думадағы жағдайды бағып отырды және ондағы түрлі саяси күштер арасындағы ара салмақ өзгерісін өте нәзік әрі терең түсінді. Оған газет бетінде Дума жұмысына байланысты үзіліссіз, жүйелі түрде шығып тұрған талдау мақалалар куә. Мәселен, газет сондай бір материалында Думадағы депутаттарды саяси көзқарасына қарай оң жақ, сол жақ, орта деп үш топқа бөлуге болатындығын айтып: «Сол жақтың пікірі орыс патшалығының панасындағы жұрттың бәрін теп-тегіс кұрдас қылмақ. Оң жақ «3 маусым» атасы, орта «3 маусым» кіндігін кескен шешесі. Сол жақ 130, қалғаны 312 депутат. Мұның да ортадағы 100-ден астамы үкімет жер бол десе жер, көр бол десе көр болады. Бұларды октябрист партиясы дейді»³ деп жазды. Ал «Думадағы партиялар» атты мақалада «Біздің мұсылман депутаттары һәм поляк жұртының депутаттары сол жағының депутаттарына қосылып іс» ететіндігін айтып, мынадай қорытынды жасайды: «Жалпақ жұрттың пайдасын ойлайтын депутаттар думада аз, өздеріне жайлы болса, өзгемен жұмысы жоқ депутаттар көп. Ондай депутаттардың көп болуы әуелі сайлау законінен, екінші, халықтың көбі надан болып, жалпақ жұрттың пайдасын ойларлық адамдарды жібере алмайтындығынан»¹.

¹ «Қазақ». 1912, № 109.

² Сонда, 1913, № 10; 1915, № 109, 111.

³ «Қазақ». 1913, № 40.

Қазақ зиялыларының белсенді өкілдері Мемлекеттік Думаның жалпы мемлекеттің саяси құрылыс жүйесінде алатын орнын және мүмкіншілігін, ондағы күштердің ара салмағын өте жақсы түсінді. Сондықтан да олар өздерін Дума қызметінен күтуге болатын нәтижелі істермен аса көп алдаусыратқан жоқ. Мәселен, Ө.Бөкейханов Ж.Сейдалинмен болған екеуара айтыста Сейдалиннің «Дума һәм Советке (Мемлекеттік Кеңесті айтып отыр — *Авт.*) қазақтан депутат бармай қазақ адам есебіне кірмейді» деген тұжырымына жауап беріп: «Жаһанша мырза! Думада һәм Советте көп айтқаны закон болады. Біз сияқты жетім жұрт өзгемен құрдас болсын, кем болмасын дейтін депутаттар Советте 12, ал Советтің бар мүшесі 136. Думада орыс патшалығының панасындағы халықтардың бәрі бірдей болсын дейтін депутаттар жүзден аса, ал Дума мүшелері 442. Мұндайда көп айтқаны закон болады. Думаға һәм Советке барған он шақты қазақ Дума мен Советтің аз жағын көп ете ала ма? «3 маусым» сайлауы аман тұрғанда біздің қазақ түгіл, орыстың өзге жұртты құрдас қыламын деген депутаттарының қолынан түк келмейді. Міне, Думада поляк жұртының депутаты бар, мұсылман депутаты бар, бұлар іздегенін алып отыр ма?» Бөкейхановтың пікірі бойынша, қазақтан Думаға депутат сайлау өзге жұртқа қазақ елінің жағдайын тура жеткізу үшін керек. Онда да бұл мақсат орындалмақ, егер «біздің депутат орыс етегінен жем жеймін деп сатылмаса, шешен болса». Ал жалпы «Думаға һәм Советке депутат барса қазақ жұмысы төмем болады деген дәлелсіз қысыр сөз. Қазаққа депутат беріп, осы қылып отырғанды қылса, біз онда кімнің жылқысын жиып аламыз?! Поляк, еврей, татарларша (ноғай) қамытқа мойынды ұсынып отыра бермейміз бе?»².

«3 маусым заңын» өзгерту мәселесін III Думаның жабылатын күні, яғни 1912 жылы 9 маусым күні Думаның мәжілісі үйін жөндеуге қаржы бөлу туралы заң жобасын талқылау барысында Қазан губерниясының депутаты С.Мақсұдов тағы қойды. «Осында баяндамашы, — деді ол сөзінде — Мемлекеттік Дума сарайы қабырғасында бірнеше жарықшақтар пайда болғанын айтты. Мен осыған байланысты сіздердің назарларыңызды Мемлекеттік Думадағы басқа бір аса маңызды жарықшаққа аударғым

¹ Сонда, 1913, № 8.

² «Қазақ». 1913, №24.

келеді. Ол жарықшақ сіздер мен біздің, мұсылмандардың, (мұсылмандар фракциясына нұсқап отыр — *Авт.*) арасында болып отыр. 5 жыл ішінде Мемлекеттік Дума арқылы дала облыстары мен Түркістан өлкесіне қатысы бар біршама заңдар жобасы өтті. Бұл құжаттардың бәрі де осы облыстардың өкілдерінсіз талқыланып, қабылданды... Біз мұсылмандар, мұндай жағдайды дұрыс емес деп санаймыз...»¹.

Мақсұдов сөзін аяқтай алмайды, өйткені оңшыл депутаттардың шулы талабы бойынша Дума төрағасы «бұл мәселені қозғамауыңызды үлкен кішілікпен өтінемін!» деп, оны ары қарай сөзін жалғастыру құқығынан айырған болатын².

«3 маусым заңын» өзгертетін заң жобасын енгізу арқылы Думаға қайтадан депутат сайлау құқығын алу әрекетінен ештеңе шықпасын түсінген қайраткерлер, енді бұл іске қазақ қоғамын да тартып байқайды. Олар «қазақ жұртына Думаға сайлау құқығын қайтаруды өтініп патшадан сұраңыздар» деп ел арасында беделді ақсақалдар мен жұрт басшыларына қайырылады. Бірақ тиесілі қолдау таппай, бұл әрекеті де айтарлықтай нәтиже бере қоймайды³. Сөйтіп, бұдан былайғы уақытта қазақ қайраткерлерінің Мемлекеттік Думаға мұсылман депутаттар фракциясы мен сібірлік депутаттар арқылы ғана ықпал жасаудан басқа шарасы қалған жоқ еді.

Қорыта айтқанда, қазақ зиялылары мерзімінен бұрын таратылған I және II Дума жұмысына ғана қатынасумен шектелді. Бірақ қазақ зиялылары үшін Дума жұмысына және оған қатысты саяси шараларға қатынасу ізсіз өткен жоқ еді. Олар, біріншіден, империя жағдайында Дума сияқты «өкілетті» орынның, ең алдымен, орыс помещиктерінің мүддесіне, империялық мүдделерге қызмет жасайтындығына көздері жетті. Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Дума мүшелеріне жолдаған ашық хатында: «Қазақ жерлеріне жерік князьдер мен графтардың ынталы әрекетімен өмірге келген «3 маусым заңы» бізді Мемлекеттік Дума мінберінен өз мүддемізді қорғай алу құқығынан айырды» деп жазды. Екіншіден, қазақ зиялылары Думаға қатысты шараларға араласа отырып, негізгі мақсатқа жету үшін жалпы халықтың белсенді, мақсатты қимылы және саяси тұтастығы қажет екендігіне көздері жетті. Олардың «Айқап» сияқты журнал, «Қазақ» сияқты газет шығарып, саяси ағарту жұмысына ден қоюы да сондықтан еді.

¹ «Государственная Дума». Третий созыв. Стенографический отчет с 9 апреля по 9 июня 1912 г. СПб., 1912. Стлб. 5119.

² Сонда.

³ «Қазақ». 1913, № 23.

**Ш т а р а у . Ұлт зиялыларын
қудалау саясаты.
«Қазақ» газеті және азаттық үшін
күрес идеологиясының қалыптасуы.
Қазақ ұлтшылдығы (1908—1916
жылдар)**

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігі қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысын бастаушы саяси күш — ұлт зиялыларымен бетпе-бет келді. Сондай-ақ дәл осы мезгілден бастап әкімшілік орындары ұлт зиялыларының белсенді өкілдерін қудалау саясатын қолға алды. Бұл саясаттың басында империяның Ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды.

Біз жоғарыда 1905—1906 жылдары ұлт-азаттық қозғалыстың әсіресе далалық облыстарда тегеурінді жүргендігін айттық. Соған сай реакция жылдары да отаршыл билік пен ұлт зиялылары арасындағы күрес осы облыстарда айқын сипат алды. Басында далалық облыстардың генерал-губернаторлары тұрған облыс және уезд әкімшіліктері ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерін, шығармашылық қызметімен ұлттық санаға ықпал жасай бастаған ақын-жазушыларды, революция жылдары түрлі саяси істерге белсенді атсалысқан жеке адамдарды, дін қызметкерлерін мақсатты жазалау шараларын іске асырды.

1905 жылы жаз айларында түрлі жәрмеңкелер мен жайлауларда мыңдаған адамдардың қатысуымен өткен жиналыстар, оларда қабылданып, үкімет орындарына жөнелтілген арыз-шағымдар отаршыл әкімшілік үшін күтпеген саяси белсенділіктің көрінісі еді. Сондықтан да үкімет орындары бұл оқиғалардың одан ары өріс алмауына қажет шараларды істеп бақты. Сол кездегі оқиғалардың куәсі М.Тынышбаевтың көрсетуіне қарағанда, 1905 жылдың күзіне қарай Семей губернаторы Галкин билік орындарына қазақтарды Омбыда өтпек жиналысқа

жібермеу туралы Жарлық береді. Әскери генерал Романов қазақ тілмаштарын жұмыстан босатып, олардың орнына орыс-казактарды қабылдайды. Крестьян және уезд бастықтарына қазақтардың үстінен бақылауды күшейту және түрлі арыз-шағымдарға қол қойғандардың тізімін жасау жөнінде нұсқау беріледі. Бұл ретте, әсіресе көзге түсуге тырысқан Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский еді. Ол Қарқаралы арыз-шағымына қолдарын қойған 42 болыс пен биді жауап алу үшін Қарқаралыға шақыртады, бірақ олардың бірде-біреуі келмейді.

Әрине, мұндай жағдайда билік орындарының алдымен қозғалыстың басшыларына назар аударатыны мәлім. Бұл ретте, ең алдымен, көзге іліккен — Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді.

Әлихан Бөкейханов: *халықшылдық ұстанымынан ұлт-шылдық идеясына. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі.*

Сонымен, 1905 және одан кейінгі жылдар қазақ қоғамында орыс билігіне деген наразылықтың өте жоғары деңгейде екендігін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге бұл жалпыұлттық қарсылықтың бағдарламалық негізі және нақты саяси мақсаты бар саяси күрес арнасына сала аларлық мүмкіндікке ие саяси күш те қалыптаса бастаған еді. Ұлт оқығандары немесе зиялы қауым аталатын осы саяси күштің басында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов тұрды.

1905 жылғы революциялық аласапыран оқиғалар басталып кеткенде Әлихан Бөкейханов қоғамдық қызметте әбден ысылған, саяси ұстанымы қалыптасып қалған тұлға болатын. Осы мезгілге дейінгі оның өмірінде аса маңызды рөл атқарған, әрине, алдымен Ф.А.Щербина басқарған, сонан соң С.П.Швецов басқарған қазақ облыстарына ішкі Ресей губернияларынан қоныс аудара келген орыс шаруалары үшін жер телімдерін анықтау мақсатында құрылған экспедициялардың (ретіне қарай 1896—1903 және 1903—1904 жж. жұмыс істеген) жұмысына қатынасуы еді.

Міне, осы экспедициялар жұмысына қатынасу барысында Ә.Бөкейханов қазақ халқы мен оның жеріне байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді, сондай-ақ орыс билігінің таяу арада ірі стратегиялық шараларды іске асыруға даярлық жолында тұрғандығын байқады.

Ә.Бөкейхан аңғарғандай, бұл ретте Ресей билігінің таяу арадағы мақсаты Батыс Сібір және Қазақ даласын ішкі ресейлік губерниялардан жаппай қоныс аудару келмек орыс шаруаларын орналастыру аймағына айналдырып, сол арқылы метрополиядағы жер тапшылығына байланысты қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті бөсеңдету болса, ал түпкілікті көздеген мұраты осы аталған аймақты, яғни табиғи ресурстарға бай қазақ жерін басы бүтін өз меншігіне айналдыру еді. Басқаша айтқанда, өз мүддесін қорғау ісінде жалпыұлттық деңгейде ешқандай да ұйымдаспаған, ал қоғамдық өмірінің басқару тетіктері түгелдей дерлік орыс әкімшілігінің қолына көшкен қазақ халқына тіршілік көзі — атамекен жерінен біржола айырылып қалу қаупі төніп келе жатты. Міне, осындай ұлт тағдыры үшін аса ауыр сәтте бас көтерер ел азаматтарының ұлт ісіне қатысты негізгі теориялық және практикалық мәселелерде ұстанар ұстанымы қандай болмақ, сондай-ақ ол ұстанымды ел қаперіне қандай әдіс-құралдар арқылы жеткізіп, ұлтты ортақ мақсатқа жұмылдыруға болады? Әлихан Бөкейхан сияқты ұлт зиялыларын мазалаған ойлар міне, осылар еді.

Саяси көзқарасы басым түрде орыс қоғамдық ойының ықпалында қалыптасқан Ә.Бөкейхановтың жоғарыда аталған екі экспедицияға қатыса жүріп халықшылдық, социал-демократиялық сияқты саяси ағымдардың қазақ қоғамының алдында тұрған саяси-әлеуметтік мәселелерді шешу ісінде теориялық құрал бола алмайтындығына әбден көзі жетеді. Қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған нәрсе ел болып ұйып атамекен жерін, әсіресе оның егіншілікке жарамды құнарлы бөлігін ішкі Ресей губернияларынан жаппай үдере көшіп келе жатқан қоныс аударушылар меншігіне өтіп кету қаупінен сақтау, осы міндетке жеткізер жолды, түрлі тиімді әдіс-айланы анықтау еді. Басқаша айтқанда, ұлттық саяси топтың алдында экономикалық әлеуметтік жағдайы төмен, қараңғы, өзінің осы ауыр күйін түсінуден алыс тұрған қарапайым халықтың сауатын ашып, саяси белсенділігін көтеріп, сол арқылы мүмкін болғанша оны өз тағдырын өзі өзгерте алатындай күйге жеткізу сияқты өте күрделі міндеттер тұрды.

1905 жылы Ә.Бөкейханов үшін бұдан былайғы мезгілде тынымсыз саяси қызметте өткен өмірінің бастауы болды. Осы жылы ол Қоянды жәрменкесінде өмірге келген атақты Қарқаралы петициясын жазу ісін ұйымдастырып, өзі оның авторларының бірі болды. Мемлекеттік Думаға қазақ

халқының атынан депутаттар сайлау құқын алу үшін жүргізілген жалпыұлттық күресті ұйымдастыру ісін жүргізушілердің басында болды, осы мақсатты жүзеге асыру жолында өзі ресейлік конституциялық-демократиялық партиясына мүшелікке енді (1914 жылдан бастап Орталық комитетке мүше болып сайланды), осы жылдан бастап ол жалпыұлттық басылым — газет шығаруды ұйымдастыру ісін қолға алады. Оның есімі бүкіл қазақ жұртына кең мәлім бола бастайды. Саяси тұлға ретінде жалпы қазақ қоғамында таныла бастаған қайраткер сыртынан орыс әкімшілігі тарапынан жіті бақылау орнатылады. 1906 жылы қаңтарда Семей қаласында өтпек облыстық қазақ съезіне қатынасуға Павлодардан жолға шыққан Ә.Бөкейхановты жандарм қызметіндегілер Ямышевскі поселкесінде 8 қаңтар күні тұтқынға алады. Сол ұсталғаннан ол ешқандай да тергеусіз 30 сәуірге дейін, яғни Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының елубасылары Мемлекеттік Думаға депутат сайлаушы (выборщик) етіп бекіткені мәлім болғанға дейін абақтыда отырады¹. Оның қолындағы барлық құжаттар мен түрлі қағаздары, кітаптары тәркіленеді. Прокурорлық бақылауға жазған арыздарынан ешқандай да нәтиже шықпайды. Тек екі жарым ай мезгіл ешқандай да тергеусіз абақтыда жатқан соң барып, «Ішкі істер министрлігінің тапсырмасымен» абақтыға жабылғандығы мәлім болады².

Орыс әкімшілік орындары Ә.Бөкейхановты абақтыға жабу арқылы Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау алдында оның беделін түсіруден үміттенеді. Сонымен бірге тура осы жылы заң орындарының ойына қазақ қоғамы арасында саяси беделі күрт өсіп келе жатқан саяси тұлғаны тез арада қазақ облыстарынан тыс аймаққа жер аудару идеясы да келеді³. Осы ойды көздеген әкімшілік басшылары

¹ Букейханов А. Выборы в Степном крае, С.45, 48; «Семипалатинские ведомости (не официальная часть областных ведомостей)». 1906, №32, С.4.

² Бөкейханов Ә. Таңдамалы. А., 1995, 402-6.

³ Бөкейхан ісіне қатысты құжатта: «В виду крайней конспиративности последнего и упорного его желания оказать влияние и принять возможное активное участие в проведение вопросов в Государственной Думе, командир войсками (Сибирского военного округа) изъявил желание ... дать этому делу направление в административном порядке с безусловной высылкой Букейханова из пределов Степного края, так как по общему мнению, не исключая лиц Прокурорского надзора, Букейханов представляется безусловно опасным, умным и ловким агитатором», — деп көрсетілген. // Қараңыз: Мамраева А.К. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и Алихан Букейханов. Диссертация. А., 1997. С. 79-80.

оны 15 сәуірде Омбы абақтысына ауыстырып, одан ары үн-түнсіз қазақ жерінен тыс өңірге жер аудару салуды көздейді. Бірақ олардың бұл ойы іске аспай қалған еді. Өйткені Қарқаралыдан Ө.Бөкейхановты өз болысында абақтыда отырғандығына қарамастан сайлаушы (выборщик) етіп сайлағандығы жөнінде хабар келіп жетеді.

1906 жылдың маусым айының басында Семейге жиналған 175 сайлаушы (выборщиктер) облыстан Мемлекеттік Думаға депутат етіп бірауыздан Әлихан Бөкейхановты сайлайды. Сайлау нәтижесі бұл тұлғаның қазақ қоғамы алдындағы өте жоғары беделінің айғағы болды.

Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған Ө.Бөкейхановтың кандидатурасын демократиялық ұстанымдағы Семейлік орыс зиялылары да қолдады. Сайлау нәтижесі туралы хабар жариялаған «Семипалатинский листок» газеті: «Редакция қырғыз халқын осындай сайлау нәтижесімен құттықтайды, өйткені қырғыздар Бөкейханов мырзаның сайлау арқылы Мемлекеттік Думада өздерінің мүддесін қорғай алатын нағыз күрескерді тапты, ол енді қырғыздардың мұқтажы мен тілегі жолында талмай ізденетін жоқшысына айналатын болады», — деп жазды¹.

Қазақ облыстарында сайлаудың кеш өтуіне байланысты Петербургке 11 шілде күні келіп жеткен Ө.Бөкейханов таратылған Дума жұмысына қатынаса алмайды. Жүзден астам депутаттармен бірге патша мен халыққа жолдаған «Выборг манифестіне» қол қояды. Үндеуде депутаттар үкіметке Думаны қудалады деген айып тағып (Дума депутаттарының жер мәселесін шаруалар пайдасына шешу туралы талабы үшін), халықты алым-салық төлеуден бас тартуға, әскерге жаңадан шақырылғанды жібермеуге шақырады.

Араға бір жыл салып, яғни 1908 жылғы қаңтардан бастап Ө.Бөкейханов Выборг манифестіне қол қойғаны үшін заңдар жинағының 51-бабы және 129-бабының 3-тармағының 1-бөлімі бойынша жауапқа тартылып, Петербург округтік сотының үкімімен Семей абақтысында бірнеше ай отырып шығуға міндеттенді². Осы жылдан бастап үкімет орындары қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсірету және бастаушысыз қалдыруды көздеп оның белсенді қайраткерлерін қазақ облыстарынан тыс аудандарға жер

¹ Сонда, 83-б.

² «Семипалатинский листок». 1906, 9 ноября; «Қазақ», 1915, №105.

аудару тәжірибесін қолданды. Ө.Бөкейханов Семей абақтысынан шыққаннан кейін Ресейдің Самара қаласында жандарм орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды.

Осылайша енді ғана қарқын ала бастаған қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1908—1916 жылдар аралығында отанынан тыс өңірде саяси жер аударылған және бақылаудағы адам ретінде тұруға мәжбүр болды.

Самара қаласына жер аударылған мезгілде Ө.Бөкейхановты қазақ қоғамы өзінің саяси жетекшісі ретінде таныған еді. Халық арасындағы бұл ортақ пікірді кезінде дәл білдірген Бақытжан Қаратаев болды. Ол 1910 жылы 30 қыркүйекте Орал қаласынан Ө.Бөкейханов атына жолдаған хатында¹: «Меніңше, жалғыз сен ғана халықтың ықыласына лайықсың. Жалғыз сен ғана халқым үшін қызмет жасадым деп айтуға хақылысың», — деп жазды.

Әрине, 1905 жылдың саяси оқиғаларына белсенді түрде араласқан жалғыз Ө.Бөкейханов емес екені түсінікті. Әсіресе, Қарқаралы арыз-шағым дайындау кезінде, ел арасындағы саяси үгіт жұмысында ерекше белсенділігімен танылған Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Қарқаралы зиялылары еді. Қазақ даласында өздерінен басқа ешкім де еркінсінбеуі керек деп түсінген патша шенеунік бұл жағдайды бірден аңғарды. Олар көп ойланбастан тиісті орындарға, жандарм тыңшыларына Қарқаралы зиялыларының үстінен, алдымен олардың жетекшісі ретінде танылған Ж.Ақбаев пен А.Байтұрсынұлы жайында тиесілі материалдар жинауды тапсырды.

Соның нәтижесінде 1906 жылы 4 тамызда Омбы сот палатасының отырысында Ж.Ақбаевтың «үкімет орындарына қарсы әрекет ісі» қаралды. Сот жалған көрсетулер берген куәлердің келмеуіне, ал келгендерінің бұрынғы көрсетулерінен бас тартуына байланысты айыпкерге тағылған бірде-бір кінәнің негізсіз екендігін мойындауға

¹ Б. Қаратаевтың Ө.Бөкейхановқа жолдаған хаты Барлыбек Сыртановтың іс қағаздары арасынан полицейлік тінту кезінде табылған. Хатты Өзбекстан мемлекеттік мұрағаты қорынан тауып (И—461, Оп. 1, д. 1026, л.л. 27—30) жариялаған автор. *Қараңыз:* Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 1 т., 86—91-бб.

мәжбүр болған еді. Семей губернаторы Тройницкий Омбыдағы бастығына жазған қатынас хатында осы сот отырысының жай-жапсары жөнінде баяндай келіп: «Сот палатасы қырғыздардың көтеріліп кетуінен қорыққандықтан Ақбаевты ақтап шықты»¹ деп жазды. 1906 жылы қалыптасқан жағдайда бұл негізсіз емес-тін.

Семей облысындағы саяси белсенділік танытқан қазақ зиялыларын қудалау ісі облысқа 1908 жылы әскери губернатор қызметіне А.П.Тройницкий келгеннен кейінгі уақытта ушыға түсті. Өзінің реакциялық іс-әрекеттерімен прогрессивті көзқарастағы орыс қоғамына да жексұрын көрінген² Тройницкийдің Семейге келген бетте қолға алған істерінің бірі түрлі лас жолдармен қазақ зиялыларының үстінен материал жинау болды. Сол жиналған материалдарды негізге ала отырып, ол 1908 жылы 17 қарашада дала облыстары генерал-губернаторына құпия қатынас хат жазып, онда Ж.Ақбаевқа бірнеше айып тақты. Олардың мазмұны қысқаша мынаған сайды: 1) 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралыда өткен митингінде басым бөлігі қазақтар мен татарлар болған тобырды орыс билігіне бағынбауға шақырып, «патша ендігі уақытта патша емес, біздің құлымыз, бостандықты патша өз еркімен берген жоқ, одан халық тартып алды!» деген сөздер айтқан, халықты алым-салық төлеуден бас тартуға шақырған; 2) 1907 жылы маусымда Қоянды жәрменкесінде переселен учаскелер дайындайтын комиссияның мәжілісі үстіне рұқсатсыз кіріп келіп, қазақтар Мемлекеттік Думаның арнайы ұйғарымсыз бір тұтам да жер бермейтіндігін, қажет болса жерін қорғап өлуге даяр екендігін айтып, комиссия төрағасын қорлаған; 3) Петербург университетінің профессоры Петражицкийге жазған хатында өзінің қазақтарға ықпал жасап, орыс билігіне қарсы қарулы көтеріліске даярлағанын айтқан; 4) басқа қазақтармен бірге орыс патшалығының құрамынан кету жолдарын талқылап, сөйтіп

¹ ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 5832-іс, 2-п.

² Губернатор Тройницкийдің Семей облысындағы анайы іс-әрекеттерін баяндайтын материалдар орыс басылымдарында да жарық көрген. Осындай мазмұндағы «В экзотической стране» деп аталатын мақала «Русское слово» газетінің 1914 жылғы 1 наурыздағы 50-нөмірінде жарияланған.

сепаратистік пиғыл тудырған; 5) Бөкейхановқа беру үшін казактардан қаржы жинаған т.с.с.¹.

Ақбаев атына осындай айыптар тағып және оларды өзінде бар фактілермен дәлелдегенсіп, Тройницкий мұндай әрекеттердің қазақ даласында орыс билігінің қадірін түсірмесе көтермейтіндігін таусыла айтып, генерал-губернатордан Дала Ережесінің 17-бабына сай Ж.Ақбаевты Сібір өлкесінің бір алыс түкпіріне жер аударуды қиыла өтінеді.

Дала облыстары генерал-губернаторы Е.О.Шмит Тройницкийдің ұсынысын қабыл алып, 1908 жылғы 4 желтоқсанда Ішкі істер министріне жолдаған №99 өтініш хатында «егер Ақбаевты Семей облысынан тағы да сол қырғыздар қоныстанған Ақмола облысына жер аударумен қанағаттансақ, онда ол отандастарына ықпал ету арқылы өзінің зиянды әрекеттерін жалғастыра бермек, сондықтан да Ереженің 32-36-баптарына сәйкес полиция бақылауында бес жылға Якут облысына жер аударуды»² сұрайды.

Ж.Ақбаев ісін Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған Ерекше Кеңес қараған соң, Ішкі істер министрі 1909 жылы 2 қаңтарда «Ақбаев астанадан, губерния және дала генерал-губернаторлығы орталықтарынан басқа, өзі қалаған жерге 1908 жылдың 22 желтоқсанынан бастап санағанда екі жылға жер аударылып, ашық полиция бақылауына бағындырылсын»³ деген үкім шығарады.

Бұл уақытта губернатор Тройницкий министрдің шешімін күтпей-ақ желтоқсанның орта тұсында жергілікті полиция орындарына бұйрық беріп, ауру Ақбаевты тұтқынға алады. 1909 жылдың қаңтарының басында Қарқаралы уезінің ақсақал, би, старшын және болыс басқарушылардың үлкен тобы «Ақбаевтың жазалану себебі мүлдем түсініксіз», деп тауып, сондықтан да оны абақтыдан босатуды талап етіп генерал-губернатор Шмитке хат жөнелтеді⁴. Шамамен осы мазмұндағы өтініш Ақбаевтың отбасынан да түседі. Бірақ бұл өтініштер қабылданбайды.

¹ ҚР ОММ, 64-қ., 1-т., 5832-іс, 1-6-п.

² Сонда, 12 об-п.

³ Сонда, 17-п.

⁴ Сонда, 22-п.

1909 жылы наурыз айында Ж.Ақбаев Жетісу облысындағы Қапал қаласын таңдап, тиесілі мерзімді өтеуге сонда аттанады¹.

Ж.Ақбаев ісімен бір мезгілде Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесі 1905 жылғы оқиғаларға белсенді атсалысқан басқа зиялы қауым өкілдерін тексеру ісін қолға алады. 1909 жылдың қыркүйегінде ол Омбы жандарм басқармасына Өскемен уезінің бірінші учаске дәрігері И.И.Высоцкийдің, Қарқаралыдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі А.Байтұрсынұлының, Өскемен қаласының бұрынғы старостасы О.Костюриннің, Өскемен уездік крестьян бастықтары съезінде төрағалық жасаушы И.М.Петржевичтің және Қарқаралы қаласының дәрігері С.И.Богуславскийдің саяси сенімділіктері жөнінде мәлімет беруді тапсырады².

Жандарм мекемесі бастығының көмекшісі сол жылғы 26 қыркүйекте берген жауабында дәрігер Богуславский мен Байтұрсынұлының Ақбаев ісіне қатысы болғандығын, сол үшін генерал-губернатор Сухотиннің бұйрығымен Богуславскийдің Қарқаралыдан басқа жаққа жер аударылғанын, дәрігер Высоцкиймен болған әңгімеде оның «азаттық қозғалысқа іш тарта» қарайтындығын білдіргендігін, «Семей уезі бастығымен болған әңгімеде уездегі сот төрағасы Зуевтің де қырғыздардың азаттық қозғалысына жанапшырлық танытқандығын жазады»³.

Жандарм басқармасы бастығының көмекшісі бұл берілген мәліметіне бұрын саяси қуғындалған Орест Костюрин туралы 1905 жылы желтоқсанда жазған анықтамасын қоса тіркеп, онда 17 қазан манифесін халыққа түсіндіру барысында Костюриннің шаруалардың тым көп салық төлеп ауқаттылар тарапынан қанауға ұшырап отырғандығын, жердің шын мәніндегі иесі солар екендігін айтып, халықты үкімет алдына әлеуметтік талаптар қоюға шақырғанын жазады⁴.

Ж.Ақбаев біз жоғарыда үзінді келтірген сенатор Паленге жазған арыз хатында тура осы мезгілде үкімет орындарының дала облыстарында дәрігерлік, мұғалімдік және

¹ Сонда, 15—17-п.

² Сонда, 5847-іс, 1-п.

³ Сонда, 2—3-п.

⁴ Сонда, 4—4-об-п.

басқа қызметте жүрген поляк саяси қуғындары үстінен түрлі материалдар жинатқанын көрсетеді¹. Бұл, әрине, тектен-тек емес еді. Мұрағат материалдарынан 1905 жылғы революциялық өрлеу, оның артынан келген реакция жылдары поляк эмигранттары мен Байтұрсынұлы, Ақбаев сияқты қазақ зиялылары арасында өзара іштарту және мүмкін жағдайда бір-біріне көмек беру сияқты көріністердің орын алғаны байқалады².

Ж.Ақбаевты жер аудару Қарқаралы зиялыларына қарсы жүргізілген жазалау шарасының басы болатын. Ендігі кезек Қарқаралыдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынұлыныкі еді. 1909 жылы мамыр айында құпия тыңшылар, яғни уез бастығының көмекшісі Солотич пен Қарқаралы тұрғыны Т.Шыңғысовтың көрсетулерін негізге ала отырып, губернатор Тройницкий Округтік оқу бөлімінің меңгерушісі А.Е.Алекторовтан Байтұрсынұлын қызметінен босатуды талап етеді. Қызметтен босаған Байтұрсынұлы Омбыға Алекторовқа аттанады. Істің жайын түсінген соң Алекторов Байтұрсынұлына өз қызметін қайтарып беруге уәде етеді. Мұны естіген Тройницкий 1 шілдеде Байтұрсынұлының үйінде тінту жүргізіп, өзін тұтқынға алады³.

Губернатор Тройницкий мен ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік Третьяков 1909 жылы 13 қыркүйекте Омбыдағы далалық облыстар генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-лейтенант Тихменевтің сұрауына берген жауабында Байтұрсыновтың тұтқынға алыну себебін былайша түсіндіреді: «...Байтұрсынов Қарқаралы уезіндегі қырғыздар арасында сепаративтік рухтағы насихат жүргізген және Семей облысынан тыс өлкеге жер аударылған Жақып Ақбаевты қайтару туралы арыз ұйымдастырған.

Уез бастығының тергеуінде болған адамдардың көрсетуіне қарағанда, ол жүргізген насихаттың мазмұны, біріншіден, қырғыз жұртының арасында өзін-өзі автономиялық басқару идеясын тарату, ал белсенді әрекеттерге көше қалған күнде орыс билігінен қорықпау,

¹ Сонда, 5832-іс, 181-об-п.

² Сонда.

³ Дулатұлы М.Шығармалары. А., 1991. 298-б.; ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 5832-іс, 181-об-п.

өйткені Қытай мен Ауғанстан оларға көмек көрсетуге дайр... сияқты ойларға сайса, екіншіден, алым-салықты төлемеу және орыстар мен қырғыздардың арасында өшпенділікті қоздыру болды»¹.

Жоғары мансапты шенеуніктер одан ары «Байтұрсынов ісінің соншалық маңызды болуына байланысты, оны әзірге қамаудан босату тіпті де мүмкін еместігін айтып, былайша негіздейді: «Қарқаралы уезіне орыс шаруаларын әкеліп қоныстандыру әлі бастала қоймаса да, Ақбаев, Байтұрсынов және олардың құпия серіктерінің үкімет саясатына қарсы жүргізген зиянды қызметінің салдарынан бұл уез қырғыздары арасында орыстарға деген өте үлкен жаугершілік пиғыл байқалып отыр»².

Ақбаев сияқты Байтұрсынұлының да кінәлі екеніне әбден сенімді болған губернатор Тройницкий тергеу жұмысын аяқтауға асықпады. Байтұрсынұлы сияқты тұтқынды ешқандай жауап алусыз бірнеше ай абақтыда ұстау оған, біріншіден, тұтқынның сағын сындыру үшін керек болса, екіншіден, сыртта бостандықта жүрген Байтұрсыновтың пікірлес отандастарына отаршыл биліктің күшін, мүмкіншілігін көрсету еді. 1909 жылғы 28 қазанда далалық генерал-губернатор Шмитке жолдаған қатынасында: «Ақбаевтың Қарқаралы уезінде серіктері қалып отыр, жазда олардың негізгілерінің бірі — Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі Байтұрсынов тұтқынға алынды. Оның қылмысты ісін тексеру үшін мен жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневскийді іс-сапарға жібердім. Оған, сондай-ақ Ақбаев, Байтұрсынов және К^о-лердің ықпалымен 1905 жылдан кейінгі уақытта уезде бүкіл орыстық іске қарсы қалыптасып отырған көңіл күйді анықтап қайту да жүктелді. Ротмистр Леваневский желтоқсаннан бергі уақытта оралмайды, осы аралықта ол полиция назарынан тыс қалып, ешқандайда кедергісіз үгіт-насихатпен айналысып келген жат жұрттықтарды анықтап қайтады деп үміттенемін»³ деп жазды.

¹ ҚР ОММ, 64-қ., 1-т., 5832-іс, 55—56-п; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 1-т., 81—82-бб.

² Сонда.

³ Құжатта «иностранцев» деп жазылған.

1909 жылдың екінші жартысында ешқандай да тергеусіз абақтыда отырған Байтұрсыновтың жағдайына анықтық енгізу мақсатында оның жақын туыстары мен достары біраз шараларды іске асырады. Осы жылдың 5 тамызында Байтұрсынұлының жары Бәдрисафа Байтұрсынова далалық облыстардың генерал-губернаторына «белгісіз себептермен абақтыға жабылған» күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуын өтініп арыз жазады. Мұндай арыздағы өтінішті қабыл алмау орыс әкімшілік орындарына тән құбылыс еді¹.

Петербургтегі Ғылым академиясы баспасынан «Қырық мысал» атты кітабы жарық көрген ақын және ағартушының абақтыда тергеусіз біраз уақыттан бері жатқан хабары астанадағы прогресшіл пікірдегі зиялыларға да жетеді. Соның бірден-бір көрінісі Петербургте шығатын «Современное слово» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме» атты мақаланың жарық көруі болатын. Мақалада Байтұрсынұлының абақтыға жабылу себептерінің қатарында «ол басқаратын мектепте орыс оқушыларының болмауы, 1905 жылы қазақтар патшаға тапсырған арыз-шағымды жазуға қатысқаны, орыс-жапон соғысы тұсында патриоттық пиғыл танытпағаны» аталады².

Байтұрсыновтың ісі бойынша үкімет орындарын белгілі бір шешімге келуге итермелеген Мемлекеттік Думаның мүшесі Н.Л.Скалозубовтың 1909 жылы 17 қарашада Ішкі істер министрінің орынбасары П.Г.Курловқа жолдаған хаты еді. Мемлекеттік Дума мүшесі хатында «Семей мен Өскемен абақтыларында біраз уақыттан бері тергеусіз, сотсыз бірнеше қырғыз зиялылары жатқан көрінеді. Олар өздерінің шарасыз жағдайына көңіл аударуды өтінеді», бұл істерді тездетіп аяқтауға болмас па екен деген ойды білдіреді³.

Далалық облыстар генерал-губернаторы О.Е.Шмит 1910 жылы 22 қаңтарда П.Г.Курловқа берген жауабында Өскемен түрмесінде Көлбай Төленгітов (Тоғысов — М.Қ.) пен Жәмпей Жансүгіровтің отырып шыққаны, ал Семей түрмесінде А.Байтұрсыновтың шынымен де әлі отырғаны

¹ Сонда, 28-п.

² Сонда, 51-53-п.

³ «Современное слово» газеті, 1909, 19 қараша.

туралы мәлімет беріп, Байтұрсынов ісінің таяу уақытта, яғни тергеу ісі біткен соң аяқталатынын хабарлайды¹.

1910 жылы 4 ақпанда далалық облыстар генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-лейтенант Тихменев Ішкі істер министріне Байтұрсынұлы ісіне байланысты тағы да есеп беріп, оған қандай айып таңылғанын толық баяндайды. Сот құжатының бұл бөлігінің жалғыз Байтұрсынов емес, жалпы қазақ саяси қайраткерлерінің бұдан былайғы өмір жолына тікелей қатынасы болғандықтан оны түпнұсқа тілінде толық келтіруді қажет деп таптық. Сонымен, Тихменев хатында былай деп көрсетеді:

«Названный Байтурсунов ранее заведывал Каркаралинским русско-киргизским училищем и был уволен от службы Попечителем учебного округа по настоящию Семипалатинского Губернатора за политическую неблагонадежность и агитацию, беспорядок в училище и совершенное отсутствию в нем русских учеников. Показаниями целого ряда свидетелей Байтурсунов обвиняется в том: 1) что он, в разное время, начиная с 1905 г., как в г. Каркаралах у себя на квартире, так и при разъездах по аульным школам в уезде и при всяком подходящем случае, неоднократно говорил киргизам: а) что податей платить не следует, б) что киргизы ни в коем случае не должны переходить на крестьянское положение, так как тогда с них будут брать по 10 руб. подати с души, заставлять отбывать их воинскую повинность и переведут в русскую веру, а если насильно отберут от них землю, то Байтурсунов рекомендовал укочевать в Китай, в) что повиноваться начальству не следует, г) что русский царь в настоящее время обессилен и управлять не может, а киргизы, что захотят, то и возьмут (показание Амантая Ажанбаева, Темиргалия Бесекова, Шаина Кулатаева); 2) что распространял среди киргиз преступного рода воззвания; 3) что внушал волостным управителям не собирать недоимки, указывая им на то, что в России за крестьянами целые миллионы недоимок, и что им за это ничего не делают и 4) что поручил Кентскому волостному управителю Карыбаю Матаеву произвести в пользу Алихана Букейханова денежный сбор на предмет

¹ ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 5832-іс, 57—58-п.

издания последним газеты противоправительственного направления»¹.

Біз бұл айыптау құжатында көрсетілген фактілердің басым көпшілігінің Байтұрсынов пен оның серіктерінің саяси қызметінде орын алғанына және олардың сол үшін де қудалауға ұшырағанына ешқандай шек келтірмейміз. Сонымен бірге бұл айыптаулардың ішінде жандарм орындары, тыңшылардың жапқан жаласы да бар болатын. Мәселен, осы және бұдан бұрын берілген басқа құжаттарда көрсетілгендей, А.Байтұрсыновтың қазақтарды орыс билігіне қарсы күреске шақыра отырып, «Қытай мен Ауғанстаннан көмек келеді», немесе «жазалаудан құтылу үшін «Қытайға көшіп кетіндер» деп айтуы, әрине, мүмкін емес-тің. Бұл фактілер жандарм орындарына Байтұрсынов пен оның серіктерін Ресей империясының бітіспес жауы ретінде көрсету үшін керек еді.

Генерал Тихменев министр атына жолдаған осы хатында Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізуде «кінәсі Байтұрсыновтан кем емес» деген бірнеше адамның атын атайды. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі Ыбрай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасен Ақаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков, Ақшатау болысының тұрғыны Бодаубек Райымбеков, ауыл мектебінің мұғалімі Смайл Байтенов және Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің оқушысы Асылбек Сүлейменов еді. Қатынаста бұл аталған кісілердің бәрі де «қырғыздарды салық төлемеуге, билік орындарына бағынбауға және қоныс аударушыларға жерін бермеуге» үгіттеді деп көрсетіледі².

Бұл тізімнің ішіндегі Асылбек Сүлейменов 15 жасар бала болатын. Оған тағылған айып — «Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа білгендігі» еді. Қатынаста жоғарыда аталған жетеуінен «кінәсі кемдеу», бірақ бұлар да үкіметке қарсы насихат жұмысымен айналысқан деп тағы да бір топ Тоқырауын болысы (Ә.Бөкейхановтың туып-өскен жері — *М. Қ.*) тұрғындарының аты-жөні аталып, оларға да жоғарыдағыларға таңылған кінә жүктеліп, тек «қырғыздарды отырықшы тұрмысқа өтпеуге үгіттеді» деген айыпты қоса тіркейді³.

¹ Сонда, 209—211-п.

² Сонда, 211-п.

³ Сонда.

Қарқаралы зиялыларының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесіне «А.Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады деген министрдің бұйрығы келеді¹. Бұл хабардың артын ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смайл Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындығы туралы министрдің шешімі келіп жетеді².

А.Байтұрсынов министрдің бұйрығынан соң екі жылға тұруға өз еркімен Орынбор қаласын таңдап алады³. Ал қалған жетеуі 1910 жылдың наурызынан бастап келесі жылдың 16 сәуірінде елге қайтуға рұқсат берген министрдің Жарлығы шыққанға дейін Том губерниясында тұрады⁴.

Міне, осы арада соңғы жетеуінің мерзімінен ерте елге оралуына себепші болған Сібір губернияларынан Мемлекеттік Думаға мүше болып сайланған Михаил Александрович Дзюбинский мен Николай Лукич Скалозубовтың еңбегі екендігін атап айтқан жөн. Мұрағат материалдарымен таныса отырып оған толық көз жеткізуге болады⁵. Ал Ә.Бөкейханов Н.Л.Скалозубовтың өмірден қайтуына байланысты 1915 жылы «Қазақ» газетіне жазған қазанамасында былай деді: «1910 жылы біздің Қарқаралыдан Хасен, Ыбырай, Смахан, Бодаубек, Ахмет Райымбек баласы, Сүлеймен екі жылға жер аударылды. Жазықтары: бірі менімен бір туысқан, бірі Жақыппен бір туысқан, бірі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін айтқан, өзгелері осылармен таныс. Осы жігіттер күні толмай үйлеріне қайтты. Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты⁶ жігіттің қайтуына көп қызметін өткізген Г. Совет члені Л.Н.Толстой досы Михаил Александрович пен Н.Л.Скалозубов болатын»⁷.

¹ Сонда, 81, 82-п.

² Сонда, 90, 147-п.

³ ООММ, 10-к., 2-т., 242-іс, 2-об-п.

⁴ ҚР ОММ, 5-с-қ., 10-т., 42-іс, 83-п.; сонда, 64-к., 1-т., 5832-іс, 147—147-об-п.

⁵ Сонда, 87, 88, 90-п.

⁶ Жер аударылғандар алтау емес, жетеу. Бөкейханов жаңылысып Смайл Байтеновтың атын атамаған — (Авт.)

⁷ «Қазақ». 1915, № 111.

Сөйтіп, отаршыл әкімшілік пен Қарқаралы зиялылары арасында 1905 жылдан басталған саяси күрес соңғыларын жазалау шараларымен аяқталған. Көріп отырғанымыздай, саяси жазалауға тек ұлттық наразылықтың көш бастаушылары ғана (Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, т.б.) емес, сонымен бірге азаттық қозғалыстың қатардағы қолдаушылары да (С.Байтенов, А.Сүлейменов, т.б.) іліккен еді. Басқаша айтқанда, патша үкіметі кімдерді, не үшін жазаға тартқанын жақсы түсінді. Мұны екінші, яғни жазаланушы жақ та білді.

Том губерниясына жер аударылған жетінің бірі Хасен Ақаев 1929 жылғы төркілеу саясаты тұсында тағы да сенімсіз адам ретінде Қарқаралыдан Уфа округіне үш жылға, Қостанай округіне өмірінің соңына дейін жер аударылуына байланысты, бұл әділетсіздікке наразылық көрсетіп, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Төрағасы М.И.Калининге жазған шағым хатында өзінің патша үкіметінің отарлау саясатына неге қарсы шыққанын былайша түсіндіреді: «Кімге де болса мәлім, Ресейдің бұрынғы патшалары, антұрған Николай II қазақтарды қанап, құқықсыз құлдарына айналдырған еді. 1897—1898 жылдары Қазақстанда пәрменді отарлау саясатын бастап, Николай II солтүстік қазақ уездеріндегі ең жақсы жерді ішкі губерния крестьяндарына тартып алып берген болатын. Бұл зорлық менің шаруашылығымға өте жайсыз тиіп, түгімді де қалдырмай күйзелтіп кетті. Мен әуелде Қарқаралы уезінің «Желтау» деген жерінде мал өсіріп һәм егіншілік құрып, отырықшы тұрмысқа қажет құрылыстар салған едім. Отаршыл әкімшілік мені ол жерден бар шаруашылығыммен қуып шығып, орныма «Заводской» деген переселен поселкесін салды, ата-бабамнан қалған мекенімнен кетіп «Заводской» поселкесінен 70 шақырым «Егіндібұлақ» деген жерге келіп қондым. Бірақ патша үкіметі мені мұнда да тыныш қалдырмады, келіп салған үй, қора-жайымнан тағы да қуып шығып, «Хлебородный» деп аталатын переселен поселкесін құрды. Мен енді «Хлебородный» поселкесінен 20 шақырым қашықтықтағы сусыз, шаруашылық пен тіршілікке жайсыз «Қызыл пілік» және «Мырзакөл» деп аталатын мекендерге келіп орын теуіп, біраз жылдар бойы арық жүргізіп, даланы суландырып, малға пішендікке жоңышқа ектім. Мен, әрине, патшалық зорлықтың көп құрбандарының бірі ғанамын.

Атамекенінен айрылып, мен сияқты сұрқия күйге ұшыраған қазақтар, әсіресе кедейлер мен жатақтар ол кезде... Қарқаралы, Көкшетау сияқты уездерде өте көп еді.

Осындай тұралатып кеткен қоныстандыру саясатын көріп, біле отырып мен, әрине, Николай II мен оның үкіметіне... жаулық пиғылмен қарайтын қазақтардың біріне айналдым. Сол үшін де мені 1910 жылы саяси сенімсіз адам ретінде Том губерниясы Барнаул қаласына жер аударды»¹. Х.Ақаевтың айтқан бұл көрсетулерінде титтей де асыра сілтеушіліктік жоқ-тын. Губернатор Тройницкий мен ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік Третьяковтың жоғарыда айтылғандай, «Қарқаралы уезін әзірге переселен саясаты қамти қойған жоқ» деуі нағыз екіжүзділіктің өзі болатын және бұл саясат Х.Ақаев сияқты қарапайым кісілердің саясат ісіне араласуына түрткі болғаны да ақиқат еді.

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға кітап бастырып, елге тарату түрінде де көрінді. Ұлттық мерзімді баспасөз жоқ, ал жазба әдебиеттің әлі қалыптасып үлгірмеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі «Оян, қазақ!» болды. Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан 1909 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы Міржақып Дулатұлы еді.

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.»².

Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр-өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын. Кітапқа кіріспе сөзінде М.Дулатұлы: «Мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі хәлімізді салыстырсаңыз да аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдықта жата

¹ ҚР ОММ, 5-қ., 10-т., 42-іс, 82-83-п.

² Дулатұлы М.Оян, қазақ! Алматы: «Алтын Орда», 1991. 3-б.

берсек, енді аз заманда нешік болашақпыз?», — деген сауал қойып, оған оқырманмен бірге кітабында жауап іздейді.

«Оян, қазақ!» Орал, Торғай, Семей және Ақмола облыстарында тез тарап, сұраныстағы кітапқа айналады. Бір қызығы сол, бұл кітапты халық арасында кең насихаттауда белсенділік танытқан дін қызметкерлері молда, имамдар еді. Мәселен, Ақтөбе уезінің бастығы Орынбор губерниялық жандарм басқармасының бастығына 1910 жылы Орынбор округтік соты прокурорының жолдасы және уездік полиция бастығының қатысуымен жандарм ротмистрі Жанкиннің Ақтөбе қалалық мешітінің молдасы Омар Абдулбаниевтің «қырғыздардың арасында көтеріліске шақыратын татар тілінде шыққан кітапшаны тарату ісіне байланысты оның үйінде тінту жүргізілгендігін» хабарлайды¹.

Өкінішке орай, уез бастығы бұл тінтудің немен аяқталғанын жазбаған. Бірақ әңгіменің «Оян, қазақ!» жөнінде болып отырғандығында шек жоқ.

Омар молданың үстінен бақылау орнатқан жандарм орындары оның «мұсылман жұрттарын ұлтына бөлмей, бәріне ортақ түркі тіліне көшуді насихаттайтындығын» айтып, оның Верный қаласындағы «саясаттағы досы», мұғалім Әбдірахман Сағдеев деген кісімен хат алысып тұратындығын анықтаған². Демек, Омар молда арқылы «Оян, қазаққа» баспадан шыққаны туралы хабардың, тіптен кітаптың өзінің де Верный қаласына жетуі әбден ықтимал.

Ұқсас жайдың Ақмола облысында да болғанын байқаймыз. Орынбор губерниялық жандарм басқармасы бастығының өтініші бойынша Омбы губерниялық жандарм мекемесінің бастығы «Оян, қазаққа» байланысты мынадай фактіні баяндайды. 1911 жылы маусым айында Ақмола губернаторының нұсқауы бойынша «мұсылман жұрттарының арасында қылмысты басылым «Оян, қазақты» таратып, қылмысты іс жасағаны үшін Ақмола қаласындағы 2-үлкен мешіттің имамы Хаджитулла Хаким Даут Махмұтовтан жауап алынып», имамның ондай іспен айналысқаны дәлелденген соң, ол қызметінен қуылып, Дала

¹ ООММ, 21-қ., 2-т., 618-іс, 251-п.

² Сонда, 237, 249, 249-об-п.

Ережесінің 34-бабына сәйкес дала облыстарынан тыс өңірге үш жылға жер аударылған¹.

«Оян, қазақ!» шыққанға дейін Омбы уезі Қорған болысы, Арқалық ауыл мектебінде мұғалімдік жұмыста жүрген М.Дулатұлы 1909 жылы қазан айында Ақмола облысындағы Петропавл қаласына келіп алдымен қалалық мұсылмандар кітапханасы — оқу залының меңгерушісі², соңынан соттың хатшысы қызметінде жұмыс жасайды³.

Деректердің көрсетуіне қарағанда, М.Дулатұлына Петропавл қаласына келіп орналасуы екінші басылым көрген «Оян, қазақты», 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамал» романын және басқа азаттық үшін күрес рухында жазылған кітаптарды ел арасына таратуға қолайлы жағдай тудырса керек.

Бірақ бұл уақытта «Оян, қазақтың» авторының сыртынан жандармдық бақылау қойылып, оның «қылмыстық» ісін дайындау бұдан бұрын Ж.Ақбаев пен А.Байтұрсыновтың тергеу ісін жүргізген Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневскийге жүктеледі.

Ротмистр Леваневский 1911 жылғы 15 маусымда Семей губернаторына жолдаған қатынас хатында М.Дулатұлы үстінен Қылмыс кодексінің 129-бабының 6-тармағы бойынша іс қозғағандығы жөнінде мәлімдеп⁴, артынша «Оян, қазақтың» орыс тіліне аударылғанын және оның көптеген даналарының ел арасына тез арада тарап кеткенін айта келіп, «Өлеңмен, жақсы тілде, шебер жазылған «Оян, қазақ!» тіптен аударма түрінде-ақ айтарлықтай әсер қалдырады, ал өзінің мазмұны жағынан орыс үкіметінің қырғыздарға қатысты бүгінгі саясатына наразылық туғызуды көздейді, сондай-ақ оның ішінде Жоғары Мәртебелі Императорды мазақ ету және панисламизм идеясын тарату пиғылы да байқалады»⁵ деп көрсетеді.

Өз ретінде Семей губернаторы Дала облыстары генерал-губернаторына жолдаған хатында «Оян, қазақтың»

¹ Сонда, 21-к., 2-т., 487-іс, 85—85-об-п.

² ҚР ОММ, 369-к., 1-т., 2819-іс, 34-п.

³ ООММ, 21-к., 2-т., 598-іс, 87—87-об-п.

⁴ ҚР ОММ, 15-к., 1-т., 408-іс, 1-п.

⁵ Сонда, 3—3-об-п.

аудармасын ұсынып, «қазақ жұртының белгілі бір бөлігінің орыс билігі мен орыс жұртына қатынасын білдіретін» бұл кітапшаны оқып шығуын өтінеді¹.

Семей округтік соты М.Дулатұлы ісін жүргізу барысында Қазан қаласындағы баспа ісі бойынша Уақытша Комитетке қайырылып, «Оян, қазақ!» қаншалықты заңға сәйкес екендігі жөнінде пікірін сұрайды. Уақытша Комитет 1911 жылғы 8 қарашада берген №1735 жауабында өзінің «Оян, қазақты» қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тыйым салуға және оның авторы М.Дулатұлын қылмысты істер Заңының 128 және 129-баптарына сәйкес жауапқа тартуға рұқсат сұрап Саратов Сот палатасына қатынас қағазын жібергенін хабарлайды².

Баспа ісі бойынша Уақытша Комитеттің бұл шешімін негізге ала отырып, Семей округтік соты М.Дулатұлын қылмысты істер Заңының 129-бабының 6-тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады³.

М.Дулатұлының абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалыстың өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Мәселен, 1912 жылы қаңтарда Бегелі болысынан Сман Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгібай Алдабергенов залогқа екі мың сом ақша төлеп, М.Дулатұлын абақтыдан шығарып алады. Бірақ артын ала губернатор Тройницкийдің бұйрығымен ол қайтадан Семей абақтысына жабылады⁴.

1911 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті мен «Айқап» журналы М.Дулатұлының абақтыға жабылғаны туралы хабар жариялайды⁵. «Айқаптың» 6-нөмірінде жарияланған хабарда автор «Былтыр қазақ шайыры Ақымет Байтұрсынов та Семей түрмесінде тоғыз ай себепсіз һәм тексерусіз зарығып отырған еді. Мұның халі нешік болар?!» деген қауіп білдіреді⁶. М.Дулатұлы жөнінде

¹ Сонда, 4-п.

² Сонда, 12-12-об-п.

³ ООММ, 21-қ, 2-т., 598-іс, 87—87-об-п.

⁴ ҚР ОММ, 15-қ, 1-т, 408-іс, 15, 17, 17-об, 19-п.

⁵ «Вакт» газеті. 1911, №802; «Айқап» журналы. 1911, № 6. 10-11-бб, № 7, 10-б.; №9, 14-б.

⁶ «Айқап» журналы. 1911, № 6, 11-б.

хабарларды жариялағандары үшін Орынбор генерал-губернаторының қаулысы бойынша «Уақыт» газетіне 300, ал «Айқап» журналына 100 сом айып салынады¹.

М.Дулатұлы Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шығады. Шыққан бетте, яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келіп жетеді. Оған себеп болған сол тарихи кезеңдегі қазақ облыстарында қалыптасқан саяси жағдай еді. М.Дулатұлы бұдан былайғы уақытта қазақ облыстарында жүріп қоғамдық-саяси жұмыспен айналысу мүмкін еместігін жақсы түсінді.

Отаршыл әкімшіліктің қазақ зиялыларының қарсылығын басу саясаты жоғарыда аталған қайраткерлермен шектелмегені түсінікті. Мәселен, 1909 жылы жандарм орындары саяси белсенділігі үшін Зайсан уезінің мұғалімі Отыншы Әлжановты түрлі жалалар жауып, алдымен Семей абақтысына отырғызып, соңынан Жетісудағы Лепсі қаласына жер аударады².

1910 жылы университетті жаңа бітіріп келіп, қызметке орналасқан заңгер Жаһанша Досмұхамедовты генерал-губернатор «Уральский листок» газетінде жер мәселесіне байланысты жариялаған мақалалары үшін Орал облысында тұруға тыйым салды. Ж.Досмұхамедов 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңгенге шейін Сібірдегі сот мекемелерінде қызмет жасайды³.

Сонымен, шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ зиялыларының отаршыл әкімшілікпен бетпе-бет келген күресінің алғашқы кезеңі осылайша аяқталды. Бұл күресте, әрине, екі жақтың күші мүлдем тең емес-тін. Соған қарамастан ұлт зиялылары өзінің негізгі мақсатынан — ұлттық тәуелсіздікке жету — бас тартқан жоқ, қайта оның өз ісінің әділдігіне деген сенімі нығая түсті. Сонымен бірге осы кезеңде жаңа ғана қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы — жалпыұлттық саяси басылымды ұйымдастырды. Ол «Қазақ» газеті еді.

¹ Сонда, 1911, №9, 14-бб.

² Дулатұлы М. Шығармалары, А., 1991, 294-б.

³ ҚР ҰҚКМ, 2370-іс, арх. № 6610, 2-т., 394-п.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. ОТАРЛЫҚ ЕЗГІ МЕН ФЕОДАЛДЫҚ МЕШЕУЛІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Орынбор қаласында 1913—1918 жылдары Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен шығып тұрған «Қазақ» газеті туралы тарих ғылымында соңғы жылдарға дейін объективті ғылыми түсінік қалыптаспаған. Солай болуы заңды да еді. Өйткені объективті ғылыми баға Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген қазақ басылымдарын шығарушы ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне де берілген жоқ-тын. Сондықтан да, ұлт зиялыларының бұл тарихи кезеңдегі қызметі буржуазиялық ұлтшылдықтың көрінісі есебінде бағаланса, олардың қолынан шыққан басылымдардың жеңіл түрде буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы басылым аталуы да таңданыс тудырмаса керек. Осындай тар таптық айқындаманы ұстанған зерттеушілер «Қазақтың» материалдарын пайдалануға да соншалықты ынталылық танытпай келді.

«Қазақ» газетінің материалдары тарихшы ғалымдар үшін мынадай екі тұрғыдан құнды. Біріншіден, газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үдерістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Демек, отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз мейлінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес.

Сонымен, әуелі «Қазақ» газетінің пайда болу тарихынан. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақтың ұлт зиялылары үшін жалпыелдік зәру мәселелерді көтеретін қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт бере алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық мәселеге айналған болатын. Қарқаралы арыз-шағымында өкімет алдына қойылған негізгі талаптардың қатарында қазақтардың «күнделікті мұқтажын айқындап отыру үшін

қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі де айтылған еді¹. Оның артынша бұл істі Семей, Орал, Петербург, Том және басқа қалалардағы қазақ зиялылары қолға алғанымен, тез арада айтарлықтай нәтиже шыға қоймады. 1910 жылдың соңында өкімет орындары М.Сералинге Троицк қаласында «Айқап» журналын шығаруға келісім береді². 1911 жылдың қаңтарында шыға бастаған қазақ тарихындағы тұңғыш журналдың халықтың рухани жетілуінде алатын орны аса үлкен еді. Сонымен бірге оның күнделікті оқиғалар ағымына байланысты жедел пікір қалыптастыру мүмкіншілігі шектеулі болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Самодержавиелік биліктің қазақ даласын пәрменді отарлау саясатына көшуі, соның салдары есебінде бүкілелдік наразылықтың қарқынды өрлеу жағдайында саяси оқиғаларға дер кезінде түсінік беріп, қоғамдық пікірге пәрменді ықпал ете алатын қолайлы құрал — қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі күн тәртібінде тұрды. Ол саяси тұрғыдан қоғамның саналы бөлігі — демократиялық зиялы қауым мен халықты жалғастырушы көпір есебінде болып, өмір тереңінен бастау алып, күн санап нығайып келе жатқан халық наразылығына бағыт беруге тиісті еді. Міне, осы қажеттілікті іске асыру мүмкіншілігі бүкіл Ресей көлемінде революциялық қайта өрлеу жағдайында туды және ол империяны шығыс бөлігімен жалғастырып тұрған Орынбор қаласында іске асырылды.

«Қазақтың» басқа қалада емес Орынборда шығуы, әрине, кездейсоқ емес-тін. Орынбор XX ғасырдың басында орта Еділ сағасы мен Орал өңірінде Қазаннан кейінгі мөндегі ірі саяси, сауда және мәдени орталыққа айналған болатын. Шығыс пен оңтүстікке тереңдеп енууді көздеген патша үкіметі, бұл мақсатта Орынбор татарларының көрші түркі тілдес халықтармен тіл және дін жағынан жақындығын өз мүддесіне пайдаланғысы келді және сол үшін оларға бірсыпыра еркіндіктер де берді. Өз кезегінде мұндай мүмкіншілікті татар сауда адамдары мен ағартушы зиялылар да текке жібермеді, олар Орынбордың ірі сауда және мәдени орталыққа айналуына көп күш салды.

¹ ЦГИАП, 396-қ., 2-т., 2053-іс, 54-55-п.

² *Зиманов С.З., Идрисов К.З.* Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата, 1989. С. 63.

Мәселен, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында мұнда үш татар баспасы ұйымдастырылып, 1906 жылдан бастап татар тілінде онға жуық газет және журналдар шыға бастайды¹. Оларды Р.Фахретдинов, Ф.Каримов, ағайынды З. және Ш.Рамеевтер, Т.Соловьев сияқты революцияға дейінгі кезеңдегі татар және башқұрт мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері басқарады. Бұл басылымдардың арасында жалпы шығыс елдеріне кең мәлім болған «Уақыт» газеті, «Дин ва Магишет», «Шора» журналдары бар еді. Жандарм орындарының мәліметі бойынша, мәселен, «Уақыт» газеті қазақ даласында да үлкен беделге ие болып, патшалық билікке қарсы қоғамдық пікір түзуге айтарлықтай ықпал етіп отырған.

Мәселен, «Уақыт» IV Думаға депутат сайлау науқаны барысында «Кімді сайлаған жөн?» деген мақала жариялап, онда «мұсылмандардың өз тәуелсіз саяси партиялары және ресми бекітілген бағдарламасы да жоқ, бірақ бұл жағдай оларға ынтымақтаса қимылдауға кедергі жасауға тиіс еместігін» айтып, Ресей мұсылмандарының ең өзекті мәселелері ретінде мыналарды білдіреді: «Біріншіден, Ресейде конституциялық құрылыстың орнығуы барлық орыс мұсылмандарының басты мақсаты болуы керек; екіншіден, Ресейдегі барлық ұлттар тең құқықты болуға тиіс, олардың ана тілдеріне, әдебиетіне, ұлттық мектептеріне еркіндік берілуге тиіс, дін еркіндігі мойындалсын... төртіншіден, біздің көп миллиондық түркістандық және қазақ туыстарымызға «3 маусым заңы» алып қойған қасиетті сайлау құқығы қайтарылып берілсін...»². Бұл мақаланы жариялағаны үшін «Уақыттың» бас редакторы, татар елінің көрнекті ойшыл ғалымы, қоғам қайраткері, талантты журналист Фатих Каримов алты апта абақтыға отырып шығады³.

Өкінішке орай «Уақыт» газетінің қарсыластары ел арасында да бар еді. Солардың бірі, анонимдік автор Орынбор жандарм басқармасы бастығына жазған хатында: «Редактор — издатели татарских газет Каримов и Соловьев позволяют себе печатать оскорбительные для правительства

¹ Рахимкулова М. Ф. Медресе «Хусаиния» в Оренбурге. Методический материал в помощь лектору. Оренбург, 1989. С. 12.

² «Вакт», 1912, № 1037.

³ ООММ, 10-к., 4-т., 10/9-іс, 1-п.

статьи... Революционеры пропагандируют не в одном Оренбурге, но и в столице и других городах, а главное зло сеется между киргизами, где у них имеются свои агенты»¹, — деп көрсеткен. Орынбор баспаханалары, сондай-ақ мерзімді басылымдармен бірге кітап өндірісін де жолға қоя алған еді.

Міне, осындай белгілі бір жүйеге түскен, дамыған баспа мәдениеті бар Орынбор қаласы қазақ демократиялық зиялы қауым өкілдеріне газет шығару үшін өте тиімді орын болатын. Өз ретінде отарлық езгіге қарсы қажырлы күрес жолына түскен прогресшіл татар зиялылары да қазақ зиялыларына баспа ісінде қажет көмек көрсетуге мүдделілік танытады. Мәселен, «Айқап» журналын шығаруда Ганиев, Яушев сияқты татар зиялыларының қамқорлық ісі айтарлықтай үлкен болды.

Ә.Бөкейханов және А.Байтұрсынұлы бастаған белсенді топтың жалпыұлттық газет шығару ісін 1905 жылдан бастап қолға ала бастағанын біз жоғарыда айттық. Мәселен, «Семипалатинский листок» газеті «Бөкейханов 17 қазан (манифест туралы айтып отыр — *Ағт.*) және одан кейінгі уақытта қырғыз тілінде газет шығармақ болып және өз жерлестерімен келе жатқан сайлау, сондай-ақ басқа да өзекті мәселелер жөнінде пікір алысу үшін далаға кетті», — деп жазды. Одан ары газет Бөкейхановтың осы сапарда Павлодар қаласында тұтқындалып, жергілікті падишах генерал-губернатор Сухотин орнынан алынғанша абақтыда отырғандығын айтады².

Газеттің бұл келтірген фактісіне сенуге болады. Өйткені нақ осы мазмұндағы деректі мұрағат материалдарынан да кездестіреміз. Мәселен, далалық облыстардың генерал-губернаторы міндетін атқарушы генерал Тихменев 1910 жылғы 4 ақпанда Ішкі істер министріне жолдаған хатында А.Байтұрсынұлының «Кент болысының басқарушысы Кәрібай Матаевқа үкімет саясатына қарсы мазмұндағы газет шығару үшін Ә.Бөкейхановтың атына ақша аударуды тапсырғандығы»³ туралы дерек келтіреді.

Революция жылдарынан кейін қалыптасқан жағдай Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлын далалық облыстарда

¹ Сонда, 21-к., 2-т., 625-іс, 13-п.

² «Семипалатинский листок». 1906, 5 июля.

³ ҚР ОММ, 64-к., 1-т., 5832-іс, 210-п.

газет шығару мүмкіншілігінен біржола айырған еді. Біз жоғарыда Ә.Бөкейхановтың шамамен 1909 жылы Самара қаласына жер аударылғандығы, ал 1910 жылы «Қазақ» газетінің болашақ редакторы А.Байтұрсынұлының Ішкі істер министрінің оған екі жылға Қазақстанда тұруға тыйым салған Жарлығы шыққан соң, өз еркімен Орынбор қаласын тандап алғандығы жөнінде айтқан едік. Орынбор мен Самара жақын орналасқан, өзара көлік қатынасы біршама жақсы қалалар болатын. 1910 жылдан бастап Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлын кездесіп, газет шығару ісін қайтадан қолға алуы, әрине, толық ықтимал еді. А.Байтұрсынұлының газет шығара бастағанға дейінгі орынборлық тұрмысынан Орынбор облыстық мұражайында аз да болса материал кездестіре аласың. Солардың бірекеуінен үзінді келтірейік. Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Сухомлинов Ішкі істер министріне өзінің қарамағындағы саяси қуғынданушылар жөнінде: «Байтұрсынов өз қалауы бойынша тұруға Торғай облысына таяу орналасқан Орынбор қаласын тандап алып, әуелде переселен басқармасына қызметке кіріп, содан соң қырғыз (қазақ — *Авт.*) тілінде «Қазақ» газетін шығара бастады»¹, — дейді. Орынбор губерниялық жандарм мекемесінің бастығы генерал Бабич Түркістан жандарм басқармасына берген құпия мәліметінде Байтұрсынов жөнінде қосымша тағы мынадай фактілерді келтіреді: «Ахмед Байтұрсынов... Орынборға 1910 жылы 10 наурызда келіп, көп ұзамай еркін жалданушы есебінде Торғай-Орал переселен партиясына 60 сомдық айлықпен кеңсе ісін жүргізуші болып орналасты»².

Сонымен, А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетіне редактор болып бекітілген мерзімге дейін шамамен екі жарым жылдан астам уақыт аталған мекемеде қызмет атқарған. Бұл белгілі дәрежеде, газет шығару ісіне қажет дайындық жасауға кеткен уақыт еді десе де болады.

А.Байтұрсынов үкімет орындарынан «Қазақты» шығаруға ресми рұқсат алып, алғашқы санын шығаруға қызу дайындық жасап жатқанда Орынборға Семейдегі абақтыдан жаңа ғана босанған М.Дулатұлы келеді. Жоғарыда аталған генерал Бабич Торғай губернаторына

¹ ООММ, 10-қ., 2-т., 242-іс, 2-об-п.

² Сонда, 21-қ., 9-т., 4-іс, 71, 71-об-п.

«Қазақ» туралы жолдаған хатында «М.Я.Дулатұлы Семей абақтысында отыру мерзімі аяқталған соң 1912 жылы 12 желтоқсанда ол қаладан кетіп Орынборға тұруға келді. «Қазақ» газеті шыға бастағанда соған қызметкер болып орналасты»¹, — деп көрсетеді. Демек, М.Дулатұлының Орынборға жаңа ұйымдастырылып жатқан газетке А.Байтұрсынұлының шақыруымен келгендігі дау туғызбаса керек.

Дулатұлының «Қазақ» редакциясына арнайы қызметке шақырылғандығын және оның газет жұмысына қатынасуы Семей абақтысынан босанған бетте енді шықпақшы басылымға жазып алдырушыларды тартудан басталғандығын растайтын мынадай дерекке көңіл аударалық. М.Дулатұлы «Қай жерде қалай?» деп аталатын мақаласында «Өткен январь жұлдызының ақырында «Қазақ» шықпай тұрып, шығады деген хабар болған соң Павлодар дуанында жатып «Қазаққа» алушы қарастырдым; 4-5 күннен соң хабарды есіткен Павлодар қазақтары өздері келіп жаздыра бастап, аз күннің ішінде 150-дей алушы болды»², — деп жазады. Өзінің саяси қызметімен қазақ қоғамына кең мәлім болған «Оян, қазақтың» авторын А.Байтұрсынов пен Ө.Бөкейхановтың жаңа шыққалы тұрған газетке қызметке шақыруы, әрине, негізсіз емес-тің.

Өкінішке қарай, А.Байтұрсынұлының тиісті өкімет орындарынан «Қазақты» шығаруға рұқсат сұрап жазған ресми өтініштері бізге өзір белгісіз, бірақ олардың сақталғандығы еш күмән туғызбайды. Сондай-ақ газетті ұйымдастыру жолында оның болашақ редакторымен бірге жүйелі түрде үлкен білгірлікпен және сақтықпен еңбек еткен Ө.Бөкейханов екендігі де даусыз. Газетпен тығыз байланыста болып, оған қаржылай көмек ұйымдастырушылардың бірі Мұхамеджан Тынышбаев 1914 жылы наурыз айында Ташкенттен Иркутскідегі жақын танысы Юсуф Солтыкқа жазған хатында осы мәселеге қатысты мынадай пікір білдірген: «...В Оренбурге издается киргизская газета поэтами-киргизами Байтурсуновым и Дулатовым, людьми преданными своему делу. Руководит

¹ Сонда, 127-п.

² «Қазақ». 1913, № 28.

А.Букейханов, конечно, я имею касательств и подписываю. Газета очень распространяется»¹.

Петербургтегі полиция департаменті айрықша құпия бөлімінің сұрауы бойынша бұл хаттың авторы жөнінде мәлімет берген Ташкенттегі Түркістан аудандық жандарм бөлімінің бастығы, полковник Сизых «...доношу, что автором совершенно секретного документа является инженер путей сообщения Мухамеджан Тынышпаев, проживающий в гор. Ташкенте с 9 января сего года»² деп жазды.

Әрине, «Қазақты» шығаруда Қыр баласының рөлін асыра бағалауға немесе оның ұстанған айқындамасы мен редактордың бағытын шатыстыруға болмайтыны түсінікті. Дегенмен газетті ұйымдастырудағы Ө.Бөкейхановтың еңбегін өз дәрежесінде бағаламау, әрине, әділетсіздік болар еді. Егер, қорыта айтсақ, «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатұлын үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді. М.Дулатұлы 1917 жылы: «Газет шығару, баспахана алу секілді істер көлденең адамға сауда-саттық іс секілді көрінсе ғажап емес: ақша болды — алдың, қаламың болды — жаздың. Бірақ бізге олай емес. Бес жылдан бері «Қазақты» шығарып келе жатқан, жас баласын тәрбиелеген анадай, ыстық-суығын көрген бізге зор іс, зор қуаныш», немесе «ол кез біз жетім едік, жалғыз едік: жолдасымыз жоқ еді»³ деп жазғанда, асыра айтқан жоқ-тын. Газетті ұйымдастыру, ашу қандай қиын болса, оны қатаң патшалық цензура жағдайында алты жылға жуық уақыт бойы шығарып тұру екі есе азапқа түскендігі ақиқат.

Мұрағат материалдарына сүйенсек, «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат 1913 жылдың қаңтар айында берілген. Орынбор губерниясының губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлинов губерниялық жандармерияның бастығы, генерал Бабичтің А.Байтұрсыновтың газетке редакторлық қызметке қашан бекітілгендігі туралы сауалына берген жауабында 1913 жылдың 5 қаңтарын көрсетеді. Ал «Қазақтың» алғашқы саны бір айдан кейін, яғни 2 ақпан

¹ ООММ, 21-қ., 9-т., 4-іс, 67-п.

² Сонда, 69-п.

³ «Қазақ». 1917, 247.

күні жарық көреді. Бастырып шығарған Орынбордағы «Каримов, Хусаинов және К» баспаханасы¹. Сонымен, газетті шығарушылар нені көздеді, алдына қандай мақсат қойды? Бұл сауалға бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Өйткені жоғарғы үкімет орындарының арнайы рұқсатымен шыққан газет белгілі бір дәрежеде сол орындардың талап-тілегіне мойынсұнбаса бірден жабылып қалатыны түсінікті. Ал өкімет орындарының түсінігі бойынша, «Қазақ», ең алдымен, самодержавиелік биліктің ішкі және сыртқы саясатын, дала өміріне қатысты қаулы-қарарларын қазақ еліне жеткізіп, оларға билік тұрғысынан түсінік беруге тиіс. Газеттің мұндай міндетін А.Байтұрсынұлының 1914 жылы 8 қарашада газетті жетісіне екі рет шығарып тұруға рұқсат сұрап, өз қолымен губернаторға жазған арызына қосымша тіркелген газет бағдарламасынан да байқау қиын емес. Он бес тармақтан тұратын бағдарламаның алғашқы үш тармағы бойынша, газет халық арасында насихаттауға өз мойнына мынадай міндеттерді алады: 1. Қазақтарға қатысты өкімет нұсқаулары мен заңдары. 2. Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Совет жұмысы. 3. Ішкі және сыртқы хабарлар. Бұл міндеттерді газеттің қандай дәрежеде атқарғандығы өз алдына бөлек әңгіме етуге лайық тақырып, бізге белгілісі сол, ресми орындар «Қазақтың» саяси бағытын өте мұқият бақылап отырған.

Газет редакторы мен шығарушылары өкімет тарапынан күдік туғызбау үшін, алғашқы жылдары мойнына алған міндеттерге сай материалдар беріп, түрлі бүркеме айдаларға да барды. Бұл жергілікті биліктің сеніміне кіру, сол арқылы газетті жабылып қалудан сақтау әрекеті болатын. Жоғарыда аталған генерал Бабиш 1914 жылы наурыз айында Түркістан аудандық жандарм бөліміне жолдаған аса құпия хатында «...доношу, что в Оренбурге с 5-го января 1913 года действительно издается еженедельная киргизская газета под названием «Қазақ» (Киргиз), которая является единственным краевым органом, освещающим различные стороны обширного киргизского края, распространяя среди населения полезные сведения из разных областей наук, искусства и техники и знакомит вообще с культурой. Со

¹ ООММ, 21-қ., 9-т., 4-іс, 68, 70-п.

времени своего существования газета эта не уклонялась от принятой ею программы и особенно резких статей в ней замечено не было», — десе, сол жылғы қарашада Торғай губернаторына жолдаған қатынасында: «Казак» — газета прогрессивная с некоторой тенденциозной окраской»¹ деп бағалайды. Міне, бұл келтірілген фактілер «Қазақты» шығаруға келісім берген үкімет орындарының оған өз мүддесіне сай міндеттер жүктегендігін, ал газет шығарушылар оны мойындауға мәжбүр болғандығын көрсетсе керек.

Дегенмен «Қазақ» алғашқы сандарынан бастап-ақ сырт көзге мен мұндалап тұрған айқындамасы бар, көздеген мақсаты оқырмандарына түсінікті газет болатын. Ол туралы А.Байтұрсынұлы өкімет орындары атына берген арызына тіркеген газет жоспарында да, газеттің алғашқы сандарының бірінде оның мақсат-мүддесін білдіруге арналған мақаласында да айтқан жоқ-тын. Бірақ «Қазақ» алғашқы санынан бастап, өзекті саяси мәселелерге арналған мақалалары арқылы да, тіптен кішкене жарнамалары арқылы да сол түпкі мақсатқа қызмет етуге бар күшін салды. Ол мақсат — ортағасырлық мешеу феодалдық тәртіптер құрсауында жатқан қазақ қоғамын ояту, оны қараңғылық пен ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді.

«Қазақтың» қысқаша әлеуметтік айқындамасы туралы. Расын айту керек, «Қазақ» газеті қазақ бұқарасын таптық езгіден азат етуді өзіне міндет етіп алған емес. Ауыр отарлық езгі, Столыпин реформасы салдарынан жер үшін күрестің шиеленісе түсуі, шаруашылық дағдарысының терендеуі, саяси-әлеуметтік құқықтың жоқтығы, міне, осындай жағдайда «Қазақ» жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Егер таптық және жалпыұлттық мүдделердің белгілі бір қоғамдық даму сатыларында өзара ымыраға келе алатындығын есепке алсақ, «Қазақ» газетінің бұл ұстанған айқындамасы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының объективті жағдайынан туындап, оның сол кезеңдегі ең зәру талап-тілегін, ұлт ретінде мақсат-мүддесін білдіретін еді. Газеттің жалпыұлттық басылым ретінде ерекшелігі де, әлеуметтік шектеулігі де осы қырынан көрінген. Анығырақ айтқанда, «Қазақ» империяның шет

¹ Сонда, 21-к., 9-т., 4-іс, 71, 128-п.

аймақтарында ұлыдержавалық мақсаттарды көздеген Столыпин реформасына байланысты үдей түскен ұлт-азаттық қозғалыстың үні ретінде өмірге келді және 1918 жылы жабылғанға дейін осы мақсатқа қызмет етті. Сонымен бірге оның бұл бағыты қазақ бұқарасының ауыр жағдайына іш тарта қарауға, қажет жерінде оған араша түсуге кедергі жасаған емес. «Қазақ», ең алдымен, осы ұлттық бостандыққа байланысты өзекті мәселелерді тынымсыз көтеріп тұрғаны үшін де отаршыл әкімшіліктің қатаң бақылауында болды. Үкіметтің әділетсіз саясатын ашық сынағаны үшін оған әр жылдары 50 сом, 1500 сом, 3000 сом көлемінде ақшалай айып төлеуге тура келді¹. Бір қызығы сол, «Қазақтың» үстінен бақылау жасап отыруға газеттің қазақ қоғамынан шыққан жаулары көмектесті. Мәселен, 1914 жылы қыркүйек айында Орынбор генерал-губернаторы Сухомлиновтың атына Қали Нұрымов, Досым Жүсіпов және басқа бір топ адамдар қол қойған арыз түсіп, онда арыз иелері А.Байтұрсынов пен М.Дулатұлына және олармен пікірлес Орынборда тұратын сот хатшысы Қыдырбаевқа, тілмәш Балғымбаевқа түрлі қисынсыз кінә тағып, «бұлар бізді жаңа басталған соғыста немістер жеңіп шығады, өйткені оларға ешкімнен жеңілмейтін түріктер жақтасуда, сондықтан да орыстардың тілеуін тілеудің қажеті жоқ, өйткені қырғыздар орысқа бодандыққа өз еркімен өткен емес, қырғыздарды жерімен қоса орыс үкіметіне сатқан қырғыз ақсүйектері деп үйретіп жүр»², — дегенді айтқан.

Бұл арызбен танысқан Сухомлинов жандарм бастығы Бабичке Байтұрсынұлы мен Дулатұлын үстінен бақылауды күшейте түсуді тапсырады. Ал Бабич арызға қол қойған адамдардың қайда тұратындары анықталмағанын, ол жайында көрсетілген фактілердің жалған екендігін мойындауға мәжбүр болған³. Бұл «Қазақтың» үстінен жазылған көп арыздардың бірі ғана еді. М.Дулатұлы 1917 жылы бұл арыздардың біразын «Қазақтың» бітіспес жауы болған Б.Қаратаевтың ұйымдастырғанын ашық айтқан болатын⁴.

¹ Дулатұлы М. Шығармалары. А., 1991. 290-б.

² ООММ, 21-қ., 9-т., 4-іс, 118, 118-об, 119-п.

³ Сонда, 117, 123, 125-126-об, 156-п.

⁴ Дулатұлы М. Шығармалары. 289-б.

«Қазақтың» шығу тарихына байланысты принциптік мәселелердің бірі — газеттің қаржылық негізі. Бізге мәлім материалдар газет бай-шонжарлардың қаржысына сүйеніп шығып тұрды деген пікірдің сын көтермейтінін көрсетеді. Өкімет орындары газет шығаруға рұқсат бере отырып, А.Байтұрсынов газеті де бұдан бұрынғы қазақ газеттерінің кебін киеді деп түсінді. Бұл сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы нақты жағдайға негізделіп жасалынған тұжырым болатын. Сондықтан да Орынбордағы жандарм бастығы Бабич 1913 жылы Петербургтегі полиция департаментінің директорына жолдаған құпия есебінде Орынборда қазақ тілінде газет шыға бастағанын растап, бірақ оның қаржы тапшылығына байланысты көп ұзамай жабылып қалуы мүмкін екенін айтады¹.

1916 жылы Ресей Ішкі істер министрлігі рухани істер департаментінің вице-директоры, ерекше тапсырмалар шенеунігі Тарановский Орынбор губернаторына жолдаған құпия қатынасында «Каспий» газетінің хабарлауына сүйеніп, түрлі жерлердегі қазақтар «Қазақ» газетіне өткен жылы 1600 сом ақша жинап беріп материалдық қолдау жасаған көрінеді деп, бұл деректің қаншалықты шындыққа сәйкес екендігін анықтап, департаментке баяндауын өтінеді². Осы қатынасқа жауап ретінде жазылған құжатта: «Уведомляю Ваше превосходительство, что редактор газеты «Қазақ» Ахмет Байтурсунов начал издавать свою газету 2-го февраля 1913 года имея в своем распоряжении капитал лишь в сумме 750 рублей, в первый год издания газеты подписчиков было свыше 3000, на другой год менее трех тысяч, а на третий — число подписчиков уменьшилось.

Первое время газета выходила один раз в неделю, затем два раза, а за сокращением подписчиков вновь начала выходить один раз в неделю»³ — деп көрсетіледі. Бұл келтірілген деректер шындықтан алшақ емес-тін. Қатаң цензураны, газетті жабуды талап еткен арызқойларды былай қойғанда, қаржы тапшылығына байланысты-ақ оны мерзімді шығарып тұрудың өзі де жеңілге түскен жоқ еді. А.Байтұрсынов 1915 жылы «Газета алғашқы шыққан жылы

¹ ООММ 21-к., 2-т, 618-іс; 49-п.

² Сонда, 10-к., 4-т., 449-іс, 108-п.

³ Сонда, 110-п.

алушылар 3 мыңнан астам болды; келесі жылы 3 мыңға таяу болды; биыл мың алты жүзге түсіп қалды», — деп жетісіне екі рет шығаруға көшкенімен, жаздырып алушылардың азайып кетуіне байланысты қайтадан сол жетісіне бір саннан шығаруға мәжбүр болғандығын айтып, «ілгері басқан аяқ кейін кеткен сияқты болып тұрғаны даусыз, «Шарасыздан шалға тиіп барамын» деген секілді, амалсыздан істеліп отырған іс. Он облыс қазақ ұлты үшін шыққан бір журнал, («Айқап»-ты айтып отыр — *Авт.*) бір газета еді, журнал алдырушы аздығынан тоқталды, енді жалғыз газет қалды»¹, — деп өз күйінішін білдірген болатын.

«Ауқатты Алаш азаматтарына» аталатын осы мақалада А.Байтұрсынов газетті жабылып қалудан сақтау мақсатында отыз бір адамнан тұратын «Азамат серіктігі» ұйымдастырылғандығын, бірақ олардың жиған қаржысының газетті жабылудан біржола құтқаратын жолы — қазақ кітаптарын шығаратын баспахана ашуға жетпей тұрғандығын айтып, соған байланысты мүмкіншілігі бар азаматтардан бұл іске қаржылай көмек беруін өгінеді. Мақала «Жұрт жұмысына көңілді мырзалар таусылып, жұрт азаматтан жұтаған болса, амал не» — деген сөздермен аяқталады. Бұл газетті жабылудан құтқару жолындағы шарасыздықтан жасалған қадамдардың бірі еді.

«Қазақ» сияқты газет шығарудың қаншалықты қиын болғандығын, сондай-ақ ол кедергілерді жеңу үшін А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлына, олардың серіктеріне қандай азапты жолдан өтулеріне тура келгендігін мына мақаладан анық байқауға болады. Біз оны ешқандай да қысқартусыз толық күйінде беріп отырмыз.

«Ауқатты алаш азаматтарына»²

Газетіміз жетісіне екі шығып, қайтадан тағы бір шығуға түскені һәм кезек олай болғаны оқушыларға мағлұм. Екі шығудан бірге түскеніне көңіл қоңылтақсып, ілгері басқан аяқ кейін кеткен сияқты болып тұрғаны даусыз. «Шарасыздан шалға тиіп барамын» деген секілді амалсыздан істеліп отырған іс. Он облыс қазақ ұлты үшін

¹ «Қазақ». 1915, №151.

² «Қазақ». 1915, №151, 30 қыркүйек.

шыққан бір журнал, бір газета еді; журнал алдырушы аздығынан тоқталды, енді жалғыз газета қалды. Жұрт болып, бір газетаны жүргізе алмасақ, онымыз тіпті масқаралық, өзге жұрттан ұят болатыны шексіз.

Халық қанша қараңғы болғанмен ондай күйге түсірмес деген үмітімізді үзбейміз. Айтайын деп отырғанымыз газета тіптен тоқтап қалады деген хауф емес, әлі де болса, екі шығару жағының қамы.

Біз екі шығардық, байқадық, көрдік: нақ осылайша шығарып отырған ретпен газетаны екі шығаруға болмайтындығын білдік. Екі шығаруды ойлағандағы көңілге қуат көргеніміз алушылар азаймас деген үміт еді. Ойлағандай болмады, алушылар азайды. Азаюының негізгі себебі мынау: қазақта газета алушылар үш түрлі; олардың біреулері газета оқуға ынтық; газета оқу керек нәрсесінің бірі деп тұтынады; бұлар жұрт халіне көз салып, жұрт ісіне ой бөліп, газета сол жұрттың көзі, құлағы, тілі екендігіне иман келтірген оқушылар. Бұлар ешкімге айттырмай-ақ намазын қаза қылмайтын ғибадатшылдар сияқты, газетаға мезгілімен жазылып, үзбей алып, оқып тұратындар.

Екінші түрлі алушылар газета оқуға ынтасыз да емес, онша әлгілер сияқты ынтықта емес. Бұлардың ішінде газета жұрты көз-құлақ болады деп білетіндері де бар, оны білмей газета құр хабар үшін керек деп түсінетіндері де бар. Бұлар газетаға біреу жазыл десе, іркілмейді, өз беттерімен құнттап мезгілімен жазылып тұрмайды. Сондықтан бұларға жыл сайын газетаға жазылуын есіне салып тұрушылар болуы қажет.

Үшінші түрлі алушыларды оқушылар деп айтуға аузымыз барыңқырамайды. Бұлар газетаны керек деп алушылар емес, малының шөбіне ортақ болмас деп алатындар. Бұлар көбінесе ауқатты, тамағы тоқ, жұртқа келер жақсылық-жамандықпен жұмысы жоқ. Ойы отбасынан аспайтын, қорасындағы шөбінен басқа нәрсеге келер пайда, зарар (?) бар деп ұқпайтын тоқтығына мәз «торсық емген топырашдар». Бұлар газетаны өз беттерімен алып оқымақ түгіл, біреулер ал дегенде қиналып, зордан алады.

Газета алғашқы шыққан жылы алушылар 3 мыңнан астам болды; келесі жылы мыңға таяу болды; биыл мың алты жүзге түсіп қалды. Бұлай болуының негізгі себебі әлгі айтылған оқушылардың түрлі-түрлі болғандығы. Алдыңғы түрлі оқушылар газетаны өз беттерімен алдырғанда, екінші һәм үшінші түрлі оқушылар оны істей қоймайды; бұлардың

біреулерінің газета алдыруына мезгілінде есіне салып тұру керек. Газета жетісіне бір шығып тұрған кезде біріміз жұмыс басында қалып, біріміз сондай жұмысқа жүруге мұршамыз келді; газета екі шыққан кезде, жүруге мұршамыз келмеді, алушылар азайды. Тағы бір шығаруға түгіл, Жүруге мұршамыз болып еді, алушылар тағы көбейе бастады.

Мұнан байқалады мынау: газета бір шығып тұрса, алушылар азаятын емес, екі шықса, алушылар азаяды, яғни біз газетаны әрі шығару жұмысында, әрі алушылар жию жұмысында болсақ, алушылар азаятын емес. Мұны істеуге газета бір шығып тұрса ғана мұршамыз келеді. Бұлай болған соң, ия газета осы бір шығып тұрғанына қанағат етіп, екі шығарудан безу керек, ия екі шықса да алушылар азаймайтын амалын табу керек, әйтпесе алушылар аз көбіне қарамай, газета екі шығарлық шарасын қарастыру керек.

Екі шығып тұрып, бірге түскеніне оқушылар да, біз де қоңылтақсып, ілгері басқан аяғымыз кейін кеткендей болып тұрғаны жоғарыда айтылды. Бұл газетаның бір шыққанына қанағат етпейтіндігіміздің белгісі. Бір шығаруды азсынған соң, қайткенде екі шығаруға болатын шарасын қарастырмай, қарап тұрып болмайды. Алушылар көбеюіне сеніп, екі шығаруға болмайтындығын көзбен көріп, қолмен ұстағандай болдық. Екі шықса, алушылар азаймас деп дәмелі болудан қалдық. Бұлай болған соң енді қарастыруға қалғаны: қайткенде газетаны алушылардың аз-көбіне қарамай екі шығаруға болатын жағы. Мұның шарасы жалғыз-ақ баспахана ашу. Баспахана тәуір болса, Оренбургта тапсырыс табылатын. Земство ашылғаннан, Орск темір жолы басталғаннан бері Орынбордағы баспаханаларға заказ көбейіп тұр. Баспахана жұмыс табылса, табысы қай кәсіптен де болса, кем болмайтындығы даусыз. Баспахана ашсақ, тапсырыс алсақ, қазақша басылмаған сөздер көп, соларды жиып бастырсақ, сатсақ мұның бәрі жұмыс. Баспаханаға жұмыс табылса, табысымен болсын, жұмысымен болсын, бір газетаны сүйеу түгіл сүйреуге шамасынан келеді. Оны істеуіне баспахананың тәуір болуы шарт. Тәуір баспахана он мыңнан кемге түспейді. Газетаның екі шығуын тілесек, енді біздің істейтін ісіміз бір тәуір баспахана ашу.

«Азамат серіктігін» ашқандағы ойымыз осы он мың сом құралғандай, серіктер табылар деген есеп еді. Он облыс қазақтан жүз сом жарнаға күйі жетерлік жүз азамат

табылар деп едік. Бүкіл қазақ жұртынан жүз сом жарна шығаруға жарайтын жүз азамат шықпады. Он облыста болыстыққа мыңдап шашатын жүз емес, жүз мың кісі бар екені шексіз болса да, ұлт жұмысына дегенде жүз сомға тәуекел ететін жүз азамат табылмағаны өзек өртенерлік күйініш хал. «Азамат серіктігін» ашқалы екі жыл болды, тапқанымыз 31-ақ азамат.

Бұл 31 кісінің 3 мың 1 жүз сом жарнасы екі жылдан бері тек жатыр. Өйткені баспахана ашуға жетпейді, газета жұмысымен бірге басқа жұмысты жүргізуге қисыны келмейді. Газетаны екі шығарудың ендігі шарасы баспахана ашуда болған соң, сол баспахана ашудың енді қамындамыз. Бұл үшін қолымыздағы қазірінде бар сума мынау: 3 мың бір жүз сом Азамат серіктігінің ақшасы; бір мың сомды, он жарнаға ие болып, Сағындық мырза Досжанов бермекші болып тұр. Орынборда тұрған қазақтар өз арамыздан жиыстырып 2 мыңға жақын ақша шығармақпыз. Сөйтіп, 6 мың сом қолымызда бар деп есеп етеміз. Енді ең аз болғанда 4 мың сом табу қажет. Бұл суманы шығару Сағындық мырза сияқты баспахананың жұртқа һәм ашқандарға пайдалы көсіп екендігін түсінетін 4 мырзаның ер басына жүз сомнан тәуекел ететін 40 азаматтың қолынан келетін іс. Екі жылдан берлі тапқан азаматымыз 31-ақ болған соң, 40 азамат табудан Сағындық сияқты 4 мырза тезірек табылуы ықтималдау көрінеді. «Ұрса қамшы өтпейтін, үй қасынан кетпейтін», шабан қойторылар сияқты емес, «қолға қамшы алдырмайтын, етіне таяқ салдырмайтын», жел аяқ той торылар сияқты мырзаларға айтып отырған сөз. Үш жүздің баласынан Сағындықтай тағы бір 4 мырза қалай табылмас екен деп Алаш азаматтарының құлағына салып отырмыз. Жұрт жұмысына көңілді мырзалар таусылып, жұрт азаматтан жұтаған болса, амал не? Далаға айтылған сөз болар, әйтпесе саңлаулы саналы ауқаты бар адамдардан ескерерлік төрт мырза табылар деп үміт етеміз».

Бірақ, қалай болғанда да, газет өмірінің аса қиын кезеңдерінде оған қол ұшын берген адамдар аз болса да бар еді. Газет 151, 152, 153-сандарында өзіне қаржылай көмек көрсеткен 255 адамның тізімін берген. Олардың арасында 429 сом бөлген қажы, 100 сом жіберген бай, 2-3 сом арнаған шаруа, 25-50 тиыннан жолдаған студент, оқушылар да бар. Басқаша айтқанда, «Қазақ» қаржылық негізі тұрғысынан өртекгілер газеті болды.

Жоғарыда айтылғандай, «Қазақ» көп санды жазылушыларға қолы жетпеді. Бұған газеттің өзін кінәлау әділетсіздік қана емес, әдепсіздік болар еді. Көтерген саяси-әлеуметтік, рухани жүгі тұрғысынан ол сол кезеңдегі бүтін қазақ қоғамының газеті болуға әбден лайық-тын. Газет қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін қозғап, оларға жұрттың саналы бөлігінің назарын аудара білгенімен, бірақ ол қоғамның өзінен сол деңгейде қолдау таба алмағандығы тарихи шындық. Бірақ, қалай болғанда да, «Қазақ» газеті шыққаннан кейінгі мезгілде қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жаңа сапаға көтеріліп, оның негізгі мақсаттары, таяу арадағы міндеттері мен стратегиялық бағыт-бағдары айқындала бастады. Сондай-ақ «Қазақ» жалпыұлттық қоғамдық ойдың ұйтқысына, ұлт-азаттық қозғалыстың баспа үніне айналумен бірге, ұлттық интеллигенция қызметінің демократиялық мазмұн және сипат алуына, осы бағыттың біржола қалыптасуына қызмет етті.

Тарих ғылымында 1917 жылға дейінгі қазақ ұлт-азаттық қозғалысы туралы арнайы зерттеулер жазылмаса да, белгілі дәрежеде оның жай-жапсарын әңгіме еткен бірлі-жарым еңбектер бар екені рас. Бірақ XX ғасырдың басында жаңа сапаға көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиясы жөнінде жазылған жұмыстар жоқтың қасы.

Феодалдық мешеуліктің қойнауында жатқан қазақ қоғамында азаттық идеологиясының таза күйінде көрінуі, әрине, мүмкін емес еді. Ұлттық бостандық үшін күрестің бастаушы күшіне айналған қазақ зиялылары, сонымен бірге ағартушылық міндетті де қоса алып жүруге мәжбүр болды. Өйткені түпкі мақсат — бостандыққа жету үшін қараңғылық пен надандықтан құтылу қандай қажет болса, керісінше, қараңғылық пен надандықтан біржола арылу үшін бостандық та соншалықты қажет еді. Басқаша айтқанда, олар үшін ұлттық бостандық жолындағы күрес пен ағартушылық қызмет қайықтың қос ескегіндей болатын.

Қазақ ағартушылығы

Отандық ғылыми әдебиетте қазақ топырағындағы ағартушылық идеологиясының қалыптасуын Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы сияқты тарихи тұлғалардың қызметімен байланыстыру

дәстүрге айналған. Ия, аталған шығармашылық иелерінің қазақ халқының болашағын біліммен, оқу-ағарту ісімен байланыстырғаны рас. Ортағасырлық надандықты сынға алу, қоғамды дүмше молдалар билігінен құтқаруға үндеу, жеке тұлғаны шыққан тегі мен байлығына қарап емес, адами қасиеттеріне, ұстанымына қарай сыйлауға, жастарды оқуға және білімге шақыру — олардың бәріне ортақ ұстаным болғаны да ақиқат. Бұл тұрғыдан алғанда Шоқан, Ыбырай және Абай сөзсіз еуропалық ағартушылық жолында тұрды, ағартушылық идеологиясы құндылықтарын құрметтеп, оларды қазақ қоғамында насихаттау ісінің бастаушылары болды.

XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығына байланысты жасалған бұл тұжырымның сондай-ақ дәлдікке мұқтаж қырлары да бар екендігін айтқан жөн. Шоқан, Ыбырай және Абайдың өз заманында еуропалық ағартушылықтың жеке идеялары мен ұстанымдарын қазақ қоғамдық ойына, халық санасына сіңіруге біраз күш салғандарын мойындай отырып, сонымен бірге еуропалық ағартушылық идеологиясының тұтас бір концепция, көзқарас ретінде қазақ топырағына келуін алаш зиялыларының қызметімен байланыстыру тарихи әділдік болмақ. Алаштық топ өздерінен бұрынғы ұлт зиялыларының қызметі мен мұрасын жақсы танып-білген, олардың атқарған ісін тиесілі дәрежеде бағалай алған және олардан үйренген буын болды. Осы ретте мынадай бір фактіге көңіл аударайық. 1920 жылы 85 жасқа келіп дүниеден озған Григорий Николаевич Потаниннің Шоқанмен ыстық ықыласты достығы кейін Ө.Бөкейханов мен А.Байтұрсынұлы арқылы жалғасын тапты, сондай-ақ бұл өзара сыйластықтың артында Шоқан тұлғасының тұрғандығы хақ. 1915 жылы Г.Н.Потанин 80 жасқа толғанда қазақ зиялылары жарысып мерейтой иесіне өлеңдер, мақалалар және жинақ кітап арнады. «Қазақты туғанындай жылы көретін» Потанинге Ө.Бөкейхан екі бірдей мақаласын арнады.

Ұрпақаралық сабақтастық нақты өмірлік құбылыс екендігін алаштық топтың Абай өнегесі мен мұрасына қатынасынан да анық байқалды. Олар Абай мұрасын рулық немесе жүздік мүдделерден біржола ұзап кеткен, тіпті оған қарсы тұрған шынайы ұлттық құбылыс ретінде қабылдады. Абайдың ұлтшылдығы XVIII ғасырдағы Бұқардың ұлтшылдығынан бөлек, тіптен XIX ғасырдағы ұлы шоғыр — Мұрат, Дулат, Шортанбай ұлтшылдығынан да өзгеше, жинақы,

сомдалған заман сұранысына сай жаңа сапа, мазмұндағы ұлтшылдық екендігін жазбай таныды. Абайдың саналы өмірі мен қызметі салыстырмалы түрде алғанда қуатты да қаһарлы орыс билігінің қазақ қоғамына ентелеп еніп келе жатқан мезгіліне түс келеді. Орыс билігінің күшін көзімен көріп, жанымен сезінген Абай¹, керісінше, қазақ қоғамының бұл күш алдындағы әлсіздігі мен шарасыздығын анық байқады. Ойшыл ақынның сары уайымға бой алдыруы да өзі өмір сүрген ортаның осы күйінен бастау алса керек.

Ал Әлихан Бөкейханов бастаған жаңа буынның көзқарасы мен ұстанымы өмірлік оптимизмге сүйенеді, соған табан тірейді. Оның себебінде, әрине, қоғамдық өмірдегі өзгерістерден іздеген жөн. Әлихан мен Ахмет бастаған буынның белсенді қызметі қазақ жеріндегі орыс билігінің жүйелік дағдарыс кезеңіне енген мезгіліне түс келді және осы ағымдағы оқиғаларды ғылыми негізде талдау арқылы оған көз жеткізді. Олар жалпыресейлік саяси өмірге белсенді араласып, осы жолда басқа да мүдделес күштермен қол ұстаса отырып мақсатқа жетуге болады деп түсінді.

Алаштық топ өздерінен бұрынғы ұлт зиялылары сияқты ұлттық дамуда шешуші орынды білімге және білімге сүйенген тәрбиеге берді. Олар нағыз білім, осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды. Міне, сондықтан да алаштық буын қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, онымен шектеліп қоймай, бұл мақсатты жақындата түсетін нақты істер атқарды (кітап бастыру, оқулықтар жазу, газет-журналдар шығару, т.с.с.). Бұл қазақ ұлтының өміріндегі жаңа бетбұрыс болатын.

Ә.Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары бала оқытуды қазақ қоғамы үшін күнделікті өмірлік қажеттілікке айналдыру жолын іздеді. «Жылына бес жүз қазақ баласы үлкен медреселерде оқиды десек, бұл екі мың үйге бір шәкірт

¹ Абай өмірінің 18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып түрлі айтыс-тартысты өз басынан өткізген // *Байғалиев Б.* Абай өмірбаяны архив деректерінде. А., 2001. 27-28-бб.

² «Қазақ». 1914, № 54.

болады. Бұл жалғыз шөкірт екі ұлыс ел ішінде шалғынға түскен инедей жоғалмай ма?» — деп жазды Ө.Бөкейханов 1913 жылы. Яғни бұл жағдай қазақ халқына бала оқытудың күнделікті үйреншікті дәстүрге айналмағандығының көрінісі. Үйінде тамағы бар қазақ баласы ер жетсе болғаны алдындағы малын жұмсап келін түсіреді, қызығының басы осы деп біледі, ал одан артылған малы болса руының «намысын» жыртып болыстыққа таласып, сайлау ісіне араласып, арам тер болады. Ө.Бөкейханов орта қазақтың ой-өрісінің осымен аяқталғанына налиды.

Ө.Бөкейханов үшін оқу мен білім біртұтас, оқу ұлғая келе білімге айналды. Қазынаның басы мал және басқа материалдық байлық емес, оқу білім арқылы келетін «адам ақылы, адам қолы, адам жаһиты». Адам баласының атқарып жүрген ісі алдымен ақыл-ой болып құрылады, сонан соң ол толғағы піскен сөзге айналады, яғни сөз болып ауыздан шығады, ең ақыры жасампаз іске ұласады. Өмірдегі әрекетіміз, міне, осы үш сатыдан тұрмақ: ақыл, сөз, іс.

Алаш зиялыларының көпсалалы ағартушылық қызметіндегі мынадай екі бағытты бөліп атаған артық емес. Олардың әсіресе «Қазақ» газеті арқылы кең өріс алған қызметі қазақ қоғамын орыс билігінің, әсіресе астарлы да қитұрқы жер саясатына және басқа түрлі зорлықшыл әрекеттеріне бейімдеу бағытында жүрді. Саналы әрі мақсатты негізге қойылған бұл ісін олар биліктің қабылдаған түрлі заңдық актілерін халыққа мұқият түсіндіріп жеткізу арқылы жүргізді. Осы бағытпен тікелей өзектес және байланысты келесі қызметі қазақ қоғамы мүмкін болғанша тезірек арылуға тиіс оның теріс мінездері мен қылықтарын, ұғым-түсініктерін аяусыз сынға алу болды.

Алаштық топ, мәселен, сол тарихи кезеңде-ақ қазақ жерінің кең және бай екендігін, бұл артықшылықтың егер орынды пайдалана білген жағдайда елдің болашағына жағымды әсері болатындығын жақсы білді. Сонымен бірге олар болашақта әрбір ұлттың байлығы жерінің кеңдігі және жер асты ресурстарының молдығымен өлшенбейтіндігін, ертең-ақ білім мен озық технологияға ие жұрттың ілгері шығатындығын анық болжай білді. «Бұрынғы кеңшілікте қазақ қошқарға сиынып та күнелтті, өтірікші, өсекші, құдай қарғағанды да болыс, би, ауылнай һәм елубасы қойды. О заман енді өтті. Жаңа заман адамнан ақыл, ұсталық,

жаһитшілік күтеді. Қазақ жері тарылды, қазынаны күшті жалдап іздемегенге бөйге мүше жоқ», — деп жазды Ө.Бөкейханов.

Халықтың бойындағы күрескерлік қабілетін оятуды көздеген ағартушы Ө.Бөкейханов ескі заман мен жаңа заманның өзара айырмашылығын түсіндіруге көп күш жұмсайды. «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар», — деп жазды ол «Екі жол» аталатын мақаласында. «Адам баласының құл кезінде салтында құқы үшін талас-тартысы болмайды. Құқы үшін талас-тартысу орнына жылау болды. Бұл бір жол.

...Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, құқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім құқы үшін жылау емес, құқын талас-тартыспен қорғау. Міне, бұл екінші жол.

«Заманына қарай амалы» деген. Бұл заманда жылап мұратқа жетемін деу аш түйенің күйсеуі болады. «Атқыштың асығы түгел» деген. Талас-тартыс, ақылмен, шешен сөзбен, көлденең келген көк атты құлағына тағарлық дәлелмен. Жарыс, күрес байымы бөйге, мұның гүлі құқық. Құқық құрдастығын алатын өзге жол жоқ»¹.

Еуропалық ағартушылықтың ұрандары — азаттық, теңдік және бауырластық. Кезінде бүкіл Еуропаны жарып жібере жаздаған бұл сөздерді француз революциясы өз туына жазды. Міне, осы еуропалық ағартушылық идеологиясының құндылықтарын «Айқап», «Қазақ» сияқты алғашқы жалпыұлттық басылымдарда жарық көрген публицистикалық мақалалары мен көркем туындылары арқылы қазақ қоғамына жеткізген Алаш қозғалысы ұстанымындағы ұлт зиялылары болатын.

Бұл ой Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлы бастаған топтың шығармашылығында және «Қазақ» газеті арқылы жүрген қоғамдық қызметінде айқын көрінді. Ө.Бөкейханов сондай бір ұлт зиялыларына арнаған мақаласында: «Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев

¹ Бөкейханов Ө. Шығармалар. А., 1994. 154-155-бб.

Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе.

Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады.

Бірін-бірі жеген, бірін-бірі алдаған, бірін-бірі аңдыған, бірінен-бірі кек алған — хайуан тұрмыс салты. Қағушы, соғушы, күзетші — хайуандық жолда адасқан адам баласына ғана керек...

Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш... Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқы жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады.

Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!»¹, — деп жазды. Ә.Бөкейханов сонымен бірге өздерінің қызметінің саяси астарын да жақсы түсініп, Байтұрсынұлы мен Дулатұлына мынадай мағынада демеу беріп отырды: «XVIII ғасырда «ақыл патшасы» атанған француз Вольтер еді. Осы Вольтер замандасы, Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан, осы Дидро қатын патша II Екатерина мен хат алысып, патша Дидродан көп ақыл алған. Біздің Ресейде абақтыға жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Мельчин, Чернышевский, Морозов абақтыда жатқан. Бәрін жазып болмайды. Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургенев айдалған.

Түркияда халықты қатарға қосамын деп сан сабаздар абақтыға жабылған, айдалған. Бұрынғы Медхат пашалар 1883 жылы айдауда жүргенде өлген, осы күнгі Ахмед Риза һәм басқалары да абақтыда жатқан.

Шырақтарым, сендерді мінегенде осылармен бір салып мінесе не армандарың бар!»². Еуропалық ағартушылық ұстанған құндылықтарды А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы қазақ шындығына үйлесімді мазмұнда қорытып, «Қазақ» газеті арқылы халық арасына кең жайып отырды. М.Дулатұлы, мәселен, 1913 жылы жарық көрген «Шәкірт» аталатын өлеңінде өзінің осы ағартушылық

¹ «Қазақ». 1917, №234.

² «Қазақ». 1914, №54.

ұстанымында тұрғандығын мынадай жолдар арқылы білдіреді:

... Я, алла! Талапкердің бақытын аш,
Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш.
Ұлтына қараңғыда қамаулы өскен
Жарқырап жарық сөуле болғандай бас.

Мың ділдө білімдінің жалғыз сөзі,
Таңырқап жұрттың бұған тұрған кезі.
Сен болып бақыт таңы нұр түсірсең,
Сыпырылып қайғы бұлты кетер өзі.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...

Тура осы 1913 жылы «Қазақта» жариялаған мақаласында ол осы тұжырымын анықтай түседі: «Заман таластартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бөрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. ...Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз — оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман».

Алаштың қазақ ағартушылары, әрине халықты білім алуға үндегені рас, дегенмен олар осы міндетті ғана атқарумен шектелген жоқ. Олардың түсінігінше, қазақ жастары алған жаңа сападағы білім қазақ халқының өмірін заман сұранысына лайық мазмұн және бағытта өзгертуге тиіс еді. «Бүгінгі адамзат қоғамында — деп жазды А.Байтұрсынұлы, — өміршең мәдениет салтанат құрмақ, ал мәдениеттер теңдігін қуатты мәдениет арқылы ғана орнатуға болады, олай болмаған күнде жоғары сатыдағы мәдениеттер төменгі деңгейдегі мәдениеттерді қанамақ». Басқаша айтқанда, жаңа сападағы білім қазақ қоғамын феодалдық мешеуліктен және отарлық тәуелдіктен құтқара алатын бірден-бір құралға айналуға тиіс-тін.

Ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптаса бастауы. Осы уақытқа дейін тарих және басқа қоғамдық

ғылымдарда қазақ демократиялық зиялы қауым өкілдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі қызметіне баға беруде негізге алынған басты өлшем олардың большевиктер идеологиясын қабылдауы немесе қабылдамауы болып келді. Ал олардың ағартушылық идеологиясына иек артуы, қоғамдық даму мен өзгерістерге осы көзқарас тұрғысынан қарауы, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының жалпы даму деңгейінен, ішкі талап-тілегінен туындаған жағымды құбылыс екендігі есепке алынбады. Бұл методологиялық ұстанымдағы тарихшылар үшін Қазақстан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар қоғам емес, бар болғаны империяның артта қалған болар-болмас өзгешелігі бар шет аймағы ғана еді.

«Қазақ» газетінің бар мүмкіншілігін ағартушылық мақсатта кең пайдалана отырып, қазақ зиялылары сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының негізін жасады. Анығырақ айтқанда, ол идеологиялық принциптер отаршыл өкімшіліктің өктем саясатына қарсы демократиялық зиялы қауым өкілдерінің күнделікті әрекеті нәтижесінде өмірге келіп, біртіндеп өмір талқысынан өтіп, қоғамдық қозғалыстың бағыт-бағдарын айқындаушы негізге айналды. 1913—1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті іске асырған бұл қызмет, негізінен, мынадай екі бағытта жүрді. Біріншіден, бұл мезгілде ұлттық белсенді зиялы қауымның алдында тұрған ең басты міндет отарлық езгіге қарсы ұлттық бостандық үшін күрестің бағыт-бағдарын және күрес әдістерін айқындау болды. Екіншіден, саяси бостандыққа жету феодалдық тәртіптер мен қатынастарға, күні өткен салт-дәстүрге, қоғамдық мерездерге қарсы бітіспес күреспен бір мезгілде жүруге тиіс еді. Соған байланысты ұлттық интеллигенция өз еркінен тыс феодалдық мешеулікпен күрес принциптерін анықтауды да қолға алды. Ал осы идеологиялық принциптер қандай тұжырымдардан тұрды, енді соған қысқаша тоқталып көрейік.

Ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ойы мен азаттық қозғалысының ең өзекті тақырыбына айналған жер мәселесі еді. Әсіресе, «артық» деген сылтаумен құнарлы қазақ жерлерін ішкі Ресейден қоныс аудара келгендерге жаппай тартып алып беру, 15 десятина жер нормасы туралы дақпырт, переселен шенеуніктері бастап берген қазақ қожалықтарын бірден отырықшы өмірге көшіру сияқты аса қауіпті саясат қазақ зиялыларынан тез арада бұл

озбырлыққа қарсы халықты жұмылдыра алатын әрекетке көшуді талап етті..

«Қазақ» және «Айқап» басылымдары отырықшылыққа көшу мәселесін ұлттық ауқымда көтеріп, пікірталасқа айналдырды. Оған қатысқан авторлар екі баламалы пікірді жақтап, өзара бөлініп кетті.

1) Б.Қаратаев пен М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіндегі топ қоғамдық мешеуліктің негізгі себебін көшпелі өмір салтынан көріп, сондай-ақ толассыз қоныс аударушылар легінің Қазақстанды отарлау екпінінен қаймығып, қазақтарға да келімсектер сияқты он бес десятинадан жер үлесін алып, отырықшылыққа көшуді уағыздады, бұл істе өздері де үлгі көрсетті.

2) Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлы бастаған келесі «Қазақ» газетіндегі топ көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының қалыптасуын және оны өзгерту мүмкіншілігін қоршаған табиғи орта ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарауды жақтап, жаппай отырықшылыққа көшуді ұсынушы переселен мекемелері мен шенеуніктерінің отаршылдық пиғылды ұстанып отырғандығын, өйткені егіншілік мәдениетімен таныс емес қазақ бұқарасын 12 немесе 15 десятина үлеске отырғызу, оларды біржола жерден айыруға апаратын шара екендігін дәлелдеп, қалың көпшілікке жеткізуге тырысты.

Бұл мәселенің қазақ жұрты үшін қаншалықты маңызды екенін түсінуде екі жақта да, әрине, кемшілік болған жоқ. М.Сералин қазақтың қалпын «екі жолдың айрығына келіп тоқтап, қай жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушыға теңеп, белгілі бір ортақ шешімге келу үшін тіпті жалпықазақ съезін шақыруды ұсынады¹. Ал 15 десятинадан жер алып, отырықшы тұрмысқа көшкендерге тоқталып, бұлар «жер бытырап, жылдан-жылға тарылып бара жатыр, түпкілікті қоныс болуға жарайтұғын жерлер шетке кетіп бітіп, қазаққа қолайсыз жерлер ғана қалатұғын, біз түбінде мұндай жерде бытырап қалып оңбаспыз, одан да бар қолайлы жерімізге өзіміз қала салып отырықшы болып, бірыңғайырақ қалайық дегендей, «шарасыздан шалға тиіп барамынның» кебін киіп, қала болған жайы бар»², — деп, мұндай қадамның осындай себебін білдіреді.

¹ «Айқап». 1913, №4—5, 73—78-бб.

² «Айқап». 1913, №20, 418-б.

Сонымен бірге мұндай бетбұрыстан күтетін үмітін де жасырмайды: «Біз қазаққа қала сал деп үгіт айтсақ, әлбетте, отырықшы халықтың түпкілікті қонысқа ие болатындығын; кәсіпшіл болмақ, өнерлі болмақ, оқымысты, алымды болмақ — отырықшы болғанда ғана табылатындығын шамалап айтып едік»¹ — дейді. «Айқаптағы» жарияланымдарда шамамен осы пікірді Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев және басқалар да ұстанды.

Бұл мәселеге байланысты «Айқапқа» қарама-қарсы бағыт ұстанған «Қазақ» бетінде тың әрі терең мақалалар жариялаған Ә.Бөкейханов болды. «Талас дүния — ғұмыр сифаты, талас, тартыс жоқ болса, ғұмыр абақты болар еді», — деп, айтыс тақырыбына байланысты ол өз пікірін былайша негіздеді: «Біздің ақылымызша адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен, көп жылдарда аударылады. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егінші бола қалмайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып жан-жағыңа қара дейтініміз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды»².

Қорыта айтқанда, «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейханов пен оның пікірлес серіктерінің бұл тақырыпқа байланысты жариялаған материалдарындағы негізгі тұжырым мынаған сайды: а) әрбір халықтың құрған шаруашылығы ғасырлар бойы өзін қоршаған табиғи ортаны игеру барысында қалыптасады, сондай-ақ ол халық озбыр әкімшіліктің немесе жеке адамдардың қалауы бойынша аз уақыт ішінде мүлдем жаңа сападағы шаруашылық түріне ауыса салмайды, ондай өзгеріс үлкен дайындықты және көп уақытты талап етеді; ө) әлемдік тәжірибе (Аустралия, Швейцария, т.б.) көрсетіп бергендей, мал шаруашылығымен айналысудың түрлі варианттары бар, отырықшы өмір салтына көшіп те мал өсіруге, мал өнімдері арқылы қоғамдық байлық жасауға да болады, ол үшін, мәселен, малдың тұқымын жаңартуға көп көңіл аудару қажет; б) жердің құнарына, ерекшелігіне қарай шаруашылық құру, яғни «жердің түріне қарай мал бағарлық жерде бағатын, егінге жақсы жерде егін егетін қала болу»³. «Біз қазаққа қала

¹ Сонда.

² «Қазақ». 1913, №29.

³ Сонда. 1914, №48.

болма демейміз, — деп жазды А.Байтұрсынов. — Жақсы жеріне жиылып қалаңды сал, мешітінді орнат, мектеп, медресенді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15 десятинамен қала боламын десендер, күн көре алмайсыңдар дейміз»¹.

Баспа жүзіндегі айтыс, белгілі дәрежеде, бұл екі топтың өмірлік әрекетте де ұстанған бағыттарының көрінісі болатын. Мәселен, 1910 жылы Орал облысы, Орал уезі, Жымпиты және Шідерті болыстарындағы бір топ қазақ отбасылары Б.Қаратаевтың бастауымен 15 десятинадан жер үлесін алып, отырықшы тұрмысқа көшіп, Қаратаев поселкесін құрады. 1912 жылы қазан айында мұнда сайлау өтіп, «волосной старшина, судья, заседательдер һәм сельский старосталар» сайланады². Сөйтіп, Қаратаев поселкесіндегілер отырықшы тұрмысқа өтумен бірге, переселен поселкелеріне тән басқару жүйесіне де ауысқан еді. Бірақ малшылықты тастап егіншілікке көше қоймаған қазақ ауылдары, көп ұзамай-ақ жаңа тұрмыстың шаруашылық жүргізу үшін ғана емес, сонымен бірге өздерінің күнделікті ішкі мәселелерін орыс селоларына арналған заңдық жолдармен шешіп отыру үшін де қолайсыздығына көздері жеткен бетте бұрынғы қалпына қайтадан ауысқан еді.

Бұл жағдайды естіп білген «Қазақ» «Бұ қалай?» деген кішкене хабар жариялайды. Хабарды: «Бақытжан Қаратаев қаласында төрт-бестей-ақ үй қалды, өзге қазақ көшіп кетті, деген бір хат алдық. Қаратаевты тастап кеткен қазақ жері мұжыққа беріліп, енді Бақытжан хохолға ақсақал болады дейді.

Жымпиты, Шідертіге бас болып Бақытжан 1910 жылы 15-тен жер алғанда, бұларға (Бақытжан қаласына) таңдама жақсы жер, өзгеден артық енші тисе, халық өзі соқаға қол болса, бұл Бақытжан қаласынан бар қазақ неге үрікті»³ деген сөздер бар еді.

Қоғам алдында әкімшіліктің отарлау саясатының астарын ашатын мұндай хабар ресми билікке ұнай қоймағаны түсінікті. Орынбор генерал-губернаторы Сухомлинов Б.Қаратаевтың шағымын негізге ала отырып, мұндай хабар «қырғыздардың арасында жалған және тексерілмеген сөздер

¹ Сонда.

² «Айқап». 1913, №20, 417-б.

³ «Қазақ». 1914, №91.

таратып, үкіметке қарсы жаулық сезімдерді қоздыруды» көздейді деп тауып, 1915 жылғы 13 наурыздағы №1481 қаулысымен баспасөз жөніндегі заңды бұзғаны үшін газет редакторы А.Байтұрсыновты екі жетіге тұтқынға алу немесе оған 50 сом айып төлету туралы шешім қабылдайды¹.

А.Байтұрсынұлы генерал-губернатордың шешімімен келіспей, мәселенің егжей-тегжейін айтып үкіметтік Сенатқа шағым жазады. Үкіметтік Сенат өзінің 1917 жылғы 17 қаңтардағы отырысында Байтұрсыновтың шағымын қарап, «Бұ қалай?» деген мақалада мазмұндық жағынан заңға қайшы келерлік ештеңе жоқ деп тауып, Орынбор генерал-губернаторы қаулысын негізсіз деп табады².

Түптеп келгенде, генерал-губернатор Сухомлиновтің қауіптенуі негізсіз де емес еді. 1913 жылдан бастап Дала Ережесінің 120-бабына және Түркістан өлкесін басқару Ережесінің 270-бабына енгізілген қосымшалардың ұлттық мүддеге қайшы келетіндігін, Министрлер Кеңесінің қазақ жерін алуға қатысты 1909 жылғы 9 маусымда қабылдаған құжатының заң емес, бар болғаны нұсқау екендігін, сондықтан да переселен шенеуніктерінің отырықшылыққа зорлап өткізуге құқығы жоқ екендігін халыққа түсіндіруді көздеген мақалалар «Қазақтың» әрбір нөмірінде дерлік жарияланып тұрды. Мақала авторлары халыққа жерге байланысты өздерінің құқығын түсіндіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге үкімет шараларының отаршыл сипатын аша отырып, оған бейбіт түрде қарсылық көрсетуге шақырды. Мәселен, Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы нұсқауын негізге ала отырып, переселен мекемелері науқан ашып, қайсыбір уездерде қазақтарға 15 десятинадан жер үлесін белгілеп, отырықшы тұрмысқа аударуға көшкен еді. Міне, осы шараға байланысты «Қазақ» басқармасына переселен мекемелерінің зорлықшыл әрекетін баяндап, кеңес сұраған көптеген хаттар түседі³. Бұл хаттардың біразына газет арқылы жауап берген Ә.Бөкейхановтың мақалаларын сол тарихи уақыттың контекстінде алғанда, батыл деп айту аз, шындап келгенде, үкіметтің жер-

¹ ООММ, 10-к., 4-т., 442/а ісі, 6-6-об-п.

² Сонда, 21, 21-об-п.

³ «Қазақ». 1913, №20, 24, 26, 29, т.б.

саясатына ашық түрде қарсы жүргізілген насихаттың өзі болатын. Мәселен, ол Павлодар уезі, Тереңкөл және Мұздыкөл болысынан Рахмет Илиясұлының үкімет орындарынан алатын жер үлесі көлеміне байланысты ел арасында ауызбірлік болмай, переселен мекемелерінің азғыруына ілесіп, ең ақырында, жақсы жерінен айрылғандығы жөнінде жазған хатына жауап беріп: «Жер дауы тәмәм 5 миллион қазақ дауы. Бір жерде қазақ 15-тен, бір жерде 30-дан алам деп, өркім өз пайдасын қуып іс қылса, Тереңкөл һәм Мұздыкөл уағының кебін киіп қалады. Қазақ ала, арамза, шабан болған соң, үкімет закон арқылы ұзақ жолмен, көп шығынмен қылатын жұмысын еппен қылып отыр. Қазаққа 15-тен жер берілсін деген закон жоқ. Қазақ өзі егінмен шаруа қыламын деп 15-тен жер алса, қазаққа мұнан көп жер керек дегеннің жөні бар ма?»¹ — дейді. Ал Қостанай уезі Кеңарал болысындағы қазақ арасындағы осындай берекесіздікке налып, Бөкейханов «Қазақта» ашық хат жариялап, онда «осы қазақтың кебінің өзі барып отқа түсіп отырғаны», әйтпесе жоғарыда аталған 1909 жылғы 9 маусым нұсқауының «20-бөлегінде қазақ өзі өз еркімен сұраса мұжықша ер басына 15-тен артық емес үлес жер алады деген. Қазақ өзі сұрамаса көшпелі қалпында тұра бермек», деп көрсетілгенін айтып, осыған орай түрлі пысықайлардың сауатсыз елді адастырып жүргендігін, оған дәлел ретінде Көкшетау уезіндегі Қарауылдардың біраз ауылының «мұжықтың тепкісіне шыдамай Жиделібайсын» қашқанын келтіріп, мынадай ауыр қорытынды жасайды: «Жүз түйені бір бұралқы ит құйрығына тіркесе, осы ит Ташкент барса, жүз түйе Ташкент кетеді, итте не жаза бар, түйенің жетекшілдігі емес пе? Өзің түйедей жетекшіл болсаң, саған не ақыл керек?»².

1909 жылы Семейдегі Қарауылдан Абай Құнанбаевтың туыстары Шөкәрім Құдайбердіұлы мен Кәкітай Ысқақұлы Ө.Бөкейхановқа хат жазып, «Не айтасың, ата қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба?» — деп сұрайды. Сонда Ө.Бөкейханов: «Бұл жолсыз қоқан-лоқы тәмәм қазақ баласына. Жерің кетсін. Құнанбай баласы тобықтыға

¹ «Қазақ». 1913, №28.

² Сонда, 1913, №24.

мұрындық болды деген атқа қаларсың, не болса жұртпен бірге көр. Жұрт шаруасы қағазбен 15-ті алғанмен егінге айналмас. Тәмәм қазақ Құнанбай баласына еріп қалған, артыңнан еріп 15-ке құл болса, мал баққан шаруаға зиян болар», — деп жауап береді. Шөкәрім мен Көкітай Бөкейхановтың кеңесін қабыл алып, Қарауылдан айырылады¹. Қорыта айтқанда, «Қазақ» газеті, Ө.Бөкейханов және оның серіктері Қ.Бейсембиев² сияқты зерттеушілер дәлелдеуге тырысқандай отырықшылыққа көшуге емес, отырықшы норманың отаршыл мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шыққан болатын.

Патша үкіметі ғасырлар бойы отаршыл саясат жүргізе отырып, қазақ қоғамы санасында мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік тәуелсіздік, жалпы мемлекеттік туралы ойды, пиғылды біржола жоюға күш салды. Өз ретінде қазақ зиялылары да патша үкіметі орнатқан мемлекеттік басқару жүйесінің басынан аяғына дейін отарлық сипатын, әрине, жақсы түсінді. Әкімшіліктің мұндай мазмұны қазақтарды араластырмаған губерниялық, уездік мекемелердің қызметінен ғана емес, тіптен қазақтардың қолына берген болыстық басқарудан да айқын көрінді. «Қазақ» газеті ол жөнінде жариялаған көптеген материалдарының бірінде болыс «сайлау аяғы бітпейтін дауға ұласты. Болыс, көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет, бұл болыс болған елде не береке?!»³ деп жазды. XX ғасырдың басында переселен поселкелерінің жедел көбеюі барысында қазақтарды көп ойланып жатпай-ақ біржола орыс сот жүйесіне аударып салуды насихаттаушылар шыға бастайды. Мұндай бағытты қолдаушылар қазақ оқығандарының арасында да бар еді. Бұл өте қауіпті ұсыныс болатын. Ө.Бөкейханов, мәселен, осыған орай «Қазақтың би һәм билігін өзгертіп не керек, шірік жіп қанша жалғағанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шариятқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз

¹ «Қазақ». 1915, №105.

² Бейсембиев К. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX — начала XX века. Алма-Ата, 1961, С. 250—276.

³ «Қазақ». 1913, №15.

мұның екеуіне де қол қоймаймыз» деп, оның себебін былайша түсіндіреді: «...қазақ орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы қаңғырған жаман биіне зар болар. Біз орыстың судьясына қарасақ, бұл судья рәсіммен билік айтпас, закон жолымен айтар. Мұның бұл заңоны қайда? Қазаққа әкеліп мұжық қамытын кигізе салса, бұл бір түске кірмеген қиыншылық. Мұнан қазақ безуі керек. Не бұл судьяға қазақ рәсімін араластырып қазаққа ыңғайлы закон жасап берсе, сонда орыс судьясын мойындау керек. Бірақ бұл орыс судьясына құл болсақ, судья біздің жұрттың тілін білмейді. Біздің өзімізден судья болатын қазақ жоқ есебінде. Тілмәш биге түскен соң бұл дауда не қасиет қалады? Бірі бас десе, бірі құлақ деп қарап тұрмай ма? Судья даугер мен жауапкердің сөзін өз құлағымен естімесе, төмам мылқау ортасынан не жақсы билік шықпақ¹.

Ә.Бөкейханов жалғыз сот жүйесіне ғана байланысты емес, жалпы мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты осындай пікірде болды. Ол «елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көп басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлтты құрылған Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек»², — деп жазды.

Әрине, қазақ зиялыларының ұлттық мемлекетке байланысты көзқарасының ылғи да жетіліп, өзгеріп отырғандығы түсінікті. Дегенмен, болашақ ұлттық мемлекет, оның демократиялық сипаты туралы олардың пікірі осы кезде-ақ қалыптаса бастаған еді.

Қазақ ұлтшылдығы

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы жағдайында білімді және саналы азаматқа ұлтшылдық ұстанымында болмау мүмкін емес-тін. Сонымен бірге, әрине, барлық білімді, оқыған қазақ ұлтшылдық ұстанымында болды деудің өзі қателік болар еді. Міржақып Дулатұлы айтқандай сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамында «шын ұлтшылдың өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді».

¹ Дулатұлы М.Бес томдық..., 3 т., А., 2003, 57-б.

² «Қазақ». 1914, №50.

XX ғасыр басындағы орыс билігі астындағы қазақ қоғамының алдында тұрған ең басты міндет — бұл, әрине, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу, мемлекеттік дербестікке қол жеткізу, сол арқылы қазақ жерін отарлаушы күштердің меншігіне біржола өтіп кетуден және жас ұрпақты ұлттық негізден қол үзіп орыстанып кетуден сақтау еді. Күн санап күш алып келе жатқан ресейлік отарлау саясатына қазақ ұлтын ортақ мүдде төңірегіне топтастыра алатын идеология қажеттілігі өзін анық байқатқан болатын. Ә.Бөкейханов пен оның серіктерінің қалыптастырған бұл ұлтшылдық идеологиясының негізін қазақ жерін ішкі Ресейден жаппай қоныс аудару келгендердің игілігіне өту үрдісіне шек қою үшін күрес, қазақ ұлтына өз қоғамдық мерездерін дәл де тура түсінуге, әсіресе шаруашылық жүргізу, заманға лайық білім алу ісінде артта қалғандығына көзін жеткізе отырып ұлттық санада сол кемшіліктерді жеңуге деген құлшыныс туғызу еді. Сонымен бірге ұлттық саяси топ ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтірмейінше негізгі мақсатқа жету, жүріп жатқан ұлттық құндылықтарды құнсыздандыру үрдісін тоқтату мүмкін еместігін жақсы түсінді. Сондықтан да ұлттық мемлекеттік үшін күрес бұл идеологияның өзекті жібі және басты мұраты болуға тиіс еді.

Басқаша айтқанда, қазақ ұлтшылдығы толық негізді, табиғи құбылыс болатын. Бүкіл Ресей империясын құшағына алған 1905 жылғы революциялық жағдай қазақ қоғамында ұлтшылдық идеологиясының тұтас бір концептуалдық сипат алғандығын және пәрменді қалыптасу жолында тұрғандығын анық байқатты. Осы жылы Қарқаралыда, Оралда, Жетісуда, қазақ жерінің басқа да орталықтарында өмірге келген арыз-шағымдарда толық негізді мынадай талаптар қойылды: ішкі ресейлік губерниялардан орыс шаруаларының қазақ жеріне жаппай қоныс аудару толқынына шектеу қойылсын, жергілікті халық орналасқан жерді оның заңды меншігі екендігі мойындалсын, діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту ісін жүргізуде ұлт мүддесіне қайшы келетін шектеулер жойылсын, тиесілі көлемде қазақ мектептері ашылып, оларда сабақ қазақ тілінде жүргізілсін, қазақ халқының мұң-мұқтажын еркін білдіруге жол ашатын құрал — цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат берілсін және т.с.с.

Бұл арыз-тілектермен мұқият таныса отырып қазақ ұлтшылдығының өмірлік сұраныстан туған табиғи құбылыс екендігін жеңіл аңғаруға болады. Қазақ ұлтшылдығы,

сондай-ақ кейін большевиктер партиясы дәлелдеуге тырысқандай өмірде болмаған «қазақ буржуазиясының» мүддесін қорғау мақсатында қолдан жасалынған ұстаным емес-тін. Қазақ ұлтшылдығының діңгегі, «менің ұлтым өзгеден артық» сияқты мазмұндағы ой емес, елім, жұртым деген саналы азаматтың құлдықтан азаттыққа ұмтылған жұртын өзгемен тең ету жолындағы жанкешті қызметке өзірлігін білдіретін ұстаным болатын.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басында жалпыадамзаттық құбылыс ретінде көрініс тапқан ұлтшылдық идеологиясы қазақ қоғамында да белгілі бір мазмұн және сипатта байқалды. Сондай-ақ оның қалыптасқан көзқарас есебінде көрінуіне қажет алғышарттар да пісіп жетілген еді. Міржақып Дулатұлының «шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді?», — деген сөзі сол тарихи кезеңге тиесілі өмір шындығын айғақтайтын негізді тұжырым еді.

Оқу-ағарту саласында немесе переселен және басқа мемлекеттік басқару жүйесінде қызметте жүрген ұлт зиялылары бүкіл отарлау үдерісін көз алдынан өткізді, ұлттық теңсіздіктің, қанаудың не екенін жақсы білді. Соның нәтижесінде ол отарлау жүйесінде қызмет етуші зиялылардан ұлттық өркендеу мен ұлт-азаттық қозғалысты бастаушы күшке айналды. Сондықтан да оның дүниетанымында ұлттық мүдде, бостандық идеясы басым түсіп жатты. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сондай-ақ бұл жалғыз қазақ ұлттық зиялыларына ғана емес, жалпы барлық отар елдеріне ортақ қоғамдық құбылыс болатын. Дж. Неру осы тарихи кезеңде ұлтшылдық (национализм) «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрған прогресшіл күш болды»¹ дейді.

Сол сияқты қазақ зиялыларының ұлтшылдығы, кеңестік тарихтану дәлелдеуге тырысқандай, қарабайыр ұлтшылдық емес. Туған халқына деген шексіз махаббат, оның мүддесі үшін күресе білу оларға өз елінің кемшілігіне сын көзбен қарауға кедергі болған емес. Бұл тұрғыдан алғанда «Қазақ» газеті төңірегіне біріккен топ Абай мектебінің ізбасары, ұлы ойшыл негізін қалаған қоғамдық сынның одан ары жалғастырушысы болды деп айтуға толық негіз бар. Олардың қазақ қоғамы мерездерін ымырасыз сынға алуы

¹ Неру Дж. Открытие Индии. Кн. 2. М., 1989. С. 111.

тарих туралы ғылыми түсінікке негізделді. Өз халқының жүріп өткен жолын, жиған тәжірибесін сарапқа салу олар үшін қоғамдық мешеуліктің себеп-салдарына көз жеткізу үшін керек еді. Бұл ретте олар өткен тарихты қызықтаудан, оны әсірелеуден алыс болып, керісінше, оған риясыз шындық тұрғысынан дәл баға беруге тырысты. Ө.Бөкейханов: «Пәлен хан-ай! Пәлен би-ай!» деп отырып өкінесіндер! Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күнгі атқа міндім деп жүрген өздеріндей еді. Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік-береке болса, бұл күнде қазақ бұл күйде болар ма еді? Жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе, қазақта бірліктің жоқтығы. Бірлік жоқтан қазақтың һәр қайсысын һәр жерде дұшманы ойбайлатқан. Бұрынғы хан болсын, билер болсын, әділдіктен жырақ болған, дәл осы күнгі атқа мінген өздеріндей»¹ дейді.

Ғылыми әдебиетте «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті көре алмады деген пікір бар. Бұл шындыққа қайшы келетін пікір. Олар қазақ қоғамының бір-біріне қарсы тұрған екі таптан, яғни байлар мен кедейлерден тұратындығын жақсы түсінді. Сондай-ақ бірде-бір еңбектерінде байлардың мүддесін қорғап сөз айтқан емес. Керісінше, қазақ байларының, атқамінерлерінің әділетсіздігін, надандығын қатал сынға алумен болды, сол үшін де олардың қаһарына ілініп отырды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы: «Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Бірінің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады»² деп жазды.

Ө.Бөкейханов қазақ байлары мен атқамінерлерін сынауда А.Байтұрсынұлынан кем түскен емес. Ол 1913 жылы жалпықазақ съезінің күн тәртібіне байланысты: «Баймын, мықтымын деп атқа мінген жақсылар пішен шабатын жерге, егінжайға, жаз қонысқа, қыс тебінге зорлық қылады. Кемшілікте жүрген бишара сорлы жұрт бұл жақсылардың тепкісінде қор болғанша, орыс беретін он бес десятина болса да ие болалық деп, мұжық боламын деп сұранып отыр» деп

¹ «Қазақ». 1913, № 12.

² Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы, 1991. 257-б.

жазса, ал үкіметке салық төлеу барысында байлар мен атқамінерлер жасайтын зорлыққа байланысты: «Алымды момын кедейге аударып бай болатын мырзалар көзі соқыр емес, көңілі соқырына салып жүр ғой. Жұрттың момынын тонап алып болған байлықта қанша береке бар екен?»¹ деп көрсетті.

Ө.Бөкейханов «Екі жол» деп атаған мақаласында бұрын біз жылаумен, өзіміздің жағдайымызға налумен келдік, енді, міне, жаңа заман келді, оның белгісі «Тұрмыс жүзінде құлдық исі мұңкіп тұрса да (мысалы, сары түйме көргенде қазақ пен мұжықтардың басты шұлғып, құрдай жорғалайтыны), жазылған закон жүзінде адам баласы құрдас», «әр заманның өз рәсімі, өз салты бар», ал «біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, құқына тартысу», «жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім құқы үшін жылау емес, құқын талас-тартыспен қорғау» деп жазды. Ол қазақ жұртының жаңа тарихи кезеңдегі міндетін осылай анықтаған еді.

Қазақ зиялыларының ғылыми еңбектерімен, жариялаған түрлі материалдарымен таныса отырып, олардың туған халқының күні өткен дәстүр салтын, ұлттық мінезіндегі мерездерін аяусыз сынға алып, әлемдік өркениет көшіне ілесу үшін ол кемшіліктермен ымырасыз күреске, келе жатқан жаңа заман талабына сай оқу мен білім, өнер мен мәдениет жолына түсуге шақырғанына көз жеткізу қиын емес. Олардың өздері де бұл жолда аз тер төккен жоқ.

Сонымен бірге Столыпин реакциясынан кейінгі кезең, «Айқап» және «Қазақ» басылымдары бетінде жүрген пікірсайыстар белсенді қазақ зиялылары ішінде қазақ қоғамының даму жолына байланысты ұстанған бағыты жағынан өзара принциптік айырмашылығы бар кем дегенде мынадай екі ағымның болғандығын байқатты. Олардың бірі (Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, т.б.) столыпиндік реакция тұсында отаршыл әкімшіліктің ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы жазалаушылық әрекетін көзімен көрген соң, патшалық жүйемен ашық күреске шығудан жалтарып, негізгі мақсаттар үшін күресте табандылық таныта алмады. Сондықтан да олар ресейлік оппозициялық күштермен бірге отаршыл әкімшілікке қарсы күресті емес, монархиялық билікпен ымыраға келіп, қазақ қоғамындағы

¹ «Қазақ». 1913, №21.

өздерінің саяси жағдайын нығайта түсуді көздеді. Мәселен, II Николайдың мұрагері туғанда Б.Қаратаевтың 17 дін адамдарымен құттықтай барып жер мәселесіне байланысты өз өтініштерін айтып, дербес мүфтилік сұрауы, 1913 жылы Романовтар әулетіне 300 жыл толу құрметіне өз қонысын «Романовка» атауы сондай пиғылдың көрінісі еді. Бұл топ жер, мәселесінде қазақ бұқарасына да переселен шаруалары сияқты жер нормасын (15 десятинадан) алып, жаппай отырықшы тұрмысқа көшуді жақтады. Бір қызығы сол, олар өздерінің «бейімделгіш» табиғатын бұдан кейінгі биліктер (Уақытша үкімет, Кеңес өкіметі) тұсында да байқатты.

Бұларға қарсы тұрған екінші ағым (Бөкейханов, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, т.б.) саясатта ресейлік басқа демократиялық күштермен біріге отырып, монархиялық, билікпен ақырына шейін күресті. Олар отаршыл әкімшілікпен ымырасыз күрес тактикасын ұстана отырып, бұл айқындамасын жер, мәдениет және басқа қоғамдық мәселелерде де ұстануға тырысты. Сондай-ақ бұл ағымның түсінігі бойынша, прогресшіл күштер тек империялық өктемдікпен ғана емес, сонымен бірге ішкі феодалдық-патриархалдық күштермен, ортағасырлық қатынастармен де ымырасыз күрес жүргізулері тиіс еді. Жер мәселесінде олар 15 десятинадан жер алып, жаппай отырықшы тұрмысқа өтуді пәрменді отарлау жағдайында қазақ халқын экономикалық құлдырауға соқтыратын қауіпті шара есебінде бағалады. Отарлық тәуелділік пен ортағасырлық мешеулік құрсауындағы қазақ қоғамы жағдайында соңғы ағымның ұстанған айқындамасы қазақ қоғамының жалпыұлттық мүддесіне сай, сондықтан да оның прогресс жолымен дамуына қызмет ететін бағыт еді. Оны 1916—1917 жылғы тарихи оқиғалар көрсетіп берді. Басқаша айтқанда, «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан ұлт зиялылары өзінің жігерлі қоғамдық еңбегімен қазақ елінің ұлттық санасының оянуына қызмет жасаумен бірге, халықтың прогресшіл демократиялық күштерінің ұлт тағдырына қатысты негізгі қоғамдық зәру мәселелердің төңірегіне топтасуына да үлес қосты.

Міне, осы айтылғандар, біздің пікірімізше, екінші ағымдағы қазақ зиялыларын ұлттық демократиялық зиялы қауым өкілдері деп атауға негіз бола алады. Сондай-ақ столыпиндік реакция жылдары және одан кейінгі кезең бұл екі ағымға енген зиялылардың 1905 жылы қазақ

конституциялық-демократиялық партиясын құру идеясының төңірегіне бірігуі уақытша, өткінші қажеттіліктен туған шара екендігін көрсетіп берді. Олардың арасындағы идеялық алшақтық жыл өткен сайын тереңдей түсті.

Мұсылмандық және ұлт-азаттық қозғалыстардың өзара байланысы жөнінде. ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жалпыимпериялық мұсылман қозғалысымен тығыз байланыста даму алды, алғашқы кезеңінде тіптен оның қуатты ықпалында болды. Демек, азаттық үшін қозғалысты оның осы табиғи байланыстарынсыз тура және терең түсіну мүмкін емес. Мәселен, бірінші орыс революциясы және одан кейінгі алғашқы жылдары қазақ саяси тобы (Ө.Бөкейханов бастаған) саяси күресте ресейлік конституциялық-демократиялық партиясын қолдады, сондай-ақ өздері де І және ІІ Мемлекеттік Думаға депутаттыққа осы саяси партияның атынан түсті. Жалпыресейлік мұсылмандар үшін ортақ саяси ұстаным болған мұндай шешім 1905 жылы 15 тамызда Нижний Новгород қаласында болып өткен Жалпыресейлік бірінші мұсылмандар съезінде қабылданып, «Бүкілресейлік мұсылмандар одағы» бағдарламасына енді¹.

Сонымен бірге ресейлік мұсылмандардың кадеттермен одағы көпке созылған жоқ. Оның мынадай себептері бар еді. Кадеттер партиясының бағдарламасында Ресейдегі барлық ұлттардың тең құқықта болуы жөнінде талап қойылды. Соған байланысты І және ІІ Мемлекеттік Думаға сайлау барысында империяның мұсылман тұрғындары кадеттер партиясы атынан депутаттыққа түскен кандидаттардың өтуіне біраз күш салды да. Бірақ уақыт өте кадеттердің басқа ұлттардың тең құқы үшін мақсатты қызметі соншалықты байқала да қоймаған еді. Тура осы мәселеге қатысты Ресей Ішкі істер министрлігінің полиция департаменті губерниялық жандарм басқармалары мен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бөлімдеріне жолдаған құпия циркулярында мынадай ойды білдіреді: «Одной из главных причин возбуждающей в мусульманах симпатию к конституционно-демократической партии, был пункт

¹ ООММ, 10-қ., 4-т., 10/9-іс, 50-51-п; Сонда, 21-қ., 9-т., 4-іс, 239—242 п.п.

программы названной партии, требующей равноправия всем подвластным России национальностям и, во время выборов в первую и вторую государственные Думы, российские мусульмане проявили значительное старание к тому, чтобы, по возможности, провести в Думу «кадетов». В последствии мусульмане несколько охладели к конституционно-демократической партии, благодаря тому обстоятельству, что «кадеты» более обращали внимания на евреев, чем на все другие национальности и игнорировали интересы мусульман¹.

Мұсылмандардың кадеттер партиясы атынан сайланған өздерінің Думадағы өкілдеріне наразылығының күрт өсуіне себепші болған, әсіресе, 1907 жылғы 3 маусымда қабылданған сайлау туралы Заң еді. Сол қабылданған Заңның нәтижесінде Думадағы мұсылман-депутаттардың саны 40-тан 6-ға кеміп кеткен еді².

Жалпыресейлік мұсылмандар қозғалысы жалпытүркілік қозғалыс сияқты өмірлік негізі бар қоғамдық құбылыс болатын. «Бүкілресейлік мұсылмандар одағының» бағдарламасында қозғалыстың дін, саясат және азаматтық өмірде мұсылмандарды кемсітуге қарсы және барлық мәселелерде орыс халқымен құқықтық тұрғыдан тең болу үшін күресетіндігі, сондай-ақ күнделікті тұрмыста, оқу-білім және дін ісінде мұсылмандар өмірінің жаңа сапаға өтуіне ешқандай кедергі қойылмауы билік алдына қойылды.

Қозғалыс билік алдына елде конституциялық басқаруды енгізуді, жеке тұлға бостандығын және Заң алдындағы отбасы дербестігін, ар-ұждан және дін, сөз және баспа, түрлі қоғамдық бірлестіктер құру және жиналыс бостандығын, жалпыға бірдей тікелей және құпия сайлау құқын Заң жүзінде және өмірде қамтамасыз етуді талап ретінде қойды. Мемлекеттік Думаға мұсылмандардың санына сәйкес депутаттар сайлануын, ал ол депутаттардың заңдық актілерді қабылдаумен бірге, үкімет және әкімшілік орындары қызметін бақылау құқы болуы айтылды.

Мұсылмандық қозғалыс бағдарламасында ерекше көңіл аударылған мәселе бұл, әрине, білім, оқу-ағарту ісі еді. Ресейлік мұсылмандық қозғалыс басшылары өз халықтары үшін ұлттық езгі мен феодалдық артта қалушылықтан

¹ Сонда, 21-к., 9-т., 4-іс, 239-240 п.п.

² Сонда.

құтылудың ең дұрыс та сенімді жолы осы білім жолы екендігін, ал елге сапалы да зайырлы білім жүйесін шынайы демократиялық өзгерістерсіз енгізу мүмкін еместігін жақсы түсінгендігі анық байқалады. Мәселен, медреселер мен мектептерде сабақ оқушылардың өз ана тілінде жүруін, сондай-ақ ол оқу орындарының ішкі ісіне орыс инспекторларының араласпауын, сондай-ақ мұсылмандар үшін жалпы білім беретін мектептермен қатар кәсіби білім беретін оқу орындарының ашылуын талап етті. Міне, осы айтылғандардың бәрі ХХ ғасырдың басында енді ғана күш ала бастаған Жалпыресейлік мұсылман қозғалысының қоғамдық өзгерістер мәселесінде дұрыс бағыт ұстанғандығын айғақтайды. Өкінішке орай, ресейлік билік орындары, ұлыдержавалық және ұлыорыстық шовинистік күштер мұсылмандық қозғалыстың мұндай қарқын және бағыт алуынан үрейлене қорықты, өйткені ол империяның ыдырауымен, оның орнында ұлттық мемлекеттік құрылымдардың өркен жаюымен аяқталатындығы кімге де болса айқын еді.

Сонымен бірге жалпыресейлік мұсылман қауымы (умма) билік алдында қоғамдық мәселелерде бір ұстанымда, ауызбірлікте бола алған жоқ-тын. Қауым ішіндегі пікір қайшылығы әсіресе мұсылмандық білім саласында анық байқалды. ХХ ғасырдың басында мұсылман оқу орындары мектебе мен медреселерде дәстүрлі усул-кадим оқу әдісі бойынша білім алып жүрген жастар арасында білім сапасын реформалауды талап ретінде қойған қозғалыс бой көрсетеді. Олар тым шектеулі усул-кадим оқу әдісі бірнеше жылда бере алмаған білімді бір-ақ жылда бере алатын, яғни оқу бағдарламасына (құран) діни білімнен басқа жаратылыстану және гуманитарлық жалпы білім пәндерін енгізуге жол ашатын усул-жадид оқу әдісіне көшуді талап етті¹. Басқаша айтқанда, бұл мұсылмандық дәстүрлі мектебе және медреселерді жалпы білім беретін зайырлы оқу орындарымен ауыстыру мәселесінің қойылуы еді. Бұдан тыс қала және елді мекендерде оқу залдары (читальный), кітапханалар ашылып, мұсылман қоғамдарындағы күні өткен салт-дәстүр, ұғым-түсініктерді сынға алған көркем шығармалар, газет-журналдық түрлі материалдар, драмалық қойылымдар жарық көре бастайды. Бұл

¹ ООММ., 21-к., 9-т., 4-іс, 31—33-бб. п.п.

қалыптасқан жағдай ресми билік орындарына қандай жайсыз тисе, одан артық болмаса, кем емес дәрежеде консерваторлық ұстанымдағы дін басылары мен олардың соңындағы молдалардың да зығырданын қайнатқан еді. Өйткені күні өткен діни ұстанымдардан бас тарту бұл әлеуметтік топтың қоғам алдындағы беделін түсірумен бірге, оларды бұрынғы билігі мен табысынан айыратындығы хақты. Міне, осы жағдай оларды үкіметтің қолдауына сүйеніп жадидшілдерге қарсы нақты әрекетке баруға итермелейді. Мәселен, 1909 жылы сәуір айында Троицкі қаласының 122 мұсылман тұрғындарының атынан осы қаланың тұрғыны Шагибжан Шагиахметов Ішкі істер министрінің атына арыз түсіріп, онда үкімет пен қоғамға қарсы зиянды қызметі үшін Троицкідегі «Мұсылман қайырымдылық қоғамын», «Ният» кітапханасы мен «Приказчиктер қауымдастығын» жабуды, сондай-ақ тура осы ұстанымдағы ахун Рахманқұлов пен Әбдірахман Ахметовты жер аудару туралы ұсыныс айтады¹.

Тура осы мағыналы ұстанымды білдіріп, келесі 1910 жылы мамыр айында Троицкі қаласының 500 мұсылман тұрғындарының атынан хат енді Орынбор губернаторына жолданады. Хатта «мұсылмандар ескі әдіс бойынша тәрбие және білім алып, ешқандай да зиянды жаңа идеялармен уланған жоқ болатын», ал «усул-жадит» аталатын кітап арқылы тәрбие және білім алған жаңа буын жастар ескінің қасиетті өсиеттері мен қарттарға құрметпен қарауды қойып барады, бұл бетімен олар билікке де бағынудан қалатын шығар» деген тұжырым да бар еді. Хатқа талдау жасаған Орынбор губерниялық жандарм мекемесі «арыздың түйіні айналымда жүрген жаңа оқулықтарды пайдаланудан алып тастауға және татар мектептерінде сабақ беріп жүрген жаңа ұстанымдағы мұғалімдерді бұл жұмыстан аластауға саяды, басқаша айтқанда мектебе мен медреселердің діни бағытын қатаң сақтап, ал жалпы білім алғысы келетін татарларға орыс оқу орындарында білім алуға мүмкіндік туғызуды сұрайды»² деген тұжырымға келеді.

Міне, осы екі хатқа байланысты «жаңа әдістік оқуды пайдаланып бұл ұстанымдағылар үкіметке қарсы үгіт жүргізді деген бірде-бір фактінің дәлелденбеуіне байланысты» жандарм орындары ешкімді де, тіптен жадидшілдер

¹ Сонда, 32-32-об п.

² Сонда, 32 об-п.

қозғалысының басында тұрған белгілі тұлғалардың бірі троицкілік көпес Молла Ғали Яушевті де жауапқа тартып, қудалауға алған жоқ еді¹.

Отаршыл әкімшіліктің зорлықшыл саясатына қарсылық көрсетіп, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы айтқандай, «дін мен жалғыз жер емес, бостандықты тегіс»² сұраған қазақ қоғамындағы діни сенімдегі тұлғалар да шықты. Олардың отаршылдыққа қарсы қызметі негізінен екі бағытта жүрді. Бірінші, яғни діни көзқарастағы шығармашылық топ (Ж.Мақашев, Арыстанғали Батырғалиев, Иманбаев, Г.Жәнібеков, М-С. Кәшімов, М-Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Ө.Кердері, т.б.) Қазан, Уфа, Орынбор сияқты қалаларда жарық көрген кітаптарында жер, саяси және рухани бостандық үшін күресті діни уағызбен қатар қойды, бұл құндылықтардың ешуақытта да өз мәнін жоймайтындығын елеп-екшеп көрсетумен болды. Екінші, яғни прогрешіл ұстанымдағы имам, ишан, молла, медресе шәкірттері халық арасында күнделікті жүргізген үгіт-насихат жұмысы арқылы оған отаршыл биліктің түрлі қитұрқы саясатының астарын тура түсінуге көмектесіп отырды.

Әрине, жалпымұсылман қоғамындағыдай қазақ қоғамындағы діни ұстанымдағы адамдар да қоғамдық-саяси мәселелерде біркелкі көзқараста болған емес. Олардың арасында усул-жадид медресесінің шәкірттерімен, А.Байтұрсынұлы жазған оқулықтармен «күреске» шыққан Досмайыл қажы Қашқынбайұлы сияқтылар да болды. Сонымен бірге медресе ұстап, ел арасында озық ой ұрығын сепкен көкшетаулық молла Науан Хазірет (Наурызбай Таласов), «Оян, қазақ» сияқты кітаптарды ел арасында насихаттағаны үшін жер аударылған Ақмола мешітінің имамы Қажитолла Махмұтов, Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған, Петербургте «Серке» атты газеттің екі нөмірін шығаруға атсалысқан молла Шәймерден Қосшығұлов, «Қазақ» газетінің шығуына қаржысымен көмек берген Ахмет ишан Оразаев сияқты дін жолындағы тұлғалар да болды.

¹ Сонда, 32-об-33 п.п.

² Көпеев М-Ж. Таңдамалы, 1-т. А., 1990. 64-б.

Мұрағат құжаттарынан XX ғасырдың басында ірі діни оқу орындары санатына жатқан Уфадағы медресе «Ғалия», Орынбордағы — «Хусаиня», Троицкідегі — «Расулия» шәкірттерінің жаз шыға қазақ даласына келіп, жаңа әдіс (усул-жадит) мектептерін ұйымдастырып, оларда қазақ балаларын оқытып, сонымен бірге саяси үгітпен де айналысқандығы жөнінде фактілер аз кездеспейді. Мәселен, Ташкенттегі Түркістан аудандық тәртіп қорғау бөлімінің бастығы 1913 жылы 24 қаңтарда Орынбор губерниялық жандарм басқармасына жолдаған №410 құпия хатында мынадай фактілерді: «Жоғары мәртебелі Түркістан генерал-губернаторы алған мәліметтер бойынша Сырдария және басқа Түркістан өлкесіндегі облыстарға соңғы жылдары Уфа қаласындағы татар медресесі «Ғалияның» шәкірттері жазға қарай жергілікті қазақ жұрты үшін көшпелі мектебелер ұйымдастыруда. Бұл мектебелердегі оқулар ешқандай рұқсатсыз ашылып, жаңа әдіс бойынша жүргізіледі және орыс мемлекеті пайдасына деп айту қиын. Оқу үшін алынатын ақының үлкендігіне қарамастан сырттан келген татар мұғалімдері өз мектебелеріне көп қазақ балаларын, тіптен орыс-бұратана училищесі оқушыларын да жинайды»¹.

Одан ары құпия қатынас хатта Орынбор, Уфа, Қазан қалаларынан балалар оқытуға Сырдария облысы Перовскі уезіне 50, ал Сарысу, Шу және Қаратау өңіріне 40 мұғалімге дейін келетіндігін айтып, «бұлардың бәрі де қырғыздарға орыс бұратана мектептерінің қажеті жоқ, өйткені орыс тілін өздері де үйрене алады, ал қалған пәндерді түрік тілінде оқыту тиімді» деген пікір таратып, қазақтардың арасында Уфадағы «Каримов, Құсайынов және К°», «Шығыс баспасы», Қазандағы «ағайынды Каримовтар» баспаханалары шығарған «Оян, қазақ», «Тұр, қазақ», «Маса» сияқты қазақтың ауыр да құқықсыз жағдайын, қоныс аударушыларға өткен жер мәселесін қозғайтын кітаптарды таратуда деп көрсетіледі.

Жандарм мекемесінің бастығы қазақтардың арасында соңғы жылдары орыс билігі беделінің тым төмендеп кетуін осы татар мұғалімдері мен шәкірттерінің саяси үгіт жұмысының салдары есебінде түсіндіреді. Соған

¹ ООММ., 21-қ., 2-т., 618-іс, 21-21-об п.

байланысты Орынбордағы әріптестеріне өзінің құпия тергеу жұмысын жүргізіп жатқанын мәлімдеп, қандай татар мұғалімдерінің қазақ даласына шығып жүргенін және қазақтардан кімдердің татар училищелерінде білім алып жүргенін анықтау ісінде көмек көрсетулерін өтінеді¹.

Түркістан жандарм мекемесінің қатынас хатына 1913 жылы 5 наурызда (№2319) берген жауабында Қазан губерниялық жандарм басқармасының бастығы Қазаннан қазақ даласына бала оқытуға шыққан мұғалімдер жөнінде мынадай мәлімет береді: «Тексерілмеген мәліметтер бойынша Қазаннан қазақ балаларын оқыту үшін мына кісілер кеткен: 1) Мавлют Латынов, Уфа губерниясында туып-өскен, ал қазір Жетісу облысындағы Сергиополь қаласында мұғалім болып істейді; 2) Хасан Өзбеков, Хвалынскі уезінде туып-өскен. Бұл екеуі де Қазан қаласындағы Қасымов медресесінің (Ново-Татарская слобода) түлектері; 3) Гатаулла Ахмаров, Жаңаөзен уезінде туып-өскен, қазіргі уақытта ол Қазан қаласында тұрады, халық училищесінің мұғалімі атағын алуға даярлық үстінде. Бұлардың үшеуі де жандарм басқармасында тіркелмеген»².

Жандарм мекемесінің бастығы, міне, осы мәліметінде қазақ тілінде шыққан брошюрадағы көрсетуге сүйеніп, қазақ балаларын оқытуға Буинскі, Чистопольскі, Уфа, Симбирскі және Кшкар (Қазан уезі) медреселерінің сауатты шәкірттерінің қазақ даласына шығып тұратындығын айтқан³.

Қазан жандарм басқармасы бастығының жауап хатында ағайынды Каримовтар мен Құсайыновтар мұрагерлері (наследниц Хусаиновых) баспаханаларында қазақ тілінде жарық көрген 70 кітаптың Басқарма тексеруінен өткендігі айтылып, олардың арасындағы саяси тұрғыдан сенімсіз деп танылған кейбіреулеріне орыс тілінде қысқаша түсінік те беріледі.

1913 жылға дейін Қазан баспаханаларында қазақ тілінде жарық көрген бұл кітаптардың кездесе бермейтін тізімін сол күйінде берген жөн сияқты. Сонымен ағайынды Құсайыновтар баспаханасында қазақ тілінде жарық көрген кітаптар (брошюра) тізімі:

¹ Сонда, 22—22 об. п.

² Сонда, 168—184 п.

³ Сонда.

1. Оқуға махаббат. Б.Ержанов. («Любовь к чтению».)
 2. Тура жол. («Прямой путь».)
 3. Машгур Қалтаев. («Знаменитый Калтаев».)
 4. Салсал. («Рассказ о Салсале».)
 5. Қисса Серғазы. («Рассказ о Серғазы») А.Жүсіпов.
 6. Қисса Хамза Хисрау падиша. («Рассказ о Хамзе Хисрау хане».)
 7. Қисса Мансұр Өлхадж. («Рассказ о Хадже Мансуре».)
 8. Хикаят рисала Мұңлық — Зарлық. («Сказка о Манклюк и Зарылик».)
 9. Қазақтың айнасы. М.Қалтаев. («Зеркало казаха».)
 10. Жапон соғысы. («Японская война».)
 11. Қисса Ораз молла. («Ураз мулла».)
 12. Қисса Кур-оглы сұлтан. («Султан сын Кура».)
 13. Қисса Боз-оғлы Ахмет-Бек. («Ахмед-бек сын Буза».)
 14. Сара қыз. («Дева Сара».)
 15. «Луна и пурпурная звезда»¹.
 16. Кене хан және Наурызбай. («Кина-хан и дедушка Науруз».)
 17. Адаб («Нравственность».)
 18. «Султан Джимджима»².
 19. Қасым жомарт. («Щедрый Касым».)
 20. Бұлбұл құс. Зариф әл-Исаки. I бөлім. («Певчая птичка».)
 21. Сол. II бөлім.
 22. Жас ғұмырым А.А.Жандыбаев. («Моя молодость».)
 23. Шикаят. Хайырлы. («Недовольствие».)
 24. Тірлікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз. Жүсіп Көпеев. («Пережитое нами в нашей долгой жизни».)³
- Тізімге берілген ескертпеде Жүсіп Көпеевтің аталған кітаптан басқа «Қазақтың осы күнгі әңгімесі», «Хал-ахуал» аталатын кітаптары да осы Құсайыновтар баспасынан жарық көріп тәркілеуге түскені айтылады. Бұл аталғандардан басқа осы Құсайыновтар баспасынан билікке қарсы мазмұнда жазылған Шормановтың «Дүниеден шикаят» («Недовольствие жизнью») және «Тұр, қазақ!» («Вставай, казак!») атты кітаптардың да жарық көріп, бірақ Қазан дүкендерінде болмай шыққандығы жазылған.

¹ Бұл кітаптың қазақша аты берілмеген.

² Қазақша аты берілмеген.

³ ООММ., 21-к, 9-т., 4-іс, 207 п.

Жоғарыда айтылғандай жандармдық басқарма осы мәліметінде билікке қарсы мазмұнда жазылған кітаптар ретінде А.Жандыбаевтың «Жас ғұмырым» (1907) және Ж.Көпеевтің «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» (1907) және Қайырлидың «Шикаят» (1909) кітаптарының қысқа мазмұнын орыс тілінде баяндайды. Мәселен, А.Жандыбаевтың «Жас ғұмырымыздағы» автордың қазақ билігі білімі жоғары орыстардың қолына көшті, ал ол билік болса қазақ жерін қарашекпенділерге үлестіріп, қазақтың жағдайы күн өткен сайын төмендеп бара жатқандығы туралы тұжырымдарын мәселен, «егер біз Мұхаммед пайғамбардың өсиет еткеніндей шеберлік пен білімге ұмтылған болсақ, онда қазақ өзін-өзі басқарып, жері тозбайтын, малы азаймайтын еді, жерімізге ешкім де қол сала алмайтын еді» деген сөзін орыс тілінде беріп, соңында кітап иесінің білімге шақырған мына ойын да келтіреді: «Пайғамбарымыздың өсиеті бойынша өз балаларыңды оқытуға көшпіндер. Жарысқа түскен сәйгүліктей өзгелерден ілгері ұмтылайық. Олжа тапқан қасқырдай бізге азуын салғаннан құтылайық. Ал ол азудан күшпен емес, тек білім жолы арқылы ғана шыға аламыз. Білім, білім және білім!»¹.

Жандарм мекемесінде аса жайсыз көңіл күй тудырған М-Ж.Көпейұлының «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты шығармасы еді. Бұл шығармаға жасаған талдауында жандарм мекемесі автордың «Егер сен білім мен өнерге ептілік танытсаң, өйтеуір қайткенде де еркіндік алмай қоймайсың. Егер сенің көз жасыңды өзгелер көрсе, онда өзіңе дос тапқаның. Ал үйде отырып айтқан қысыр сөзің түздегі желмен тең, онда көзден аққан жасыңның көл болғаны» деген сөзін келтіріп, соңында «бұл кітапша мазмұндық тұрғыдан қылмысты, өйткені автор қазақ жұртын билікке қарсы қойып, діншіл фанатизмді өршітіп отыр» деп тұжырымдайды².

Бұдан соң Қазан қаласындағы ағайынды Каримовтар баспасынан қазақ тілінде жарық көрген кітаптар тізімі (таза діни мазмұндағыларынан тыс) келтіріледі. Олар:

1. Мұхамедкәрім Дебердеев. «Чтение для детей».
2. Бекет Уталеев. «Дүниясы ахиратка китбисъ».

¹ Сонда, 207—207-об п. п.

² Сонда, 208—209 об.

3. Молла Ақыл Сабалов. «Мактубат». (Обучение.)
4. Молла Ақыл Сабалов. «Назам». (Стихи.)
5. Молла Ақыл Сабалов. «Ғибрат-нама». (Примеры.)
6. Молла Ақыл Сабалов. «Сұм заман». (Время.)
7. Молла Ақыл Сабалов. «Дандал». (Дандал.)
8. Молла Ақыл Сабалов. «Абдулхалим және Малика».
9. Молла Ақыл Сабалов. «Хикмат Нигмат».
10. Молла Ақыл Сабалов. «Ибрагим Хазыб-углы». (Ибрагим Хазыбаев.)
11. Молла Ақыл Сабалов. «Сатбек батыр». (Богатыр Сатбек)
12. Молла Ақыл Сабалов. «Маргуба».
13. Молла Ақыл Сабалов. «Хазят Дагват». (Призыв к нужному.)
14. «Дүние үшін гибратнаме». (Наставления светские.)
15. «Биржан шал мен ақын Сараның айтысы». (Разговор между стариком Биржан и Сара.)
16. «Дарига кыз». (Девушка Дарига.)
17. Ахметғали Яушев. «Қисса Малик Айдар». (Повесть о Малик Айдаре.)
18. Казанқаров. «Қисса Аннибал». (Повесть об Аннибале.)
19. «Ибрагим бин Адгар Қиссасы». (Повесть об Ибрагим и Адгаре.)
20. «Мұрат ақынның Ғұмар-қазы ұғлына айтқаны». (Ответ Мұрата сыну Гумер-Қазыя.)
21. Кашмирский. «Қисса Гүлшехра». (Повесть о Гүльчегра.)
22. Мұхамедов. «Якши үгіт». (Хорошее наставление.)
23. Абдюшев. «Жиренше».
24. «Орақ билян Мамай батырдың хикаясы». (Рассказ об Ураке и богатыре Мамае.)
25. Имамбаев. «Ғибрат өлеңім». (Песни народные-примеры.)
26. Бикметьев. «Қазақ ульяннари». (Казацкие народные песни.)
27. «Қазақтың тойбастары». (Песни свадебные.)
28. Батырғалиев. «Адабият казакия». (Литература казацкая.)
29. «Ақыл кітабы». (Книжка ума.)
30. «Ақуал-қиямет». (Светопредставление.)
31. «Жамас-хакім». (Философ Джамас.)
32. «Жұмбақ».

33. «Сұлу қыз». (Красавица.)
34. «Тарих-әнбия». (История пророков.)
35. «Бақытсыз Жамал»¹. (Несчастная Джамал.)
36. Ташкендский². «Чупан ата». (Лучший отец.)
37. Ғалиолла Ғалымжанов. «Есіл жұртым». (Моя жалкая нация.)
38. Албанчираки³. «Адабият өрнегі». (Образец литературы.)
39. Жәнібеков⁴. «Балалар бадвами». (Детская книжка.)
40. Мажитов⁵. «Қазақ шәкірттеріме ғадия». (Подарок казахским детям.)
41. Құсайынов⁶. «Кутубхана чурнаги». (Уголок библиотеки.)
42. Мұштак⁷. «Қарлығаш». (Ласточка.)
43. Жұмабаев⁸. «Шолпан». (Утренняя Звезда.)
44. Мамашов⁹. «Абріат». (Пример.)
45. Қашимов¹⁰. «Насихат казакия». (Наставления казакам.)
46. Берқалиев¹¹. «Окнъ». (Течение).¹²

Тізім соңында «Қазандағы ағайынды Каримовтар баспасында «Оян, қазақ» және «Тұр, қазақ» аталатын кітаптар жоқ. Дегенмен бар басылымдарда осылай аталатын өлеңдер кездеседі» деген ақпар берілген. Соған қарағанда тиесілі орындардың бұл кітаптар жөнінде мәлімет сұратқаны байқалды.

¹ Бақытсыз Жамал. Роман. М. Дулатұлының шығармасы. 1910 жылы Қазанда ағайынды Каримовтар баспасынан жарық көрген.

² Зариф Абдулкадыр Ташкендік. «Чупан-ата» кітабы. Қазанда 1909 жылы жарық көрген.

³ Ишанғұл ұлы Бейсен Албанчираки. «Адабият өрнегі» аталатын кітабы. Қазанда 1910 жылы жарық көрген.

⁴ Г. Жәнібеков. Кітабы Қазанда 1909 жылы жарық көрген.

⁵ Абдулкарим Мажитов. Аталған кітабы Қазанда 1910 жылы жарық көрген.

⁶ Бекмухамед Құсайынов. Аталған кітабы Қазанда 1910 жылы жарық көрген.

⁷ Абдулла Мұштак. Кітабы Қазанда 1911 жылы жарық көрген.

⁸ Мағжан Жұмабаев. Кітабы Қазанда 1912 жылы жарық көрген.

⁹ Ахметғали Мамашов. Кітабы Қазанда 1912 жылы жарық көрген.

¹⁰ Мұхамед Сәлім Кәшімов. Кітабы Қазанда 1908 жылы жарық көрген.

¹¹ Арыстанғали Берқалиев. Кітабы Қазанда 1912 жарық көрген.

¹² Сонда, 210-210-об. п.п.

* Ишанғұл ұлы Бейсен Албанчираки. Адабият урнаги. Қазан, ағайынды Каримовтар баспасы. 1910 ж.

Тізімге берілген «Қазақ әдебиеті» аталатын түсінікте автор «Өздеріне туыс көшпелілердің арасында қазақтар тілге бай, ойға жүйрік саналады, өз әдебиеті бар және жаңаны тез қабылдауға бейім. Қазақтардың арасында сауаттылықты, Мұхаммед діні мен салтын жаятын татар медреселерінің шәкірттері» деген тұжырым жасап, соған байланысты Зариф Абдулқадыров Ташкендіктің «Чупан-ата» аталатын өз кітабына берген кіріспесіндегі мынадай көрсетуін келтіреді: «Қазақтарға ерекше көп келіп белсенділік танытатындар Буин, Чистопольскі, Уфа, Симбирскі және Қшқар қышлағы медреселерінің шәкірттері. Қазақтар жаңа әдістік оқуды жақсы көреді, соған байланысты ескі әдістегі мектебелердің шәкірттері де өздерін жаңа әдістік мектебелік ретінде көрсетуге тырысады. Бұл шәкірттер қазақтарға мұғалімдікке, жәрменкелерде және базарларда жалданады»¹.

Талдау авторы Ғ.Ғалымжановтың, А.Берқалиевтің, Ғ.Жәнібековтың, М.-С.Кәшімовтың, И.Мамашовтың, М.Жұмабаевтың, А.Мұштақтың, А.Мажитовтың, Б.Құсайыновтың, Иманғұл ұлы Бейсен Албанчиракидың кітаптарының мазмұнына тоқталып, бұл авторлардың біріншіден, қазақ жұртының бейқам өмірін ымырасыз сынға алып, ендігі уақытта надандықтан кетіп білімге ден қоюға, екіншіден, орыс билігіне қарсы тұрып, азаттыққа үндеп отырғандықтарына ерекше назар аударады.

Сонымен, XX ғасырдың басындағы жалпыресейлік мұсылман қозғалысы зор қарқынмен басталып империя мұсылмандарының өмірі мен болашағына қатысты аса өзекті қоғамдық мәселелерді билік алдына қоя білді. Оның И.Гаспаралы, Ж.Ақшора, Ф.Каримов, М.-Ғ. Яушев, Р.Фахретдинов, С.Мақсұдов сияқты қайраткерлері Ресейдегі жалпымұсылмандық және жалпытүріктік мәселелерді тиесілі дәрежеде көтерулерімен бірге сол құндылықтар үшін күресе алатындықтарын да көрсетті. Бұл тарихи мезгілде сондай-ақ қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жалпыресейлік мұсылман қозғалысымен өзара бірлікте болуға ынталылық танытқаны да анық байқалды. Жалпыресейлік мұсылман қозғалысында

¹ Сонда, 210-об 211 п.п.

жетекшілік жасаған мақсатты қолдауы қазақ халқының рухани өміріне жаңа серпін берді. Қазақ және татар зиялыларының осы тарихи мезгілдегі өзара тиімді байланысы арнайы ғылыми талдау алуға лайық, сондай-ақ бұл қатынас аса маңызды тарих сабағы ретінде ешуақытта өз мәнін жоғалтпайды.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

IV тарау. Қазақ зиялылары Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ

1913 жылдан «Қазақ» газетінің төңірегіне біріге бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси ұстанымы империядағы, қазақ облыстарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге жоғарғы билік оппозициялық күш ретінде танып, жергілікті отаршыл әкімшілік бітіспес жауы ретінде қуғынға алған ұлт зиялылары өз халқы тарапынан да түсінушілік пен айтарлықтай үлкен қолдау таба алған жоқ. Мұндай ауыр жағдай оның саяси көзқарасы мен ұстанған бағытына да өз әсерін тигізбей қоймады. Ұлт зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсындағы қоғамдық-саяси қызметін тура түсіну үшін, міне, осы аталған факторларды есепке алмай болмайды.

Қазақ зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы қоғамдық-саяси қызметі арнайы зерттелген емес. С.Брайнин мен Ш.Шафиро өздерінің еңбектерінде бұл мәселенің алғашқы бөлігін айналып өтіп, ал екінші бөлігін баяндауда ашықтан-ашық ғылыми әдіске жат, таза саяси конъюнктураға ұрынды. Оның себебі түсінікті еді. Өйткені алаш зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты қызметін баяндау үшін олардың қолында қажет деректік материалдар жоқ болатын. Ондай материалдарды «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінен ғана алу мүмкін еді, ал ол басылымдарды Брайнин мен Шафиро оқи алған жоқ. Ал көтеріліске қатысты деректерге келсек, олардың да біразы қазақ басылымдарында берілді, ал мұрағат материалдарының ішінен тек өз тұжырымдарына үйлесімділерін ғана теріп алды. Міне, осындай деректік сұрыптаулардан соң жасалынған «ғылыми» тұжырымдардың қаншалықты нанымды екендігі түсінікті болса керек.

Біз әңгіме етіп отырған мәселеге байланысты Брайнин мен Шафиرو іргетасын қалап берген кеңестік тарихнама ұстанымы соңғы жылдарға шейін өзгеріссіз келді. Мәселен, бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томында құрамында бірде-бір қазақ болмаған большевиктер партиясының соғыс жылдарындағы қызметі арнайы баяндалып, ал қазақ зиялыларының осы мезгілде атқарған қоғамдық қызметі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығын байқаймыз. Оның есесіне «феодалдық-патриархаттық жоғарғы топ патша үкіметімен және орыстың империалистік буржуазиясымен ауыз жаласып, бұл үшін Мемлекеттік Думаның мінбесін (мұсылман фракциясы арқылы), сондай-ақ өздерінің баспасөз органы — «Қазақ» газетін пайдаланды» немесе «байлар, болыстар, ауыл старшындары мен олардың буржуазиялық-ұлтшыл интеллигенция қатарынан шыққан құйыршықтары патша указын орындауды жақтап шықты»¹ деген сияқты қандай тұрғыдан болсын негізсіз тұжырымдардың біразын кездестіреміз.

Мәселені қажет деректік және ғылыми-әдістемелік негізде қарау тек соңғы жылдарда ғана қайтадан қолға алына бастады². Академик М.Қозыбаев 1916 жылғы көтеріліске арналған проблемалық мақаласында «ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы оқиғаға қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды» деп көрсетіп, қазақ зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ұстанымын және соғысқа алынған қазақ жұмысшыларына көрсеткен қызметін арнайы зерттеу қажеттігіне көңіл аударды³.

Сонымен, қазақ зиялылары соғысқа қатысты қандай ұстанымда болды, әуелде осы мәселеге тоқталайық. 1914

¹ «Қазақ ССР тарихы». Көне заманнан бүгінге дейін. III т., Алматы, 1979. 455—461-бб.

² Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері. «Қазақ әдебиеті». 1992, 3 сәуір; Төkenов Ә. Он алтыншы жылғы ойран. «Қазақ тарихы». 1993, №1, 52—57-бб.; Әнесов Ғ., Мектепов А. Қилы заман. «Ана тілі». 1990, 7 маусым; Мектепов А. 1914—1916 жылдар дүрбелені. «Социалистік Қазақстан», 1990, 27 қыркүйек; Қасымбаев Ж. Қытайға кеткен қазақтардың қайтып оралуы. «Қазақ әдебиеті». 1992, 30 қазан; Қойгелдиев М. Заман шежіресі. «Қырғызстан маданияты». 1990, 22 наурыз; соныкі. Панасызға араша түскендер. «Қазақ әдебиеті». 1992, 22 мамыр, т.б.

³ Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері. «Қазақ әдебиеті». 1992, 3 сәуір.

жылдың жазында басталған соғысты жүргізуші күштердің мақсат-мүддесін қазақ зиялылары жақсы түсінді деп айтуға болады. Ө.Бөкейханов жаңа басталған соғысқа байланысты «Қазақтың» оқырмандарына арнайы жазған «Тағы соғыс» атты мақаласында бұл соғыста «кім жықса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп қошқар мүйіз салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма?» деп сауал қойып, оған «біздің қазақ құлағы Еуропа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сараңдық қылмақшы» деп өзі жауап беріп, сол тұстағы Еуропа билеушілерінің жалпы ұстанған саяси бағытына мынадай баға береді: «Тарих жүзінде Еуропа Азия жұртының бетіне Шыңғыс хан һәм Ақсақ Темір ісін басады. Осы екі патша қанша жәбір іс қылды деп. Бұлар өз уақытында заманына қарай іс қылғаны рас. Міне, осы жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ? Бұлардың қайсысы қолынан келсе Шыңғыс хан һәм Темірлан болмайын дейді»¹.

Ө.Бөкейханов мақаласында соғысты бастаушылардың түпкі мақсатын, соғыстың реакциялық сипатын ашық көрсетумен бірге, оның еңбекші халықтардың өміріне тигізер ықпалына тоқталып: «Бұл соғыстан жалпы жұртқа ешбір пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып қанын төгетін сорлы халық болар»² деп тұжырымдап, Еуропа социал-демократтарының соғысқа қарсы жүргізген шараларынан нақты түсінік береді. «Қазақ» газетінің А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және басқа қызметкерлерінің де шамамен осындай пікірде болғаны даусыз. М.Дулатұлы соғыс басталған бетте жазған мақаласында «қазіргі Еуропа соғысында жер жүзіндегі патшалықтар бірін-бірі арбап, жауын жеңуге тобын көбейтіп, күшін арттыру үшін қалай саясат жүргізсе, біздің қазақ халқы да қалыспай бірін-бірі мұқатуға жүргізіп тұрған «саясаты», Құдайға шүкір, олардікінен бір де кем емес. Еуропа соғысы да, қазақ таласы да бақ күндестік. Бірақ қазақтың қуғаны бақ па, сор ма? Жалпы қазаққа осы жұмбақты шешу керек»³ деп жазды.

¹ «Қазақ». 1914, №71.

² Сонда.

³ Сонда, 1915, №136.

Міне, осы фактілерді есепке ала отырып, қазақ зиялылары жаңа басталған соғыстың қазақ елінің тұрмысына, күнделікті шаруашылығына тигізер ықпалын түсінбеді деп айту, әрине, қисынсыз болар еді. Олар түсінді, түсіне отырып шарасыздықтан үкімет саясатына ашық қарсы емес, оған бейімделу ұстанымында болды. Енді осыған қысқаша тоқталайық.

Соғыс басталып кеткеннен соң, көп ұзамай-ақ ислам дініндегі қайраткерлердің белсенділігімен Петроградта «Әскерлерге һәм олардың үйде қалған бала-шағаларына жәрдемші уақытша мұсылман орталық комитеті» құрылады. Оның төрағасы болып Ғ.Дәулетшин, ал қазынашысы болып Х.Мансуров сайланады¹. Жоғарғы дін басшыларының пікірі бойынша, «мұсылман елдерінің орыс мемлекеті мен халқына берілгендік» пиғылын танытуға тиіс болған бұл комитеттің негізгі міндеті соғысқа Ресей мұсылмандарының көмегін ұйымдастырып, сол арқылы жоғарғы саяси биліктің сеніміне ие болу еді. Комитет бүкіл Ресей көлемінде мұсылман қоғамына, ел адамдарына, инабатты саудагерлерге» түрлі әкімшілік орталықтарында, мұсылмандар орналасқан қалаларда, елді мекендерде соғысқа жәрдем комитеттерін ұйымдастыру туралы өтінішпен қайрылады. Шамамен, орталық комитет ашылғаннан кейін үш ай өткенде Ресей империясының түрлі аудандарында 34 жәрдем комитеті құрылған еді. Қазақ облыстары мен Түркістанда мұндай комитеттер Ташкентте, Атбасарда, Зайсанда, Тоқмақта, Шөл далада (Самарқан облысы), Шымкентте (Черняев), Қара бұтақта (Торғай облысы), Омбыда, Ескі Бұхарада, Керкіде (Бұқар облысы) және басқа жерлерде ұйымдастырылады².

«Қазақ» газеті Петроградтағы орталық мұсылман комитетіне Б.Қаратаевтың мүше болып енгенін айтып, оның «демеуімен Орал облысындағы алты облыстың қазақтары болыс басы бір мың сомнан ақша жиып беруге уағда қылып, приговор жасағанын» хабарлап, Орал облысында 60-тан астам болыс бар екенін, «кейбір болыстардың қазақтарынан сол жердегі төрелер арқылы да жәрдемдер алына» бастағанын жазады³.

¹ «Қазақ». 1915, №131, 140.

² Сонда, 1915, №131.

³ Сонда: ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 686-іс, 31-п.

Петроградтағы мұсылман комитетінің үндеуімен қалаларда соғысқа көмек пайдасына түрлі мәдени шаралар өткізіле бастайды. 1915 жылдың 28 сәуірінде Петроградта мұсылман өнерпаздарының күшімен астана жұртшылығына үлкен концерт беріліп, одан түскен қаржы комитет қорына аударылады. Ал сол жылдың 1 мамырына дейін түрлі жерлерден келіп түскен қаржының көлемі 7 159 сом 77 тиын еді¹.

Бүкіл Ресей мұсылмандарын қамтыған бұл шараларға қазақ зиялылары да белсенді түрде араласа бастайды. Олардың бұл мазмұндағы қызметін айғақтайтын бірнеше дерекке тоқталайық. 1915 жылы жазда Орал облысында Ойыл және Темір жәрмеңкелері болып өтеді. Ойыл жәрмеңкесінде Халел Досмұхамедовтың басшылық етуімен соғысқа жәрдемге 6126 сом 50 тиын, ал Темір жәрмеңкесінде I Мемлекеттік Дума мүшесі Алпысбай Қалменовтың басшылық етуімен 1097 сом 12 тиын жиналып, тиісті орындарға өткізіледі². Орал облысының әскери губернаторы Хабалов өзінің 1915 жылғы 12 тамыздағы №28 Жарлығымен «жазғы жәрмеңкеде қазақтардан соғыс керегіне көмек көрсету істерінде өте ыждағат» танытып, «мұндай ізгі істе басшылық етуші қазақтың оқыған, көзі ашық адамдары доктор Х.Досмұхамедовке, Д.Мырзағалиевке, Д.Меңдібаевқа, Ч.Есеновке, А.Жолдасбаевқа һәм Д.Мергеновке» шын көңілден төңірі жарылқасын айтады³.

«Қазақ» газеті осы жылғы 144-нөмірінде тек 9 мамыр мен 23 шілде аралығында ғана Ілбішін, Темір және Гурьев уездері қазақтарының соғысқа көмекке 18 мың 874 сом 98 тиын жинап бергенін хабарлайды. Ал тамыздың соңына қарай газеттің тікелей басқармасы арқылы халықтың соғысқа жәрдемге жинаған қаржысы 22 мың 615 сом 37 тиынға жеткен еді⁴.

Қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен елдің соғысқа жәрдемге берген көмегі түрлі мазмұнда болған еді. Мәселен,

¹ «Қазақ». 1915, №131.

² «Уральские областные ведомости». 1915, №37; «Қазақ», 1915, №144.

³ Сонда, №40; «Қазақ». 1915, №147.

⁴ «Қазақ». 1915, №147.

осы 1915 жылдың жазында Ілбішпін уезі Жұбанышкөл елінің азаматтары Некей Нарынбайұлы және Дәулетғали Сәрсенбайұлы Орал шаһарына 15 шақырым, «Барбастау» деген өзен жағасынан он үй тігіп, жаралы солдаттар емделетін лазарет ашады. Лазаретке сауынға Нарынбайұлы 15 бие, 4 түйе, ал Сәрсенбайұлы 10 бие береді. Лазаретке жұмысқа шақырылған дәрігерлер мен басқа қызметкерлердің жалақысын төлеуді Жұбанышкөл елінің қазақтары мойындарына алады¹.

Ақмола облысы, Атбасар уезіне қарасты 11 болыс Бағаналы және 8 болыс Арғын ауылдары 1915 жылы соғысқа үш дүркін көмек жинап 1718 сом ақша, 150 ат, 16 киіз үй өткізеді². Осы облыстың Қызылжар уезіне қарасты қазақтар 1914 жылдың соңына қарай жүз мың сом ақша, көшпелі лазаретке деп 30 шамалы ақ киіз үй жинап береді³.

Төменде Торғай облысы қазақтарының төрт жыл ішінде соғыс шығынына деп жинап, облыстық басқармаға тапсырған ақшалай көмегінің көлемі берілген:

Жылдар	Ақшалай көмектің көлемі
1914 жылы	91 мың 713 сом 76 тиын
1915 жылы	76 мың 63 сом 63 тиын
1916 жылы	47 мың 350 сом 37 тиын
1917 жылы	11 мың 871 сом 98 тиын
Барлығы: 226 мың 999 сом 74 тиын	

Облыс қазақтары бұдан басқа 44 мың 246 сом 7 тиындық зат жинап берген еді. «Қазақ» газеті бұл жиналған қаржының біразының Агапов және Обухов сияқты шенеуніктердің қалтасында кеткеніне өкініш білдірген⁴.

Міне, соғысқа осы сипаттағы жәрдем ісіне бүкіл қазақ ауылдары тартылды. Соғыс шығыны қазақ бұқарасына жеңілге түскен жоқ болатын. Толық емес деректердің көрсетуі бойынша, соғыстың үш жылы ішінде тек Түркістан өлкесінен (мұнда басқа ортаазиялық облыстармен бірге қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы және

¹ Сонда, 1915, №141.

² Сонда, №106.

³ Сонда, №98.

⁴ Сонда, 1917, №230.

Талдықорған облыстары енген) 20 899 мың пұт мақта, 300 мың пұт ет, 109 мың пұт мақта майы, 474 мың пұт балық, 229 мың пұт сабын, 50 мың пұт майкене, 70 мың жылқы, 12,7 мың түйе, 38 мың шаршы кез киіз, 13 441 киіз үй тасып әкетілген. 1914 жылы Жетісудың бір өзінен ғана 34 миллион сомның малы мен шаруашылық өнімдері алынған¹.

Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында Ресей мұсылмандары үшін елеулі саяси оқиғалардың бірі соғыс зардабын шеккен Карс облысындағы мұсылмандарға жәрдем ұйымдастыру шарасы болды. Жәрдем ұйымдастырудың орталық штабы Баку қаласында құрылып, оның қоғамдық бөлімшелері басқа қалалар мен елді мекендерде ашылып, «Иаңы иқбал», «Уақыт», «Қазақ» сияқты басылымдар бұл шараның ұйымдастырушы үніне айналды. Сондай жәрдем комитеті 1915 жылдың ақпан айында Орынбор қаласында да құрылып, оның құрамына мүше болып А.Байтұрсынұлы енеді.

Осы қоғамдық ұйымның құрылуына байланысты «Қазақ» газетіне жазған мақаласында А.Байтұрсынұлы «басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем айтып жатқанда, үйі күйгенді жылулайтын, малы өлгенге қызыл көтеретін, ағайыншылық жүзінде қайырымы көп біздің қазақ, бұл турада да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім» деп, еліне мынадай сөзбен қайырылады: «Таланып, шабылып, бар мүлкінен айырылып, аш, жалаңаш отырғандар жері жырақ болғанмен қаны жақын, діні бір қарындастарың. Өлдеқайдағыны айтып, аяушылық етіп отыр демендер. Аз-көп демей, жәрдем ету, әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық міндеттерің. Біреуіңіздің берген 5—10 тиыныңыз бір адамды бір күн аштықтан құтқармақшы»².

Міне, осы кезден бастап «Қазақ» газеті күнделікті нөмірлерінде Карс мұсылмандарына жәрдем ұйымдастыру барысын үзбей жазып, оқырмандарына есеп беріп отыруды дәстүрге айналдырды. Газеттің әрбір санында жәрдем берушілердің аты-жөні, жіберген жәрдем көлемі жазылып отырды. Газет жүзінде басылған олардың ұзын саны ондаған мыңмен саналатын еді.

«Қазақ» газеті «140-нөмірінде Карс мұсылмандарына берілген жәрдем барысында «Иаңы иқбал» газетінде

¹ Қазақ ССР тарихы. 1-т., Алматы, 1957. 597-б.

² «Қазақ». 1915, №107.

басылған Орталық жәрдем комитетінің есебінен үзінді алып жариялады. Онда «барлық Ресей мұсылмандары жаппай шабылған бауырларына жәрдем қолын ұсынып, ақжарқын көңілмен жомарттық көрсетті, жалма-жан өздерінің барлықтарын, мәдени һәм ынтымағы тірі екендіктерін білдірді... Енді қара бұқараға тас бауыр, жігерсіз деп мін тағуға орын қалған жоқ» деген сөздер бар еді. Сондай-ақ осы нөмірде аз уақыт ішінде барлық мұсылмандардан орталық штабқа жәрдемге жүз мың сом ақшалай қаржы түскені, ал Орынбордағы мұсылмандар комитеті он тоғыз мың сом ақша жинап тапсырғаны айтылған¹.

Қазақ зиялыларының соғыста жараланғандарға, Карс мұсылмандарына берген жәрдемі түрлі мәдени шаралар өткізіп, одан түскен қаржыны осы мақсатқа жұмсау түрінде де көрінді. Олардың тікелей ұйымдастыруымен немесе белсенді атсалысуымен 1915 жылы 13 ақпанда Семей қаласында, 19 ақпанда Том қаласында, 11 сәуірде Орынборда, 15 сәуірде Омбыда әдебиет кештері болып өтеді². Көптеген қала және ауыл тұрғындарының, зиялылардың қатысуымен өткен бұл кештердің мазмұны, оларды ұйымдастырушылар жөнінде «Қазақ» газетінен біраз қызықты материалдар кездестіруге болады.

Мәселен, 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында мұсылмандар атынан жаралыларға ашылған аурухананың және қазақтың мұқтаж оқушыларының пайдасына әдебиет кеші болып өтеді. Оны оқушы жастарды, қажы, ақсақал, бәйбішелердің, Қаражан байдың қолдауымен жергілікті мұғалімдер Нәзіпа және Нұрғали Құлжановтар ұйымдастырады. Кешті семейлік заңгер Райымжан Мәрсеков қазақ әдебиеті жөніндегі баяндамасымен ашады. Баяндамашының сөзін Н.Құлжанов Біржан мен Сараның айтысы жөніндегі әңгімесімен толықтырады. Әдебиет жөніндегі әңгіме Біржан мен Сара айтысын үлкен шеберлікпен орындаған Жүсіпбек Аймауытұлы мен Тұрар ханымның концертіне ұласады. Кеште Ы.Алтынсарин және Абайдың өлеңдері оқылып, әндері айтылады. Кештен түскен 917 сом ақша жоғарыда айтылған мақсатқа жұмсалады³.

¹ «Қазақ». 1915, №140.

² «Қазақ». 1915, №№112, 114, 118, 122.

³ Р. Мәрсековтың баяндамасы «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 112 және 113-нөмірлерінде жарияланған.

Осы жылдың 11 сәуірінде қазақ және татар зиялы қауымының ұйымдастыруымен Орынбор қаласында да әдебиет кеші болып өтеді. Кешке қала тұрғындарымен бірге төңіректегі елді мекен адамдары да жиналады. Келушілердің көптігі сондай, театр үйіне сыймай қалады. Сахнаға домбырасымен шыққан А.Байтұрсыновты жұрт үлкен ықыласпен қарсы алады. Ол әуелі «Соқыр қыз» әнін орындап, соңынан көрермендердің өтініші бойынша тағы да бірнеше ән айтады. Осыдан кейін «Хұсайния» медресесінде оқып жүрген қазақ шәкірттері қосылып «Ахау, Семей», «Құбақан», А.Байтұрсынұлының «Қазақ қалпы», Ғұмар Қарашұлының «Бар еді қазағымның оңған күні...» атты өлеңдерін әнге қосып, нақышына келтіріп шырқайды.

Кешке ерекше нәр берген Міржақып Дулатұлы мен Сейдәзім Кәдірбайұлының зайыптары Ғайнижамал мен Жаңбыл ханымдардың салған әндері болды. Олардың қосылып орындаған «Елім-ай», «Кендірғазы» әндерінен соң, елдің сұрауымен «Ахау, лашын, майда шашым» және М.Дулатұлының «Айырылу» шығармалары орындалады¹.

Қайырымдылық кеші 1915 жылдың қаңтарында Атбасар қаласында да болып өтеді. Осындай ізгі шараның ұйытқысы болғаны үшін Әділбек Майкөтұлы, Әлімұхамед Жылқыайдарұлы, Сыдық Мешенбайұлы және басқа бір топ қазақ зиялыларына Ақмола губернаторы 2591-нөмірлі Жарлығымен алғыс жариялайды².

Міне, осындай саяси шараларда белсенділік таныта отырып, қазақ зиялылары белгілі бір мақсаттарды көздеді ме деген сауалдың тууы әбден ықтимал. Әрине, бұл арада барлық қазақ зиялыларына байланысты кесіп бір пікір айту мүмкін емес. Дегенмен бізге мәлім деректерге сүйене отырып, қысқаша мынадай тұжырымдар жасауға негіз бар сияқты. Ең алдымен, қазақ зиялыларының соғыс құрбандары мен олардың отбасыларына жәрдем шараларына белсенді түрде атсалысып өздерінің азаматтық борышын орындағандығы даусыз. Сонымен бірге бұл саяси шаралардың саяси астары да жоқ емес-тін. Оны Ө.Бөкейхановтың «Қазақта» жариялаған материалдарынан байқауға болады. Мәселен, ол «Соғыс көлеңкесі» атты

¹ «Қазақ». 1915, №118, 119.

² Мектепов А. 1914—1916 жылдар дүрбелеңі. «Социалистік Қазақстан». 1990, 27 қыркүйек.

мақаласында қазақтарға соғысқа жәрдем беру ісінде буряттарды үлгі есебінде көлденең тартып, «мынау жұртқа земство келе жатыр. Мұны надан жұртқа бермейміз дегендер болады. Сонда бурят жұртының үлгілі ісі алдынан шығады»¹ деген ойды білдіріп, земство алу үшін соғыс шығынына белсендірек атсалысуға шақырған сыңай танытады.

Бұл кезеңде жоғарғы саяси билікте болуы ықтимал өзгерістер нәтижесінде қазақ жұртына да земство сияқты басқару жүйесінің келуінен қазақ зиялыларының үміттенгені өмірде болған факті. Ә.Бөкейханов 1915 жылы Мемлекеттік Думада қалыптасқан саяси партиялар коалициясының жаңа үкімет сайлауға байланысты ұсынған тұғырнамасына, оның қазақ жұртына жағымды жақтарына тоқталып былай деп көрсетеді: «Бұлардың бірлік қылған ережелері мынау:

- 1) мұжықты өзгелермен бір дәрежеде қылады. Законда біздің қазақ мұжық тонын киіп жүр. Бұған біз де кіреміз...
- 3) 1890 жылғы земство законы жұртқа ыңғайлы болып өзгертіледі. Бұл закон бойынша барлық күш орыс дворянының қолында еді. Енді жалпы жұрт тегіс болады...
- 5) Бұрын земство жоқ шет облыстарға земство беріледі. Мұнда қазақ болар.
- 6) Кооператив туралы закон болады. Онда қазақ ішінде игілік ісін ашуға жарық жол ашылар...»².

Сөйтіп, Ресей араласып кеткен дүниежүзілік соғыс шығындарын өтеу ісіне қазақ қоғамының да тартылуына мүдделілік танытқан қазақ саяси тобы, әрине, ең алдымен, орыс билігінің сеніміне кіруге тырысты, сол арқылы биліктен отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайын өзгертуге бағытталған жеңілдіктер алудан үміттенді.

¹ «Қазақ». 1915, №149.

² Сонда, 1915, №148.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ. КӨТЕРІЛІСТІҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСҚА ҰЛАСУЫ

Жоғарыда көрсетілгендей, кеңестік тарихтану қазақ зиялыларының 1916 жылғы көтеріліске байланысты ұстанымын баяндауда тарихи шындықты ашуды мұрат тұтпай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыттағы күш ретінде көрсетуді көздеді. Шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделірек болатын. Бұрын азды-көпті мәлім, сондай-ақ зерттеу жұмыстарына әлі тартылып үлгермеген тың деректік материалдарға сүйене отырып, қазақ зиялыларының көтеріліс қарсаңындағы және барысындағы қызметіне тоқталып көрейік.

Көтерілістің шығуына түрткі болған жағдай қазақтан соғысқа солдат алу емес, қара жұмысшы алу екендігі мәлім. Қазақтан солдат алу мәселесінің жай-жапсарын «Қазақ» газеті арқылы Әлихан Бөкейхан бастаған саяси топтың 1914—1915 жылдардан бастап-ақ көтеріп, қоғамдық пікір қалыптастырып, бұл мәселеге байланысты үкімет орындарының шешімдеріне ықпал жасауға тырысқаны жөнінде зерттеу жұмыстарында айтылмай келді. Түсінікті болу үшін мәселенің қойылу тарихынан бастайық.

1914 жылы Ресей дүниежүзілік соғысқа енген соң, әскер қатарын жаңа күштермен толықтырып отыру қажеттігіне байланысты қазақтан солдат алу мәселесі қайтадан қойыла бастайды. Оны көтерген Мемлекеттік Думада екінші разрядты атты әскер жасақтарын құру туралы заң жобасын талқылау барысында мұсылман депутаттар фракциясының өкілдері Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай облыстары мен Түркістан өлкесіндегі қазақтардан атты әскерге солдат алу туралы ұсыныс жасайды. Мемлекеттік Дума бұл мәселе бойынша заң жобасын талқыламастан бұрын әскери министр Сухомлиновке істің жағдайымен танысып шығуды тапсырады. Сухомлинов 1914 жылы шілдеде Мемлекеттік Дума атына мынадай мазмұндағы баяндама түсіреді: қазақтар көшпелі, көшпелілік пен мемлекеттік бір-біріне үйлеспейтін ұғымдар; қазақтардың мәдениеті төмен, орысша білмейді, жазу танымайды, солдат тамағын тамақсынбайды, әскер қызметіне шыдамайды; бұларға

қосымша, қазақтар соңғы кезеңде панисламизм рухында тәрбиеленіп отыр¹.

Сухомлиновтың орнына келген әскери министр Поливанов қазақтан солдат алу мәселесін қайтадан көтереді. Бас штабтың бастығы генерал Михневич «Биржевые ведомости» газеті тілшісімен әңгімесінде бұл туралы заң жобасы дайындалып, басқа мекемелердің пікіріне жіберілгендігін хабарлайды².

Деректердің көрсетуіне қарағанда, әскери министрліктің ұсынысы бойынша бұл мәселе Омбы және Торғай генерал-губернаторлықтары кеңесінде талқылانған. Ол кеңестердің қабылдаған құпия шешімін 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін Петербургте шығатын «Известия Всероссийского Мусульманского Совета» газеті жариялайды³. Орталық биліктің бұл мәселе бойынша шешім Қабылдауына негіз болған бұл құжатта мынадай тұжырымдар бар еді.

Торғай кеңесінің пікірінше, *біріншіден*, қазақтарды орыс патшалығының сенімді қарашысы деуге болмайды, өйткені бұларда дұшпандық пиғыл бар. Соңғы жылдары қазақтардың арасында да панисламизм идеясы, яғни бүкіл мұсылман халықтарының бірігуі туралы пікір жайылып келеді, сондықтан қазақтар солдат болып әскер арасына кірсе, біздің дұшпандарымыз көбейеді. Қазақ жігіттері 3-4 жыл әскерлік қызметте болғанымен Ресейге шын ықыласымен қарашы бола қоймас, керісінше, қару-жарақ ұстап үйренеді, ал ол біз үшін тиімсіз. *Екіншіден*, қазақтардың мәдениеті төмен, орыс тілін білмейді, әскер өнерін үйренуге ақыл-парасаты жетілген жоқ. Сондықтан бұларды түзу жолға салудың жалғыз-ақ жолы — арасына жақсы *орыс учителі* мен *орыс тәртібін енгізу*. Сонда ғана 15—20—

¹ «Қазақ» газеті қазақтан солдат алу мәселесіне байланысты «Русское слово», «Биржевые новости», «Утро России», «Новое время» газеттерінен алып материалдар жариялаған. Біз де сол материалдарды пайдаландық — *Авт.* Қараңыз: «Қазақ». 1915, №153.

² «Қазақ». 1915, №153.

³ «Известия Всероссийского Мусульманского Совета». 1917, №15, 16; Газеттің бұл материалын «Қазақ» газеті қазақ тіліне аударып басып (1917, №248), оған берген кіріспесінде «оқушыларымыздың бұған айрықша назар салып, өткенге де ой жіберіп, жете түсініп оқуларын мәслихат етеміз» деген. Біз «Қазақтағы» аудармасын пайдаландық — *Авт.*

30 жыл өткен соң барып Ресейге дұшпандығын жоғалтып, өздерін Ресей патшасының қарашысы санамақ. Оған дейін қазақтардан әскерге адам алуды тоқтата тұрған жөн, әзірге сенімді халық емес, сондай-ақ әскерлік қызметті өтеуге де даярлығы жетінкіремейді.

Омбы кеңесінің пікірі бойынша, қазақтар әскерлік қызметті өте жек көреді, отырықшылыққа өтпей, казак-орыстыққа жазылмай жүрген негізгі себебі де осы әскер қызметтен қашқандықтан, ал қала болған қазақтарды қазірден әскерлік қызметіне алатын болсақ, жалпы қазақты қалаға айналдырамыз деген зор мақсатқа кедергі болады, жаңа-жаңа қара шекпендермен бір қатарда тәртіпке түсіп келе жатқан сот ісі, ел билеу реті һәм жер мәселесіне зиян келмек. Қазақ халқын тезірек орыстандыру үшін әкімдер, қалайда болса, көшпеліліктен шығарып қала болдыруға бар ыждиһатын салулары, қала болуға көлденең тұрған себептерді жоюға тырысулары керек.

Бұл айтылғандарға қосымша қазақ халқы саяси жағынан сенімсіз, ол бізге жаулық пиғылдағы Орта Азия, Хиуа, Бұқар мемлекеттерімен және Қытай мұсылмандарымен көрші, демек, көшпелі бұратана мұсылмандардан жыл сайын аз да болса әскерге адам алып, қару-жарақ ұстауға үйрету — саяси тұрғыдан қателік болар еді.

Торғай және Омбы кеңестерінің шешімін негізге алып, орталық үкімет патша мен Мемлекеттік Думаға баяндама дайындайды. Баяндамада қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Ресейге жаулық пиғылда болып келгендігі, 1847 жылы өлген Кенесары Қасымұлы қазақ халқын өз алдына бөліп өкету үшін әскер жинап, қарсылық көрсетіп, қазақ даласында дүрбелең туғызып, шарасыздықтан, барар жер, басар тауы болмағандықтан басылғандығы, тек Орта Азия хандықтары біржола Ресей империясына бағынғаннан кейін барып тынышталғаны егжей-тегжейлі баяндалады.

«Бұл уақытта, — деп көрсетіледі баяндамада, — Сібірде һәм Торғай облысында қазақ жерінің артығы қара шекпенділерге алынып жатыр; және де бұратаналарды билеу ісі һәм соты өзгертіліп, жер алғандары отырықшыл болғанға есептеліп жатыр. Жаңа өзгерісті қара халық жек көретін емес, бірақ байлары һәм басшылары оған қарсы. Жер мәселесіне келгенде қазақ үкіметке сенбейді, жерін алуды жаратпайды. Осы күнгі мал бағып отырған жерлерін

өз мүлкі һәм атамекені деп біледі, жері алынғанға амалсыздан ғана көнеді. Әсіресе, қазақ жері алынғанды жек көретін байлар: олар барлық жақсы жерді өздері пайдаланып, кедейлерді қысып үйреніп қалған».

Осы және басқа дәлелдерді келтіре отырып, ең соңында үкімет «сақтық жүзінен һәм патшалық пайдасы үшін ынғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Ақмола, Семей һәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметке алуды кешіктіре тұруға» қаулы етеді.

Сөйтіп, 1914—1915 жылдары жоғарғы және жергілікті мемлекеттік биліктің ішінде бұл мәселеге байланысты жүрген пікір алысу ең соңында қазақ елінен әскерге адам алуды кейінге шегере тұрумен аяқталған еді.

Міне, осы құпия қабылданған шешімге байланысты мынадай жағдайларды ескерген жөн. Орыс билігі үшін бұл тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы өз сыры өз ішінде бейтаныс, тіптен, белгілі дәрежеде, өзіне қарсы тұрған қоғам. Сондықтан да оған сенуге болмайды. Қазақ қоғамы ішінде әсіресе сенімсіздік тудыратын әлеуметтік топ — ол байлар, ауқаттылар. Демек, орыс билігіне қарсы ұйытқы әрекетті де осы күштен күтуге болады. Жалпы алғанда, бұл тура да тұжырым болатын.

Үкімет орындарының мұндай құпия шешімге келгенін, ол кезде, әрине, қазақ зиялылары білген жоқ. «Қазақ» газеті бетінен қазақтан солдат алу мәселесінің 1915 және 1916 жылдары да түспегендігі соған байланысты еді.

Қазақ зиялылары газетке жазған материалдарында бұл істің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылаумен болды. Мәселен, «Қазақтан солдат алу туралы» деген мақаласында Мемлекеттік Думадағы мұсылман депутаттардың ұсынысына байланысты «Қазақ»: «...қазақтан солдат алуды қуаттайтын мұсылман депутаттары мен мұсылман газеталары. Бұлардың ойлайтыны: қазақ солдат болмай тұрған кезде ала алмай отырғандарын солдат болса алады деген есеп. Солдат бермейсің деп бермей отырған земствосын берер; надансың деп бермей отырған депутаттықты берер; шамансың деп бермей отырған муфтилікті берер; жер таңдауын басқаға беруді қойып, қазақтың өзіне берер; солдатқа барған жастар дүние көріп, жол танып, жөн біліп, ысылып келер; сөйтіп, қазақ арасында мәдениет жоғарылар»¹ деген пікірін келтіріп, «бұлардың

¹ «Қазақ». 1915, №154.

көздегені қазаққа жамандық емес, жақсылық», бірақ бұл қазақ жайын жақсы білмегендіктен туған пікір, «орыс соғыс тұсында қазақтан солдат алғанын қуаттау — зор адасу», өйткені, қазақ елінде паспорттандыру жүйесі жоқ, ал бұл жағдай өз ретінде түрлі зорлық-зомбылыққа жол ашатындығы мәлім. Одан ары газет: «қазақтан солдат алса құқы ұлғаяды, салмағы молаяды, мәдениеті жоғарылайды деген мұның бәрі әдемі сөз. Бірақ сөзден іске қарай аяқ басқанда онша әдемі болып шыға қоймас. Қазақ тізгінін Ресейге бергелі екі жүз жылға жақын заман болды. Бұл қазақ метрикесін түзетуге жеткілікті уақыт. Қазақ Ресейге тізгінін бергенде Ресейдегі басқа жұрттармен тең болуға көніп берген. Сондықтан әскер қызметінен қазақ бас тартпайды. Бірақ мұны 20—30 жыл бұрын ойлап, метрике шатақ болмауына қам қылу тиіс еді. Істелмеген соң қазақтан солдат алғаны жақсы деп айтқанда ауызға жеңіл болса да, аларда ауыр болар. Қазаққа солдаттық пайдалы деп түсіндірушілер айтқанда ғана емес, аларда да жеңіл болу жағына қам қылу керек» деген дәлелді пікірді білдіріп, ең соңында, «көздеген пайдасы, ойлаған жақсылығы қазаққа қанша қымбат болғанмен, алды-артын абайлап қарамай, асығып айтқан пікір, пайда орнына зиян келтіруі ықтимал. Сондықтан істің аңысын аңдып, өз пікірімізді айтудан әзір тоқтала тұрамыз»¹ деп, тұжырымдайды.

Кейін өмірдің өзі көрсетіп бергендей, бұл қазақтан әскерге адам алуға байланысты дәл, негізді айтылған пікір болатын. Дегенмен «Қазақ» бұл саяси зәру мәселенің күрделі жақтарына қазақ қоғамының көңілін аудару үшін өз беттерінде өзара қайшы түрлі пікірлерге де кең орын берді². Сол газет бетінде жарық көрген түрлі пікірлерді қорыта келе М.Дулатұлы «Г. Дума һәм солдаттық мәселесі» деген мақаласында «солдаттық мәселесі туралы қазақ даласының һәр тұсынан жиналған пікір, тілек бір ауыздан шығып тұр» деп жазып, ол айтылған ойларды былай қорытады:

- 1) қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау;
- 2) солдат алудан бұрын метрике түзеу үшін муфтилікке қарау;

¹ Сонда.

² «Қазақ». 1915, №166, 168, 177, т.б.

- 3) лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, казак-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу»¹.

Зерттеу еңбектерінде тарихшылар «Қазақ» газеті мен ұлттық саяси топтың бұл мәселеде ұстанған бағытын бұрмалап, «буржуазиялық интеллигенция халықтың сыртынан үкіметпен ымыраға келіп, іс жүзінде әскерге қазақтан адам алуды жақтады» сияқты пікір айтқанда, жоғарыда берілген үш пункттен тұрған тұжырымның алғашқы екеуін жауып қойып, соңғысына сілтеме жасайтын. Ал, шын мәнінде, соңғы пікірді білдіруші және қолдаушы топтар қазақ қоғамында бар болатын. Мәселен, патша Жарлығы шыққаннан кейін де Омбыдағы генерал-губернатор атына Петропавловск уезі Полуден болысы қазақтарының өкіл-ақсақалдары қол қойған (барлығы 11 адам) жеделхат түсіп, онда «егер біздің балаларымызды окоп жұмысының орнына сібірлік казактарімен құқылық жағынан теңгеріп отқа салса да шексіз риза болар едік»² деген пікір айтылған. Демек, «Қазаққа» ондай пікірдің барлығын жасырудың да ешқандай қажеті жоқ болатын. Бұл арада мәселе ғылыми дәлдікте. «Қазақ» газетін шығарушылардың соғысқа адам беруге қазақ қоғамының даяр еместігі жөнінде айтқан дәлелді пікірін саналы түрде жауып қою кеңестік тарихнама тарапынан жіберілген әділетсіздік болатын.

Газет жүзінде айтылған пікір, жасалған тұжырым қазаққа жеткенімен, жоғарғы билікке өздігінен жете қоймайтыны түсінікті. Ал бұл істі өз мойнына ала қоятын мемлекеттік жүйе немесе қоғамдық ұйымдардың ол кезде болмағаны мәлім. Сондықтан да казак елінің әскерге адам алу ісіне байланысты пікірін Петроградтағы үкімет орындарына жеткізу міндетін «Қазақты» шығарушы топ өз қолына алады. Ол жөнінде М.Дулатұлы жоғарыда аталған мақаласында: «Бұл тілектерге ие болып, жалпы жұрт қара көрсетіп, қам қылғандығы білінбейді: тағдырға тапсырылып жай жатқан түрі бар. Солдаттық туралы қазақ халқының пікірін, тілегін хүкіметке, Думаға жеткізу үшін,

¹ «Қазақ». 1916, №168.

² ҚР ОММ, 840-к., 1-т., 1-іс, 212-п.

олармен сөйлесіп, жай-жапсарды түсіндіру үшін әр облыстан бірер өкіл баруы тиіс еді. Бұл істі қалың қазақтан күту, қашпаған қашардың уызына қарағандай болған соң, Дума ашылуға қарсы Самарадан Ғалихан Бөкейханов, Орынбордан Ахмет Байтұрсынұлы, Ақтөбе уезінен Нысанғали Бегімбетов 3 ақпанда Петроградқа жүріп кетті», деп жазып, ал олардың қазақ атынан жеткізетін талаптары жоғарыда аталған үш пункттен тұрған тұжырымға негізделетінін айтты¹.

Олар Орынбордан аттанып кеткен соң 9 ақпанда губерниялық жандарм бастығы генерал-майор Бабиц губернаторға құпия мәлімет береді. Онда «Орынбор губерниясындағы мұсылман жұртының саналы бөлігі Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясын мұсылмандар үшін ештеме істемей отыр деп айыптап, сондықтан да мұсылман фракциясының төрағасы Тевкелевтің таяуда Петроградта өтпек Кеңеске Байтұрсынұлы мен Каримовты шақырған хабары жеткен бетте бұл екеуі де ол кеңеске қатысуға әзір екендіктерін білдіргенін және оған Байтұрсынұлының 4 ақпанда жүріп кеткенін» жеткізіп, одан ары «Байтұрсынұлы қырғыздардың тілегін жеткізуді көздейді, ол қырғыздар үшін бөлек Мұфтилік ұйымдас-тырылуын; қырғыздардың жаяу әскер емес, атты әскер полкіне белгіленген күнде әскери міндетті өтей алатындығын, жер мәселесін реттеуді талап етіп және қоныс аударушылар толқынына қарсылық білдіру үшін барады»² деп тұжырымдайды.

Бұл арада делегация құрамында Бөкейхановтың да аттануы тектен-тек емес екендігін айта кеткеніміз орынды. Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы жанындағы бюро 1916 жылға дейін төрт адамнан Ахметбек Салихов (Москвадан), Сәлімгерей Жантөрин (Петроградтан), Шакир Мұхамедияров (Уфадан), Қажит Құрбанғалиев (Орын-

¹ «Қазақ». 1916, №168.

² «Байтұрсынов явится выразителем желания киргиз и будет поддерживать вопрос о назначении для киргиз отдельного Муфтия; об отбывании киргизами натуральной воинской повинности при неременном условии назначения их в конные полки, а не пешие; об урегулировании земельного вопроса и выражения протеста против наплыва переселенцев». ООММ, 10-к., 4-т, 10/9-іс, 58—58-об-п.

бордан) ғана тұрған болса, енді ол екі адаммен, яғни Садри Мақсұдов (Қазаннан) және Әлихан Бөкейханов пен (қазақ жұртынан) толықтырылады¹.

Бірақ бұл делегаттық сапар айтарлықтай нәтиже бермеген еді. Қазақ елінен әскерге адам алу не алмау мәселесін жоғарғы билік қазақтың өзімен ақылдаспай-ақ шешіп қойған болатын. Дегенмен жоғарыда баяндалған фактілер, қолайлы жағдайдың жоқтығына қарамастан қазақ саяси тобының 1916 жылғы 25 маусым Жарлығы шыққанға дейін де өз елінің алдындағы азаматтық борышын орындауға күш салғанын көрсетеді.

Бұратана халықтардан майдан жұмысына адам алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығы қазақ даласына шілде айының орта тұсына қарай келіп жетті. Мұны естіген жұрт М.Дулатұлы айтқандай, «сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне жетеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып жүрді»². Қарапайым халыққа әсіресе ауыр тигені «қазақтарды окоп қазу жұмысына алады екен» деген сөз еді. Оларға бораған оқ ортасында жер қазу, ажал аузына өз аяғымен барумен бірдей көрінген еді.

Қазақ зиялыларының алдын ала айтқаны дәл келді. Паспорттандыру жүйесінің жоқтығы нәтижесінде алғашқы күндерден бастап-ақ ел ішіндегі атқа мінерлер, болыс басқарушылары мен хатшылар қисапсыз көп әділетсіздікке жол берді. Тізім жасаушы адамдар халыққа патша Жарлығы мен губернаторлар Үндеуінің мазмұнын жеткізудің орнына, көп жағдайда қорқыту-үркіту әдістерін қолданды. Онсыз да үрейлі жұрт үкімет адамдарына сенуден қалды, күн санап наразылық артты.

Орынбор губерниялық жандарм мекемесінің бастығы полковник Кашинцев 1916 жылы 30 шілдеде Петроградтағы полиция департаментіне жазған №8245 есебінде көтерілісшілердің Қостанай уезі Қарабалық болысының басқарушысы Сайым Қадыровты өлтіру себебіне тоқталып, «Болыс басқарушылары қырғыздарды тыл жұмыстарына алу туралы хабарлап, тізім жасауға кіріскенде жасы

¹ Сонда, 62-п.

² «Қазақ». 1917, №212.

жетпеген жастар мен жасы өткен кәрілер бірдей еніп кеткен»¹, — деп мойындауға мәжбүр болған.

Шілденің орта тұсынан бастап бүкіл қазақ даласында өте ауыр жағдай қалыптасты. *Бір жағынан*, әскерге адам бермеймін деп қарапайым халық көтерілсе, *екінші жағынан*, қайтсем де аламын деп үкімет орындары күшке көшуге дайындалып жатты. Ақтөбе қаласында өткен митингіде сөйлеген Торғай облысының вице-губернаторы «Бірде-бір қырғыз тірі қалмаса да, патша бұйрығы орындалатын болады»², — деп сес көрсетті.

Міне, осындай жағдайда, М.Тынышбаев дәл басып көрсеткендей, аз ғана қазақ зиялылары екі бірдей оттың ортасында қалды³. Жаңа басталған ұлттық бас көтеру жағдайында ресми билік орындары қазақ зиялыларына қозғалыстың ұйымдастырушылары ретінде сезіктене қараса, ал қарапайым халық билік тарапынан көрсетіліп отырған жөнсіз зорлыққа ел болып қарсы қайрат көрсетуге зиялылардың тосырқай қарауына таңданумен болды.

Осы арада отаршыл орыс әкімшілігі өзінің дәстүрлі әдетіне басты. Көтерілістің шығу себебін ол өзінің іс-әрекетінен іздемей, «түрік және герман үгітінен», олардың «қазақ ішіндегі агенттері» ұлт зиялыларының саяси белсенді бөлігінің қызметінен және дін адамдарының астыртын жұмысынан іздеді. Әкімшілікке «Қазақ» газеті мен оны шығарушы топтың ескі дұшпандары «көмектесті».

1916 жылғы 19 шілде күні Орынбор генерал-губернаторының атына Орал губернаторынан жеделхат келіп түседі. Онда Ілбішін уезіндегі 6-ауылда 7 шілде күні Қажығалым Аулымбердиев деген молданың басқаруымен өткен жиналыста қазақтардың соғыс жұмысына адам бермеу және үкімет орындарына тізім жасатпау туралы шешім қабылдағаны, жиналыста молланың әскерге адам бермеуге шақырған Бөкейхановтың хатын оқығаны жөнінде айтылған еді. Жеделхатта, сондай-ақ аталған уездің басқа да ауылдарында болып өткен жиналыстарда «Қазақ» газетінің қызметкерлері Байтұрсынұлы мен Дулатұлының

¹ ООММ, 21-қ., 4-т., 4-іс.,- 300-300-об-п.

² ҚР ҰҚКА, 78754-іс, 1-т., 100-п.

³ *Тынышбаев М.* История казахского народа, С. 42.

да есімдері аталып, оларға қазақтардың ылғи да кеңес алуға барып тұратыны көрсетіледі. Тура осы мазмұндағы жеделхат Ішкі істер министрінің де атына жіберіледі¹.

Орынбор жандарм мекемесінің бастығы Кашинцев Ө.Бөкейхановқа байланысты тиесілі шаралар қабылдау үшін Самара губерниялық жандарм мекемесінің бастығына 1916 жылы 27 шілдеде жіберген №8081 қатынас хатына мынадай мазмұндағы жауап алады: «Сіздің хатыңызда аталған Бөкейханов орманшы-ғалым, І Мемлекеттік Дума мүшесі, кадет, кадеттер партиясының Самаралық комитетінің мүшесі, 1912 және 1913 жылдары біраз уақыт жергілікті социалист-революционерлермен қатынаста болғандығы байқалған.

Бөкейхановтың корреспонденцияларына бақылау орнатылған. Полковник (аты-жөні анық емес — М.Қ.)².

Полковник Кашинцев осы жылғы 29 шілдедегі №8194 бұйрығымен «Қазақ» газетінің уақытша редакторы міндетін атқарушы М.Дулатұлының үйінде және жұмыс орнында тінту жүргізу туралы шешім қабылдап, 30 шілде күні унтер-офицердің қатысуымен оны өзі іске асырады³. Тінту нәтижесінде жасалған хаттаманың мәтініне қарағанда, олар М.Дулатұлы мен редакция қағаздары арасынан айып таңуға негіз боларлықтай ештеме таба алмаған, ал тексеруге алған қағаздарын 10 тамыз күні қайтарып берген⁴.

Мұрағат материалдары арасында М.Дулатұлының 1916 жылғы 10 тамыз күні полковник Кашинцевке берген жауабының хаттамасы сақталған. М.Дулатұлының жауабында Ө.Бөкейханов және А.Байтұрсынұлы үшеуінің «Қазақ» газетінің 11 тамыз күнгі нөмірінде бүкіл қазақ облыстарын қамтыған бас көтеруге байланысты қазақ еліне арнаған «Алаштың азаматына» атты Үндеуінің жариялану себебін тура түсінуге көмектесетін мынадай деталь бар: «Я слышал, между прочим, что среди киргиз Уральской области распространились слухи, что якобы было какое-то письмо от имени кого-то из редакции газеты антиправительственного содержания, но так как в действительности такого письма ни я, ни мои коллеги не писали, то в опровержении

¹ ООММ, 21-к., 9-т., 4-ис, 281-п.

² Сонда, 283-283-об, 284-п.

³ Сонда, 328, 328-об, 329-п.

⁴ Сонда, 330-п.

этого слуха я, Байтурсунов и сотрудник Букейханов поместили в сегодняшнем номере газеты «Казак» статью. Я считаю подобной слух нелепостью, т. к. все мы: редакторы и сотрудники в газете проводим идею об исполнении Высочайшего повеления по призыву инородцев на работу в тылу армии»¹.

М.Дулатұлының жауабында көрсетілгендей, «Казак» газеті қызметкерлерінен Ілбішін уезі қазақтарына ешқандай да хат түспегені анық. Оны Ішкі істер министрінің орынбасары Степановтың тікелей тапсырмасы бойынша Орынбор жандарм мекемесінің жүргізген тергеу материалдарымен танысу арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен, Орынбор генерал-губернаторы Тюлиннің жоғарыда аталған Степановқа жолдаған №5296 жауап хатында Байтұрсынұлы мен Дулатұлының үстінен Орынбор қаласында тұрып келе жатқаннан бері орнатылған құпия бақылаудың оларды жауапқа тартарлықтай ешқандай да нәтиже бермегендігі, ал олардың үйіне қыр қазақтары кеңес алуға келіп-кетеді деген көрсетудің дәлелсіз екендігі айтылған².

Енді осы М.Дулатұлы көрсетуіндегі «газеттің редакторы мен қызметкерлері газетте бұратаналарды тылдағы жұмысқа алу туралы патша бұйрығын орындау идеясын жүргізудеміз» деген пікіріне келейік. Бұл арада алдымен мынаны айтқан жөн. 1916 жылғы 25 маусым Жарлығы шығып, халық наразылығы бұрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тыйып, ақылға келуге шақырды. Өйткені қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын болатын. Оның үстіне отаршыл әкімшіліктің мұндай сәтті қазақ қоғамы үстінен өзінің саяси билігін күшейте түсу, переселендерге тағы да жаңа жер алып беру үшін пайдаланып кетуі мүмкін екендігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар көтерілістің алғашқы күндерінен бастап халық арасында көтеріліске шықпауға шақырған үгіт жүргізді.

Осы мағынада белсенді жұмыс жүргізген қазақ зиялыларының бірі, Петербург дәрігерлік академиясының

¹ Сонда, 327, 327-об-п.

² ООММ, 10-қ., 2-т., 242-іс, 1, 2-5-п.

түлегі (1909) Сәдуақас Шәлімбаев еді. 25 маусым Жарлығы бойынша тыл жұмысына алынатын жігіттерге дәрігерлік көмек көрсету кезінде сүзек ауруын жұқтырып, содан жастай қазаға ұшыраған Шәлімбаевты жерлеу сәтінде сөйлеген сөзінде Ж.Ақбаев мынадай пікір айтқан еді: «25 июнь жарлығы шыққан соң надан жұрт өулігіп көтерілген уақытта халыққа насихат айтып, қазақты көндіруге себепкер болғанның бірі Сәдуақас еді. Басқа жерлерде қан төгілген, асылған, атылған көп, Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман болды»¹.

Бұл арада, әрине, Ж.Ақбаевтың «Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман қалды» деген сөзін сол күйінде, яғни басқа облыстарда қазақ зиялылары тарапынан үгіт жұмысы болмағандықтан қарулы көтеріліс шықты деп қабылдамау керек. Ондай мазмұндағы үгіт жұмысы басқа облыстарда да жүрген. Мәселен, И.Жайнақов Жетісудағы көтерілістің алдында қалыптасқан жағдайға байланысты Верный полицмейстеріне берген жауабында мынадай фактілерді келтіреді: «12 шілдеде Ыстық ата шипалы суынан оралған бетте жоғары мәртебелінің бұратаналарды соғыс жұмыстарына шақыруына байланысты Верный уезіндегі... қырғыздардың арасындағы толқу жөнінде естіп және соған дейін менің жерлестерім шенеунік Шегіров пен дәрігер Жақыпбаевтың жүргізген үгітінен ештеме шықпағанын біліп, мен 13 шілде күні облыстың әскери губернаторы мырадан қырғыздарға жоғары мәртебелінің Жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін Верный қаласында үлкен Алматы облысының басшы адамдарының кеңесін өткізуге рұқсат алдым. 14 шілде күні шақырған адамдар келіп, менің үйімнің ауласында жиналыс өтті». Кеңеске жиналғандар екіге бөлініп, біразы Жайнақовтың басу айтуын қабылдамаған Тоқаш Бокинді қолдаған².

И.Жайнақов өз көрсетуінде Тоқаш Бокиннің «Мұндай жауапты мәселені Үлкен Алматы болысының атқамінер жақсылары ғана шеше алмайды», «мұндай мәселені уездің бұқара халқы өкілдерінің кеңесінде ғана шешілуге тиіс»

¹ «Қазақ». 1917, №215.

² Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминания и материалов. Алма-Ата, 1937. С. 274—275.

деген ұстанымда болғанын, ал оны 5-ші ауыл қазағы Сары деген кісінің қолдап, жиналысқа қатысқан кісілердің біразының бұл екеуінің сөзіне қолдау танытқанын баяндайды. Тілмаш Шебалин И.Жайнақовқа Бокиннің өз аузынан «Қазақ зиялылары арасында өзара келісе алмаушылық бар» деген сөзді естігенін айтады. Ал келесі бір тілмаш Тоқсанбаев болса ел арасында Бокинге деген ризашылық сезім байқалады, «Міне, Тоқаш азамат, үміт сода, ал тілмаштар болса бірден-ақ қазақтарды көндіре салмақ ниеттері бар»¹ деген пікірді жеткізеді.

Өз ретінде Т.Бокиннің жайлаудағы елді аралап белгілі бір бағытта белсенді жұмыс жүргізгені байқалады. Ол 1916 жылы 14 тамызда штабс-ротмистр Поротиковқа берген жауабында ел ішіндегі жарылыстан мынадай хабар береді: «Жұмысқа адам беруге қарсы қазақтардың басым бөлігі кедейлер, ал байлар болса жұмысшылар беруді жақтады»².

Қарулы қарсылықтың қандай нәтиже беруі мүмкін екендігін Жетісудың басқа да зиялылары халыққа түсіндіруге күш салды. М.Дулатұлы ғасыр басындағы қазақ қоғамының белгілі қайраткерлерінің бірі Отыншы Өлжановтың қаза болуына байланысты жазған мақаласында: «Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі каласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түкпіріне айдалып барған Отыншы... 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25 маусымның қанды Жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үркіген елге тоқтау айтып, көнбесе қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды»³ деп көрсетті.

Жетісу облысында М.Тынышбаевтың да көтеріліске қарсы үгіт жұмысын жүргізгендігін байқаймыз. Ол кейін ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «...я не одобрил восстания казахов и киргизов в 1916 году против царской власти — отнюдь не из любви к царскому режиму, а из боязни, что казахи и киргизы пострадают от восстания. Тов.

¹ Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. Жетісу — Ыстықкөл қасіреті: 1916—1920 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 2007, 37—38-бб.

² Сонда, 32—36-бб.

³ Дулатұлы М.Шығармалары, 294-295-бб.

Асфендияров до сих пор укоряет меня, что я не был на стороне восставших в 1916 году»¹ деп жазған еді. М.Тынышбаевтың бұл айтқан көрсетуіне толық сенуге болады, өйткені оның 1917 жылы ақпанда Жетісудағы көтеріліске байланысты сот тергеуіне берген жауабында «Ташкентке жаңа келген генерал А.Н.Куропаткиннің қабылдауында бірінші рет (10 тамыз) болғаннан соң, мен Пішпек қырғыздарын жеделхат салып, оларды тынышталуға шақырдым»² деп көрсетеді.

Көтеріліске байланысты мұндай пікірді Семей облысындағы Х.Ғаббасов та қолдайды. Ол 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «мен қан төгуден басқа ештеме бермейтін көтерілісті болдырмауға әрекет жасаушылар жағында болдым»³ деп көрсетті.

«Қазақ» газеті төңірегіне біріккен топ та осы бағытты ұстанып қана қойған жоқ, дағдарыстан шығудың жалғыз жолы — ауыр болса да патша Жарлығына көніп, әскер жұмысына адам беру екендігін қалың бұқараға жеткізуге тырысты. Сонымен бірге мұндай шешімге 7 шілдеде тікелей губернатордың қолдауымен Орынборда, облыстық басқарма үйінде Торғай облысының төрт уезінің өкілдері мен ақсақалдарының, сондай-ақ Семей, Орал, Ақмола және Сырдария облыстары қазақтарының атынан келген өкілдерінің де қатысуымен болып өткен кеңесте келген еді. Кеңеске жиналғандар төрағалыққа Ә.Бөкейхановты, хатшылыққа М.Дулатұлын және Ғ.Алмасовты сайлайды. Оның жұмысына 23 мамырдан бері Торғай уезінде іссапарда болған А.Байтұрсынұлы да қатынасады⁴. Кеңес негізгі мәселе ретінде соғыс жұмысына адам беру мәселесін қарап, оған қарсы емес екендігін білдіріп, бірақ сонымен бірге, өкімет орындары алдына өз мүддесіне қатысты талап-тілектерін де қойды. Кеңес үкіметтен «соғыс керегіне һәм жалпы мемлекет халқына мал, ет, астық жеткізіп тұрған қазақ жұртының» да шаруасының күйзелмеуін ескеруін өтініп, «мұжық шаруасына қанша қызметкер керек болса, қазаққа да сол шамалы қызметкер» керектігін айтып, ал көптеген уездерде «мұжықтар соғысқа кеткеннен бері

¹ ҚР ҰҚКМ, 2370-іс, 2-т., 264-п.

² Қараңыз: *Тынышбаев М.* История казахского народа, С. 29—47.

³ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 1-т., 324-п.

олардың шаруасын басқарып, егін-пішенін жиып беріп тұрған жалғыз қазақ» екендігін, бір айдан бері қазақ та пішенін шаба алмай, астығын ора алмай қалғанын баяндай келіп, мынадай талаптар қояды:

«1. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша солтүстік уездеріндегі қазақ жігіттерін келер жаңа жылға бірінші январға шейін, оңтүстік уездер халқын 1917 жылғы 15 мартқа шейін алмай кешіктірілсе екен;

2. Ең әуелі 19 бен 31 арасындағы жастардың үштен бірі ғана алынса екен; алғанда 19-дан бастап алу тиіс, өйткені бұл жастағылардың көбі үйленбегендер болады...

4. Бір үйдегі шаруа басқаратын, алынатын жастағы бір жігіт қалса екен (егер ол үйдің басқа еркектері 17-де яки 50-ден асқан болса)...

8. Әрбір елу үйге бір мұғалім қалсын. Қазақ халқы бытыраңқы отырады, одан кем мұғалім жетпейді. Орысша оқытатын учительдерге де кеңшілік беріледі, мұғалімнің керектігі де қазақ халқына учительден кем емес. Мұғалім қалдырғанда алдымен қолында шаһадатнамасы барлар қалсын, сонан кейін шаһадатнамасыздар қалсын;

9. Шаһар медреселерінде оқып жүрген шәкірттер қалсын...

13. Алынған жігіттер отыз кісіден қостас болсын. Бір қосқа бір переводчик һәм он қосқа бір молда сайлансын...»².

Кеңес өткеннен кейін, Ө.Бөкейханов оның негізгі талап-тілектерін баяндап Петроградқа Дума жанындағы мұсылмандар фракциясы мен депутат А.Ф.Керенскийге осы тілектерді тиісті үкімет орындарына жеткізуді өтініп жеделхат жолдайды: «Қазақ» газеті қазанның басында бұл жұмыстың барысы туралы мынадай хабар жариялайды: «Соғыс қызметіне қазақтан шақырылатын жігіттерді 15 қыркүйекте алмай, мәулет беруге сұраған екен, оған мынадай жауап алынды: «Бұратаналарды қызметке алу жұмысы әскери министрге түгел тапсырылды. Сіздің жеделхатыңыз да әскери министрге жіберілді». Бұл жауапты Керенский Ғалиханға хабарлайды³.

¹ ООММ, 10-қ., 2-т., 242-іс, 4-п.; «Қазақ». 1916, №192; Қазақ ССР тарихы, III т., 475-б.

² «Қазақ». 1916, №192.

³ Сонда, №199.

Орынбор генерал-губернаторына және Петроградтағы жоғарғы үкімет орындарына жөнелтілген бұл тілек жалғыз емес еді. Осы мезгілде Семей уезінің жеті болысының (Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Бекен, Семейтау және Бұғылы) ақсақал және ел адамдарының кеңесі өтеді. Кеңесте Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев төрағалық, ал Сыдық Дүйсенбіұлы хатшылық жасайды. Кеңес бір ауыздан Отан қорғауға басқа жұрт қатарлы қазақ жігіттерін әскер ретінде алу лайық екендігін ақ патшаның өзіне жеткізуді губернатордан өтінеді¹.

Бірақ отаршыл әкімшілік ешуақытта да өзіне тәуелді елдердің мүддесімен есептеспеген. Бұл жолы да солай болды. Қазақ жігіттері жұмысқа белгіленген мерзімде алына бастайды. Ал құқығын орыс-казактармен теңгеріп, атты әскерге алу туралы өтініштерге жауап ретінде 1916 жылғы 9 қазанда әскери министрдің мынадай тармақтардан тұратын жарлығы шығады:

«...25 маусым Жарлығымен қара жұмысқа алынатын бұратаналар атты казак қатарына өздері тіленіп кіремін десе, мынадай төртіпшен кіруге рұқсат етемін:

1) өздері тіленіп атты казак қызметіне кіремін деген бұратаналарды алу билігі войсковой наказни атамандары, яғни атты әскерлердің наказни атамандары қарауына беріледі...

3) өздері тіленіп атты әскерлікке жазылған бұратаналар казактар бөліміне өз киімі (атты казак формасы), өз қару-жарағы һәм өз атымен келуге міндеткер.

4) тіленіп кірген бұратаналар жай атты казак дәрежесінде болады.

5) тіленіп кірген бұратаналар соғыс қалай бітсе, солай бұрынғы қалыпша үйді-үйіне тарайды»².

Бұл іс жүзінде кемсітушілік рухта жазылған құжат болатын. Сондықтан да оның қазақ арасында салқын қабылданғандығы өзінен-өзі түсінікті.

25 маусым Жарлығынан кейін қазақ даласында қалыптасқан ауыр саяси дағдарыс сәтінде өмірге келген аса маңызды құжат Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы үшеуі қол қойып, 1916 жылғы 11 шілде күнгі

¹ Әнесов Ғ., Мектепов А. Қилы заман. «Ана тілі», 1990, 7 маусым.

² «Қазақ». 1916, №202.

«Қазаққа» жариялаған «Алаштың азаматтарына!» атты үндеу еді. Шешен тілмен, бұлтартпас қисынмен жазылған бұл үндеуде көсемсуден гөрі шешуі қиын сауалдар көп еді, жол көрсетуден гөрі халықтың өзімен кеңесу, ақыл қосу, жол іздеу басым еді. Өйткені бұл құжат саясаттың құбылмалы ағымында ойнаған саясаткерлердің кезекті айла-шарғысы емес, елдің қамы қабырғасына батқан нағыз ел азаматтарының ұзақ рухани күйзелістен соң біржола тоқтаған жалғыз тура шешімі еді. Сонымен, бұл үндеуде не айтылды?

Олар «ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз», деп елге сауалмен қайырылып, көніп жұмысқа адам бергенде қандай ауырлық келмек, сондай-ақ көнбей көрсеткен қарсылық немен аяқталмақ, міне, осы екі жағын бірдей ақыл таразысына салып қарауға шақырады. Сонымен бірге мәселенің жалғыз тура шешімін өздері ұсынады. «Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: ...Көнгенде — шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық — бағынбай үкіметтің Жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па?» — деп, дәлел ретінде Түркістан өлкесіне енгізілген соғыс тәртібін, Жетісуда болып жатқан қайғылы оқиғаларды көлденең тартып, «біздің білуімізше жеңілі — көнген» деп, ауыр да болса өз шешімдерін айтады. Шешімдерін айтып қана қоймай, оны іске асырудың сол ауыр жағдайдағы ең тиімді жолдарын да көрсетеді¹.

Тура осы сын сөтте өздерін ұлт-азаттық қозғалыстың лайықты басшылары есебінде көрсеткен үшеудің бұл үндеуі қазақ қоғамын қалыптасқан ауыр жағдайды мүмкін болғанша тура түсінуге үндейді. М.Тынышбаевтың куәлігіне қарағанда, «Қазақтың» осы үндеу жарияланған нөмірі аса маңызды хабарды жеткізуші нөмір ретінде табан

¹ «Қазақ». 1916, №192.

астында тараған. Оқыған азаматтар газеттің осы нөмірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген¹.

Бірақ елдің отаршыл әкімшіліктің жасап келе жатқан зорлығына деген наразылығында шек жоқ болатын және бұл көңіл күй дегенін істеді. Шілде айында басталған толқулар тамызда бүкіл қазақ даласын қамтыған қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің тамызда ең өршіген, аяғы қанды қырғын мен жат елге босуға айналған ауданы Жетісу өңірі болды. Патша үкіметі көтерілісті басуға 8750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді². Генерал Куропаткин губернатор Фольбаумға жолдаған жеделхатында Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың қарсылығын басуға жіберген күштерді тізіп, соңында «Черняев, Романовский, Кауфман, Скобелев Сырдария, Самарқан және Ферғана облыстарын бұдан аз күшпен жаулап алған»³, — деп көрсетті.

Патша әскері мен переселендердің жасаған ойраны Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекейұлы қыркүйектің 9-ы күні дарға асылды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300 000 адам Қытай жеріне қуып тасталынды⁴. М.Тынышбаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі 44 болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асты⁵.

Бұл тақырыпты зерттеуші тарихшы-ғалымдар 16 жылғы көтерілісті антифеодалдық, отарлық езгіге қарсы көтеріліс есебінде бағалап келді. Мұндай баға 16-жылы болған қайғылы оқиғалардың шын мазмұнына сәйкес келе бермейді. Біздің пікірімізше, көтерілістің, белгілі дәрежеде,

¹ Тынышбаев М. История казахского народа. С. 42.

² Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1961, С. 110—112.

³ Национально-освободительное восстание казахских трудящихся... С. 190.

⁴ Сонда, 297-б.

⁵ «Қазақ», 1917, №254.

антифеодалдық бағыт алғаны рас, бірақ оның, ең алдымен, ұлтаралық қақтығыс сипатында болғанын жасыру да қателік болар еді. Оған мынадай фактілер куә бола алады. Жетісу облысында көтерілістің ең өршіген жері переселендер көп орналасқан аудандар болды. Қарапайым халық орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан, мәселен, Пржевальск уезінде жиырма село түгелдей өртелініп, олардың тұрғындары арасынан төрт мың адам өлтіріліп, мал мен мүліктері талан-таражға түсті¹.

Көтерілістің шығуына отаршыл әкімшілік қолымен жасаған ұлтаралық араздық себепші болғанын көтерілісшілердің өздері де айтқан. Мәселен, Нарындық қырғыздардың көтерілісін басқарған Қанат Абукин сотта берген жауабында көтеріліске шейін-ақ жер мәселесіне байланысты «өзара наразылығын орыстар ашық білдірсе, қырғыздар кегін ішінде сақтады» деп көрсетті².

Жаркенттегі переселен мекемесінің меңгерушісі Жетісу облыстық переселен мекемесінің меңгерушісіне жазған қатынасында көтерілістің осындай ұлтаралық сипатын мойындап: «Көтерілістің орыс тұрғындарына деген жаугершілігі тура Әндіжан көтерілісіндегідей анық байқалып отыр»³ деп жазды.

Оқиғаның осындай ұлтаралық сипатын жақсы түсінген жергілікті әкімшілік орындары орыс селоларына тез арада қару-жарақ таратты, көтерілісшілерді аяусыз басуға сырттан әскер күштерін шақыртты⁴.

Жетісудағы 1916 жылғы оқиғалардың ұлтаралық қақтығыс сипатында болғанын Жетісу облысының губернаторы Фольбаум да мойындады. Мына құжат соны куәландырады.

Әскери

**«Генерал-Адъютант Куропаткинге
Көшірмесі генерал Ерофеевке, Округ штабына,
Генерал-губернатор Кеңсесіне**

Ташкент, 18.IX-1916 ж.

¹ ҚР ОММ, 9-қ., 1-сч. т., 34-іс, 17-п.

² ҚР ҰҚКМ, 4727-іс, 14-т., 299—301-п.

³ ҚР ОММ, 19-қ., 1-т., 623-іс, 157—158-п.

⁴ Сонда, 2—3, 28, 40, 157—158-п.

Өлке бойынша 220 нөмірлі бұйрықта айтылғандай, орыс қаны төгілген барлық жер бұратаналардың иелігінен алынатын болады. Мұндай әділ жаза орыс және бұратана тұрғындар тарапынан өте сергек қабыл алынды. Дегенмен нақты көрсетулер қажет-ақ. Мәселен, Ыстық көлдің барлық жағасы, Кебен өңірі, Тоқмақ ауданындағы Александровскі жотасының солтүстік беті, Қастек бөлімшесінің өңірі, Қарқара өңірі орыс қанымен мол-ақ жуылды. Яғни, бұл айтылғандар осы кеңістік таяу арада қырғыздар үшін тыйым салынған өңірге айналды дегенді білдіреді ме? Менің пікірімше, дала қырғыздары жұмсағырақ жазалануы мүмкін, ал, бірақ Пішпек және Пржевальскі қара қырғыздарын Тоқмақ өңірінен, Кебен өңірінен және Ыстық көл жағалауынан біржола кетірген жөн. 3293 нөмірлі

Түпнұсқаға қол қойған «Фольбаум»
Растаймын *Подполковник* (қолы)¹

Осылайша орыс әкімшілігі көтеріліс нәтижесінде қалыптасқан жағдайды өз пайдасына шешу жолдарын қарастырды. Олардың пікірі бойынша ендігі уақытта билік орындары жігерлі әрекетке көшіп, Жетісу облысының ең шұрайлы жерлерін төгілген орыс қанының өтемі ретінде переселен орыс шаруаларының иелігіне біржолата алып беруге тиіс.

Көтерілістің соңын ала империяда қалыптасқан аумалы-төкпелі саяси жағдай Жетісу жеріне байланысты ұлыдержавалық күштердің көздеген мақсатын іске асырмай тастады. Бірақ олар бұл арманын тез арада ұмыта да қойған жоқ-тын. Ұлыдержавалық күштер Жетісудың ең шұрайлы жерлері мен Ыстықкөлдің жағалауын орыс переселендеріне біржолата алып беру әрекетін кейінірек, яғни 20-жылдары кеңестік билік жағдайында іске асыруға біраз күш салады. Ол жөнінде екінші кітапта баяндалатын болады.

Момақан «бұратаналардан» мұндай қарсылық күтпеген патша үкіметі кез келген басқа облыстардан шыққан бас көтерулерді аяусыз жаншып басуға өзін тұрды. Міне, осындай жағдайда отаршыл әкімшіліктің қанды қимылына шек қоятын әрекеттер жасау керек болды. Сол тұстағы

¹ Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2 т., 42-б.

қалыптасқан саяси жүйе шеңберінде ондай істі Мемлекеттік Дума арқылы жүргізу мүмкін еді. Сол жылдың қыркүйегінде Ө.Бөкейханов Петроградта «қазақ арасында болған көңілсіз оқиғалар жайынан мағлұмат жинап, соларды депутаттарға қорытып беріп, үкімет орындарына, яғни бас министрге, соғыс және ішкі істер министріне Түркістан мен дала облыстарында патша Жарлығын орындау барысында жіберілген заңсыздықтарды түзету үшін қандай істер атқарылып жатқандығы жөнінде сұрау салып, 30 депутат қол қойған (мұсылман фракциясы мен кадет партиясы атынан) депутаттық запрос түсіртеді¹. Сондай-ақ бұл мәселені Дума мәжілісінде қарауға даярлық барысында Ө.Бөкейханов Түркістанға Мемлекеттік Дума мүшесі Шәкір Мұхамедияровтың келіп қайтуын ұйымдастырады².

Бұған дейін Дума мүшесі А.Ф.Керенский мен Думадағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелев Думаның тапсырмасымен «көтеріліске байланысты оқиғалармен болған жерінде танысу» үшін қыркүйектің ортасында Түркістанға келіп қайтады³. Ал Мемлекеттік Дума Түркістан мен далалы облыстардағы болған қайғылы оқиғаларды 13 желтоқсандағы жабық (күпия) мәжілісінде қарайды. Мәжілісте баяндамамен сөйлеген А.Ф.Керенский Түркістан мен далалық облыстарда 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деп мәлімдейді⁴.

Осы арада кезінде қазақ саяси тобының көтерілістен көп бұрын-ақ айтып ескерткен жағдайын, қазақ елінің ұлттық мүддесінен алыс тұрған Керенскийдің де объективті факті есебінде мойындауға мәжбүр болғанын айта кеткеніміз жөн. Керенский мобилизация кезінде 60 жастағы кедей егде адамдардың 30 жастағы жас болып жазылып, керісінше 25—30 жастағы бай балаларының 50 жастағы адам болып

¹ «Қазақ». 1916, №201.

² Сонда.

³ Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары. М., 1993. С. 104, 120; Национально-освободительное восстание казахских трудящихся, С. 289.

⁴ Государственная Дума. Стенографический отчет. Созыв 4. Сессия 5. Петроград, 1916. С. 99; Тәженов Ө. Он алтыншы жылғы ойран. «Қазақ тарихы». 1993, №1, 53-6.

жазылып кеткенін, мұны істеп отырған орыс шенеуніктері мен парақор қазақ атқамінерлері екендігін айтады.

Сонымен, 16-жылғы аласапыран оқиғалар қазақ қоғамында империялық озбырлықпен күресте екі көзқарас және ұстанымның бірдей бой көрсеткенін байқатты. Олардың бірі батырлар бастаған қол жасақтап, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау әрекеті еді. Өткен ғасырлардан келе жатқан бұл белгілі әдіс 16-жылғы қиын-қыстау заманда тағы да өзін білдіреді. Басқа жол, басқа әдісті әлі танып білмеген қарапайым халықтың басым бөлігі өз батырларының соңына ергенде мұндай әрекеттің арты немен аяқталатынын әуелде жақсы түсіне алмады. Олардың өз арасынан хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың әлі де болса күшінде екендігінің көрінісі еді.

16-жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарас және ұстанымның қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Оны ұстанушы ұлттық саяси топ қазақ жеріндегі билік пен этносаралық қатынастың ашықтан-ашық келімсектердің пайдасына шешіле бастағанын, сондай-ақ қарсы тұрған жүйенің күші мен айласы да бұрынғыдан мүлдем басқа екендігін ескере отырып, күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттігін, мұндай мақсатты әрекеттің базалық негізі ұлттық саяси тұтастық болып, сол арқылы ұйымдасқан әрі жүйелі әрекетке көшу екендігін халыққа жеткізуге тырысты.

Оқиғалар ағымы екінші көзқарастың сол тарихи кезеңдегі ұлт мүддесіне сәйкес келетіндігін көрсетіп берді. Ұлттық саяси топ өз ретінде жаңа заман, жаңа өзгерістердің келе жатқанын түсіне отырып, енді белсенді әрекетке көшті. Оның бұл әрекеті алдымен майдандағы қара жұмысқа алынған жігіттерге қызмет көрсетуден басталды. Сондай-ақ бұл қызмет ол үшін үлкен сын және саяси кемелдікке қадам басу сәті болды.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ МАЙДАНДАҒЫ ҚАРА ЖҰМЫСҚА АЛЫНҒАН ОТАНДАСТАРЫ АРАСЫНДА

1916 жылдың 15 қыркүйегінен бастап 19—31 жас арасындағы қазақ жігіттері майдан жұмысына алына бастайды. Сол күндердің куәсі болған кісілердің көрсетуіне

қарағанда, үлкенді-кішілі қалалар темір жол стансалары аттанып бара жатқан жігіттерді шығарып салуға ере келген халыққа лық толған. Сондай куәлердің бірі: «Алынған жігіттерді жөнелтерде жер қайысқан адам — еркек, әйел, у-шу, азан-қазан, жылап-сықтап, кетіп бара жатқан жігіттерді енді ол дүниеде жолықтыруға жаза гөр десіп, арыздасып, дүниені күңіrentті, қайғырды, қан жұтты, сарғайды, сандалды, жалғыз қазақтың ғана басына ақырзаман туғандай болды»¹ деп жазды. Бұл бұрын мұндай істің не екенін білмеген, азаматтарын алып жатқан мемлекеттің өзіне жасаған қамқорлығын ешуақытта көрмеген, сондықтан да оның істеген ісінен тек жаулық күтетін қарапайым, панасыз, момақан, жетім жұрттың күйі болатын.

Міне, осындай жағдайда не істерін білмей абыржыған халыққа, есін жиюға көмектескен «Қазақ» газеті, оның шығарушылары еді. Олар жұмысқа аттанып бара жатқан жігіттерге қандай киім, жолға қандай азық керек екендігінен бастап, майданға барып орналасқаннан кейінгі жағдайы, олардың көңіл күйі, денсаулығы, елмен байланысы сияқты істеріне түгелдей араласып, олардың жағдайына байланысты үкімет орындарының көңілін аударып, қолдарынан келген жәрдемін аямады. Енді осы қазақ зиялыларының үлкен және азаматтық ісіне ретімен тоқталып көрейік.

1916 жылғы 25 маусым Жарлығынан кейінгі уақытта шын мәнінде бүкілелдік ұйымдастырушы орталыққа және қоғамдық пікір қалыптастырушы құралға айналған «Қазақ» газеті, 22 қазан күнгі бас мақаласында «жұмыскер жағдайының мәселесі біздің қазақ сияқты қанаттасып-ұштасып іс қылып көрмеген жұртқа онай мәселе емес. Құдай салды, біз көндік деп, көтеріп отырған жүк. Елге түскен ауыртпалықты ел азаматтары көтеріп, қатын-бала, шал-кемпірлердің обалына қалмаймыз деп кетіп бара жатыр. Азаматтар азаматтық еткенде, жұрт жұрттығын істеуі борыш.

Ол борыштың барлығын жұрттың білетіндері де, білмейтіндері де бар. Білетіндері, білмейтіндеріне түсіндіріп басшылық етіп, жұмысқа алынбаған алаш азаматтары

¹ «Қазақ». 1917, №224.

алынғандарының жабдығында болуы мойындарына борыш» деген ойды айтып, содан соң мәселе есебінде жігіттердің жағдайына байланысты жұрт алдына екі нәрсені қояды. *Олардың бірі* жігіттерге барған жерінде бас-көз болып, олардың мұн-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп тұратын орыс және қазақ тілдеріне бірдей, білімді жігіттердің керектігі болса, *ал екіншісі*, қазақ жұмысшыларына қандай жерде болса да қазақ тамағын жеткізіп тұру жұмысына жарайтын, бұл істің ретін білетін адамдардың қажеттігі еді¹.

Бұл уақытта жұмысқа алынған жігіттердің тіл білмейтіндігін есепке ала отырып, Түркістан генерал-губернаторлығы және бүкілресейлік Земск Одағы оларды басқарып жұмысқа апаратын жүзбасы, мыңбасы сияқты қызметкер белгілеп, оларға барған бетте бір мәрте беретін ақша және айлық жалақы тағайындаған болатын. Мәселен, земство мыңбасылыққа жарайды деп учительдерді, школа және семинария бітіргендерді, жоғары оқу орны студенттерін, бір сөзбен айтқанда, орысша оқу орнын бітірген немесе орысша біршама білімі барларды, ал жүз басы басшылығына орта білімі бар, бірақ орысша тәуір сөйлеп және жазға алатындарды шақыратындығын мәлімдеген болатын.

«Қазақ» газеті осы талаптарға сай келеді деген ел ішіндегі өз таныстарының аты-жөнін де жариялайды. Бұл тізімнің ішінде Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Айдарбек Масанов, Қарасай Қодаров, Имам Әлімбеков, Ахмед Баржақсин, Молдағали Жолдыбаев, Жүндібаев, Иманов, Спандияр Көбеев, Иманғали Қарпықов, Әбікей Сәтбаев, Бидахмет Сәрсенов сияқты және басқа 40 адамның аты-жөні аталған еді².

«Қазақтың» ел адамдарына, оқыған азаматтарға деген арнау сөздері ізсіз кеткен жоқ. Газеттің қазандағы нөмірлерінің бірінде Қазан қаласында білім алып жатқан қазақ студенттерінің «Ашық хаты» жарияланады. Онда «қызметке алынған жастарға һәм олардың үйлеріне көзіміздің қырын салалық деген Алаштан адам шықса, күні бүгін соғыс майданына бар десе де, яки мұндағы жұмысты атқарындар десе де, басымыздың билігін сол Алаштың

¹ «Қазақ». 1916, №202.

² Сонда.

баласына бердік. Біздің бұл қаулымызға басқа жерлерден оқыған ақ жүрек бауырларымыз да қосылар деген үміттеміз»¹ деген сөздер бар еді.

Қазақ жігіттерін майдан жұмысына алу әбден қызған қазан, қараша, желтоқсан айларында Ө.Бөкейханов Мәскеуде болып, майданға аттанып Мәскеу арқылы өтіп бара жатқан жігіттердің жағдайын біліп, қайда бет алып бара жатқанын анықтап, олардың жағдайына байланысты түрлі үкімет орындарына кіріп, келіссөздер жүргізіп отырады. Бұл кезде онымен Мұстафа Шоқайев та бірге болады².

Бір айта кететін жағдай, осы 1914 жылы жаңа басталған соғысқа байланысты орыс либерал зиялылары үкімет орындарына өз көмегін ұсынып, оны патша қабыл алып, солардың белсенділігімен князь Г.Львов төрағасы болған ауру және жаралы әскерлерге көмек беретін Бүкілресейлік Земск Одағы және Бүкілресейлік қалалар Одағы құрылады. Земск және қала Одақтарының (земгор) қызметі туралы Ө.Бөкейхановтың «Қазақта» жариялаған мақаласынан мынаны оқимыз: «...жаралы солдатқа аурухана салу, әскерге жүк тасу, жолда әскерге тамақ беру, жаралы солдатты майданнан алып шығу, қару-жарақ қамдау, жол салу, ін қазу сияқты істер екі союз қолында кетті»³. Бұл одақтарда кадеттер партиясының ықпалы аса зор еді. Ө.Бөкейханов өзінің кадеттер партиясы орталық комитетінің мүшесі екендігін пайдалана отырып, қазақ жігіттерін осы одақтардың қарауына өткізуге күш салады. Ол соғыс ісіне адамгершілік жәрдем беру мақсатында құрылған бұл ұйымдардың құрамында болу қазақ жігіттеріне түрлі жеңілдіктер сұрауға мүмкіндік береді деп түсінді⁴. Ө.Бөкейханов қазанның соңына қарай Мәскеуден «Қазаққа» жазған хатында Земск Одағы қарамағына шамамен 90—100 мың адам алынатындығын, ал қалғандары әскери мекемелердің қарауына, одан артылғандары түрлі жерлерде темір жол жұмысында болатындығын жазады⁵.

¹ Сонда, №201.

² Сонда, №204.

³ Сонда, 1917, №215.

⁴ Сонда, 1916, №211.

⁵ Сонда, 1916, №203.

Ә.Бөкейханов осы жолы Земск Одағы Бас комитетінің төрағасы князь Львовпен болған келіссөздер нәтижесінде майдан жұмысына алынған бұратана жұмысшылармен жұмыс үшін бұратана бөлімін ашу жөнінде келісімге келеді. Ол бөлімге мынадай міндеттер жүктелген еді:

1. Қазақ, өзбек, қырғыз, буряттар алынған жерлерде тамақ беретін, ауру-сырқауларын қарайтын орындар ашу. Мұндай орындар бұратана жігіттері өтетін жолдарда, темір жол станцияларында ашылмақ.

2. Жұмысшылар орналасқан жерлерде жоғарыда аталған істерден басқа түрлі қажеттерін өтейтін жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Қазақ даласында, Түркістанда, бурят жерінде тұрған жұрттардан өзіне көмекшілер сайлап жұмысшыларға тамақ, киім, жылқы һәм қой еті, ірімшік, құрт, шекпен, тері шалбар, тон, тымақ, киіз сатып алу, артында қалған туған-туыстарымен бірігіп кеткен жігіттердің арасына хат-хабар жеткізіп тұру¹.

«Бұл Земск Одағы бастаған жақсы қызметті, — деп жазды Бөкейханов, — атқаруға бізден, қазақ баласынан зор қызмет керек. Елде ақсақал, жұрт азаматы қосылып мына Земск Одағына қызметші болғаны оң»². Осы хатында ол жоғарыда қазақ оқығандарына үндеумен қайырылған Қазандағы қазақ студенттерінің жұмысшыларға қызмет етуге Земск Одағына арыз бергендігін айтып, олардың аты-жөнін келтірді. Олар:

1. Бөкейлік Шафхат Бекмұхамедұлы
2. Торғайлық Әбубәкір Имамбайұлы
3. Семейлік Мұқып Боштайұлы
4. Жетісулық Базарбай Маметұлы
5. Торғайлық Иса Қисықұлы
6. Бөкейлік Махмұд Шынтайұлы
7. Торғайлық Мұхамедқазы Шотайұлы
8. Түркістандық Сұлтанбек Мангелдіұлы³ еді.

Ә.Бөкейханов бұл жігіттердің әрқайсысының өз елінің жігіттерімен болғандығын оң санап, хатын «Осы жақсы бауырларымның жақсы жолын қабыл алған ұлтшыл жастар тағы табылар деген зор үміт! Бауырларым, ден сау,

¹ Сонда, 1916, №203.

² Сонда.

³ Сонда.

жас шақтарында жұрт үшін шауып қал!» — деген сөзбен аяқтап, соңында Мәскеудегі өз адресін жазады.

Сонымен бірге жұмысқа алынған жігіттердің арасында да бірлі-жарым сауатты және белсенді жігіттердің болғандығын айта кеткен жөн. Мәселен, солардың қатарына Жетісу жігіттеріне басшы болған Мырзахан Төлебайұлын, жалынды ақын, ақтөбелік Әкімәлі Қаржауұлын жатқызуға болатын еді.

Мәселен, жетісулық Мырзахан Төлебайұлы жөнінде М.Тынышбаевтың Түркістан генерал-губернаторына жазған баяндама хатынан мынадай мәлімет аламыз:

«Инженер М.Тынышбаевтың Түркістан генерал-губернаторына М.Төлебаевтың арызын қанағаттандыруды өтініп жазған баяндама хаты (Жетісу облысы)

1916 ж., 22 желтоқсан

Қапал жұмысшыларының мыңбасы Мырзахан Төлебаевтың арызымен таныстыра отырып оның өте пайдалы қызметі жөнінде Жоғары Мәртебелім өзіңізге мынаны айтуды парыз санадым. Қазақтарды тыл жұмысына алу жөнінде хабар Қапал уезіне жеткенде 18 болыс жалайыр тайпасының шілденің орта тұсында Гавриловка пос. болып өткен съезінде Төлебаев қазақтарға патша Жарлығының мазмұнын түсіндіріп, олар атқаратын жұмыстың аса қауіпті емес екендігін дәлелді жеткізе білді. Сонда «осы сөзді айтып тұрған кісінің өзі жұмысшылармен бірге баруға әзір ме екен» деген сұрауға, Төлебаев өзінің де бірге баратындығын мәлім етті. Оның түсіндірулерінің арқасында қазақтар өздерін соғыстағы әскер қатарына емес, окоп қазу жұмысына алып жатқандығын түсінді. Верный қаласына келгенде мен Төлебаевтан өз жерлестерін бастап баруын өтінгенімде, ол жұмысшылармен бірге аттанатындығы жөнінде шешім қабылдап қойғандығын айтты. Төлебаевтың материалдық жағдайы шынымен де таршылықта. Төлебаевтың бұрынғы және қазіргі өте пайдалы қызметін есепке ала отырып, Жоғары Мәртебелім, Төлебаевтың сіңірген еңбегін бағалап оның арызын қанағаттандыруды өзіңізден өтініуді өзіме жағымды борыш санадым¹.

Инженер *М.Тынышбаев*»

¹ Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 179-б.

Желтоқсанның басында майдандағы жігіттерден үйлеріне және «Қазақ» газетінің басқармасына өздерінің жай-күйін, орналасқан жерін айтқан хаттар келе бастайды¹. «Қазақ» 1916 жылғы соңғы нөмірінде Ө.Бөкейхановтың 17 желтоқсанда Мәскеуден жазған хатын жариялайды. Онда «2-3 күнде біз Ғалихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен бесеуіміз Западный фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, Земск Одағына көмек көрсетпек боламыз. Земск Одағы қазаққа не қыл десең, соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. Өзге фронтқа да барармыз²» деген хабар бар еді. Ал келесі 26 желтоқсанда берген жеделхатында майданға жетіп, Қостанай, Ақтөбе облысы жігіттерінің жай-күйімен танысып жатқанын айтқан. Бұл кезде оның жанында жігіттерге қызмет жасауға аттанған қостанайлық мұғалім Мырзағазы Есболов, мәскеулік студенттер Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалин және Хасен Бекентаев бар еді³.

Сонымен, Ө.Бөкейханов бастаған топ Минскіге келген соң мұндағы күнбатыс майданындағы земгор бастығы Л.Н.Ладыжинскиймен жолығып, оның көмегімен 23 желтоқсан — 2 қаңтар аралығында 1, 8, 9, 10, 11 және 16—дружианадағы қазақ жігіттерін аралап шығып, 12 қаңтарда Минскіде өткен екі одақтың комитетінде жігіттердің жағдайы жөнінде баяндама жасайды⁴. Ал 1917 жылдың 5 ақпанында олар Минскідегі Земск және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашады⁵. Бөлімнің бастығы болып Ө.Бөкейханов бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін М.Есболов атқарады. Бөлімді ашқан бетте екеуі оған хатшылық қызметке М.Дулатұлын шақырады.

Ал енді осы бұратана бөлімі майдандағы қара жұмысқа алынған қанша жігітке қызмет жасады, соған тоқталайық. Өзірге Бірінші дүниежүзілік соғыс қажеттеріне алынған қазақ жұмысшыларының анық саны белгісіз. Проф. Ө.Төкеновтың есебі бойынша, Ресей империясы көлемінде «бұратана» жұмысшылардың ұзақ саны 250—300 мың

¹ «Қазақ». 1916, №211.

² Сонда.

³ Сонда.

⁴ Сонда, №215.

⁵ Сонда, №217.

төңірегінде¹. Бұлардың ішінде қазақ жұмысшыларының үлесі 100 мыңның үстінде.

«Қазақ» газетінде жарияланған материалдардан жұмысшылардың санына байланысты мынадай фактілерді аңғаруға болады. Минскідегі батыс майдан әскер бөлімдеріне қызмет жасайтын Земск және қала одақтарына барлығы 19 қос (жұмысшылар дружинасы) қараған. Бұлардың тоғызында қазақ жұмысшылары болған. Жалпы саны 12-13 мың².

Киевте орналасқан оңтүстік-батыс майдан әскер бөлімдеріне қызмет көрсеткен Земск Одағына қарайтын Түркістан және далалық облыстардан келген жігіттер 57 партияға бөлінген. Елге қайтар алдындағы есеп бойынша, олардың 21 мың 846-сы далалық облыс қазақтары, ал 7 мың 966-сы түркістандықтар. Мұндағы жігіттерге қызмет жасау үшін Киевте бұратаналар бөлімінің бюросы ашылып, оның бастығы Мырзағазы Есболов болған³.

Бұл аталғандардан басқа Минскідегі бұратана бөлімі Псков қаласы арқылы Терістік майданындағы жігіттерге де барып жағдай білісіп, қолынан келген көмегін беріп тұрған. Сонда бұратана бөлімі қызметі шамамен ұзақ саны 50—60 мың арасындағы жұмысшыларды қамтыған. Жұмысшы дружина және партиялар таза қазақтардан тұрмаған, олардың кейбірінде қазақ жұмысшылары бурят, өзбек, қырғыз және тәжіктермен аралас болған. Соған байланысты Ө.Бөкейханов Түркістан уалаяты құрамындағы халықтардан да майданға тілмәштар шақырған.

Енді қысқаша майдан жұмысындағы жігіттердің жағдайына келейік. Біз жоғарыда Ө.Бөкейханов пен оның серіктерінің майдандағы жігіттерді аралап шыққан соң 1917 жылы 12 қаңтарда Минскідегі Земск және қала одақтары комитетінде баяндама жасағанын айттық. Бұл баяндама Минскідегі әскери цензордың тексеруінен өткен соң, «Қазақ» редакциясына жіберіліп, газетте жарияланады. Міне, осы баяндамадан жұмысшы жігіттердің жағдайына байланысты біраз мәлімет алуға болады.

Жұмысқа алынған жігіттер 100, 150, 200 адамға арнайы жартылай жерді қазып, төбесін тақтаймен, оның үстін

¹ Тәкенов Ө. Аталған мақала, 57-б.

² «Қазақ». 1917, №215, 216.

³ Сонда, №234.

топырақпен жапқан, ал астына тақтай төсеп еден жасаған, 2—3 терезесі бар үйлерде тұрған. Үй ішіндегі екі жақ қабырғаға екі қабат нар-сәкілер орналастырып, жатын орын жасаған. Үлкен бөлменің ортасында тамақ ішу үшін стол қойылған. Кейбір үйлерде сәкілер екі жақ қабырғаға және ортасына салынғандықтан тамақ ісуге стол қойылмаған. Сондықтан кейбір үйлерде асхананы арнайы бөлек жасаған. Бірақ мұндай үйлер өте аз болған. Үйлердің ішінде 2—3 темір пеш орнатылған.

Алғашқы келіп орналасқандардың үйлері жылы, құрғақ, тұруға жайлы, ал соңғы, кешірек келгендердің үйлері күзгі жауын, суықта салынғандықтан ылғалды болған. Соңғы келгендердің бәріне бірдей үй жетпегендіктен, олардың біразы үйлердің шатырларына орналастырылған. Шатыр астындағы үйлерді су өтпейтін кенеппен қымтаған, терезелері екі басында, 100—150 кісілік болған, бұлардың ішіне де жер үйлер сияқты сәкі, пеш орналастырылған, бірақ жер үйден суық, дымқыл болып келген.

Жер үйлердің көбісі суық және дымқыл, ішінара болмаса, көбісі күндіз де қараңғы еді. Темір пештерді қанша жаққанымен, үлкен үйге жылуын жеткізе алмаған. Сәкілер қайсыбір үйлерде үш қабаттан салынған. Күндіз жұмыстан су болып қайтқан жұмысшылар, кешкісін киімдерін кептіруге жайғанда үй іші ауасы адам төзгісіз ауыр болған. Ал арнайы киім кептіретін орындар өте аз салынған. Жігіттер үшін, әсіресе, жайсызы шатыр үйлер еді. Суық, әрі дымқыл мұндай үйлерде жатқан жігіттер көп ауырған. Монша, кір жуатын үйлері бар дружиналар өте аз болған. Қайсыбір дружиналарда жігіттер моншаға айына бір рет түскен. Жұмысшылар киімдерін көп жағдайда өз қаржыларына жудырған.

Жұмысшылардың тамағы, жалпы алғанда, жаман болмаған. Дегенмен мұнда да жаңа жағдайға көндіруге тура келген. Бұрын ет пен айран-сүтке үйренген жігіттерге, енді қапуста, қарақұмықтан, картоптан жасалған тағамдарға бейімделуге, тамақ есебінде нанды көбірек пайдалануға тура келген. Жергілікті билік орындары қазақ пен қырғыздардың ерекшеліктерін түсініп, өздеріне жылқы сойып, ас етуге рұқсат берген. Жігіттер өзара ақша жиып, азыққа жергілікті шаруашылықтардан жылқы сатып алып отырған.

Жұмысшыларға жетісіне бір, яғни жұма күні демалыс берілген. Қайсыбір дружиналарда бес уақыт намаз оқу, Құдайға құлшылық ету үшін мешіттер салынған¹.

Майдандағы жұмысшылардың жалпы жағдайы осындай еді. Дегенмен дымқыл ауа райы, суық үй, қалың қар, бұрын үйренбеген жағдай — жігіттердің арасынан ауру-сырқаулардың көп шығуына себепші болған. Майдандағы дәрігер, фельдшер оларға зейін салып қарамаған.

Ә.Бөкейханов бастаған бұратана бөлімі өзінің Мәскеу, Минск және Киев сияқты қалалардағы Земск және қалалық одақ комитеттерінде жасаған баяндамаларында, үкімет орындарында болған қабылдауларда, түрлі өтініш хаттарында жігіттердің бірқалыпты жұмыс жасауына қажет шараларды қарастырады. Мәселен, Мәскеу Земск және қалалық одағында бұратана бөлімі атынан жасалған баяндамада билік орындарына жігіттердің тұрмысына байланысты 10 тармақтан тұратын өтініш айтылған. Олардың арасында жұмысшылар орналасқан үйлерден артық сәкілерді әкету, темір пештерді тас-кірпіш пештермен ауыстыру, шатыр үйдегі жұмысшыларды жер үйге ауыстыру, жаңадан жер үйлер, жігіттердің киімін кептіретін орындар салдыру, дәрігерлік көмек ұйымдастыру тағы сол сияқты мәселелер көтерілген болатын. Бұл өтініштердің біразы жергілікті билік орындарының қолдауын тауып, уағында орындалған еді. Мәселен, бұратана бөлімінің араласуымен 9, 10 және 16-жұмысшылар дружинасындағы жігіттерді жер үйге ауыстырған². Әскери әкімдер қазақ жігіттеріне азыққа жылқы алу ісін ұйымдастырған. Соның нәтижесінде бір дружинаға қарайтын бірнеше партия жігіттері тамаққа деп бір күнде 15 жылқы сойған³.

Бұратана бөлімі үшін ең үлкен мәселеге айналған жұмысшыларға дәрігерлік көмек ұйымдастыру ісі еді. Бұл мәселеге байланысты жұмысшылардың жағдайынан мына бір хаттан келтірілген үзінді арқылы түсінік алуға болады. «Омбы уезінен бірге шыққан 1207 жігіт едік, — деп жазады 12-инженерлік армияның бұратаналар тобындағы

¹ Сонда, 1917, №220.

² Сонда, №216.

³ Сонда, №220.

4-отрядтың аға хатшысы Жұмат Шанин, — бұл күнде бәріміз де аманбыз, майданға жақын жерде жұмыс қылып жатырмыз. Ел-жұрт, ата-ана, құрбы-құрдасқа көп сәлем. Бұл күнде бірге шыққан 1207 жігітті бөліп жіберді, осы арасы бізге ауыр болды, жат жерде туысқаннан артық болып едік. Расын айтқанда, 500 жігіттің көбі ауру, бұлардың нашарларын ауруханаға әкетті. Жұмысқа тіпті жарамаста, бұларды қайтармақ»¹.

Ә.Бөкейханов «Қазаққа» жазған хатында «Майданда науқастанған жігіттерді Земск союздың майдандағы ауруханаларына жібереді. Онда докторлар, фельдшерлер қазақша, ал ауырған жігіттер орысша тіл білмейді. Дружинадағы жігіттердің өз арасынан қойылған тілмаштар жөнді тіл білмеген соң, аурудың жайын жеткізіп айта алмайды. Бұл жайды жеткізген соң Земск Союз бізге «тез өздерің докторларыңды, фельдшерлеріңді тауып беріңдер, біз оларды өзінің қазақтарына қоялық» дейді. Одан ары ол дәрігерлерге берілетін айлық және басқа жағдайларды баяндай келіп, «Біз доктор, фельдшерлерді шақырғалы, газетке жазғалы бір талай уақыт болды. Бұл күнге шейін келген, яки келемін деген кісі болмай тұр. Қазақтың оқыған азаматтары қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп, пайдамызды тигіземіз. Кісі тез керек. Талапкер тілмаштар да жоғары адреске һәм «Қазақ» басқармасына телеграм берсін» — деп жазады².

Бір өкініштісі сол, Ә.Бөкейхановтың қазақ дәрігерлеріне арнаған үні Том қаласындағы дәрігер Әбубәкір Алдияровтың ғана құлағына жеткен еді. Ол М.Дулатұлымен бірге Минскіге наурыз айының басында келіп жетеді. Аз уақыттың ішінде оның майдан жұмысындағы қазақ жігіттеріне жасаған дәрігерлік қызметі аса елеулі болған. Ол жөнінде Минск жанындағы 9-дружина жігіттерінің атынан Нығметолла Қайымекеұлы «Қазаққа» «Доктор Әбубәкір Алдияров жақсы қарап, көп пайдасы тиіп тұр. Бауырларына ерінбей еткен қызметі үшін төңір жарылқасын айтамыз»³ — деп жазды.

Бұл уақытта майдандағы жігіттерге қызмет жасауға бұратана бөлімі қарауына біраз қазақ оқығандары да келіп

¹ Сонда, №215.

² Сонда, №215.

³ Сонда, 1917, №229.

үлгерген болатын. М.Дулатұлы наурызда «Қазаққа» жолдаған хабарында: «Қазір Минскіге келгендер: Қазан студенттері — Айса Қисықов, Шафхат Бекмұхамедов, Мұхамедқазы Шотаев; Мәскеу студенттері — Нәзір Төреқұлов, Мұса Сейдалин, Хасен Бөкентаев; Петроград студенті — Шахмардан Қапсаламов. Мұнда тағы Ғалихан, Мырзағазы, Әбубәкір, Мирякуб. Барлығы «Қазаққа» жазылған. Шақырылған докторлардан Әбубәкірден басқа Есенғали Қасболатов келмек болып тұр...

Доктор, фельдшерлеріміздің бұл жұмысқа қалай шабандауын білмейміз»¹ деп жазды.

Наурыз және сәуір айларына қарай бұратана бөлімі қарауына келуші-қазақ зиялыларының саны арта түседі. «Қазақ» бетіндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл кезде сонда жеткендердің арасында Асфендияр Кенжин, Біләл Сүлеев, Файзолла Ғалымжанов, Елдес Омаров, Әзімбек Бірімжанов, Райымбек Мақатов, Хайралдин Болғанбаев, Тамимдар Шахулеев, Сейіл Жиенбаев, Бижанғали Жанқадамов, Сәндібеков, Боранқұлов және басқа азаматтар бар еді. Бұлардың көмегі кейінірек жігіттерді майданнан қайтып елге жеткізу кезеңінде аса қажет болды.

Наурыз айында Ә.Бөкейхановтың Уақытша үкімет орындарының шақыруымен Петроградқа аттанып кетуіне байланысты оның орнына Минскідегі бұратана бөлімінің бастығы болып Асфендияр Кенжин бекітіледі де, бұл уақытта өзінше дербес ұйымға айналған Киев бұратаналар бөлімінің бастығы болып Мырзағазы Есболов бекітіледі.

Бұл уақытта алғашқы үрейден бойы арылған жігіттер біртіндеп майдандағы жағдайға үйреніп, көңілдері жайланады. Жігіттермен бірге майдан жұмысына дейін еріп келген бірен-саран адамдар да елге қайтып... қорқып отырған елге жігіттердің амандығын жеткізіп, қуантып, бірте-бірте ел де көндіге бастаған еді. Бұған қосымша «Қазақ» газеті өз бетінде ауық-ауық жігіттердің хатын, жолдаған өлеңдерін басып, мынадай мазмұндағы мақалалар жариялап тұрады: «Күнбатыс майданындағы жігіттерді аралап көрдік, сөйлестік, елдегі қаралғандағы, жөнелтердегі қалып жок: бойы суып, көңілі тоқтап, жаңа қоныстарына үйренген көрінеді. Бір жерде жатқан көп адам жас жігіттер

¹ Сонда, №223.

камығып, қайғы басып, ойын-күлкіні тыйып, жүдегені көрінбейді. Жұмыстан қайтып, тамақтарын ішкен соң, топ-тобымен бастарын қосып, әңгіме, өлең айтып, домбыра тартып, үйлерін бастарына көтеріп жатады. Іштерінде жақсы өлең шығаратын ақындар да бар көрінеді»¹. «Қазақ» газеті сондай ақындардың бірі Әкімәлі Қаржауұлының еліне деген мынадай сөлемін жариялайды:

Аралға қонды суы жоқ,
Мезгілсіз ұшқан бір топ қаз.
Бауырын төсеп жатуға,
Жапырағы жоқ, жері саз.
Ұшайын десе мерген көп,
Ұя салған көліне,
Аңдымайтын адам аз...
Өсіп, өнген жеріне,
Қайтатұғын қаңқылдап,
Болар ма екен оған жаз?...»².

Майдандағы жұмыс, жат жер, жат ел, жаңа орта жігіттер үшін өмір мектебіне айналған болатын. Аз уақыт ішінде жігіттер ысылып, саяси танымы өсіп қалған еді. Майдандағы бұратана бөліміне «Қазақ» газетінің шақыруы бойынша ең алғашқылардың бірі болып жеткен азамат, қостанайлық мұғалім, кейіннен Киев бұратана бөлімінің бастығы болған Мырзағазы Есболов «Қазаққа» жазған хатында «...Адам баласының адамшылық негізі — жастан оқу оқып, қолдан келгенше ғылым жолында бар күшін сарп етіп, жалпы адам баласына, оның бер жағында өз отанына қызмет етіп, ғұмырын өткізбекші... Біздің мұнда келген жігіттеріміз де көзі соқыр, надан. Еуропаның өнер арқасында тапқан нәрселерінің шет жағасын енді көріп отыр. Жігіттер ждифат қылса осы жұмыста жүріп көзі ашылып, елге үлгі өнеге, өнер үйреніп қайтатын керінеді. Жігіттер аман-есен елге тарағанда мұнда келгеніне қуанбаса, ренжімес»³, — деп жазды. Бұл пікірдің, артық-кемі жоқ еді. Өйткені оны айтушы М.Есболов үшін де майдандағы жұмыс үлкен саяси қайраткерлік істің басы болған-тын.

¹ «Қазақ». 1917, №224.

² Сонда, 1917, №215.

³ «Қазақ». 1917, №221.

Бұл арада жұмыскер жігіттердің әлеуметтік кемелдену жолына түскенін айғақтайтын көптеген фактілер келтіруге болар еді. Біз олардың бір-екеуін келтірумен ғана шектелейік.

«Құрметті ауылнайымыз Досжан һәм оның кандидаты Садуақас Бұланбайұлы, — делінеді Павлодар уезі Ақкөл болысы 5-ауыл жігіттері Рамазан Сейітұлы, Мұқыш Еркетайұлы және басқа барлығы 37 жігіт қолдарын қойған хатта, — 25 маусым Жарлығы шыққаннан кейін, күздігүні сендерді қызметтен алып қаламыз деп 60 кісіден 100 сомнан ақша алып едіңіздер, басқаларды не қылғандарыңызды білмейміз, біз 37 жігіт қызметке алынып кетіп бара жатырмыз, өзір мұқтаждық көрмегенмен «заман қандай, заң қандай», мүмкін болса, ағатайлар, алған ақшаларыңызды кешіктірмей жіберсеңіздер екен!»¹. Мұндай мазмұндағы хаттар «Қазақта» көп жарияланған болатын.

Соғыс басталғаннан кейінгі уақыттағы экономикалық дағдарыс «Қазақ» газетінің де шығып тұруын қиындатып жіберген еді. Соған байланысты газет басқармасы газетті шығарушы «Азамат» серіктігіне қаржы қосып енуге жеке азаматтарды шақырып, хабарлар жариялайды. Мұндай хабарлармен танысқан жұмысшы жігіттер газет басқармасына хат жазып, жұмыс істеп тапқан азын-аулақ айлығынан жәрдемге ақша жібере бастайды. Мәселен, Қостанай уезі Кеңарал облысының 16-дружина 210-партиядағы жігіттері «Қазақтың» 214-нөміріндегі баспахана туралы хабарын оқып, «Қазақ» басқармасына 103 сом жәрдем жинап жібереді. «Қазақ» газетінің басқармасы бұған берген жауабында «тілектеріңізге Алла риза болсын, өздерің тар жерде жүрсіндер, сендерге бір тиын да болса ол жақта керек, өздерің тарықпасаңдар біз соған шатпыз» деп, «тек ақыры қайырлы болып, бұрын дүние көрмеген жастар бұл сапардан жер-су танып, пайда-зиянды айырып, пікірі ашылып қайтса, халқымыз үшін келешекте зор пайда болар» деген пікірге тоқтап, салған ақшаларын жігіттерге қайтарып жібереді².

Жұмысқа алынған жігіттердің саяси танымы мен белсенділігінің артуы олардың «Еркін дала» атты саяси

¹ Сонда, 1917, №220.

² Сонда, 1917, №219.

ұйым құруларынан айқын байқалды. «Еркін дала» майдандағы жұмыста жүрген жастардың арасында пайда болып, бірақ ол жақта ұйымдық тұрғыдан құрылуға қажет жағдай болмағандықтан, елге келген соң шілде айының алғашқы жартысында «Қазақ» газетінің жанынан Орынборда өз орталығын ашты. Ұйымдастырушы жігіттер ол жөнінде «Еркін дала» қауымы соғыс майданында туып, оған көбірек жәрдем берушілер жұмыскерлер болды. Сондықтан майдан қызметінде жұмыс қылып жатқан азаматтарға төңірі жарылқасын айтамыз»¹ деп жазды.

Бұл ұйымды құрушылар кімдер еді? «Қазақ» газетінің 236-нөмірінде олардың аты-жөні аталған. Олар Асфендияр Кенжин, Нәзір Төреқұлов, Тел Жаманмұрынов, Шаһмардан Қапсаламов, Мұса Сейдалин, Хайралдин Болғанбаев, Ахмет Байғұрин және Мырзағазы Есболов. Бұл кісілерден басқа қауымға ағза мүше болып Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бала-шағаларымен, Ж.Жәнібеков, Ө.Мұқанов, Қ.Сатқанов, П.Нұрмұхамедов, С.Қадірбаев, М.Төлебаев, Б.Жарылғасынов, штабс капитан Сарботин және қазақ студенттері мен учительдері жазылады. Газет, сондай-ақ қауымның 4810 сом 76 тиын қаржысы бар екендігін айтқан. Ал қауымға кірушілер ең кемі 3 сом жарнама қосқан.

«Еркін дала» қандай мақсаттар көздеді? Қауымды құрушы топ ол жөнінде «...біріміз қырда, біріміз ойда, ақбоз үйдің ішінде ет жеп, қымыз ішіп шалқамыздан сұлап жата берсек алдымызға әкеліп тартып тұрған сыбағаларымыздан құр қаламыз — ел-жұрттың обалы сонда кімге қалар?» — деп сауал тастап, оған өздері былайша жауап береді: «Бір шоқ оқыған жастар ортамыздан бір қауым аштық; оған «Еркін дала» деп ат қойдық. Бұл қауымның мақсаттары — халқымыздың көзін ашып, мәдениет жолына ілгері бастыру, мұның үшін түрлі мектептер, стипендиялар ашпақшы һәм газет, журнал, мектептерге керек түрлі кітаптар шығармақшы.

Ресейдегі өзгеріске қарай халыққа мұқтаж саяси шаруашылық жайын, жер туралы болған түрлі пікірлердің бағытын түсіндіру, халықты оятып өнер-білімге қозғау үшін ел арасында әр түрлі үлгілі ойындар істеп көрсету.

¹ Сонда, 1917, №236.

Бұл қауым мұқтаж шәкірттерге тегін оқып жататын жай, даяр тамақ жейтін орындар ашпақшы. Қазаққа керек ауруханалар ашу да қауымның міндеттері болмақшы.

Соғыс майданына барып жұмыс істеп қайтқан жігіттердің мұқтаждарына һәм олардың жақындарына тиісті жәрдем бермекші»¹. Тамыз айында өткен оның ұйымдастыру съезі де шамамен осы мақсаттарды бекітті².

Көріп отырғанымыздай, «Еркін даланың» алдына қойған мақсаты зор еді және олардың мазмұны, негізінен, ағартушылық және халықтың қоғамдық-саяси белсенділігін көтеруге саятындығын аңғару қиын емес. Бірақ бұл ұйым ұйымдасқан түрде қанат жайып, ел өміріне араласып кете алған жоқ. 1917 жылдың екінші жартысындағы аласапыран оқиғалар оған мүмкіншілік бермеді. Дегенмен бұл қауымның тізіміне жазылған кісілердің түгелдей «Алаш» партиясының құрамына еніп, саяси өмірге белсенді түрде араласқанын байқаймыз.

Міне, осылай жігіттер майданда жұмыс жасап жатқан уақытта патша билігінің құлағаны туралы да хабар келіп жетеді. Бұдан кейінгі уақытта Ө.Бөкейханов бастаған топ үкіметтің арнайы шешімі шыққанша жұмыстағы жігіттерді соғыстың соңына дейін аянбай қызмет етуге шақырады. Петроградтан 20 наурызда Ө.Бөкейханов, М.Шоқай және М.Дулатұлы үшеуінің қол қойып, «Қазақ» басқармасына жіберген «Алаш ұлына» атты үндеуде «25 маусым» Жарлығы бойынша соғыс желкесіндегі қызметке енді алынатын бұратаналарды халықтың шаруасы күйзелмесін деп жаңа үкімет алуды тоқтатты. Бұрынғы алынған жігіттер осы күні жұмыс қылып жатыр. Біздің қолымыздан келер көмегіміздің зоры сол, бұрынғы жұмысшылар ерлік көрсетіп, аянбай жұмыс қылу. Олардың жай-күйін жаңа үкімет жеңілдетеді, қазақ та қарап тұрмауы керек. Біздің жігіттер соғыс қызметіне әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскері арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың қолқасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне, біздің көмегіміз осы болуы керек. Мұны жігіттер де, жұрт та білсін!»³ — деген сөздер бар еді.

¹ Сонда.

² Сонда, 1917, №242.

³ «Қазақ». 1917, №225.

Бұл берілген үзіндіден, әрине, үндеу авторларының жаңа үкіметті мейлінше қолдау жағында тұрғандығын аңғару қиын емес. Бірақ бұл 1916 жылғы 25 маусым Жарлығына байланысты шарасыздықтан туған қолдау емес, керісінше, өздерінің саяси көзқарасына сай келетін революциялық өзгеріс нәтижесінде өмірге келген биліктің саяси бағытын саналы түрде қолдаудан туған ұстаным еді. Олар өздерінің бұл ұстанымын «Қазақта» жарияланған «Жәрдем жию керек» деген үндеуі арқылы да білдірді. Әлихан, Әубәкір, Ажар, Хасен, Мирякуб, Мырзағазы қол қойған бұл үндеулері «халыққа еркіншілік, бостандық алып беру жолында алысып, абақтыға түскен, айдалған, қазір босатылған сабаздардың һәм жұмысшылардың үйде қалған жарлы бала-шағаларының пайдасына ақша жинау» қажеттілігі айтылып, өздерінің азат етілген азаматтар пайдасына 100 сомнан және жұмысшылардың бала-шағаларының пайдасына 100 сомнан қосқандықтарын білдіріп, бұл аса маңызды саяси іске мұрындық болуды «Қазақ» басқармасынан өтінеді.

Дегенмен майдандағы жұмысшыларды елге қайтару да көп күттірген жоқ еді. Сәуірдің ортасына қарай жұмыстағы жігіттерге «елдеріңе қайтуға даярланыңдар!» деген хабар жетеді. Бірақ елге қайтару туралы ресми шешім кейінірек шығады. Уақытша үкімет өзінің 1917 жылғы 5 мамырдағы №16712 қаулысымен 25 маусым Жарлығы бойынша алынған бұратана жұмысшылар бәрі тегіс еліне қайтарылсын деп үкім етіп, «жұмыс істеп жатқан мекемелер, зауыттар, темір жол һәм басқа орындар баршасы да өз қолында жұмыс қылып жатқан жұмысшылардың санын, елдерінің адресін, от арбаға отырғызатын һәм военный әкімдер қолына әкеліп тапсыратын орындарын білдіруге тиіс. Ел жақта жұмысшылар алу ісін тоқтату, алынып қойғандары болса үйлеріне тарату керек»¹, — деп көрсетеді.

Міне, бұл құжат жарияланған бетте барлық жұмысшы дружиналарда елге қайтуға дайындық жүре бастайды. Бұл жұмысқа тағы да бұратана бөлімдері басшылық етеді. Оның қызметкерлері, көмекке келген оқыған азаматтар майдан даласына таяу аймақтарда түрлі қалаларда, темір жол

¹ «Вестник Временного правительства». 1917, 16 мая, №49; «Қазақ», 1917, №231.

бойларында жұмыста жүрген жігіттерді аралап, есебін алып, оларды елге қайтаруға кедергілер болмау жағын қарастырып еңбек етеді. Елдес Омаров пен Мырзағазы Есболов 19 мамырда басылған хаттарында «қолымызға ставкадан жігіттерді қайтару туралы жасалған план тиді. Ол план бойынша «күнбатыс майданындағы жігіттер бәрі 35 эшелон болып қайтарылмақшы. Қайтатын жолы екі: *бірі* оңтүстік Текеге (Уралскіге) һәм ішкі Ордаға баратын жолы, *екінші* — Вязьма, Сызран, Самаралатып жүретіндер жолы»¹, — деп, одан ары бұл істің шамамен бір айсыз бітпейтіндігін айтады.

Майдандағы жұмысшыларды елге қайтару 1917 жылдың мамырының орта тұсында басталған болатын. Оларды елге бастап қайтқан бұратана бөлімдеріне (Ө.Бөкейханов ұйымдастырған) өз еркімен қызметке барған қазақ зиялылары еді. Ол жөнінде 1917 жылы 27 мамыр күні шыққан «Қазақтан» мынадай хабарды оқимыз: «Бір эшелон өзбектерді бастап студент Нәзір 20 мамырда, бір эшелон жалайырды бастап Мырзахан 21 мамырда, бір эшелон сарттарды бастап Шаһмардан Қапсаламов 22 мамырда Орынборлатып өтті. Бұлардан басқа басшылық етіп Қостанай жігіттерімен Хасен, Орал жігіттерімен Мұса, Ақтөбе жігіттерімен Тел, Жетісу жігіттерімен Біләл қайтқан хабары да басқармаға тиді»².

Сонымен бірге жұмысшыларды елге қайтару кезінде бұратана бөлімінде бұл істі жүргізе алатын даярлығы бар азаматтардың жетіспеуіне байланысты көптеген топтар елдеріне өз беттерінше қайтқан. Көптеген дружиналар мен партиялардағы жұмысшы жігіттер еңбек ақысын ала алмаған, жол бойы біразының адасып, жоғалып кеткендері де болған. Бұратана бөлімінде қызметте болған Файзолла Ғалымжанов «Қазақтың» 8 қараша күнгі нөмірінде мынадай фактіні келтіреді: «Мен Смоленск губерниясында жұмыс істеп жатқан Семипалат облысының Усткаменогорск уезінің екі партия (270 һәм 271) жігіттерін шілденің 12-сі күні Семейдегі войнск начальнигіне алып барып тапсырдым. Бұл екі партияда ақысын ала алмағандар да көп екен,

¹ «Қазақ». 1917, №230.

Сонда, №231.

өлгендер де көп екен һәм ауруханаларда болып, яки жоғалып кетіп, елдеріне қайтпағандар да көп екен...»¹.

Майдандағы жұмысшылар елге қайтқан соң, артта түрлі қалаларда ауруханаларда қалған, жоғалып кеткен жігіттерді іздеп тауып, қамқорлық жасап, елге жеткізу міндетін тағы да сол бұратаналар бөлімі өз мойнына алады. «Бұратана бөлімінің ендігі қызметі деп жазды М.Есболов: —

- 1) былтырдан бері адасып жүргендерді, ауырып қалғандарды іздеп қарастыру;
- 2) жұмыста жүріп қол, аяқ, көзден айырылып, кем-кетік болып қалғандарға қазынадан жәрдем әперу шарасын табу»².

Бұратана бөлімінің бұл кезеңдегі жұмысына Тел Жаманмұрынов, Ғазымбек Бірімжанов, Сәндібеков, Боранқұлов, Райымбек Мақатов, Сейіл Жиенбаев және Асфендияр Кенжин сияқты азаматтар белсенді түрде ат салысады.

Жігіттерді майдандағы қара жұмыстан елге аман-есен оралту ісіне «Қазақ» газеті де белсенді түрде араласты. Газет бұл істің барысын баяндаумен шектеліп қалмай, хабарсыз кеткен жігіттерге іздеу салған хаттарды үзіліссіз жариялаумен болды. Сондай хаттардың бір-екеуінен үзінді келтірейік: «Көрген-білген бар ма? 25 июнь жарлығы бойынша майдан қызметіне алынып қайтпаған жігіттер: Амиын уезі Соңалы болысы 13-нші ауыл жігіті Байдәулет Атығайұлы былтыр 7-нші ноябрьде Сарытау қаласында жолдастарынан айырылып ауруханада қалған. 1500 сом сүйінші береміз.

... Тайған Есенғали Қауен баласы. Орал облысы Тер уезі Қалмаққуған болысы 14-нші ауыл қазағы Қауен деген кісінің баласы. Сол жігітті тауып тапсырған кісіге 500 сом сүйінші береміз. Және де сол ауылдың жігіті Шегім Оспан баласы Пензада ауруханада қалған жерінен дерексіз болып кетті. Осы жігітті тауып берген кісіге 1000 сом береміз. Ғабдолла Досжанұлы»³.

«Орал уезі Қарашығанақ болысы 14-нші ауыл жігіті Қайырғұл Меңдіұғлы Күнбатыс майданында 260-ншы партияда қызмет етіп еді, елге қайтқан жоқ.

¹ Сонда, №249.

² Сонда, №232.

³ Сонда, №256, 257, т.б.

Ақтөбе уезі 2-нші Бөрте болысы 1-нші ауыл жігіті Есқали Жаманқараұғлы соғыс майданынан қайтқан жоқ.

Темір уезі Қалмаққырылған болысы 2-нші ауыл жігіті Айдар Тарыбайұғлы соғыс майданынан қайтқан жоқ.

Павлодар уезі Мұздыкөл болысы 2-нші ауыл жігіті Өміржан Өтиұғлы Күнбатыс майданынан қайтқан жоқ. ...»¹

«Қазақта» жарияланған мұндай мазмұндағы хаттар көп еді. Газет азаматтарына іздеу салған ел ішіндегі отбасылардың өтінішін жариялап, сол арқылы халықтың мұңына ортақ екендігін білдірумен болды.

1917 жылы 28 шілдеде Минскідегі бұратана бөлімі өз жұмысын тоқтатады. «Минскідегі бұратана бөлімі жабылды. Істің бәрін Земсоюздың контрольный бөліміндегі бұратана столына тапсырдық. Аурулар, өлгендер һәм ақшасы тимеген жігіттер жайынан сол контрольный бөлімнен мағлұмат сұрау керек»² деп, оның адресін бөлім бастығы А.Кенжин хабарлайды. Бірақ бұратана бөлімі қарауына қызметке барған қазақ зиялыларының ең соңынан қайтқаны А.Кенжин емес еді. А.Кенжин осы хабарында «Сейіл Жиенбаевқа рұқсат әперіп Орша, Смоленск, Вязьма, Орел, Пенза, Сызран, Самар һәм басқа сондай қалаларға жібердік, ауру һәм өлген жігіттер жайынан мағлұмат жинауға һәм әр жерде қалған жігіттерді бір белгілі орынға жинап, еліне қайтаруға»³ деген мәліметті келтіреді.

Сөйтіп, майдандағы жұмысқа барған жігіттерге байланысты жұмыстарды тындырып, ең соңынан қайтқан Сейіл Жиенбайұлы еді. Ол «Қазақ» газетіне берген есебінде: «28 шілдеде Минскідегі бұратана бөлімі жабылды. Бөлім жабылғаннан кейін «Қазақтың» 240-нөмірінде айтылған қалаларды аралап шығуды тиіс көріп, Земск союздың күнбатыс майданы комитетінен рұқсат алып, қалаларды араладым. Бұл күнде Мәскеу мен Петроградтан басқа қалаларда бұратана жұмысшылар жоқ. Мәскеу һәм басқа қалалардан жинаған ауру, өлген бұратаналардың списоктері Тургайский областной управаға тапсырылды» деп, Мәскеудегі ауруханаларды аралай алмағандықтарын айтып, оларда аурулар бола қалған күнде, сұрап хабар алуға болатын адресіті ұсынады⁴.

¹ Сонда, 1917, №240.

² Сонда.

³ Сонда, №244.

⁴ «Ақ жол». 1923, №270.

Осылайша, 1917 жылдың шілдесінің соңы, тамызының басында майдандағы жұмысқа алынған жігіттердің соңынан оларға қызмет көрсету үшін барған қазақ зиялылары тарихының азаматтық ерлікке толы бір кезеңі аяқталған еді. Бұл шын мәнінде елдік үшін, сол елдіктің ертеңі үшін болған аласапыран күрестің жарқын көрінісі болатын. Міне, осы істің басында саяси қызметі жолында кемеліне келген қайраткер Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы басқарған «Қазақ» газеті тұрды.

М.Әуезовтің кезінде А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мүшелтойына арнаған мақаласында: ... «Қазақ» газетінің 1916 жылғы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білімі, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды...»² деген дәл және әділ пікірі газеттің майдандағы жігіттерге көрсеткен қызметіне де байланысты айтылған пікір болатын.

Тура сол кезеңде мұндай әділ баға Ә.Бөкейхановтың да қызметіне байланысты берілген еді және оны берген өзге емес, майдандағы қазақ жұмысшыларының өздері-тұғын.

«Қазақ» газеті 1917 жылғы маусымдағы санында күнбатыс майданындағы 229-партияда жұмыс жасаған Жетісу облысы Қапал уезінің 700 жігітінің, Торғай облысы Ақтөбе уезінің 94 жігітінің Ә.Бөкейханов атына деп «ия медресе, ия стипендия ашу жолына арнап екі мың сом жиып, мыңбасы Мырзахан Төлебаев арқылы елдеріне қайтып бара жатып «Қазақ» басқармасына тапсырып» кеткенін жазды. «Бұл екі мың сом ақшамен медресе де, стипендия да ашылмайды, — деп жазды газет, — жұмысқа барған 794 жігіттің одан артық жиюға пұлы жете тұрып, жомарттығы жетпей қалған жоқ. Ол һәм құқықты нәрсе. Олар мұрындық болып, іс бастап, арғысын Алаш алдына салып отыр. Осы еткен көсемдігіне де көп рақмет»¹.

Бір қызығы сол, Ә.Бөкейханов атындағы стипендия ашуға майданнан қайтқан жігіттердің жиған қаржысы бұл екі мың соммен шектелмеген. Қарқаралы уезі Ақсары, Қу, Кент, Дегелек облыстарының майдан жұмысынан қайтқан 640 жігіті өз бастаушылары Азнабай Сабекұлы арқылы

¹ «Қазақ». 1917, №232.

207 сом, Ырғыз уезі Қабырға болысының 5-нші және 8-нші ауыл адамдары Телжан Шонанұлы арқылы 267 сом 50 тиын беріп жібереді. Газет 24 шілде күнгі санында Бөкейханов атындағы стипендия ашуға халықтан келіп түскен қаржының 3602 сом 26 тиынға жеткендігін хабарлайды¹. Соған қарағанда, бұл шараның жұмысқа алынған жігіттер арасында қоғамдық қозғалысқа ұласқанын байқаймыз. Бұл арада мәселе, «Қазақ» басқармасы нақты атап көрсеткендей, тіптен жиналған қаржының көлемінде де емес еді. Қазақ қоғамы дәстүрінде бұдан бұрын жеке қайраткерлерге мұндай дәрежеде және мазмұнда құрмет көрсету шарасы болмаған. Ә.Бөкейханов пен оның серіктерінің 1916—1917 жылдары майдандағы жігіттерге сіңірген еңбегі қазақ қоғамы үшін қандай жаңа сападағы қызмет болса, өз ретінде жігіттердің, елдің де оларға жауап ретінде көрсеткен сый және құрметі де сондай, заманына лайық жаңа мазмұндағы құбылыс болатын.

1917 жылы Ақпан революциясы жеңіп, патша билігі құлағаннан кейінгі уақытта қазақ зиялылары қызметінде мүлдем жаңа кезең басталады. Басқаша айтқанда, ендігі уақытта тарих оның иығына ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес жүгін артқан еді.

¹ Сонда, №237.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

**V т а р а у . Ақпан революциясының
жеңуі және ұлт-азаттық қозғалыстың
жаңа міндеттері. Қазақ зиялылары
Уақытша үкімет қызметінде**

АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТ- АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ. ҚАЗАҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ зиялыларының Уақытша үкімет билігіне қатынасы жөнінде. Ақпан революциясының жеңіп, патшаның тақтан түскені туралы хабарды елдегі және майдандағы жұмысшылар арасында жүрген қазақ зиялылары зор қуанышпен және оның мұраттарын іске асыруға деген үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бұл хабарды естіген елдің сол тарихи сәттегі көңіл күйін А.Байтұрсынұлы мынадай сөздерімен береді: «Қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, қазан (өлеуметтік) революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді.

Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қабыл алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияларға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол, *біріншіден*, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және, *екіншіден*, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді»¹.

Қазан төңкерісіне қазақтардың үрке қарауын А.Байтұрсынұлы қазақ қоғамында капитализмнің жоқтығымен, соған сай таптық жіктелудің әлсіздігімен байланыстырды. Басқаша айтқанда, Байтұрсынұлы мен

¹ Байтұрсынов А. Революция и киргизы. «Жизнь национальностей». Орган народного комиссариата по делам национальностей. 1919, 2 августа, №29 (37).

оның серіктері Ақпан революциясымен бірге келген саяси өзгерістер ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін қазақ мүддесі тұрғысынан шешуге, оның мәдениетін өркендетуге және басқа міндеттерді шешуге жол ашады деп түсінді. Олардың ұғымынша, қазақ қоғамы алдында тұрған негізгі мәселелер осылар болатын. Ал Қазан төңкерісімен байланысты даму алған процестерді, ең таптық жіктелу мен тапаралық күрес жағдайындағы индустриалды, мәдениеттің жоғарғы даму сатысында тұрған елдерге тиесілі құбылыс, сондықтан да қазақтарға мүлдем жат нәрсе деп білді. Ал осы Ақпан революциясынан кейінгі уақытта олардың қоғамдық қызметі қандай мәселелерді шешуге бағытталды және ол мәселелердің қазақ елінің тағдырына ықпалы қандай болды, енді ретімен осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Ақпан революциясы жеңгеннен кейінгі күндері де қазақ қоғамындағы саяси жетекшілік сол бұрынғыдай «Қазақ» газеті басқармасы төңірегіне біріккен топ үлесінде болғандығын, жаңа қалыптасқан саяси жағдайда ұлттық қозғалыс алдындағы міндеттерді анықтау ісі сол бұрынғыдай солардың мойнына жүктелгенін байқаймыз. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 223-санында Минскідегі бұратана бөлімінде жүрген Ө.Бөкейханов, М.Дулатұлы, М.Есболов, Т.Жаманмұрынов бастаған барлығы он бес қазақ зиялыларының Қазақстанның барлық негізгі орталықтарына (25 адрес), белгілі бір адамдардың аттарына жолдаған жеделхат мәтінін жариялайды. Жеделхат жолданған адрестер мен адамдардың арасында, мәселен, Черняевтегі Тынышбаев, Петропавлдағы Көсемісов, Тілеулин, Омбыдағы Тұрлыбаев, Павлодардағы Сәтбаев (Өбікей), Семейдегі Мәрсеков, Тұрағұл Құнанбаев, Қарқаралыдағы Ақбаев, Смахан Бөкейханов, Ақаев, Ойылдағы Халел Досмұхамедов, Ырғыздағы Шонанов, Қоқандағы Ақаев, Өндіжандағы Қожықов, Торғайдағы Алмасов, Қаралдин, Тоқтабаев және басқа қазақ зиялылары бар еді.

Жеделхатта: «Ресейдегі барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное Собрание

сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарың — бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріндер. Біз қалайтын патшалық түрі — демократическая республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі.

Құдайдан басқа ешкімнен қорықпандар! Түзулікпен іс етіңдер, жаңа үкіметті сүйендер, министерствоның азық-түлік ісінде жүрген уполномоченныйлары мен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар! Халықтың көңілін білдіріңдер!»¹.

Бұл келтірілген жеделхаттан, оның авторларының саяси ұстанымы анық көрініп тұрғандығын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Ал ол ұстаным, *біріншіден*, халықты жаңа билікке толық қолдау көрсетуге шақыру болса, *екіншіден*, сол билікті қолдау арқылы оның сеніміне кіріп ұлт тағдырына қатысты өзекті мәселелерді шешіп алуға күш жұмсауды білдіретін еді. Басқаша айтқанда, қазақ зиялылары ешқандай да мүдірместен ескі феодалдық монархиялық билік жүйесі орнына келген жаңа буржуазиялық тәртіпке сүйенген өзгерістер жағына шықты. Ұлт зиялыларының мұндай ұстанымын тек шыққан әлеуметтік тегімен, сондай-ақ сол уақытқа дейінгі жалпыресейлік либералдық күштермен жақын болып келуімен байланыстырсақ, әрине, тым бір жақтылыққа ұрынар едік. Ұлт зиялыларының мұндай бағыт ұстануын, әрине, сол кезеңдегі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси жағдайымен, содан туындаған талап-тілектермен тікелей байланыста болғандығы хақ. Ал сол тарихи кезеңде қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған нәрсе, әрине, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық бостандық болатын. Қазақ зиялылары бұл мақсатқа алғашқы кезеңде жалпыресейлік демократиялық күштермен біріге отырып қол жеткізуге болады деп түсінді. Ресейден бірден бөлініп кетуді мақсат етіп қоюға қазақ қоғамы өзір емес деп білді.

Уақытша үкімет Бөкейхановты Торғай облыстық комиссары етіп бекіткен 20 наурыз күні М.Шоқай және

¹ «Қазақ». 1917, №223.

М.Дулатұлы үшеуі қол қойған «Алаш ұлына» атты үндеуде мынадай сөздер бар болатын:

«Азаттық таңы атты. Тілекке Құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ... Бізге осындай теңдік әперіп отырған орыс халқының ақ жүрек адал ниетті көсемдері, орыс халқының жұмысшылары һәм әскері. Бұлар бостандықты қан төгіп, жеңіп алды. Олардың бұл жақсылығын қалай қайтарамыз?..

Біз қазіргі әділ үкімет, азат Ресеймен бірлікте, бір кемедеміз, кемедегінің жаны бір. Ресейге бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз кайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң жақсылығына сүйінеміз, жамандығына күйінеміз... Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек... Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылалық, кешікпей ашылатын Учредительное Собрание һәм Г. Думада бөйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық!»¹.

Ал олардың түсінігі бойынша жаңа үкіметті қолдау «бұрынғы тыныш күйді бұзбау, азық-түлік істеріндегі уполномоченныйларды демеу, майданға һәм майдан сыртындағы жұмысшыларға керек май, ет, тары секілді азықтарды жиыстыру, запас жасауға барынша ұйымдасу»² еді.

Ө.Бөкейханов бастаған майдан жұмысында жүрген зиялылар тобының Уақытша үкіметке байланысты ең алғашқы ұстанымы осындай күйде болды. Уақытша үкіметке байланысты қазақ демократиялық зиялыларының көңіл күйін М.Дулатұлы былайша білдіреді: «Мен өз жолдастарыммен бірге Уақытша үкімет платформасында болдым және Ресейдің бұдан былайғы тағдырын тек Құрылтай жиналысы ғана шеше алады деп сендім, сондықтан да бар күш-жігерімді осы мақсатқа жұмылдырдым, Құрылтай жиналысының қазақ ұлтына өзін-өзі басқару құқын беретіндігіне сенімім мол еді»³.

¹ «Қазақ». 1917, №225.

² Сонда, №222.

³ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 1-т, 101-п.

Қазақ зиялыларының Уақытша үкіметке қолдау жасағанын айғақтайтын құжаттық материалдар біраз бар. Мазмұны өзара ұқсас болып келетін солардың біреуінен үзінді келтіре кетелік. Мәселен, наурыз айының бас кезінде Орынборға жиналған Орал және Торғай облыстарының бірсыпыра зиялылары Мемлекеттік Дума төрағасы Родзянкоға және жаңа тағайындалған Министрлер Кеңесінің төрағасы Львовқа мынадай мазмұндағы жеделхаттар жібереді:

«Петроград. Г.Дума председателіне Орынбордан, 2373. Біз төменде қол қойған Орал һәм Торғай облыстарының адамдары осындай зор оқиғалар болып жатқан кезде Ресейдің былайғы халықтарымен бірдей қуаныштары қойындарына сыймай зор шадлықбенен улұғ дәрежелі сіз арқылы Г. Думаны құттықтайды. Біздің қазақ халқы жаңа болған үкіметке шын ықыласымен қызмет етпекші, жаңа болған тәртіптің нығаюына бар күштерімен жәрдем етпекші һәм бәрімізге бірдей ардақты Ресейді сыртқы дұшмандан сақтауға тырыспақшы. Тәңірі сыртқы һәм ішкі дұшмандарды жеңуге өзі жәрдемші болсын. Г. Дума һәм көптен күтілген үкімет аман болып ғұмыр етсін!

Қазақтардың өкілі: Байтұрсынов, Қадірбаев, Тұрмұхамедов, Мачиев, Жиенчурин, Баатов, Нысанов, Тұнғачин, Омаров, Бекетов, Жиенғұлов, Қоқанов, Тыныштықбаев, Бегімбетов, Қойайдаров, Айшуақов, Жиенбеков»¹.

Наурыз айының басында Петроградқа түрлі қазақ облыстары мен уездерінен жіберілген жоғарыдағыдай мазмұндағы жеделхаттар аз емес-тін. Оларды жолдаушы қазақ зиялылары жаңа үкімет алдына қоғамдық мәселелерді қоюды да ұмытқан жоқ еді. Мәселен, Торғай облысы Қарашығанақ және Шілік болыстарының қазақтары 15 наурызда Родзянко, Львов және Мануиловтардың атына жолдаған құттықтау жеделхаттарында «оқыту жолымен қазақты орыстыққа аудару ебінен құтқаруды» өтінді².

М.Тынышбаев Жетісу қазақтары атынан жолдаған жеделхатында «бұдан былай жаңарған Ресейде жетімдік

¹ ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 34-іс, 13-п.; «Қазақ». 1917, №221.

«Қазақ». 1917, №223.

болмауын, осы үлкен оқиға кезінде ескі үкіметтің адасқан, жаман саясатымен қанға боялған қазақ халқын» ұмытпауларын жаңа үкіметтен өтініп, «түншығуға таянған қазақ халқының көздері сіздер жақта. Жазықсыз қамаудағы талай қазақтар жеңілдік, бостандық дәмөтіп тұр»¹ деп, 16-жылғы көтеріліс сарбаздарына азаттық беруді талап етті.

Сонымен, қазақ зиялылар қауымының патшалық билік құлағаннан кейінгі алғашқы сәттегі көңіл күйі көтеріңкі және жаңа билік жағында болды. Сондай-ақ жаңа билікке үлкен сеніммен әрі үмітпен қарап, қазақ халқының саяси тәуелсіздік алу мүмкіндігін соның қызметімен байланыстырды. Ұлттық саяси топтың сол бір тарихи сәтте мұндай ұстанымда болу себеп-салдарына кейін талдау жасаған Мұстафа Шоқай өз естеліктерінде мынадай тұжырымға келеді: «Революция біздің алдымыздан азаттық пен ұлттық дербес әрекеттің есігін сәл ғана ашқандай еді. Бірақ қараңғы түнекте тым ұзақ болған адамның жарыққа бірден қарай алмағандығы сияқты, біз дағы Ресейдің отарлық қапас жүйесі жағдайында болған ұзақ жылдардан соң, сондай-ақ оған өзіміздің қараңғылығымыз қосылып, бірден тура бағдар таба алмадық. Біздің өз артта қалушылығымыз арамыздағы бір тобымызды орыс революциялық демократиясы бағытын ұстануға мәжбүр етті. Ал келесі топтағылар болса (мүмкін бұлар басым көпшілік те шығар) саяси күрестегі табысқа дұға арқылы-ақ жетуге болады деп түсінді. Бұл екі бағдар да қате еді. Арасында өзім де бар бірінші топтағылардың қателігі Ресейдің орыс емес аймақтарындағы ұлт зиялыларының басым бөлігіне ортақ қателік болатын. Бұл қатарға тек поляктар мен финдерді жатқызуға болмас. Тіптен поляктар мен финдерден соң Ресейден бөліну жолына бірінші болып түскен украиндердің басым бөлігі де алғашында федералистер ұстанымында болды ...»²

Қорыта айтқанда, Ақпан революциясы жеңісі келіп жеткенде қазақ саяси тобы Ресейден бірден бөлініп, мемлекеттік тәуелсіздік жолына түсу мәселесін қойған жоқ, қайта не көрсек те империя халқымен бірге көреміз деген

¹ Сонда, №222.

² *Чокаев Мустафа*. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. Токио—Москва, 2001. С. 16-17.

ұстанымда болды. Оның мұндай бағыт ұстануын М.Шоқай тағы да сол «орыс империализмінің шеңгелінен өз күшімен пығып кету мүмкіндігіне деген сенімнің болмағандығымен»¹ байланыстырды. Бұл толық негізді тұжырым екендігі даусыз.

Қазақ комитеттерінің тарихын зерттеуге кеңестік тарихнама неге құлықты болмады?

1917 жылғы Ақпан революциясы жеңісінің қазақ жеріндегі алғашқы нәтижесі, сондай-ақ халықтың мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысының көрінісі ретінде өмірге келген Қазақ комитеттері жөнінде кеңестік тарихнама жұмған аузын ашқан жоқ. Неге? Ол мынаған байланысты еді. Осы жылдың наурыз айынан бастап барлық қазақ облыстарында өмірге келе бастаған Қазақ комитеттері жылдың екінші жартысында Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жергілікті жерлердегі тірегіне айналған еді. Яғни, басқаша айтқанда, Қазақ комитеттері 1917 жылғы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы қарлығашы, ең негізгісі мемлекеттік дербестікке ұмтылған халықтың шығармашылық қабілетінің бар екендігінің айғағы-тын. Міне, сондықтан да кеңестік тарихнамаға Қазақ комитеттерін толық заңды құбылыс ретінде мойындау Алаш қозғалысының ұлт-азаттық сипатын мойындаумен тең еді.

Қазақ комитеттерінің қалыптасуы мен қызметіне қатысты деректік материалдарды сол 1917 жылы қазақ зиялылары жариялаған көптеген мақалалардан кездестіруге болады. Комитеттерді сайлау тәртібі және олардың қызметі жөнінде көпшілікке түсінік беретін мақалаларды дер уағында жариялап тұрған Ө.Бөкейханов еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы әуелде комитеттерді сайлау барысында жариялаған мақаласында «қазақ жұрты адам болып, ғұмыр тұрмыста мұжық көршімен шаруа таластырып тарқы жолына кірісетін болғанда комитетке жұрттың пайдасын қуған, жұрттың қамын ойлаған азаматты сайлаған оң»² деп көрсеткен болса, сәл кейінірек

¹ Сонда. С. 17.

² Бөкейханов Ө. Шығармалар. 242—244; 262—266-бб.

бұл іске байланысты оның мынадай тұжырымға келгенін байқаймыз: «Биыл жазда болған комитет сайлаулары біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істерін көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын»¹.

1917 жылдың күрделі жағдайында қазақ қоғамында комитеттер сайлау мәселесіне тынымсыз қалам тартып, жұртқа жөн-жоба көрсету үшін «Қазақ» газетіне көптеген мақалалар жариялаған М.Дулатұлы болды. Мәселен, ол комитет сайлау барысында ел ішін жайлаған берекесіздікке байланысты налып «Болыстық қалып еді, жақсыларымыз болыстық тонын комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып ел билеу, момынға тізе көрсету екен деп адасты. Комитет ашу — бостандықты күшейту жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады ... Мынау әлі бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық! Бұл бостандықтан айырылсақ, көрген күніміз не болар?! Сана қайда?! Ардақты ақсақалдар! Атқа мінген ағалар! Ел билеген жақсылар! Талас-тартысты енді қойыңдар! Мынау болғалы тұрған зор істерге қамданыңыздар! Инсафқа қайтыңдар! Құдайдан қорқыңдар! Жұртты ойландар!»²

Кеңестік билік орнағаннан кейінгі уақытта Қазақ комитеттерінің тарихы жөнінде алғаш қалам тартқан авторлардың бірі — С.Сейфуллин. Ол Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы тақырыбына арналған өзінің белгілі тарихи-мемуарлық романында Қазақ комитеттерінің қызметіне де кеңінен тоқталып, өте маңызды тарихи фактілер мен құжаттарды келтіреді³. С.Сейфуллин Қазақ комитеттерінің патша билігі құлағаннан кейінгі уақытта қазақ өмірінің негізгі ұйытқысына айналып, оның «соты да, милициясы да, өкіметі де» бір өзі болғандығын нақты дәлелдермен көрсетіп жазды.

С.Сейфуллиннің көрсетулерінің тағы бір құндылығы Қазақ комитеттерінің Уақытша үкімет мекемелерімен бір мезгілде өмірлік қажеттіліктен туғандығын, сондай-ақ олардың Алаш партиясы мен Алашорда өкіметінің жергілікті комитеттерінен бұрын және дербес пайда

¹ Сонда, 263-б.

² «Қазақ», 1917, №236.

³ Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Қызылорда, 1927 (қайта басылымдары: Алматы, 1936, 1960, 1977).

болғандығын, яғни 1917 жылғы саяси құрылымдардың ара жігін ажыратып жазуында еді.

Дегенмен белгілі қайраткер Қазақ комитеттерінің құрамына және қызметіне баға беруге келгенде бір-жақтылыққа ұрынды. Мәселен, ол «комитеттердің басында қазақтың бұрынғы үлкен оқығандары: адвокат, судья, доктор, чиновник, переводчиктер — байдың балалары. Ал бұларды билеуші — молдалар, ишандар, бұрынғы жуан болыстар»¹ — деп жазды. Бұл пікір тарихи шындықтан алыс емес. Оны басқа құжаттар да құптайды.

Алайда «Қазақ комитеттері тек байлар мен бұрынғы болыстардан тұрды, соған байланысты оның қызметі халық мүддесіне қайшы мазмұнда жүрді» деген сияқты тұжырыммен шектеле салу, әрине, күрделі тарихи шындықты түсінуге тырысудан бас тартумен тең болар еді. Бұл арада біздің пікірімізше, мынадай жағдайлардың ескерілгені жөн. Біріншіден, білімді адамдарға тапшы, қоғамдық-саяси қызметте тәжірибесі өте аз қазақ қоғамы жағдайында бірден демократиялық мұраттарды көздеген комитеттердің құрыла қалуын күту, әрине, ұшқарылық болар еді. Сондай-ақ ескі билік өкілдерінің жаңа ұрандарды жамылып, жаңа билікке ұмтылуы адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс. Дегенмен Қазақ комитеттерінің құрамында шын демократиялық өзгерістер үшін тер төккен элементтердің болғандығын, олардың реакциялық топтармен жүргізген күресін жоққа шығару қисынсыз болар еді. Екіншіден, ауыр 17-жыл жағдайында Қазақ комитеттерінің бұқараға азық-түлік жеткізу, босқындарға көмек ұйымдастыру, әйел теңдігі және басқа осы сияқты қоғамдық мәселелерді қойып, оларды шешуге жұмсаған жігерін елемеу мүмкін емес.

Өз ретінде айта кетелік С.Сейфуллиннің Қазақ комитеттері Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жөнінде айтқан пікірлерін де нақты тарихи контекстен бөліп алып қарауға болмайды. Жазушы аталған ұйымдарға қатысты ойларын енді ғана күш ала бастаған большевиктік идеологиялық өктемдік жағдайында жазған болатын.

¹ Сонда. Алматы, 1977, 53-б.

² «Қазақ», 1917. №236.

20—30-жылдардағы зерттеушілер қазақ зиялыларының Ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі қызметі жөнінде, жалпы осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайды баяндағанда, көбіне Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі қызметіне тоқталып, Қазақ комитеттерінің жұмысына келгенде мәселеге тереңдеп бармауға тырысты. Қазақ комитеттерінің қызметіне мұндай қатынастың себебін, ең алдымен, сол тұстағы ресми идеологияда, кеңестік тарих ғылымында Ресей империясындағы ұлт-азаттық қозғалысқа оң қатынастың болмағандығынан және сондай-ақ, Қазақстанда Алаш қозғалысына қатынасушыларға қарсы репрессиялық шаралардың ашық іске асырыла бастауынан іздеген жөн. Яғни сол кезеңде Қазақ комитеттерінің тарихын зерттеу Алаш қозғалысы тарихын зерттеумен тең еді. Өйткені Қазақ комитеттері 1917 жылдың соңына қарай өмірге келген Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жергілікті комитеттеріне айналды. Өмірдің табиғи ағымынан туған тарихи шындық сондай еді. Түптеп келгенде, Қазақ комитеттерінің Алаш қозғалысы алдына қойған міндеттерден өзге мақсаты да жоқ-тын.

Міне, осы айтылғандарға кеңес тарихшылары арасында Уақытша үкімет тарихын зерттеуге үлкен ықыластың болмағандығын қосқан жөн. Кеңес өкіметі тұсында Қазақстандағы Уақытша үкімет мекемелері қызметін арнайы талдауға арналған бірде-бір іргелі монографиялық зерттеудің жарық көрмегендігі соның айғағы. Ал мұндай қатынастың түп-төркінін түсінуге болады. Уақытша үкімет патшалық құрылыстың орнына келген жаңа билік болғанымен де кеңестік, большевиктік билікке балама, әлеуметтік мазмұны жағынан буржуазиялық перспективаны көздейтін саяси жүйе болатын. Сондықтан да Уақытша үкімет іске асырған шараларды ашып көрсету большевиктік идеологияға тиімді емес-тін.

Сонымен бірге 20—30-жылдары-ақ Қазақ комитеттерінің қызметінен көзі қарақты оқырманға біршама объективті мәлімет бере алатын кітаптардың жарық көргендігін айтқан орынды. Бұл ретте біз, ең алдымен, Бочагов, Мартыненко, Брайнин және Шафиро сияқты авторлардың еңбектерін атаған болар едік. Өрине бұл авторлардың қазақ ұлт-азаттық қозғалысына іш тарта қарамаңдығы да белгілі. Олардың өз кітаптарын арнайы партиялық тапсырма

бойынша даярланғандықтары да жасырын емес. Дегенмен «қаптағы жуалдызды кім жасыра алған». Бұл аталған авторлардың кітаптарында берілген тарихи құжаттармен және Алаш қозғалысына жасаған олардың талдауларымен үстірт танысып шығып-ақ, Қазақ комитеттерінің өмірге келу себебі мен қызметінің мазмұнынан біраз хабар алуға болатын еді. Бұл кітаптардың жарық көре салысымен-ақ көп ұзамай ресми орындардың нұсқауы бойынша кітап сөрелерінен алынып тасталынуы да соған байланысты еді.

Қорыта айтқанда, 20-жылдары-ақ алаш зиялыларына қарсы бағытталған репрессиялық саясат өзімен бірге Қазақ комитеттеріне байланысты теріс, ғылыми әдіске жат көзқарасты ала келді. Ендігі уақытта Қазақ комитеттерінің қызметі Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығуын сөз еткен зерттеулерде жанама тақырып есебінде ғана қаралып, Қазақ комитеттерінің өмірге келуі және қызметі ұлттық «буржуазиялық» немесе ескі «феодалдық» топтардың саяси билікті өз қолдарына алу үшін жүргізген әрекеті есебінде ғана қаралуға тиіс болды.

Мемлекеттік тәуелсіздік алған жылдары Қазақ комитеттерінің тарихы арнайы зерттеу тақырыбына айнала бастады. 1995 жылы А.Махаева «Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 — маусым 1918 жж.)» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады¹. Қазақ комитеттерінің қызметі мектеп оқулықтарына ене бастады.

Қазақ комитеттерінің қалыптаса бастауы. Шамамен, наурыз айының оныншы жұлдызынан бастап облыс, уез, болыс және ауылдарда ескі құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметтің басқару орындары қалыптаса бастайды. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да ол билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер (Гражданские комитеты) есебінде пайда болды. Бұл комитеттерді құруда белсенділік облыс және уез орталықтарындағы орыс жұртының қолында еді, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Сондай-ақ олардың құрамына енгендердің арасында ұлтаралық қатынас мәселесінде ескі патшалық әкімшілік көзқарасында тұрғандар, әрине, аз емес болатын.

¹ Махаева А. Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы. (Наурыз, 1917 — маусым, 1918 жж.) А., 1995; Соныкі. Қазақ комитеттері. А., 1995.

Сонымен, ескі патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен қазақ қоғамының талап-тілектерінің тағы да ескерусіз қалуы әбден мүмкін еді. Соған байланысты Азаматтық комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде Қазақ (Азаматтық) комитеттері өмірге келе бастайды. Қазақ комитеттерінің өкілдері облыстық және уездік Азаматтық комитеттерінің атқару органдарына мүше болып енеді.

Қазақ комитеттерінің пайда болу негіздері, міне, осы айтылған жағдайға байланысты еді. Басқаша айтқанда, Қазақ комитеттері ұлт-азаттық қозғалыстың Ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі, оның өзінің түпкі, негізгі мақсаты — мемлекеттік еркіндікке ұмтылысының табиғи көрінісі, ұлттық мемлекет болуға жасаған алғашқы қадамы-тын. Сондықтан да кеңестік тарихнама өкілдерінің Қазақ комитеттерінің қалыптасу себебін оқиғалардың объективті даму барысынан іздемей, әлі өмірге келмеген Алаш партиясының құпия әрекетімен байланыстыруы, әрине, идеологиялық конъюнктурадан туған ірі қателік болатын.

Облыстық және уездік Қазақ комитеттерінің қалыптаса бастағандығы туралы алғашқы хабарлар «Қазақтың» 1917 жылғы 17 наурыз күнгі санында жарияланады. Олардың бірінде Орал қаласында 10 наурыз күні ел өкілдерінің жиналысы болып, елдің тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және әскер мен халыққа азық дайындау мақсатында облыстық Қазақ комитеті құрылып (төрағасы Ғ.Әлібеков), ол комитеттен Орал облыстық Азаматтық комитетіне мүшелікке Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдолла Әлібеков және II Дума депутаты Б.Қаратаевтың сайланғаны жөнінде айтылған¹.

11 наурызда облыстық Қазақ комитеттері Семейде (төрағасы Р.Мәрсеков) және Омбыда (төрағасы Е.Итбаев), ал осы айдың соңына қарай Алматыда (төрағасы И.Жайнақов) жұмыс жасай бастайды². Семей облыстық қазақ съезінің хаттамасында Қазақ комитетінің құрылуына байланысты «комитет ескі, шіріген билік құлап, енді халықтың өзіне тез революция жеңістерін бекітіп және оны

¹ Сонда.

² Сонда, №222, 223.

аяғына жеткізу үшін ұйымдасу қажет болған кезде революциялық төңкеріс жолымен пайда болды»¹, — деп көрсетілді. Ал комитеттің негізгі міндеті қазақ жұртының күшін біріктіріп жолға салу, жаңа биліктің ел басқару ісін нығайту, халыққа болып жатқан өзгерістерді уағында жеткізіп, күнделікті туып отырған түрлі мәселерді шешуге жұмылдыру еді².

Наурыз айының ортасына қарай Торғай облыстық Азаматтық комитеті құрылып, оның құрамына енгендердің арасында А.Байтұрсынов, Н.Бегімбетов, С.Қадірбаев және М.Тұнғачин бар еді. Комитет Торғай облысы азаматтарына үндеу қабылдап, онда жергілікті жерде тәртіп сақтау қажеттігін, соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізу үшін үкіметке көмек беру керектігін айтып, «сословиелік, таптық, партиялық және діни қырқысуға» шек қоюға шақырады. Құжатта тез арада өз араларынан уездік, аудандық, болыстық, селолық және ауылдық Азаматтық комитеттер сайлап, жергілікті жерде тәртіп және тыныштық орнатуға үндеу бар еді³.

Наурыздың екінші жартысында бұл үндеуге жергілікті ұйымдардан жауап түсе бастайды. Мәселен, 23 наурызда өткен Ырғыз уезіне қарасты 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-ауыл қазақтарының жиылысы «Уақытша үкіметті мойындайтындығын және оған ұлы Ресейдің басқа азаматтарымен бірге тең құқықта бағынуға әзір екендіктерін» білдіріп, облыстық атқару комитетіне өкіл етіп Тұрмұхамед Қисықов пен Шала Қылышбаевты сайлайды⁴.

Зерттеуші А.Махаева диссертациялық жұмысында мұрағат құжаттарына сүйене отырып Қазақ комитеттерінің Жарғысы мен Ережесінің болғандығын жазады⁵. Мәселен, сондай Жарғыны Орал облыстық Қазақ комитеті қабылдаған еді. Енді сол құжаттың мәтініне көңіл аударайық:

1. Орал қаласында демократиялық республика негізінде облыстық қазақ бөлімін үйлестіруші және атқару комитеті,

¹ ҚР ОММ, 15-к., 2-т., 422-іс, 43—48-п.

² «Қазақ». 1917, №222.

³ ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 137-іс, 19—19-об-п.

⁴ ҚР ОММ, 18-к., 1-т., 2-іс, 2-п.

⁵ Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (Наурыз, 1917 — маусым, 1918 жж.) Диссертация. А., 1995, 169-б.

ал уездерде — уездік, аудандық, болыстық, ауылдық атқару комитеттері құрылады.

2. Комитеттердің мақсаты: а) қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру; ә) ел тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және жалпы, тікелей, тең, әрі жабық дауыс беру бойынша мемлекеттік заңдардың негізін жасау үшін, сондай-ақ басқару формасын айқындау үшін шақырылатын Құрылтай жиналысына сайлауға өзірлеу.

3. Қазақ комитеттері қазақ ұлтының өкілдерінен тұрады.

4. Комитеттердің қазынасын халықтың өз еркімен берген қаржысы құрайды.

5. Көздеген мақсатқа жету үшін комитеттер халықтық жиналыстар, көпшілік лекциялар ұйымдастырады, кітаптар, үндеу қағаздар, т.б. шығарады және жер-жерлерге қолында өкілеттігі, нұсқаулары бар өзінің зиялы мүшелерін жібереді.

6. Комитеттер өзінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша өзара, сондай-ақ басқа мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста болады.

7. Облыстық Қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару комитетіне, болыстық және ауылдық комитеттер облыстық комитетке екі өкілден делегат жібереді. Облыстық Қазақ атқару комитеті Орал облыстық атқару комитетімен, уездіктер — уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады.

8. Комитеттердің өз мөрі және бұрыштамасы (штемпель), кіріс-шығыс квитанциялары мен журналдары болады.

9. Облыстық Қазақ комитетінің атқарушы органы 15 мүшеден тұратын басқарма болып табылады, бұлар өз арасынан төрағадан, оның екі серігінен, қазынашыдан, хатшы және оның екі көмекшісінен тұратын төралқа сайлайды.

10. Басқарма комитет мүшелерінің жалпы жиналысына шақырады¹.

Орал облыстық Қазақ комитетінің Ережесінде оны құру ісіне кәмелетке жеткен тұлғалардың құқы бар екендігі, сондай-ақ комитеттің құрамы қоғамдық ұйғарым арқылы

¹ Сонда. 28-29-66.

анықталатындығы айтылған¹. Облыстық комитет өз өкілдерін жіберіп 15 наурызда Ойылда уездік қазақ комитетін ұйымдастырып, оның төрағасы болып дәрігер Халел Досмұхамедов сайланады. Жаңа ғана іске кіріскен Орал облыстық Қазақ комитеті таяу арадағы міндеттерін анықтау және жалпы елдегі жағымды өзгерістерге өз үлесін және үнін қосу мақсатында облыстық Қазақ съезін шақыру ісіне қызу кірісіп кетеді.

Тура осы сипаттағы Қазақ комитеттерін құру әрекеті әкімшілік тұрғыдан Астрахан губерниясына қарайтын Бөкей ордасында да байқалды. Наурыз айындағы халық толқыны Ордадағы билікті қолында ұстап отырған Подгурский дегенді биліктен кетіріп, оның орнына сәуір айына белгіленген Қазақ съезіне дейін жергілікті қазақ Батырхайыр Ниязовты отырғызады². 20 наурызда Таловкадағы Уақытша үкіметтің жергілікті органы Астрахандағы губерниялық қоғамдық қауіпсіздік комитетіне «қазақ тұрғындары өздерінің қаулысымен халық комитетін құрды» деген мәлімет түсіреді. 24 наурызда болып өткен Екінші Теңіз округына қарасты №6, 9, 10 болыс қазақтарының жиылысы Астрахан губерниялық атқару комитетінен өздерін қанағаттандырмайтын Уақытша Кеңесті таратып, оның орнына жергілікті қазақ халқының қатысуымен сайлануға тиіс демократиялық басқару органын құруды талап етеді. «Ресейде орнаған бостандыққа қарамастан, — деп көрсетті олар өз жолдауларында — бізде ескі билік, бұрынғы правитель мен старшындар сақталып қалды. Олар әруақытта бізді қанап, жамандық әкеледі, біздің мүддеміз оларды ешуақытта қызықтырмады. Бізге мұндай билік енді керек емес».

Сәуір айында жер-жерлерде, қисымдарда, округтерде, болыстықтарда «қазақ съездері» деген атпен сәуір айының 21-не белгіленген бүкіл Бөкей ордасы өкілдерінің съезіне делегат сайлауы ұйымдастырылады. Астраханнан Ордаға арнайы тапсырмамен жіберілген губерния комиссарының көмекшісі А.Г.Абдолкаримов өз есебінде: «Даланы аралай

¹ Сонда. 29-б.

² Қуаныш С.О. Каспий аймағындағы Бөкей ордасы, Гурьев және Маңғыстау уездері 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында (салыстырмалы тарихи талдау). Диссертация. Орал, 2007. 82-б.

жүріп байқағанымыз, қанша дегенмен де, толық тыныштық пен көтеріңкі көңіл күй сезіледі. Бұл бақытсыз, небір зорлықтарды бастарынан өткізген, әбден қажыған, жоқшылық пен қорлықтан бас көтермеген қазақтар барлық жерде де тыныштық сақтауға ант беріп әрі жаңа үкіметті барлық күш-қуаттарымен қорғауға даяр екендіктерін көрсетуде. Олар бұрынғы басшылардың, таусылмас зұлымдықтың отын көсеушілердің кеткеніне қуанышты-ақ... Сонымен қатар қазақ даласы — бұл оқ-дәрі толған қойма сияқты, кез келген, андаусыздан немесе әдейі түсірген ұшқынның қиын жағдайға, халықтық соғыстың аумақты өртіне әкеліп соғар түрі бар, оны өшіру де оңай бола қоймас»¹, — деп атап көрсетті.

Сонымен, жаңа қалыптасқан жағдайда қазақ қоғамының бастаушы саяси күшіне айналған саяси топ алдында өмір ағымындағы өзекті мәселелерді жалпыұлттық ауқымда жинақтап, белгілі бір тұжырымға тоқтап, бүкілресейлік Құрылтай жиналысына, сондай-ақ келе жатқан түбегейлі өзгерістерге даярлық жасау міндеті тұрды. Жалпы қазақ қоғамы көлеміндегі мұндай жинақтау ісіне қол жеткізуге апаратын бірден-бір тиімді жол, әрине, түрлі деңгейдегі қазақ съездерін өткізу еді. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 9 наурыздағы санында жол қатынасының ауырлығы мен уақыттың тығыздығына байланысты тез арада жалпы қазақ съезін шақыру мүмкін еместігін айтып, «*әуелі*, қазіргі болған өзгерістердің мақсат, мағынасын түсіну үшін, *екінші*, учредительное собраниеге лайық адамдар» белгілеу мақсатында алдымен облыстық немесе облысаралық съездер өткізуді ұсынып, оған болыс басына ең аз дегенде екі адамнан өкіл жіберу керектігін білдіреді². Сөйтіп, жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ ол съездерді өткізуге дайындық жасай бастайды.

Қазақ комитеттерінің ұйымдастыруымен өткен Қазақ съездері. 1999 жылы «Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917—1919 жж.). Тарихи талдау» деген тақырыпқа тарихшы К.Лиясова менің ғылыми жетекшілігіммен диссертациялық жұмыс қорғады. Диссертациялық зерттеудің материалдары «Қазақ съездері»

¹ Сонда. 84-б.

² «Қазақ». 1917, №221.

деген атпен жеке кітап болып жарық көрді¹. Бұл осы тақырыпқа жазылған алғашқы зерттеу жұмысы болатын. Міне, осы еңбекте жоғарыда аталған жылдары қазақ қоғамында болыстық, уездік, облыстық және жалпықазақтық деңгейде алпыс сегіз Қазақ съездері болып өткендігі айтылады. Революциялық өзгерістерге толы бұл мезгілде болып өткен Қазақ съездері, біріншіден, қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік белсенділіктің нақты көрсеткіші болса, екіншіден, қазақ қоғамында осы тарихи кезеңде ұлттың өзін-өзі сақтау механизмі болғандығын және оны осындай сын сәтте ұлттық саяси топтың іске қоса білгендігін айғақтайды.

Сонымен, 1917—1919 жылдары болып өткен Қазақ съездері қандай өмірлік қажеттіліктерден туындап, олардың күн тәртібіне қандай мәселелер қойылғанына, сондай-ақ ол қаралған мәселелер бойынша қабылданған шешімдер мен олардың орындалу барысына, жалпы, Қазақ съездерінің азаттық үшін күрес тарихында алатын орнына тоқталып өтейік.

1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамырға дейінгі аралықта облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облысының), Алматыда (Жетісу облысының), Оралда (Орал облысының), Семейде (Семей облысының) және Омбыда (Ақмола облысының) болып өтеді. Облыстық қазақ съездеріне дайындық барысында «Қазақ» газеті бұл жиындарды өткізу мақсаты мен тәртібі жөнінде бірнеше мақала жариялап, белгілі дәрежеде, оларға бағыт-бағдар көрсетуге тырысады. М.Дулатұлы Торғай облыстық қазақ съезіне арналған мақаласында: «Енді біз өзімізге өзіміз өкпелемесек, өзгеге өкпелей алмаймыз. Қолымызға берген бостандықты ұстай алмасақ, пайдалана алмасақ келінді күн, жібекті жүн еткен мысалында боламыз. Олай болсақ біз жұрт бола алмаймыз. Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр... Уақыт өткізбелік. Өкініп жүрмелік. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат. Оян, жұрт, талпын жұрт, қамдан, жұрт!» деген үндеу тастап, өткелі тұрған съездердің нәтижелі, пайдалы болуына қажет шарттарға тоқталып

¹ Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 4 том. Қазақ съездері. Астана, 2007. 351-б.

«съезд пайдалы болады, егер жиналған адамның әрқайсысы неге келгенін білсе, халыққа шын жаны ашитын таза ниетті болса, халықтың қалпына, салтына жетік болса, тіршілік-шаруа істеріне таныс болса, саясат істерінен мағлұматы болса. Осындай адамдар жиналып, мынау алған бостандыққа ғұмырлық ие болуы үшін, халықтың мұң-мұқтажын кенесіп, мынау пайдалы дегенді іске айналдырып, мынау зиянды дегеннен халықты құтқаруға қам қылса, съезде жасалған қаулыларды елге қайтқанда әркім халыққа түсіндіріп, іске айналдыруға ждиһат етсе», — деп, сол тарихи кезеңде пайдалы ойға көңіл аударады.

Облыстық қазақ съездерін бастап берген 1-2 сәуір аралығында Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының съезі еді. Оған өкіл есебінде қатысқан 300 адамның арасында ақсақалдар мен ел адамдары, дін басы молдалар мен мұғалімдер, учительдер мен заңгерлер, дәрігерлер мен шығармашылықтағы зиялы қауым өкілдері бар болатын. Газетте берілген хабарларда съезд Торғай және Орал облыстарының қазақтары үшін деп айтылғанымен, оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан, Орынбор губерниясы мен Қазан, Уфа, Ташкент және басқа қалалардан да өкілдер қатысқан еді. Делегаттар мен шақырылған адамдар арасында, сондай-ақ ескі ұлттық зиялы қауымының өкілдері, I Мемлекеттік Дума мүшелері Алпысбай Қалменов пен Ахмет Бірімжанов, есімдері енді жаңадан мәлім бола бастаған Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқаев, Тел Жаманмұрынов сияқты қоғам қайраткерлер де болды. Бұлармен бірге съездің құрметті қонақтары қатарында өзбек, татар және башқұрт халықтарының аса көрнекті қоғам қайраткерлері Мінуар Қари, Фатих Каримов және Теміршах Соловьев сияқты кісілер де бар еді. Съезге жаңа ғана Торғай облысының комиссары қызметіне бекітілген Ә.Бөкейханов та қатынасады. Бұл «Қазақ» тілшісі Имам Әлімбеков тура атап көрсеткендей «қазақтың орыс қол астына кіргеннен бері зор қалыпта құрылған тұңғыш съезі»¹ еді.

Съезд атына Семей, Қазан және Мәскеу қалаларындағы қоғамдық ұйымдар мен жеке адамдардың атынан құттықтаулар түседі. Қазандағы мұсылмандар комитеті

¹ Сонда, №225.

жолдаған жеделхатта: «Комитет бостандық болғаннан бері бірінші болып жасалып жатқан қазақ бауырларының съезін құттықтайды. Қазақтың өз тізгіні өзінде болсын! Съездің жұмысы өнімді болып, Ресейдегі барша түрік-татар халықтары бірігіп, игілікке жетуге жазсын»¹ деп көрсетілген еді. Семейдегі Қазақ комитетінің мүшесі Нәзипа Құлжанова жолдаған жеделхатта съезд қазақ әйелінің жағдайын да ұмытпас деген тілек айтылып, «бостандыққа қарқ болған Ресейде қазақ әйелдерінің кісендеулі күйінде қалуы келіспейді. Еркекті асырап-сақтап, азатшыл арлы, намысты азамат қатарына қосу күндіктен құтылған, адам санына қосылған әйел қолынан ғана келеді»² деген орынды тұжырымын айтады.

Съезді кіріспе сөзбен Ә.Бөкейханов ашады. Оның ашылу сәтінде ескі далалық аристократия, патша шенеуніктері мен ұлттық демократиялық зиялылар арасындағы өзара жіктелу байқалды. Съезге төрағалыққа ұсынылған А.Байтұрсынұлының кандидатурасына троицкілік Жансұлтан Сейдалинов қарсы шығып, наразылық танытады. Бірақ съезд делегаттары бір ауыздан А.Байтұрсынұлын сайлайды. Сөз алған М.Дулатұлы патшалық билікке беріле қызмет көрсетіп, кезінде ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы өрекеті байқалған шенеуніктер Ғ.Машиев пен М.Тұнғачинді съезден кетуін талап етеді. Съезд құттықтау сөзін айтпақшы болған Торғай губернаторы Эверсманға сөз бермей, оны залдан қуып шығады. Міне, осылардың бәрі, белгілі дәрежеде, отаршыл билікке қарсы көңіл күйдің, азатшыл рухтың үстемдік алғандығының көрінісі болатын.

Съезд жаңа тәртіп жайы, жер мәселесін, земство туралы, зиянды мекемелер мен шенеуніктер ісін, тағы сол сияқты барлығы 13 мәселені қарап, олар бойынша қаулы қабылдады. Съезд, Ресейде орнауға тиіс мемлекеттік құрылыс жөнінде кеңесе келіп, «Ресей мемлекеті демократиялық, парламенттік, қатаң бір орталыққа бағынбаған»³ республика болсын» деген тоқтамға келеді. Ал

¹ Сонда.

² Сонда.

³ Мәтінде «децентралистическая республика» деп көрсетілген. Оның қазақша баламасы болмағандықтан, біз «қатаң бір орталыққа бағынбаған» деп аудардық — *Авт.*

бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан оның санына қарай депутат сайлануын, сайлауға әйелдердің де қатынасуын қолдайды.

Съезд үкімет орындары — ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу туралы қаулысында оларды құру жолдарын көрсетіп, ескі биліктің өз өкілдігін жаңа сайланған атқару комитеттеріне тапсыру тәртібін, сондай-ақ жаңа билік орындарының жұмыс ретін белгілеп береді.

Съезд ескі үкімет мекемелері мен оның шенеуніктеріне байланысты:

«1. Халыққа зияннан басқа түк пайдасы жоқ крестьянский начальник мекемелері жоқ болсын.

2. Торғай облысында халыққа зиянды шенеуніктер (аттары аталды) орнынан түссін, сотқа берілсін һәм бір-сыпыралары абақтыға жабылсын» деген шешім қабылдайды.

Жер мәселесі. Съезд бұл мәселені талқылап, «жер, алу дала уалаяттарында һәм Түркістанда тоқтатылсын», учредительное собраниеде жер мәселесі ашылғанша бұл күнге шейін мұжық орнамаған учаскелер, мұжық жамансынып тастап кеткен жерлер, отрубной, оброчной статьялар, мал бағуға деп һәм монастырский учаске деп алған жердің бәрі бұрынғы иелеріне (қазаққа) қайтарылсын... Жаңадан алуға жоба жасалған жерге енді мұжық жазу тоқтатылсын» деген және басқа жерге қатысты мәселелердің тиімді шешімдерін ұсынады.

Қаралған мәселелердің бірі оқу ісі болатын. Бұл жөнінде «жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет көргеннен кейін, қазірге бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы» етіп, «100 үйге бір мектептен кем болмасын, оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын» деп көрсетті.

Съезд соғысқа байланысты «Бостандықты нығайту үшін жауды жеңуге қазақ халқы қолдан келгенше жәрдем етпек: мал, азық-түлік бермек» деп, Ө.Бөкейханов бастаған саяси топтың Уақытша үкіметтің соғыс саясаты жағында екендігін тағы да білдірді.

Бұл арада, әрине, съезд қараған мәселелер бойынша қабылданған қаулылардың бәріне тоқталу мүмкін емес. Дегенмен біз оның саяси бағытынан неғұрлым толық және дәл түсінік беру үшін қаулылардың ең негізгілеріне тоқталдық. Ең соңында, съездің аса маңызды екі саяси

мәселе бойынша комиссия құрғанын айта кеткен жөн. Олардың біріне 1916 жылғы 25 маусым Жарлығынан кейін Торғай облысында болған қанды оқиғаларды тексеру жүктелсе, екіншісіне жалпы қазақ съезін дайындау міндеті тапсырылды. Съезд жалпы қазақ съезінде қаралатын мәселелерді дайындауға, орнын һәм уақытын лайықтап, жұртқа хабар беруге айрықша бюро құрып, оның ағзалары етіп Ө.Бөкейхановты, А.Байтұрсынұлын, М.Дулатұлын, С.Қадірбаевты, Ғ.Есенғұловты, И.Әлімбековты, Е.Тұрмұхамедовты және К.Тұрымовты бекітеді¹.

Съезд майданда жұмыста жүрген жігіттердің жағдайына арнайы тоқталып, соның ішінде оңтүстік-күнбатыс (Киев) майданындағы қазақ жұмысшыларының тұрмысына байланысты кейбір мәселелердің алаңдатушылық туғызып отырғандығына көңіл аударып, ол туралы Ішкі істер министрі атына съездің қаулысын жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Көп ұзамай съезд атына Киевтегі Земск Одағынан бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты шаралар қарастырылып жатқандығын мәлімдеген жауап хат та жетеді².

Съезд аяқталған 6 сәуір күні Орынбор мұсылмандары съезге қатысуға келген қазақ зиялыларына қонақасы береді. Қонақасы соңында Байтұрсынов, Шоқаев, Танашев және Фахретдиновтердің атынан төрт адреске жеделхат жолданады. Солардың бірі Бұқар ханына жіберілген жеделхатта олар ханнан «халқын кісендеп арқандамай, құлдықтан босатуды» өтінеді³. Осы жылғы 12 сәуірде берген жауап жеделхатында Бұқар ханы халықтың ескі «қалпын, салтын, тұрмысын, мінезін, бұзбай-жармай» теңдік, бостандық жолдарын жарыққа шығаруға... күш көрсету, құрбандық болудан қашық болуға» бар қайрат-жігерін осы мақсаттарға жұмсауға өзір екендігін білдіреді⁴.

Міне, осы келтірілген фактілер Орынборда өткен облыстық қазақ съезінің, шын мәнінде, облыстық шеңберден шығып, жалпы ұлттық деңгейге көтерілгендігін көрсетсе керек. Сонымен бірге Торғай облыстық қазақ съезі басқа

¹ «Қазақ». 1917, №226.

² Сонда.

³ Сонда, №225.

⁴ «Қазақ». 1917, №226.

облыстық қазақ съездеріне ең өзекті мәселелерді көтеріп, нақты шешімдер қабылдаудың үлгісін де танытқан еді.

1917 жылы 12 сәуірде Алматы қаласындағы Әскери жиылыс мекемесінде ашылған Жетісу облыстық Қазақ съезіне Верный уезінен 54, Лепсі уезінен 4, Қапал уезінен 3, Пішпек уезінен 12, Пржевальскі уезінен 5, барлығы 81 өкіл қатынасады. Съездің төрағалығына И.Жайнақов, оның орынбасарлары болып Ғ.Үдербаев пен А.Құдайберген, хатшылары болып Қ.Шегіров пен Н.Жақыпбаев сайланады¹.

Съездің күн тәртібіне қойылған мәселелер басқа Қазақ съездерінде қаралған мәселелерге жақын, ұқсас болды, сондай-ақ мұндай ұқсастықтың болуы толық негізді де еді. Өйткені барлық қазақ облыстарындағы қоғамдық мәселелер мазмұндық тұрғыдан өзара ұқсас болатын, сондықтан да олар бойынша ортақ жалпыұлттық шешімге келу үшін облыстық съездердің шешімі негіз болуға тиіс еді. Съезд өз шешімінде «ескі тәртіп кезінде ұмытылған, сығылған, құл болған қазақ халқы жаңа қалыпты нығайтуға мүдделілігін, тыныштық, бүтіндік һәм реттілікті сақтауға сенімді екендігін білдіріп», осы мақсатта болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу жолдарын қарастырып, бұл мәселе бойынша қаулы қабылдайды. Съезд түрлі орындардың «Жетісуда жер саясаты наразылығынан туындаған бүлік шығыпты» деген сияқты хабар таратып отырғандығын айыптап, мұндай арандатушылық ескі тәртіпті қайтаруды армандайтындар тарапынан шығып отырғандығын атап, халықты оған ермеуге шақырды. Жиынға келген делегаттар 25 маусым Жарлығы салдарынан босып Қытай асып, кейін қайтып келе жатқан қырғыз бауырларына көмекке 40 мың сом ақша жинап беру, одан басқа «Қазақ» газетіне жазылушылар санын көбейту, оны шығаратын «Азамат» серіктігіне ұжымдық мүше болып ену үшін қаржы қосу туралы шешім қабылдайды.

Съезд төрағасы И.Жайнақов жиналғандарға қаржы жинап қазақ және қырғыз тілдерінде облыстық газет шығаруды ұсынғанда, тыңдаушылар: «Ақша оңай жиналады, бірақ жазушы қайда?» — деген қарсы пікір айтады. Сонда И.Жайнақов: «Біздің қазақтың ұстазы Ахмет

¹ Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 4 т. 51-б.

Байтұрсынов деген кісі бар. Сол кісіні шақырамыз, газетімізді бастап һәм жазушы да тауып берер»¹ — дейді.

Облыстық қазақ съездерінің саяси бағытын, әлеуметтік сипатын 19—22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық қазақ съезінің шешімдерімен таныса отырып байқауға болады. Барлығы 800 адам қатысқан бұл съезді өткізуге белсенді ат салысқандардың арасында І Мемлекеттік Дума мүшесі А.Қалменов, заңгер Ж.Досмұхамедов, дәрігер Х.Досмұхамедов, сондай-ақ Ғ.Өлібеков, Х.Ахмедшин, И.Аргыншиев және басқа зиялы қауым өкілдері болды.

Негізгі мәселе ретінде алдымен мемлекеттік басқару, Уақытша үкіметке және соғысқа қатынас мәселелеріне тоқталып, съезд «монархизмді құлдықтың символдық көрінісі, халықтар арасындағы өшпенділіктің көзі ретінде біржола жойылуы керек деп санайды; қазақ халқы демократиялық республика идеясын қызу қолдайды, ал ұлттық-территориялық федерация немесе федеративтік-демократиялық республика мәселесін құрылтай жиналысы қарауына қалдырады», — деп көрсетті.

Соғыс мәселесіне байланысты съезд қаулысында «қазақ халқы басқа халықтармен бірге соғыстан көптеген қиыншылықтар көріп отыр» деп көрсетіп, оны неміс милитаризмін жеңгенше жүргізуді жақтап, оның соңында «жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі ұсынған жоғары адамгершіліктік принциптер негізінде» келісім шартын жасауға шақырды.

20 сәуір күнгі отырысында съезд жер мәселесін талқылап, «жер мәселесін біржола шешу, жер кім егер оны игеруге — мейлі ол егін егу, мал өсіру, бақша салу, т.б. түрлерінде болсын — күш жұмсаған болса, соған берілуге тиіс» деп көрсетіп, «қазақ жері оның байырғы иесі қазақтарға берілуге тиіс және қазақ демократиясы мүддесін қорғауға қажет шаралар қарастырылуы керек» деп көрсетті.

Съезд жергілікті басқару ісі бойынша Х.және Ж.Досмұхамедовтердің баяндамаларын тыңдап, «ескі бюрократиялық басқару жүйесін коллегиялық халықтық басқару жүйесімен ауыстыру» жөнінде қаулы қабылдайды.

¹ «Қазақ». 1917, №229.

Съезде құрылған облыстық Қазақ комитеті 20 адамнан тұрды. Олардың арасында Ж. және Х.Досмұхамедовтар, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов және басқа белсенді зиялы қауым өкілдері бар¹.

Съезд барысында сол тұстағы қазақ зиялылары үшін ұсақ-түйек нәрсе емес мынадай жағдай орын алды. «Романовтарға қызметімен тісі түсіп, сақалы ағарған Бақытжан Қаратаев қарт сөйлемек болып» мінбеге көтерілгенде, айтқан сөзі жиналғандарға ұнамай, отырған кісілер шу көтеріп сөйлетпей қояды².

25 сәуір және 7 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облысы қазақтарының съезі түрлі күштер арасында болған айтыс-тартыста өтеді. Оны съездің қаулысынан да байқауға болатын еді. Мәселен, оқу ісіне байланысты «мектепте әйел балалар ер балалардан бөлек оқысын», оқу орындарын мұғалімдермен қамтамасыз ету үшін «Ақмола облысының қазағы медресе Ғалие, Ғұсмание, Расулие, Мұхамадие һәм Хусиниеде 50 қазақ баласына стипендия ашсын» деген сөздермен бірге, съезд қаулыларында «қалыңмал һәм неке ісі шарифат бойынша тексерілетін болып, муфтиге қаралсын» сияқты мазмұндағы шешімдер де бар еді.

Съездің мұндай мазмұндағы шешімдер қабылдауы делегаттар құрамына байланысты болды. Съезд жұмысына «Қазақ» газетінен өкіл есебінде қатынасқан М.Дулатұлы кейін ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Ақмола съезі делегаттарының құрамы ала-құла еді. Өкілдердің басым бөлігі консервативтік пиғылдағы (молдалар, байлар, атқамінерлер, бұрынғы шенеуніктер) адамдардан, ал азшылығы революциялық позициядағы жастар мен мұғалімдерден тұрды. Көптеген мәселеге байланысты бұл екі топтың арасында қызу айтыстар өтті. Молдалар мен байлар мені съезден қуып шығуды талап етті. Осы съезге бүгінгі коммунистерден Байділдин, Саматов және басқалар да қатынасқан еді»³, — деп көрсетті.

¹ Мартыненко Н. Алаш-Орда. Сборник документов. Кзыл-Орда, 1929, С. 27—34.

² «Қазақ». 1917, №230.

³ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 1-т., 101-п.

Сонымен бірге Ақмола съезі комитеттер құру, жер, сот ісі, халыққа зиянды мекемелер, земство және басқа мәселелерді қарап, олар бойынша мазмұны жағынан Торғай съезіне жақын қаулы қабылдайды. Съезд Ақмола облыстық атқару комитетін (қазақ тұрғындары үшін) сайлап, оған төрағалыққа Айдархан Тұрлыбаевты, орынбасарлыққа Сейілбек Жанайдаровты, Асылбек Сейітовті, мүшелікке тағы жеті адамды бекітеді. Олардың арасында Мағжан Жұмабаев, Байсейіт Өділов сияқты белсенді жастар да бар еді.

Қабылдаған шешімдерінің мазмұны жағынан ерекше қызығушылық туғызатын 27 сәуір және 7 мамыр аралығында болып өткен Семей облыстық қазақ съезі. Бұл ретте оның жұмысына Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахметжан Қозыбағаров, Өлімхан Ермеков, Нәзипа Құлжанова, Сатылған Сабатаев, Биахмет Сәрсенов, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Манан Тұрғанбаев сияқты белсенді қазақ зиялыларының үлкен тобының қатысқаны едәуір ықпал еткені сөзсіз.

Ж.Ақбаев төрағалық жасаған съездің күн тәртібінде, негізінен, Торғай және басқа облыстық съездер қараған мәселелер тұрғандығын айта келіп, сонымен бірге мұнда әйелдер теңдігінің дербес мәселе есебінде қойылғандығына көңіл аударған жөн.

Съезд делегаттары бірауыздан тезірек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру қажеттігін, ең негізгі мәселелерді тек Құрылтай жиналысы ғана шешуге құқықты екендігін, ел арасына тыныштық пен татулықты сол ғана алып келе алатындығын» айтып, оның жұмысына барлық халықтардың өкілдері қатынасып, сайлау құқығы жалпыға бірдей, тең, төте және құпия болуын, ешқандай да білім, мүлік, жыныс және отырықшылық цензі болмауын жақтады. Сондай-ақ осы съезде қазақ зиялылары тұңғыш рет өздерінің ұлт мәселесіне байланысты бағдарламасын анық және нақты берген еді. Олар «автономия және жергілікті басқару» атты мәселе бойынша қабылдаған қаулыларында «Бірінші ресейлік Құрылтай жиналысында ұлы Ресейді мекендейтін барлық халықтардың бостандығы, теңдігі және туыстығы бекітіліп, оларға қоғамдық өмірін өз қалауынша, өздерінің ұлттық, тұрмыстық, мәдени,

экономикалық, тарихи-географиялық ерекшеліктеріне сай құруға мүмкіншілік берілуге тиіс»¹ деп көрсетті.

Сол тарихи кезең контекстінде алғанда съездің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру және бұл мәселені шешуде басшылыққа алуға ұсынған ұстанымдары өте қызықты еді. Съезд Семей облысында жергілікті өзін-өзі басқаруды тезірек енгізу қажеттігін қолдап, «бұл іске халықтың өзін тартуды, сөйтіп оның қайраткерлік санасын оятуды, басқаруда жергілікті ерекшеліктерге байланысты тәжірибе мен білімді»² негізге алуды ұсынды.

Мұнымен бірге, съезд уақыттың ерекшелігіне байланысты сословиелік, ұлттық, діни нанымына және басқа ерекшеліктеріне қарамай барлық әлеуметтік топтардан тепе-теңдік негізде өкілдер енген және азшылықтың құқын қорғауды қамтамасыз ете алатын ортақ комитеттер құруды өте қажет деп тапты. Ал «мұндай келісімге қол жетпей орыс және қазақ жұрттары үшін комитеттер қатар өмір сүрген жағдайда Облыстық қазақ комитеті Құрылтай жиналысына дейін өзін облыстағы қазақ жұрты үшін ең жоғары басқару орны санайды және оған әкімшілік және шаруашылық міндеті жүктелуге тиіс деп» білді. Қос билік болдырмау үшін екі комитет (Облыстық қазақ комитеті және Қоғамдық ұйымдар мен әскери атқару комитеті) қызметінде өзара үйлесімділік орнатуға үндеді.

Съезд қаулыларында облыстық, уездік, болыстық және ауылдық комитеттер құрудың жолдарын, тәртібін, олардың жұмыс істеу ұстанымдарын белгілеп берді. Съезд сонымен бірге мектеп, дін, сот істерін ұйымдастырудың нанымды және демократиялық бағдарламасын ұсынды. Мәселен, қаулыда оқу жұмысына байланысты «оқу-ағарту ісі елдің бәріне бірдей қымбат» деп көрсетіліп, «жалпыға бірдей міндетті, тегін оқу енгізу қажеттігі», «қоғамдық мектептердің барлық сатыларында оқыту ана тілінде жүргізілуі», «мектептерді жергілікті тұрғындарға жақындату» керектігі айтылды.

Барлық облыстық съездер сияқты Семей қазақ съезі де ескі билік пен онда қызмет атқарған кейбір шенеуніктердің ісіне тоқталды. «Далалық генерал-губернаторлық жойыл-

¹ ҚР ОММ, 15-к., 2-т., 422-іс, 43—48-п.

² Сонда.

сын», деп көрсетілді съезд қаулысында. «Крестьян бастықтары және переселен басқармалары институты, — деп көрсетілді қаулыда, — дворян-помещиктер үстемдік құрып тұрған кезде ескі биліктің саясаты нәтижесінде пайда болып, соның қолдауына сүйенген, ал бүгін күні өткен және халық үшін пайдасыз, зиянды мекемелер есебінде жойылып, олардың қызметі облыста Земскі өзін-өзі басқаруы енгізілгенше уақытша құрылған уездік комитеттерге берілсін».

Съезд, сондай-ақ басқа үкімет орындары жөнінде де осындай шешімдерге келіп, ал бұрынғы билік орындарында қызмет жасаған қайсыбір шенеуніктерге байланысты әшкере материал жинастырылып, бұл іске қатысты тиісті шаралар қолдану Облыстық Қазақ комитетіне тапсырылсын деген тұжырымға келді¹.

Қазақ жеріндегі түрлі аймақтарда билік жүйесінің алмасуы бір қалыпта және бағытта жүріп, бірін-бірі қайталай беруі де, әрине, мүмкін емес-тін. Сондай басқа өңірлердегі өзгерістерден сәл өзгешелеу жағдайды Бөкей ордасында орын алған оқиғалардан байқауға болады.

21 сәуірде Бөкей ордасының 167 өкілі қатысқан съезді уақытша комиссар Б.Ниязов ашты. Съезд төралқасына: Уалидхан Танашев, төралқа мүшелері болып — Мәжит Шомбалов, Шафхат Бекмұхамедов, хатшылығына — Ишанғали Меңдіханов, Сейтқали Меңдешов, Әбдулөзиз Мұсағалиев сайланды. Съезд жұмысын бастамастан бұрын ахун Қажығали Гайсин аят оқып, азаттық жолында құрбан болған күрескерлерді съезд орнынан тұрып еске алды². Съезд қабылдаған қаулыда шамамен мынадай тұжырымдар жасалынды:

1. Ішкі Қазақ ордасындағы бұрынғы патшалық билікке тән басқару орындары түгелдей таратылды.

2. Жалпыға бірдей, тең, құпия және тікелей сайлау құқы негізінде жергілікті өзін-өзі басқару орындарын құру күн тәртібіне қойылды.

3. Осы шешімге сәйкес, Астрахан өлкесіндегі қазақ халқын басқару ісіне байланысты құрамы 14 адамнан

¹ Сонда, 47—48-п

² *Қуаныш С.О.* Каспий аймағындағы Бөкей Ордасы..., 84-б.

тұрған Орталық комитет құрылды¹. Бөкей ордасындағы билік соған жүктелді.

4. Ордадағы қисымдар мен округтер тұрғындар санына қарай Астрахандағы губерниялық Атқару комитетіне жеті өкіл жіберетін болды.

5. Орданың қисымдары мен округтарында, болыстарында Атқару комитеттері құрылып, ол комитеттерге жаңа заңдық актілер негізінде бұрынғы бөліктің құқықтары мен міндеттері жүктелетін болды.

6. Орталық Комитетке учаскелік және болыстық комитеттермен бірге қазақ халқын алдағы Құрылтай жиналысына даярлау жүктелді. Съезд бұл мәселеде демократиялық федеративтік республика және ұлтаралық тепе-теңдік өкілеттік үшін дауыс берді.

7. Астрахан өлкесі қазақтарының комиссары болып Бақтыгерей Құлманов және халықтың шашыраңқы орналасуы мен аумағының үлкендігіне байланысты оған көмекші болып мұғалім Ишанғали Мендіханов сайланды.

8. Әрбір учаскелік комитетте бастығы және қатардағы милиционерлері бар милиция құрылатын болды. Оларды сайлау учаскелік комитеттерге және әрбір болыстың жағдайына қарай болыстық комитеттерге жүктелді.

9. Діни істер және білім беру комиссияларының, сот туралы, жер туралы, қаржы мәселесі бойынша, пошта мен телеграф, учаскелік және болыстық комитеттерге наказдар даярлау мәселелері тыңдалып, қабылданды².

Барлығы 16 пункттен тұрған съезд қаулысында жергілікті басқару ісіне қатысты басқа да шешімдер бар еді. Жалпы алғанда, съезд қабылдаған шешімдер Бөкей ордасы халқының өзін-өзі басқару ісіндегі жауапкершілікті мойнына алуға даярлығы барлығын байқатты.

1917—1918 жылдардағы дүрбелең тұсында халық өмірінің өзекті мәселелерін талқыға салған съездер уездік және болыстық деңгейлерде де болып өткен еді. Зерттеуші

¹ Оның құрамына Өміржан Мұқаналиев, Мардан Қашқынбаев, Хамидолла Меңдалиев, Хабиболла Өбенов, Шынтай Юсупов, Өтешқали Атаниязов, Таубай Жұмалиев, Мұхамбет Естанов, Нұрмұханбет Сарбасов, Ижан Көшекөв, Ханзада Жөленов, Батырхайыр Ниязов, Сейітқали Меңдешов және Нұғыман Залиев сайланды. // Сонда, 86-б.

² Сонда, 85—86-бб.

К.Ілиясова нақты дерек көздеріне сүйене отырып, мәселен, 1917 жылы уездік қазақ съездерінің 15 наурыз күні Орал облысына қарасты Қарашығанақтың, 18 наурызда Торғайдағы Қаратоғай деген елді мекенде, желтоқсан айының басында Темірде, 28 желтоқсанда Ырғызда, 27 желтоқсанда Әулиеатада, ал болыстық қазақ съезінің Ақтөбе уезіне қарасты Ақбұлақтағы 7 болысты елде, І және ІІ Орал болыстарының съезі Ойылда, Көкшетау уезіне қарасты 14 болыс елде және басқа өңірлерде болып өткенін жазады¹.

Халықтың саяси белсенділігінің жоғары екендігін танытқан бұл съездерден қалған материалдармен таныса отырып, оларға қатынасқан адамдардың саяси ұстанымынан жалпы елдегі түрлі саяси ағымдардың белсенді ықпалын анық аңғаруға болады. Дегенмен уездік және болыстық съездерде жергілікті халықтың күнделікті әлеуметтік-тұрмыстық істері басымдылық алып жатты. Мәселен, осы жылдың 1 қазан күні болып өткен Жетісу облысына қарасты Үржар елді мекеніне жақын маңдағы алты болыс елдің жиылысы І жалпықазақ съезінің қаулыларын жүзеге асыру, 6 болыс ішіндегі түрлі апаттардың салдарын жою ел арасындағы партияларды (бөлінушілікті) тыю, 6 болыс ел мен Үржар жатағының басын қосып, Үржарда курс ұйымдастырып, оған 6 болыстың әрқайсысынан 10-нан, Үржардың өзінен 10, барлығы 50 баланы оқыту, курсқа қажет шығынды оқуға бала берген елден жинау, Бүкілресейлік Құрылтайға облыстан депутаттар (С.Аманжолов, И.Жайнақов, Б.Мәметов, т.б) сайлау сияқты мәселелерді талқыға салып, түрлі шешімдер қабылдайды².

Жалпы алғанда, сәуір және мамыр айларында болып өткен облыстық қазақ съездерінің қоғамдық қатынастар мен қоғамдық басқару жүйесін қайта құру, қазақ елін отарлық тәуелділік шырмауынан құтқару жолында қабылдаған шешімдері, негізінен, осы жоғарыда айтылған ойлармен сипатталады. Тарихшы А. К. Бочагов 1927 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ зиялыларының басшылығымен өткен 1917 жылғы көктемдегі қазақ

¹ Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 4 т., 110—133-бб.

² Сонда, 117-б.; «Сарыарқа», 1917, 19 қазан, №17.

облыстық съездері туралы: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің және халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру, т.б. үміттерінің көрінісі болды» деген еді. Бұл дәл және әділ баға болатын. Біздің бұл пікірге қосарымыз, облыстық съездер қазақ қоғамының ғасырлар бойы жиналып келген мұң-мұқтажын білдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық зәру мәселелерді шешудің шын мәніндегі тарқылық¹ демократиялық жолдарын да ұсына алды және олардың бұл тұжырымдарының негізінде қоғамдық істерді жүргізудегі халықтық тәжірибе мен білім жатқан еді. Сондай-ақ қазақ зиялыларының елдің қоғамдық-саяси тұрмысын жаңа сапада ұйымдастыруға байланысты ұсыныстары өзінің теориялық, өмірлік талапқа сәйкестігі жағынан да сол заман деңгейінде болатын.

Қазақ комитеттерінің қызметі. Енді осы облыстық қазақ съездерін өткізуде шешуші рөл атқарып, қазақ зиялыларының Ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі қоғамдық қызметінің негізгі нәтижесі және көрінісі болған Қазақ комитеттерінің жұмысына қатысты мынадай принциптік мәселелерге тоқтала кетуге тура келеді. Қазақ комитеттері, *біріншіден*, жоғарыда айтылғандай, халықтың мемлекеттік еркіндікке ұмтылысы жолындағы шығармашылық еңбегінің жемісі болатын, Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси жағдайда ол тек осындай қоғамдық ұйымдасу арқылы ғана өз мүддесін қорғай алатын еді. *Екіншіден*, қазақ саяси тобы Қазақ комитеттеріне болашақ ұлттық мемлекеттік жүйенің алғашқы үлгісі, осы мақсатқа жету жолындағы мақсатты әрекеттің бастапқы кезеңі есебінде қарады, сондықтан да олардың қалыптасуы мен қызмет мазмұнына аса үлкен көңіл аударды.

Ал енді осы Қазақ комитеттеріне Уақытша үкімет қандай қатынаста болды? Тарихи шындық сондай, Уақытша үкімет Ақпан революциясы жеңген бетте барлық деңгейде құрылып, өзінің негізгі басқару мекемелеріне айналған Азаматтық комитеттер мен олардың атқару орындарына жасаған қолдауын солармен бір мезгілде пайда болған Қазақ

¹ Ғасыр басындағы ұлт зиялылары «тарқы» сөзін «прогресс» сөзінің баламасы ретінде пайдаланған (Авт.).

азаматтық комитеттеріне көрсете қоймады. Қазақ комитеттері бар болғаны қоғамдық ұйымдар дәрежесінде, негізінен, орыс жұрты өкілдерінен тұрған облыстық және уездік комитеттерге тәуелділік жағдайда тұрды. Осыған орай бір-екі факті келтірейік.

Семей облысында 1917 жылы 5 наурызда облыстық Азаматтық комитет және оның атқару комитеті құрылды. Оның артын ала 7 наурызда облыстық Қазақ комитеті құрылады. Облыс көлеміндегі бүкіл билікті қолына шоғырландырған Атқару комитеті қазақ жұртына қатысты жұмыстарды облыстық Қазақ комитетіне аударып салады, Қазақ комитетінің бірігіп жұмыс жасау туралы ұсыныстарына, мәселен, құрамына Қазақ комитетінен өкілдер алып, қазақ жұмысын басқаратын бір бөлім ашу туралы пікіріне құлақ аспайды. Облыста ашылған азық-түлік комитеті (продовольственный комитет) де осы бағытты ұстанады. Соған қарамастан, қазақ жұрты көнтерілік танытып, жаңа тәртіптің әлі тамыр жайып үлгермегендігін ескеріп наразылық танытпады.

Сәуірдің соңы — мамырдың басында болып өткен облыстық қазақ съезі облыстағы саяси билікте қалыптасқан жағдайды ескере отырып, облыстық қазақ комитетіне енді бұдан былай саяси жұмыстармен бірге өкімшілік, шаруашылық және қаржы міндеттерін де жүктейді. Қазақ съезінің бұл шарасыздықтан қабылдаған шешімін Атқару комитеті «қазақ бөлінейін деп жатыр», «қазақ бізбен күш біріктіргісі келмейді», «қазақ облыс билігінің шырқын бұзды» деген сияқты негізсіз жалған пікірлер таратумен қарсы алады¹.

Міне, осындай өзара өшігу жағдайында Қазақ комитетінің алдында екі жолдың бірін таңдау қалған еді. *Олардың бірі* орыс жұрты үшін құрылған Атқару комитетімен бірігіп, Құрылтай жиналысына жету, *ал екіншісі*, Атқару комитетімен араны біржола ашып, талас-тартысқа түсіп, өз бетінше әрекетке көшу. Облыстық Қазақ комитеті бұл жолдардың алғашқысын таңдап, 17 мамырда екі комитет арасында болған келіссөзден кейін, Атқару комитетімен қосылады. Қазақ комитетінен Әлімхан Ермеков

¹ «Сарыарқа». 1917, 19 маусым, №2.

пен Халел Ғаббасов Атқару комитеті төрағасының орынбасарлары, Биахмет Сәрсенов хатшысы, Райымжан Мәрсеков пен Ахметжан Қозыбағаров төралқа мүшелері болып бекітіледі¹. Сөйтіп, облыс көлеміндегі билік біржола Атқару комитеті қолына көшеді де, Қазақ комитеті сол бұрынғыдай қоғамдық ұйым дәрежесінде жұмысын жалғастырады.

Осыған жақын жағдай басқа да қазақ облыстарында қалыптасқан болатын. Мәселен, 1916 жылғы көтерілістің артын ала келген құрғақшылық салдарынан Жетісу облысында ашаршылық басталады. Соған қарамастан орыс шенеуніктерінен тұрған облыстық және уездік азық-түлік комитеттері қазақтар мен қырғыздарға астықпен жәрдем беруден бас тартады. Жергілікті халықтың жағдайына байланысты облыстық Атқару комитеті де белсенділік таныта қоймайды. Облыстық Қазақ комитетінің кеңесі өзінің 1917 жылғы 28 шілдедегі қаулысында «Қазақ комитетінің жұртты астық болады деп үміттендіргеніне жақында, міне, үш ай толады, бірақ әлі ешқандай нәтиже жоқ. Бұл жағдай қазақтарды өз комитетіне деген сенімінен айырып отыр»² деп жазды. Жағдай кейінгі айларда да өзгеріссіз күйінде қалған еді.

Уақытша үкіметтің түрлі деңгейдегі жергілікті орындары басшыларын сайлауда да, көп жағдайда белсенділік, демократиялық күштерде емес, ескі билік шенеуніктері мен реакциялық топтар жағында болды. Соның нәтижесінде облыстық, уездік және болыстық әкімшіліктердегі орындардың біразы патшалық билікке қызмет жасағандарға тиеді, ал олар болса, сол бұрынғы көңіл күйде, яғни демократиялық күштер мен өзгерістерге қарсы жұмыс жасай бастайды. Сондай бір мысалға тоқталайық.

1917 жылы 29 наурызда Қарқаралы уездік комиссарлар кеңесі Азбукин және Лысенков деген соттар бастаған жергілікті шовинистік күштердің талап етуімен Жақып Ақбаевты 6 сағ ішінде уезден кетіру туралы шешім қабылдайды. Белгілі қайраткерге ендігі уақытта жапқан жаласы «қазақ және орыс жұрттарының арасына алауыз-

¹ Сонда.

² ҚР ОММ, 9-к., 1-т, 9-іс, 64—66-об-п.

дық ұрығын пашқан», «саудагерлерге орыс тұрғындарға үн және басқа азық-түлік бұйымдарын сатқызбаған», «стражниктерге көлік бергізбеген»¹ сияқты мазмұны жағынан бұрынғы патша жандармдары таққан айыпты қайталау еді.

Қарқаралы Қазақ комитеті (төрағасы Нұрмамбет Орманбетов) өзінің 1917 жылғы 31 наурыздағы отырысында Ж.Ақбаевқа таңылған айыпты негізсіз деп тауып, сондықтан да бұл үкімді жойып, жалақорларды жазалауды талап етіп Ішкі істер және әскери министрлікке, түрлі сот орындарына жеделхат салып, наразылық көрсетеді². Уақытша үкіметтің милиция істері бойынша уақытша басқармасы 1919 жылғы 12 мамырдағы №16858 шешімімен Ж.Ақбаевқа таңылған айыпты заңсыз деп тауып жояды³.

Қазақ саяси тобының 1917 жылғы қызметіне тоқталғанда оның көктем және жаз айларында үлкен кедергіге жолығып, тауы шағылғанын да айтпай өту, әрине, мүмкін емес. Ол түрлі деңгейдегі Азаматтық комитеттер сайлау және басқа мемлекеттік басқару орындарын ұйымдастыруға байланысты туған мәселе еді. Ақпан революциясынан кейінгі алғашқы кезеңде мемлекеттік басқару ісінен мүлдем хабарсыз, саяси мәдениеті төмен халық жаңа билік орындарын құруға белсенді түрде атсалыса алған жоқ. Бұл жағдайды ел арасындағы бұрынғы би-болыстар, ауылнайлар тиімді пайдаланды. Ол жөнінде жетісулық тілші: «Біздің облыста оқу білген кісі жоқ қасы, аз болғандықтан, дүниеден хабардарлықтары шамалы болғандықтан ел билігі баяғы «қасқырлар» қолында қалды десе өтірік болмас. Біздің бұл жақта тілмаштар басқа облыстардың комиссарлары дәрежесінде, өздерін халықтан зор тұтады. Халық тегіс қара шаруа болғандықтан комитет ашу ісін бұрын жүріп ысылған «атқамінерлерден» өз қолдарына ала алмады. Сондықтан «атқамінерлердің» жағдайы ескі үкімет дәуірінде қандай болса, жаңа үкімет дәуірінде де сондай»⁴, — деп жазды.

Сырдария облысындағы комитет сайлауы барысын жазған автор да осыны айтты. Ол 1917 жылдың жазына

¹ ҚР ОМА, 64-к., 1-т., 5832-іс, 243—243-об-п.

² Сонда, 243—244-п.

³ Сонда, 21, 21-об-п.

⁴ «Қазақ». 1917, №236.

қарай ел арасын аштық жайлағанын, аш елдің саясатқа құлықсыздығын айтып, «ел аш болған соң комитеттер сайлауында бұрынғы қасқырлар мен байлардың мерейі үстем болды. Тамағы үшін байдың қарасын көбейткен кедейлер көп болғандықтан, жайдағыдан партия екі есе күшті болды. Комитет маңында баяғы ысылған адамдар мен елдің байлары. Қара халық ... бала есебінде, «атқамінерлер» не десе соған ереді. Ел ішінде қара халыққа оңашада ынсафы бар жаны ашыған азаматтар өздерінді жемейтін адал адамдарынды комитет қылындар десе, оған түсініп әкетуге көкей тесік емес»¹ деп ашына жазды.

Ел арасында ескі уездік, болыстық әкімшілікті жоюдың орнына, оларды сақтап, тек басшылықта отырған адамдардың орындарын өзара бөліске салу да орын алды. Мәселен, Петропавл уезінде уездік Атқару комитеті бұрынғы уездік бастықтың қызметін сақтап, енді оның орнына екі бірдей (бірі орыс жұрты, ал екіншісі қазақ жұрты үшін) бастық сайлаған. Қазақ жұрты үшін сайланған уездік бастық бұрынғы жандарм тыңшысы, арызқой қажы Дүйсебай Тұранов деген еді. Ол көп ұзамай жандарм мекемесіндегі тыңшылық қызметіне байланысты қағаздары ашылып, ескі билікке қызметі үшін абақтыға жабылып, ісі Омбыда өткен қазақ съезінде сөз болады².

Қайсыбір уезд, болыстарда жаңа сайланған комитеттердегі төрағалық орындарға бұрынғы болыстыққа таласқандай түрлі топтар арасында талас жүреді. «Көкшетау уезі Айыртау болысында комитет сайлауында зор талас болды» — деп, жазады тілші; — Председательдікке сайланған Ысқақ Баймұрат баласы қонақасыға көп қой, бір қара ту бие сойып, 3 мың сом ақша шығарып, үлкен партия жасап барып, сайланып шықты. Махмұд төре Уәлиханов сайлауды бұзуға жол іздеп Көкшетауға келді»³. Тура осы сияқты жайларды тізе келіп, газет тілшісі: «Бізге бостандық, теңдік күліп қарамайтын түрі бар ма, қалай? Жоқ, біз теңесеміз, әділдік жолға түсеміз деп, сау басқа сақина тілеп алдық па, білмейміз?» — деген тұжырым жасайды.

¹ Сонда.

² Сонда, №228, 229, 230.

³ Сонда, 1917, №235.

Маусым айына қарай талас-тартыстың көп болғандығы салдарынан тіпті ауылдық комитеттер сайлай алмаған елді мекендер де көп еді. Ал ауылдық комитет сайланбай болыстық, болыстық сайланбай уездік комитеттер сайланбайтыны мәлім. Бұл кезде аралас уездердегі орыс жұрты өздерінің азаматтық комитеттерін сайлап алып қойған еді. Соған байланысты қайсыбір уездерде уездік комитет сайлауына қазақ жұрты өз өкілдерін жібере де алмаған болатын. Уездік комитеттер болса, ел жұмысы жиі түсетін орын, демек, екі жақтың өкілдері тең болған жағдайда ғана оның қызметінде дау-дамай аз болмақ еді.

Осылайша қайсыбір уездерде азаматтық комитеттер сайлау ісі бітпей жатқанда, мамыр айында егіншілік министрлігінен уездік жер комитеттерін жасақтауға, ал маусым айында министрлер кеңесінен үш буындық земство жүйесін ашуға кірісу жөнінде Жарлықтар келіп жеткен еді. Сөйтіп, комитеттер жасақтау ісін аяқтай алмаған қазақ ауылдары енді одан да күрделі, әрі маңызды земство мекемелерін ұйымдастыру ісіне ден қою керек болды. Міне, осындай қалыптасқан ауыр жағдай өз елінен үлкен серпіліс күткен ұлттық саяси топты терең ойда қалдырған. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 19 мамырдағы «Көңілсіз күй» атты бас мақаласында комитеттерді сайлау барысына талдау жасай келіп, «өмірі бірнеше айлық, көп болса бір жылдық уақытша комитеттердің сайлануына мұнша уақыт кетіріп, мұнша арам тер болғанда, басқа жұмыстарды қалай басқарып, қалай атқаратынын біле алмай тұрмыз» деп жазды. Одан ары газет «Қазақтан мұжық мәдениеті жоғары дегенде, осы мұжықтың қазақтан қай жері артық деуші едік. Онымыз қате екен. Қатар жіберген жерде мұжық қазақтан оқ бойы озық кететіндігін көзге көрсетіп отыр. Қазақтар комитеттерін сайлай алмай таласып, қалаға — далаға шабуылданып, Орынборға үсті-үстіне жеделхат жаудырып, арам тер болып, әуреленіп жүргенде, мұжықтар үн-түн жоқ комитеттерін жасап, шаруасын істеп тып-тыныш отыр. Оларда талас болмайтын себебі тұтқан жолдары сара: рулас-аталасым, құда-құрмаласым демейді, жұртқа пайда келтірерлік адам кім болса, соны сайлайды» деген ойды айтады.

Қазақ қоғамының сол тұстағы жағдайын түсінуге көмектесетін бұл маңызды мақалада негізгі жасалған

тұжырым мынау еді: «Қазақ мұндай мұжықтан кем болып шыққаны қайғылы ойлар туғызады: қазақ пен мұжық сыбайлас отырған екі жұрт. Қайсысы артық болса, артықтығын, қайсысы оздық болса, оздықтығын әр іс жүзінде көрсетіп отырмақ. Мұжық оздық жүріп дүниенің төрінен орын алғанда, қазақ ере алмай есіктен орын алып, аяқ астында қалмақ. Елдің сана-саңылауы бар адамдары ел пайдасын шын көздеп, шын жаны ашитын адамдар комитет сайлауына таласып, бірін-бірі жеңіп шығуын әлдеқандай мақсат көрмей, онан гөрі зорырақ, онан гөрі негіздірек мақсаттарды көздерлік заман емес пе?»¹.

Бұл арада газеттің зор, негізгі мақсат деп отырғаны жалпыұлттық, жалпыелдік мүдде екендігі, әрине, түсінікті. Ал жалпыұлттық мүдде — бұдан былай ұлттық еркіндік пен теңдікке негіз бола аларлық ұлттық мемлекеттің негізін, алғашқы кірпіштерін қалау болатын. Өкінішке орай, комитет сайлау науқаны, белгілі дәрежеде, қазақ қоғамының бұл мәселені өз дәрежесінде шешуге әлі де даярлығының кемшін екендігін көрсеткен еді.

Комитет сайлауына байланысты өз ретінде айта кетелік, қазақ зиялылары бұл тұста ешқандай да мүдірместен демократиялық республика жағында болды, ұлттық бостандық пен өркендеуді осы саяси құрылыспен байланыстырды. Өздерінің бұл көңіл күйін М.Шоқаев былайша білдірген еді: «Патшалық құлап, орыс революцияшыл демократтары билік басына келсе, орыс мемлекетінің бізге жасаған қиянаты жойылатынына әрі басқа өлкелерде кең ауқымды «ішкі ұлт мекемесі» құрылатынына, бұл өлкелерге орыс қоныс аударушыларының үдете көшуі тоқталатынына сенетінбіз. Сол тұстағы бар тілегіміз тек осы еді»². Өмір көп ұзамай-ақ мәселенің анағұрлым күрделі екендігін көрсетіп берді.

Ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі революциялық серпіліс басылып, өмір ағымы алдына көлденең тартқан күнделікті тіршілік талаптарын шешу барысында қалыптасқан қазақ зиялыларының көңіл күйі осындай еді. Түрлі деңгейдегі Қазақ комитеттерін құру, олардың қызметін уақыт талабына сай дәрежеде ұйымдастыру —

¹ Сонда, №230.

² Шоқай М. «Түркістанның қилы тағдыры». Алматы, 1992, 109-б.

қазақ зиялылары ойлағанындай сапада болып шықпады. Солай болуы белгілі дәрежеде, заңды да еді. Өйткені жаңа туған ұлттық ұйымдар, *бір жағынан*, ресми биліктің қолдауын ала алмаса, *екінші жағынан*, бұқара халықтың өзі ол комитеттердің түпкі мақсатын тура түсініп, сүйеніш бола аларлық дәрежеге көтеріле алмады. Ұлттық саяси топты тығырыққа тіреген жағдай да осы еді.

Ө.БӨКЕЙХАНОВ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ТОРҒАЙ ОБЛЫСТЫҚ КОМИССАРЫ

Патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет бүкіл империя көлемінде өрлеу алған ұлт-азаттық қозғалысты толық мойындамаса да, белгілі дәрежеде, онымен есептесуге мәжбүр болған еді. Жаңа үкіметтің қызметіндегі мұндай саяси бағыт қазақ облыстарын басқару ісінде де көрініс тапты. Ақпан революциясы жеңгеннен кейінгі уақытта жергілікті басқаруда, ел өмірін жаңа мазмұнда ұйымдастыруда азын-аулақ өзгерістер бола бастайды. Наурыз және сәуір айлары ішінде ескі әскери губернаторлық, уездік, болыстық және ауылнайлық басқару жүйелері жойылып, келмеске кетті. Олардың орнына Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарлық басқару жүйесі, сонымен бірге облыстық, уездік, болыстық және ауылдық деңгейде азаматтық комитеттер және олардың атқару орындары қалыптаса бастайды. Мамыр және маусым айларында бұларға қосымша облыстық азық-түлік комитеті, жер комитеті және басқа осы сияқты басқару орындары құрылады.

1917 жылы 16 наурызда Батыс майдан штабы жанындағы Земск және Қалалық одақтардың бұратана бөлімін басқарып жүрген Ө.Бөкейханов күтпеген жерден Петроградқа шақырылып, 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалады. Дәл сол күні «Қазақ» газетіне берген жеделхатында ол: «Торғай облысына комиссар болып бекітілдім, 23-не шығайын деп тұрмын. Жұртқа естіріп: тыныштануын тілеймін»¹ деп жазды. Бірақ Ө.Бөкейханов 23 наурызда Орынборға аттанып кете алмайды. Өйткені ол жаңа ашылғалы жатқан кадеттер

¹ Сонда, №223.

партиясының съезіне осы партияның Орталық Комитетінің мүшесі ретінде шақырылған еді. Ә.Бөкейханов съезге қатынасып, 26 наурыз күні сөз сөйлейді. Ол жөнінде М.Шоқаев былай деп жазды: «Мұжықтарға деп кескен, әлі мұжық орнамаған, оброчный статья деп алынған, ұзын сроқты арендаға (жалдауға), мысалы, барон Медем, Варун Секрет секілділерге берілген жерлер қашан Учредительное собрание дала облыстарының һәм Түркістанның жер мәселесін шешкенше, кешіктірмей бұрынғы иелеріне қайтарылу керек деп Ғалихан кадет съезіне кеше доклад қылды. Ғалиханның докладын қабыл алып, тезірек орнына келтіру қамына кірісерге деп комиссияға тапсырды.

Сабыр етіп, шыдай тұрыңдар. Жаңа үкімет жай-жапсарларыңды біліп, көңілдеріңді тындырар. Мұстафа»¹.

Бұл Ә.Бөкейхановтың жаңа қызметке бекітілгеннен кейін сөйлеген алғашқы сөзі болатын. Ал оның ұсынысы бойынша, құрылған комиссия жұмысына біз алда өз ретіне қарай тағы ораламыз. Сәуір айының басында Уақытша үкімет Түркістанды басқару үшін 9 адамнан тұрған Түркістан Комитетін құрады. Оның құрамына Ә.Бөкейханов та енген еді. Бірақ Торғай облыс комиссары қызметінен қолы босап, Түркістан комитеті ісіне араласа алған емес.

Ә.Бөкейханов Торғай облысының сол кездегі әкімшілік орталығы Орынбор қаласына наурыздың соңғы күндері жетеді де, сәуірдің 2-де облыстық қазақ съезіне облыстық комиссар дәрежесінде қатынасады.

Араға бірнеше күн салып «Қазақ» газеті «11-нші апрельде Торғай губернаторы Эверсман ісін комиссар Бөкейхановқа беріп, кім екендігіне белгі алып, Петроград кетті», — деп жазды. Ә.Бөкейхановтың облыстық басшылыққа келуі, әрине, зиялылардың көңілінде бір сәтке болса да бұрын байқалмаған көтеріңкі сезім туғызды, жаңа билікке деген сенім отын жақты. Оны газет бетінде жарық көрген «Тендік» аталатын мақаладан алынған мына үзінді анық байқатады.

«Ескі үкімет тұсында Россия қол астындағы адамдар дініне, тегіне қарай жоғары — төменді орындарға отыратын, сыйлы-сыйсыз сыбаға алатын. Патшазада княздер деп ақсүйек, граф, дворяндар деп, помещик, көпес, байлар деп, мецан, крестьян қара халық деп түрлі қабат-қабат дәрежеге

¹ Сонда, №224.

бөлетін. Діни, түбі басқа жұрттарға түрлі қысымшылық істеп, өгей ұлдың есебінде ұстайтын. Ең жоғарғы төр төбесінде патшазада княздер болатын, онан соң граф — дворяндар, онан соң байлар — мешандар болып, ең төменде крестьян (қара шекпендер) болатын. Крестьяннан төменгі орындарда ноғай, қазақ, қалмақ, сарт сияқты бұратаналар болып, ең есіктегі қысымшылықты еврей (иуди) жұрты көретін.

Муфтилік бермеу, бар муфтилікке қоспау, мешіт салдырмау, медресе, мектеп аштырмау, уақап жасатпау сияқты дін жағынан істеген қысымшылықтар, школдарда өз тілімен оқытпау, ана тілінде жазған қағаздарды мекемелерде алмау, орысша білмегендерді болыс қоймау сияқты тіл жағынан істеген қысымшылықтар һәм сол сияқты басқа жағынан ескі үкімет істеген қысымшылықтар, көрсеткен қорлық, қылған зорлықтар айтпай-ақ әркімге аян.

Міне, сол дін һәм қан бөлектік жағынан істелетін тарлықтар енді жоғалған. Жаңа үкімет жаңарған Россия мемлекетінде ескіліктің иісі қалмасқа тиіс деп әділ жолға түскен мемлекетте дін ия, тек басқа деп алалау болмасқа тиіс деп барша дін мен бұратаналық жағынан бұрынғы үкімет істеген таршылықтарды жаңа үкімет жоқ қылған.

Мынау губернатор орнына обласной комиссар болып Бөкейханов келе жатқаны сол теңдіктің тигенінің сипаты. Білімнің жетсе министр боламын десең де енді жолың ашық¹.

Орынбордағы «Қазақ» газеті редакциясына Ә.Бөкейхановтың атына қазақ даласынан көптеген құттықтаулар келіп түсіп жатты. Өз ретінде құттықтаушыларына газет арқылы берген жауабында ол мынадай тілек білдірді: «Маған құтты болсын айтып телеграмма берген, хат жазған, өзі келген аға, іні, дос, жолдастарға телеграмма, хат арқылы жауап қайыра алатын емеспін, уақытым жоқ. Бауырым, қазақ баласы, сендер айтқан құтты болсыңды мен ұғындым: қазақ баласы бостандық, құрдастық, туысқандық гүлін көріп, жемісін жесін, бірлік, бүтіндік, әділдік жолына түссін деген деп!

Менің бұл ұғынғаным адасқан болмасын. Аға, іні, көрі, жас, Алаштың баласы бостандық, құрдастық, туысқандық құтты болсын!

Ғалихан. Орынбор, 15 апрель. 17 жыл»²

¹ «Қазақ», 1917. №224.

² Сонда. №226.

Осы арада облыстық (губерниялық) комиссардың міндетіне қысқаша тоқтала кету артық емес. Ол туралы Министрлер Кабинетінің төрағасы князь Львовтың Орынбор Комиссары Бөкейхановқа 15 сәуірде жолдаған №1293/М жеделхатында мынадай деп көрсетіледі: «1. Губернский Комиссар является носителем власти Временного Правительства в губернии и ему присваиваются все права и обязанности, возложенные законом на губернатора за исключением — отпавших вследствие происшедших в государственном строе изменений»¹.

Егер ескі патшалық әкімшіліктік бөлу жағдайында Қазақстан жері алты облыстан тұрғандығын, соның ішіндегі Торғай облысы құрамында Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай сияқты ірі уездердің болғандығын ескерсек, Уақытша үкіметтің облыстық комиссары қызметінің деңгейі мен ауқымын аңғару қиынға түспейді. Бұған қосымша, қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бірде-бір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империялық басқару жүйесінде қазақтар болыстық басқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ө.Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын.

Жоғарыда аталған жеделхатында үкімет төрағасы князь Львов, сондай-ақ облыстық комиссардың уездік комитеттермен біріге отырып, уездік комиссарларды таңдау және оны Ішкі істер министрлігіне бекітуге ұсыну, қажет болған жағдайда оған көмекшілер тағайындау, уездік комиссарлар арқылы болыстық комитеттер жұмысын басқару және басқа құқықтары жөнінде айтқан болатын. Осы және басқа құжаттардан облыстық комиссардың басқа билік орындарымен қатынас тәртібін де байқауға болар еді. Мәселен, Облыстық атқару комитеті комиссардың қызметін бақылай алғанымен, оның нұсқаулары мен шараларына араласу, немесе комиссарға кеңес бере алғанымен, бұйыруға құқы жоқ болатын.

¹ ҚР ОММ, 17-к., 1-т, 4-іс, 13-п.

Ә.Бөкейханов сәуірде облыстағы жағдаймен танысып, қызметіне кіріскенде, оның алдында қисапсыз көп шаруа тұрғандығы түсінікті, бірақ солардың ішінен ол үшін ең маңызды мынадай екі бағыттағы жұмысты бөліп айтуға болар еді. Олар, *біріншіден*, барлық деңгейдегі үкіметтік басқару орындарының қалыптасу үдерісінің аяқталуын тездету және, *екіншіден*, жаңа құрыла бастаған мекемелердегі басшылық орындарға лайықты адамдарды тауып, солар арқылы облыста тұрақты мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру еді. Бұл мақсатқа жету жолында 20—28 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай облыстық орыс және қазақ біріккен съезінің жағымды рөл атқарғандығын атап айтуға болады. Съезд басқару мекемелерін жасауда екі жұртқа бірдей қолайлы принциптерді бекітіп, ең ауыр мәселе — жер туралы сәуір басындағы қазақ съезі жасаған қаулыға тоқтайды. Ал Ақпан революциясынан кейінгі уақытта қалыптасқан жағдайға байланысты қазақ жерін жерсінбей кейін ішкі Ресейге көшпек ойы барларға байланысты «көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек ақша берілсін» деген мазмұндағы шешім қабылдайды¹.

Съезд Торғай облыстық атқару комитетін сайлап, оның төрағалығына заңгер Ткаченконы, оған орынбасарлыққа С.Қадірбаевты, мүшелікке басқалармен бірге А.Байтұрсынұлын, М.Дулатұлын және Н.Бегімбетовты бекітеді. Съезде облыс көлемінде ескі болыстық, селолық және ауылдық әкімшілік мекемелерін жойып, оларды сол дәрежедегі атқару комитеттерімен ауыстыру туралы шешім қабылданады.

Ә.Бөкейхановтың тікелей басшылығымен өткен бұл съезде, сонымен бірге принциптік маңызы бар тағы да мынадай екі шешім қабылданған еді. Олар «атқаратын жұмысы жоқ болғандықтан Орал-Торғай переселен ауданының меңгерушісі, оның көмекшілері және одан төменгі буындарын жою» және «қызметін уездік атқару комитеттеріне тапсырып шаруа бастықтары (крестьянские начальники) мекемелерін тарату» жөнінде қабылданған қаулылар болатын². Бұл қаулылардың құндылығы сонда,

¹ «Қазақ». 1917, №229.

² ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 4-іс, 66-п.

облыстық съезд өтер алдында ғана облыстық комиссар атына орталық, үкіметтен аталған мекемелерді қажеттілігіне сай қалдыра тұру жөнінде нұсқау келіп түскен еді¹.

Ө.Бөкейханов Ішкі істер министрі Леонтьевке берген №351 жеделхатында съезд және өзінің шешімін «Шаруа бастықтары соғыс жылдары өздерінің тікелей міндеттерін тастап әскер үшін мал сатып алу ісімен айналысты. Жұрттың тіптен бұлардың лауазымының өзіне сенімсіздікпен қарайтындығын ескере отырып, шаруа бастықтарын түгелдей қызметтерінен босатуға рұқсат беруіңізді өтінемін. Олардың атқаратын міндеттері азық-түлік комитеттеріне, өзін-өзі басқару орындарына және соттарға жүктеліп, іске ешқандай да нұқсан келмейтін болады»² деп негіздеді.

Ө.Бөкейхановтың қызметке кіріскеннен кейін уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысқанын байқаймыз. Мәселен, ол 5 сәуірде Ішкі істер министрі Щепкиннің Қостанай уездік комиссарын тездетіп бекіту туралы ұсынысына байланысты, бұл қызметке заңгер Ахмет Бірімжановтың тағайындалғанын хабарлайды³. Нақ сол күні Петроградтан облыстық комиссардың Торғай уездік комиссары етіп учитель Ғұмыр Алмасовты тағайындау туралы ұсынысының қабыл алынғандығы туралы хабар жетеді⁴. Шамамен, осы мезгілде Ырғыз уездік комиссары болып Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміров бекітіледі⁵. Ал өзі негізгі қызметімен бір мезгілде Ақтөбе уездік комиссары болып тағайындалады⁶. Облыстық комиссар өзіне көмекке қазақ қызметкерлерін де тарта бастайды. Облыстық комиссар кеңсесінде ерекше тапсырмалар шенеунігі қызметін Есен Тұрмұхамедов⁷ және Абдул-Хамид Жолдыбаев⁸ атқара бастайды. Шамамен, осындай қызметке Сағындық Досжанов та⁹ тартылған еді.

Ө.Бөкейханов комиссарлық қызмет атқара жүріп өзінің артынан ерген, әсіресе майдандағы бұратана бөлімінде бірге

¹ Сонда, 11-11-об-п.; «Қазақ». 1917, №227.

² ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 4-іс, 65-п.

³ Сонда, 7-іс, 1, 5-п.

⁴ Сонда, 4-іс, 67-п.

⁵ «Қазақ». 1917, №233.

⁶ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 82-п.

⁷ «Қазақ». 1917, №229.

⁸ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 8-іс, 3-п.

⁹ Сонда, 23-іс, 30-п.

болған белсенді жастар алдындағы борышын ұмытқан емес. Мәселен, оның бұйрығы бойынша Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есболов Богуруслан уездік комиссарының орынбасары¹, Минскіде бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаров Торғай уезі 2 учаскесінің Шаруалар бастығы міндетін уақытша атқарушы болып бекітіледі².

Мырзағазы Есболов 1929 жылы 3 ақпанда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында бұл айтылғандарға қосымша мынадай фактілерді береді: «Қазан айының басында Қостанайға келгенімде марқұм Бірімжановтың ұсынуымен Бөкейханов мені Қостанай уезі комиссарының екінші көмекшісі етіп бекітті. Жәрменкенің өтіп жатқанын пайдаланып біз сырттан келгендерді қатыстырып Қостанай қазақ съезін өткізіп, Қостанай уездік бөлімін (Қазақ комитетінің — *Авт.*) құрдық. Мені оның төрағасы етіп сайлайды. Оның міндетіне: Земск және Құрылтай жиналыстарына сайлаулар өткізуге мұрындық болу т.с.с.»³.

Тағы да бір факті келтіре кетелік. Облыстық комиссар 1917 жылы 5 тамызда Орынбор округтік сотының төрағасына Өзімбек Бірімжановты тілмаштық қызметке ұсына отырып, мынадай мінездеме береді: «...Гр. Беримжанов по окончании реального училища в этом году по моему приглашению ездил на фронт в Киев для эвакуации киргизских рабочих на родину, при этом оказался весьма способным и работающим не за страх, а за совесть работником. *По убеждениям, как большинство моих близких знакомых молодых киргиз народник в духе народников 70-х годов* (курсив біздікі — *Авт.*). Надеюсь, что гр. Беримжанов оправдает мою надежду и будет хорошим переводчиком Оренбургского Окружного Суда»⁴.

Мемлекеттік басқарудағы осындай өзгерістермен бір мезгілде ескі билік тұсында өз қызметінде түрлі заңсыздықтар мен зорлықтарға жол берген патша шенеуніктерін қызметтен аластау, айыпқа тарту үдерісі де жүріп жатқандығын» айтып өткен жөн. Ө.Бөкейханов Ішкі істер министрі Леонтьевке жолдаған №350 жеделхатында 1917 жылдың

¹ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 159-п.

² Сонда, 33-п.

³ ҚР ҰҚКМ., 011494-іс, 1-т., 227-п.

⁴ Сонда, 93—97-об-п.

4 мамырына дейінгі уақытта губернатор Эверсманның, вице губернатор Обуховтың, аға кеңесші Агаповтың, Шаруа бастықтары Витман, Куфтиннің, приставтар Сиротенко, Ткаченко, Полуднев, Тарасенко, Данковцев, Прокоповтың, тілмаш Тұнғачиннің және басқа көптеген бұрынғы үкімет шенеуніктерінің қызметтерінен босатылғандығын хабарлайды¹.

Комиссарлық қызметке кіріскеннен кейінгі уақытта Ө.Бөкейхановты қатты алаңдатқан мәселе, қазақ жұрты арасындағы жергілікті басқару орындары — облыстық, болыстық және уездік комитеттерді құру ісі болды. Деректердің көрсетуіне қарағанда, ауылдық жерде ескі феодалдық топтар жаңа құрылып жатқан азаматтық комитеттердің жұмысына түрлі кедергілер жасап, тіптен қайсібір бұрынғы болыс бастықтары үкімет орындарының кеңсе мен іс қағаздарын жаңа ұйымдасқан комитеттерге өткізу жөніндегі нұсқауларын орындаудан бас тартады. Мәселен, мұндай жайлар Ақтөбе уезінде Бөрілі, Тоқан, Қобды, Аралтөбе және басқа болыстарда болған еді.

Ө.Бөкейханов өзінің №591, 594, 665 және 670-бұйырықтарымен бұрынғы болыс бастықтарына тез арада кеңселерін іс қағаздарымен жаңа комитеттерге өткізу туралы нұсқау беріп, олардың істерін бұдан бұрынғы Жарлықтарды орындамағаны үшін сотқа бергізеді². Облыстық комиссардың С.Досжанов, Е.Омаров және басқа өзінің сенімді өкілдерін ел арасына комитет жұмысын ұйымдастыруға жіберіп, қайсыбір болыстардағы қалыптасқан жағдайға тікелей өзінің араласып отырғанын байқау қиын емес³. Ол комитет жұмысын ұйымдастыруға байланысты жариялаған материалында, комитеттер құру жөніндегі облыстық съездің шешімін көлденең тартып: «Бұл съезд қаулысы — закон. Бұған мойынсұнбасқа болмайды. Жұрт жөн білсе, өзі істей қояр еді. Ескі болыс, би, ауылнайлар мұны қылмай отыр. Енді бұл іске жоғарғы хакім кіріспек. Қазақтың жұртын бастаған ақсақалы, азаматы өз қадірін өзі кетірімек болып тұр», — деп, жаңа

¹ Сонда, 4-іс, 66-п.; *Мартыненко*. Алаш-Орда. С. 22—26; «Қазақ». 1917, №227.

² ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 45, 51, 68, 70-п.

³ Сонда, 17, 19, 30-п.

құрылып жатқан комитеттердің қызметіне ескі мазмұн бермек болған атқамінерлерге арнап мынаны айтады: «Жаңа үкіметтің қолынан келмес, қолынан келсе момынды атқамінерлердің жеуінен тыяр.

Бұрынғы болыс, би, ауылнай, бұларға баташы болған жемтіктес қажы, ақсақалдар бұрынғыға салып, партия шығарып, елді бүлдіріп, шаруаны күйзелтіп жүр. Бұлардың көздегені — тағы комитет адамы болып, момынды жеп, мал табу. Бұл бола қояр ма екен?»¹.

Комиссар Ө.Бөкейхановтың осы кезде түрлі тақырыптарға жазған мақалаларында бұқара халықты ғана емес, ел ішіндегі атқамінерлерді де имандылыққа, адамгершілікке, жоғары саналылыққа шақыру байқалды және оның бұл ұстанымы сол кездегі ағартушылық көзқарасынан туындап жатқаны анық, «Қазақ-ау, Оян! — деп жазды ол. — Мұжық көші жүріп кеткенде жұртта қалып жүрме! Мұжық көрші отырып, бостандық, құрдастық, туысқандық шарапатын пайдаланғанда, ілгері басқанда, мүйізге ұрған сиырдай шыр айналып, кейін қайтып, көрші жұртқа балаңды жалшы, малшы, құл қылып беріп, жұрағаттың обалына, Алаштың баласы, қалып жүрме!»². «Қазақ жұрты, — деп жазады ол тағы бір мақаласында, — адам болып, ғұмыр тұрмыста мұжық көршімен шаруа таластырып, тарқы жолына кірісетін болғанда комитетке жұрттың пайдасын қуған, жұрттың қамын ойлаған азаматты сайлаған оң»³.

Комитеттер сайлау ісінде ғана емес, халық соты, билерді сайлау жұмысын ұйымдастыруда да ол осы ұстанымда болды, елді бұл зөру мәселені тура, әділ шешуге шақырды. «Біздің қазақ жұртына айтатын тілегіміз, — деп жазды ол, — биге таласпандар, биді таланға салмандар. Әділ бисіз жұрт жұрт болмақ емес. Таза би партияда да жоқ болады. Партия биі әділ болмайды.

Англия биі дегенде, жер үстіндегі адам баласы ішкен асын жерге қояды. Англия биі бір ауыздан партиясыз сайланады, әділ болады, адамнан қорықпайды.

¹ «Қазақ». 1917, №230.

² Сонда, №229.

³ Сонда, №230.

Партия сайланған, таланмен болған биде не қасиет, не әділдік, не ерлік болады. Бұл бір қоянша алақтаған сорлы да. Мұның алдында әділ билік қайтіп болады...

Шариғатта қисық билік айтқан бидің орны дозақта деген. Осы билерді біздің қажы молла, ақсақалдар жетелеп алып жүр. Бұл қалай? Мұсылманшылықтарың қайда?»¹.

Ө.Бөкейханов комиссарлық қызметте жүргенде қазақтың ескі күні өткен әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрмен мүмкіндігі жеткенше күрес жүргізгенін байқаймыз. Қазақ қоғамындағы сондай мәселелердің бірі әйел теңдігі болатын. Құжаттық материалдар комиссардың неке дауына жиі араласып, әйелдердің, табиғи құқын, жеке бас тәуелсіздігін қорғайтын шараларды іске асырып отырғандығын көрсетеді. «Дүниеда адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі — өлім, бірі махаббат. Қалқаман мен Мамырдың жалынғаны махаббат емес пе еді. Сүйіскен екі ғашық «молла айтты, шариғатта солай» деп тұра ма? Махаббат адамды байлағанда шариғат пен моллаға уақыт қала ма?»² деп білген қайраткердің жесір дауы, қалыңмал дауында әйел бостандығы жағында болуы, әрине, таңданыс тудырмаса керек.

1917 жылғы 13 маусымдағы №557 Жарлығында облыстық комиссар №1 Бөрте болыстық комитетіне мынадай деп жазады: «№1 ауылда тұратын Мұқаш Нұрпейсовтың Ақілгек деген әйелі қашып кетіпті. Әйелдің басы еркін, қалаған адамына тұрмысқа шыға алады. Бірақ Ақілгектің жаңа күйеуі Мұқаш Нұрпейісовке қалыңмалын толық қайтаруы керек, сондай-ақ алғашқы күйеуі әйелдің мүлкін беретін болсын»³.

Облыстық комиссар Хафиза Жанашқызы, Жәмила Имашқызы, Мәрия Сүлейменқызы тағдырына байланысты дауларды қарап, әйелдердің пайдасына шешіп, бас еркіндіктерін алып берген еді⁴.

Ө.Бөкейхановтың комиссарлық қызметте жүргенде ден қойған істерінің бірі қазақ арасындағы ұрлыққа қарсы күрес еді. Ол «тіршілік-ғұмыр белгісі алыс-тартыс, арбау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп,

¹ Сонда.

² «Қазақ». 1915, №121.

³ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 35-п.

⁴ Сонда, 22, 29, 56-об, 59, 61-п.

тізе қосып, әдіс қылса, ғұмыр бөйгесі соныкі. Торғайдың ақ үрпек балапанынша ауызды ашып біреуге жалынып, жалпая берсе, мұнан түк өнбейді», сондықтан етектен алып, балтырдан тартқан ескі жаман әдеттерден арылып, келе жатқан жаңа дәуір, жаңа заманға лайық іс-әрекеттерге бой алдыруға шақырды. Сондай «төмам қазақ атына зор кемшілік, таңба, ұят» келтіретін әдеттердің бірі ұрлық екендігін, «кедей тамақ асыраймын деп, ақылсыз жас атымды шығарамын деп, надан ақсақал кек аламын деп ұрлық» жасайтындығын, бірақ «ұрлықтан атақ та, кәсіп те, кек те табылмайтындығын» айтып, «жұрт болып ау деп, бата қылып, әдіс қылса, ұрлық бұрынғы отқа табынған атамыздың дінінен мықты емес, бірте-бірте жоғалады»¹, — деп, бұл жаман әдетпен ел болып күрессе ғана нәтиже шығатынына көпті иландыруға тырысты.

1917 жылғы 15 маусымдағы №907 Жарлығында Ә.Бөкейханов Ақтөбе уездік милиция бастығына «Бестамақ болысының қазағы Абдулла Аймағамбетовтың шағымына қарағанда, осы болыстың адамы Қоңырбай Нұрманов шағым берушінің құлынды биесін ұрлап өкеткен. Ат ұрлаушыны ұстауға тез арада бір милиционерді жіберуді ұсынамын. Егер Нұрманов қолға түссе, оны заңға сәйкес жазалау қажет»² деп нұсқау береді.

Осы мазмұндағы нұсқауды ол Қарасай, Қараторғай және басқа болыстарда болған мал ұрлығы және басқа әділетсіздіктерге байланысты береді³.

Әрине, бұл уақытта әйел теңдігіне, ел арасындағы түрлі жағымсыз істерге байланысты күрестің заңдық сипат алып, жүйелі мемлекеттік шараға айнала қоймағандығы мәлім. Оған қажет бұл кезде алғышарттар да қалыптаса қойған жоқ еді. Дегенмен облыстық комиссардың бұл бағытта жасаған алғашқы қадамдары, сөзсіз, үлкен қоғамдық істің бастамасы болатын.

Ғылыми әдебиетте Ә.Бөкейханов пен М.Тынышбаев Уақытша үкіметтің комиссарлық қызметінде жүргенде қазақ бұқарасының көтерілісін басуға қатысты деген пікір бар. Бұл жалған пікірді жасаушылар С.Брайнин мен

¹ «Қазақ». 1917, №232.

² ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 85-п.

³ Сонда, 46, 81-п.

Ш.Шафиро болатын. Олар өздерінің белгілі «еңбегінде»: «Букейханов подавлял восстание казахских трудящихся в Тургайской области, Тынышпаев организовал совместно с Шкапским погромное движение против казахских масс в Семиреченской области»¹ деп жазған болатын.

Бұл, әрине, ешқандай да сын көтермейтін, фактілік негізі жоқ, жалған пікір болатын. Соған байланысты оған елеп, көңіл аудармауға да болар еді, дегенмен көңілдегі күдікті сейілту үшін төмендегі фактілерге тоқтала кетелік. Біріншіден, біз жоғарыда бұл мәселеге арналған тарауда 16-жылғы ұлт-азаттық қозғалыс басталғаннан кейінгі уақытта Ө.Бөкейхановтың Мемлекеттік Дума арқылы жүргізген жұмысы туралы жаздық. Ақпан революциясы жеңіп, Уақытша үкімет билігі орнағаннан кейін бұл мәселе қайтадан көтеріліп, сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы және Ішкі істер министрі Штюрмердің 25 маусым Жарлығын Мемлекеттік Думаның қолдауын алмастан, өз еркімен күшіне енгізуі заңсыз деп табылып, арнайы құрылған комиссияның тексерілуіне беріледі². Мұндай хабарды жария еткен кадеттер партиясының органы «Речь» газеті еді. Сөйтіп, жаңа билік тұсында 16-жылғы ұлт-азаттық қозғалыс мәселесіне қайтадан қозғау салынады. Оған Ө.Бөкейхановтың үкімет ішіндегі кадеттер өкілдері арқылы жүргізген әрекеті себепші болғандығына біздің күмәніміз жоқ.

Екіншіден, 1917 жылы мамыр айының соңғы күндері облыстық комиссар Ө.Бөкейхановтың бастауымен Торғай қаласында осы уездің ақсақалдары жиналып, 16-жылғы көтеріліске байланысты мәселе талқыланады. Ол жөнінде «Қазақ» газеті мынадай хабар жариялайды: «Торғай — 25 маусым Жарлығы тақырыпты Торғай уезінде оқиғаларды қазақ болып кеңесуге, халық арасын тыныштандыруға обласной комиссардың шақыруы бойынша Торғай уезінің ақсақалдары жиналып, сөйлесіп, жаңа арада Торғай уезіндегі арғын-қышпақ ағайын болып бітім қылды. Халық тынышталды, Торғай облысындағы әскер қайтарылды»³.

¹ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. С. 83—84.

² «Қазақ». 1917, №232.

³ Сонда, №233.

Үшіншіден, «Қазақтың» бұл хабарында берілген фактілерге толық сенуге болады, өйткені осы кеңестің артын ала оның шешімін қуаттайтын басқа шаралардың іске асырылғандығын байқаймыз. Мәселен, Ө.Бөкейханов 1917 жылғы 7 маусымда Торғай уездік милициясының бастығына берген №5245 нұсқауында былай деп жазды: «Амангельды и Абдулгафар дали мне подписку в том, что безприкословно подчиняются решению аксакалов и примут меры к исполнению этого решения и к мирной ликвидации дел вызванными беспорядками. Поэтому я нахожу необходимым со своей стороны оставить Абдулгафара и Амангельду на свободе.

Об изложенном сообщаю Вам для сведения и исполнения»¹.

Міне, осы келтірілген құжаттардан Ө.Бөкейхановтың мәселені асқындырмай, өз жолымен, ақсақалдардың кеңесіне сала отырып, бейбіт шешуге күш салғанын байқау қиын емес. Торғай кеңесі, белгілі дәрежеде, оған дейін қарама-қарсы ұстанымдағы саяси топтар өкілдерін өзара бітістіруші рөл атқарды деп те айтуға болады. Оған кішкене болса да дәлел ретінде мынадай фактіні келтірейік. «Қазақ» газеті 11 маусым күнгі санында босқын қырғыз ағайындарға ақшалай жәрдем беруші қазақ зиялыларының тізімін жариялайды. Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған бұл үлкен тізімнің ішінде Өбдіғапар Жанбосынов пен Амангелді Иманов та бар еді².

«Қазақ газеті 1917 жылғы 6 наурыздағы Уақытша үкіметтің кешірім туралы жарлығының (Вестник Вр. Права, №8) 9-бабына сәйкес Торғай облыстық комиссарының бұйрығын жариялайды. Онда: «25 июнь жарлығы тақырыпты қызметке шақырылған жігіттерді әкеліп тапсыруға міндетті қылып халықтан алынған залог ақшаның бөрі иелеріне қайтарылуға тиіс. Ондай ақшалар қашан, кімнен, қанша һәм не үшін алынғандығын маған білдірсін. Мұндай ақшалардың иелеріне қайтарылған уақыты да білдірілсін.

11-нші маусым 1917 жыл. Торғай облысының комиссары Ғалихан Бөкей-хан»³.

¹ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 24-п.

² «Қазақ». 1917, №233.

³ «Қазақ». 1917, №236.

Ө.Бөкейханов және оның серіктері жаңа биліктің түрлі бағыттағы қызметінің мазмұнын қазақ қоғамына мейлінше дәл жеткізуге күш салды, сондай-ақ бұл іске халық арасындағы сауатты жастарды тартуға ерекше көңіл аударды. Бұл жалпы өзін-өзі ақтайтын әдіс болатын. Өйткені қоғамның, әсіресе жастардың саяси белсенділігін арттыруға бастайтын басқа жол да жоқ еді.

1917 жылдың жазында Уақытша үкімет империяның басқа өңірлеріндегідей қазақ облыстарында да ауыл шаруашылығы есебін жүргізу ісін қолға алады. Міне, осы есеп алуға байланысты Ө.Бөкейханов бастаған саяси топ «Қазақ халқына» аталатын үндеу мәтінін даярлап, оны «Қазаққа» жариялайды. Сол тарихи сәттегі қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайдан хабар беретін бұл құжатты толық күйінде ұсынуды жөн көрдік.

«Қазақ халқына»

(Есеп алу тақырыпты)

1-нші июльден бастап Торғай облысында мал-жан, шаруа, жер-судың есебі алынады. Сол шамада қазақ облыстарының бәрінде де есеп болады.

Бұл есепке біздің қазақ халқы қалай қарар: бұрынғыдай бұ жолы да сенімсіз көзбен қарар ма? Жоқ, мәнісіне түсінер ме?

Бұрын өкімет есеп аларда, қазақ сенбейтін еді. «Жеріміз мол, егінді көп саламыз десек, жерден айырыламыз ғой» деп қорқатын еді. «Малымызды көп көрсетсек, алым-шығын көп түседі» деп жасыратын еді. Адам есебін алатын болса, «неге адам есебін алады, бізден солдат алғалы жүрмесін» деп сезіктенетін еді. Қысқасы, қазақ ескі өкіметтің расына да, өтірігіне де бірдей сенбейтін еді. Онысының қисыны да бар еді. Енді бұрынғы сенімсіз өкімет жоқ. Қазіргі өкімет — халықтың өзі. Жаңа өкіметке сенбеу — халық өзіне-өзі сенбеу болады.

Бұл жолғы есепте малдың-жанның, жер-су, шаруаның есебін дұрыс ия теріс көрсеткенде келетін пайда-зиян мынадай:

Алдымызда Учредительное собрание тұр. Онда мемлекет Заңына негіз салынады. Учредительное собраниеде қаралатын мәселелердің қазақ үшін ең зоры Жер мәселесі. Қазаққа жер малына қарай яки жерге сіңірген еңбегіне қарай пішіледі. Сонда қазақтың малы аз болып көрінсе, жер

де аз тиеді. Егін егіп отырған елдердің егінің һәм малы аз болып көрінсе, көрші мұжықтан шаруасы кем көрініп, онда да жер сыбағасы аз тиеді. Соның үшін қазақ бұрынғыдай «орысты алдаймын» деп бұл жолы да малын, егінін, шаруасын жасырса, ұрылады, ұтылады.

Қазақ өз малынды өзін құртып есепті кем берсең ертен Учредительное собраниеде депутаттарың басқа жұртпен қалай дауласады? Маған көп жер бер дегенде, не дәлел айтады? Малың аз болса, егін сала білмейсің, саған көп жер неге керек демей ме? Малыңды-шаруанды жасырған кем есепті әкеліп көлденең тартса, депутаттарыңның тілі байланбай ма?!... Учредительное собраниеңіз заңын күдайдан басқа ешкім бұза алмайды.

Адам есебін алғанда бұрынғыдай «солдат алады» деп жасырсаңдар яки кемітсеңдер, онда зияны һәм зор. Учредительное собраниеға депутат әр халықтан адам санына қарай алынбақ. Қазақ еркек-әйелінің дұрыс жасын кемітсе яки тіпті жасырса, қазақтан депутат аз болады. Аздың сөзі қанша құнды болатынын өздерің білесіңдер. Қазақтан солдат алады деп қорқып жас кеміту баланың ісі. Бұрынғыдай жасырын іс енді болмайды. Қандай заң шығатын болса да, ішінде қазақтың өз депутаты отырады, халыққа ыңғайлы заңды бірге шығарысады. Қалайда болса солдат алатын реті келсе, қазақ жасырынып құтылып кете алмайды. Былтыр 25-нші июннен бұрын да қазақтың жасы шатақ еді ғой, сонда сенің жасына қарады ма, жүзіқара өкімет қойдай тоғытқан жоқ па? Бір мемлекетке бағынған біздің қазақ сияқты іргелі жұрт жасырынып жүріп күн көре алмайды.

Енді бұрынғы қата ізді баспалық, үлгілі жолға түселік, мынау ұлы дүбірге қосылалық, тиісті бәйгемізден құр қалмалық, жұрт болалық! Егер, қазақ мұны істемесек, кейінгі нәсіл-нәсіптің көз жасына қалғаның! Біздің былтырғы 25-нші июнь жарлығы тақырыпта айтқан ақылымыз тыңдалмаған орын көп болған. Онан тапқан «олжаларың» өздеріңе аян. Біз онда да әулиелікпен білгеміз жоқ-ты. Замананың сазына көзіміз жеткен. Алда да солай.

*Ғалихан Бөкей-ханов, Ахмед Байтұрсынов, Мирякуб
Дулатов, Жаны-ұзақ Жәнібеков,
Сейдәзім Кәдірбаев, Елдес Омаров,
Есен Тұрмұхамедов, Нысанғали Бегімбетов*

Х.А. — Торғай һәм Ырғыз уезінің есебін алуға өзіміздің оқыған қазақ жігіттерін лайық көрдік. Біз лайықтағандар: Студент Байгөрин, Мұхаметқазы Шотаев, Ғайса Қисықұлы, Хасен Бекентаев, Сапаржан Сейдалин, Мұса Сейдалин, Ғаббас Теміров, Ғазымбек Бермұханов, Мырзағазы Есполов, Біләл Сүлеев, Сырлыбай Бекбаев, Үдербаев, Сейіл Жиенбаев, Асқар Кәдірбаев, Ахметсафа Юсуфоглы, Сарбасов, Илияс Байменов, Әлмұхамед Қасымұғлы, Тақау Боранқұлов, Қазгелді Қарпықов, Иманғали Қарпықов, Хакімжан Байдаулетов, Мұса Дайрабаев, Кәрім Тоқтабаев, Батырхаир Тоқтабаев, Мұқан Тоқтабаев, Әбен Тастеміров, Өтеген Бөлебаев, Тоқтамыс Тұнғачин, Қарасай Қойайдаров, Тоқтар Тұнғачин, Мұхтар Тұнғачин, Медресін Терекөв, Ормұхамед Қадыров, Алман Әзірмамбетов, Тақы Әзірмамбетов, Тілеген Медетов, Айдарбек Масанов, Ыдырыс Көшербаев, Ескендір Ғұмаров.

Осы аталған 40 жігіт болсын, басқа талабы бар оқыған жастар болсын, Ырғыз-Торғай уездеріне есепке шығатын болса, тез «Қазақ» басқармасына телеграммен, хатпен білдірсін һәм өздерінің қайда тұрғандығын, яғни адресін көрсетсін.

Х.Х.А.А — қазақ арасына есепке шығатын жастардан зор өтініш «Қазақ»-тың осы нөмірін ала жүріп, есеп туралы жазылған сөздерді халыққа алдымен оқып, баяндаңыздар. Басқада жаңа тәртіп жайын түсіндірерсіздер! Ол өздеріне борыш¹.

Міне, осы сияқты және басқа да комиссар қолынан шыққан көптеген құжаттар биліктегі Ә.Бөкейхановтың саяси ұстанымынан біршама анық хабар беретін еді. Ол өзінің қысқа мерзімдік комиссарлық қызметі тұсында да демократиялық мұраттарды берік ұстанғанын және оларды шынайы өмірде іске асыруға даяр екендігін нақты атқарған істері арқылы көрсете алды.

УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ЖЕР САЯСАТЫ ЖӘНЕ Ә.БӨКЕЙХАНОВ

Қазақ саяси тобы, ұлт зиялылары үшін әр уақытта ең негізгі мәселе — жер мәселесі болды. Патша үкіметі, оның

¹ Сонда. №234.

мұрагері болған Уақытша үкімет, ең соңында Кеңес үкіметі мен қазақ саяси тобы, зиялылары арасындағы кейде ашық, кейде астыртын жүріп отырған күрес, арбасулардың түп-тамыры, қайнар көзі осы жер мәселесі еді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл мәселенің қазақ елі үшін қоғамдық маңызын ғылыми тұрғыдан өз дәрежесінде көтеріп және терең түсіндіріп берген қайраткер, ғалым, әрине, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары қызметінде жүргенде де ол үшін жер мәселесі ең негізгі мәселе болып қала берді. Олай болса, Ә.Бөкейханов осы өтпелі кезеңде жер мәселесін қалай түсінді және оны шешудің қандай жолдарын ұсынды? Енді осы сауалға жауап іздеп көрейік.

Уақытша үкімет қайшылықты, әлжуаз билік екендігін, ал қайсыбір қоғамдық мәселелерді шешуге келгенде патша үкіметінің тікелей мұрагері болғандығын, әсіресе жер саясаты анық көрсетіп берді. Жеңіске дейін соғысу саясатын жүргізе отырып, ол екі бірдей оттың ортасында қалды. *Бір жағынан*, үкімет соғыс жағдайында әскерді және ішкі сұранысты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін шаруалардың талап-тілегімен аз да болса есептесуге мәжбүр болса, *екінші жағынан*, ол орыс буржуазиясы мен билеуші топтарының үкіметі бола отырып, жер мәселесін демократиялық негізде біржола шешуді Құрылтай жиналысына қалдырды. Министрлер Кеңесінің төрағасы князь Львов 1917 жылғы 15 сәуірде барлық облыстарға жіберген №72228 Жарлығында «шаруаларға өздеріне тиесілі жерге егін салуға кедергі жасалынбасын, жерге байланысты мәселелерді әркім өз бетінше шешпейтін болсын, елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажет жағдай қалыптастырылсын» деп көрсетіп, жерге байланысты дауларды шешіп отыру үшін болыстық және уездік комитеттер жанынан егіншілер мен жер иеленушілерден құралатын татуластыру комиссияларын құруды ұсынды¹. Бұған қосымша Егіншілік Министрлігі «жері аз, яки жерсіз шаруалар жер жыртып, егін егу үшін бос жердің бәрін жерге мұқтаж шаруалар биылша пайдалансын»² деген нұсқау береді. Бұл шаралар, *біріншіден*, шаруалардың белгілі бір бөлігінің таптық наразылығының бәсеңдеуіне ықпалын тигізсе, *екіншіден*, азық-түлік тапшылығын аз да болса шешуге жағдай туғызған еді.

¹ ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 4-іс, 12-п.

² «Қазақ». 1917, №231.

Мұндай шаралардың 16-жылғы көтерілістен кейін қазақ облыстарындағы ұлтаралық шиеленісті бәсеңдету мақсатында да қарастырылғандығын байқаймыз. Осы жылдың 3 сәуірінде Егіншілік министрінің орынбасары Волков Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу, Сырдария және Томск облыстық переселен мекемелеріне 1038-нөмірлі жеделхат жіберіп, онда жер мәселесін Құрылтай жиналысы шешкенге дейін қазақ пайдасында тұрған жерден екі жақ ынтымақтасып, ризашылықпен келіскен орындарда ғана болмаса, жер кесу тоқталады. Заманның осындай ауыр шағында қазақтың мал шаруасының құтын шайқамас үшін бұрын алынған, бұл күнге дейін мұжық орнамаған һәм жазылмаған учаскелер қазақ ауылдық қоғамдарының пайдалануына биылша тегін берілсін»¹ деп көрсетілген еді.

Біздің жорамалымызша, үкімет тарапынан қабылданған мұндай шешімді белгілі дәрежеде Ә.Бөкейхановтың тура осы мәселені қойып, кадеттер партиясы съезінде сөйлеуі және оның ұсынысы бойынша бұл мәселені билік орындарына жеткізетін арнайы құрылған комиссияның жұмыс нәтижесі есебінде қарауға болады. Бірақ бұл үкімет нұсқауының іске асуы, әрине, өте қиын еді. Оның себептеріне біз төменде арнайы тоқталмақпыз.

Осымен бір мезгілде Егіншілік министрлігі жанынан жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын басқару IV Мемлекеттік Дума мүшесі, «Русские ведомости» газетінің редакторы, профессор А.С.Постниковқа жүктеледі. Өз ретінде А.С.Постниковтың комиссиясы бұл мәселені түбегейлі шешу үшін империя көлемінде жер комитеттері жүйесін құру туралы Ереже жобасын ұсынып, оны мамыр айының басында Уақытша үкімет бекітеді². Бұл Ереже бойынша жергілікті (облыстық, уездік және болыстық) және Бас (Петроградта) жер комитеттері құрылып, оларға, негізінен, екі міндет жүктелетін болды. Олардың бірі жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындау үшін империяның барлық аудандарынан қажет материал жинау болса, екіншісі, бұл мәселені Құрылтай жиналысы біржола шешкенге дейін ел ішінде күнделікті туып отырған дау-жанжалды асқындырмай, шешіп отыру еді.

¹ Сонда, №227.

² ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 4-іс, 34-п.

Сөйтіп, мамыр айында бүкіл империя көлеміндегідей, қазақ облыстарында да жер комитеттерін сайлау науқаны басталып кетті. Бұл шын мәнінде аса маңызды саяси шара болатын. Өйткені Уақытша үкімет Құрылтай жиналысына ұсынбақ болған жер реформасына байланысты құжаттың мазмұны жергілікті жердегі комитеттердің бұл мәселеге байланысты өз мүдделерін қоя білуі мен оны өткізе алуына көп тәуелді еді. Қазақ саяси тобы Уақытша үкіметтің жер комитеттерін құру туралы шарасын осы тұрғыдан қабылдады. «Қазақ» газеті сәуір айынан бастап Уақытша үкіметтің жер комитеттері туралы Ережесін, оларды құру жолдары мен тәртібін түсіндіруді көздеген түрлі материалдар жариялай бастайды. Ал оның 1917 жылғы 24 маусымдағы санында 1 пілдеден бастап бүкіл қазақ облыстарында жүретін ауыл шаруашылығы есебіне байланысты бір топ қазақ зиялыларының «Қазақ халқына (Есеп алу тақырыпты)» атты үндеуі жарияланады. Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Ж.Жәнібеков, С.Қадірбаев, Е.Омаров, Е.Тұрмұхамедов және Н.Бегімбетов қол қойған бұл үндеу, ең алдымен, халыққа жүргелі тұрған санақтың мән-жайын түсіндіруді көздеді. «Бұрын өкімет есеп аларда, қазақ сенбейтін еді» — деп көрсетілді үндеуде. — «Жеріміз мол, егінді көп саламыз десек, жерден айырыламыз ғой» деп қорқатын еді. «Малымызды көп көрсетсек, алым-шығын көп түседі» деп жасыратын еді. Адам есебін алатын болса, «неге адам есебін алады, бізден солдат алғалы жүрмесін» деп сезіктенетін еді. Қысқасы, қазақ ескі өкіметтің расына да, өтірігіне де бірдей сенбейтін. Онысының қисыны да бар еді», — деген ойды білдіріп, одан ары заманның өзгергенін, ендігі жағдайда санаққа бұрынғы көзқараспен қарауға болмайтындығын айтып, оның нақты және дәлелді себептерін келтіреді.

«Бұл жолғы есепте мал-жанның, жер-су, шаруаның есебін дұрыс, ия теріс көрсеткенде келетін пайда-зиян мынадай:

Алдымызда Учредительное собрание тұр. Онда мемлекет заңоіне негіз салынады. Учредительное собраниеде қаралатын мәселелердің қазақ үшін ең зоры — жер мәселесі. Қазаққа — жер малына қарай, яғни жерге сіңірген еңбегіне қарай пішіледі. Сонда қазақтың малы аз болып көрінсе, жер де аз тиеді. Егін егіп отырған елдердің егіні һәм малы аз болып көрінсе, көрші мұжықтан шаруасы кем көрініп, онда да жер сыбағасы аз тиеді. Соның үшін қазақ бұрынғыдай «орысты алдаймын» деп бұл жолы да малын, егінін, шаруасын жасырса, ұрылады, ұтылады.

Адам есебін алғанда бұрынғыдай «солдат алады» деп жасырсаңдар, яки кемітсеңдер, онда зияны һәм зор. Учредительное собрание депутат әр халықтан адам санына қарай алынбақ. Қазақ еркек-әйелінің дұрыс жасын кемітсе, яки тіпті жасырса, қазақтан депутат аз болады. Аздың сөзі қанша пұлды болатынын өздерің білесіңдер. Қазақтан солдат алады деп қорқып жас кеміту баланың ісі... Былтыр 25 маусымнан бұрын да қазақтың жасы шатақ еді ғой, сонда сенің жасыңа қарады ма, жүзі қара өкімет қойдай тоғытқан жоқ па? Бір мемлекетке бағынған біздің қазақ сияқты іргелі жұрт жасырынып жүріп күн көре алмайды.

Енді бұрынғы қате ізді баспалық, үлгілі жолға түселік, мынау ұлы дүбірге қосылалық, тиісті бөйгемізден құр қалмалық, жұрт болалық! Егер қазақ, мұны істемесең, кейінгі нәсіл-нәсіптің көз жасына қалғаның! Біздің былтырғы 25 маусым Жарлығы тақырыпты айтқан ақылымыз тыңдалмаған орын көп болған. Онан тапқан «олжаларың» өздеріңе аян. Біз онда да әулиелікпен білгеміз жоқ-ты. Замананың сазына көзіміз жеткен. Алда да солай»¹.

Бұл үндеудің астына қол қоя отырып, өздері лайық деп тапқан 40 оқыған қазақ жігіттерінің аты-жөнін атап, оларды Торғай және Бірғыз уездеріндегі есеп алу жұмысына аттануға шақырады және қазақ арасына есеп алуға шығатын кісілерден «Қазақ» газетінің осы үндеу жарияланған санын ала жүріп, оны халыққа оқып беріп, баяндап, сондай-ақ «басқа да Жаңа төртіп жайын» түсіндіруді өтінеді. Аталған жігіттердің арасында майдандағы жұмысқа алынған қазақ жастарының арасында болып қайтқан Хасен Бекентаев, Мұса Сейдалин, Мырзағазы Есболов, Біләл Сүлеев сияқты және басқа жас зиялы қауым өкілдері бар еді.

Көріп отырғанымыздай, бұл шын мәнінде, таяу арада өткелі отырған аса маңызды шаралар — жер комитеттерін сайлау, санақ алу, Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау, т.б. алдында, қазіргі тілмен айтқанда, үгіт-насихат бригадасын жасақтау әрекеті болатын. Өкінішке қарай біздің қолымызда бұл шараның бұдан былайғы барысы жөнінде материалдар жоқ. Дегенмен сол тарихи жағдайда бұл, әрине, халықпен жұмыс жүргізудің жалғыз тиімді жолы болатын.

¹ «Қазақ». 1917, №234.

Ал осы уақытта Уақытша үкіметтің жергілікті орындардағы жер саясаты қандай күйде еді? Бұл ретте, ең алдымен, көзге ұратын жағдай — Уақытша үкіметтің қазақ облыстарындағы жер мәселесінде ескі үкіметтің саясатын кішкене де болса өзгертуге құлықсыздық танытқандығы. Анығырақ айтқанда, ол бұл салада патшалық биліктің мұрагері еді. Мұны неден байқауға болады?

1. Уақытша үкімет революцияға дейінгі қазақ облыстарындағы жер мәселесінен жақсы хабардар бола отырып, революциядан кейінгі уақытта өткен облыстық қазақ съездерінің ішкі Ресейден орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуына шек қою, переселен мекемелерін жою, сөйтіп, жер мәселесін белгілі бір жүйеге келтіру туралы өтініштеріне құлақ аспады. Мәселен, мамыр айының орта тұсына қарай облыстық комиссарлар атына Жарлық ретінде мынадай мазмұндағы жеделхат таратылды:

«Прошу оповестить Исполнительные Комитеты, общественные организации, что в целях удовлетворения разнообразных нужд переселения и поддержания неокрепших переселенческих хозяйств, участников войны необходимо сохранение в неприкосновенности переселенческой организации и безостановочная ее деятельность. Все отпускаемые сметы и кредиты для нужды переселения могут быть расходуемы по закону исключительно через заведывающими районами, которые ответственны за правильное их расходование...

За министра Земледелия

Волков

Чиновник особых Поручений Переселенческого
Управления

*Гедьмин*¹.

Мұндай сипаттағы саясатты жүргізудегі мақсат патша үкіметінің Қазақстан сияқты шет аймақтардағы отарлау саясатында қол жеткен жетістіктерді біржола бекіте түсу, сол арқылы империялық үстемдіктің жаңа түрін орнықтыру еді. Осы мүддені көздеген орталық Переселен басқармасы 1917 жылы 29 наурызда №11 Жарлық түріндегі қатынас хатымен өзінің облыстық мекемелеріне жаңа қалыптасқан жағдайға байланысты тез арада қоныс аударушылар үшін дайындалған учаскелердің көлемі мен құрамын анықтауға бағытталған шараларды іске асыруды тапсырады. Осы

¹ ҚР ОММ, 19-к., 1-т., 634-іс, 4-п.

нұсқауды орындау мақсатында өткізілген Жетісу облыстық переселен мекемелері қызметкерлерінің жиналысында мынадай шешімдер қабылданды:

«І. Әлі де пайдаланылмай жатқан жер қорларын түгел есепке алып, бұрынғы дайындаған учаскелерді қайта қарау үшін барлық шағын аудандарда арнайы комиссия құрылсын...

IV. Жер қорын нақты пайдалану үшін бұратаналарды да, ескі орыс тұрғындарын да және жаңа қоныстанушыларды да жаппай жерге орналастыру қажет»¹.

Көріп отырғанымыздай, бұл құжаттан жер мәселесінде патша үкіметі ұстанған негізгі екі бағыт өз жалғасын тапқан. Олар, *біріншіден*, сол бұрынғыдай қоныс аударушыларды орналастыратын жер қорларын дайындау, *екіншіден*, сол қорларды молырақ жасау үшін қазақтарды жаппай жерге орналастыру. Бұл арада ескі және жаңа биліктер арасындағы сабақтастықтың сақталғаны көзге ұрып-ақ тұр.

2. Сәуір айында Петроградтағы Переселен басқармасы өзінің жергілікті мекемелеріне жеделхат жолдап, онда бұрынғы патшалық билік тұсынан бері қызмет жасап келе жатқан қызметкерлеріне сол бұрынғыдай өз міндеттерін атқара беруді өтінеді². Ал олардың арасында патшалық биліктің отарлау саясатына үлкен құлшыныспен қызмет жасаған шенеуніктер жеткілікті болатын. Біз, мәселен, бірінші тарауда Жетісу облысына байланысты сондай шенеуніктердің қатарына облыстық переселен мекемесінің бастығы Велецкийді, уездік осындай мекеменің меңгерушісі Войшвиллоны жатқызған болатынбыз. Деректердің көрсетуіне қарағанда, бұл шенеуніктер бұрынғы қызметтерін ауыстырғанымен, өздерінің отаршыл саясатын Уақытша үкімет тұсында да жалғастырған. Мәселен, Жаркент уездік комиссары Воробчук 1917 жылы 29 шілдеде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі Шкапскийге жазған баяндамасында облыстық переселен мекемесінің нұсқауымен Жаркент уезіне келген Войшвиллоның³ уездегі қазақ жұртының шаруашылығына келтірген қаскүнемдік

¹ Сонда,

² Сонда, 1—2-п.

³ Бұл уақытта Войшвилло Егіншілік министрлігінің Жетісудағы өкілі міндетін атқарған. ҚР ОММ, 19-к., 1-т., 654-іс, 41-п.

істерін баяндайды. Ол уезге келген бетте жергілікті билікпен ешқандай да қатынаспастан орыс селоларының араларында орналасқан қазақ қожалықтарына тән жарамды жерді алып орыс селоларының иелігіне берген, сөйтіп көптеген қазақтарды нансыз және пішенсіз қалдырған. Сүмбі және Айт болыстарындағы қазақтардың иелігіндегі шабындық жерді Чүнжа (және Подгорненск) орыс-қазақтарына тартып әперіп, қазақтарды қысқа дайындайтын пішенінен айырған. Ал Ақсу селосындағы ұйғырларға қазақтардың Жуантөбе және Қайтатөлеп атты жайлауларын бір жылға тегін әперуге уәде берген.

Войшвиллоның осы сияқты істерін баяндай келіп, уездік комиссар «Войшвиллоның бұл істегендерінің бәрі де заңсыз және мұның өзі жұртты тыныштандырудың орнына, керісінше, барлық қазақ болыстарында «осындай әділетсіздік белгілі бір мақсатпен, саналы түрде жасалынып жатыр» деген пікір тудырып, жергілікті халықтың ызасын келтіруі мүмкін»¹, — деп жазды.

1917 жылы қыркүйек айында Алматыда болып өткен Жетісу облыстық қазақ съезі 1916 жылғы көтерілістің себеп-салдары туралы мәселе қарап, көтерілістің шығуына бірден-бір себеп болған Велецкий басқарған облыстық переселен мекемесінің «қазақ халқын жақсы жерден махрұм» қалдыруды көздеген қаскүнем саясаты екендігі айтылып, съезд Министрлер Кеңесінің Төрағасы мен Егіншілік министріне Велецкийдің ісін тексеріп, өзін жауапқа тартуды сұрайды. Ал бұл кезде Велецкий мырза Орынбор губерниялық Мемлекеттік мүлік мекемесін басқарушы еді².

Міне, осы сияқты бұрынғы патша шенеуніктерінің жаңа билік тұсындағы отаршыл іс-әрекетін баяндайтын фактілерді басқа облыстардан да келтіруге болатын еді.

3. Уақытша үкіметтің переселен мекемелер жүйесін сақтап қалудағы тағы бір мақсаты Ақпан революциясынан кейінгі айларда жаңа орынға қоныс аударған шаруалардың арасында, кейін ішкі Ресейге қайта көшу туралы қозғалыс бас көтере бастайды, соған жол бермеу еді. Егіншілік

¹ ҚР ОММ, 9-к., 1-т., 56-іс, 1—2-п.

² «Қазақ». 1917, №244.

министрлігі мен Переселен басқармасы 1917 жылы маусымда жергілікті билік орындарына жолдаған №367 ресми хатында «Оралдың арғы бетіне барып орналасқан қоныс аударушылардың арасында соңғы кезде отанына қайтып тез арада помещиктер жерін бөліске салу ниетінен туындаған қозғалыс байқалады. Қоныс аударушылардың қайсыбірі жаңа жерде жинаған мүліктерін жаппай сатып, салған егіндік жерін, пішенін тастап, Ресейдегі помещиктер жерін бөліске салу үшін асығыс қайтуда» деп көрсетіп, бұл қозғалысты өріс алдырмай тоқтатуға қажет шараларды іске асыруды өтінеді¹.

Жергілікті орындардың бұл үдеріске қатынасы бірдей емес болатын. Біз жоғарыда сәуір айында болып өткен Торғай облыстық қазақ және орыс съезінің ішкі Ресейге қайта көшпек ойы барларға байланысты «көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көпсе, қазынадан көмек ақша берілсін» деген шешім қабылдағаны жөнінде айттық.

Шамамен осындай пікірді Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша комиссарлары Шкапский мен Тынышбаев та білдірді. Олар Түркістан комитетінің төрағасы Щепкинге берген жеделхатында 16-жылғы көтерілістен шаруашылығы күйзеліске ұшыраған переселендердің егер шығындарын төлесе қайтадан отандарына көшпек ойлары барын айтып, «бұлардың Ресейге қайта қоныс аударуы облысты тыныштандырып, шаруашылығын қалпына келтіру ісіне тиімді болар еді»² деп көрсетті.

Бірақ жергілікті әкімшілік орындарының нақты іс-әрекетінде, әрине, ішкі Ресейге қайта көшуді болдырмау шаралары үстемдік алғандығы өзінен-өзі түсінікті. Мәселен, Семей облыстық атқару комитеті переселендерге арнайы үндеумен қайырылып, онда «немістермен соғыстың жеңіспен аяқталып, майданда жүргендердің үйлеріне оралмай Құрылтай жиналысының жер туралы заң шығаруы тіпті де мүмкін еместігін» айтып, сондықтан да барлық переселендерді шаруашылықтарын бұзбай, темір жол және басқа көлік жүйелерінің жұмысына кедергі жасамай, орындарында қалуға шақырады³.

¹ ҚР ОММ, 19-к., 1-т., 634-іс, 7—7-об-п.

² Сонда. 9-к., 1-т., 5-іс, 1-п.

³ ҚР ОММ, 19-к., 1-т., 634-іс, 7—7-об-п.

Переселендерді ішкі Ресейге қайтармау шараларын 1917 жылы маусым айында өткен Жетісу облыстық орыс шаруалары съезі де қарастырды. Съезде баяндама жасаған облыстық переселен мекемесінің бастығы Гончаревский орыс шаруалары кейін Ресейге қайта көшіп помещиктік, мемлекеттік, монастырлық және басқа жерлерді бөліске салған күннің өзінде Жетісудағыдай құнарлы жер үлесі оларға тимейтіндігін жан-жақты негіздей келіп, облыста аграрлық мәселені шешудің мынадай жолын ұсынады: «Орыс селоларының мұқтажын өтеуді бірінші кезекке қоя отырып, оларға қазақ пен қырғыздардың жарамды егіс жерлері мен шабындықтарынан кесіп өперу керек. Бұл іспен жер комитеттері шұғылданып, біраз жер Құрылтай жиналысына дейін-ақ бөлініп берілуге тиіс, ал мәселені біржола Құрылтай жиналысы шешеді»¹.

Қосымша баяндама жасаған Боголюбов деген Жетісуды тастап Ресейге кетеміз деушілерге арнап мынадай фактіні келтіреді: «...облыста ең көп егістік жер орыс жұртында: арендаға алған жерді қоса есептегенде әрбір дворға — 25 десятинадан келеді. Ал Ресейде әрбір дворға келетін жер көлемі орта есеппен 11 десятинадан ғана»².

Съезд қаулысында Гончаревскийдің ұсынысын түгелдей қабылдап, оған қосымша «Жер комитеттері орыс жұртына қазақтардың артық жерін өпергенде болашақта ол артық жерді қазақтарды жаппай отырықшылыққа көшіру арқылы шығаруды ескеретін болсын»³, — деп көрсеткен еді. **Съезд материалдарымен танысқанда көзге ұратын бір жағдай: қазақ жұртын тез арада жаппай отырықшылыққа көшіру идеясы барлық делегаттардың ақыл-есін билеп алғандығы еді.**

Сонымен, қорыта айтқанда, Уақытша үкімет және оның жергілікті мекемелері жер мәселесін Құрылтай жиналысына қалдырғанымен, шын мәнінде ашықтан-ашық отарлау саясатын ұстанды, ал Орталық Переселен басқармасы бастаған ескі патша шенеуніктері бұрынғы билік тұсында істеп үлгірмеген істерін Құрылтайға дейін-ақ орындап қалуға тырысты.

Ақпан революциясынан кейін көктем шыға жер мәселесін шешуде қайсыбір облыстарда қазақтардың белсенді

¹ ҚРОММ, 19-к., 1-т., 654-іс, 3-п.

² Сонда, 20-п.

³ Сонда. 35-35-об.п.

өрекетке көшкендігі байқалады. Мәселен, Қостанай уезіне қарайтын болыстық Қазақ комитеттері мамыр айында Лагонский, Кошкарлов және Пуставалов деген жергілікті переселен мекемелері қызметкерлерінің іс-қағаздарын, құжаттарын және ақшаларын тартып алып, өздерін жұмысқа жібермей қояды. Болған оқиға туралы хабар алған Ішкі істер министрлігі тез арада облыстық комиссар Бөкейхановқа жеделхат жолдап, мұндай «бұзақылықты енді қайтып болдырмауға және заң жолынан ауа жайылдырмауға» бағытталған нақты шаралар қолдануды талап етеді¹.

Ақтөбе уезі Қаратоғай болысының №2 ауылының қазақтары 1916 жылы переселен мекемесі қоныс аударушыларға алып берген жарамды жерлерін жаңа иелерінің келісімін сұрамай-ақ жыртып, егін егіп тастайды².

Міне, осы сияқты фактілер Ә.Бөкейханов басқарған Торғай облысының түрлі уездерінде орын алған болатын. Мұндай фактілерге Ә.Бөкейханов, «Қазақ» газетінің басқармасы қандай қатынаста болды? Енді қысқаша соған тоқталайық.

Өрине, сол тұстағы қазақ саяси тобы Уақытша үкіметтің жер саясатына көзқарасы, Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісінің өзгерістері аралығында бір күйде болды десек қателікке ұрынар едік. Егер олар пілде оқиғалары және пілдедегі І жалпықазақ съезіне дейін жер мәселесін жаңа билік шеңберінде, Құрылтай жиналысы арқылы шешуге сенімді болса, жағдай мүлдем шиеленісіп кеткен 17-жылдың екінші жартысында бұл мәселенің біржолша шешілуін ұлттық мемлекеттік дербестікпен байланыстыра қарады. Бұл пікірдің негізсіз еместігін көрсететін нақты деректерге жүгінейік.

Ә.Бөкейханов 1917 жылғы көктемде Торғай облысында болған жер дауларына жиі араласып, қазақтарға басу айтып, тек заңдық негізде ғана өрекет жасауды қатаң түрде талап етеді. Оның мұндай айқындамасын Илек болысы №2 ауыл қазақтарының көрші орыс селоларымен араларында болған дауға байланысты жасаған тұжырымдарынан аңғаруға болады. Дау барысында №2 ауыл қазақтары 1917 жылы 13 мамырда облыстық управа төрағасы Ткаченко мен

¹ ҚРОММ, 17-қ., 1-т., 4-іс, 25-п.; «Қазақ», 1917, №231.

² ҚРОММ, 17-қ., 1-т., 23-іс, 15-п.

оның орынбасары Қадірбаевтың қатысуымен қабылданған шешімге келіспейтіндіктерін білдіреді. Даудың тіптен өзара қақтығысқа апаруынан қауіптенген Ө.Бөкейханов №2 ауыл қазақтарына: «...Орыс пен қазақ жері арасына соқамен жыртылып шеп тартылатын болады, одан ары қазақтар малдарын жіберіп, пішен орып, егін екпейтін болсын.

Орыстармен ұрыспай, жарасымды өмір сүруді өтінемін. Өйтпеген жағдайда қазақтар жазаланатын болады»¹ деп жазды.

Ал қазақтарға көрші орыс селосының Азаматтық Комитетіне жазған қатынас хатында: «...В настоящее переходное время в интересах государства и закрепления завоеванных свобод необходимо, чтобы все граждане России без различия партии, национальности и вероисповедения, жили между собою в ладу, помогая по силе возможности друг другу.

Поэтому прошу граждан участка №434 принять свои меры, чтобы не было никаких столкновений и недоразумений на земской основе...»² деп, оларды да өзара жарасымдылыққа шақырды.

Осы мазмұндағы басу сөзді Ө.Бөкейханов Қызылжар болысының №8 ауылындағы, Тамды болысының №1 ауылындағы, Бөрілі болысының №6 ауылындағы және басқа болыстардағы жер дауына байланысты айтқандығын байқаймыз³. Мұндай ұстанымды ол комиссарлық қызметіне байланысты ұстанғаны рас, сонымен бірге сол тарихи әрі-сәрі кезеңде қазақтар үшін жер мәселесін басқаша шешетіндей жағдайда жоқ еді. Өйткені Уақытша үкімет сияқты билік жағдайында жер мәселесін қоюдың өзі мүмкін емес-тін.

Тура осындай бағытты бұл мезгілде «Қазақ» газеті де ұстанды. Ол, мәселен, переселендер үшін жер кесуді тоқтата тұру, бұрын кесілген, бірақ әлі переселендер келіп орын теппеген учаскелерді қазақтарға пайдалана тұруға беру туралы Егіншілік министрлігі 1917 жылы 3 сәуірде жіберген №1038 жеделхатты жариялай отырып, оған мынадай қосымша түсінік береді: «бостандықты теріс түсініп, қазанның ағашын кесе бастаған, қасындағы мұжықтардың жерін бас салып жырта бастаған сияқты бұл телеграмды қате түсініп, орналасайын деп отырған мұжықтарды учаскелеріне жібермей жүрмендер. Бостандық біреудің мүлкіндегі

¹ ҚРОММ, 17-к., 1-т., 23-іс, 11-п.

² Сонда, 12—12-об-п.

³ Сонда, 23, 44, 47-п.

нәрсеге ти демейді. Қазақтың һәм мұжықтың жасаған комитеттері ынтымақпен іс қылып, елдің бүтіншілігін ойлау керек. Ешбір жолсыздықты кімге де болса істетпеске керек»¹.

Заңдылық жолын берік ұстанған «Қазақ» тіптен өзінің тұрақты авторларының жер мәселесіне қатысты мақалаларын жариялаудан да қашқақтады. Сондай белсенді авторларының бірі Ахмет Жанталыұлына — оның жолдаған мақаласына байланысты мынадай жауап жариялады: «Ахмет Жанталыұлына — Қазақ жеріне көрші мұжықтарың зорлық қылып отырған болса, өздеріңнің комиссарларыңа, жер комитеттеріне һәм облосной комитетке білдіру керек. Жер мәселесі Учредительное собраниеде шешілгенше зорлық-зомбылық, қол ісі болмасын деген үкіметтің жарлығы бар. Мақалаңыз «Қазақта» басылудан сіздерге келер пайда жоқ. Омбы, Қызылжарда шығатын орыс газеттерінде басылып шықса, бір сәрі».

Жер мәселесін тек заңдық негізде ғана шешуді жақтаған олардың ұстанымын тағы мынадай фактіден байқауға болады. Ақпан революциясынан кейінгі аралықта Орынбор қаласында татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті арқылы қазақ жерінде тұратын Калимолла Ғабдуллин және «Ирсиз» деген жамылғы есімді татар жұртының өкілдері кезінде переселендерге өткен қазақ жерін бізге алып бермейді деп Бөкейханов пен Байтұрсынұлына өкпе айтып, бұлар Ильминский мен Победоносцевтер саясатымен жазылған Дала Ережесін қуаттайды деген пікір тастайды².

М.Дулатұлы бұл жарияланған материалдарға байланысты Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлының атынан «Қазақ» газеті арқылы былай деп жауап береді:

«Калимолла һәм «Ирсиз» өпенделерге біздің айтарымыз: Ильминский мен Победоносцевтің бар да сүйегін өрте, біздің жұмысымыз жоқ. Степное Положениесіз тұра алмаймыз деп ертең Учредительное собраниеде, яки Государственная Думада қуаттасақ сонда келіп соқтық, оған шейін қамқоршылығыңды ішіне сақтап тұр. Ал күр өзіңе жер керектігі үшін соқтыққан болсаң, қазақта құтыла алмай жүрген жер жоқ, оны да ұмытпа. Қазақ жерін беретін болса, ноғайға ағайын екен, жер бермесе Ильминскийге ағайын екен. Ондай ағайындықтың бізге керектігі жоқ...»³.

¹ «Қазақ». 1917, №227.

² «Вакт». 1917, №2244, 2253.

³ «Қазақ». 1917, №238.

Шілде айынан бастап Ө.Бөкейхановтың жер және басқа қоғамдық мәселелерге байланысты көзқарасы принциптік өзгерістерге ұшырайды. Оған себепші болған, *біріншіден*, Уақытша үкіметтің жалпы империя көлеміндегі саяси процестерді игеру қабілетінің күн өткен сайын кеми түсуі болса, *екіншіден*, өзі құрамындағы кадеттер партиясы мен қазақ ұлт-азаттық қозғалысының негізгі мәселелерде өзара мүдде қайшылығының айқындала түсуі еді. Егер империя көлемінде мемлекеттік тәртіптің анархиялық көріністерге орын бере бастауы ұлттық мемлекеттік дербестік туралы мәселені неғұрлым батылырақ қоюға итермелесе, ұлттық бостандық үшін күрес қарқынының өсуі көптеген мәселелерді, соның ішінде, ең алдымен, жер туралы мәселені ашық-анық, ұлттық мүдде тұрғысынан дербес көтеруді талап етті, бұдан былайғы оқиғалар ағымы ресейлік саяси ұйымның жетегінде жүруді көтермеді.

Ө.Бөкейхановтың бұл кезеңдегі жер мәселесіне байланысты көзқарасы, белгілі дәрежеде, шілдедегі I жалпықазақ съезінің шешімдерінде, сондай-ақ одан кейінгі уақыттағы жазған материалдарында, әсіресе «Жалпы Сібір съезі» атты мақаласында айқын көрінді. Шілдедегі жалпықазақ съезінде ол кадеттер партиясы құрамынан шығуының басты себебі есебінде жер мәселесін келтіріп, «кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді»¹ деп түсіндіріп, қазақтарда мүліктенген жердің болмауын, жердің ауылға, болысқа берілуін жақтады.

8—15 қазан аралығында Том қаласында өткен Сібір автономистерінің съезіне қатынасқан Ө.Бөкейханов бастаған қазақ делегациясы өздерінің жерге байланысты бағдарламасын мейлінше дәл және толығырақ мәлімдейді. Ал ол бағдарламаның негізгі тұжырымдары «Алаш» партиясының бағдарламасына енеді. Ө.Бөкейханов жалпы Сібір съезі туралы «Қазақ» газетіне жазған мақаласында осы жер мәселесіне тағы да тоқталады. Бұл арада оның мынадай негізгі жақтарын бөліп айтуға болар еді.

1. Бас Переселен мекемесінің есебі бойынша, қазақ жері 240 миллион десятина. Егер бұл рас болса, әрбір қазаққа 44 десятинадан келмек. Бір үйде орта есеппен 5 адам болса,

¹ Сонда, №256.

үй басына 220 десятинадан тимек. «Ақтөбе, Көкшетау, Өскеменде, Алматыда үй басы 200 десятина түгіл, мұның оннан бірі жоқ қазақ аз емес».

2. Жаңа билік орнап, бостандық, теңдік, туысқандық келгені рас болса, қазақ мұндай зорлыққа көне алмайды. Енді мұнан былай өзіміз жер еншімізді алып орныққанша жерімізге қоныс аударушылар көшіп келуін тоқтатсын.

3. Құрылтай жиналысы жер мәселесіне байланысты заң қабылдаған соң, қазақ өз жерінде алдымен енші алатын болсын. Адам басына, жеке үй басына тиетін жер сыбаға шаруаға, жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болсын. Жер сыбағасын жергілікті жер комитеттері анықтайтын болсын.

4. Қазаққа жер сыбағасы өздерінің тілегіне сай ауылға, ұлысқа, руға деп бөлінсін. Жерді бірігіп алған ру, ауыл, болыс өз ішінде өздері тәртіп орнатып, әділдікпен пайдалансын.

5. Қазақтарға жер сыбағасы тұрған жерінен, атамекенінен берілсін. Ертіс бойындағы он шақырымдағы (десяти-верстная) қазақ сол жерден үлес алсын. «Атты казак бермеймін дер, біз Ертістен кетпейміз, жер алмай қоймаймыз. Жерді жолмен, законмен аламыз. Қазақ... сыбаға жерін алған соң, қалған жер мемлекет қазынасына аталып», земство билігіне өтсін¹.

Уақытша үкімет комиссары Ө.Бөкейхановтың 1917 жылдың соңына қарай жер туралы жасаған негізгі тұжырымдары, міне, осылар болатын. Сондай-ақ бұл жасалған бағдарламалық қорытындыларды жалғыз Бөкейхановқа таңсақ қателесер едік. Өйткені олар Қазан төңкерісіне дейін патшалық билікпен күресіп келген қазақ демократиялық зиялы қауымның азапты ізденістен кейін жасаған ортақ тоқтамы болатын. Сондықтан да бұл тұжырымдар түгелдей «Алаш» партиясының бағдарламасына енді.

1917 жылдың күзіне қарай Ө.Бөкейхановтың қазақ елінің болашақ мемлекеттік құрылымы туралы көзқарасы да белгілі бір жүйеге түсіп қалғанын байқаймыз. Ол өзінің бұл мәселеге қатысты көзқарасын Сібір съезінен қайтар жолда Семейдегі қазақ жұртшылығымен болған кездесуде сөйлеген сөзінде баяндайды. Оның қысқа мазмұны мынаған саяды:

1. Ресей көп ұлтты, үлкен мемлекет. Оның құрамындағы әрбір халықтың төл даму жолынан, күнделікті тіршілігінен туындап жатқан өз ерекшеліктері бар. Ал «осындай тілі,

¹ Сонда, №251.

жаратылысы, жаны бір-бірінен бөлек халықтарды бір топ кісі қандай ақылды болса да, бөрінің керегін біліп, бөріне лайықты заң жасап, бір орталықтан басқара алмайды. Лайықты заңды өздеріне өздері ғана жасай алуға мүмкін». Жалпыға бірдей қолайлы заң шығаратын орын — Құрылтай жиналысы.

2. Құрылтай жиналысына қазақ елінен сайланған депутаттар Ресей мемлекетінің автономиялар (өз билігі өзінде) одағы болуын қолдағаны жөн. Ал «автономия үш түрлі:

- 1) қаны біргелік;
- 2) жері біргелік;
- 3) шаруасы біргелік».

3. Қазақ елі жеке автономия алуға әзір емес. Өйткені «автономияны жүргізіп өкетерлік кісіміз тіпті жеткіліксіз, қазақтың жалпысын тарих даярлаған жоқ». Сондықтан қазақ елі «жері біргелік автономияны қабылдап Сібірге» қосыла тұрады. Қай күні өзін-өзі басқаруға жараса, сол күні Сібірден бөлініп автономия алмақ¹.

Ә.Бөкейханов бұл сөзінде қазақ облыстарының Түркістанмен бірігіп автономия құруына үзілді-кесілді қарсы. Оның пікірінше, бұл екі жақ та мәдениетінің төмендігіне байланысты өздерін-өзі басқаруға даяр емес. Ал қосылған күнде, басымдылық діни реакциялық күштердің қолына ауып кетуі толық ықтимал.

Ә.Бөкейхановтың бұл айтылған пікірлері қайшылықсыз емес-тін. Оны көп ұзамай уақыттың өзі-ақ көрсетіп берген болатын. Ол жөнінде әңгіме келесі тарауда болмақ. Біз әзірге Уақытша үкімет комиссары Ә.Бөкейхановтың 17-жылдың күзіне қарай қоғамдық көзқарасында болып өткен өзгерістерді баяндаумен шектелмекпіз.

Ә.Бөкейханов 1917 жылы 15 желтоқсанда, яғни оны Алашорда үкіметінің төрағасы етіп сайлаған II жалпықазақ съезі аяқталған күннің ертеңіне комиссарлық қызметтен отставкаға кететіндігін мәлімдеді². Бұл, әрине, оның саяси қайраткерлік жолындағы тағы бір кезеңнің аяқталуы ғана емес, сонымен бірге осы уақытқа дейін өзі алдына мақсат етіп қойған мүдделер үшін күрестің жаңа жағдайда, келесі жаңа кезеңінің басталуы еді.

¹ «Сарыарқа». 1917, №18, 20. «Ғалиханның Семейге келуі» деп аталатын бұл мақаланың авторы Сұлтанмахмұд Торайғыров.

² ҚР ОММ, 17-қ., I-т., 23-іс, 249-п.

М.ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ О.ШКАПСКИЙ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ТҮРКІСТАН КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ, ҚЫРҒЫЗ БОСҚЫНДАРЫНА КӨМЕК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

1917 жылдың сәуір айының басында Уақытша үкімет Түркістан өлкесін басқаруды 9 адамнан тұрған Түркістан комитетіне тапсырады. Оның алғашқы құрамы мынадай кісілерден тұрған еді: Н.Н.Щепкин, Ө.Бөкейханов, М.Тынышбаев, С.Мақсұдов, В.С.Елпатьевский, А.Л.Липовский, П.Б.Преображенский, О.А.Шкапский және Ғ.Дәулетшин¹.

Ө.Бөкейханов «Қазақ» газетіне жазған хабарында бұл Комитетке Түркістан өлкесінде «бостандық, құрдастық, туысқандық шырағында» қандай өзгерістер жасаймын десе де ерік деп көрсетіп, Түркістанның жағдайын Англияның отар елдерімен теңеп, «Учредительное собраниеден кейін Түркістан өз тізгіні өзінде колония болады» деген үмітін айтады. Ал бұл комитеттің таяу арадағы ең негізгі міндеттерінің бірі: Қытай ауған қырғыздарды қайтарып, бұрынғы өз ата қонысына орналастыру екенін білдіріп, «қырғыз қарындасым кір жуып, кіндік кескен жеріне қайтқаны жақсы болар еді»² деген тілегін де жасырмайды.

Ө.Бөкейханов осы шағын мақаласында Комитет мүшелеріне қысқаша сипаттама беріп, оларды Түркістан өлкесін білетін адамдар ретінде таныстырады. М.Шоқаев 1917 жылға арналған естеліктерінде керісінше жалғыз социалист-революционер О.А.Шкапскийден басқа комитет мүшелерінің арасында Түркістан өлкесін білетін адам жоқ еді деген ойды айтады³. Біздің пікірімізше, Ө.Бөкейхановтың комитет құрылған бетте жазған мақаласында жалпы Комитетке, оның мүшелеріне артқан үміті тым көтеріңкі болса, ал М.Шоқай С.Мақсұдов пен М.Тынышбаев сияқты оның мүшелері қызметін бағалауда бір жақтылыққа ұрынған еді. Біздің нақты қарап отырған тақырыбымызға келсек, М.Тынышбаевтың Түркістан комитеті құрамына енуі, әрине, кездейсоқ емес-тін. Өйткені тура сол тарихи кезеңде Жетісу өлкесін М.Тынышбаевтай жақсы білетін басқа білімді адамды табу қиын еді.

¹ «Қазақ». 1917, №226.

² Сонда.

³ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. 135-136-бб.

М.Тынышбаев Жетісу өлкесінде 1916 жылы болған қайғылы оқиғаларға қатысты өз көзқарасын комиссарлық қызметке тағайындалғанға шейін-ақ білдірген болатын. Ол жөнінде «Қазақ» газеті: «Мұхамеджан Тынышбаев — II Государственный Дума ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатар зиялы азамат. 25 маусым Жарлығы тақырыпты Жетісуда бүліншілік болғаннан бері Мұхамеджан көзге көрінерлік көп пайда келтіріп жүр» деп көрсетіп, бұл ретте оның Түркістан губернаторы Куропаткиннің қабылдауында болғанда (1916 жылы 10 тамызда) көтерілістің негізгі шығу себебі ретінде жер мәселесін айтқанын жоғары бағалайды¹.

М.Тынышбаевтың Түркістан губернаторы алдына жер мәселесін көлденең тартқанына толық сенуге болады. Өйткені ол бұл мәселені ешқандай да қаймықпастан 1917 жылы ақпанда 16-жылғы көтеріліске байланысты болған сот тергеуіне жазба түрде берген жауабында да көтереді. Ресей империясының Қазақстан сияқты өз отарларындағы зорлықшыл саясатын әшкерелейтін құжат есебінде еш уақытта маңызын жоғалтпайтын бұл жауабында ол «Түркістандағы орыс жұртының 99 пайызы Жетісу жеріндегі толқулардың себебін көп ойланып жатпай-ақ жеңіл-желпі «түрік немесе герман үгітінен көреді», ал шын мәнінде қазақтар мен қырғыздар үшін атамекен жерінен айырылу мен патша шенеуніктерінің түрлі зорлығынан үлкен көтеріліске шақырған үгітші жоқ еді деген ойды айтқан болатын². Міне, осы айтылғандар, белгілі дәрежеде, Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрамына М.Тынышбаев сияқты жергілікті күрделі жағдайдың білгірін енгізуге мәжбүр болғанын көрсетсе керек.

Ескі аумақтық-әкімшілік жүйесіндегідей, Уақытша үкімет тұсында да Сырдария және Жетісу облыстары Түркістан губерниясы құрамында қала берді. Бұдан бұрынғы тарауларда көрсетілгендей, бұл кезде Жетісу облысы құрамына Лепсі, Қапал, Жаркент және Верный

¹ «Қазақ». 1917, №240.

² ҚР ПМ, 811-қ., 20-т., 67-іс, 1-25-п.; Тынышбаев М. История казахского народа, С. 29—47; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 т., 191—208-бб.

уездерімен қатар Пішпек және Пржевальск уездері, яғни солтүстік және солтүстік-шығыс қырғыз жері де енген еді.

Жетісу облысының орталығы Верный қаласында Уақытша үкімет билігі 13 наурыз күні орнайды. Сол күннің ертеңіне облыстың жаңа әскери губернаторы, полковник Алексеевтің облыс көлеміндегі мекемелерден «тақтан түскен патша ағзамның портреттері» алынып тасталынсын деген бұйрығы жарық көреді¹. Бірақ билік ауысқандай болғанымен 16-жылғы көтерілістен соң облыста қалыптасқан ауыр жағдай сол өзгеріссіз күйінде қала берген. Әсіресе, әскери билік пен қарулы переселендердің алдында панасыз қалған жергілікті қазақ және қырғыз бұқараларының жағдайы өте ауыр еді. Оны шамамен сәуір айының соңында Мемлекеттік Дума атына түскен мынадай мазмұндағы жеделхаттан айқын аңғаруға болады:

«Мы уполномоченные албановских, сувановских киргиз Джаркентского уезда искренно поздравляем всех граждан свободой, равенством и братством!

Умоляем помочь нам принять меры к прекращению убийств, грабежей среди киргиз в уезде, совершаемые переселенцами. Киргизы умирают с голода, едят падал, продовольственный комитет запрещает продавать хлеб. Не принимаются меры нашим требованиям отобрать оружия от русского населения. Широкая, большая земля нам тесно.

Просим благоволить ответом. Татарско-киргизский комитет. 225»².

Бұл тек Жаркент уезі ғана емес, жалпы облысқа тән жағдай болатын. Өлкелік «Наша Газета» осы кезге тән мынадай фактілерді келтіреді: «Бір орыс шаруасы қырғыздарды өзіне жұмыс істетуге алса, ал екіншісі өлтіреді. Орыс шаруалары топ-тобымен қырғыздарды тонауға шығады, қажет болса өлтіріп кете беруден тайынбайды. Бұрын Сазоновка тұрғыны, енді әскерден қашып келіп Кольцовкада тұрып жатқан біреу өздерінің мақсаты қырғыздардың арасында көтеріліс туғызып, соның сылтауымен оларды біржола қырып тастау екендігін мәлімдеген. Григорьевка селосында 5 қырғызды киізге орап, өртеп жіберген.

¹ ҚР ОММ, 9-қ., 1-құпия бөлім тізімі (бұдан былай қысқаша — қ.б.т.), 28-іс, 26-п.

² ҚР ОММ, 9-қ., 1-қ.б.т., 86-іс, 281-п.

18 сәуірде Кольцовкада тура осындай жолмен 9 қырғыз өлтірілген...»¹.

Бұл фактілер Пржевальск уезінен келген депутаттар тобының өлкелік Кеңеске жасаған баяндамасынан алынған еді. Депутаттар уездегі 3 болыс елдің 30 өкілінен алған жауабының негізінде мынадай қорытындыларға келеді. *Біріншіден*, қазақ пен қырғыздарды толық аштық қамтыған, ішкерге тамағы жоқ, ал орыс шаруалары астығымен бөлісетін емес. *Екіншіден*, орыс шаруалары мен демалысқа үйлеріне келген солдаттар қазақ пен қырғыздарды аяусыз тонап, қыруда. Егер осында қарауылда тұрған ресейлік әскер болмаса, қазақ пен қырғыздардан «болып еді!» деген естелік қана қалатын еді. *Үшіншіден*, қазақ пен қырғыздарды переселендер зорлықпен алып кетіп, тегін жұмыс істетуде².

Революция кезеңіндегі Түркістан өлкесін жақсы білген социалист Г.Сафаров өзінің белгілі еңбегінде жоғарыда келтірілген тарихи фактілерге сүйене отырып, «Революцияның бірінші күнінен бастап-ақ Жетісу кулагы патшалық мемлекеттің ыдырауын өзінің бойында патша үкіметі жылдар бойы қалыптастырып, тәрбиелеген айуандық, құлиеленушілік және қарақшылық «қасиеттерін» ашатын сәт келді деп түсініп, 1916 жылды қайталауға тырысты. Революция жеңген күннен бастап ол қазақ пен қырғыздардың жерін, үй-мүлкін, тіптен әйелі мен балаларын да тартып ала бастайды»³ деп жазды.

Міне, осы сияқты ақпарларды ала отырып, Уақытша үкімет жаңа құрылған Түркістан комитетіне ең негізгі міндеттерінің бірі есебінде Жетісуда қалыптасқан ауыр жағдайды тез арада жойып, облыс өмірін бір қалыпқа түсіруді жүктейді. Түркістан комитеті өзінің 25 сәуірдегі отырысында Тынышбаев пен Шкапскийдің Жетісу өлкесінде болған көтеріліс салдарын жою туралы баяндамасын тыңдап, «Майдандағы жұмысқа бұратаналарды алу ісіне байланысты жайларды жою үшін Жетісу облысына Комитет мүшелері Тынышбаевты, Шкапскийды және драгомен Стефановичті ыссапарға жіберу» туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ бұл қаулыда олардың құқы жөнінде

¹ Сафаров Г. «Колониальная революция (опыт Туркестана)». М., 1921, С. 57.

² Сонда.

³ Сонда.

«комитет мүшелері Тынышбаев пен Шкапскийге Жетісу өлкесінде болған кезінде осы өлке бойынша Түркістан комитетінің құқығы мен міндеттерін өз мойындарына алу жүктелсін»¹, — деп көрсетіледі. Комитет осы отырысында көтеріліс нәтижесінде тұрмысы мен шаруашылықтарына үлкен нұқсан келген Пржевальск уезінің орыс жұртына көмекке 10 миллион және Қытайдан өз жұртына қайта оралып жатқан қырғыздарға 5 миллион сом қаржы сұрау туралы шешім қабылдайды.

Қайсыбір еңбектерде М.Тынышбаев Уақытша үкіметтің Жетісу облысы бойынша комиссары қызметінде болды деген жаңсақ пікірді кездестіреміз. Шын мәнінде, келтірілген құжаттан көріп отырғанымыздай, Тынышбаев пен Шкапский Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің мүшелері есебінде 16-жылғы көтерілістің ауыр салдарын жойып, облыста ұлтаралық келісім орнату және жаңа биліктің әкімшілік орындарын жасауға көмектесіп, тұрақтандыру үшін іссапарға жіберілген еді. Өз міндеттері жөнінде О.А.Шкапский былай деп көрсеткен болатын: «Біздің сапарымыздың бастапқы міндеті — жергілікті орындарға барып, өткен жылғы көтерілісті жоюға байланысты кейбір мәселелерді шешу еді. Бұл міндетті біржола шешпеген күннің өзінде, бір жарым ай ішінде оның жай-жапсарын айқындау жоспарланған болатын. Жетісуға келген соң көп ұзамай-ақ біздің мұнда ең аз дегенде күзге дейін болатынымызға көзіміз жетті. Өйткені Жетісуда орыс-қырғыз мәселесінен басқа, жергілікті қоғамдық билік орындарын құру да бірінші кезекте тұрған еді»².

Алматы қаласына И.Жайнақовтың атына берген жеделхатына қарағанда, Тынышбаев пен Шкапский Ташкенттен сәуірдің 27-де шығып, осы айдың 30-на қарай Пішпекке жетеді. Бұл уақытта Түркістан Комитеті атынан Петроград, Пекин, Құлжа және Қашғардағы орыс және қытай билік орындарына Қытай асқан қазақ және қырғыз босқындарын кейін қайтаруға көмектесуді өтінген жеделхаттар да жөнелтілген еді. Қытай үкімет орындарымен сөйлесіп, босқындарды кейін қайтаруға байланысты ұйымдастыру жұмыстары Стефановичке тапсырылып, ал оған бұл сапарда Құлжадағы орыс консулдығынан бір адам және

¹ ҚР ОММ, 9-к., 1-к.б.т., 30-іс, 1-1-об-п.

² Сонда, 9-іс, 30-п.

қырғыздардың делегациясы көмектесуге тиісті болды¹. Ал бұл уақытта Тынышбаев пен Шкапский жағдай ең ауыр деген уездерді аралап, жергілікті жұрттармен сөйлесіп, босқындарды қайтадан өз атамекеніне орналастыру және оларды орыс жұртымен татуластыру жолдарын қарастыруға тиіс еді².

Түркістан комитеті мүшелерінің бұл жұмыс жоспары Жетісуға келіп, жергілікті жағдаймен танысқан бетте өзгеріске ұшырайды. Бастапқы жорамал бойынша біраз жерді аралаған соң, мамырдың орта тұсында Верный қаласына келмекші болған Тынышбаев, 22 мамырда Шкапскийге жолдаған жеделхатында Қапал, Жаркент және басқа уездерде болып, одан ары Қытай жеріндегі Текес асып, Алматыға маусымның бас кезінде жететіндігін айтқан³. Бұл хабарға қарағанда, Тынышбаев мамыр айында уездердегі жағдаймен танысып, босқындардың жағдайын көзімен көріп қайту үшін олардың көп шоғырланған жерлерінің бірі Қытайдағы Текеске барған. Бұл уақытта өз ретінде Шкапский де облыстағы біраз уезд, болыстарды аралап қайтқан болатын. Ал екеуінің облыстағы билікті өз қолдарына алғаны жөнінде Шкапский Ташкентке берген жеделхатында: «1917 жылдың 19 маусымы. Верный қаласы. Біз осы күннен бастап Жетісу облысын басқару ісіне кірістік»⁴ деп білдіреді.

Бұл мезгілде Қытай асқан босқын қазақ пен қырғыздардың да, сондай-ақ облыстағы халықтың да жағдайы шиеленісе түскен болатын. Әсіресе, босқындардың жағдайы аса қайғылы күйде еді. Сәуір айынан бастап «Қазақ» газетіне олардың жағдайынан хабар түсе бастады. Сондай алғашқы хабарлардың бірінде Құлжадағы Уақытша комитеттің төрағасы Сыдық Ювашев: «Құлжа — 28. IV. Құлжа жаққа үркіп келген қазақтардың жай-күйі тіпті жаман: аштықтан қырылып жатыр, қатын-балаларын сатып жатыр, күн көргені жемтік. Азық беріп жәрдем жию тығыз керек. Мұсылмандар арасынан жәрдем жиып, болыса көріңіздер»⁵, — деп дабыл қаққан еді. Міне, осы кезден бастап

¹ Сонда, 28-іс, 118-п.

² Сонда, 107-іс, 2-п.

³ Сонда, 86-іс, 273-п.

⁴ Сонда, 4-іс, 74-п.

⁵ «Қазақ». 1917, №228.

Құлжа қаласы мен «Қазақ» газеті 16-жылғы көтеріліс құрбандарына көмек ұйымдастыру ісіндегі қоғамдық орталықтарға айнала бастайды.

Қытай асқан қырғыз бен қазақ босқындарының қайғылы халін жалпы қазақ қоғамы назарына жеткізуді көздеген алғашқы көлемді мақала «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 27 мамырдағы санында жарияланады. Оның авторы А. Найманқожа баласы көтеріліс салдарынан Қытай мемлекетіне қарасты Іле губерниясына Пржевальск уезіндегі 20 болыс елден 9000 үй босып барғанын, олардың 25 сәуірде өзі көрген жағдайынан хабар беріп:

«Бұл Құлжа алабына босып келген қырғыздар орыс әскерінің талауынан қалған малдарын Қытай жеріне өткен соң, қытай шериги (әскері), қалмақ, құлжа ақсақалы Нұрахун, консул — бәрі компания болып орыс жеріне қайта айдаймыз деп, қорқытып талап» алғанын айтып, одан ары «сөйтіп үйден, малдан айырылған соң, қытай қазақтарының жері Текес, Күнеске барып қытай қазақтарымен сыбайлас қыстайды. Ұй, тамақ, киім жоқ... Аштықтан, суықтан босқын қырғыздардың үштен екісі өлген... Құлжаның көшесінде қырғыз тіленшілерінен кісі жүре алатын емес. Тіленшілік еткен қырғыз әйелдерінің киімдері тозғандықтан, құрым киізден денесін жабарлық лыпа жамылып жүр. Қырғыз халін көзімен көрген қазақ жігіті болса, шыдай алмайды, жылайды: қайсы біреулері көшеде шалқасынан жығылып өлейін деп жатқаны, қайсы біреулері шаһардың тысында, далада ауырып өлейін деп жатқаны...

Қырғыздардың 6-7 ай аштық, жалаңаштан өліп жатқанын ешкім білмеген. Бостандық (Ақпан революциясын айтып отыр — М. Қ.) туған соң, Құлжадағы оқыған білімді ноғай ағайындардың қырғыз халін газеттерге жазып, әшкере қылып, жәрдем жыюға ертерек ұмтылмағандарына іші ауырғандары болды. Бәрі бір дін, қарындас осындай өліп жатқанда пайда тигізбегенде, қайда тигізбек еді?»¹ — деп қынжыла жазған еді.

Осы мақалада Әли деген мұғалім жігіттің «Құлжа мұсылмандары атқару комитетінен телеграф арқылы мұсылманы көп қалалардан аш қырғыз халін баян етіп, жәрдем сұрауын» өтінгендігі айтылады. Комитет төрағасы

¹ Сонда, №231.

Сыдық Ювашев Әлидің ұсынысын қабылдап, қырғыз болысынан 80 сом ақша алып, Ресейдегі мұсылмандар тұратын қалаларға жеделхат жолдайды. Артынша 38 адамнан тұратын «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті» құрылып, оның төрағасы болып Ювашев, қазнашысы — Фатихалилин, хатшысы — Сабилов белгіленеді. Түскен жәрдем қаржысы арнайы дәптерге тіркеліп, оның жұмсалуды туралы комитет «Қазақ» және «Уақыт» газеттері арқылы есеп беріп тұруға міндетті болды»¹.

Ғылыми әдебиетте «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті» және оның қызметі жөнінде ешқандай дерек кездестіре алмаймыз, тіптен оның болғаны да ұмытылғандай. Ал шын мәнінде оның босқын қырғыз және қазақтарға көрсеткен қызметі Ресей империясындағы мұсылман дініндегі халықтардың тарихтың ауыр сәтінде өзара құрметі мен көмегінің ғажап үлгісі болатын. Бұл айтылған пікірдің негізсіз емес екендігін көрсететін көптеген фактілер келтіруге болады. Біз оған әлі төменде ораламыз, ал бұл арада солардың бір-екеуін келтіре кетелік.

Комитет ұйымдастырылған бетте босқын қырғыздарға жәрдем есебінде Құлжа мұсылмандарынан Зәкіржан Алдияров 1000 сом, «Тяньшань» серіктігінен Низамалдин 1000 сом, Мирсайд Қабылбаев 500 сом, Ювашевтер 400 сом, Масғұд Сабилов 200 сом, Сағдалдин Хасенов, Хабдалхамид Барақов, Мұса Абулқасымбаев, Қожахмет Мұхтаров, Инғалжан ахун, Рузи Мухамед Ахунбаев 100 сомнан және басқа кісілер өз үлестерін қосады. Бір көңіл аударарлық жағдай, Құлжа тұрғыны Хасен қажы Мұсабаев 1916 жылға қараған қыста бір мыңға жуық босқын қырғыздарды бағып, осы мақсатта отыз бес мың сом өз қаржысын жұмсайды. Ал босқындарға жәрдем комитеті ашылғанда тағы да 1000 сом ақша қосады².

Құлжа комитетінің тағы да бір атқарған маңызды ісі — Текес маңындағы босқындар туралы мәлімет жинап, сол төңіректегі қытай және дүнгендерге сатылып немесе күнкөрісі үшін ықтиярсыз тұрған қырғыз әйелдері мен қыздарын босатып алып қайту мақсатында арнайы төрт адамнан тұрған комиссия жіберуі еді³.

¹ Сонда, №232.

² Сонда.

³ Сонда.

1917 жылдың көктемі шыға Қытай билік орындары босқын қырғыздар мен қазақтарды қайтару шарасына кіріседі. Оған себепші болған мынадай жағдайлар еді. *Біріншіден*, Ақпан революциясы жеңіп саяси биліктің өзгеруі босқындардың арасында кейін, өз атамекеніне қайту тілегін туғызады. Бұл, әрине, толық табиғи құбылыс болатын. *Екіншіден*, 16-жылғы көтеріліс нәтижесінде Шығыс Түркістан өлкесіне үлкен босқындар толқынының жетуі, әрине, бұл аймақтың қалыпты тұрмысын бұзып, біраз қолайсыздық ала келгендігі түсінікті. Сондықтан да Қытай үкіметі тезірек босқындардан құтылуға тырысты. *Үшіншіден*, Қытай асқан босқындар қайтып, өз атамекеніне оралмай Жетісу өлкесінде тыныштықтың болмайтындығын түсінуге мәжбүр болған Уақытша үкімет, Қытайдағы билік орындарына қырғыз және қазақ босқындарын қайтару туралы өтініш айтып, өз елшілігі мен Құлжадағы консулына бұл істі орындауға байланысты тапсырмалар береді.

1917 жылы 19 мамырда Қытай үкіметінің Іле өлкесіндегі губернаторы Текестегі қытай әскерінің полковнигі Го-и-бяоның мәліметіне сүйене отырып, 26 наурызда 6-сумун және Хэй-шу-ва округіндегі барлық босқын қырғыздардың Қытайдан қуып шығарылғандығы, ал 30 наурызда осындай мақсатта қытай әскери бөлімдерінің Ақнияз, Мюнтай, Көктерек, Үлкен және Кіші Жырғалаң, Төкей және Күнгес деген жерлерге жіберілгендігін Құлжадағы Ресей консулына хабарлайды. 4 және 7 мамыр аралығында бұл аталған жерлердегі босқындардың бәрі де Мүгей-толақай деген жерге жеткізіліп, қолхат арқылы полковник Путинцевтің қарамағына беріледі. Олардың жалпы саны 120 000-нан астам адам (20 000 киіз үйлері бар) еді. Ал бұл сәтте олардың малдарының саны шамамен 64 000 бас жылқы, 46 000 бас ірі қара мал, 120 000 бас қой және 5400 бас түйе болатын¹.

Полковник Путинцев бұл босқындарды қабылдап алып, бір жерге жинап не өз атамекендеріне, не қайтадан Қытайға жібермей, сондай-ақ азық-түлік сатып алдырмай біраз ұстаған. Осы жағдайды баяндай келе, қытай губернаторы «Егер бұл жағдай тағы біраз уақыт жалғасатын болса, азық-түліксіз, аш қырғыздар қайтадан Қытай жеріне лап қояды,

¹ ҚР ОММ, 9-қ., 1-қ.б.т., 30-іс; Сонда, 98-іс, 2-п.

соған байланысты мен өз әскери бөлімдеріме қырғыздардың сыртынан мұқият бақылау орнатуды тапсырдым»¹, — дейді.

Қытай жерінен қуылған босқындардың біразы өз атамекендеріне жетіп үлгерген де еді. Бірақ бұл арада оларды қарулы переселендер күтіп алған болатын. 1917 жылы 5 шілдеде Ташкенттен Алматыға Шкапскийге берген жеделхатында Тынышбаев Ресейдің Қашқардағы Бас консулының Ташкентке жіберген жеделхатынан мынадай фактіні келтіреді.

Шамамен, мамыр айында 100 отбасына қарасты 700 қырғызды өз атамекеніне қайтып келе жатқан жолында Пржевальск қаласы маңындағы Қалаш деген жерде 50-60 мылтықпен қаруланған орыс адамдары күтіп алып, бірнеше қырғызды атып өлтіріп, ақшаларын тартып алады. Бұл мәліметті Уч-Турфан каласы әкіміне жеткізген Кененбай деген кісі осы переселендер жасаған қырғында анасы мен бауырының бірдей өлтірілгендігін, ал тірі қалғандарының қайтадан Қытай мемлекетіне қарасты жерге өзер жеткенін айтқан². Өз еліне жетіп, береке табудан үміттенген босқын қазақ және қырғыздардың халі осындай күйде еді.

Бұл мерзімде, яғни мамыр айында облыстағы жағдаймен және босқындардың қайғылы күйімен танысып үлгерген Түркістан комитетінің мүшелері Тынышбаев пен Шкапский қандай қорытындылар жасап, қандай шараларды іске асыра бастаған еді?

Түркістан мүшелерінің Жетісуға келген бетте, ең алдымен, анықтағаны, әрине, облыстың шаруашылық жағдайы болатын. Ал шаруашылық болса терең дағдарысты бастан кешіруде еді. Облыстық статистика бөлімінің жинаған ақпарында облыс бойынша егіс көлемі 1916 жылдың көктемімен салыстырғанда 24 пайызға, ал Жаркент уезінде 55, Пішпек уезінде 34 және Пржевальск уезінде 84 пайызға қысқарып кеткен еді.

Жаркент уездік қазақ комитетінің төрағасы Есенғұлов облыстық комитеттің төрағасы Жайнақовқа осы жылғы 14 шілдеде жолдаған №826 жеделхатында: «Биылғы егіс көлемі жөнінде дәл мәлімет бере алмаймын. Бірақ бүгінгі күні суандардың егістік көлемі өте аз. Өткен жылы олар

¹ Сонда.

² Сонда, 9—9-об-п.

жыртқан жердің үлкен бөлігі Войшвиллоның нұсқауы бойынша, орыс шаруаларына берілді. Төрт болыс ел мүлдем дәнсіз қалды. Шабындықтар мен қыстаулар да кетті. Егер ертерек әрекет жасалынбаса қыста аштық пен жұт болатыны сөзсіз¹ деп көрсетті.

Егістік көлемі әсіресе қазақ ауылдарында азайып кеткен болатын. Оның негізгі себебі 16-жылғы көтеріліс нәтижесінде жергілікті халықтың үлкен бөлігінің Қытай жеріне босып кетуі еді. Тынышбаев пен Шкапский түрлі үкімет орындарына берген мәліметтерінде, баспа жүзінде жариялаған материалдарында Қытай жеріне асқан босқындардың санын келтірген. Мәселен, олардың 1917 жылдың күзінде Петроградқа Уақытша үкіметтің Түркістан бойынша Бас комиссары сенатор Шнитниковқа жолдаған жеделхатында 1916 жылы Қытай жеріне асқан қазақ пен қырғыздардың ұзын саны шамамен екі жүз мың жан, олардың жартысы аштықтан және басқа себептерден қырылған, қайтып оралғаны тоқсан мың шамасында, қалғандары Қытай жерінде деп көрсеткен болатын².

Облыста 1916 жылғы көтеріліс нәтижесінде күйзеліске ұшыраған шаруашылық қана емес, сонымен бірге жергілікті халықтар (қазақ, қырғыз) мен переселендердің өзара сенімі, қатынасы да терең дағдарыс жағдайында еді. Негізінен, ұлтаралық сипат алған көтеріліс барысында переселен орыс жұрты да үлкен зардап шегіп, облыс көлемінде 9989 переселен қожалықтары күйреп³, тек бір Пржевальск уезінде ғана 20 село түгелдей өртеніп, 4000 жуық адам қаза тапқан болатын⁴. Бұл жағдай орыс жұрты арасында да кезінде патшалық әкімшілік ұрығын сепкен жергілікті халыққа деген жаулық сезіміне май құйып, өршіте түскен. Ал ол көңіл күй орыс селоларынан шыққан көптеген қарулы топтардың қазақ және қырғыз ауылдарына тынымсыз жасаған шабуылдарынан, тонаушылық әрекеттерінен, орыс жұртының босқын қырғыз және қазақтардың өз атамекеніне оралып, өздеріне тиесілі жерге орналасуына үзілді-кесілді қарсы шығуынан, сондай-ақ барлық уездерде құрылған азық-түлік комитеттерінің аш-жалаңаш босқын-

¹ Сонда, 9-іс, 65-п.

² Сонда, 72-іс, 24-п.

³ Сонда, 107-іс, 2-об-п.

⁴ Сонда, 34-іс, 17-п.

дарға көмек беруден бас тартуынан анық байқалды. Мәселен, Пржевальск уезі қырғыздарының өкілдері И.Арабаев пен Қ.Телтаев облыстық қырғыз комитетіне: «Қырғыздардың орыс шаруаларымен жақындасып өзара қатынастарын реттеуге деген ұмтылысы мен тілегінен ештеме шығатын емес, нәтиже шығар деген үміт те жоқ»¹, — деп жазды.

Бұл аз болғандай облыстағы орыс жұртының арасында қазақтар мен қырғыздар тағы да көтеріліс жасағалы жатыр екен деген өсек құйындай кезіп жүрді. Мұны естіген орыс жұртының көңілін үрей билеп, билік орындарынан әскер гарнизондарын үлкейтуді, олардың құрамына демалысқа келген солдаттарды, әскер қатарына шақырылған қырық жастағылар мен ақ билеттілерді алуды талап етті². Мәселенің көңіл аударарлық жағы сол, мұндай өсектер шындық есебінде Петроград және Ташкенттегі үкімет орындарына да жетіп жатты. Ал ол билік орындары, өз ретінде, жергілікті басқару орындарынан орыс жұртын бұратаналардың шабуылынан қорғау мақсатында нақты шараларды іске асыру жолдарын қарастыруды талап етті.

Мәселен, Түркістан комитетінің төрағасы Щепкин 1917 жылы 16 мамырда Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы Жайнақовқа жолдаған №211 жеделхатында: «қауесетке қарағанда 25 мамырда қырғыздар орыстарға шабуыл жасамақшы. Гусев, Мелешко³, комиссарлар Шкапский және Тынышбаевпен сөйлесіп, оларға осы жөнінде жеткізуіңізді өтінеміз» деп жазды. Өз ретінде Жайнақов: «211. Қауесет негізсіз, қырғыздар арасында толық тыныштық»⁴ деп жауап қайтарған еді.

Жетісу облысында қалыптасқан осындай ауыр жағдайды жан-жақты талдап, қорыта келіп Тынышбаев пен Шкапский Петроградтағы үкімет орындарына, Ташкенттегі Түркістан комитетіне тығырықтан шығудың өздері ұсынған жолдарын баяндаған бірнеше жеделхат жолдайды. Оларды қорыта айтқанда мынадай ұсыныстар жасалынған еді:

¹ Сонда, 28-іс, 178-179-п.

² Сонда.

³ *А.Г.Гусев* — уақытша Жетісу облыстық әскери губернаторы қызметін атқарушы; *Н.Д.Мелешко* — облыстық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы.

⁴ ҚР ОММ, 9-к., 1-қ.б.т., 30-іс, 2—2-об.п.

1. Ең алдымен, Қытайдан оралып жатқан босқындарды жерге орналастырып, оларға үй-жай, азық-түлік және ақшалай қаржы түрінде көмек көрсету. Әрбір отбасына аз дегенде 100 сомнан көмек белгілеп, мұндай көмекке мұқтаж отбасының есебін 50 000 деп алғанда, үкімет бұл мақсатқа 5 млн сом қаржы бөлуі керек.

2. Құрылыс материалдары мен ақшалай көмек көтеріліс нәтижесінде күйзеліске ұшыраған 9989 переселен қожалықтарына да берілмейінше облыста ұлтаралық жарасымдылық орнамайды. Ал переселен селоларының шеккен зардабы 31 млн сом шамасында (Түркістан Комитеті әрбір переселен отбасына жәрдем көлемін 750 сомнан деп анықтап, бұл мақсатқа орталық биліктен 7,5 млн сом қаржы сұрайды).

3. Облыстағы ашаршылықпен тиімді күрес жүргізу үшін астық монополиясын енгізу. Ол басы артық астықты жиып алып, мұқтаж болып отырғандарға тең бөліп беру мүмкіншілігін туғызады.

4. Күн өткен сайын панасыз қырғыз және қазақ ауылдарын тонаушылықтың, оларға қарсы жасаған түрлі зорлық-зомбылықтың кең қанат жаюына байланысты мемлекеттік билік жүйесін Петроградтан, Ташкенттен зиялы-кадрлар жіберу арқылы күшейте түсу, әсіресе сот ісін жүргізе алатын мамандар жіберу.

5. Қазақ пен қырғыз елдерін осындай ауыртпалыққа алып келген 16-жылғы көтерілістің негізгі себебі — әділетсіз қоныс аудару саясаты. Сондықтан да үкімет осы жағдайды ескере отырып, *бір жағынан*, ішкі Ресейге қайтадан қоныс аударуды қалайтын отбасыларға қаржылай көмек көрсетіп, *екінші жағынан*, керісінше ішкі Ресейден қазақ және қырғыз жеріне шұбырған қоныс аударушылар легін тоқтатуды көздейтін шаралар белгілеуі қажет¹.

Шкапский мен Тынышбаев бұл мәселелерді орталық билік алдына қоя отырып, оларды шешуге Уақытша үкіметтің, орыс демократиялық зиялы қауымының көмектесетіндігіне шын көңілден сенді. Мәселен, Шкапский мамыр айы бойы барлық уездер мен болыстарда, Қытайға қарасты Шығыс Түркістаннан қайта оралған босқындар арасында болып Верныйға келген бетте Петроградқа

¹ Сонда. 5-іс, 1-4-об-п.; 107-іс, 1-4-п.

11 адреске, атап айтқанда, Министрлер Кабинетінің төрағасына азық-түлік, егіншілік, юстиция, оқу-ағарту министрліктеріне, Түркістан Комитетінің төрағасы Щепкинге, Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясына, «Дело народа», «Единство», «Речь» және «День» газеттерінің редакцияларына жеделхат жолдап, онда ел ішіндегі жағдайдың қайғылы сипатынан хабар беріп, «Бірінші маусымда уездік комитеттің, комиссияның басқа мүшелерімен бірге Жырғалаң және Түп өзендерінің жоғарғы сағасына келіп жеткен Қытайдан оралған қырғыздардың үш қосында болып қайттым. Олардың ауыр тұрмысы адамды есеңгіретіп тастағандай. Адамдардың үстіне киген киімдері алба-жұлба, әбден тозған, балалар өте аз, барларының көпшілігі тамақтың жетіспеуінен рахит ауруына шалдыққан. Бойжеткен қыздар мен жас келіншектер жоқтың қасы, олар қытайлық Түркістанда нанға сатылған. Киіз үй дегеніміз таяққа қыстырылған ескі киіздің қиындылары, мал басы өте аз, оны да Қытай жерінде тонап алған. Таудағы керемет жайлаулар өмірсіз. Ең жаманы сол — қырғыздар аштықтан қырыла бастады, Қарқараға бара жатқан жолда көмусіз қалған жиырма адам төнін кездестірдік, олардың арасында бірнешеуі балалардікі. Орыстардың қырғыздарға қатынасы адамгершілікке жатпайды. Олардан шыққан қарақшылар қарғадай тап беріп, қырғыздардың Қытай Түркістанынан аман алып келе жатқан малдарын тартып алуда. Мен келер қарсаңда Түпке демалысқа келген солдаттардан құрылған бандылар шабуыл жасап, жұмыс істету үшін малымен үш отбасын ала кеткен. Жолда оларға малдарын сойғызып, астырып, тамақ ішіп болған соң ақшаларын алып, өздерін атып кеткен. Аман қалған бір әйел маған келіп, болған істі түсіндіріп, шалажансар жас сәбилердің өлген ата-аналарының үстімен қалай еңбектеп жүргенін көзімен көргенін айтты. Қарақшыларды іздеу басталды. Бұл жалғыз көрініс емес»¹.

Әрине, мұндай қайғылы фактілермен қатар көңілде үміт отын тұтандыратын жайлар да бар еді. Шкапский осы құжатта Покровка селосында босқын қырғыз әйелдері мен орыс әйелдерінің бірін-бірі танып, өлгендерін жоқтап қалай көріскенін келтіреді. Осы сияқты жайларға тоқталып,

ҚР ОММ, 9-к., 1-қ.б.т., 5-іс, 2—2-об-п.

«мұндай фактілер мүмкін орыстарға шығынын ақшалай өтеп, қарақшы бандылармен күресті жемісті аяқтаған соң, қырғыздарды бастапқы өз жерлеріне орналастырып, тіптен оларға переселендер үшін дайындалған бос учаскелерді де беруге боларлық күнге жеткізер деген ой туғызады»¹ — деп жазды. Құжат авторы: «Мен әсіресе осы соңғы ұсыныстың орындалуын талап ететін боламын, өйткені көтерілістің шығуына түрткі болған ең басты себептердің бірі переселен саясаты, қырғыздардың суармалы егіс жерлерінен айырылуы болғандығы мәлім», — деп көрсетті. «Орыс халқының намысы мен абыройы, — деп жазды ол, — тез арада қара қырғыз елін біржола қырылып қалудан сақтап қалуға, олардың шаруашылығын қалпына келтіруге бағытталған шұғыл шараларды іске асыруды міндеттейді».

Жергілікті жағдайды жақсы білетін О.А.Шкапскийдің пікірінше, Жетісу өлкесінің өркениет жолына түсе алмай келе жатуының бірден-бір себебі «идеялық қызметкерлердің, өлке үшін жаны ауыратын басшылардың тапшылығынан еді. «Бай, сұлу өлке ондаған жылдар бойы идеялық басшыларсыз өмір сүрді, енді оған көнуге болмайды. Жолдас халықшылдарды, социал-демократтарды, меньшевиктерді және басқа партия өкілдерін мұнда келіп қызмет жасауға шақырамын! Большевиктерді шақырмаймын, демагогтар мұнда да жеткілікті, олардың санын көбейтудің қажеті жоқ»², — деп жазды О.Шкапский. Мұндай үндеуін ол сондай-ақ ресейлік мұсылман қоғамдарына да арнады.

М.Тынышбаев пен О.Шкапский мамыр айында облыстағы елді мекендерді аралау кезінде дағдарысты жағдайды жөндеуге бағытталған алғашқы шараларды іске асырғанын байқаймыз. Мәселен, олар тоқтаған жерінде ұйымдастырылған митингілерде сөйлеп, Уақытша үкімет атынан 16-жылғы көтеріліс сарбаздарына рақымшылық жариялайды, халықты 1917 жылғы салықтан босатады, барлық азаматтардың құқықтық теңдігін мәлімдейді, қырғыз халқы арасындағы манаптық лауазымды жояды³.

Өздерінің бұл шараларына байланысты О.Шкапский: «Алым-салықты жинау әрқашанда халықты тонаумен қатар жүреді. Шығын деп аталатын кез келген жинаулар,

¹ Сонда, 2-об-п.

² Сонда.

³ Сонда.

солардың ішінде салық та халыққа ауыр жүк болып батып, оның үлкен бөлігі манаптардың тамағына түседі. Алым-салық жинауды тоқтату онсыз да қытайлықтар мен орыстардың тонауына ұшыраған халықты одан бетер талаудан сақтау әрекеті болатын. Дегенмен манаптық үстемдікпен күресу үшін бірлі-жарым шаралар аз, демократиялық өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға, ағартушылық ісін дамытуға бағытталған мақсатты жұмыстар атқару керек»¹, — деп жазды.

Түркістан Комитеті мүшесінің манаптардың әлеуметтік рөліне қарсы айтылған бұл пікірін жай саяси мәлімдеме емес, нақты әрекеттің көрінісі есебінде қабылдануға лайық. Өйткені, 1917 жылғы 31 мамырда Петроградта жүрген Шепкинге берген жеделхатында ол: «Бүгін Қарқарадағы қырғыздарға жүріп барамын, онда қырғыздарды манаптардан бөліп, әлеуметтік реформа бастамақ ойым бар. Феодалдық құрылысты қирататын мезгіл жетті»² деп көрсеткен еді. Шкапскийдің бұл жолғы Қарқараға аттанған сапары немен аяқталғанын айту қиын, өйткені ол жөнінде құжаттар жоқ. Бірақ басқа бір деректерден осы жазда Пржевальскіде тоғыз бірдей манаптың абақтыға жабылғанын байқаймыз. Оларды тұтқынға алуға негіз болған Пржевальск уездік шаруалар кеңесінің қаулысы еді. М.Тынышбаев Шкапский мен облыстық комиссар Шебалинге жолдаған жеделхатында бұл шараны асыра сілтеушіліктің көрінісі есебінде бағалап, істі тезірек қарап, манаптарды абақтыдан босатуды өтінеді³.

Шілде айына қарай облысты басқару мекемелерінде де біраз өзгерістер болады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі О.Шкапскийдің 1917 жылғы 19 шілдедегі №17 қаулысы бойынша облыстық комиссар болып П.И.Шебалин, Облыстық атқару комитетінің төрағасы болып Д.Д.Новак, облыстық комиссардың орынбасарлары болып И.Жайнақов пен Н.Д.Мелешко бекітіледі. Бұл мезгілге дейін уездік комиссарлар болып Әбдікәрім Сыдықов, Алматыда Ибраим Жайнақов, Лепсіде уездік комиссардың орынбасары болып Отыншы Әлжанов, Жаркентте осындай қызметке Түбек Есенғұлов тағайындалған болатын. Сондай-

¹ Сонда.

² Сонда, 5-п.

³ Сонда, 86-іс, 101—102-п.

ақ Нарындағы комиссарлық қызметке ішкі Ресейде қызметте жүрген штабс-капитан Нияз Бекімов шақырылады¹. Нақ осы мезгілде Тынышбаев пен Шкапскийдің өтініші бойынша босқын қырғыз және қазақтармен жұмысы қанағатсыздандырарлық деп бағаланып, Ресейдің Құлжа қаласындағы консулы Бродянский қызметінен босатылады.

Өздерінің әкімшілік қызметке адамдар іріктеу принципі жөнінде О.Шкапский 28 шілдедегі қаулысында: «Жетісу облысындағы әкімшілік қызметтерге адамдар тағайындауда біз Тынышбаев екеуміз әруақытта халықтың пікірін есепке алып, белгілі бір қызметтерге халықтың өзі сайлаған адамдарды ғана бекіттік»² деп көрсетті.

Шілде айына қарай облыстағы жағдай мүлдем шиеленісіп кеткен еді. Ол, ең алдымен, переселен тұрғындардың Қытайдан оралған босқындарға жасаған зорлығының өрши түсуінен және орыс селоларының аш қазақ және қырғыз ауылдарына, Қытайдан оралған босқындарға астық сатудан үзілді-кесілді бас тартуынан анық байқалды. Осыған байланысты Уақытша үкімет комиссарлары Тынышбаев пен Шкапский мынадай шараларға көшкен еді. *Біріншіден*, олар Ресей Сыртқы істер министрлігі арқылы Қытай аумағындағы босқындарды кейін қайтаруды кідірте тұруды және Құлжадағы қытайлық билік орындарынан босқындарды тонауды тоқтатуды талап етуді сұрайды³; *екіншіден*, Қытай жерінен оралған босқын қырғыздарды біржола қырып алудан сақтау үшін, оларды қабылдауға тілек білдірген қазақ жеріне (Қызылбөрік болысы, Лепсі және Қапал уездері) уақытша орналастыруға көшеді⁴; *үшіншіден*, тез арада астық монополиясын енгізе отырып, босқындар көбірек шоғырланған жерлерден ашығулыларды тамақтандыратын асханалар ұйымдастыруға уезд басшыларына нұсқау береді⁵.

Міне, осы тұста М.Тынышбаевтың жергілікті жағдаймен жақсы таныс көреген саяси қайраткер екендігі айқын байқалады. Оның осы өңірде қалыптасқан саяси дағдарыспен

¹ Сонда, 90-іс, 12, 51-54-п.; 6-іс, 75, 86, 88-п.; 8-іс, 7, 11-п.; «Қазақ». 1917, №236.

² ҚР ОММ, 9-к., 1-к.б.т., 9-іс, 56-п.

³ Сонда, 90-іс, 5-п.

⁴ Сонда, 79-іс, 5-л.; 90-іс, 5-п.

⁵ Сонда, 5-іс, 5-об-п.

күресі мынадай екі бағытта жүрді. *Біріншіден*, ол Жетісудағы өте, ауыр жағдайға қазақ қоғамының, жалпы ресейлік мұсылман қауымының назарын аударуға көп күш жұмсады және *екіншіден*, бұл жағдайды шұғыл өзгерту үшін Түркістан комитеті тарапынан қажет қолдау таба алмаған соң, орталық билікпен келіссөздер жүргізу үшін Петроградқа аттанады. Енді қысқаша өз ретімен М.Тынышбаевтың осы екі бағыттағы қызметіне тоқталайық.

М.Тынышбаев Уақытша үкіметтің комиссары қызметінде жүріп Жетісу трагедиясының ауқымын, оның бүкіл-халықтық мәнін көрсететін мақалалар мен түрлі хабарларды «Қазақ» газетінде үзбей жариялап тұрады. Бұл материалдардың кезінде қырғыз және қазақ босқындары мәселесіне барлық қазақ қоғамының, әсіресе ұлт зиялыларының назарын аударуда атқарған рөлі аса үлкен еді. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 24 маусымдағы санында «Мұхамеджан Тынышбайұлының жинаған мағлұматынша, Қытай жеріне (Құлжа һәм Қашқар өлкелеріне) босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі шілденің біріне шейін қырылғаны 83 мың, өз жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың.

Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік, Мұхамеджанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың (ұлы жүз) босқыны, қырғыны қырғыздардан кем емес екен.

Алаштың азаматы! Тағы да құлақтарыңа саламыз; қырғыз-қазақ бауырларыңды ұмытпа!»¹ деп жазған болатын.

М.Тынышбаевтың бұл жолғы босқындар жөніндегі есебі толық емес-тін. «Қазақтың» кейінгі сандарында ол Жетісудағы ағайынды қырғыз бен қазақ елдерінің басына түскен босқыншылықтың шын ауқымын көрсететін деректік материалдар жариялайды. Мәселен, ол «Қазақтың» осы жылғы 254-санында Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз уездеріндегі болыстардан Қытай асқан отбасы және адамдардың санын кесте түрінде беріп, «Жоғарғы 44 болыс елде барлығы — 47 мың 759 түтін бар, сонан қашқаны — 40 мың 250 түтін, қырылғаны — 95 мың 200 жан болады. Бұл есепке қарағанда, осы елдердің босқындарынан жартыға таяу адамы қырылған»².

¹ «Қазақ». 1917, №037.

² Сонда, №254; Қойгелдиев М. Замана санжырасы // Қырғызстан маданияты. 1990, 22 наурыз, №12(1208), 12—13-бб.

М.Тынышбаев, А.Найманқожаұлы және С.Ювашевтің қазақ және қырғыз босқындары жөнінде «Қазақ» газетіне жариялаған материалдары, түрлі адресстерге жолдаған жеделхаттары барлық қазақ облыстарында, әсіресе оқушы, дін қауымы, зиялылар арасында босқын қырғыздарға жәрдем жинау қозғалысының басталуына түрткі болады. Мамыр айының соңына қарай Құлжадағы жәрдем комитеті атына Алматы қазақ комитетінен — 10 мың сом, «Уақыт» газеті басқармасынан — 598 сом 22 тиын, Ырғыз уездік қазақ комитетінен — 251 сом 65 тиын, Павлодар мұсылмандары комитетінен — 275 сом, Ақтөбе мұсылмандары бюросынан — 300 сом, Семей мұсылмандары комитетінен — 1000 сом, Түркістандағы Нәсіровтен 100 сом, Омбы имамы Понамаревтан — 117 сом, Троицкідегі Яушевтен — 835 сом, Құлжа мұсылмандарынан — 1240 сом, барлығы — 14716 сом қаржы жиналады¹.

Босқыншылыққа ұшыраған қырғыз жұртына көмек ұйымдастыру барысында қазақ және қырғыз халықтарының өзара туыстық қатынасы жаңа қырынан көрінді. Қиынқыстау кезеңде ағайын екі елдің өзара жәрдем беру ісіне ұлт зиялылары жоғарғы белсенділікпен әрі жанашырлықпен араласты. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 11 маусымдағы санында қырғыз елінің басына түскен ауыртпалыққа байланысты бір топ қазақ зиялыларының қазақ еліне үндеуін жариялайды². Үндеуде: «Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса, қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішкерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ жұрдай болып сорлаған жұрттың мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құралмақшы.

Аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай аз-көп демей әркім әліне қарай жәрдем ету әуелі, адамшылық, екінші, ағайыншылық жүзінен кімге болса да борыш» деген сөздер бар еді.

Бұл мезгілде босқын қырғыздарға көмек ұйымдастыру ісіне байланысты Түркістан Комитеті мүшелері арасында да өзара пікір алысу болғандығы байқалады. Мәселен,

¹ «Қазақ», №232.

² Сонда, №233. Үндеуге қол қойғандар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сейдәзім Қадірбаев, Имам Әлімбеков, Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов және Елдес Омаров.

О.Шкапский 12 маусымда Жаркенттен Орынбордағы Ө.Бөкейхановқа жеделхат жолдап, онда босқын қырғыздарға жәрдем ұйымдастыруға қатысты жасап жатқан істерін баяндап, соңында «Миллиондап жәрдем керек, «Қазақ» газеті ждihat ете көрсін»¹ деген тілек айтады. Ө.Бөкейханов өз ретінде М.Тынышбаевқа жеделхат жолдап, үкіметтен жәрдем ақша сұрауға кеңес береді. Жауап жеделхатында Тынышбаев та: «Қырғыздардың халі нашар, сорлыларға басы аман алаштың азаматы қараса көрсін»² деген өтінішін білдіреді.

Босқын қырғыздарға жәрдем ұйымдастыру ісінде ұйытқы орталыққа айналған «Қазақ» газеті қаржы жинау барысы туралы үзбей хабар беріп тұрды. Газетте жарияланған материалдармен танысып, жәрдем берушілердің әлеуметтік құрамы мен географиялық шеңберінің кең болғандығын аңғару қиын емес. Олардың арасында 46 сом жинап жіберген Қызылжар уезіндегі Пресногорков мектебінде оқитын шәкірттер, 312 сом жинап Сырлыбай, Мұхаметхан және Қазіұлы арқылы жолдаған шалқарлық учительдер, 745 сом жинаған Басқұншақтағы «Игілік» қауымы, халықтан 1000 сом ақша жинап жіберген Омбыдағы «Бірлік» қауымы бар еді³. Жәрдем қорына 1—2 айлық жалақысының 5%-ын бергендердің арасында Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Есболов, Ғ.Бірімжанов, Р.Мақатов және басқалар болды⁴.

Біз жоғарыда босқындарға жәрдем жинаудың бірнеше қоғамдық орындар арқылы жүргендігін айттық. Жәрдем берушілер тіптен ақшаларын М.Тынышбаевтың атына да жіберген еді. «Қазақтың» 243-санында ол «жылу бергендердің бірсыпырасы ақшаларын менің атыма жіберіп тұр. Мен жұмыспен әр жерге жүріп тұрамын. Сондықтан босқын қазақ-қырғыз үшін ақша жіберушілер мұнан былай тура Алматыдағы облостной қазақ комитетіне жіберсе екен»⁵ деген тілегін білдіреді. Ал «Қазақ» газеті өзінің 256-санында редакцияға босқын қырғыздарға жәрдем ретінде барлығы — 14945 сом 86 тиын түскенін хабарлайды.

¹ «Қазақ». 1917, №234.

² Сонда.

³ Сонда, №256.

⁴ Сонда, №247, 256.

⁵ Сонда, №243.

Қырғыз ағайындарға көмек көрсетуде көп тер төккен қайраткерлердің бірі М.Дулатұлы еді. Ол «Қазақ» газетінде «Оян, қазақ!» (босқын қырғыз бауырларыма арнадым)» атты мақала жазып, онда: «Оян, қазақ!» атты өлең кітабымды ескі өкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп қорқып... халық арасына тарамасын деп үкім салды. Сонан кейін қолға түспеген 1000 дана шамалы «Оян, қазақ!» алты жылдан бері бір орында жасырынып жатыр еді, сол «сақтаулы мың дана «Оян, қазақтың» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым»¹ деп мәлімдейді. Өкінішке қарай «Оян, қазақтың» қалған даналарын жасыруға тапсырған кісі жоғалтып алады². Бірақ ұлы патриот ақынның танытқан ұстанымында ешқандай да жасандылық жоқ болатын.

М.Дулатұлы оны босқын қырғыз мәселесіне байланысты бұдан кейін де жариялаған мақалаларында дәлелдеп берді. Мәселен, қазан айында Уақытша үкіметтің бүліншілікке ұшыраған орыс және бұратана халықтарға жәрдем есебінде қазынадан 11 млн 150 мың сом ақша бөлетіндігі жарияланып, бұл қаржыны үлестіру тәртібі де белгіленеді. Онда көтеріліс нәтижесінде шаруашылығы зардап шеккен орыс жұртына отбасы мың сомнан, ал қырғыз және қазақтарға отбасы бір жүз сомнан деп айтылған еді³.

Міне, осы хабарға байланысты «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында М.Дулатұлы: «Бұл бөлу дұрыс па, адал ма, қазақ-қырғыз зиянынан қара шекпеннің зияны он есе артық па, оны қоя тұрып, біз бұл арада 100 сомның бір үйге еш нәрсеге жетпейтіндігін ғана айтып өтеміз.

Міне, жұрт, бишара босқын бауырларыңның алып отырған жәрдемі әлгі, қазынадан алып отырғаны мынау.

Өлі де болса жұрттық қылып, ағайындық, адамшылық борыштарыңды өтемесендер, атқа мініп, айғай салып, сорлы болған бауырларыңа тез жылу жинамасаңдар, тірі қалғандары енді қыс түскен сон қырылуы анық. Жұрттың бір жағы қырғынға ұшырап жатқанда, рахат ғұмыр сүріп, ойын ойнап, той тойлап, пайдасыз жерге мал шашып, ішіп-жегенге мез болып жүре берсеңдер, жолдарың болсын!», —

¹ Сонда, №233.

² Сонда, №240.

³ «Вестник Временного правительства». 1917, 6 октября. С. 170.

деп ашаршылықтағы қырғыз ағайындарға бүкілхалықтық көмекті күшейте түсуге шақырды.

Босқын қырғыздарға көмек ұйымдастыру барысында елеулі оқиға болған фактілердің бірі — «Қазақ» газеті бетінде қырғыз халқының ағартушы ғалымы Ишаналы Арабаевтың¹ қазақ еліне үндеуінің жариялануы еді. И.Арабаев үндеуінде: «Босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге қаракет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегімізден төңір жарылқасын айтамыз» деп, облыстық Қазақ комитетінің Пржевальск уезіне өкіл етіп жіберген қызметкерлері Мақсұт Солтаев пен Қасымбай Телтаевтың «өлім халінде жатқан бауырларымызға тезірек жәрдем жетістіруге қаракет қылып, ұлт үшін жанын пидә» қылып, «тұс-тұсқа шауып, көз алдында аштан өлгелі жатқан бауырларын тірілтуге, көзінен жас орнына қан төгіп, тиісті орындарға жеделхат жолдап, жылу жинап» жатқанын үлкен ризашылықпен жазды. Ол үндеуін «бүкіл киіз туырлықты қазақ баласынан бейшара болған біз байғұстарға талай жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз!»² деген сөздермен аяқтайды. Тарихи деректер босқыншылыққа ұшыраған қырғыз жұртына көмек беру ісіне жетісулық дәрігерлер Түбек Есенғұлов пен Жақсылықовтың³, мұғалім Б.Сүлеев пен С.Сабатаевтың белсенді атсалысқанын көрсетеді.

1917 жылы 21—26 шілде күндері Орынбор қаласында І жалпықазақ съезі өтеді. Съезде Жетісу облысындағы жағдай дербес мәселе ретінде қаралып, съезд, *біріншіден*, Соғыс және Ішкі істер министрлеріне жеделхат жолдап: «Жетісудағы қазақ-қырғызды атып, жаншып жатқан мұжықтардың һәм соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын сыпырып алып, халықты зорлықтан

¹ И.Арабаев (1870—1933) — тұңғыш қырғыз өліпесінің авторы, ағартушы-ғалым. Уфадағы «Ғалия» медресесінде қазақ әдебиетінің классиктері М.Жұмабаев және Б.Майлиндермен бірге оқыған. 1917 жылғы желтоқсандағы ІІ жалпықазақ съезіне арнайы шақырумен келіп, Жетісу қырғыздары атынан қатысқан. Пржевальск уездік қырғыз комитетінің төрағасы болған. Сталиндік жазалау құрбаны.

² «Қазақ». 1917, №236.

³ Жақсылықовтың өкінішке орай атын анықтай алмадық.

қорғауларын талап етеді. Сондай-ақ съезд, *екіншіден*, «Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға Алаш баласы жәрдем беруін»¹ өтінеді.

Жетісудағы жағдайдың Жалпықазақ съезінің күн тәртібіне енуіне, белгілі дәрежеде, М.Тынышбаевтың съезд ашылар қарсанда Орынборда болуы ықпалын тигізгендігі даусыз. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 24 шілдедегі санында «15 шілдеде Орынбор арқылы Жетісу комиссары Мұхаметжан Тынышбайұлы Петроград кетті. Мұхаметжан үкіметке Жетісу облысының хал-жайын доклад қылып, «25 маусым» Жарлығына байланысты бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғыздарға һәм орыстарға қазынадан жәрдем сұрамақ. Сөйтіп, бірін-бірі қырғынға ұшыратқан һәм бұл күнге шейін біріне-бірі кек сақтап, іштеріне қан қатқан екі жұртты татуластыру қамына кіріспек»² деп жазды.

М.Тынышбаевтың бұл сапары сәтті аяқталды деп айту қиын. Өйткені шілде оқиғаларынан кейінгі уақытта жоғарғы басшылықтағы дағдарыс тереңдей түскен еді. Соған байланысты Петроградты Жетісу мәселесі аса толғандыра қоймағандығы түсінікті. Оны астанадан Алматыға жолдаған жеделхатында Тынышбаевтың өзі де айтқан болатын³.

Ал өз ретінде бұл кезде облыстағы, әсіресе Қытайдан оралған босқындардың жағдайы күрделене түскен еді. Мәселен, Пржевальск уезінде Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындары босқындарға тиесілі жәрдемді бермеуге, тіптен оларды уезден күшпен аластауға кірісіп кеткен еді. Оны Алматыға Шкапский атына түскен мынадай жеделхаттан байқаймыз: «Из Пржевальска. 27.VII.1917. Пржевальский Исполнительный Комитет и Комиссар приступают к выселению киргиз... Уполномоченным по выселению назначен Войшвилло. Просим принять к сведению и оказать возможное содействие Войшвилло»⁴.

Бұл арада өз атамекеніне оралған қырғыз босқындарын басқа жерге ығыстыру, орыс селоларының ашықтан-ашық астық сатудан бас тартуы, Войшвилло сияқты қаражүзді

¹ Сонда, №238.

² Сонда, №237.

³ ҚР ОММ, 9-қ., 1-к.б.т., 9-іс, 54-п.

⁴ Сонда, 6-іс, 4-п.

ескі шенеуніктердің белсенді әрекетке көшуі, әрине, реакциялық күштердің шабуылға шығуының айқын көрінісі болатын. Қарулы солдаттар мен переселен кулактардың қолдауына сүйенген бұлардың әрекетіне қарсы пәрменді қарсылық көрсетуге Шкапский мен Тынышбаевта да, қазақ және қырғыз комитеттерінде де жеткілікті күш жоқ еді. Міне, осындай жағдайда Уақытша үкімет тарапынан тиімді жәрдем алудан күдер үзген қырғыз босқындары Ташкенттегі түрлі қоғамдық ұйымдарға өкілдерін жіберіп, көмек сұраудан басқа шарасы қалмайды.

Жетісудағы қалыптасқан жағдайдан жақсы хабардар Түркістан өлкелік мұсылмандар кеңесі өз ретінде бірнеше шараны іске асырады. Ең алдымен, кеңес 9 шілдеде Петроградтағы Министрлер Кеңесінің төрағасы және басқа жоғарғы билік орындарына мынадай мазмұнда жеделхат жолдайды: «Біздің жіберген делегаттарымыз Жетісу қырғыздарының өте ауыр жағдайынан хабар жеткізіп отыр. Қытайдан қайтқан қырғыздарды өз жеріне жібермей, аңдай қыруда. Қырғыздар өте ауыр жоқшылықты бастан кешуде. Аш-жалаңаш. Өйелі мен балаларын сатуда. Бірін-бірі жеуге дейін жетіп отыр. Жетісудағы орыс келімсектері қарулы. Қырғыздар болса қарусыз. Қырғыздардың ауыр жағдайын айтып жеткізерлік сөз табу қиын. Қайғы таудай. Көз жасы көлдей. Жедел шаралар қажет.

Түркістан Өлкелік Мұсылман Кеңесі»¹.

1917 жылғы тамыз айының ортасында Ташкентте өлкелік шаруалар съезі өтеді. Оның жұмысына Пржевальск қырғыздарының өкілдері Кендірбаев, Түменбаев және Чимдиев қатысып, тағы да босқын қырғыздар мәселесін көтеріп, оларды біржола қырылып қалудан сақтау үшін жаулық пиғылдағы переселендердің біразын Пржевальск уезінен алып кетуді талап етеді². Өлкелік шаруалар съезі Ішкі істер министріне жеделхат жолдап, панасыз қырғыздарды қорғау үшін пәрменді шараларды іске асыруды өтінеді³.

Мұсылмандар қауымдастығы ұйымдастырған шаралардың ең үлкені, әрине, 1917 жылы 18 тамызда Ташкентте

¹ ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 136-іс, 35-п.

² Сонда. 135-іс, 2-п.

³ Сонда, 114-п.

өткен шеру еді. Мындаған Ташкент тұрғындары қаланың орталығындағы Кауфман ескерткіші алдына жиналып, Түркістан Комитетінен тез арада Жетісудағы қырғынды тоқтатуды, соған байланысты қандай шаралар белгіленіп жатқаны жөнінде есеп беруді талап етті¹.

Жағдайдың бет алысынан қаймыққан Түрккомитет, *біріншіден*, Петроградқа жеделхат жолдап, орталық биліктен Жетісуға көмекке бөлінетін қаржыны тезірек жіберуді сұраса, *екінші жағынан*, Жетісуға Комитет мүшесі Пендриков бастаған комиссия және әскери бөлім жіберу туралы шешім қабылдайды².

Түрккомитеттің белгілеген бұл екінші шарасы Шкапский мен Тынышбаевқа Уақытша үкімет әкімшілігінің, әсіресе Ташкенттегі биліктің Жетісудағы қайғылы оқиғаларға немқұрайды қарауына байланысты өз наразылықтарын ашық білдіруге түрткі болған еді. Олар Түрккомитеттің Жетісуға комиссия және әскер бөлімін шығару туралы шешімін теріс деп тауып, оны қайта қарап, өзгертпеген күнде өздерінің отставкаға кететіндігін мәлімдеп мынадай мазмұнда жеделхат жолдайды: «Қырғыз-орыс арасындағы шиеленіскен ауыр жағдайды қалпына келтіру үшін бірінші кезекте олардың шығындарын өтейтін қаржы сұрап майдың басынан бері Ташкентке 41, 61, 67, 70, 85, 96, 103 және 123-нөмірлі, Петроградқа 29, 42, 79, 113, 127, 256 және 344-нөмірлі жеделхаттар жөнелткен едік. Жауап ала алмадық... Орыс бандыларын тезірек соттау мақсатында уақытша присяжныйлар сотын құруға рұқсат сұрап екі мәрте юстиция министріне қайырылды. Оған да жауап болмады. Істің ізімен соттың бола қоймауы қарақшылықпен күресуге кедергі жасап отыр. Ташкенттен жергілікті жағдайды түсіну қиын. Сіздердің соттау билігін беріп, солдаттар қосып жіберген комиссияларыңыз іске тек зиянын тигізіп, бізге деген жергілікті халықтың сенімін кетіреді. Сондай нәтижені көре отырып, осы уақытқа дейін жасаған еңбегімізді бұзуға келісе алмайтындықтан біз отставкаға кетеміз»³.

Ташкент, әрине, Тынышбаев пен Шкапскийдің өтініштерін қабылдамай тастайды⁴. Бірақ Түрккомитет түрлі

¹ Сонда, 86-іс, 75-п.

² Сонда.

³ Сонда, 90-іс, 9-п.

⁴ Сонда, 136-іс, 33-п.

күштердің талап етуі нәтижесінде тамыз, қыркүйек айларында бірнеше шараны іске асырады. Олардың арасында Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, астық монополиясының енгізілуі¹, Пржевальск уезіне қарақшылық істерді тексеру үшін тергеу бригадасының жіберілуі бар еді², 7 қазанда көп күттірген 11 млн 150 000 сом қаржының Алматыға жіберілгендігі туралы хабар да жетеді³.

Бұл бөлінген қаржының ашаршылыққа ұшыраған босқындарға жұмсалу барысы туралы М.Тынышбаев үлкен ыждағаттылықпен есеп беріп тұрды. Солардың бірінде ол былай деп жазған еді:

«10 болыс Пішпектің тау қырғыздарында өз күнін өзі көре алатын азын-аулақ астық бар. Нарынның 12 болысы біздің сөзімізге тоқтам қылып, береке-бірлік етіп, өз арасынан реквизиция қылды: бидай жиып, ақшаға бағалап, араларындағы аш-жалаңашқа беріп жатыр және 2-3 мың пұттай астықты Қошқардағы 3 болыс ағайындарына жіберді. Тәртібі ел алдында инабатты Шоқа батырдың баласы Қазидай адамдары һәм қазақ офицері Бекімовтей комиссар болып, бұл Нарын жағынан көңіліміз көтерілгендей болды.

Ең қиын болып тұрған Улахолдағы 7 болыс қырғыз. Бұлардың комиссарына 60 мың сом жіберіп едік, астық сатып ала алған, ала алмағанын білмедік. Нарынға 40 мың жібердік. Тоқпақ төңірегіндегі қырғыздар үшін Пішпек комиссарына 60 мың сом жібердік. Бұл жерде бидай болмаса да, жақындағы дүнгендерде күріш көп екен. Жаркент уезіндегі қырғыз һәм қазақ үшін 60 мың сом жібердік. Жаркент комитеті (әсіресе доктор Түбек Есенғұлов) жаздай аянбай астық тасып тұр. Құлжадағы жаңа консулға сонда қалған қазақ-қырғыз үшін 60 мың жібердік. Жаңа өкімет шығарған 5 миллионды босқыннан қалған қазақ-қырғыздарды енді бұдан былай тірі сақтауға хаир етпекші болдық. Жетісудан киізді тысқары жібертуді қойғызып, бәрін сатып алып, босқындарға таратпақшы болдық. Бірақ 5 миллион қысқа қарсы келіп, арзан уақытта, бар уақытта еш нәрсе ала алмадық. Қолымыздан келгенше әрекет жасадық, бірақ

¹ ҚР ОММ, 9-к., 1-к.б.т., 5-іс, 8-п.; сонда, 9-іс, 86-п.

² Сонда, 9-іс, 89-п.

³ Сонда, 90-іс, 18-п.

жазға шейін қаншасы тірі қалып, қаншасы қырыларын болжай алмаймыз... талай өлім-жітімнен қалған, талай зорлық-қорлық көрген бейшара тірі бауырларым енді аман қалсын деп тілеймін»¹.

Мұрағаттық құжаттар қырғыз және қазақтарға бөлінген қаржының орыс шаруаларынан астық, Шығыс Түркістан базарларынан мал, сондай-ақ ел арасынан киіз үй, дәрі-дәрмек алуға жұмсалғандығын және мұқтаж босқындарға тегін үлестірілгендігін көрсетеді.

Шамамен, шілде айынан бастап Тынышбаев пен Шқапскийдің тікелей басшылығымен орыс селоларындағы шаруалар мен кулактардың қолында бар артық астықты реквизициялау басталады. Бұл шараға қарсылық көрсеткен адамдар абақтыға жабылды. Мәселен, қазан айында Түркістан комитеті мүшелерінің бұйрығы бойынша Верный уезі Михайловск селосының 9 шаруасы 1 айдан абақтыға отырып шығады². Орыс шаруаларынан артық астықты алу ісін белсенді түрде іске асырған Пішпек уездік азық-түлік бөлімінің төрағасы Петропавлов еді. Ол переселен шаруалардың қарсылығын күшпен баса отырып, уездегі ашаршылықпен күресуге елеулі еңбек сіңіреді³. Бірақ Петропавловтың бұл қимылын қаламаған уездік азық-түлік съезіне қатынасқан орыс делегаттары оның қызметінен кетуін талап етеді. Қырғыз жұртының көрсеткен қолдауына қарамастан Петропавлов жұмысын тастауға мәжбүр болады⁴.

Күзге қарай М.Тынышбаевтың тікелей басшылығымен босқын қырғыз бен қазақтар шоғырланған жерде оларды тегін тамақтандыратын асхана ашыла бастайды. Бұл кезде аштық қазақ және орыс ауыл, селоларын да қамтыған еді. Жаркент уездік комиссары облыстық комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде 1917 жылдың соңына қарай уезде 14 албан болыстарының және 10 орыс селоларының астықсыз отырғанын хабарлайды⁵. Мәселен, 27 қазанда Тынышбаевтың жеделхат арқылы берген тапсырмасы бойынша, Пішпек уезіне қарасты Қарақоңыз және Оңтар

¹ «Қазақ». 1917, №255.

² ҚР ОММ, 9-қ., 1-қ., 1-қ.б.т., 9-іс, 102-п.

³ Сонда, 11-іс, 11, 12-п.

⁴ Сонда, 86-іс, 263, 264-п.

⁵ Сонда, 34-іс, 23-24-п.

деген елді мекендерде екі тамақтандыру пункті ашылады¹. Ал жылдың соңына қарай Пішпектің өзінде мың адамдық осындай пункт ұйымдастырылған еді².

Аштыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарған бұл пункттерді ұйымдастыруда, жалпы, осы мазмұндағы шараларды іске асыруда М.Тынышбаевтың еңбегі зор болатын. Бұл пікірдің шындықтан алшақ еместігін дәлелдейтін фактілер жеткілікті, біз олардың бірін ғана келтірумен шектелмекпіз. М.Тынышбаев Петроградта жүргенде Нарын уезіндегі аш босқындарға азық-түлік жеткізуге байланысты қиындықтар туады. Оған уездегі комиссар Зимин бастаған теріс пиғылдағы переселендік топтар кінәлі еді. О.Шкапский Нарынға жеделхат жолдап, онда былай деп көрсетеді: «Комиссар Зиминге. Азық-түлік Комитетінің қайта оралып жатқан қырғыздарды тамақтандыратын пункттерді ұйымдастырудан бас тартуын орыс революциясының рухына сай келмейтін әрекет есебінде бағалаймын. Бірнеше адам қарсы болғандықтан бұқараны нансыз қалдыру қатыгездік. Тынышбаев Петроградта, ол қайта оралғанша қырғыздар қырылып қалмасын. Нарындағы орыс демократиясы адамгершілік көрсетеді деп сенемін. 249. 19.07.1917»³.

М.Тынышбаевтың және ол сияқты қазақ зиялыларының белсенді саяси қызметі шовинистік, ұлыдержавалық пиғылдағы ескі және жаңа орыс шенеуніктерін терең ойда қалдырған еді. Олар қазақ қоғамынан шыққан зиялылар белсенділігінің артуынан болашақта өлкедегі орыс билігіне төнбек қауіптің нышанын көргендей болады. Қапал уездік комиссары Митрофан Дудукалов Жетісу облыстық комиссары Шебалинге жазған хатында өзара сыр бөліскендей сыңай танытып мынадай тұжырым жасайды: «Приходится думать тяжелую думу о том явлении, которое теперь волнует нас русских близко стоящих к управлению: взаимоотношение русских и киргизь...

Последняя новость Вам тоже наверно известная, переданная из Ташкента о том, что ввозится оружие в Туркестан, наталкивает на мысль о самозащите, о сохранении Туркестана для России и о много другом, что нужно и предпринять для этого.

¹ Сонда, 2—2-об-п.

² Сонда, 23—23-об-п.

³ Сонда, 90-іс, 49-п.

Необходимо смотреть в оба: береженного бог бережет говорит наша пословица, а для этого нам русским людям стоящим у власти кое о чем надо позаботиться. Мы должны вести негласный надзор за теми о ком речь. Я полагаю, что г. Тынышпаеву выражен недоверие¹ потому, что есть другой контр — Тынышпаев, который ведет другую линию, ту линию, которая ближе и милее остальному туземному населению. Наши неудачи, а удачи противников, там же и турок будоражат головы горячих поклонников ислама...

С ними моя политика такова: разобщить малую киргизскую интеллигенцию с народом, для этого я симпатии народа — бедняка киргиза всегдашним заступничеством за них склоняю к себе, а интеллигенцию не обхожу и держу их в надежде на Учредительное Собрание.

Организация всевозможных комитетов интересуется массой и она занятая прямым делом, видя новые дела, кладет надежду на будущее, отвлекается от того, о чем я веду мысль, т.е. о панисламизме. Недавнее сообщение участкового комиссара из Гавриловки при разговоре о том, что в волостных, прилегающих к р. Или ему кто то заметил: «не долго Вам русским осталось с нас кровь пить» меня интригует и я решил вести негласный надзор через искренно русских людей за степью»².

Уақытша үкімет тұсында уездік билікке келген кешегі солдат, бүгінгі шенеуніктің бұл пікірі, белгілі дәрежеде, қазақ халқының Ақпан революциясынан кейінгі айларда алған бостандығының деңгейінен хабар берсе керек. Оны М.Тынышбаев сияқты терең де тәжірибелі саясаткердің сезбеуі, әрине, мүмкін емес еді. М.Тынышбаев Жетісуға Уақытша үкіметтің комиссары болып келген бетте ойластырған істерінің біразын іске асыра алмады, оған осындай ашық шовинистік көзқарастың кедергі болғаны кімге де болса түсінікті еді.

1917 жылғы 1 қарашада Ташкенттегі саяси билік Кеңестердің қолына өтеді. 6 қараша күні Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің мүшесі О.А.Шкапский мен

¹ Қапал комиссарының бұл көрсетуін қуаттайтын басқа фактіні біз кездестіргеніміз жоқ. Тынышбаевқа ондай сенімсіздік орыс переселендері тарапынан көрсетілуді ықтимал.

² ҚР ОММ, 9-қ., 1-қ.б.т., 86-іс, 72—74-об.п.

Түркістан әскери округының әскери комиссары В.Г.Ивановтың қолы қойылған №57 қаулы бойынша Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, Түрк-комитеттің жойылуына байланысты облыстағы билік толығымен осы екеуінің қолына өтеді¹. Олардың 1917 жылғы 14 желтоқсандағы №61 қаулысымен Түркістан комитетінің баспа үнінен айырылуына байланысты, енді бұдан былай «Семиреченские Ведомости» газеті Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің үні болып жарияланады². Бұл белгілі дәрежеде, Алматыны Түркістандағы Уақытша үкімет билігі үшін күрес орталығына айналдыру әрекетінің көрінісі болса керек. Міне, осы 6 қарашадан кейінгі уақытта Алматыдағы басшылықтың атынан шыққан құжаттардан тек О.Шкапскийдің ғана қолын көреміз. Соған байланысты, шамамен осы кезден бастап М.Тынышбаевтың да Түрік-комитет мүшесі міндетін атқаруды тоқтатқандығы туралы айтуға негіз бар сияқты.

26 қараша күні Қоқан қаласында ашылған мұсылмандардың төтенше съезі 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы деп жариялап, оны басқаратын Уақытша үкімет сайлайды. Оның төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышбаев тағайындалған еді. Ол жөнінде кейінгі тарауда айтылады.

¹ Сонда, 9-іс, 110—110-об-п.

² Сонда, 115-п.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

**VI т а р а у . I және II жалпықазақ
съездері.
«Алаш» партиясы мен Алашорда
(Ұлт Кеңесі) үкіметінің құрылуы**

I (ШІЛДЕ) ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗИ. «АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі, әрине, «Алаш» партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және қазақ тарихында алатын орны. Бұдан бұрынғы тарауларда көрсетілгендей, қазақ зиялылары қоғамдық сұранысты білдіре отырып, саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алды. Бірақ белгілі объективті себептерге байланысты ол әрекеттен ештеңе шыға қоймағаны жөнінде біз айттық.

Қазақ зиялылары тарапынан осы мазмұндағы әрекеттің нышандары 1913 жылы қайтадан бой көрсетті. М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіне шоғырланған қазақ зиялылары¹ ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылап, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Бірақ 1905—1907 жылдардағы бас көтеруден кейін қазақ облыстарында орнаған жандармдық төртіп жағдайында ондай съезді өткізіп, оның шешімдерін іске асыру мүмкін еместігін жақсы түсінген Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған топ жалпықазақ съезін шақыруға үзілді-кесілді қарсы шықты².

Сонымен, қорыта айтқанда, жалпықазақ кеңесін шақырып, онда ұлт өміріне қатысты өзекті саяси мәселелерді қарау, соған сай саяси партия құру ісін қолға алуға қажетті

¹ Бұл топтың қатарында Р.Мәрсеев, Ж.Сейдалинов, Б.Қаратаев, М.-С.Кәшімов, Ж.Тілеубергенов және басқа зиялылар болды. «Айқап». 1913, №4-5, 9, 10, 11, 13, 14, 15; ООММ, 21-к., 2-т., 618-іс, 198-199, 200, 201, 206, 385, 387, 388-п.; сонда, 9-т., 4-іс, 25-30-п.

² «Қазақ». 1913, №18, 20, 21, 24, т.6.

алғышарттар тек Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты.

Тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны дайындауды Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан тұрған айрықша бюроға тапсырғаны жоғарыда айтылды. Міне, осы бюро облыстық қазақ съездерінің аяқталуын күтіп жүрген мезгілде Мәскеуде 1—11 мамыр аралығында І Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өтіп, оған өкіл ретінде қатынасқан бір топ қазақ зиялылары жалпықазақ съезін шақыру туралы «Қазақ» газетінде өз ұсыныстарын жариялайды¹. Арасында Көлбай Тоғысов, Аққағаз Досжанқызы, Ғұмар Қарашев бар бұл топ съезд 1—10 тамыз аралығында Ташкентте өтсін және оған әр облыстан бір өкілден келсін деді.

Осы арада мұсылман съезі жөнінде мынаны айта кеткен жөн. Мұсылмандардың Мәскеу съезі ресейлік мұсылман істерін жүргізуші «Шора-и-Ислам» аталатын 30 адамнан тұрған орталық кеңес сайлап, оның ішінен 12 адамнан тұрған атқару комитетін құру туралы шешім қабылдайды. «Шора-и-Исламнан» 5 орын қазақ өкілдеріне ұйғарылады. Ал «Шора-и-Исламның» іс жүргізетін орталығы болып Петроград белгіленеді². Бұл, белгілі дәрежеде, Бүкілресейлік мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси істерін бір орталықтан басқаруға ұмтылушылықтың көрінісі болатын.

Бұл жағдай қазақ демократиялық зиялылары мен мұсылмандық қозғалыс ара жігінің ашылуына түрткі болды. І Бүкілресейлік мұсылман съезінің шешімдері мәлім бола салысымен Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы мәлімдеме жасап, онда: «...Шора-и-Исламға» сайланған қазақ ағзаларын халық тарапынан сайланған ағзалар дей алмаймыз һәм олардың қазақ атынан деп істеген істерін, сөйлеген сөздерін халықтікі демейміз»³ деген сөздер бар еді. Мұндай мағынада мәлімдеме жасауға негіз жеткілікті

¹ «Қазақ». 1917, №232.

² Программные документы мусульманских политических партий 1917—1920 гг. Оксфорд, 1985, С. 12; «Қазақ». 1917, №232.

³ «Қазақ». 1917, №233.

болатын. Өйткені «Шора-и-Исламды» сайлау тәртібі ешқандай да сын көтермейтін еді.

Көп ұзамай Орынбордағы жалпықазақ съезін ұйымдастыру бюросы екінші рет мәлімдеме жасап, онда Қазанда 21 пілдеде ашылатын II жалпымұсылман съезіне қазақ елі атынан өкілдер жібермеу туралы шешім қабылдағандарын білдіреді. Мұндай шешімге негіздеме ретінде «әуелі қазақ көшін оңға бастайтын болсақ, кіммен жолдас болуымыз қашпас. Өзді-өзіміз ауыз біріктірмей тұрып, дүрмекке шаба беруден пайда аз» деген тұжырым келтірілген еді¹. Бұл шешім іс жүзінде бүкілресейлік мұсылмандық қозғалысынан қазақ ұлт-азаттық қозғалысының өз іргесін бөлек салуымен тең еді. Жалпыресейлік түрік-мұсылман азаттық қозғалысының өсуі барысында болмай қоймайтын ішкі жіктелуінің көрінісі болатын.

I жалпықазақ съезі. I жалпықазақ съезін ұйымдастыру бюросы «Қазақтың» 1917 жылғы 11 маусымдағы санында арнайы мәлімдеме жасап, съезд 1 тамызда Орынборда ашылып, оған әр уезд екі кісіден өкіл жіберсін деді. Бірақ бұл аталған күн мен өкілдер саны көп ұзамай тағы да өзгеріске ұшырады. Шілде айының алғашқы күндері Орынбордағы «Қазақ» басқармасына Петроградтағы «Шора-и-Ислам» төрағасы А.Салихов пен сондағы қазақ өкілдері У.Танашев, Ж.Ақбаев және Ж.Досмұхамедовтан жеделхат келіп, онда «Учредительное собрание сайлау 17 қыркүйекте болатын болды, депутаттар списогі бір ай бұрын, яғни 17 тамызда тапсырылмақ болды. Соның үшін жалпықазақ съезін 20 пілдеден соңға қалдыру мүмкін емес, Қазанда ашылуға ұйғарылған жалпымұсылман съезінің де күні солай өзгерілді»², — делінеді.

Осы екі ортада Петроградтан Құрылтай жиналысына сайлау өткізуге дайындықпен бір мезгілде земство сайлауын өткізу туралы да хабар келіп жетеді. Сөйтіп, уақыт тығыз, ал істелетін іс көбейе түскен еді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы, әрине, Құрылтай жиналысына дейін халық өміріне қатысты ең өзекті мәселелерді талқыға салып, ел болып ортақ тұжырымға келу, Құрылтай жиналысында сол тұжырымдарды өткізуге күш салу еді. Қалыптасқан жағдай туралы М.Дулатұлы «болыс басы кісі шақыру түгіл, уезд

¹ Сонда, №236.

² Сонда, №238.

басы кісі шақырудың өзі қиындады. Айналырған 12-13 күнде қайта хабар жетіп, шет облыстардың уездерінен 20 маусымға кісі жеткізу мүмкін емес болды. Сонан кейін бюро амалсыз әуелгі қаулысын өзгертіп, съездің күні 20 шілде болсын һәм әр облыстан областной комитет ағзаларынан екі өкіл келсін деді. Онан басқа лаж табылмады, бұрылуға, бұлтаруға болмады»¹, — деп жазды.

Съезді ұйымдастыру бюросы «Қазақ» газетінің 24 маусым күнгі санында съездің күн тәртібіне қойылатын мәселелерге байланысты ел талқысына өз тұжырымдарын ұсынады. Тезистер түрінде баяндалған бұл мәселелердің бәрі дерлік кейін І жалпықазақ съезінің күн тәртібіне енді. Бұл тезистер, белгілі дәрежеде, сол тарихи кезеңдегі қазақ саяси тобының күрделі саяси мәселелерге байланысты (мемлекеттік құрылыс, жер, дін, оқу-ағарту, т.б.) ұстанымынан, көзқарас деңгейінен хабар беретін еді.

Мәселен, бюроның түсінігі бойынша, съезде қаралуға тиіс ең негізгі мәселе, әрине, мемлекеттік дербестік мәселесі-тін. Олай болса, бюро мүшелері өздері сұраған ұлттық автономия мазмұнын қалай түсінді? Бұл сауалға біз тезистерден мынадай жауап аламыз: «Қазаққа... мемлекеттік автономия ма, яки уалаяттық автономия ма?.. Бұл екеуінің арасындағы айырмасы: мемлекеттік автономия болса, өз Г. думасы болмақ; өзіне керек закондерді сол думасы шығармақ; ақшасын өзі жасап шығармақ, барша шаруашылық ісі, темір жол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ. Жер-суының билігі де өзінде болмақ. Өз алдына әскер ұстамақ; қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда уәкілі ғана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана.

Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, темір жолы, пошта, телеграфы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттік Г. Думасына уәкілдерін жібереді. Өз думасы, сол жалпы Мемлекет думасында шыққан законға қайшы келместей закондерді шығаруға ықтиярлы болады.

¹ Сонда, №238.

Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады»¹.

Бюро осылайша автономия жөнінде өз түсінігін ортаға салып «...біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, ар жақ-бер жағын таразылап, тексеріп барып» белгілі бір тоқтамға келуі керек деген пікірді айтады.

Съездің күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелердің бірі «қазақ саяси партиясын жасау мәселесі» болды. Бұл мәселеге байланысты бюро жасаған тұжырым мынау еді: «Ресейде осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мандаттарын түгел көздейтін өз алдына партия жасамайынша болмайды. Қазақ мақсаттарын теріп, программа жасап, сол мақсаттарға жету шарасын қарастыратын қазақ партиясын қалай жасау, қандай программа түзу, қандай жол тұту оны һәм осы жалпықазақ съезінде кеңесуіміз керек»².

Саяси партия құруға байланысты айтылған бұл тұжырымның мынадай мәні бар. *Біріншіден*, ол тарихи деректермен толық таныс емес қайсыбір авторлардың «Алаш» партиясы шілдедегі жалпықазақ съезіне дейін-ақ қалыптаса бастады деген пікірін біржола жоққа шығарады. 1917 жылғы жалпықазақ съезіне дейін қалыптасып дамыған «Алаш» партиясы емес, кейін алаштық атанған ұлттық саяси топ басқарған ұлт-азаттық қозғалыс болатын. Ал бұл қозғалыстың бастаушы ұйытқысының саяси партияға бірігуі I жалпықазақ съезінен басталғаны тарихи факті. *Екіншіден*, бұл айтылған тұжырым «Алаш» партиясының саяси мәнін кеміту мақсатында оны ресейлік кадеттер партиясының филиалы есебінде бағалаушылар пікірінің негізсіз екендігін көрсетеді. Империялық езгідегі қазақ қоғамы жағдайында «Алаш» партия ретінде өзінің идеологиялық негізі етіп, әрине, жалпыұлттық мүддені, қазақ шындығын алуға тиіс болды. Бұл толық табиғи құбылыс және басқаша болуы да мүмкін емес-тін.

¹ Сонда, №234.

² Сонда.

Сонымен бірге съезд ұйымдастырушылары өз тұжырымдарын талқыға ұсына отырып, тек біздің айтқанымыз ғана оң деген ойдан аулақ еді. Олар «съезд бюросы жоғарыдағы айтылған мәселелер турасында съезге доклад етпекші, бірақ жалғыз бюроның докладына қарап тұрмай, әр облыс, әр уезден келетін өкілдер де барша көрсетілген мәселелер турасында елдің пікірін білдіргендей докладтар жасап келтірулері керек»¹ деп қорытып, шынайы демократия принциптерін ұстанатындықтарын көрсетті.

Бюро сондай-ақ съезге өкілдер шақыруда да осы принципті ұстанды. «Еуропа жұртында съезге келген өкілдер, — деп жазды олар тезистерінде, — елден шығарда елмен кеңесіп, ел болып қорытқан пікірлерді съезд кеңесіне салады. Сондықтан олардың съездері 2-3 күнде төмам болады. Жалпықазақ съезіне келетін өкілдер жоғарыда айтылған съезде қаралуға тиісті болған мәселелерді жерінен қорытып, съезде көптің алдына салып, бата қылдыруға дайындап алып келулері керек». Сондай-ақ олардың пікірінше, съезге «қазаққа пайдалы іс істеуді тілейтін» өкілдер ғана келулері керек, ал даярлықсыз адамдардың келгенінен қазаққа келер түк пайда жоқ»².

Бюро жариялаған тезистерден келтірілген бұл үзінділер жалпықазақ съездеріне тек дала аристократиясының өкілдері ғана шақырылды, жалпықазақ съездері байлар мен ұлттық буржуазияның жиналысына айналды деген пікірдің қаншалықты дәлелсіз екендігін айғақтаса керек.

Съездің ашылар қарсаңында, анығырақ айтқанда, «Қазақтың» 4 шілде күнгі санында Ө.Бөкейхановтың «Қазақ депутаттары» атты мақаласы жарияланады. Ұйымдастыру бюросының атынан жазылған бұл материалда ол «осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп» бюроның «қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын» атағанын, съезд қолдаған адамдарды бүкіл қазақ болып сайлайтындығын, депутат саны адам санына тәуелді екендігін, ал Құрылтай жиналысына екі жүз мың адамнан бір депутат сайланатындығын халыққа жан-жақты таратып түсіндіре келіп, қазақ халқының 1917 жылдың орта тұсындағы жалпы санына төн мынадай қызықты фактілерді келтіреді: «1897 жылғы есепте қазақ тілін ана тілім деген адам 4 миллион 84 мың еді. Бір

¹ Сонда.

² Сонда.

жылдағы адам баласының таза өсімі екі жүзге 3 адам болады. Осы есепке салса біздің 9 облыс, бір губерниядағы қазақ биыл 5 миллион 400 мың болса керек. Бұлай болса, біздің жұрт бір жерде иін тіресіп отырған болса, қазақ депутаты 27 болмақ. Бұларға 13—14 кандидат сайланбақ. Сонда біздің депутатымыз 40—41 болмақ»¹.

Ә.Бөкейханов «бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ!» деп көрсетіп, бюроның атынан депутаттыққа кандидат деген 43 адамның атын атап, халықтың талқысына ұсынады. Олардың арасында Ж.Ақбаев, А.Бірімжанов, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсеков сияқты белгілі қайраткерлерден бастап А.Кенжин, С.Сабатаев, М.Төлебаев сияқты саясатқа енді араласа бастаған жастар, Уақытша үкімет комиссарлары мен қатардағы мұғалімдер, дәрігерлер мен шығармашылықтағы зиялы қауым өкілдері бар еді.

Қорыта айтқанда, міне, осылардың бәрі отарлық езгі мен феодалдық тоқыраудың қойнауынан енді ғана бас көтерген қазақ қоғамы үшін мәдениет пен демократияның алғашқы сабақтары болатын, ал ол сабақты бастап жүргізуші жас қазақ демократиялық зиялылары еді.

Сонымен, *тұңғыш жалпықазақ съезі 21—26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті*. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20-дан астам өкіл қатынасты. Оның күн тәртібіне барлығы он төрт мәселе қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа мәселелер де бар еді. Өкінішке қарай, бізге мәлім деректерде съездің хаттамасы сақталмаған. Соған байланысты жасалған баяндамалар мен пікір алысу барысында сөйлеген сөздер туралы бірдеңе айту мүмкін емес. Біздің қолымызда бары тек съезде қабылданған қаулы ғана. Ол «Қазақтың» 1917 жылғы 31 шілде күнгі санында жарияланған². Енді қысқаша соған тоқталайық.

¹ Сонда, №235.

² Сонда, №238.

Съезд қабылдаған қаулы бойынша, Ресей «демократиялық федеративтік парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Демек, съезд пікірі бойынша, бұл кезде қазақ автономиясы бүтін қазақ жерін негізге алып емес, «қоныс-ұлт жігіне қарай» жариялануға тиіс еді. Бұл арада, әрине, дүдәмал жағдайлардың көп екендігі өзінен-өзі түсінікті. Жалпы, басқа да деректерді саралай отырып, қазақ демократиялық саяси тобының мемлекеттік автономияға байланысты көзқарасы 1917 жылдың күзіне қарай айқындала түскенін аңғаруға болады.

Съездің отаршылдыққа қарсы сипаты әсіресе жер мәселесіне байланысты қабылдаған қаулысынан анық көрінді. Он төрт тармақтан тұратын бұл құжатта облыстық қазақ съездерінің және қазақ зиялыларының жерге байланысты жасаған тұжырымдары бағдарламалық дәрежеде берілген еді. «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін», — деп көрсетілді оның бірінші тармағында. «Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан, — деп көрсетілді келесі тармақта, — қазақ пайдасынан алынып кеткен мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орнықтаған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға «показательные поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер һәм гарнизондарға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босаған жерлер».

Бұдан басқа қаулыда «Бөкей қазақтары басқа көрші қазақ облыстарына лайықтаған норма бойынша өздерінің отырған жерлерінен жер алсын», «Түркістан қазақтарына жер берудің үстіне жергілікті су да берілсін», «қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, болыс болып), яғни земельный община болсын», «жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісу еркі Учредительное собраниеде қазақ депутаттарына берілсін», «жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын» деген сияқты іс жүзінде қазақ жеріне иелік құқығын қазақ халқының өзіне қайтару туралы талаптар қойылған еді.

Басқаша айтқанда, I жалпықазақ съезі тек осы жер мәселесін тиісті деңгейде қою арқылы-ақ жалпыұлттық

дәрежеге көтеріліп, өзінің тарихи міндетін орындаған болатын.

Съездің қарарларымен мұқият таныса отырып, осы кезден-ақ мемлекеттік құрылыстың ұлттық түрін құру жолдары қарастырыла бастағанын аңғарамыз. Мәселен, съезд өз қаулыларында «осы күнгі тұрақты әскер орнына халық милициясы құрылсын» деп ұлттық әскер жасақтауды, «көшпелі елдерде де отырықшылардыкі секілді тоқтаусыз волостной земство ашылсын» деп Земскілік басқару жүйесінің қазақ шындығына бейімделген түрін ұйымдастыруды, «қазақтың народный сотын» жойып, оның орнына «қазақ тұрмысына лайық айрықша сот» құруды жақтап шықты.

Съездің оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселесі бойынша қабылдаған шешімдері қазақ зиялыларының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп, шешуде өз заманындағы алдыңғы қоғамдық ой дәрежесінде болғандығын айғақтайды. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, ал әйел теңдігіне байланысты «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жоғалсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп ризалықтарын біліп отырсын» деп қаулы етті.

Съезд қазақ облыстарынан депутаттыққа және оларға кандидаттыққа лайық деп санаған 81 адамның атын атап, халық назарына ұсынды. Олардың арасында Г.Н.Потанин (Семей облысы бойынша), В.Чайкин, Т.Нарботабеков, Ш.Диваев (Ферғана облысы) сияқты басқа ұлт өкілдері де бар еді. Депутаттыққа кандидат етіп ұсынылған тізім жөнінде М.Дулатұлы «Басқа облыстың депутаты кім болса ол болсын, өзімдікі жақсы болса жарайды деп ешкім ойлаған жоқ. Қай облыстікі болса да пайда-зияны, абырой-ұяты қазақ халқына бірдей... Съезд білгенінше әр облыстан осылар жарар-ау деп қаулы қылды. Мынау пәлен рудан, анау түген уезден деп съезд қазақшылық қылған жоқ. Қазақшылық қылатын орын бұл емес»¹, — деп жазды.

¹ Сонда.

Сондай-ақ съезд халықты бірнеше тізім жасап өзді-өзімен таласып кетуден сақтандырып, ондай болған жағдайда қазақ жұрты өзіне сыбағалы депутаттық орнын өзге жұртқа беріп қоятындығын ескертіп, «бір облыста бір списоктен артық болмасын, ол список осы жалпықазақ съезі көрсеткен список болсын» деді.

Жалпықазақ съезі «Шора-и-Исламда» қазақ өкілдері болсын, бірақ оның ағзалары әр халықтың санына қарай анықталсын, соған байланысты қазақ өкілдерінің санын көбейту жағы тез арада шешілсін деп көрсетіп «Шора-и-исламға» мүшелікке 8 адамды сайлайды¹. Сондай-ақ съезд Киевте өтетін федералистер съезіне² және Петроградтағы оқу комиссиясына өкілдер тағайындады³.

Сонымен бірге съезд Жетісудағы қайғылы оқиғаларға байланысты, оларға шек қоюды сұрап әскери және Ішкі істер министрлеріне жеделхат жолдады. Осы облыстағы «ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінді.

І жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдады: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шора-и-Исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократическая федеративная парламентарная республикаға құрылмақ.

Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін Учредительное собранию жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді.

Қазақ съезі партияның жобасы жасалғанша осы съездің қаулылары Учредительное собранию баратын қазақ депутаттарына наказ-аманат болады».

Біз бұл арада съездің саяси партия құруға байланысты қаулысын толығымен келтірдік. Бұл қаулыдан, біздің

¹ Олар: Ақмоладан — А.Тұрлыбаев, Семейден — Ө.Сәтбаев, Торғайдан — Ө.Байгөрин, Оралдан — Ж.Досмұхамедов, Бөкейліктен — У.Танашев, Жетісудан — Б.Мәметов, Сырдариядан — М.Шоқай, Ферғанадан — Ғ.Оразаев.

² Федералистер съезіне: Ө.Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов және У.Танашев қатысты.

³ Оқу комиссиясына: А.Кенжин қатысты.

пікірімізше, ең аз дегенде мынадай тұжырымдар жасауға болады: *Біріншіден*, құрылатын партия парламенттік негізде, демократиялық принциптерді басшылыққа алған, қазақ елінің ұлттық мүддесін қорғауды мақсат тұтқан саяси партия болуға тиіс. *Екіншіден*, партияның бағдарламасының жобасын «Шора-и-Исламға» сайланған қазақ өкілдері жасап, оны облыстық қазақ комитеттерінің талқысына ұсынады. Талқыдан өткен жоба Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған қазақ депутаттарының қарауына түсіп, бекітіледі. *Үшіншіден*, қазақ саяси партиясының бағдарламасы дайын болғанша Құрылтай жиналысына депутаттыққа сайлауға түсетін кандидаттар І жалпықазақ съезінің қаулыларын өздеріне міндет деп түсінулері керек.

Сонымен, І жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы шешім қабылдайды. Ал бұдан кейінгі уақытта оның қалыптасу барысы, қызметі қалай жүрді? Енді осы сауалға жауап іздеп көрелік.

Съездің соңғы күндері жаңадан құрылуға тиіс партияның өміріне қатысты мынадай оқиға болады. Съезге қатынасқан бір топ депутат партия құру ісіне байланысты сөйлеген Ө.Бөкейхановтан ресейлік кадет партиясына қатынасын ашық мәлімдеуді талап етеді¹. Соған байланысты болашақ партия басшысы өзінің кадеттер партиясы құрамынан шығатындығын мәлімдейді. Ол кейінірек «Қазақ» газетіне жариялаған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мәлімдемесінде бұл шешімінің себептерін былайша түсіндірген болатын: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молла хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалованье алған моллалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтегін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партия менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 1-т., 337-п.

Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа «Алаш» партиясын ашуға тырыстым. Мен пілдедегі жалпықазақ съезіне осыны айтқан едім¹.

Сөйтіп, І жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы шешім қабылдағанымен, күзге дейін, яғни Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны қызғанға дейін ол партияның түрлі деңгейдегі ұйымдарын құру ісімен ешкім де айналыса қоймайды. Ал партияның бағдарламасын жасау «Шора-и-Ислам» комитетіне сайланған топқа тапсырылғандығын біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Петроградтағы «Шора-и-Исламның» атқару комитетіне сайланған Ж.Досмұхамедов пен У.Танашевтен басқа онда облыстардан сайланған өкілдерден ешкім де бармайды. Көп ұзамай елінен шақырту келуіне байланысты У.Танашев та қайтып кетеді.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 5 қазандағы санында Ж.Досмұхамедовтың хаты жарияланады. Ол Құрылтай жиналысын дайындайтын Кеңесте, «Шора-и-Исламда», Бас Жер Комитетінде және басқа көптеген орындарда жалғыз өзі жүргендігін білдіріп, қазақ партиясының бағдарламасын жазуға уақыты мүлдем қалмайтындығын айтып шағым жасайды².

Бұл уақытта Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мезгілі таянып қалған еді. Елдегі әрбір саяси партия өз тұғырнамасын жариялап, өз ұраны атынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жасап, үгіт-насихат науқанына кірісіп кетеді. Пілдедегі жалпықазақ съезінің шешіміне сай депутаттыққа кандидат қазақ зиялылары сайлау тізіміне қазақ саяси партиясының атынан түсетін болып келісілгенімен, бірақ әлі ол партияның бағдарламасы да, тіптен аты да мағлұм емес еді. Уақыттың тым аз қалғанын түсіне отырып «Қазақ» газетінің басқармасы Петроградтан Ж.Досмұхамедовтың хатын алған соң, 5 қазан күнгі санында «Алаш партиясы» деген бас мақала жариялап, онда былай деп көрсетеді: «Әр саяси партия өз ұранын шақырып, өз ұраны атынан список түзеп, сайлау ісіне кірісе бастады. Қазақ партиясының программасы жасалмағанмен жалпы қазақ съезінің қаулысы жасалмақ программаның негізі

¹ «Қазақ». 1917, №256.

² Сонда, №244.

болсын делінген еді. Съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою, ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпықазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогі деп жүргізулері керек¹.

Сондай-ақ мақала авторлары әрбір облыстардағы орыс жұртымен ынтымақтасып келісіп, Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттардың ортақ тізімін жасауды мақұл көретіндерін айтып, ондай келісімге жете алмаған күнде қай облыста болса да қазақтар «өз списоктарының атын «Алаш» партиясы — Киргизская партия «Алаш» — деп жүргізулері тиіс» екендігін жазды. Осы баяндалған мақаланы жариялаумен бір мезгілде «Қазақ» басқармасы барлық облыстардағы Қазақ комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жеделхаттар да жіберген еді².

Сонымен, қазақ саяси партиясының атын анықтау осылайша аяқталады. Ал енді оның ұйымдарын ашу және бағдарламасын жазу қалай жүрді? Ғылыми әдебиетте «Алаш» партиясы негізін сәуір және мамыр айларында құрылған Қазақ комитеттері құрды, ал осы комитеттердің белсенділері «Алаш» партиясының мүшелері болды деген пікір бар³. Қазақ комитеттерінің «Алаш» партиясына қолдау жасағаны рас, бірақ бұл екі ұйымның өзара жігі бары да анық. Қазақ комитеттерінің пайда болу негіздеріне, атқарған міндеттеріне біз жоғарыда тоқталғанбыз. Жалпы айтқанда, Қазақ комитеттері патшалық билік құлағаннан соң Уақытша үкіметтің мемлекеттік басқару жүйесінде қазақ елінің ұлттық мүддесін білдіру және қорғау мақсатында пайда болған демократиялық бағыттағы қоғамдық негізде құрылған ұйымдар болатын.

«Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастайды. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, мәселен, Ө.Бөкейхановтың

¹ Сонда.

² Сонда.

³ Григорьев В.К. Противостояние. Алма-Ата, 1989. С. 54.

тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12—20 жұлдызы аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылады¹.

«Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы Ө.Бөкейхановтың Томда 8—10 қазан аралығында болып өткен Сібір автономистері съезінен қайтар сапарында іске асырылады. Ол қайтар жолында Семей қаласына тоқтап 12—13 қазан күндері қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды². Ал оның соңы «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша облыстық комитетін ашумен аяқталады³. Комитеттің төрағасы болып Халел Ғаббасов, жолдасына Ахметжан Қозыбағаров, хатшысына Сыдық Дүйсенбин, қазынашысы Әнуар Молдабаев сайланады, Комитет мүшелері оған құрметті төраға етіп Әлихан Бөкейхановты сайлайды.

Семейден соң Ө.Бөкейханов Омбы қаласына келіп, мұнда да өнеркәсіп орындарында, қаладағы қазақ жастарымен кездесулер өткізеді. Ө.Бөкейхановпен өткізілген сондай бір кездесуге қатысқан жұмысшы О.Беков кейін партиялық тазалауда берген жауабында, өзі жұмыс жасаған Омбыдағы заводқа Бөкейханов келіп митингі өткізіп, сонда сөйлеп, жиналған кісілерді «Кеңес үкіметі мен коммунистерге қарсы үгіттегендігін» еске алады⁴.

Сондай кездесулердің бірі Омбыдағы бұрынғы облыстық басқарма үйінде қаладағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымымен өтеді. Кездесуде Ө.Бөкейханов Томда өткен Сібір автономистерінің съезі туралы есеп беріп, сөзінің екінші жартысын «Алаш» партиясының бағдарламасына, күрес әдісіне арнайды. Шамамен, 50—60 адам қатынасқан бұл жиналыста сол күзде «Үш жүз» партиясын құрған Ш.Әлжанов пен М.Әйтпенов те болады. Пікір алысу барысында бұл аталған кісілермен Ө.Бөкейханов арасында

¹ «Сарыарқа». 1917, №18, 20; «Қазақ». 1917, №250, 251.

² «Сарыарқа». 1917, №18, 20.

³ Комитет мүшелері: Ө.Ермеков, Р.Марсеков, И.Әлімбеков, А.Қозыбағаров, Т.Құнанбаев, Х.Ғаббасов, С.Дүйсенбин, Ө.Бөкейханов, М.Малдыбаев, Ө.Молдабаев, Б.Сарсенов. Бұл аталған кісілерден басқа комитет құрамына әрбір уезден бір адам енетін болды. «Сарыарқа». 1917, №19; «Қазақ». 1917, №253.

⁴ ҚР ПИМ, 719-к., 1-т., 1335-іс, 113-п.

ұлттық саяси партияның сипаты мен бағдарламасы төңірегінде пікірсайыс болады. Бұл айтыстың мән-жайын біз сол жиналысқа қатынасқан Д.Әділовтың ОГПУ тергеушісіне берген көрсетулерінен кездестірдік. «Алаш» және «Үш жүз» партияларының пайда болу негіздерінен хабардар ететін бұл куәлік материалды аудармасыз, толық күйінде бергенді жөн көрдік.

«Букейханов развивал программу партии «Алаш», — деп көрсетеді Д.Әділов. — В противовес ему выступил Альджанов. Он в это время учился в медицинской школе. Человек среднего возраста. Поддерживал Альджанова Айтпенов Мукан, и если не ошибаюсь Казбеков, который впоследствии был расстрелян чехословаками в Петропавловске... Букейханов говорил, что нужно организовать националистическую партию «Алаш». Альджанов говорил, что нужно организовать не партию «Алаш», а партию «Үш жүз», т.е. казахи делятся на три сотни, на три орды. Нельзя сказать, чтобы Альджанов имел полное понятие об организации какой либо социалистической партии, но он безусловно был левее настроен, чем Букейханов, но во всяком случае, он говорил, что лучше отдельно организовать такую партию, которая обслуживала бы эти три рода, три сотни, «үш жүз». Вообще у него сторонников было мало и он потерпел поражение. Абсолютное большинство присоединились к Букейханову.

После доклада Букейханов сейчас же приступил к записи в члены партии «Алаш». Избрали областной комитет партии «Алаш» из 10 человек. Записывалось в эту партию очень многие, в том числе и я. Меня также выбрали членом областного комитета, председателем которого был Турлубаев Айдархан. Членов всех не помню, но знаю, например Сеитова Асылбека, Джумабаева Магжана. Фамилия и имена опубликованы в газете «Казак»¹.

Осы кездесуде Ә.Бөкейханов «Бірлік» қауымына «өзінің жасынан жинаған һәм қазақтың жер-суы туралы жазылған кітаптарын» сыйға тартады². Өз ретінде айта кетелік, осы кездесудің аз ғана алдында, яғни 1—4 қазан аралығында «Бірліктің» кеңейтілген жиналысы өтіп «жиналыс

¹ ҚР ҰКҚМ, 78754-іс, 1-т., 48-49-п.

² «Казак». 1917, №152.

Орынборда өткен жалпықазақ съезінің қаулысын қуаттайды... Жиналыс қазақ саяси партиясы «Алашты» заман талабына сай және көздеген мақсатқа тез қол жеткізе алатын партия санайды, сондықтан да оны қолдайды, халық арасында оның пікірлерін таратуды өз міндетіне алады»¹. 1914—1918 жылдар аралығында өмір сүрген бұл ұйымның құрамында сол тұстағы Омбыда оқыған қазақ жастарының арасынан ағайынды А. және М.Сейітовтер, М.Саматов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, А.Баржақсин, П.Өлжанов, Ө.Байділдин, А.Сейдалин, Қ.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков және басқа кісілер болды².

Д.Әділов нақты көрсеткендей, «Алаш» партиясының Омбы облыстық комитеті мүшелерінің аты-жөні «Қазақ» газетіне жарияланған болатын, бірақ олардың саны 10-нан көп еді³. Қазан-желтоқсан айларында облыстағы бес уезде «Алаш» партиясының уездегі комитеттері ашылады⁴.

«Қазақ» газеті өзінің 1917 жылғы 14 желтоқсандағы санында «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық комитетінің ашылғандығын мәлімдеді. Комитетке мүшелікке Орынбор қаласында «тұратын 10 қазақ һәм 4 уезден 4 қазақ, барлығы 14 ағза» сайланады⁵. Комитеттің төрағасы болып Ө.Бөкейханов, төраға серігіне А.Байтұрсынұлы, хатшысына М.Дулатұлы, қазынашысы Ж.Жәнібеков сайланады.

Партияның орталық комитеті болған емес. Өйткені партияның арнайы съезін шақырып басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге уақыт та, жағдай да болған жоқ еді. Бірақ оның басқарушы ұйтқысына І жалпықазақ съезі бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат етіп бекіткен топты

¹ ҚР ПМ. 811-к., 20-т., 686-іс, 159-п.

² Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы, 1993, 47—49-бб.

³ Комитет мүшелері: А.Сейітов, М.Жұмабеков, М.Саматов, А.Тұрлыбаев, Е.Итбаев, Д.Әділов, Қ.Кемеңгеров, Ж.Тілеулин, Б.Айбасов, Х.Қожамбердиев, К.Кәкенов, т.б. «Қазақ». 1917, №255 (өшіп қалғандықтан кейбір фамилияларды оқи алмадық).

⁴ Сонда.

⁵ Комитет мүшелері: А.Бірімжанов, А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, Е.Омаров, Ғ.Жәнібеков, М.Дулатов, Ғ.Жүндібаев, С.Досжанов, Ө.Бірімжанов, К.Арынғазиев, уездерден — Ғ.Досжанов, Т.Шонанов, Е.Тұрмұхамедов, М.Есболов. «Қазақ». 1917, №250.

жатқызған. Ол жөнінде «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы» атты мақаладан мынадай хабарды оқимыз: «Орыс партияларынікіндей біздің «Алаш» партиясында кіндік комитет жоқ, болғанымен Орынборда жасалған жалпықазақ тұңғыш тобы ұнатып бата қылған адамдар, бірен-саран өзі қалған, яки ризалықпен орын ауыстырған болмаса, түгелімен «Алаш» партиясының атынан кірген списоктерге жазылып отыр¹. Газет бұл арада «бірен-саран өзі қалған, яки ризалықпен орын ауыстырған болмаса» деп «Алаш» бағытымен келісе алмай тізімнен шыққан С.Сейфуллин, түрлі объективті себептерге байланысты өз еркімен сайлауға түсуден бас тартқан М.Дулатұлы, Н.Төреқұлов және басқаларды айтып отырғаны түсінікті. І жалпықазақ съезінің «Шора-и-Исламдағы» қазақ өкілдеріне дайындауға тапсырып, сонан соң қазақ комитеттерінің талқысынан өтуге тиіс болған партия бағдарламасын бекітуді Құрылтай жиналысына депутат болып сайланған топқа жүктеуі де сол топты партияның орталық басқару органы санағандықтан болса керек.

«Алаш» партиясының жарияланбағанымен, белгілі дәрежеде дайындалып қойған шартнамасы (жарғы) да болғандығын байқаймыз. Ол жөнінде партияның Семейдегі облыстық комитетінің құрылуына байланысты «Қазақта» жарияланған материалдан мынадай деректі оқимыз: «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шарты — кіндік комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы

¹ «Қазақ». 1917, №253.

айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн»¹.

Партияның Орынбор қаласында Торғай облыстық комитеті ашылғандығы жөніндегі хабарында «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының ағзалық жарнасы 1 сом деп көрсетті².

Енді партияның бағдарламасы жөнінде. «Шора-и-Исламдағы» сайланған қазақ өкілдері Петроградта жиналмайтындығы, соған байланысты оларға жүктелген ұлттық саяси партия бағдарламасының жазылмайтындығы мәлім болған соң, бұл істі «Қазақ» басқармасына біріккен топ өз мойнына алады. Ал бағдарламаны тезірек дайындап жария етуге мынадай жағдай түрткі болады. «Қазақ» басқармасы 1917 жылғы 14 қарашада Алаштың Омбыдағы облыстық комитетінен мынадай мазмұндағы жеделхат алады: «Алаштың дұшмандары «Алаш» партиясын халыққа теріс түсіндіріп, өтірік хабар таратып жүр, «Қазаққа» да «Алаш» партиясының жобасы басылып шықса екен»³. Оның артынша тағы да Омбыдан сондағы қазақтар «өз алдына «Үш жүз» атты социалистік бағыттағы партия ашты. Партияның мақсаты — федерацияны жақтау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру, Учредительное собраниеге жеке спикер кіргізу»⁴.

Міне, осындай жағдайдан соң, «Қазақтың» 21 қараша күнгі санында «Алаш» партиясының бағдарламасы басылып шығады⁵. М.Дулатұлы 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушісіне өз қолымен жазып берген жауабында «Алаш» партиясы бағдарламасының өмірге келуі жөнінде мынадай деп көрсетті: «Сол жылғы (1917 — *Авт.*) күзгі айлардың бірінде Орынборда тұрған қазақ зиялылары, бастығы Бөкейханов Әлихан, Байтұрсынұлы Ахмет «Алаш» партиясын жасауға ұйғарып, программ жобасын (проект программы) жасадық. Сол жоба бекітілместен жоба бойынша қалды (сол кезде «Қазақ» газетінде жарияланған), еш уақытта «Алаш» партиясының съезі болып, жобаны

¹ Сонда.

² Сонда. №250.

³ Сонда, №251.

⁴ Сонда.

⁵ «Қазақ». 1917, №251; бағдарламаның соңына қол қойған авторлар: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Е.Омаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев, А.Бірімжанов.

қабылдаған жоқ, оны істеуге ол кездегі жағдай да мүмкіншілік бермеді»¹.

Біз зерттеуіміздің басында Алаш қозғалысын өмірге алып келген негізгі екі себеп: отарлық тәуелділік пен феодалдық мешеулік екендігін айттық. Соған сай алаштық зиялылар өз қызметінде негізінен екі мақсатты, яғни, *біріншіден*, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, *екіншіден*, қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығуды көздеді. Олай болса, «Алаш» бағдарламасында бұл мақсаттар қалай көрініс тапты?

«Алаш» партиясы өз бағдарламасында Ресей мемлекетінің демократиялық, федеративтік республика болғандығын қалайтындығын білдірді. «Демократия, — деп түсіндірілді бағдарламада, — мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративті республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді»².

«Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның ұйғаруы бойынша кесімді мерзімге сайланған Президент тұрады. Президент қоғамдық істерді министрлер арқылы жүргізеді, ал министрлер Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болмақ.

Мемлекеттік Думаға депутаттар тегіс, тең, төте және құпия сайлау арқылы сайланады. «Сайлау хақында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болады».

Бағдарлама бойынша шашыранды қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей Федерациясының құрамына енуге тиіс.

Бір қызығы сол, I жалпықазақ съезі қаулысын және партия бағдарламасын дайындау кезінде ұлттық саяси топтың мемлекеттік дербестік мәселесіне әлі де болса үлкен сақтықпен қарағандығын байқаймыз. Оны біз желтоқсан жалпықазақ съезінде және одан кейінгі уақытта қойылған ұлттық әскер жасақтау, ұлттық банк құру және басқа ұлттық мемлекет орындарын ұйымдастыру сияқты ұсыныстардың орнына әзірге земскілік басқарудың, сот ісін жүргізудің, әскерлік қызметтің қазақ шындығына бейім-

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 6-т., 43-п.

² «Қазақ». 1917, №251.

делген түрлерін қабылдау сияқты ұсыныстармен шектелуінен аңғарамыз.

«Алаш» партиясының бағдарламасында ашықтан-ашық феодалдық аристократияны шектеуге бағытталған шаралар қарастырылған жоқ болатын. Ұлттық бостандық пен бірлік үшін күрес кезеңінде ондай міндеттерді күн тәртібіне қою сөзсіз, қазақ қоғамын бөлініп-жарылуға бастайтын жол еді. Сондықтан да қазақ зиялылары сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескере отырып, ондай қадамға саналы түрде барған жоқ деп айтуға толық негіз бар. Олар әлеуметтік теңдік мәселесінде де жалпыұлттық мүдде, гуманизм тұрғысынан келетіндігін көрсетіп: «Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етуге көңілді адамдар болуын жаһид қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұртты тарқы ету жағына бастайды», — деп жазды.

Салық мәселесі де осы тұрғыдан шешілуге тиіс болды. «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге — кедейше ғаділ жолмен салынады. Қазақ жерінде зауыт-фабрика өте аз, соған байланысты қазақтың жұмысшылары да аз. Ал бар жұмысшылар заң панасында болады. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик тобының программасын жақтайды».

Бағдарламаның антифеодалдық сипаты, әсіресе оның «негізгі құқық», «ғылым-білім үйрету» сияқты тарауларынан анық байқалған еді. «Россия республикасында, — деп көрсетілді бағдарламада, — дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең» болады. «Жыйылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға — еркіншілік», заң орындарының рұқсатынсыз жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, сот сұрап, билік айтылмай ешкім тұтқынға алынбайды, т.с.с.

Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болуға тиіс еді. Қазақ тілінде орта мектептер мен

университеттер ашылып, бастауыш кластарда сабақ ана тілінде жүруге тиіс болды. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіліп, үкімет оқу ісіне араласпай, мұғалімдер мен профессорлардың өзара сайлау арқылы тағайындалуы жоспарланды.

Бағдарламада жер мәселесі арнайы тарауда қаралып, негізінен, І жалпықазақ съезі шешімдері тұрғысынан баяндалады. Жоғарыда ол туралы сөз болғандықтан, бұл арада қайтадан тоқталу артық болар еді.

Бағдарламаға байланысты, міне, осы айтылғандар алаш зиялыларының капиталистік қоғам немесе таза ұлттық мемлекет орнату сияқты мүдделерді өздеріне мұрат етіп қоймағандығын, олар үшін бірінші кезекте ұлттық саяси дербестік пен экономикалық-өлеуметтік даму жолына түсу тұрғандығын көрсетсе керек. Міне, сондықтан да бағдарламада қойылған мақсат-мүдделердің жалпыұлттық, жалпыдемократиялық сипатын негізге ала отырып, біз «Алаш» партиясын «буржуазиялық-ұлтшылдар» немесе «буржуазиялық либералдар» партиясы емес, ұлттық-демократиялық бағыттағы партия деп атауға толық негіз бар деп санаймыз. Ал оны құрушы саяси топты ұлттық-демократиялық зиялылар деп атау орынды болмақ.

Партия тарихына қатысты келесі мәселе, әрине, оның қоғамдық қызметі. «Алаш» ұйымдық тұрғыдан қалыптасып үлгірмей-ақ жалпыресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау шарасына қызу араласып кеткен еді. Оның бұл саладағы қызметі мынадай екі бағытта жүрді: *Біріншіден*, «Қазақ» және осы 1917 жылдан бастап шыға бастаған «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент) және «Ұран» (Орал) газеттері партияның бағдарламалық міндеттерін, оның атынан депутаттыққа ұсынылған адамдарды халыққа таныстырып жатты. *Екіншіден*, өзін осы партияның мүшесі санаған оның облыстардағы белсенділер Қазақ комитеттерінің қолдауымен ел арасында үгіт жұмысын жүргізді.

Бұл ретте оның ең басты жұмыстарының бірі Бүкіл-ресейлік Құрылтай жиналысына өз атынан депутаттыққа лайық кандидаттарды іріктеп, оларды сайлау арқылы өткізуге күш жұмсау болды. «Қазақ» газетінің 19 және 28 қазан күндері жарық көрген нөмірлерінде сол ұсынылған кісілердің тізімі оларға қосымша берілген қысқаша сипаттамамен бірге жарияланады. Бұл жай ғана тізім емес, белгілі дәрежеде Алаш партиясының сол тарихи кезеңдегі саяси ұстанымынан нақты хабар бере алатын

құжат та болғандықтан оны біз сол «Қазақ» жариялаған күйінде өзгеріссіз беруді жөн көрдік.

«Алаш партиясы атынан Учредительное собраниеге аталған депутаттар:

Торғай облысынан
(нөмірі 1-нші список)

1) **Ахмед Байтұрсынов** — «Қазақ» газетін шығарушы. Қазақ әдебиетінің негізін салушы, қазақ ақыны. Ескі өкіметтің қылышынан қан тамып тұрған заманда халыққа қызмет етіп, өкіметке қарсы пікірде болғаны үшін 9 ай абақтыда отырып, онан кейін қазақ облыстарында тұрмау шартымен жер аударылған. «Қазақ» газеті үшін 4550 сом штраф тартып, абақтыға отырып, соңғы 12—13 жылдың ішінде қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған алаш азаматтарының бірі.

2) **Ахмед Бірімжанов** — 1 һәм 2-нші Государственный Дума ағзасы. Заң ғылымына жетік юрист. Осы күні Қостанайда уезний комиссар. Ескі өкімет заманында халыққа көрінеу қызмет ете алмағанменен, ақ жүрек іс білетін пікірлі адам. Учредительное собраниеің комиссиясында қызмет етуге қазақ депутаттарының көбінен артық болса керек.

3) **Сағындық Досжанов** — учитель. Бұл күнде Торғайский обласной управада ағза.

4) **Ғабдолла Теміров** — өзгерістен бұрын Тобольскі окружной сотта член еді, бұл күнде Ырғызда уезний комиссар. Халыққа қызмет етемін деп бұрынғы орнын тастап шықты.

5) **Тел Жаманмұрынов** — ұлтшыл студент.

6) **Елжан Оразов** — зиялы ақсақал.

7) **Ғалихан Бөкейханов** — 1-нші Государственный Дума ағзасы. Сол пікірлі кадет һәм кадет партиясының центральный комитетінің ағзасы. Жасынан саясат ісімен шұғылданып, орысша оқыған қазақта орын, дәреже қумаған, оқу бітіргеннен кейінде, түйме тақпай, халық қызметіне кірісіп кеткен бір һәм бірінші қазақ. Бірінші Г. Думаға осы депутат болып кетеді деп сақ өкімет абақтыға жауып қойып, дәл сайлау алдында ғана азат етілген. Бірінші Г. Дума қуылғаннан кейін Россияның ығай мен сығай 180 депутаттарының бірі болып, Финляндияға барып, мөшһүр Выборгский возванияға қол қойғаны үшін 3 ай абақтыға

отырып шықты. Выборгский воззванияның сөзі: «Қашан өкімет думаны қайта жиғанша халық қазынаға бір тиын алым, бір кісі әскер бермесін» деп өкіметке бел көрсеткен еді! Саясат ісіне Ғалиханнан артық қазақ баласы жоқтығы анықталған. Кешегі қаһарлы өкіметтің заманында талай қысылғанда көзге көрінген. Ескі өкімет заманында қазақ облыстарында тұра алмайтын болған. Өзгеріс болардың алдында Ғалихан күнбатыс майданында бұратана бөлімін ашып, өзіне пікірлес оқыған қазақ жастарын жолдастыққа алып, 25-нші июнь жарлығы бойынша қан жылап майдан қызметіне алынған қазақ жігіттерін тәрбиелеп тұр еді, өзгеріс болған соң, өкімет Торғай облысына комиссар қылып сайлады. Ғұмырын туған жұртына бағыштаған ақ жүрек, ер, білгіш, көсем, шешен қазақтың бір ұлы.

Семей һәм Ақмола облыстарынан

(Бұл екі облыс дала уалаяты округы аталып, сайлауы бір болады һәм сондықтан списоктері де бірге аралас жасалған):

1) **Ғалихан Бөкейханов** — (кім екені жоғарыда айтылды).

2) **Айдархан Тұрлыбаев** — присяжный поверенный. Заң ғылымына жетік, іскер адам. Бұл күнде Ақмола облысының қазақ комитетінде председатель. Айдархан 1-нші һәм 2-нші Г. Думаға Ақмола облысынан депутат болуға лайық еді, ол кезде халық мұнан гөрі қараңғырақ болып һәм Айдархан жуан ауылдың баласы болмағандықтан, марқұм Науан хазіреттің «батасы» депутат болып еді.

3) **Әлімхан Ермеков** — бұл күнде Томскі технологический институт студенті, Семей облысын губернатор Тройницкий бір шыбықпен айдап, қазақ халқын басып-жаншып, көзін ашырмай тұрған заманда, Әлімхан гимназияға түсіп, қазақ басымен орыс балаларынан жақсы оқып бара жатқан соң, Тройницкий стипендиядан махрум еткен еді. Әлімхан сонда да оқудан шықпай, өзінің зеректігімен жолдас орыс шәкірттерін оқытып, ақша тауып гимназияны, Тройницкийге ерегіскендей, алтын медальмен бітіріп, институтқа түсті. Онда да стипендия ала алмай, бір жағынан, өзі оқып, бір жағынан, ақша табу үшін басқаларды оқытып, көп бейнет шекті. Технологический институтқа асқан зеректер ғана түседі. Әлімхан білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған

жігерлі жас азамат. Бұл күнде Семей обласной комитетінде ағза һәм «Сарыарқа» газетінің жазушыларының бірі.

4) **Халел Ғаббасов** — жаңада университет бітіріп шыққаннан кейін Семейде уақ қарыз инспекторы болды. Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазнасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың үмітті ұлы. Бұл күнде «Сарыарқа» газетін шығарушы һәм обласной комитет ағзасы.

5) **Асылбек Сеитов** — жас доктор. Қыз мінезді, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас. Обласной қазақ комитетінде председатель орынбасары.

6) **Мұқыш Боштаев** — Қазан университетін биыл бітіріп шықты, юрист, уезний комиссар.

7) **Якуб Ақбаев** — ер, шешен, қызу, юрист. 1905-нші жылы патшаға тіл тигіздің деп ескі өкімет сотқа беріп, неше ай абақтыда жатып, ақталып шыққан. Онан кейінде сан рет абақтыға жабылып, бес жылға жер аударылып, көп тепкі көрді. Якуб мырза саясат ісімен бірыңғай шұғылданып, халыққа қызмет етуге алаңсыз кіріскенде тіпті жақсы болатын еді. Бірақ елге жақын тұрып, ағайын арасының өсегіне боялып, соңғы жылдарда халық көзінде бұрынғы Якуб өзгергендей болды.

8) **Сейілбек Жанайдаров** — юрист, податной инспектор. Өзгерістен бұрын да, соң да халыққа қызмет етуге лайық еді. Бірақ көзге көріне алмады.

9) **Райымжан Марсеков** — присяжный поверенный. Қазір Семей облысының қазақ комитетінде ағза һәм обласной соттың председатели. Біздің қазақ юристері арасында бұрыннан әлеумет ісіне кірісіп жүрген адвокат Райымжан.

10) **Жұмағали Тлеулин** — фельдшер. «Қазақ» газетінің жазушыларынан. Ұлтшыл таза, жігерлі, пікірлі жігіт.

11) **Биахмет Сарсенов** — учитель, пікірлі, ұлтшыл жігіт.

12) **Рахымжан Дүйсенбаев** — адвокаттық қылады. Қызу, ер, жігерлі. Қашаннан халыққа қызмет етуге кірісулі, бір ақ пікірлі, көп жұртқа үйлеспейтін, өзіне ғана қас.

13) **Ахметжан Қозбағаров** — фельдшер. Пікірлі, ұлтшыл жастарымыздың бірі.

14) **Мағжан Жұмабаев** — учитель. Жас ақын. Қатардағы азаматтың бірі, келешекте көзге көрінер деген үміт зор. Бұл күнде Ақмола облысының қазақ комитетінде ағза.

- 15) **Әбікей Сатбаев** — ұлтшыл учитель.
16) **Сұлтан Абылаев** — пікірлі жігіт.
17) **Ахмет Райымбеков** — фельдшер. Тройницкий заманында жер аударылды. Ұлтшыл, таза жігіт.
18) **Сыдық Мешенбаев** — судьяның переводчигі. Қолынан келгенінше елге басшылық етіп жүрген жігіт.
19) **Базкен Өскенбаев** — фельдшер.
20) **Салмақбай Көсемесов** — банк қызметкері. Пікірлі зерек қазақ.

Орал облысынан

1) **Халел Досмұхамедов** — доктор. Орал облысының қазақ комитетінде председатель һәм облосной комиссар помощнигі. Халел ескі өкімет заманында докторлық қызметімен қазақ ортасында пайда келтіріп тұруының үстіне, жұртты оңға бастап, басшылық етіп, сол себепті өкімет кезінде артық «сенімді» кісі болмай жүрген қазақтың қабырғалы жігітінің бірі.

2) **Жаһанша Досмұхамедов** — өзгеріске шейін Томскі окружной сотта товарищ прокурора еді. Өзгерістен кейін ол орнын тастап, халыққа қызмет етіп жүр. Бұл күнде Петроградта Шораи ислам ағзасы, социалист-революционер.

3) **Нұрғали Ипмағамбетов** — военный доктор. Бұрын шетте жүруші еді, өзгерістен бері еліне қайтып қызмет етіп жүр.

4) **Габдолла Әлібеков** — шын ұлтшыл, ескі өкімет заманында шамасы келгенше халыққа қызмет көрсеткен адамның бірі. Орнымнан, пайдамнан айырылады екемін деп еш уақытта жасқанып көрген емес. Бұл күнде облосной қазақ комитетінде ағза.

5) **Сәлімгерей Қаратлеуов** — агроном. Облосной комитет ағзасы.

6) **Ғұмыр Есенғұлов** — жас доктор. Темір уезінде комиссар.

7) **Иса Қашқымбаев** — жас доктор. Жігерлі, білімді, ұлтшыл жігіт.

Депутат списогін тапсыратын ең соңғы срок 13-нші октябрь. 12-нші октябрінде «Қазақ» басқармасына Ташкенттен келген телеграммада «Әлі депутат списогі анықталған жоқ, Түркістанда сиез болып жатыр, анығын біліп хабарландырамыз» дейді.

Пішпектен келген телеграмда «Пішпек уезінің қазақ-қырғыз сиезі Мирякуб Дулатовты депутат списогіне кіргізіп тұр, срочный телеграммен ризалығын білдірсін» деді.

Бұл екі телеграмның сөзіне қарағанда Сырдария һәм Жетісу облыстарының депутат списоктері 12-нші октябрыға шейін тапсырылмаған һәм анықталмаған болады.

IV. Жетісу облысынан (нөмір 2-нші список)

1) **Мұхаметжан Тынышбаев** — 1-нші Государственный Дума ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатар зиялы азамат, 25-нші июнь жарлығы тақырыпты Жетісуда бүліншілік болғаннан бері Мұхамеджан көзге көрінерлік көп пайда келтіріп жүр. Былтыр Түркістан уалаятына Куропаткин генерал-губернатор болып тұрған кезде, Жетісудағы бүліншіліктің не себепті болғандығын, гәптің бәрі Жетісу қырғыз-қазағында емес, жергілікті хакімдердің жауыздығынан болғандығын Куропаткинге жете түсіндіруші Мұхамеджан. Түркістан уалаятындағы қазақ-қырғыздың жер-суы переселен мекемесінің зиянды саясаты бойынша мұжыққа алынғандығын, жергілікті халықтардың тау мен тасқа қамалып қалғандығын һәм мұнан былай да жер алынатын болса, қазақ-қырғыз аса таршылықта қалатындығын сипаттап, доклад жазған Мұхамеджан 1905-нші жылы бостандық таңы елестеген кезде Петерборға әр облыстан түрлі мәселелер хақында ізденуші қазақтар көп барғанда, қазақтың пәленше-түгенше деп алашқа аты шыққан кейбіреулері арызшылардың қалтасын қарауды кәсіп қылғанда, басшылық етіп, еңбегін сатпай, қызмет көрсеткен Мұхаметжан. Ол жылдарда Мұхаметжан Петерборда оқып жүрген студент еді. Сол жылғы Петерборшылар Мұхаметжанның кім екенін, біліп қайтқан.

Мұхаметжанды өзгерістен кейін өкімет Түркістан комитетіне ағза қылып сайлады. Түркістан уалаятындағы бес облыс һәм Бұқара, Хиуа істерін басқару үшін құрылған Түркістан комитетінің барлық 9 ағзасынан екеуі қазақ еді. Ғалихан һәм Мұхаметжан. Мұнан да көрінеді, Мұхаметжан қазақта бір болса, өзі, екі болса, екінші кісі екендігі. Жаз бойы Мұхаметжан Жетісу облысын аралап жүр һәм

Жетісуда бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғыз һәм мұжықтар үшін жәрдем сұрап, Петерборға да барып қайтты.

2) **Шебалин** — (орыс).

3) **Отыншы Әлжанов** — Семей облысының қазағы. Омскі окружной сотында неше жылдай переводчик болып тұрып, онан кейін өз еліне жақын Көкпекті деген қалада учитель болып еді. Сол жерде тұрғанда, саясат ісіне қатысуында айыпталып ескі өкімет 5 жылға жер аударды. Отыншы 5 жылын Лепсі қаласында бітіріп, Жетісу облысында тұрып қалған еді. Жетісуда тұрғанда Отыншының жақсы атағы естілуші еді.

4) **Шкапский** — Түркістан комитетінің ағзасы.

5) **Ғабдуллин** — (басқармаға келген телеграмда аты жазылмаған, сондықтан кім екенін біле алмадық).

6) **Нияз Беков** — (мұның да телеграмда аты жазылмаған).

7) **Мырзахан Төлебаев** — 25-нші июнь жарлығы бойынша майдан қызметіне алынған елінің жігіттерін бастап барып, солармен соғыс майданында тұрып, биыл жұмысшылар қайтқанда бірге қайтқан ұлтшыл зиялы жігіт.

8) **Бабкин** — (орыс).

9) **Пропков** — (орыс).

(Нөмірі 3-нші список)

1) **Ибраһим Жайнақов** — бұрын Жетісуда переводчик болып тұрған. Жетісу обласной комитетінің председателі.

Жайнақовтың бұрын қандай адам екенін білмейтін едік. Орысша шығатын Жетісу газетінде (4-нші октябрьде шыққан, нөмірі 220) Жайнақов туралы мынадай ажарсыз хабар оқыдық:

«Түркістан Комитетінің қаулысы

30-ншы сентябрь 1917 жыл. Номер 40. Алматы уезі, Үлкен Алматы волосына қараған қазақ қатыны Бәти Байбосынова бізге берген арызында, 1916-ншы жыл 14-нші ағустағы военно-полевой соттың үкімі бойынша 1916-ншы жылғы өкіметке қарсы соғыс шығарушының бірі деп айыпталып дарға астырылып өлтірілген байының нақақтығын анық сипаттады. Бұл арызда һәм оның бірге берген 14-нші ағус 1916 жылғы военно-полевой сот үкімінің копиясынан көрінеді, қатынның байының бірнеше кісінің

ғана куәлігімен айыпталған, ол куәлардың ішінде мынау адамдар бар: ротмистр Пороников, чиновник Ибраһим Жайнақов һәм Шегіров, войсковой старшина Ишков һәм мещанин Поляков. Байбосынованың айтуынша жоғарғы куәлардың соңғы төртеуі дүние пайдасы үшін теріс куәлік берген.

Бұл күнде Жайнақов пен Шегіров бірі облосной комиссардың, бірі уезный комиссардың помощнигі. Ал Байбосынова оларды еркін Россияның граждандарына лайық емес айыптармен айыптап отыр, сондықтан Түркістан комитеті, бұл кезде іс басында таза кісілер тұруы қажет екендігін һәм былтырғы ескі өкіметтің қазаққа қылған жауыздығына кіріспеген адам тұруы дұрыс екенін еске алып, қаулы қылды: 1) Байбосынованың Жайнақов пен Шегіровті дүние пайдасы үшін жалған куәлік беріп байымды дарға астырды деген шағымын анықтау үшін қатынның арызы бойынша тергеу қылуға, тергеуді прокурор бітіргенше Жайнақов пен Шегіровты орындарынан түсіруге».

Басқармаға екінші келген хабарда, Жайнақов пен Шегіров сотқа берілген һәм ақ-қарасы анықталғанша орындарынан түсірілген.

Егер Жайнақов жоғарғы істе қара болып шықса һәм Учредительное собранию депутат болып сайланса, оны сайлаған қазақ-қырғыз жұрт алдында масқара болғаны Жайнақов нақақтан айыпталып тұрса, ағарар.

Біздің жұртқа айтатынымыз: ұлт қызметіне кіріскен адамның әсіресе, кешегі ескі өкімет заманындағы ісіне, қызметіне қарау керек. Николай қуылып, министрлер жабылып, губернатор, приставтардың көзі жоғалып кеткеннен кейін ғана ұлтшыл, қамқор, ер, есер болып кеткендерден байқау керек, қабығын тырнап қарау керек. Бостандық бояуының астында ескі үкіметтің жолдасы отырмасын.

2) Шендриков — (орыс).

3) Садық Аманжолов — юрист.

4) Дүр Сауранбаев — қырғыз.

5) Базарбай Маметов — юрист.

Жоғарғы екі списоктен көрінеді, Жетісу қазақтары орыстармен одақтасып екі бөлініп кеткен. Мұхаметжан

партиясы социалист, қара-шекпен һәм жұмысшылармен біріккен. Жайнақов партиясы Жетісудағы қазақ-қырғыздан басқа мұсылмандармен һәм қазақ-орыстармен біріккен. Тараншылар өз алдына список (нөмір 1-нші) шығарған, олардың кандидаттары Юнусов, Юлдашев һәм Құрбанов.

Жетісу халқына біздің айтарымыз, тісі шыққан балаға пайнап берген ас болмайды: кім пайдалы, кім шын халық қызметкері, кімнің қолынан іс келеді, кім ақ жүрек, оны өзгеден артық жұрттың өзі білсе керек. Осы сипатты адамдар қай списокте бар, сол списокке тас салу керек.

V. Бөкей ордасынан (нөмір 1-нші список)

1) **Уалидхан Танашев** — юрист, Қазан университетін бітіргеннен кейін Қазан қаласында адвокат болып тұрып қалды. Онда ноғай халқымен араласып, әлеумет жұмысына кірісіп жүрді. Сондықтан ноғайлар оны аса құрметтейді. Уалидханды Қазан ноғайлары шаһар думасына гласный қылып сайлады. Қазан губерниясының мұсылмандары Учредительное собранию депутат белгілегенде Уалидханды 6-ншы қылып списоктеріне кіргізіп отыр. Уалидхан бұл күнде Шорай ислам ағзасы. Елінде көп тұрмаған соң Бөкей елі Уалидханды жақсы білмесе, ғажап емес. Уалидхан жігерлі, таза, іскер, ұлтшыл, зиялы азамат.

2) **Бақыткерей Құлманов** — 1-нші Государственный Дума ағзасы. Бұл күнде бөкейлікте обласной комиссар. Университет бітірген кісі. Былтыр 25 июнь жарлығы шыққаннан кейін «арыз айтасың, мәулет сұрайсың» деп Астрахан губернаторы Бақыткерейді жер аударып еді. Бақыткерей Самар губерниясынан еліне бостандық туғаннан кейін ғана қайтты.

(2-нші нөмір список)

1) **Қасым Сарымолдин** — (Бөкейлікте Қадам Сарымолдин деген бар деп естуші едік, Қадамды телеграф «Қасым» қылып бұзғанын яки Қасым Сарымолдиннің да барлығын білмейміз). Сарымолдин деген кісінің ескі өкімет заманында жұртқа пәлендей қызмет көрсеткенін естігеніміз жоқ. Қандай адам екенін жұрты білетін шығар.

2) Сәлімгерей Нұралыханов — Әбілхайырдың Нұралысының тұқымы. Қаталаспасак, Сәлімгерей университет бітірген кісі болса керек.

Бөкейлікте қазақтан басқа бөтен жұрт жоқ дерлік. Сондықтан онда жеңсе де, жеңілсе де, депутаттың барлығы да қазақтан болады.

Бұл екі списоктың жұрт қайсысына тас салады, оны өзі біледі. Халыққа пайдалы адамды сайлау керектігі көп айтылды, көп жазылды. Списоктың біреу болғаны абзал еді, амал жоқ»¹.

«Алаш» партиясы атынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жариялаумен бір мезгілде, бұл тізімді өткізуге байланысты үгіт-насихат жұмысы да басталып кеткен еді.

Мәселен, «Қазақ» газетіне міне осы іске байланысты Ақмола облыстық «Алаш» партиясы комитетінен мынадай хабар келіп түседі: «Алаш» комитеті әр уезге Учредительное собрание сайлауын халыққа түсіндіруге кісі шығарды. Бұлар Ақмола облысының 5 уезінде «Алаш» комитетін ашты. Жұрттың бәрі «Алаш» атынан шыққан депутаттарға тас саламыз, онан басқаның бізге керегі жоқ деп бата қылысып тұр»².

Семей облысындағы сайлауға дайындық барысы туралы «Сарыарқада» мынадай хабар басылды: «Құрылтай сайлауы таянған себепті ел андаусыз қалмасын деп, облостной Қазақ комитеті Павлодар, Семей һәм Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды. Семей уезіне шыққандар: Мұстақым Малдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шайхы Мұсатаев, Құрман Есенғұлов, Әшім Нұрмұхамедов; Өскеменге барып, ондағы ақсақалдар, азаматтарымен сөйлесіп, сайлау мәселесін түсіндірушілер шығару үшін Сыдық Дүйсембин кетті; Павлодарға да осы мақсатпен кеткендер Юсуфбек Аймауытов һәм Қаныш Сәтбаев»³.

Осындай мазмұндағы хабарлар жаңа құрылған түрлі ұйымдардан келіп жатты. Мәселен, Семей облысы Шыңғыс

¹ «Қазақ», 1917, №245, 247; газеттің осы жылғы 8 қараша күнгі №249 нөмірінде осы тізім екінші мәрте берілген. Оның ішінде Ақмола және Семей облыстарынан 5-нші тізім бойынша қосымша Ережеп Итбаев пен Айдархан Тұрлыбаев аталған.

² «Қазақ». 1917, №255.

³ «Сарыарқа», 1918, №19.

ауылындағы 35 мүшесі бар «Талап» ұйымы сайлауға байланысты қабылдаған қаулысында, әрбір мүшесіне «көлігі жоқ кедейлерге көлік», «шаналы түйе» ұйымдастыруды міндеттеді¹.

Депутаттыққа кандидаттарды халыққа таныстыруда, жалпы Құрылтай жиналысының атқаратын міндетін түсіндіруде «Қазақ» газетінің негізгі жүкті өз мойнына алғанын байқаймыз². Мәселен, газет 1917 жылғы 28 қазандағы санында Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы, депутаттыққа кандидат И.Жайнақовтың 16-жылғы көтеріліс сарбаздарын жазалау ісіне қатысы жөнінде құжат жариялап, пікір айтқанын жоғарыда келтіріп өттік.

«Қазақ» депутаттыққа кандидаттарды таныстыруда мейлінше әділ, объективті болуға тырысты. Мәселен, газет Бөкей ордасынан депутаттыққа кандидат Уалидхан Танашевты таныстырып, оның заңгер, Қазан университетінің түлегі, Қазанда қызмет жасап, татар жұртына ұнап, оның атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылып отырғандығын білдіріп «Елінде көп тұрмаған соң Бөкей жұрты Уалидханды жақсы білмесе ғажап емес. Уалидхан жігерлі, таза, іскер, ұлтшыл, зиялы азамат»³ деп көрсетеді.

Сайлауға дайындық барысында мынадай бір елеулі оқиға болады. Торғай облысы бойынша депутаттыққа кандидаттар тізімінде бір уезден және бір рудан шыққан көрнекті үш қазақ зиялыларының есімі аталған еді. Соған байланысты ел арасында түрлі алып-қашпа пікірлер тарайды. Мұны естіген үш кандидаттың бірі М.Дулатұлы «Қазақта» ашық хат жариялап, онда «Учредительное собрание сайлайтын депутаттар да Еуропа рәсімімен сайлануға тиіс еді. Анау арғын, мынау алшын делінбеске керек еді», бірақ ондай болмай шықты, сол үшін тізімдегі «арғынды» азайтуға һәм арғын кемісе, Торғай облысының списогі біреу болар деген мақсатпен» тізімнен шығып, тасқа

¹ «Сарыарқа», 1917, №254.

² Газеттің 245-253-сандарында «Алаш» партиясы атынан депутаттыққа кандидат адамдар туралы мәлімет берілген.

³ «Қазақ». 1917, №247.

түспейтіндігін мәлімдеп, өзін атаған жалпықазақ съезіне және басқаларға тәңір жарылқасын айтып, «өзгеміздің бәрі сай болып жалғыз депутаттыққа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса мың депутатың болсын одан пайда тағы жоқ. Депутаттықты таңсық көріп, атағына қызығып, яки бөсеке үшін баратын кісі болмасқа тиіс»¹ деп жазды.

Заман рухына сай елді ұлттық бірлікке басқа да «Алаш» басшылары шақырды. Мәселен, М.Тынышбаев «Учредительное собрание» атты мақаласында «Мен ұлы жүз, сен кіші жүз, анау орта жүз демей, мен аталының баласы, бұл кіші ауылдың баласы демей, бөсекеге түспей, жұрт жолына құрбан болатын келісті адамдарымызды сайлауымыз тиіс»² деп көрсетті.

Енді бір-екі ауыз сөз «Алаш» партиясының қарсыластары жөнінде. Құрылтай жиналысындағы депутаттық орын үшін талас қазақ облыстарында негізінен социал-революционерлер (эсер), социал-демократтар (большевиктер) және «Алаш» партиясы арасында жүрді. Бұл партиялардың халыққа ықпалы қалаларда, кәсіпорынды жерде және ауыл-селолық мекендерде әрқалай болды. Бұл арада мұндай күрделі мәселеге кең тоқталу мүмкін болмағандықтан біз аталған партиялардың қазақ жұрты арасындағы қызметіне қатысты өз тұжырымдамамызды келтірумен ғана шектелмекпіз.

Партиялық әдебиетте соңғы уақытқа дейін большевиктер партиясын Қазан төңкерісі қарсаңында бүкіл қазақ даласындағы ең ықпалды саяси күш есебінде көрсету етек алып келді. Мәселен, П.Пахмурный мен В.Григорьев өздерінің еңбектерінде: «К осени 1917 г. передовым людям казахского народа стало ясно, что ни русская, ни национальная буржуазия, ни их политические партии — кадеты и ее казахский филиал «Алаш», ни мелкобуржуазные партии и группы не хотят и не могут отстаивать интересы трудящихся. Они убедились, что единственным и

¹ Сонда. №243.

² Сонда. №223.

последовательным борцом за дело народа были только большевики и только с ними можно и нужно идти в бой»¹.

Шамамен, осындай пікірді С.Бейсембаев, Т.Елеуов және басқа зерттеушілердің еңбектерінен де кездестіруге болады². Бұл қазақ шындығын жасанды түрде ресейлік жағдайға теңеу, жақындастыру ниетінен туған баяндау әдісі еді.

Ал жергілікті жағдай, әрине, анағұрлым күрделі болатын. *Біріншіден*, 1917 жылдың екінші жартысында бүкіл қазақ облыстары көлемінде қолайсыз ауа райына байланысты ауыл шаруашылығында дағдарыс көріністері белгі бере бастайды. Сырдария, Жетісу сияқты облыстарда тіптен аштық етек алады. Бұған сол уақытқа дейінгі соғыс шығындары, саяси тұрақсыздық қосылып, қалың бұқараны әбден қансыратқан еді. Қайсыбір аудандарда жұрттың саясатқа көңіл аударарлықтай халі жоқ еді. Сол көңіл күйді айғақтайтын «Бірлік туы» газетінен алынған мынадай бір дерекке назар аударалық: «Жақында астық іздеп елден келген бір кісі басқармамызға кіріп, мына сөздерді айтты: «Шырақтарым оқығандар, осы күні ел-жұрттың халі нашар. Оның бір шеті ашаршылықтан өле бастады. Сонан соң не қылуға біле алмай, сасқанымыздан қаладағы комитеттерге келіп жүрміз. Елдің барлық үміті комитеттерде һәм оларда қызмет етіп жүрген өздеріндей оқығандарда. Біз сол үмітпен қалаға келсек сөзімізді ешкім құлағына ілмейді. Комитеттерден һәм олардағы оқығандарымыздан астық сұрасақ, олар бізге өз араларындағы жанжалдарын айтады. Біз оларға ашыққаннан мұңымызды айтсақ, олар бізге большевиктерін көрсетеді. Бізге большевиғіңнің де, меньшевиғіңнің де керегі жоқ, бізге нан керек, шай керек, қант керек. Елді керек қылсаңдар бізге соларды тауып беріндер»³.

Екіншіден, «большевиктер халыққа түсінікті тілде үгіт-насихат жүргізді, партияның ұлттық саясатын түсіндірді» деген сияқты пікірлер соншалықты дәлелді емес-тін. Бұл арада, әсіресе большевиктер партиясының қазақ жұрты

¹ Пахмурный П., Григорьев В. Октябрь в Казахстане. Алма-Ата, 1978, С. 133.

² Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. Изд. 2., Алма-Ата, 1987. С. 66; Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1961. С. 220.

³ «Бірлік туы». 1917, №16.

үшін ең негізгі мәселе — жерге байланысты нақты бағдарламалық ұсыныстары болмағанын айту қажет. Көп жағдайда қазақ қоғамына терең тамыр жая қоймаған социал-демократия өкілдерін саясат ісінде тәжірибесіз қалың бұқара ешқандай да жіктеп жатпай-ақ құнарлы жерін тартып алушы орыс переселендерімен шатыстырғандығы да таңданыс тудырмаса керек.

Қайсібір жерде социал-демократия өкілдері ұлыдержавалық пиғылдан арыла алмағандықтарын да танытты. Мәселен, 1917 жылдың жазында болып өткен Жетісу переселен шаруаларының съезі жер мәселесінде эсер партиясының тұғырнамасына көше отырып, «орыс жұртын көбірек жермен қамтамасыз ету мақсатында болашақта қырғыздарды жаппай жерге орналастыру»¹ туралы шешім қабылдайды.

Ал большевиктердің қоғамдық меншік, пролетариат диктатурасы туралы айтқан әңгімелері саяси тұрғыдан панасыз, ешқандай құқығы жоқ қарапайым халық үшін, әрине, алыс ұғымдар болатын. Оның есесіне «Алаш» партиясының переселендердің игілігіне ауысқан атамекен қыстаулар мен шабындықтарды қайтарып алу, ұлттын өз биілігін өзіне беру, дін бостандығы және сол сияқты күнделікті тіршілікке қатысты көтерген мәселелері халыққа жақын әрі ұғымды көрінгені тарихи шындық. Оны қарашаның соңы және желтоқсан айларында өткен Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны ашықтан-ашық көрсетіп берді. Сайлау нәтижесінде «Алаш» партиясының блогы сайлаушылардың Жетісу облысында 57,5, Торғай және Орал облыстарында 75,0 пайызының дауысын алды. Кейбір уездерде «Алаш» партиясының жеңісі мұнан да үлкен көрсеткіштермен сипатталды. Семей уезінде оған сайлаушылардың 85,6 пайызы қолдау көрсетті².

«Алаш» партиясының қайсыбір аудандарда социал-демократиялық ағымдардан басым түскенін тағы да мынадай көрсеткіштерден аңғаруға болады. Торғай облысы Ырғыз уезінде бірінші нөмірлі тізім бойынша түскен «Алаш» партиясы кандидаттары дауыс беру нәтижесінде — 51 351 дауыс, екінші нөмірлі тізім бойынша түскен социалист-

¹ ҚР ОММ, 19-к., 1-т., 654-іс, 35-35-об-п.

² *Спирин Л. М.* Россия. 1917 год. Из истории борьбы политических партий. М., 1987. С. 308-309, 311, 317.

революционерлер — 181 және үшінші нөмірлі тізім бойынша түскен социал-демократтар партиясы 193 дауыс алған¹.

Осындай арасалмақ Торғай уезінде де байқалды. Бірінші нөмірлі тізіммен түскен «Алаш» кандидаттары — 54 978 дауыс, екінші нөмірлі тізіммен түскен социалист-революционерлер — 110 және үшінші нөмірлі тізіммен түскен социал-демократтар партиясы — 41 дауыс алды².

Әрине, өзара салмақтың қалаларда, переселен селоларында, өнеркәсіп орындарында «Алаш» партиясының пайдасы жағында болмағаны түсінікті. Мәселен, Ақтөбе қаласында болып өткен сайлау нәтижесінде «Алаш» партиясы блогы — 300, социалист революционерлер — 638 және социал-демократтар блогы — 358 дауыс алған еді³.

Міне, бұл сандық көрсеткіштер, салыстырмалы болса да, қазақ қоғамындағы ықпал үшін өзара күреске түскен түрлі бағыттағы саяси күштердің арасалмағының көрінісі болатын. Сонымен бірге бұл кездегі қазақ қоғамындағы саяси күштердің өзара күресі мұнымен шектелмейтін. «Алаш» партиясы мен «Үш жүз» атанған саяси ұйымның арақатынасы соның айғағы болса керек.

«Алаш» және «Үш жүз». «Үш жүздің» әлеуметтік және саяси табиғаты туралы ғалымдар арасында пікір алысу әлі де болса жалғасуы мүмкін. Бұл ретте, ең алдымен, көңіл аударатын нәрсе бұл саяси ұйымның пайда болу негіздері екендігі түсінікті. Азаттық үшін қозғалыстың өрлеу шағында, ескі саяси жүйенің ыдырап, келе жатқан жаңа биліктің бет пердесі әлі толық ашылмаған әрі-сәрі өтпелі кезеңде қоғамдық қызмет орбитасына түрлі қоғамдық элементтердің келіп қосылуы, негізгі саяси күштер арасындағы егес барысында бұл келіп қосылған элементтердің белгілі бір міндет атқарып, тіптен оқиғалардың шиеленісіп даму барысында олардың бастапқы мазмұнынан айырылып мүлдем жаңа сапаға ие болуы да, белгілі дәрежеде табиғи құбылыс болса керек. Біздің пікірімізше, «Үш жүз» аталатын саяси ұйым өзінің пайда болу негізі жағынан да, әлеуметтік базасы жағынан да терең табиғи қоғамдық сұраныстан гөрі, сол тарихи

¹ «Қазақ». 1918, №258.

² Сонда. 1917, №253.

³ Сонда.

кезеңдегі саяси дүрмек ағымында, әлеуметтік саяси бағдарламасы толық қалыптасып үлгермеген, бірақ ықпалды саяси күшке айналу ниеті болған түрлі әлсіз элементтердің жиынтық көрінісі болып табылады. Бұл саяси ұйымның қалыптасқан түрлі саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырған ұстанымы осындай тұжырымға итермелейді.

Біріншіден, «Үш жүз» белгілі бір әлеуметтік топтардың азапты ізденіс нәтижесінде қалыптасқан ұйым емес. Ол 1917 жылдың соңына қарай, анығырақ айтқанда, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ қоғамынан депутаттар ұсыну сәтінде өмірге келді. Бұл кезеңде ол өзінің негізгі қарсыласы «Алашты» саяси аренадан ығыстыру үшін «түрік-татар қауымдастығына», мұсылман қозғалысына сүйенді. Партияны құрушылардың бірі М.Әйтпенов 1917 жылы 17 қарашада «Қазақ» және «Иаңы уақыт» газеттері басқармасына жолдаған жеделхатында: «Белгілі кадет Бөкейханов ашқан «Алаш» партиясының программасына қанағаттанбай қазақтар өз алдына «Үш жүз» атты социалист партиясын ашты. Партияның мақсаты федерацияны жақтау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру, Учредительное собраниеге жеке список кіргізу»¹ — деп жазды. Өз ретінде татар қайраткерлерінің бұл ұсынысты қолдай қоймағандығы түсінікті, өйткені олар ондай «қамқорлықты» өз мойнына алған партияға мұқтаж емес еді.

Екіншіден, бар болғаны жарты жылға жуық мерзім ғана саяси өмір кеңістігінде төбе көрсеткен бұл ұйымның мақсаты анық емес-тін, жарғысы болған жоқ, ал бағдарламалық мазмұндағы тезистері мынадай мағынада болды:

1. Партия тез арада империалистік соғыстың тоқтауын, сөйтіп бейбітшілік туралы келісімнің жасалуын жақтайды.

2. «Алаш автономиясының» құрылуын айыптап, оның орнына «Түрік-татар автономиясының» құрылуын жақтайды.

3. Партия кедейлерге араша түсіп, жетім-жесірге көмектеседі.

4. Қазақ шаруалары мен жатақтарына отырықшы норма бойынша жер бөлінуін талап етіп, халықты отырықшы

¹ Сонда. №251.

өмірге үндеп, мал шаруашылығын қазақ халқының болашағына төнген қауіп ретінде қарастырады.

5. Сот және билік ісінде партия қазақтардың әдет-ғұрпы мен шариғат негізінде заңдар жинағын жасауды және бұл ретте Құранның бармақ, құлақ, мұрын кесу сияқты талаптарын алып тастап, бірақ қасиетті кітаптың неке қию, отбасы, мұраға қалдыру, т.с.с. ережелерін сақтауды ұсынады.

6. Қазақ ауылдарында Земскі мекемелерін құруды, оларды мектеп ашу, қоғамда ғылыми-техникалық білімді жаюға пайдалануды қош көреді.

7. Партия мұсылман депутаттармен бір фракция құрып және эсерлер партиясымен одақта болады¹.

Газетте жарияланған бұл тезистерді бағдарлама ретінде қабылдаудың өзі де қиын еді. Олардың қайшылыққа толы екендігі байқау әрине қиынға түспейді.

Үшіншіден, «түрік-татар қауымдастығынан», мұсылман қозғалысы басшылығынан тиісті қолдау таба алмаған «Үш жүз» енді «Алаштың» шын мәніндегі қарсыласы большевиктерге қайырылған еді. 1918 жылы 21 сәуірде В.И.Ленин мен И.В.Сталин атына жолдаған жеделхатында К.Тоғысов Батыс Сібір мен Дала өлкесінде «Совет үкіметінің платформасында тұрған және онымен қол ұстасып келе жатқан» «Үш жүз» деген қазақ социал-партиясы барын» және оның «кадет Бөкейханов басқаратын буржуазиялық «Алаш» партиясына қарсы» екендігін білдіреді². Деректердің көрсетуіне қарағанда, Тоғысов бұл жіберілген жеделхаттың артын ала Сталинмен телеграф арқылы сөйлесіп, «Алашпен» күресте өздерін қолдауды өтінген.

Кеңестік платформадағы емес, ұлттық ұстанымдағы мемлекет құру ниетін ашық білдірген «Алаш» партиясымен ортақ тіл таба алмаған И.Сталинді Тоғысов ұсынысы бейтарап қалдырмаған еді. И.Сталин тез арада Ө.Жанкелдинді телефонға шақырып: «Менімен Көлбай Тоғысов сөйлесті, ол «Үш жүз» газетінің редакторы, сонымен бірге алашордашылар партиясына қарсы «Үш жүз»

¹ Елькеев Б. Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане в период установления Советской власти. Ташкент, 1975. Автореферат канд. дисс. С. 20.

² Қараңыз: 1917 год в Казахстане: Алма-Ата, 1977. С. 201.

партиясын құрушы. Осы партия бізге жақынырақ деп ойлаймын. Онымен байланысып, бұл өзі қандай партия және Тоғысовтың кім екенін білген жөн. Егер бұл партия шынымен де Алашордаға қарсы әрекет жасап, бізге жақындығын танытып отырса, онда оны өзімізге тарту керек»¹, — дейді.

Бұл арада «Үш жүз» бен кеңестік билікті тез арада өзара түсінісуге итермелеген жағдай, әрине, олардың сол уақыт ағымындағы мүдделерінің қабысуы, яғни ортақ қарсыластары Алашты әлсірету болғандығы анық. Дегенмен «Үш жүзді» қазақ бұқарасының қабылдай алмағандығын уақыттың өзі-ақ көрсетіп берді. Оны мынадай фактілерден байқаймыз.

Егер «Алаш» партиясы атынан түскен депутаттыққа кандидат кісілер облыстық қазақ және жалпықазақ съездерінің талқысынан өткен, негізінен, жалпы жұртқа танымал адамдар болса, «Үш жүз» атынан ұсынылған кандидаттар 13 адамнан тұрған тізім ондай талқыдан өтпеген, негізінен, осы ұйымды құрушылардың ұйғарымы бойынша тізімге түскен, халық білмейтін, ал аты мәлімдері бұрын жағымсыз істерімен көзге түскендер еді. Бұл жағдай көп ұзамай-ақ өз нәтижесін береді. Сайлау басталмай жатып-ақ халықтың қабылдамағанын сезген «Үш жүз» кандидаттары өз еріктерімен сайлау тізімінен шыға бастайды². Ал сайлау басталып кеткенде осы партияның атынан түскен 9 депутаттыққа кандидаттың үшеуі-ақ қалған болатын. Олардың біразы кезінде сырттай жазылған еді³. Енді сол тізімнен шыққандардың бір-екеуінің арызын келтірейік:

Ү.Қасайұлы Ақмоладан «Сарыарқа» газеті басқармасына жолдаған жеделхаты: «Газетіңізге басуыңызды өтінемін: Құрылтайға депутат болу үшін. «Үш жүз» партиясының списогі бойынша тасқа түсуге еш уақытта ризалығымды бергенім жоқ. Менің сыртымнан біреу телеграм беріпті, мен

¹ Әліби Жанкелдин. Документтер мен материалдар. Алматы, 1975. 47-48-бб.

² Өз еркімен «Үш жүз» партиясы тізімінен шыққандар: С.Аблаев, Ө.Қуанышев, Б.Әділов, Қ.Тұрсынов, Ү.Қасаев, Х.Бекқожаев. «Сарыарқа». 1918, №32; «Қазақ». 1917, №252; 1918, №259, т.б.

³ Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы, 1977, 87-б.

қырда тұрамын, қалаға 1-ғинуар алдында келіп отырмын. Үйсін Қасайұлы»¹.

Ал енді «Үш жүз» партиясы үшін сайлау нәтижесі немен аяқталды? К.Тоғысов И.Сталинмен болған сөзінде «қазақ бұқарасы» социалистік тұғырнамадағы «Үш жүздің» соңынан еріп, тілеуін тілеп отыр» деп көрсеткенімен, шындық мүлдем басқаша еді. «Үш жүздіктер» ұсынған бағдарламаны түсініп, қабылдай алмағандықтарын, ең алдымен, азын-аулақ қазақ жұмысшылары мен қала қолөнершілері көрсетті. Екібастұздағы ағылшындық капиталист иелігіндегі зауытта жұмыс жасайтын жеті жүздің үстіндегі қазақ жұмысшылары 11-нөмірлі тізіммен түскен «Үш жүз» партиясының кандидаттарына бірде-бір дауысын бермеді. Керісінше, «Алаш» партиясының 5-нөмірлі тізімімен түскен кандидаттарын 705 жұмысшы қолдап шықты. Ал Семей қаласында өткен сайлауда «Алаш» партиясы 3304 дауыс алғанда, «Үш жүз» кандидаттарына бір-ақ адам дауыс берді².

Осындай арасалмақ басқа қалалар мен уездерде де байқалды. Мәселен, Қызылжар уезінде «Алаш» кандидаттарына 26 мың 814, ал «Үш жүз» кандидаттарына 36 адам дауысын берген. Қызылжар қаласында «Алаш» кандидаттарына 486 адам, ал «Үш жүз» кандидаттарына 4 адам дауыс берген. Көкшетау уезінен «Алаш» кандидаттарына 39 мың 600, ал «Үш жүзге» 164 адам дауыс берген.

С.Сейфуллин өзінің белгілі тарихи романында «Үш жүз» партиясының әлеуметтік тірегі Омбы жатақтары болды деген пікірді айтқан³. Бұл ойды зерттеуші Б.Елкеев те қолдайды⁴. Омбыда өткен сайлау мынадай нәтиже берген еді: уезд бойынша «Алаш» партиясы кандидаттарына дауыс бергендер 16 мың 600, ал «Үш жүзге» — 300. Омбы қаласы бойынша алғашқыларға — 80, соңғыларға — 50 адам дауыс берген еді.

Ақмола қаласынан «Алаш» кандидаттарына 790, ал «Үш жүз» кандидаттарына 3 адам, Семей уезінде «Алаш»

¹ «Сарыарқа». 1918, №32.

² Сонда.

³ Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу, Алматы, 1947, 87-б.

⁴ Елкеев Б. Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане... С. 36.

кандидаттарына 57 мың 300 адам, ал «Үш жүз» кандидаттарына бір ғана адам дауысын берген¹.

Қорыта айтқанда, Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны «Үш жүз» партиясының халық арасында ешқандай да әлеуметтік тірегі болмағандығын, соған байланысты қолдау таба алмағандығын көрсетіп берді. Мұндай жағдай бұл партияның терең тамыр жаймастан көп ұзамай-ақ ыдырап, тарап кетуіне алып келген еді. Соған байланысты Ө.Жанкелдин И.Сталиннің «Алашордаға қарсы әрекет жасап» большевиктерге жақындығын танытып отырған «Үш жүз» партиясын «өзімізге тарту керек» деген тапсырмасын орындай алмаған-ды. «Сарыарқа» газеті «Үш жүз» партиясына қатысты өз пікірлерін білдірген Семей уезі тұрғындарының хатын жариялайды. Онда «Үш жүз» партиясы анық содырлы, сойқанды жүзі-қаралар партиясы, бұл жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану Алаш балаларына борыш. Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы аз емес, енді «Үш жүздің» қуларына айтарымыз: «Елімізді ірітпендер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес. Ел де естіп біледі, сендердің соңдарыңнан еріп, жарға қамалып жығылмайды. Халықты әуре қылмай, өлген мұжықтың қойынында қалаң табылатын болса, соны іздеп қараңдар!

Біз Алаш партиясының соңынан ереміз, анық көш басшыларымыз сонда!

Семей уезінің Земство мүшелері: Ахмеджан Андамасов, Сыдық Дүйсембин, Көкбай Жанатаев, т.б.²

Сонымен, Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау үдерісі «Алаш» партиясының аз уақыт ішінде халық арасында елеулі беделге ие болғанын көрсетіп берді. Оның сыры, біздің пікірімізше, мынадай жағдайларға байланысты болатын: *біріншіден*, «Алаш» партиясының саяси дербестік, жер туралы және басқа көтерген мәселелері халыққа түсінікті, оның түпкілікті мүдделеріне сай келетін еді. *Екіншіден*, ХХ ғасырдың басынан бергі уақытта ұлттық жаңғыру дәуірін басынан кешірген қазақ елі Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау шарасын өзінің аяқ асты

¹ «Сарыарқа». 1918, №32; *Спирин Л.М.* Россия. 1917 год. С. 312.

² «Сарыарқа». 1917, №26.

болып келген ұлттық мүддесін білдіру мүмкіншілігі деп қабылдады. Құрылтай жиналысына депутат сайлау қазақ елінің тарихындағы тұңғыш еркін сайлау болатын. Ал «Алаш» партиясы ұсынған кандидаттардың басым көпшілігі бұл уақытта өзінің ұлт мүддесі үшін қоғамдық күресімен танымал болған қайраткерлер еді.

Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау «Алаш» партиясы үшін алғашқы үлкен сын болатын. Бұл сында ол жеңіске жетті. Сонымен бірге бұл — құлдықтың құрсауынан құтылу жолында алғашқы саналы қадамын жасаған қазақ елінің де жеңісі болатын. «Алаш» партиясы өзінің саяси қызметімен Ресей империясы құрамында пашыранды күй кешіп, феодалдық мешеуліктің құрбаны болуға айналған еліне өзінің ортақ ұлттық мүддесін түсінуге көмектесті.

М.Дулатұлы 1929 жылы қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «Алаш» партиясының ұлт-азаттық тарихында алатын орнына байланысты мынадай аса маңызды ой айтты: «...қазақ өмірінде, қазақ халқының ұлтшылдық, төңкерісшілдік тарихында «Алаш» партиясының рөлінен Алашорданікі артық болды, «Алаш» партиясынан Алашорданың ықпалы, маңызы игілірек (популярнее) болды, «Алаш» партиясы ұмытылғандай, тек Алашорда ғана жасағандай болған. Оның мәнісі мынау еді. Қазақтың өз алдына ұлт партиясын жасау пікірі 1917 жылы жаз аяғында туған. Сол жылғы күзгі айлардың бірінде Орынборда тұрған қазақ зиялылары «Алаш» партиясын жасауға ұйғарып, програм жобасын (проект программы) жасадық... Партия програмының жобасын газет жүзінде көргендер, соған тілектес болып мақұлдағандар өздерін «Алаш» партиясының мүшесі есептеді, оған қарсы болғандар да оны партия деп санады. Өйтпесе партия ұйымы болып отырып, партия атынан жөн-жосық (директивы) беріп отырған жоқ, тек жалпы ресейлік Құрылтай сайлауы ғана «Алаш» партиясы ұранымен өткізілді, «Алаш» партиясының тізімдері болды. «Алаш» партиясы атынан мұнан басқа істелген нәрсе болмады. «Алаш» партиясы екінші дәрежеде қалып, Алашорда әйгілі болып кету себебі осы»¹.

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 6-т., 42-об-п.

Бұл арада белгілі қайраткердің «Алаш» партиясының тарихи рөліне баға беруде орынды қарапайымдылық танытқаны да, сонымен бірге тиісті сақтық, абайлық көрсеткені де рас. «Алаш» партиясының қоғамдық қызметі, әрине, Құрылтай жиналысына байланысты шарамен шектелмейтіндігі түсінікті. Сонымен бірге партия мүшелері әрбір күні ғасырға татырлық 17-жылы қазақ халқы арасында, қазақ зиялылары ішінде, ең алдымен, шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде жетекші рөл атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында берілді. Бұл бір. Екіншіден, партияның ұйытқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен ІІ жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) дайындап өткізді. Осы съезде Алашорда — ұлттық Кеңес үкіметі өмірге келгені мәлім. Оның мүшелері түгелдей дерлік өздерін «Алаш» партиясының мүшесі санағаны күмән тудырмаса керек. Міне, бұл айтылғандар қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасып, даму барысында «Алаш» партиясының алатын орнын жетерліктей көрсете алады деп ойлаймыз.

Сонымен бірге М.Дулатұлының 1917 жылғы желтоқсанда болып өткен ІІ жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі құрылған соң, «Алаш» партиясы екінші дәрежеде қалып қойды деген пікірінде де тарихи шындықтың табы бар екені даусыз. Келесі бөлімдегі өңгіме енді осы Алашорда үкіметінің өмірге келуі жөнінде.

ІІ (ЖЕЛТОҚСАН) ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗІ. АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Кеңестік тарихтану «Алаш» партиясы сияқты Алашорда үкіметінің де пайда болу себептерін тек қазақ «буржуазиялық-ұлтшыл» зиялыларының Кеңес өкіметі мен болшевиктер партиясы қызметіне қарсы бағытталған әрекетімен байланыстырып, мемлекеттік биліктің белгілі бір таптың белсенді саяси қызметі нәтижесінде ғана емес, сонымен бірге отарлық езгіге қарсы күрес барысында, ұлттық өмір сұранысын негізге алып өмірге келуі мүмкін екендігін, сөйтіп белгілі бір кезеңге дейін ұлттық тұтастық

пен жалпыұлттық мүддеге қызмет ете алатындығын есепке алмады.

Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай Уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ұлт өміріне қатысты ең өзекті мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. Қазақ облыстарында асқынған жер мәселесін шешуге бағытталған әрекеттің болмауы, атты казак әскері, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі соның айғағы болатын.

Бүкіл империяны қамтыған саяси дағдарысты экономикалық құлдырау күшейте түсті. 1917 жылғы құрғақшылық нәтижесінде жылдың соңына қарай аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны Әулиеата уезінде — 44 307, Ақмешіт уезінде — 24 810, Түркістанда — 12 296, Шымкент уезінде — 33 618, Қостанай және Ақтөбе уездерінде — 62 275 еді. Тек Жетісу облысының Алматы уезінде ғана ашығушылардың саны 220 мың адамға жетті¹.

Қазан және қараша айларына қарай аштық жайлаған Сырдария облысынан Ақтөбе, Орынбор жаққа аш босқындар ағыла бастайды. Сондай жағдайдан хабар беріп Ақбұлақ станциясының тұрғыны Ғ.Мұртазаұлы «Қазақ» газетіне былай деп жазады: «Осы күні Ақтөбе темір жолы бойы Түркістан жағынан аштықтан шұбырып босқан қазаққа толып барады. Басқа жердегілерінің халі қандай екенін білмеймін, біздің Ақбұлақ станциясына келгендері кісі аярлық...»².

Сонымен, Ақпан революциясынан кейінгі уақытта бір жағынан, ұлт-азаттық күрес жаңа тыныс алып, елдің өз бостандығы үшін пәрменді әрекеттерге көшуге ынтасы анық байқалса, екінші жағынан, керісінше, отаршыл күштер (атты казак әскері) мен оның жергілікті сүйеніш-тіректері (переселендер, соғыстан қайтқан солдаттар) ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншуға даяр екендіктерін ашық

¹ *Елеуов Т.* Установление и упрочение советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1961. С. 226.

² «Қазақ», 1917, №249.

танытты. Елдегі осындай жағдайдан хабар беріп «Қазақ» газеті қарашадағы сандарының бірінде мынадай мағынадағы жеделхатты жариялайды: «Октябрь басынан бері Пішпектегі қазақ, қырғыз, сарт халықтарының тынышы кетіп тұр. Солдаттар, солдат қатындары, тағы да кім екені белгісіздер күндіз-түні демей ұрлап, талап, ұрып-соғып қатты жәбір беріп тұр. Теңдік заман туды десек те, біздің Жетісу ескі зорлықтан құтыла алмай тұр»¹.

Қазақ қоғамы үшін, әсіресе, «кімде-кім бізді қолдамаса, ол — жау» деп ұран тастаған казак атты әскері қауіпті күш еді. Ол жөнінде сол кездегі тарихи оқиғалардың куәгері А.Кенжин: «Контрреволюциялық пиғылдағы орыс-казак әскерінің қоршауында қалған Қазақстан өзін қалай да бейтарап ұстай алмайтын еді. Ондай бейтараптықта болу үшін Қазақстанның басқаларды өзімен есептесуге мәжбүр етерлік айтарлықтай салмағы (қарулы әскері) болуы керек еді»² деп жазды.

Міне, осындай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің қойылуы, толық негізді болатын. Тура осы ойды білдіріп «Қазақ» газеті «Ел қорғау» деген бас мақаласында: «Ел қорғау екі түрлі: халықтың құқын қорғау бар, мал-мүлкін, жер-суын қорғау бар. Қазақ орысқа қарамай тұрған шағында ел басына дау келсе, халық құқығын қорғайтын билері болған, елге тиер жау болса, халықтың мал-мүлкін, жер-суын қорғайтын батырларына ерген азаматтары болған. Ресей қол астына кіріп, қолтығына тығылып, паналағаннан кейін біздің құқық, мал-мүлік, жер-суымызға, Ресейдің өзі болмаса, басқалар батып тие алған жоқ... Қазір бізге басынды, мал-мүлкін, жер-суыңды қорғама деп тыятын да Ресей жоқ, пана болып қорғарлық та Ресей жоқ» деп көрсетіп, одан әрі «Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойлап, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы... Ресейге паналамаған кезде қазақ едің: өлер ме едің, яки өлмес қамыңды істер ме едің? Өлмес қамыңды істер болсаң, істейтін шақ міне туды»³, — деп жазды. Бүкіл империя көлемін қамтыған саяси

¹ Сонда.

² Кенжин А. К исторической оценке деятельности «Алаш-Орды». «Степная правда». 1922, 14 ноября, №247.

³ «Қазақ», 1917, №252.

тұрақсыздық жағдайында сол тұстағы Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісін бес адамнан тұрған комиссия өз мойнына алады. Олар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сағындық Досжанов, Елдес Омаров болатын¹. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеумен қайырылып, елде қалыптасқан саяси жағдайды талқылау мақсатында өткізілмек кезекті жалпықазақ съезіне шақыру жеделхаттарын жолдайды².

«Алаш ұлы қазақ пен ардақты қырғыз ағайынға!» деп аталатын бұл үндеуде олар елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты 5 желтоқсанда Орынбор қаласында «қазақ-қырғыз болып бас қосатын бір жалпы съезд өткізіп, онда «анархиядан өзін қорғау үшін» қазақ пен қырғызға әскер жасақтау туралы шешім қабылдау керектігі айтылады. Ал газеттің 26 қараша күнгі санында бұл мәселеге қосымша съезде негізгі тақырып ретінде Ұлт Кеңесін құру туралы мәселені де қарау ұсынылады.

Бұл іс жүзінде қазақ облыстарында саяси билікті өз қолына ала алатын мемлекеттік құрылым туралы мәселені ашық қою болатын. «Қазақ» аталмыш материалдарда ұлттық әскер мен үкімет құрудың қажеттігін жан-жақты дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды ұйымдастырудың нақты жолдарын да белгілеп, аталған мәселелерді съезде талқылап белгілі бір нақты тұжырымдарға келуге үндеді.

Мәселен, «Ұлт Кеңесін» құру қажеттігі жөнінде газеттің пікірі мынаған саяды: «Ресей іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біреу өлмес қамын қылып жатыр, біреу бермес қамын қылып жатыр, біреу осы лайсаң бүліншілікке кірмес қамын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп қам қылмай қарап отыра алмаймыз. Мұндай лайсаң заманда

¹ Кейіннен бұл кісілерге А.Бірімжанов, Ж.Жәнібеков, Ф.Ғалымжанов, К.Арынғазиев, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов қосылады. «Қазақ». 1917, №250.

² Сонда.

закон жоқ. Жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші, мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші, осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етерге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы»¹.

Ал жаңадан құрылмақ үкіметтің атқаратын міндеті мынадай деп анықталды: «5 миллион халықпыз, өзімізді қорғайтын күш өзімізден табылады. Сол күшті реттеп жасайтын кеңес орындар керек. Барша қазақ бірігіп, әуелі «Ұлт Кеңесі» деген орын жасау керек. Мемлекет ісі күн сайын құбылып, түрлі күйге түсіп тұрған шақта, қазақ-қырғыз бас қосып ылайым съезд жасап отыру мүмкін емес. Қазақ-қырғыз атынан басқа жұрттармен сөйлесетін, қазақ-қырғыз жұртына деген жұмысты ақылдасып атқарып отыратын жоғарыда айтқандай «Ұлт Кеңесі» болу керек. Ол Ұлт Кеңесінің әр облыста бөлімі боларға керек. «Ұлт Кеңесіне» халық сенімді адамдарын сайлап, іс жүргізбек»².

Сонымен, 1917 жылдың қарашасында «Алаш» басшыларының ұлттық мемлекет құру ісіне біржола бет бұрғанын, оны алдымен «Ұлт Кеңесі» аталатын үкімет пен ұлттық әскер құрудан бастауға тоқтағанын байқаймыз. Сондай-ақ бүкіл империя көлемін қамтыған «лайсаң шақта» ұлттық мемлекет құру мәселесін қолға алған жалғыз қазақ елі ғана емес-тін. Қазан төңкерісі империяның ыдырау үдерісін одан әрі тереңдете түсті. Кеше ғана автономиялық еркіндік жөнінде ойлауға мұршасы болмаған халықтар енді өз бостандығын талап ете бастайды. Ресей өкіметі революциядан кейінгі алғашқы күндері-ақ Польша мен Финляндияның тәуелсіздігін мойындады. Бұдан бұрын, яғни 13 маусымда Украинаның Орталық Радасы Украина халық республикасының құрылғанын жариялады. Желтоқсанның 17-нен 18-іне қараған түні Белоруссияның ұлттық съезі Белоруссия тәуелсіздігін мәлімдеді. 1917 жылы 22 сәуірде өмірге Закавказье сеймінде өз тәуелсіздігін мәлімдеген Закавказье Федеративтік Республикасы келді. Осы жылғы желтоқсанда Финляндияның артын ала Литва

¹ «Қазақ», 1917, №252.

² Сонда.

мен Латвия, ал 1918 жылдың ақпанында Эстония өз тәуелсіздігін жариялады.

Ресей империясының еуропалық бөлігіндегі бұл өзгерістердің қазақ қоғамының да саяси жағдайына ықпалы болғаны сөзсіз. Дегенмен оның өміріндегі өзгерістер іргелес Түркістан, Сібір аймақтарындағы саяси оқиғалармен тығыз байланыста жүрді. Сондай-ақ нақ осы тарихи сәтте метрополияның ғасырлар бойы қазақ елінің мемлекеттік-территориялық тұтастығына қарсы еппен, мақсатты түрде жасап келген әрекеті «өз жемісін» берді... Ұлттық мемлекет құру міндетін мойнына алған қазақ саясаткерлері алдына Орынбор, Түркістан және Батыс Сібір губерниялары құрамындағы қазақ жерлері мен қауымдарын жинау сияқты күрделі мәселе көлденең тартылды. Қазан, қараша айларында болып өткен оқиғалар соны анық көрсетіп берді.

8—15 қазанда Том қаласында Сібір автономиясын құру шараларын талқылаған Жалпы Сібір съезі болып өтті. Оған Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстары мен Бөкей ордасынан 9 өкіл қатынасып, олар қазақ қоғамының Сібір автономиясы құрамына уақытша енетіндігін мәлімдейді¹. Съезд бекіткен Экономикалық Кеңес, Негізгі Заңды дайындайтын комитет құрамына Қазақ өкілдері де енеді. Съезд Сібір Кеңесін сайлап, оның құрамына облыстардан Х.Ғаббасов, Е.Итбаев, С.Досжанов, ал жалпы қазақ жұртының атынан Ө.Бөкейханов пен М.Тынышбаев енеді. Бұлардың бәрі де Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ елі атынан сайланған депутаттар еді. Ал осы Сібір автономиясы құрамына ену туралы шешім қабылдауда көзделген мақсат жөнінде қазақ делегациясының басшысы Ө.Бөкейханов мынадай түсінік берді: «Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалғап зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінелік деп»². Бірақ көп ұзамай өмірге келген оқиғалар тасқыны бұл ойдың іске асуына жол бермейтін тосқауыл қойды.

¹ П.Пахмурный мен В.Григорьев «Октябрь в Казахстане» атты еңбектерінде бұл съезге 4 қазақ өкілі қатысты деп көрсетеді. Бұл тура көрсету емес. Ө.Бөкейханов осы съезден соң жазған есебінде 9 адамды атайды. «Қазақ». 1917, №251.

² «Қазақ». 1917, №251.

Осы жылғы 22 қарашада Ташкентте Түркістан жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңестерінің ІІІ съезі өз жұмысын аяқтайды. Съезд кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің соның қолына өтетіндігін мәлімдейді¹. Бірақ бұл өкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарының өкілі болған жоқ. Араға төрт күн салып, 26 қарашада Қоқан қаласында мұсылмандардың төтенше ІV съезі ашылды. Съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы (Түркістан мұхтариат) деп жариялап, Түркістан Құрылтайын шақырғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігін мәлімдейді².

Іргелес аймақтарда қалыптасқан осындай жағдайды есепке ала тұрып, «Алаш» партиясының басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады деген тұжырымға келеді. Қазақ зиялылары мұндай қорытынды жасай отырып, қазақ қоғамының толық қолдауынан үміттенгендігі де анық. Оған жоғарыда баяндалған Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау тұсында қазақ қоғамында байқалған көңіл күй де негіз болған еді.

Сөйтіп, Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ-қырғыз съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған барлық қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан — барлығы 82 өкіл қатысты.

Соңғы жылдарға дейін жарық көрген еңбектерде Алашорда үкіметін құру туралы шешім қабылдаған желтоқсандағы жалпы қазақ-қырғыз съезінің әлеуметтік құрамы туралы шындыққа жанаспайтын пікірлер айтылып келді. Мәселеге тар таптық-партиялық тұрғыдан келген авторлар съезд құрамынан тек байлар мен ауқатты

¹ Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. Т. 1. Ташкент, 1963. С. 578.

² Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). М., 1921. С. 71.

топтардың өкілдерін ғана көріп, бұл съезд қазақ байлары мен буржуазиясының, буржуазиялық зиялылардың съезі болды дегенді айтты. Съезд делегаттары құрамын талдай отырып, бұл пікірдің тым бір жақты қарабайыр екендігін байқау қиын емес. Делегаттардың үлкен бөлігі ел ішінде тек ісімен ғана беделге ие болған ауыл ақсақалдары мен ұлт зиялыларының сол тұстағы ең белсенді өкілдерінен тұрды. Бұл екі топтың белсенді әрекетінсіз съездің күн тәртібіне қойылған мәселелерді тиесілі дәрежеде талқылап, белгілі бір шешімдерге келу, әрине, мүмкін емес-тін.

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: «1. Сібір, Түркістан автономиясы һәм юго-восточный союз туралы. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы. 3. Милиция. 4. Ұлт Кеңесі. 5. Оқу мәселесі. 6. Ұлт қазынасы. 7. Муфтилік мәселесі. 8. Народный сот. 9. Аулный управление. 10. Азық-түлік мәселесі»¹.

Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді. Съезд бұл мәселе бойынша Ө.Бөкейхановтың баяндамасын тыңдап, талқылаған соң қазақ автономиясы, милиция және ұлт кеңесін құру істері бойынша бес кісіден тұрған комиссия сайлап, соңынан осы комиссия атынан баяндаған Халел Ғаббасовтың сөзін негізге ала отырып, арнайы қарар қабылдады. Қарарда мынадай тұжырымдар айтылады: «Октябрь аяғында Уақытша үкімет түскенін, Ресей мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді үкіметтің жоқтығын, өкімшілік жоқ болған соң халық арасы бұзылып пышақтасып кететіндігін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың халі нашарлауын һәм бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына келуі ықтималын ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін өкімет керектігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қылды:

І. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы һәм Өмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға.

¹ «Қазақ», 1917, №256.

II. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын»¹.

Съезд делегаттары қазақ автономиясын құру қажеттігін бір ауыздан қолдағанымен, бірақ оны жария ету мерзіміне келгенде бөлініп кетті. Делегаттардың біразы қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етелік деді. Ал екінші бөлігі автономияның құрылғанын ресми жария етуді Алашордаға тапсыралық, өзі қажет деп тапқан уақытта жарияласын деді.

Айтыс бірнеше күнге созылды. Ең соңында бұл мәселені шешу үшін дауыс беруші өкілдердің аттары аталып, тас салынды. Бірінші бағытты қолдап 33 өкіл, ал екінші ұсынысты жақтап 42 өкіл дауыс берді. Бірақ дау мұнымен де аяқталмады. Азшылықта қалған өкілдер көпшілік қолдаған пікірге тоқтамастан, егер автономия съезде ресми түрде жария етілмесе, онда өздері өкілдік етіп отырған облыстардың Түркістан автономиясы құрамына қосылатындығын мәлімдеді.

Съездегі дискуссия барысында мұндай ұстанымда болған топтың іс жүзінде көпшілік дауыс берген шешімде қалғандығын уақыт көрсетіп берген еді. Ол жөнінде келесі бөлімде баяндалады. Бұл арада қазақ автономиясын жариялауды кейінге қалдыруды жақтаған Ө.Бөкейханов бастаған топ қандай пікірге сүйенген еді, соған қысқаша тоқталу қажет.

Ө.Бөкейханов пен оны қолдаушы топ, ең алдымен, ешқандай да дайындықсыз автономия жариялай қалған күнде іштегі қарулы қарашекпенділер мен төңіректі қоршаған казак атты әскерінің наразылығына қалып, қарусыз қазақ жұртын қырып алудан қауіптенді. Өйткені атты казак әскерін ғана емес, сондай-ақ переселен шаруаларды да үнемі қаруландырып, сол арқылы жергілікті халықтың наразылығы мен қарулы ереуіліне даяр болу саясатын патшалық өкімшілік әруақта астыртын жүргізіп отырғандығынан қазақ саяси тобы хабардар еді. Сондықтан да бұл топ автономияны иглан етерден бұрын Түркістан қазақтарының келісімін алумен бірге, ұлттық әскер құрып, сонымен бір мезгілде іштегі өзге халықтармен келісім жүргізіп, оларды жаңа жағдайға даярлауды мақұл көрді. Бұл сөзсіз өмір талабынан туған астарлы, көрегендік

¹ Сонда.

саясат болатын. Қазақстан жағдайында, автономия алудың қиындықтарына тоқталып Ә.Бөкейханов былай деп көрсетті: «Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуге қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес; көпсе ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді»¹.

Басқаша айтқанда, ұлттық мемлекеттікті жаңғырту ісіне байланысты бұл қарап отырған мезгілде қазақ қоғамында қалыптасқан жағдай мынаны аңғартты. Орыс мемлекетінің XIX және XX ғасырдың бас кезінде жүргізген мақсатты переселен саясаты нәтижесінде қазақ жерінде бұрынғы уақытпен салыстырғанда мүлдем жаңа ахуал қалыптасқан еді. Қазақ жеріне келіп қоныстанған орыс переселен тұрғындары елеулі саяси-әлеуметтік күшке айналып үлгерген болатын. Соған байланысты ендігі уақытта бұл жағдайды есепке алмайынша түрлі қоғамдық мәселелерді шешуді қолға алу қиынға соға бастаған еді.

Осы жағдайды ескеруге мәжбүр болған съезд белгілі дәрежеде жаңа құрылған өкіметтің ұлтаралық саясаттағы негізгі бағыттарын да белгілеп берді. Оның қаулысында былай деп көрсетілді: «V. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген елдердің бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Бұл жай белгілі бір арзан мақсаттарды көздеген саяси мәлімдеме емес-тін. Оны мынадай фактіден байқауға болады. Съезде құрылған Ұлт Кеңесі — Алашорда үкіметіндегі 25 орынның 10 орны қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды»².

¹ Сонда. №251.

² Сонда. №256; ҚР ОММ, 17-к., 1-т., 1-іс, 1-4-п.

Съезд Алашорда үкіметіне тез арада Алаш автономиясының құрылтайын шақыруды міндеттеп, онда Алашорда автономиясы низамын қарап бекітуді, ұлт қазынасын ұйымдастыруды, сол мақсатта қарыз ақша алуды ұсынды. Сондай-ақ съезде қаралған үлкен мәселелердің бірі — халық милициясын, яғни ұлттық әскер құру еді. Съезд қарарында: «осы күні мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қарбалас, талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін... ешбір тоқтаусыз милиция түзуге кірісу» қажеттігін айтып, нақты шаралар белгілеп, оны бекітті.

Жалпықазақ-қырғыз съезі «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деді. Жаңа құрылған өкіметтің құрамына мына кісілер енді: 1) бұрынғы Бөкей ордасынан — Уәлидхан Танашев, 2) Орал облысынан — Халел Досмұхамедұлы, 3) Ақмола облысынан — Айдархан Тұрлыбаев, 4) Торғай облысынан — Ахмет Бірімжанов, 5) Семей облысынан — Халел Ғаббасов, 6) Жетісу облысынан — Садық Аманжолов, 7) Сырдария облысынан — Мұстафа Шоқай.

Облыстардан тысқары: 8) Әлихан Бөкейхан, 9) Жаһанша Досмұхамедұлы, 10) Әлімхан Ермеқұлы, 11) Мұхаметжан Тынышбайұлы, 12) Бақтыгерей Құлманұлы, 13) Жақып Ақбайұлы, 14) Базарбай Мәметұлы, 15) Отыншы Әлжанұлы.

Бұл аталған Ұлт Кеңесі мүшелеріне орынбасарлыққа мына кісілер сайланды: Ғайса Қашқынбайұлы, Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Ережеп Итбайұлы, Сатылған Сабатайұлы, Есенғали Қасаболатұлы, Батырқайыр Ниязұлы, Мұқыш Боштайұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сәлімгерей Нұралыханұлы, Ғұмар Алмасұлы, Сейдәзім Қадірбайұлы, Асфандияр Кенжеұлы, штабс-капитан Нияз Бекімұлы, Есен Тұрмұхамедұлы, Жәнек Солтонайұлы (Жетісу облысы қырғыздарынан).

Бұдан кейін съезд демократиялық негізде Алашорда — Халық Кеңесі Төрағасын сайлады. Бұл қызметке үш адамның кандидатурасы ұсынылды. Олар Әлихан Бөкейхан, Бақтыгерей Құлманұлы және Айдархан Тұрлыбаев еді. Жабық дауыс беру нәтижесінде Ә.Бөкейхан — 40, Б.Құлманов — 19 және А.Тұрлыбаев — 20 дауыс алды.

Сөйтіп, көпшілік дауыспен Алашорда — Ұлт Кеңесінің Төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды¹.

Сонымен, съезд орталық билік — Ұлт Кеңесі — Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын құру ісіне жете көңіл аударды. Мемлекеттік жүйе алдымен осы мәселелерді шешуден басталатындығы түсінікті. Бірақ, сонымен бірге съезде ең негізгі мәселе ретінде оқу-ағарту ісінің де қаралғандығын айтпасақ, онда съездің саяси маңызы мен көздеген мақсатын толық түсіне алмаған болар едік. Съезд бұл мәселе бойынша Міржақып Дулатұлының баяндамасын тыңдап және талқылап, ол бойынша арнайы қаулы қабылдап, бес адамнан тұрған комиссия құрды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл комиссияның құрамына Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Бидахмет Сәрсенұлы және Телжан Шонанұлы сияқты кейіннен бұл салада сіңірген еңбегімен елге аты кең мәлім болған адамдар енді. Съезд комиссияға қазақ-қырғыз елінде оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасап, талқыға ұсынуды, сондай-ақ тез арада қазақ мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындауды және жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыруды жүктеді. Сөйтіп съезд оқу-ағарту ісі бойынша қабылдаған шешімдері арқылы бұл мәселеге аса зор көңіл аударып отырғандығын білдірді.

Тоғыз күнге созылған Жалпықазақ-қырғыз съезінің басқа да мәселелерді қарап, олар бойынша қаулы қабылдағаны белгілі. Дегенмен оның ерекше назар аударған мәселелері осылар еді. Бұл арада оқырманның көңілінде съезд неге жер мәселесін қарамады деген сауалдың ұялауы әбден мүмкін. Съезд ұйымдастырушылардың бұл мәселенің ең негізгі және зәру мәселе екендігін білгендігі сөзсіз. Бірақ олар сондай қарбалас кезеңде мұндай даулы мәселені съездің күн тәртібіне қойып, көрші жұрттың, сыртқы күштің үлкен наразылығына қалуды жөн көрмеді. Дегенмен, Алашорда үкіметінің бұл саладағы ұстанған бағытын анықтау қиын емес. Ол жөнінде І жалпықазақ съезі қарарларында, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында, өкіметтің төрағасы Ә.Бөкейхановтың мақалалары мен сөйлеген сөздерінде бүкпесіз ашық айтылды.

¹ Сонда.

Әрине, мұндай үлкен міндеттерді іске асыру өз қызметінде бес миллионнан астам қазақ елінің, екі миллионға жуық басқа халықтардың талап-тілегін, өмір салты ерекшеліктерін ескерген өкіметтің ғана қолынан келетіндігін Алашорда басшылары тура түсінді. Мәселен, Ө.Бөкейхановтың пікірі бойынша, Ресей — көп ұлтты, үлкен мемлекет. Оның құрамындағы әрбір ұлттың төл тарихынан, күнделікті тіршілігінен туындап жатқан өз ерекшеліктері бар. Ал сол халықтарды тек бір ортадан және жеке бір халық өкілдерінің басқарамын деуі сөзсіз қателікке ұрындырмай қоймас еді. Демек, жаңа өкімет бұл халықтардың еркіндікке деген табиғи құқығын мойындауы керек. Әрбір халықтың өмір сүру тәртібін сол халықтың өзі сайлаған ұлттық кеңесі ғана анықтай алады¹.

1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының күшпен таратылуы «Алаш» автономиясын құру мүмкіншілігін мүлдем тарылта түсті. Сондай-ақ бұл оқиға жаңа билік үшін ұлт мәселесі жалпыдемократиялық негізде шешілуге тиіс дербес саяси мәселе емес, пролетариат диктатурасы аталатын биліктің қалауы бойынша шешілетін екінші кезектегі мәселе екендігін көрсетіп берді. Бүкілресейлік Құрылтайдың таратылуы қазақ қоғамының (тек оның ғана емес) 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі уақытта өзінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін біртұтас ұлттық-демократиялық даму жолына түсу үмітіне шек қойып, Қазақстанның бұдан былай да орталық биліктің дөңгелегіне мықтап байлаулы күйінде қалғандығын көрсетті.

Құрылтай жиналысының таратылуына Алашорда үкіметінің қатынасын оның төрағасы Ө.Бөкейханов былайша білдірді: «5 қаңтарда Ресей құрылтайы жиылды һәм большевик күшімен қуылды... 1905 жылы 9 қаңтарда астанадағы неше мың жұмысшы бостандық бер деп Николайға барған. Николай бұларға пулемет бостандығын көрсеткен еді. Большевик Николайдың аяғын құшты. Николайдың да, мұның емшектес інісі большевиктің де пулеметтеп жатқаны жалпы жұрт, екеуінің де сүйенгені қараңғы солдат.

¹ «Ер Сайын». Жыршылар айтуынан алып өңдеп өткеруші Байтұрсынұлы Ахмет. М., 1923, 86—91-бб.

Құрылтай алдымен жұртқа беделді өкімет сайламақ еді. Құрылтай сүйенген күшті өкімет босаған тізгінді жиып ап тежеп ұстап, тентек бастықты тыйып, жұртқа пайдалы тәртіп шығарып, елді билемек еді. Құрылтай өзі Ресей мемлекетіне негізгі закон шығарып, мемлекет көшін түзете, жұртқа пайдалы бітім қылып, жақсы сапарға жұрт тілегін тартпақ еді.

Бұл мақсаттың бәрі 5 қаңтардағы пулемет оғымен құйын соққан күлдей ұшты...»¹.

Жалпы, алаш зиялылары арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан-ақ қолдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан емес, тіптен Ресейдің өзіне де азапты болашақ әкелетін бағыт болатын. Алаш қайраткерлері, ең алдымен, большевиктер бағдарламасындағы қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Өйткені олардың ойынша, қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін емес-тін, тіптен ондай әрекет, *біріншіден*, оны қабылдауға мүлдем даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасында түсінбеушілік туғызса, *екіншіден*, әлеуметтік теңдік орнатудан бұрын, әлеуметтік апатқа апаруы толық мүмкін еді. Дәстүрлі шаруашылық түрінің бұзылуы, қазақ шаруаларының, жалпы қоғамның қоғамдық меншікке негізделген шаруашылық жүргізуге қай жағынан болса да даярлығының жоқтығы осындай нәтиже бермей қоймайды деп түсінді.

Алаштық зиялылар большевиктердің тап күресі туралы теориясын да қолдамады. Олардың түсінігі бойынша, қазақ қоғамы ішкі Ресейдегі таптық жіктелу деңгейінен алыс жатты. Ал отарлық езгіге қарсы күрес кезеңінде қазақ жұртына қандай да болсын жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдделер төңірегінде бірігу ауадай қажет көрінді. Жіктелу, керісінше, ұлтты әлсіретіп, негізгі қоғамдық мәселелерді шешуге зиянды болады деп түсінді.

Бүкілресейлік Құрылтай таратылғаннан кейін, сол арқылы ұлттық автономия алудан үміттенген Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Егер «Алаш» партиясына біріккен ұлт зиялылары большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат

¹ «Қазақ». 1918, №260.

өлеуметтік тәжірибені зорлап таңушы, қазақ жұрты ішінде іріткі тудырушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін жанұшыра қорғайтын контрреволюциялық күш есебінде қарады. Мәселен, төртінші армияның қолбасшысы М.В.Фрунзе қазақ халқына үндеуінде: «Поднимайтесь же, товарищи, устраивайте Советы по волостям, аулам и уездам. Сбросьте скорее буржуев — Досмухамедовых, возьмите власть в руки самих трудящихся. Действуйте смело и решительно, не как рабы, а как вольные люди. Знайте, что помощь вам уже подошла»¹ деп қазақ бұқарасының таптық сезіміне тие отырып, оны ұлттық мемлекет туын көтерген Алаш қозғалысына қарсы қойды.

Өз ретінде большевиктердің қазақ қоғамын таптық жіктеу кезінде саясатына «Алаш» партиясы ұлттық тұтастық, бірлік саясатын қарсы қойды. Мәселен, Ө.Бөкейханов: «Біз қарап отырсақ қосақ арасында бос кетеміз. Қазақ жұрты болып бас қамын қылмасақ болатын емес. Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді. Алаштың баласы, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200 жылда, басыңа бір қиын іс келді. Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздықты, дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!»², — деп жазды.

«...Ресей мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол!»³ деп, бостандыққа апаратын жалғыз жол — ұлттық ынтымақ қана деп түсіндіруге көп күш салды.

«Алаш» қайраткерлерінің ұлттық тұтастыққа ұмтылысы, әсіресе Қоқан автономиясына қатынасынан айқын көрінді. Басқаша айтқанда, Алашорда үкіметі құрылған бетте Түркістан өлкесі құрамындағы қазақ жұртымен бірігу жолдарын қарастыруға кірісті. Алашорда басшылары жаңа құрылғалы тұрған қазақ мемлекетінің тағдыры оны барлық қазақ жұртының қолдауына тәуелді — екендігін өз дәрежесінде тура түсіне білді. Ал осы үдеріс қалай жүрді, енді соған тоқталайық.

¹ «Яицкая правда». Орал облревкомының органы. 1919, 16 ақпан.

² «Қазақ». 1917, №251.

³ Сонда.

а) Алашорда және Қоқан автономиясы

1920 жылы Кеңестік Қазақ Автономиясы құрылып, одан кейінгі кезеңде әкімшілік-аумақтық тұрғыдан бір мемлекет құрамына енгенге шейін (1924—1925) қазақ жері көршілес генерал-губернаторлықтардың құрамында болғаны мәлім. Мәселен, Семей және Ақмола облыстары Батыс Сібір генерал-губернаторлығына, Торғай және Орал облыстары — Орынбор генерал-губернаторлығына қарады. Міне, сондай Қазақ елінің үлкен бөлігі қоныс тепкен Сырдария және Жетісу облыстары, Бөкей ордасы олармен бірге Өмудария, Ферғана және Самарқанд облыстарында тұратын қазақтар — Түркістан генерал-губернаторлығы құрамында (орталығы Ташкент) болды.

Қазақ елінің осы Түркістан генерал-губернаторлығы құрамындағы саны 1917 жылы мынадай көрсеткіштермен сипатталды¹:

Облыс аттары	Барша халқының саны	Соның ішінде қазақтардың саны	Қазақтар %-ға шаққанда
Жетісу	1 307 900	857 982	65,6
Сырдария	2 142 200	1 272 290	62,3
Ферғана	2 190 200	418 328	19,1
Самарқанд	1 145 500	116 841	10,2
Бөкей ордасы	307 284	307 284	100,0

Кестеден көрінетіндей, бізге дәл саны мәлім емес Өмудария мен Закаспий облыстары қазақтарын қоспаған күннің өзінде, Түркістан генерал-губернаторлығы құрамында Қазан төңкерісі қарсаңында 2 972 725 қазақ өмір сүрген. Бұл қазақ елінің жартысынан астамы еді. Міне, осы сандық көрсеткіш арқылы-ақ Түркістан уалаятында болып өткен оқиғалардың жалпы қазақ қоғамына тигізер ықпалын пайымдау қиын емес.

Құбылмалы, тұрақсыз саяси жағдайға қатаң қысы мен құрғақшылығы қосымша болған 1917 жыл Түркістан қазағына ерекше ауыр тиді. Ақпан революциясынан соң еңсесін басқан зіл батпан патшалық биліктен құтылған елге еркіндік пен ұлттық өркендеуге жол ашылғандай

¹ Сонда, №238.

көрінгенімен, оның артын ала келген оқиғалар толқыны жайлы заманның ауылы әлі де алыс екендігін анық байқатқан еді.

Бұл кезеңде өлкелік, облыстық, уездік және болыстық деңгейде ұйымдастырылған Қазақ комитеттерімен қатар азық-түлік комитеттері де болғаны мәлім. Жергілікті халық өзінің бар талап-тілегін осы мекемелер арқылы іске асыруға ұмтылды. Жетісу, Сырдария Қазақ және азық-түлік комитеттеріне күзге қарай жергілікті аш халықтан шағымдар қардай борады. Бірақ бұл мекемелердің де ел қажетін қанағаттандыру мүмкіндігі тым шектеулі еді. Ал, негізінен, ескі патша шенеуніктерінен тұрған атқару комитеттері Қазақ комитеттері қойған талаптарға жүрдім-бардым қарап, уағында шешпей, созбаққа салды, ал қайсыбір мәселелерді тек өздеріне қолайлы тұрғыдан шешуге тырысты.

Өлкедегі саяси жағдайды күрделендіре түскен Түркістан комитеті мен өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі арасындағы егес болды. Бір қызығы сол, өзін бұқара халықтың өкілі санаған Түркістан жұмысшы-солдат кеңесі өлкедегі саяси билікке таласа отырып, жергілікті ұлттардың заңды мүддесі мен талап-тілегіне құлақ та асқан жоқ. Анығырақ айтқанда, ол жаңа саяси жағдайды пайдалана отырып, Түркістанда ұлыдержавалық пиғылмен уланған переселен кулак пен әскердің билігін біржола баянды етуден үміттенді. Осы тарихи кезеңдегі Түркістандағы жағдаймен жақсы таныс адамдардың бірі, большевиктер партиясының мүшесі Г.Сафаров бұл мәселеге байланысты мынадай деп жазды: «Мұнда өкімет орыстық азшылыққа ерекше жағдай жасап, оның санасында ондаған жылдар бойы ұлттық үстемдік жөнінде пікір туғызып, сөйтіп, оны отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық пиғылда тәрбиеледі. Қажет нәрсенің бәрін де бұратанадан тартып ала беруге болады деген сенім мұнда «қарапайым құқық» дәрежесіне көтерілді. Өткен ғасырдың соңында болып өткен Әндіжан көтерілісінен соң, бас игісі келмеген қышпақтардың бәрі де жермен жексен етіліп, олардың орнына орыс переселендерінің егісі түскенін мұнда қоныс аудару келген қоныс аударушылар түгелдей жақсы білді. 1916 жыл да бәрінің жадында еді. Орыс өкіметінің переселен саясаты ешкімге де құпия емес-тін. Сондықтан Түркістандағы орыс

революциясы бірден осындай отарлық сипат алмай қоймайтын еді»¹. Сондықтан да Мұстафа Шоқайдың Түркістан комитеті мен жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесі арасындағы егес соңғысының жеңісімен аяқталса, «ол бізге «орыс зеңбірегі мен бұрынғы орыс сарбаздарының» жеңісі болып көрінді»² деуі негізсіз емес-тін.

Міне, осындай күрделі, қайшылықты, ауыр жағдай Түркістанның байырғы халықтары, соның ішінде қазақ елі алдына да өзін-өзі аман сақтап қалу міндетін қойды. Ол үшін, ең алдымен, ұлттық мүддені қорғай алатын саяси мемлекеттік құрылым қажет еді. Түркістан қазақтары үшін ондай мемлекет құрудың екі жолы бар-тын. *Бірі* сол бұрынғы Түркістан уалаяты құрамындағы елдермен бір болып, жаңа саяси мемлекеттік жүйе құру әрекетіне көшу болса, *екіншісі*, басқа қазақ облыстарымен бірігіп ұлттық мемлекет шаңырағын көтеру жолына түсу еді.

1917 жылғы революциялық өзгерістер мен оның ізін ала келген аласапыран оқиғалар ағымы ұлттық саяси топ арасында болашақ мемлекеттің түрі жөнінде ортақ бір ұстанымның қалыптаспағандығын байқатты. Мәселен, Сібір автономиясын құру туралы мәселе қараған Жалпы Сібір съезіне қатынасып қайтқан Ө.Бөкейханов «Қазаққа» жарияланған мақаласында: «Түркістан өз алды автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу — өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халқының қараңғылығы һәм шебер адамының жоқтығы» қазақтан кем емес, соған байланысты қазаққа Түркістан жұртымен бірлікте автономия құру мүмкіндігінің шектеулі екендігіне көңіл аударды³.

1917 жылы қазақ зиялы қауымы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікірдің болғандығын М.Дулатұлы да қуаттайды. Ол 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген көрсетуінде: «...Ол кездегі

¹ Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). М., 1921. С. 62.

² Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры, 139-б.

³ «Қазақ». 1917, №251.

Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі: орыстың отаршылдығынан құтылу үшін, күшті болып ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейтін. Бөкейханұлы Әлихан пікірі: Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм), діншілдік, дін жолында ұстағанынан айырылмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп келе жатқан халық, шарият жолынан тез арада арылмайтын халық, шаруа түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз дейтін пікірде болатын. Бөкейханұлының бұл пікіріне біз де қосылатынбыз»¹, — деп жазды.

Бұл арада мәселенің тек отарлық езгіге қарсы күресте одақтас күштердің өзара қатынас сипатымен шектелмей, сонымен бірге азаттық алғаннан кейінгі күнде жүрмек мемлекеттік құрылыстың мазмұны жөнінде де болып отырғаны айта кеткен жөн. Бұл, әрине, өз алдына әңгіме етуге лайық тақырып.

Өмірдің өзі ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерінің қазақ облыстарын бір мемлекетке біріктіру жолдарына байланысты ұстанымдарына өзгеріс енгізіп отырды. Міне, осы ретте, ең алдымен, 22 қарашада Ташкентте өз жұмысын аяқтаған III Түркістан өлкелік Кеңестер съезіне тоқталу қажет.

Негізгі қараған мәселесі өлкедегі саяси билік туралы болған Кеңестер съезі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығы, тіптен ең болмаса олардың Кеңестік негіздегі автономия құра алу мүмкіндігі жөнінде бір ауыз сөз айтпады. Сондай-ақ ол отаршылдық тәртіпке қатысты өзінің ұстанымы жөнінде де тіс жармады.

Съезд Түркістан өлкесінде кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің соның қолына өтетіндігін мәлімдеді. Бірақ 14 адамнан тұрған бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман елдерінен бірде-бір өкіл жоқ еді. Бұл іс жүзінде жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мойындамаудың және жаңа орнаған билік басшыларының ұлыдержавалық шовинистік

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 6-т., 41-42-б.

көзқарас тұтқынында қалғандығының айқын көрінісі болатын. Шын мәнінде сол уақытқа дейін отарлық езгінің тақсыретін әбден тартып келген жергілікті халықтардың намысына тиерлік шешім қабылдай отырып, Ташкенттегі жаңа билік басшылары В.И.Ленин мен Орталық Халком Кеңесіне арнайы жолдаған жеделхатында өздерінің негізгі міндеті орталықтың барлық нұсқауларын өмірге енгізіп отыру екендігін мәлімдеп, соған байланысты орталықты «бізден толық қолдау таба аласыздар» деп сендірді¹.

Г.Сафаров жоғарыда аталған еңбегінде «Түркістандағы Советтердің III съезі өлкеде жаңа орнаған Советтер билігінің отаршылдық сипатын бекітіп берді, ол отарлық езгідегі ұлттар бұқарасының сеніміне ие болуға ұмтылудың орнына, керісінше, жергілікті халықты жаңа орнаған билік сеніміне кіруге шақырды»² деп жазды.

Өлкелік жұмысшы-солдат Кеңесі ұстанған бағыт, әрине, жергілікті халықтың қоғамдық ұйымдарына, ұлт зиялыларына ой салып, мақсатты әрекетке көшуге итермелегені сөзсіз. Бастаманы өз қолына «Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі» алды. Оның өлкелік атқару комитетінің төрағасы М.Шоқай, ал мүшелері құрамында Махмуд Қожа Бекбуди, Убайдулла Қожа сияқты көрнекті шығармашылық зиялы топ өкілдері бар еді. Облыстық, уездік ұлттық комитеттер өздерінің жіберген өкілдері, жеделхаттары арқылы Түркістанда қалыптасқан жағдайды талқылап, нақты шешімдер қабылдау үшін атқару комитетіне өлкелік мұсылмандар съезін шақыруды ұсынды. Мұндай ұсыныс жасағандардың арасында Сырдария және Жетісу облыстық Қазақ комитеттері де (төрағалары Ералы Қасымов және Ибраим Жайнақов) бар еді. Мұсылмандар съезінің шақырылуын «социал-революционерлердің бір тобы, шаруа ұйымдарының делегаттары, жұмысшылардың бір бөлігі, мекеме қызметкерлерінің бәрі дерлік, банкілер, өнеркәсіп қызметкерлері қолдады»³.

Сөйтіп, IV Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі 26 қарашада Қоқан қаласында өз жұмысын бастады. Тау-кен

¹ Очерки истории Коммунистической партии Узбекистана. Ташкент, 1974. С. 54.

² Сафаров Г. Колониальная революция... С. 70-71.

³ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры, 152-б.

жұмысшылары, мұсылман солдаттар, мұсылман кәсіподақ мүшелерінен, барлығы 200-ден астам өкіл қатысқан бұл съезді кіріспе сөзбен М.Шоқай ашты. Ол сөзінде: «Орталықта болып жатқан бүліншілік шет аймақтардағы халықтарды өз басын арашалау және зор ұлттық төңкеріс берген жемістерді қорғау үшін өз беттерінше әрекет жасауға итермелеп отыр. Енді Қазан қантөгісін басынан өткерген Ресей түгелдей және Түркістан өз келешегін өздері ойлауы керек. Өлкедегі ауыр жағдайды ашаршылыққа ұласуы ықтимал азық-түлік тапшылығы тереңдете түсуде. Ал енді осы жағдайдан қайтсек аман-есен шығамыз?» — деген сауал тастап, одан ары М.Шоқай өлкеде орнаған Кеңес билігіне жеткізген жолдың күнәсіз құрбандардың қанына боялғандығына, оған Ташкентте құрамында мұсылман өкілдері жоқ үкіметтің құрылуы себепші болғандығына, төңкерістен кейін де жаңа билік басшыларының келісіп жұмыс істеуге ықылас танытпай отырғандығына тоқталды¹.

Съезд жұмысына Ташкенттегі өлкелік Халық Комиссарлары өкілі есебінде большевик П.Г.Полторацкий қатынасып, Кеңес билігі атынан құттықтау сөз сөйлейді. М.Шоқай өзінің естелігінде: «Полторацкий: «Біз де Түркістан автономиясын қолдаймыз», — деді. Оның сөзіне ешкім сенбеді. Бірақ оның Құрылтайға қатысуынан, Құрылтайды құттықтап сөйлеген сөзінен Түркістанда Кеңес өкіметінің ұлттық негізі жоқ екендігі айқын көрінді»² — деп жазды.

Үш күнге созылған съездің 27 қараша күні қабылдаған қарарында мынадай жолдар бар еді: «IV жалпы-мұсылмандардың өлкелік төтенше съезі зор ресейлік төңкеріс жария еткен негізде Түркістан халықтарының өзін-өзі билеуіне ықылас білдіре отырып, Түркістанды Ресей Федеративтік Республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия жариялайды, автономия шарттарын белгілеп бекітуді таяу арада шақырылатын Түркістан Құрылтайы ырқына береді, сондай-ақ Түркістанда тұрып жатқан басқа да халықтардың құқығы толық сақталатындығын салтанатты түрде мәлімдейді»³.

¹ Исмаилов Х. Туркестан в эпоху двух революций. «История СССР». 1990, №5, С. 215.

² Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры, 153-б.

³ «Туркестанский вестник». 1917, 17 декабря.

Съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы (Туркистан мухтариат) деп жариялап, Түркістан Құрылтайын шақырғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылдайды¹.

Түркістан Уақытша кеңесі құрамына барлығы 54 адам енді, оның 32-сі Түркістаннан Бүкілресейлік Құрылтайға сайланған депутаттар еді. Бұлардың арасында негізгі тұрғындары қазақтар Сырдария және Жетісу облыстарынан 11 өкіл (9 және 2) бар болатын. Кеңес құрамында, сондай-ақ мұсылмандар съезі сайлаған өкілдермен бірге, қаланың өзін-өзі басқару ұйымдары съезінің 4 өкілі, түрлі өлкелік «еуропалық» ұйымдардың 18 өкілі бар болатын. Басқаша айтқанда, Кеңестегі барлық орынның үштен бірі сол тұстағы Түркістан халқының 7 пайызын құрған жергілікті емес, еуропалық тұрғындардың үлесіне тиген².

Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұрған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті.

Съезд Түркістандағы барлық халықтардың құқығын сыйлап, қорғайтындығын мәлімдеп, өлкенің барлық мұсылман, орыс, еврей, жұмысшы, солдат және шаруаларын, барлық тұрғындарын Түркістан билігі төңірегіне топтасуға шақырды³.

Сонымен, қарашада Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен, ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет жасайтындығын білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық қоғамдарды негізге ала құрылып, жергілікті елдердің өзін-өзі басқару құқығын баянды ету басты мақсаты екендігін жариялады.

Түркістан губерниясына қарасты Сырдария және Жетісу облыстарының қазақтары жаңа құрылған Түркістан автономиясының құрамына кіргісі келетіндігін білдіріп ыңғай танытпады. Оның есесіне, біртұтас қазақ автономиясы құрыла қалған күнде, соған қосылуға ықыласты екендігін жасырған жоқ.

¹ Сонда, 1917, 5 декабрь.

² Климов С. Военно-организаторская деятельность Коммунистической партии в Средней Азии в 1917—1924 гг. Ташкент, 1987. С. 17.

³ Исмаилов Х. Туркестан в эпоху двух революций. С. 216.

Міне, осы арада біздің тақырыбымызға тікелей қатысы бар мынадай мәселеге тоқтала кету қажет. Түркістан тарихында терең із қалдырған 17-жылдың саяси оқиғаларында қазақ зиялылары аса үлкен рөл атқарды. Мәселен, олар біз әңгіме етіп отырған IV жалпы өлкелік мұсылмандардың съезін дайындап, өткізуге белсенді түрде атсалысып қана қойған жоқ, сонымен бірге осы съезд құрған өлкелік биліктің құрамына еніп, жетекшілік орындарға тағайындалды. Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышбаев, ішкі істер министрінің жолдасы (орынбасары — *Авт.*) болып заңгер Әбдірахман Оразаев бекітілді. Уақытша үкіметтің сыртқы қатынастар бөлімінің меңгерушісі (сыртқы істер министрі — *Авт.*) қызметіне Мұстафа Шоқай тағайындалды.

Шыққан тегі, сенген діні ортақ Орта Азия елдерінің соған дейін біріге алмай, бірақ автономия үшін күресте бір сәт ауызбірлікке келуіне байланысты және бұл істегі қазақ зиялыларының атқарған қызметі жөнінде Г.Сафаров былай деп жазды: «Поскольку после октябрьских событий руководство автономистским антисоветским движением сосредоточилось, главным образом, в руках прогрессивной интеллигенции, выражавшей волю нации к буржуазному самоопределению, поскольку неизбежно было выступление на первый план киргизской (қазақ деп оқыңыз — *Авт.*) интеллигенции, наиболее свободной от связи с реакционно-феодалной «улемой»¹.

Түркістан автономиясын жариялаған мұсылмандар съезінен соң көп ұзамай Орынбор қаласында II жалпықазақ съезі өз жұмысын бастады. Оған Сырдария және Жетісу облыстарынан да өкілдер шақырылып, олардың арасында М.Шоқай, С.Аманжолов, Б.Мәметов, И.Арабаев, Ж.Солтонаев сияқты және басқа қазақ, қырғыз қайраткерлері бар еді.

Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдап, Алашорда өкіметін — Ұлт Кеңесін сайлаған жалпықазақ съезі, әрине, Қоқанда құрылған Түркістан автономиясына өз қатынасын білдіруі керек еді. Съезге қатысқан өкілдер Қоқан автономиясының құрылғандығы туралы хабарды

¹ Сафаров Г. Колониальная революция..., С. 73.

съездің барысында М.Шоқайдың өзінен естиді. Ол туралы М.Дулатұлы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Қоқанда Түркістан елінің де съезі болып, Түркістан ұлт автономиясы үкіметін құрған екен. Ол жөнінде біз съезде білдік. Съездің соңына қарай Қоқаннан Шоқайұлы Мұстафа келді. Шоқайұлы Қазақ автономиясының өз алдына жеке құрылуына қарсы болды, Түркістанмен қосылуды жақтады. Түркістан үкіметіне қазақтан өзі мен Тынышбайұлы Мұхаметжан кіргендігін сөйледі»¹.

Оқиғалардың ағымы көрсетіп бергендей, бұл М.Шоқайдың біржола түйген шешімі емес-тің. Қазақ жұртшылығының бір мемлекетке бірігу мәселесіне байланысты съезде болған қызу айтыс Ө.Бөкейханов, М.Шоқай және басқа ұлт-азаттық қозғалыс басшыларына өздерінің соған дейін ұстанған бағыттарын анықтай түсуге, немесе өзгертуге себепші болғаны сөзсіз. Оны мына деректен де аңғару қиын емес.

Алаш автономиясын жария ету мерзіміне байланысты болған қызу айтыстан кейін, съезд мынадай ымыралы қаулы қабылдайды:

1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді.

2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті.

3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді.

4. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін².

Жалпықазақ съезі қабылдаған бұл қаулыға қарағанда, Алашорда автономиясының құрылғандығын жария ету Түркістан қазақтарының қосылуына тікелей тәуелді болғандай көрінуі мүмкін. Ал, шын мәнінде, оның басқа да терең себептері бар еді.

Ең алдымен, жалпықазақ съезі Түркістан қазақтарының Алаш автономиясына қосылу-қосылмауын өз бетінше шеше

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 6-т., 41-42-п.

² «Қазақ». 1917, №256.

алмайтын еді. Оны тек Сырдария, Жетісу және Түркістан құрамындағы басқа облыстарда тұратын қазақтардың Құрылтайы ғана шеше алатын. *Екіншіден*, отаршыл биліктің зорлықшыл саясаты нәтижесінде сол кездің өзінде-ақ жергілікті халықтың ұлттық еркіндігіне қарсы құрылған тұзақтың бірі — ғасыр басында Қазақстанның ішкі Ресейден қоныс аударған переселендер келіп орныққан ірі өлкеге айнала бастағандығы еді. Демек, олардың мүддесін есепке алмай бірде-бір ірі қоғамдық мәселені толық шешу, әрине, мүмкін емес-тін. *Үшіншіден*, патшалық билік қоныстанушыларға түрлі жеңілдіктер және көмек беріп, қазақтың құнарлы жеріне әкеліп орналастырумен қанағаттанып қойған жоқ, оларды өзінің шығыстағы әлеуметтік-саяси тірегіне айналдыруды көздеді. Ал бұл мақсатқа переселен шаруаларды қаруландырмай жету мүмкін емес еді. Сондықтан да оларға қару берді, сөйтіп, жергілікті халыққа қарсы қойып, мерейін үстем етуге тырысты. Қажет жағдайда қара шекпенділер атты казак әскерінің де көмегін ала алатын еді.

Осы айтылған жағдайлардың съездегі Ө.Бөкейханов бастаған өкілдерге Алаш автономиясының құрылғандығын ресми түрде бірден жария етуге кедергі болғаны даусыз. Бірақ сонымен бірге ІІ жалпықазақ съезінің бүкіл қазақ жерін, халқын біртұтас мемлекет шаңырағы астына жинауға батыл қадам жасағаны анық. Ұлттық еркіндікке жеткізетін басқа жол да жоқ еді. Съезд құрған Алашорда — Ұлт Кеңесі өкіметі құрамы жағынан барлық қазақ облыстарын қамтыды. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің арасында Сырдария мен Жетісу облыстарынан М.Шоқай, М.Тынышбаев, С.Аманжолов, Б.Мәметов және О.Әлжанов, ал оларға орынбасарлыққа сайланғандардың ішінде Жетісудан С.Сабатаев, Н.Бекімов және Ж.Солтонаев бар болатын. Съезд құрған өкімет жалпыұлттық сипат алды. Съезд бекіткен атқармақ шараларда — халық милициясын жасау, ұлт қазынасын құру, оқу-ағарту ісін жолға қою — жалпыұлттық мақсаттарды көздеді.

Жаңа өмірге келген Алашорда үкіметінің ең алғашқы жасаған әрекеттері де қайткен күнде ұлттық бірлікке жетуге бағытталды. Съезд өз жұмысын аяқтаған бетте Алашорда үкіметі Сырдария қазақтарының съезін шақыру туралы тиісті адрестерге жеделхаттар жолдады. Өкімет атынан Ө.Бөкейханов пен М.Шоқай қол қойған бұл

жеделхатта мынадай жолдар бар еді: «II жалпықазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп, өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алашорда 5 ғынауарда Түркістан шаһарында Сырдария облысының съезін шақырады. Съезге болыс басы бір өкіл келсін. Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Алашорда Бақтыгерей Құлмановты, Мирякуб Дулатовты һәм Тұрағұл Құнанбаевты жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан шақырылған өкілдер съезге айтылған күннен қалмай келулері керек»¹.

«Қазақтың» осы санында М.Шоқайдың Сырдария қазақтарына үндеуі де жарияланды. Көлемі шағын, бірақ маңызды осы құжатта М.Шоқай Түркістан қазақтарының басқа қазақ облыстарымен қосылуына байланысты жалпықазақ съезінен соң жасаған тұжырымын анық және дәл жеткізген еді. Ол «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын.

Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз»² деп жазды.

Келесі 1918 жылдың қаңтарында өткен Сырдария қазақтарының съезіне 72 өкіл қатынасты. Алаш автономиясына қосылу мәселесін үш күн ұдайы талқылаған съезд сол бір ауыр сәтте Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кету Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына соққы болып тиеді деген пікірді негізге ала отырып, мынадай қаулы қабылдайды:

«1. Сырдария облысы қазіргі уақытта тегіс Түркістан автономиясында болуы себепті әзірше Түркістан автономиясында қалады.

2. Алашорда өз алдына автономия иғлан қылып болып, Түркістан автономиясымен союз (одақ) болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге қарар қылады.

3. Съездің осы қаулысы Сырдария облысынан Түркістан Учредительное собраниеіне сайланып баратын депутаттарына наказ.

¹ Сонда, №255.

² Сонда.

4. Сырдария облысының халқы Алаш автономиясына қосылған уақытта осы облыстан Түркістан Учредительное собраниесіне сайланған депутаттары Алаш автономиясының сайлау заңына муафиқ болса, Алаш Учредительное собраниесіне депутат болсын.

5. Алашорда үкіметі Түркістан шаһарында болсын»¹.

Сырдария қазақтарының съезі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты тура шешім қабылдағанымен, бірақ ол шешімнің іске асу мүмкіндігі күн өткен сайын тарыла түсті.

Сонымен, Сырдария және Жетісу қазақтары тарихында да айтулы із қалдырған Қоқан автономиясы қандай тұрғыдан бағалануға лайық?

Кеңестік тарихнама Түркістан автономиясы жергілікті халықтардың қолдауын таппады, сондықтан да тез құлап қалды деген пікір қалыптастыруды көздеді. Бұл да ұлыдержавалық өктемдік пен қарудың күшіне сүйенген «Түркістандағы Кеңестер билігін жергілікті халық бірден түсінушілікпен қабыл алды» деген тұжырымға ұқсас қорытынды еді. Ал тарихи шындықтың анағұрлым күрделі және тереңде жатқаны хақ.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының Алаш автономиясын құру әрекеті, сонымен бірге қазақ саяси элитасының түркістандық азаттық қозғалыспен өзара ынтымақтастыққа ұмтылысы Түркістандағы басқа ұлт зиялылары тарапынан түсіністік тауып отырды. Ташкентте шығып тұрған «Ұлы Түркістан» газеті: «Большевиктер үкіметінің басшысы Ленин соңғы пәрменінде Ресейде тұратын ұлттарға, сол сияқты қазақтар мен Түркістан мұсылмандарына автономия жария етіп, өз істерін қолдарына алуға мүмкін екендігін баян етті. Сондықтан бүгін Түркістан съезінің Түркістан мұхтариятын жария етуі халықтың да, орталық үкіметтің де тілегіне сай келеді.

...Өлке тұрғындарының басым бөлігін (95 пайыз) құрайтын Түркістан мұсылмандарының автономия жариялауға хақы барлығын ешкім жоққа қойғандықтан... Мұсылмандар бүгін автономия жарияласа, ол ешкімнің де құқығына қол салу емес, сол арқылы Түркістан Ресейден

¹ «Сарыарқа». 1918, №31.

бөлініп те кетпес, бәлкім оның бір еркін мүшесі болып қалады. Түркістанда жасайтын орыс, яһуди, армян және басқа әрбір ұлт өкілдеріне өз құқы берілер. Олар да Түркістан мұхтариятының тең құқықты бір мүшесі ретінде жасайтын болады»¹ — деп жазды.

Өлкелік мұсылмандар съезінің Түркістанды автономия жариялап және бұл шешімді баянды етуді көздейтін шаралар қарастыруы жергілікті халықтар тарапынан қызу қолдау тапты. Түркістан халықтары съезд шешімін қолдап митингілер, шерулер өткізді. Осы, яғни 1917 жылдың 6 желтоқсанында Ташкенттегі Жұма мешітінде өткізілген митингіге 60 мың кісі қатынасып, жиылған көпшілік автономия құру жөніндегі шешімді бір ауыздан қолдайтындықтарын білдіріп, Түркістандағы биліктің бүтіндей автономия үкіметіне тән болуын қуаттап қарар қабылдады².

Ұлттық басылымдарда Түркістанның белгілі сөз зергерлері, саясат және қоғам қайраткерлері автономия идеясын қолдаған мақалалары мен өлең-жырларын жариялады. Олардың арасында Махмұдқожа Бехбуди, Абдулхамид Чолпан, Мунаввар Қари, Сұлтанбек Қожанов, Хайретдин Болғанбаев сияқты және басқа белгілі тұлғалар бар еді. Өзбек жазушысы Абдурауф Фитрат «Мұхтариат» атты мақаласында: «Түркістан мұхтарияти... Темір қағанның нағыз балалары және Түркістанның тұрғылықты түріктері арасында бұдан күдіретті, бұдан қасиетті, бұдан сүйінішті бірде-бір сөздің бар екендігіне сенбеймін. Түркістандық түріктің қанын қайнатып, иманын үйіретін қуатты сөз бар болса, онда ол жалғыз қуатты сөз осы.

Түркістан мұхтарияты... Елу жылдан бері езілдік, құлға айналдық, қолымыз байланды, тіліміз кесілді, аузымыз жабылды, жеріміз тапталды, малымыз таланды, намысымыз қорланды, құқығымыз шектелді, адамгершілік қасиеттеріміз аяқ асты болды, сонда да төздік сабыр еттік. Күшке сүйенген әрбір бұйрыққа бойұсындық, қолда бардың бәрін бердік. Жалғыз асыл бір тілекті ғана бермедік, оны иманымыздай аялап, сақтадық: ол Түркістан мұхтарияты!

¹ Шамагдиев А. Ш. Разгром контрреволюционных буржуазных «автономистов» // Сборник статей. Т., 1957. С. 17.

² Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995. 140-141-бб.

Мекеме босағаларынан жылап қайтқанда, еріксіз түрмелерде сарғайғанда, жыртқыш жандармның тепкісінен жер құшқанда, үйлеріміз өртелгенде, діндестеріміз асылғанда, ақылымыздан адасқанда, көзіміздің нұры қашып қараңғы түнекте қалғанда біздің рухымызға жігер беру үшін қараңғы түнек арасынан алыстан бір жарық жұлдыз жарқырап тұрды.

Еш нәрсеге түспеген жарамыз соны ғана медет тұтты, соған сенді. Ол не еді? Ол Түркістан мұхтарияты!»

Қорыта айтқанда, Түркістан автономиясын жариялау жергілікті халық арасында зор рухани құлшыныс туғызды, көңілдерде сенім отын жақты. Өз ретінде Ташкенттегі большевиктік билік бұл қалыптасқан жағдайды буржуазиялық және исламшыл күштердің кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан әрекеті ретінде қабылдап, оған тойтарыс бере отырып, өлкедегі жалғыз шешуші билікке айналуға ұмтылды. Қос билік арасындағы егестің шешуші сипат алуына Ташкенттегі 13 желтоқсан күнгі қанды оқиға түрткі болды. Бұл күнді, яғни Мұхаммед пайғамбардың туған күнін Түркістан автономиясының үкіметі «Түркістан автономиясының ұлттық қорына қаржы жинау күні» жариялап, сол арқылы халықты тәуелсіздік пен азаттыққа қызмет етуге шақырды. Соған байланысты қалалық кеңеске қала тұрғындарынан митингі және шеру өткізу жөнінде ұсыныс түседі. Шамамен 150 мың адам қатынасқан бұл шеру барысында өзара қарсы тұрған саяси күштер арасындағы қарулы қақтығыстарға жол берілді. Соның нәтижесінде ондаған адам оққа ұшты¹.

Ташкенттегі қанды оқиғаға байланысты Түркістан автономиялық үкіметінің мүшелері өз наразылықтарын білдіре отырып, соған қарамастан халықты сабырлық пен шыдамдылық көрсетуге шақырып, «бұл ең ауыр күндері мұсылмандардың тыныштықты сақтап қалуы аса зәру іс» деп көрсетті².

Өз ретінде Өлкелік Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы міндетін атқарушы Колесов Петроградтағы орталық билікке телеграмма жолдап, онда «Қоқандағы

¹ Юлдашев А. Аграрные отношения в Туркестане (конец XIX нач. XX века). Т., 1969. С. 225.

² Иконнова С.Р. Туркестанский край. Т., 1913. С. 138.

реакцияшыл буржуазия тарапынан даярланған мұсылмандар съезі Түркістан автономиясын жария етті, енді Автономия үкіметі... бар күшін салып өлкенің айырым қалаларында автономияны жария етуге даярлық үстінде. Осы жылы 13 желтоқсанда Мұхаммед пайғамбар туған күні Ташкентте автономия жария етілді» деп мәлімдеді. Петроградтан алынған жауап жеделхатта: «Жергілікті үкімет өздеріңіз, олай болса, шешімді де өздеріңіз шығарыңыздар» деген мазмұндағы нұсқау бар еді¹.

Орталық биліктің қолдауына сүйенген Ташкенттегі Кеңестік билік Түркістан автономиясы үкіметін біржола жою үшін даярлыққа көшті. Сондай-ақ бұл даярлық большевиктерге тән әдіс, яғни көпшіліктің таптық, әлеуметтік сезімдерін қоздыруға бағытталған әсіреқызыл үгіт-насихат жұмыстарымен қатар жүргізілді.

Большевиктік ұстанымдағы «Мұсылман еңбекшілері Одағының» халыққа жолдаған үндеуінде «Ташкент жұмысшылары мұсылман еңбекшілері және кедейлерімен бірлікте билікті баррикадаларда жеңіп алды, сондықтан да автономияны байлар мен капиталистер емес, тек жұмысшылар ғана жариялай алады»² деген пікір айтылады. Ал Ташкентте орналасқан Сібір полкінің солдаттары митингісінің қаулысында «билік тек қана кеңестер түріндегі еңбекші халықтың қолында болуы тиіс. Қоқанда жарияланған автономияға көпірме автономия ретінде қараған жөн, өздерін «Уақытша Үкіметпіз» деп жариялаған топтың орны — облыстық абақты» деп көрсетілді³.

Ташкенттегі большевиктік биліктің жергілікті халықтары таптық негізде бөлшектеу жолына түскендігі оның өкілі комиссар П.Г.Полторацкийдің мұсылман жұмысшы және солдат депутаттарының I төтенше съезінде (Қоқан, 1917, 25 желтоқсан) сөйлеген сөзінен анық байқалды. Ол «біз кедейлердің автономиясына қарсы емеспіз, бірақ байлардың автономиясына қарсымыз»⁴ — деді.

¹ Алексеев П. Кокандская автономия. Т., 1931. С. 42; Тұрсын Х. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасу және күйреу тарихы (1917—1918 жж.). Диссертация. А., 2001. 78-б.

² Алексеев П. Кокандская автономия. Т., 1931. С. 39—40.

³ Хасанов М. Альтернатива // Звезда востока. 1990, №7. С. 110.

⁴ Шамадиев Ш.А. Аталған жинақ, 16-б.

Съезд автономия үкіметін қолдаған Түркістан әскери кеңесінің төрағасы А.Клевлевтің қолымен Петроград Халком кеңесіне жеделхат жолдады. Онда «барлық қалалар мен селолардағы түрлі ұйымдар өздерінің шерулерінде және қабылдаған қаулыларында жариялаған автономияға қосылатындықтарын білдіруде деп көрсетіліп, сондай-ақ «еуропалықтардың жергілікті халық құрамындағы үлес салмағы 2 пайыздан аспайтындығына қарамастан орыстар мен еуропалықтарға жаңа сайланған Халықтық Кеңес құрамынан 33 пайыз орын берілгендігі¹ ерекше атап көрсетілді. Осы айтылған жағдайларды негізге ала отырып, съезд «Ресей демократиялық республикасының жоғары органы ретінде» лениндік үкіметтен «Түркістанды ұлы апатқа соқтыратын анархия мен қос үкіметтілікті болдырмау мақсатында Ташкенттегі Халкомкеңесіне билікті Түркістан Уақытша үкіметіне өткізу жөнінде»² жарлық беруін сұрады. Смольный бұл өтінішті жауапсыз қалдырды.

Осылайша күнделікті өмір ағымы саяси күрес сахнасына шығарған ұлттық автономия идеясын Ташкенттегі большевиктік биліктің қабылдай алмайтындығы нақты шындыққа айналды. Ал ол өзінің ұлттық негізі әлсіз билік екендігін, сондықтан да оған жергілікті халықтардың сеніміне толық ие болу мүмкіндігіне жету оңайға түспегендігін аңғармады.

Автономия үкіметінің өздерін мемлекеттік құрылым ретінде тану туралы талабын Жалпыресейлік Мұсылмандар Кеңесінің Атқару Комитеті қуаттады. 1918 жылы 8—10 қаңтар күндері болып өткен солшыл эсерлердің съезі де автономия үкіметіне қолдау көрсетті³.

Өз ретінде автономиялық үкімет алғашқы күндерден бастап-ақ көптеген қиыншылықтарға жолықты. Олардың ішіндегі ең маңыздысы қаржы мәселесі еді. Автономиялық үкімет Қоқан қаласында шоғырланған ірі банкілердегі

¹ Документы по истории гражданской войны в СССР. Т. 1. М., 1940, С. 492.

² Кунина А. Е. Провал американских планов завоевания мирового господства в 1917—1920 гг. Изд. 2-е. М., 1954. С. 95.

³ Гершфельд А. О роли США в организации антисоветской интервенции в Сибири и на Дальнем Востоке // Вопросы истории. 1948. №8. С. 20.

миллиондаған сомадағы қаржыны өз билігін нығайту ісіне дер кезінде тарта алмады, бұл істе әлжуаздық танытты. Қаржы тапшылығы автономия үкіметі ішінде алауыздық тудырып, үкіметтік дағдарысқа жол ашты. Осындай дағдарыстық жағдайда Уақытша үкіметтің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен бас тартып, оның орнына М.Шоқай тағайындалды¹.

М.Шоқай үкіметтің қаржы қызметін жолға қою мақсатында 30 млн рубльге ішкі заем шығартып, оны Қоқан қаласы мен оның төңірегіне таратқызды. Бұл шара белгілі дәрежеде пайда келтіргенімен, үкіметтің қаржы тапшылығын шеше алған жоқ еді. Белсенділік біртіндеп Ташкент Халкомкөнесінің қолына өте бастады.

Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің жүргізген қызметінің бір саласы үгіт-насихат жұмыстары болды. Қалалар мен қыстаулардағы жергілікті зиялы қауым өкілдері автономия үкіметінің ұлттық тәуелсіздік жөніндегі идеяларын, халыққа арнаған үндеулерін, қабылдаған шешімдерін қызу насихаттауға кірісті. Олардың бұл ісіне «Улема» қоғамының мүшелері де белсене араласты. Әсіресе 13 желтоқсандағы Ташкент оқиғасынан соң ел ішіндегі үгіт-насихат жұмыстары жандана түсті. Ал большевиктердің бейбіт шеруді атқылауы, қалалық Думаны қуып таратуы, жасақтаған үкіметі мен басқару органдарына жергілікті халық өкілдерін қатыстырмауы қалың көпшіліктің намысына тиетін фактілер еді.

Автономия үкіметінің қызметінде әскер жасақтау ісі негізгі мәселелердің біріне айналды. Ұлттық әскери кадрлардың жетіспеуі зор қиындық туғызды, ал қаржы тапшылығы мүлдем қолбайлау болды. Бұл жағдай патшалық билік тұсында даярланған орыс және татар офицерлерін, сондай-ақ тұтқындағы түрік офицерлерін де тартуға итермеледі. Солдат қатарына жергілікті халықтың арасынан шыққан еріктілермен бірге кавказдық және парсылық еріктілер де қабылданды.

Өлкедегі жергілікті ұлттардың мүддесін білдіріп, саясат сахнасына шыққан Түркістан мұхтариятына өлкедегі түрлі қоғамдық-саяси күштермен (эссерлер, меньшевиктер, «орыс халқы одағының» мүшелері, түркістандық сионистік

¹ Кунина А.Е. Аталған еңбек, С. 95-96.

ұйымдар, т.б.) қатар Бұхар әмірі, Хиуа ханы қолдау білдірді. Украинаның Орталық Радасы, Башқұрт автономиясы, Алашорда үкіметі де Түркістан автономиясын Түркістандағы бірден-бір заңды үкімет деп таныды. Өлкедегі ұлттық тәуелсіздікті бейбіт жолмен жеңіп алуды мақсат тұтқан автономияшылар осы бағыттағы әрекетіне қолдаушы күштерді сырттан іздестіруге мұқтаж еді.

1917 жылдың 29 желтоқсанында «Оңтүстік-Шығыс одағының» басшысы атаман Дутовтың бұйрығымен полковник Зайцевтің казак әскери бөлімдері Ташкентке қарсы соғыс қимылдарын бастады. Самарқанд қаласына бет алған бұл бөлімдердің 14 эшелоннан тұратын әскери қуаты Ташкенттегі Кеңестік билікке елеулі қауіп төндірді. Зайцевпен кездесу үшін Чарджоуға Қоқаннан Түркістан автономиясы үкіметінің төрағасы М.Шоқай бастаған делегация келді¹.

Автономия үкіметі еларалық дәрежеде байланыстар орнатуға әрекет жасады. Бұл ыңғайды байқаған ағылшын және Америка Құрама Штаттарының әскери-дипломатиялық топтары автономия үкіметіне белсенді түрде қолдау көрсетуге тырысты. 1918 жылы 15 (28) қаңтар күні Ағылшын үкіметі АҚШ үкіметіне Кеңестік Ресейге интервенция жасау және ақгвардиялық ұйымдар мен «Ресейдің оңтүстігі және оңтүстік-шығысындағы үкіметтерді» қолдау қажеттігі туралы меморандум жолдады².

АҚШ, Ұлыбритания және Франция сияқты империалистік мемлекеттердің Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа Орталық Азиядағы өздерінің мүддесі үшін қолдау көрсеткені даусыз. АҚШ президенті В. Вильсонның «14 пункттен» тұратын бағдарламасы Кеңес үкіметін жойып, Ресей территориясын бөлшектеуді көздеді, ал бұл бағдарламада Орта Азия мәселесіне елеулі орын бөлінді. Анығырақ айтқанда, Орталық Азия болашақта АҚШ иелігіне өтуге тиіс болды.

Ташкент Халкомкеңесі большевиктердің орталық үкіметінің саяси қолдауы мен азық-түлік және әскери

¹ Иштракюн. 1918, 21 марта.

² *Полыковская О.А.* Массовые революционно-демократические организации трудящихся коренных национальностей города в борьбе за власть Советов в Туркестане (февраль, 1917 — май, 1918 гг.) Автореферат. М., 1989. С. 15.

көмегіне сүйеніп, күннен-күнге өлкедегі билігін нығайта түскен жағдайда, автономия үкіметінің алыс-жақын шетелден большевиктерге қарсы күресте одақтас іздеп, көмек күтуі табиғи құбылыс еді. «Түркістандағы большевиктермен күреске көмек көрсету туралы»¹ автономия Уақытша үкіметі басшыларының АҚШ президенті В.Вильсонға өтініш жолдауының осындай саяси қажеттіліктен туындағанын түсінуге болады.

Міне, осындай өзара егес жағдайда 1918 жылдың 18—22 қаңтар күндері Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік IV съезі автономия үкіметінің ұсыныстарын талқылаудан бас тартып, «...Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялап, оның басшыларын тұтқындап» «Қоқан автономиясын» тарату жөнінде қарар қабылдады².

1918 жылы 20 ақпанда Қоқан қаласына Кеңестік Ресейдің Қызыл әскер бөлімдері мен «Дашнакцутюн»³ партиясының белсенділері басып кірді.

Сонымен, Қоқан қаласында жарияланған Түркістан автономиясы ескі V империялық және ұлыдержавалық түсінік шеңберінде қалып қойған Ташкенттегі Кеңестік билікке балама құрылым ретінде өмірге келген саяси билік түрі болды. Бар болғаны екі ай ғана өмір сүрген Түркістан автономиялық үкіметі Түркістан халықтары мен олардың зиялы қауымының мемлекеттік тәуелсіздікке, қоғамдық еркін дамуға ұмтылысының көрінісі еді. Сондықтан да бұл идея қарапайым халық, қалың көпшілік арасында кең қолдау тапты. Халық ұлттық тәуелсіздігін қолына қару алып қорғауға даяр тұрды, бірақ отарлық тәуелділіктегі оның мүмкіндігі шектеулі еді. Өз артықшылықтарын ұтымды пайдаланған большевиктер билігі ұлттық мемлекеттік автономия идеясын ұстанған жергілікті күштерді қанға бөктірді. Сөйтіп күшке сүйенген әділетсіздік салтанат құрды.

Түркістан автономиясының тарихи сабақтарын талдаған М.Шоқай «Түркістан ұлттық қайраткерлері 1917 жылғы

¹ Улуғ Туркистон. 1918, 11 январь.

² Тұрсын Х. Аталған еңбек, 88—89-бб.

³ «Дашнак» партиясы — 1890 жылы Тифлисте құрылған «Дашнакцутюн» (Иттифок) атты армян ұлттық партиясының мүшесі. Дашнактардың бір тобы 1915 жылғы түрік-армян қырғынынан қашып Түркістанда пана тапқан еді.

революция берген мүмкіндікті пайдалана алмағандығымыздың сырын ашып айтуымыз керек», — деп жазды. «Әрине, бұл сөтсіздігіміздің себептері көп. Бірінші объективті себеп: ұлан-ғайыр, алып Ресей алдында жарты ғасырдан астам билеп-төстеген империализмнің отарлық саясаты еңсесін езіп, тұралатқан Түркістан тұрды. Біз күреске өзіміз таңдаған кезеңде емес, Ресей революциясы барысында туған жағдайды қабылдау арқылы кірістік. Екінші субъективті, яғни өзімізден болған себеп: ұлттық мүдде жолында күресу қажеттілігін біле тұра, түркістандықтар өзара қуатты бірлік құрып үлгермеді.

Осы объективті және субъективті себептердің екіншісін — ең қауіптісі деп есептейміз. Адамның назары ұдайы сыртқы дүниеге ауатындықтан, көбінесе ішкі кемшіліктер мен қателер байқалмай қалады. Сондықтан «Жас Түркістан» қаламгерлері жерлестерімізді осы ішкі дүниемізге, өз кемшіліктерімізге көбірек көңіл бөлуге шақырып келеміз»¹.

Сонымен бірге М.Шоқай Ресей империясы құрамындағы автономия үшін күрес идеясын (1917—1918 жж.) Түркістан халықтары тарихындағы өтпелі кезең ретінде бағалап, ендігі уақытта сөз тек мемлекеттік тәуелсіздік жөнінде ғана болуы мүмкін деген тұжырымға келеді².

Осы күндері Түркістан мұхтарияты Уақытша Кеңесінің 54 мүшесінің 30-ы тұтқындалып, олардың екеуі, яғни Юралы Агаев пен М.Мырзахметовтар атылды. Аласапыран жағдайда есі шыққан тұрғындар қаланы тастап қашты. Ағылшын барлау қызметінің мәліметі бойынша Қоқан қаласында осы күндері мыңнан астам адам өлім құшқан, жартылай бос қалған қала көшелерінде өліктердің денесі көмусіз шашылып жатқан, ал қаланы жаулап алуға қатынасқан қызыл әскер, неміс, австро-венгр жалдамалылары, армян дашнактары қала мүлкін талан-таражға салды. Осылайша Түркістан мұхтарияты өзінің өмір сүруін тоқтатты.

¹ Шоқай М. Таңдамалы. 2 Т. А., 1999. 255-б.

² Сонда, 144-б.

ә) Алашорда және Кеңес үкіметі

1918 жылы көктемде басталып кеткен азамат соғысы енді ғана ұлт-азаттық күрес арнасына түскен қазақ қоғамын бүкіл Ресей империясын құшағына алған тапаралық соғыс иіріміне тартты. Қазақ қоғамы болашақ мемлекеттік құрылымның түрлі нұсқаларын жақтап (ұлттық және кеңестік) екіге бөлініп кетті. Сөйтіп, әлгінде ғана отарлық езгіге қарсы күресте жалпыұлттық саяси тұтастықтың қажеттігін енді ғана сезіне бастаған қазақ қоғамы ішкі Ресейдегі оқиғалардың ықпалымен таптық жіктелу жолына түсуге тиіс болды.

Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде өз бостандығы үшін күреске шыққан отарлық езгідегі халықтарға большевиктер партиясы тек кеңестік негіздегі автономия беретіндігін мәлімдеді. В.И.Ленин мен И.В.Сталин Түркістан кеңестерінің съезіне жолдаған жеделхатында: «Халық комиссарлары кеңесі сіздердің өлкелеріңіздің кеңестік негіздегі автономия болғандығын қолдайды»¹ — деп көрсетті. В.И.Лениннің бұл ойын сол кезеңдегі ұлт істері бойынша халық комиссары И.В.Сталин және басқа қайраткерлер белгілі бір ұлттың автономия алуы емес, кеңестік билікті қолдайтын жұмысшы және шаруалардың автономия алуы деп түсінді. В.И.Ленин мұндай тұжырымға үзілді-кесілді қарсы шығып: «...ұлттардың өзін-өзі билеуін алып тастап, еңбекшілердің өзін-өзі билеуі мүлде теріс, өйткені бұлайша қою ұлттардың ішіндегі жіктелудің қандай қиыншылықтармен, қандай бұралаң жолдармен жүріп жатқанын есепке алмайды» — деп көрсетті. Ол еңбекші бұқараның өзін-өзі билеуі туралы айту, тек пролетариаттың өзінің таптық мүдделерінің буржуазия мүдделерімен ешқашан да сәйкес келмейтіндігіне біржола көзі жеткенде ғана мүмкін екендігін, сондықтан да мұндай деңгейге әлі жете қоймаған халықтар өзін-өзі билеу құқығын талап етсе, онда мұндай талаптың толық заңдылығын мойындаудан бас тарта алмаймыз деп кесіп айтты.

В.И.Лениннің осы мәселеге байланысты Орта Азия халықтарында қалыптасқан нақты жағдайға тоқталып,

¹ В.И.Ленин. О Средней Азии и Казахстане. Ташкент. 1960, С. 379.

«Осы уақытқа дейін өз молдаларының ықпалында қалып отырған қырғыз, өзбек, төжік, түрікмен сияқты халықтар жөнінде біз не істей аламыз?» — деп сауал қойып, артынша: Біз осы халықтарға барып: «Біз сіздердің қанаушыларыңызды лақтырып тастаймыз», — деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз, өйткені олар бүтіндей өз молдаларына бағынышты. Бұл арада халықтың дамып жетілуін күту керек, ол болмай қоймайды»¹ — деп көрсетті. Міне, осы айтылған ойлардан В.И.Лениннің ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын талап ету толық табиғи құбылыс екендігін, демек, оны қанағаттандыру ұлт мәселесін шешудің алғышарты деп түсінгендігін аңғару қиын емес. Бірақ бұл теориялық бағытты іске асырушылар мәселенің егжей-тегжейіне ұқыптылықпен қарап, оның қазақ сияқты халықтар үшін үлкен тағдырлы мәселе екендігін терең түсініп, қызметінде басшылыққа алды деп айтсақ, шындыққа қиянат жасаған болар едік. Керісінше, олар ұлт мәселесінің шешілуін тікелей кеңестік биліктің салтанат құруымен байланыстырды, оған жаңа билік тұсында өзінен-өзі шешімін табатын мәселе ретінде қарады.

Дегенмен құжаттармен танысып, 1918 жылдың көктемінде Алашорда мен Кеңес билігі арасында өмірлік шындықтан бастау алатын, екі қуатты қоғамдық қозғалыстың (ұлттық және әлеуметтік-таптық) табиғатынан туындаған өзара түсінушілікке кішкене болса да ұмтылушылықтың орын алғандығын аңғару қиын емес. Оған кезінде «Сарыарқа» газетінде жарық көрген екі өкімет арасында жүрген келіссөз мәтіні куә. 1918 жылдың наурызында Оралдан Мәскеуге Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар аттанып, барған бетте Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы В.И.Ленинмен және ұлт істері бойынша халық комиссары И.В.Сталинмен кездесіп, оларға II жалпықазақ-қырғыз съезінің (Орынбор, 1917, желтоқсан) қаулысын табыс етеді. И.Сталин қаулымен танысқаннан соң, 19 наурыз күні Семейге телеграфпен хабарлап, Ө.Бөкейханов және оның орынбасары Х.Ғаббасовты телефон арқылы келіссөзге шақырды. Ертеңіне, яғни 20 наурыз күні Сталинмен

¹ Ленин В.И. Ш. Т. Ж., 38 Т., 173—176-бб.

телеграф арқылы келіссөзді Халел Ғаббасов жүргізді. Өңгіме Кеңестік билік пен Алашорда үкіметінің өзара құқықтың қатынасы жөнінде болған еді. Газетте Сталиннің пікірі сөзбе-сөз аударма түрінде берілген. Біз де сол күйінде оқырман назарына ұсынамыз.

«Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарларының шығарған белгілі ережесі бұл күнге шейін ұлт мәселесі тақырыбын совет өкіметінің негізгі қызмет жобасы етіп келеді. III Советтер съезі осы ережені жайғастыруға қаулы қылды. Өзінің бізге тапсырып отырған жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға муафиқ келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съездің қаулысы өкілдеріңіздің совет өкіметін тануға қарсы болмаса болғаны. III Советтер съезі советский федерация мизамын жасап һәм бұл мизам Советтер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қылынды. Бұған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек, яғни һәр бір тұрмысы, салты басқа халықтар жергілікті советтермен қосылып, автономия, федерация алу, тегінде басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съезд шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті Советтермен бірігіп, әлгідей комиссияны құрар. Сізден өтінеміз, біздің осы жобамызды Алашорданың Кеңесіне салып жауап қайтарсаңыздар екен.

Адрес: Мәскеу, Кремль, Халық Комиссарларының бастығы Ленинге һәм халық комиссары Сталинге.

Ұлт жұмысын басқарушы Халық Комиссары Сталин»¹.

Бұл берілген Сталин сөзіндегі ең елеулі нәрсе оның жалпықазақ-қырғыз съезі қаулысы мен Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның өзара үндес екендігін мойындауы еді. Міне, осы үндестік Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп, Сталин тек жалғыз ғана шарт қояды. Ол өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындайтындығын мәлімдеуі болатын. Сондай-ақ Сталин сөзінде екіұштылық та орын алды. Ол Алашорда үкіметін құрған жалпықазақ-қырғыз съезінің шешімдерінің толық құқылы екендігін құптай отырып, сонымен бірге автономия, федерация алу немесе

¹ «Сарыарқа». 1918, №35.

түбінде «басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығару» үшін Қазақстанда орнаған Кеңес өкіметін мойындап және сонымен біріге отырып жалпы-қазақстандық съезд шақырып, ортақ тұжырымға келіп, оны орталыққа табыс етуді ұсынуы еді. Бұл іс жүзінде Қазақстанда қос өкіметтің орнағанын мойындату болатын. Мұндай тактикалық қадамның негізінде қандай мақсаттың жатқанын қосымша құжаттар арқылы пайымдауға болады. Қалай болғанда да Сталин сөзінің Алашорданы қиын жағдайға қойғаны анық.

Келіссөзден соң араға бір күн салып Алашорда Кеңесі Сталиннің ұсынысын талқылап, мынадай мазмұндағы шешім қабылдап, оны Мәскеуге хабарлайды:

«1918 жыл марттың 21-інде біз Алашорданың мүшелері ұлт жұмысын басқарушы халық комиссары Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқан сөзін тексергеннен кейін Совет өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі деуге қаулы қылып, мынаны білдірдік:

1. Декабрьдің 5-нен 13-іне шейін Орынборда болған жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялаймыз. Алаш автономиясына кіретін облыстар: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей ордасы, Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Самарқанд облысының Жизақ уезі, Өмудария өңделі (бөлімі), Алтай губерниясына қараған Бииск, Барнаул, Змеиногор уездеріндегі қазақтар.

2. Жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Алашордаға қазақтан басқа халықтардан, көбінен көп, азынан аз он кісі сайланып кіреді.

3. Алаш автономиясында закон шығаратын һәм ел билейтін үкімет Алашорда болады.

4. Учредительный съезд шақырудың билігі Алашордада болады; бұған областной советтер жәрдемші боларға керек.

5. Алашқа қараған облыстардың һәм уездердің билігі қазақ пен мұжық, көбінен көп, азынан аз сайлап жіберген депутаттардың советінде болады; қалааралық билігі қала халқы һәм қалада тұрған жұмысшы, солдаттардың сайлаған депутаттарының советінде болады.

6. Жалпы халық көптен көп, аздан аз совет сайлап шығарғанша областной, уездный Қазақ комитеттері һәм мұнан басқа да қазақ сайлап қойған мекемелер бұрынғы

күйінде тұра береді. Земство һәм шаһар думалар да бұрынғы күйінде елдің шаруасын һәм оқу-оқыту жұмыстарын басқарып тұрады.

7. Қазақ-қырғыз өз арасындағы істерін өздері сайлап қойған областной һәм уездной соттары бітіреді.

8. Жалпы съезіміздің қаулысы бойынша қазақ-қырғыз арасында милиция құрылады.

9. Жергілікті Советтердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорданың оқу комиссиясының, қазақ комитеттерінің һәм земский управалардың мүшелері тоқтаусыз босатылсын һәм мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшырату тоқталсын.

10. Қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде совет өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел һәм Жаһанша Досмұхамедовтарды өкіл еттік. (Халел мен Жаһанша қазір автономия туралы Алашорда атынан сөйлесіп жатыр.)

11. Алашорданың жоғарғы шарттарын совет өкіметі тексеріп тез жауап қайырсын.

Бұл шарттарды түгел естігеннен кейін халық комиссары Сталин кешікпей төте телеграфпен ауызша жауап қайтаруға уағда қылды. Совет өкіметінің жауабы «Сарыарқаның» келер нөмірінде басылады¹.

Сталиннің ресми жауабын біз «Сарыарқаның» келесі нөмірлерінен кездестіре алмадық. Екі өкіметтің арасындағы келіссөз, шамамен, жоғарыдағы құжаттарда баяндалған өзара пікір алысумен аяқталған. Оған себепші болған, әрине, Кеңес өкіметінің Алашорда қойған шарттарды қабылдай алмағандығы еді. Орталық билікке әсіресе жайсыз тигені Алаш басшыларының «пролетарлық» негізде емес пайда болған «Алаш» автономиясын жариялаймыз», бұл автономияда «закон шығаратын һәм ел билейтін өкімет Алашорда болады», «бұған областной советтер жәрдемші» есебінде ғана, жалпықазақ-қырғыз съезінің шешіміне сай Алашорданың әскері құрылады деген пікірлері еді. Әлгінде ғана Ресей империясы құрамынан шығып, дербес мемлекет құруға ықылас танытқан Польша мен Финляндияның талабының толық негізді екендігін мойындап, оны қанағаттандыруға мәжбүр болған Орталық болшевиктік

¹ «Сарыарқа». 1918, №35.

билік қазақ басшылығының империя құрамында-ақ мемлекеттік автономияға ие болуға ұмтылысын елемеді. Сөйтіп большевиктер билігі өзінің ұлт саясатында түрлі деңгейлер ұстанатындығын анық аңғартып алды.

Ұлттар ісі бойынша халық комиссары Алашорданың қойған шарттарына тікелей ресми жауап берген жоқ. Бұл тарихи факті. Ал сонымен бірге жанама екіұшты жауаптың болғандығын жоққа шығарсақ әділетсіздікке ұрынар едік. Сол жылғы 28 наурызда Мәскеуден Семейдегі Қазақ комитетіне И.Сталин мен мұсылмандар ісі бойынша комиссар Вахитов қол қойған жеделхат жөнелтіледі. Онда «қырғыз істері бойынша Комиссариат құру үшін тез арада өкілдер жіберу» жөнінде ұсыныс айтылған еді¹. Бұл жеделхаттың Алашорда басшыларына жеткен-жетпегенін айғақтайтын материал бізге беймәлім. Жеткен күнде де оның Алашорда үшін, жұмсартып айтқанда, түсініксіз көрінгендігі өзінен-өзі белгілі.

29 наурыз күні Семейге Х.Ғаббасовтың (Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары) атына Мәскеудегі Алашорда үкіметінің өкілдері Х. және Ж.Досмұхамедовтардан жеделхат келіп жетеді. Онда Кеңес өкіметінің тұтқынға алынған қазақ қайраткерлерін тегіс босату туралы облыстық кеңестерге әмір бергендігі және Алашорда өкіметінің қойған талаптарына таяу арада жауап беруге уәде еткендігі айтылды. Сонымен бірге бұл жеделхат арқылы тағы да бір принциптік мәні бар хабар жеткен болатын. Ол ұлт істері бойынша Халық Комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылып, оның құрамына қазақ халқының өкілі есебінде енетін адамдарды Алашорданың «өзі сайлап» жіберетіндігі жөнінде хабар еді².

Біздің пікірімізше, Х. және Ж. Досмұхамедовтардың Халық Комиссариаты жанынан ашылмақ қазақ бөлімі туралы айтқанынан басқа жеткізген екі хабарына да сенуге болады. Алашорданың Кеңес өкіметі жанындағы ресми өкілдері ретінде олар, әрине, негізсіз нәрсені жазбайтыны анық. Бірақ бұл 29 наурызда жеткен жеделхатты Алашорда басшыларының 5 шілдеге дейін жария етпеуі, әрине,

¹ Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М. Казахский отдел народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. Алма-Ата, 1975. С. 66.

² «Сарыарқа». 1918, №37.

олардың жеделхаттағы жауапқа қанағаттанбауына байланысты болса керек. Семей қазақ комитетінің де, Алашорданың да Халық Комиссариаты жанынан қазақ бөлімін ашуға өкілдер жібермегендігі соның көрінісі деп айтуға болады.

Міне, осы кезден бастап қазақ даласындағы саяси белсенділік біржола Кеңес өкіметінің Торғай даласындағы комиссары Ө.Жангелдинге ауыса бастайды. Ө.Жангелдин И.Сталинге берген жеделхатында Комиссариат жанынан ашылмақ қазақ бөліміне өзімен келіспей ешкімді алмауды өтініп, соңынан ол бөлімнің меңгерушісі қызметіне соның алдында ғана өзіне көмекші етіп алған Мұхамедияр Тұнғачинді ұсынады. Артынша Тұнғачин Сталиннің бұйрығымен бұл орынға бекітіледі¹.

Сөйтіп, ел тағдырына қатысты үлкен саясатқа жеке бас аралық араздық та өз табын түсірген еді. Кезінде діни танымын өзгертіп, фамилиясын ауыстырғаны үшін «Қазақ» газетінің қатал сынына ұшыраған Ө.Жангелдин, енді өзінің ескі жауларымен күреске Ақпан революциясына дейін Орынбор қаласында жарық көріп тұрған «Қазақ» және татар басылымдарының цензоры, І жалпықазақ съезінен генерал-губернатормен бірге қуылған М.Тұнғачинді тартады.

Сол арада, әлі де болса Кеңес өкіметінің мойындауынан үміттенген Алашорда Х.Ғаббасов арқылы 1 сәуірде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Ұлт Істері Жөніндегі Комиссариатқа жеделхат жолдап, қазақ елінің жалпы-ұлттық мүддесін білдіретін Алашорда үкіметін тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етеді². Бірақ бұл уақытта Кеңес өкіметі Алашордадан біржола теріс айналып кеткен еді. Оны мынадай фактіден байқауға болады. Орталық билік сәуірде Кеңес өкіметінің Торғай облысындағы төтенше комиссары Ө.Жангелдинмен байланысып, оған Қазақ Кеңестері съезін дайындауды тапсырып, съезде Автономиялық Қазақ Кеңес Республикасын жариялауды көздейді³. И.Сталин Ө.Жангелдинге 1918 жылғы 7 сәуірде

¹ Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М. Казахский отдел народного комиссариата... С. 76, 78-80.

² Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. С. 425.

³ Сонда, 431-б.

жолдаған жеделхатында Кеңес өкіметінің мұндай ұстанымын былайша негіздеді: «Буржуазно-националистические группы требуют автономию для того, чтобы превратить ее в орудие закабаления своих собственных масс. Именно поэтому, признавая центральную советскую власть, они, вместе с тем, не хотят признать местных советов, требуя невмешательства в их внутренние дела»¹.

Кеңес өкіметінің ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы туралы айтып келген әңгімесі қазақ қоғамы жағдайында осымен аяқталған еді. Басқаша айтқанда, большевиктік басшылыққа ұлт-азаттық күрестің толық заңды нәтижесі есебінде пайда болған саяси ұлттық-мемлекеттік құрылым емес, пролетарлық Ресей үлгісіндегі, орталық билікке байлаулы мемлекеттік жүйенің қалыптасқаны керек еді. Бұл сөз жүзінде, теорияда ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын мойындаған Кеңес өкіметінің, іс жүзінде объективті, табиғи даму кезеңі «ұлттардың өзін-өзі билеуін алып тастап», жедел түрде, күштеп «еңбекшілердің өзін-өзі билеуін енгізу» саясатына көшкендігінің көрінісі болатын.

Міне, осындай жағдайда Кеңес өкіметімен жүргізілген келіссөздің нәтижесіз аяқталғанына көзі жеткен Алашорда басшылары басқа жол іздеуге мәжбүр болған-ды. А.Байтұрсынов сөз болып отырған оқиғалардың ізімен жазған «Революция және қырғыздар» атты мақаласында бұл жөнінде былай деп көрсетті: «Алашорда мүшелері 1918 жылдың наурызында төте сым арқылы орталық билікпен келіссөз жүргізді, бірақ бұл келіссөз Алашорда ұсынған келісім шарты жобасына ешқандай да жауаптың болмауына байланысты үзілді. Осы ұсынылған келісім шарт жобасында Кеңес өкіметі жария еткен Ресей халықтарының құқығы декларациясының негізгі талаптарынан тыс шығып жатқан ештеме болмағандықтан, Кеңес өкіметінің үнсіз қалып, келіссөзді тоқтатуы Алашордаға түсініксіз көрінді және бұл бағыттағы әрекетті мүлдем үмітсіз етті»². Кеңестік билік тарапынан түсінушілік пен қолдау табудан күдер үзген Алашорда, енді большевиктерге қарсы ымырасыз күрес

¹ Голощекин Ф. И. Десять лет пройденных и предстоящие задачи. Алма-Ата, 1930, С. 8.

² Байтұрсунов А. Революция и киргизы. «Жизнь национальностей». №29, 2 августа, 1919 г.

жүргізуді мұрат тұтқан Сібір уақытша үкіметі (Омбы) мен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің Самар комитеті қолдауына сүйеніп Алаш автономиясын баянды етуден үміттенді. Бірақ оның бұл әрекеті де нәтижесіз аяқталғаны мәлім. Сібірдегі Уақытша Бүкілресейлік үкімет 1918 жылғы 22 қазан — 4 қарашадағы грамотасымен Алашорда Халық Кеңесі үкіметін таратып жіберді¹.

Бірақ қазақ демократиялық зиялыларының 17-жылғы ұлттық мемлекет құру әрекетінің сәтсіз аяқталғандығы, бізге одан тиісті қорытынды жасауға кедергі бола алмайды. Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған әрекеті сол кездердегі ащы өмір талабынан туындаған бірден-бір тура шешім болатын. 1917 жылғы желтоқсанда өткен жалпықазақ съезі сайлаған Алашорда үкіметі ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелерді қазақ демократиялық зиялылары тарапынан терең ұғыну және оларды ұлттық мүдде тұрғысынан шешу үшін күрес арқасында өмірге келген тұңғыш ұлттық үкімет болатын. Өрине, бұл үкіметтің де өз заманы мен шыққан ортасынан бастау алатын шектеулі жақтары болуы әбден ықтимал. Дегенмен оның негізгі жалпыұлттық мүдделер үшін қызмет етуге даяр болғандығы ешқандай да дәлелдеуге мұқтаж емес. Қазақ қоғамы мәселелерін терең және тура түсініп, оларды сол тарихи жағдайда шеше алу мүмкіндігі жағынан ол кезде Алашордаға балама үкімет жоқ еді.

Сонымен бірге Алашорда жүріп өткен жол қандай демократиялық ұрандарды жамылғы етпесін, бірақ ұлтаралық қатынаста, ұлттық мәселелерге келгенде ұлыдержавалық, империялық мүдделерден асып кете алмаған саяси билік жағдайында ұлттық автономия мен өзін-өзі басқару мұратының іске аспайтындығының айқын көрінісі болды. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі тәжірибесі көрсетіп берген ең негізгі тұжырым осы еді. Сондай-ақ бұл қозғалыс берген келесі сабақ, ұлттық бостандық пен тәуелсіздік жалғыз ұлт зиялыларының жанқиярлық еңбегі арқасында ғана емес, жалпыұлттық, барлық әлеуметтік күштердің түпкі мақсат үшін ұйымдасқан қажырлы, саналы күресі нәтижесінде келетіндігі еді.

¹ Сібір Уақытша Бүкілресейлік үкіметінің қаулысы «Сарыарқа» газетінде орыс тілінде жарияланған. («Сарыарқа», 1918, №60.)

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Сонымен, XX ғасырдың бас кезінде екі бірдей — отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп тірелсе, екінші жағынан, ортағасырлық ұйқыдан оянып, басқа елдермен бірге өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Бұл оның азапты тарихындағы сапалы жаңа кезең еді. Өйткені енді ол бұрынғы күйде өмір сүре беруге болмайтындығын, ал жаңа заман, жаңа өмір, жаңа тұрмысқа көшу үшін оған кедергі болып отырған қоғамдық мерездерді жою мәселесін батыл қойып, олардан арылу жолын ел болып іздеу қажеттігін түсіне бастады. Өзін-өзі тану аталатын бұл азапты үдерістің басында қазақ қоғамы үшін жаңа, дербес әлеуметтік-саяси күш — ұлт зиялыларының алғашқы буыны тұрды.

Басым бөлігі Ресейдің оқу орындарында білім алып, прогресшіл демократиялық орыс интеллигенциясының қуатты ықпалында болып, сол арқылы еуропалық озық оймен танысып, Ұлы француз революциясының принциптерін өз туларына жазған қазақ зиялылары өздерінің бастапқы табиғи міндеті — оқу-ағарту ісімен қанағаттанбай, сонымен бірге білек түрініп саясат ісіне араласып, сол арқылы да өз халқына қызмет жасауды алдына мақсат етіп қойды. Олар кім болды, ағартушы-ғалым ба, жоқ әлде қоғам-қайраткері, саясаткер ме деген сауалға бүгінгі таңда қазақ зиялыларының қызметін кесіп-пішіп бұл жіктеудің бір жағына жатқыза қоятын қоғамтанушы-ғалым табыла қоймас. Өйткені, аяқталуға бет алған XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметінде бұл екі еңбек салалары бірдей көрінді. Басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Қазақ қоғамының даму кезеңі, соған сай қалыптасқан қоғамдық сұраныс қазақ зиялыларынан туған елі үшін ағартушы ұстаздықты да, болашақ үшін күресе алатын қайраткерлікті де талап етті.

Егер біз қазақ зиялыларының қызметін алдын ала дайындалған белгілі бір идеологиялық схемаға салмай нақты деректерге сүйене отырып, объективті негізде халық өмірімен, оның сол тұстағы негізгі табиғи мүдделерімен байланыста қарар болсақ, онда патшалық төртіп жандарм орындары айтқандай «сепаратистік» әрекетті де,

большевиктік идеологтар «дәлелдеп» қойған «буржуазиялық ұлтшылдықты» да көрмейміз, қайта империяның темір құрсауындағы елін бостандық, теңдік және туысқандық жолына алып шығу үшін өздерінің азаматтық күш-қуатын, адамдық бар қасиетін арнаған ерліктің үлгісін көреміз.

Қазақ зиялыларының бұл қоғамдық-саяси қызметі 1905—1907 жылдардағы тұңғыш орыс революциясы тұсында және одан соңғы жылдары түрлі революциялық істерге белсенді араласуынан, орталық билік орындарына қазақ елінің негізгі мұқтажын білдіретін арыз-шағымдарын ұйымдастыруынан, саяси партия (қазақ конституциялық демократиялық) құру әрекетінен, ұлттық басылымдар шығаруға жасаған дайындығынан, сондай-ақ сол тұстағы ресейлік шындық үшін үлкен саяси оқиға болған Мемлекеттік Дума жұмысына атсалысуынан және басқа қазақ қоғамы жағдайында мүлдем тың қызметінен айқын көрінді. Нақ осы мезгілде өмірге келген түрлі құжаттардан қазақ зиялыларының қоғамдық дамуға байланысты көзқарасы, ұстанған бағыт-бағдары да анық байқалды. Ол көзқарастың негізгі мазмұны осы уақытқа шейін кеңестік тарихнама айтып келгендей, күні өткен феодалдық-патриархалдық тәртіпті қорғауға немесе жаңа буржуазиялық қатынастарды тездеуге де саймайтын еді. Оның мазмұнын сол тарихи кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыс пен ортағасырлық қоғамдық мешеулікке қарсы күрес мүддесі айқындады.

Қазақ қоғамында жаңа саяси күштің өмірге келіп, күреске араласа бастағанын патша жандармдары байқамай қойған жоқ. Жалпыресейлік демократиялық күштерді тұқыртуды көздеген Столыпин реакциясы енді ғана қаз тұра бастаған қазақ зиялы қауымына да жетті. Қазақ зиялыларының ең белсенді тобы жер аударылды, абақтыға жабылды. Осыдан соң қазақ тарихында тұңғыш рет империялық зорлыққа ұйымдасқан интеллектуалды күш қарсы тұрды. 1911 жылдан бастап жүйелі түрде шыға бастаған «Айқап» журналы және 1913 жылдан жарық көрген «Қазақ» газеті жалпыұлттық өзекті саяси мәселелерді көтеріп, талқыға салып, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына жол ашты. Бұл ретте, әрине, Орынбор қаласында жалпыұлттық дәрежеге

көтерілген «Қазақ» газетін шығарып тұрған үштік (А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейханов және М.Дулатұлы) жаңа өріс ала бастаған азаттық үшін күрестің ұйытқысы болып, оның тактикалық және стратегиялық міндеттерін айқындай аларлық деңгейге көтерілді.

1916 жылғы оқиғалар ұлт зиялыларының жалпыұлттық мәселелерді түсінуде тура жолда тұрғанын көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге кемел саяси бастаушы күшке айнала бастағанын да байқатты. Қазақ зиялыларының көтерілісті болдырмау мақсатында жасаған әрекетінің дұрыс екендігін оқиғалар барысы көрсетіп берді. Көтерілісшілер қатаң жазаланды (әсіресе, Жетісу облысында), соның салдарынан қазақ халқының үлкен бөлігі босқынға ұшырады, мал-жанынан, жерінен айырылды. 16-жылғы көтеріліс қазақ жұртына дербес ел болып қалу үшін оның ұлттық мүддесін қорғай аларлық қабілеті бар ұлттық мемлекеттік құрылымның керек екендігін дәлелдеп берді және ол ескі хандық-басқару жүйесі бола алмайтындығы да айқын еді. Сондай-ақ бұл оқиға ұлт-азаттық қозғалыстың ескі әдістерінің күні өткендігін, басты мақсатқа жету үшін заман рухына сай жаңа мазмұндағы әрекет пен қимыл елді бастай алатын қуатты бастаушы күш қажет екендігін тағы да аңғартты. Ондай күш сол қоғамның ішінде пісіп-жетіліп келе жатқан еді. Ө.Бөкейханов пен «Қазақ» газетінің шақыруымен қазақтың жас зиялыларының үлкен тобы майдандағы қара жұмысқа алынған жұмысшылармен бірге болып, оларға қызмет, көрсетіп, өздері сол арқылы нағыз саяси есею мектебінен өтті.

Қорыта айтқанда, 1905—1916 жылдар аралығында қазақ зиялылары үлкен күрес жолынан өтіп, өзінің ішкі және сыртқы қарсыластарымен айқаста мол тәжірибе жинады. Олар енді, әрине, I орыс революциясы жылдарындағыдай қазақ облыстарында кадет партиясының филиалын құру сияқты әрекетке бармайтын еді. Сондай-ақ қазақ зиялылары 1905—1907 жылдары өзі имандай сенген Мемлекеттік Дума сияқты империялық өкілетті орындардың да не екенін жақсы ұғынды. Бұл уақытта ол өзінің әлеуметтік құрамы жағынан да, ең негізгісі ұстанған саяси бағыты (жалпыдемократиялық, жалпыұлттық) тұрғысынан да ұлттық-демократиялық күш деңгейіне толық жеткен болатын. Бұл жолда қазақ зиялылары орыс демократиялық

интеллигенциясымен, отарлық тәуелділіктегі басқа елдердің, әсіресе, татар зиялыларымен бір болды. Ендігі уақытта оның алдында мүлдем жаңа сападағы биік міндеттер тұрды. 1917 жылғы түбегейлі өзгерістер соны көрсетіп берді.

1917 жылғы Ақпан революциясын қазақ демократиялық зиялылары өзінің негізгі жауының құлауы, яки саяси биліктің құр ауысуы ғана деп қабылдаған жоқ. Олар үшін бұл өзгеріс, ең алдымен, қазақ елін құлдық тәуелділікте, ортағасырлық надандықта ұстаған саяси жүйенің тарих сахнасынан кетуі, сөйтіп өз орнын империя құрамындағы халықтарға бостандық, теңдік және туысқандық алып келген жаңа мемлекеттік құрылымға беруі еді. Сондықтан да қазақ зиялылары Ақпан революциясынан кейінгі уақытта жаңа қоғамдық өзгерістерге белсенді түрде араласып, бүкіл қазақ жері көлемінде съездер өткізіп, солар арқылы халықтың талап-тілегін жинақтап, жаңа саяси жағдайда елдің мүддесін қорғауға тиіс болған облыстық, уездік және болыстық қазақ комитеттерін құруға басшылық жасады. Олар Уақытша үкіметтің мемлекеттік басқару жүйесінде комиссарлық (Бөкейханов, Тынышбаев, Бірімжанов, т. б.) және басқа қызметтер атқарып, қызу түрде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дайындық жасап, сол арқылы өз ұлтының өмірін түбегейлі өзгертуден, жақсартудан үміттенді. Ақпан революциясының жеңісі нәтижесінде пайда болған Қазақ комитеттері, олардың ойынша, Қазақ ұлттық мемлекетінің бастапқы сатысы болатын. Ал осы жылғы шілде айында өмірге келген «Алаш» партиясы қазақ зиялыларын, бүкіл қазақ жұртын негізгі мақсат — ұлттық бостандыққа жету үшін күреске жұмылдыруға тиіс еді.

Қазақ демократиялық зиялылары егер Ақпан революциясын, А.Байтұрсынұлы тап басып атап көрсеткендей, қандай үлкен құлшыныспен қабыл алса, Қазан төңкерісіне келгенде сондай салқындық танытты. Оның себебін қазақ зиялыларының шыққан әлеуметтік тегімен ғана байланыстыру, әрине, қателік болатын. Мұндай айқындаманың түп-төркіні, ең алдымен, қазақ қоғамының сол тұстағы даму сатысынан, оның отарлық тәуелділік жағдайынан туындап жатты. Қазақ демократиялық зиялылары, ең алдымен, большевиктердің бағдарламасын-

дағы тап күресі және қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Қазақ зиялыларының пікірі бойынша, *біріншіден*, мұндай шаралар міндетті түрде дәстүрлі қазақ шаруашылығын апатқа ұшырауға алып келетін болса, *екіншіден*, отарлық тәуелділіктегі қазақ жұртына қандай да болсын жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдде негізінде бірігу аса қажет еді.

Осы айтылған пікірге байланысты «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін большевиктер партиясының басшылығымен болған социалистік революция мен Кеңес үкіметіне қарсы қою үшін қазақ «ұлтшылдары» ойлап тапқан құрылымдар есебінде қарамай, қазақ елінің өз ұлттық тәуелсіздігі мен мемлекеттік дербестігіне ұмтылысының табиғи көрінісі, ғасыр басынан бері осы бағытта мақсатты қызмет жасаған қазақ демократиялық зиялыларының қажырлы еңбегінің нәтижесі есебінде қарау негізді болмақ.

Қазақ демократиялық зиялыларының тар таптық немесе ұлттық мүдделерден гөрі жалпыадамзаттық қасиеттерге ден қойғандығы 16-жылғы көтеріліс нәтижесінде босқынға ұшыраған қырғыз халқына көрсеткен көмегінен, Алашорда үкіметі құрамындағы 25 орынның оның қазақ жеріндегі басқа ұлт өкілдеріне қалдырғандықтарынан, Түркістан өлкесіндегі басқа ұлт-азаттық күштермен бірігіп, Түркістандағы Кеңестік билікті империялық ұлттық үстемдік құралына айналдырғысы келген жаңа билікке қарсы Қоқан автономиясын жариялауынан айқын көрінді.

«Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі бағдарламасы белгілі дәрежеде қазақ жұртына большевиктер ұсынған кеңестік даму жолымен бір мезгілде өмірге келген балама (альтернативтік) өркендеу жолы болатын. Біз бұл арада алаш зиялылары ұсынған жолды мінсіз, бірден-бір тура дара жол еді деп отырғанымыз жоқ. Бірақ сол тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарыстан өркеніетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаш зиялылары ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені алаш зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркеніетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан

ары жетілдіре түсуді көздеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол еді. Өрине, мәселенің мұндай деңгейде шешілуі қазақ қоғамы үшін сол даму сатысындағы барлық өзекті мәселелердің біржола, түгелдей жойылуы дегенді білдірмейтіні түсінікті. Бірақ шынайы ұлттық бостандық пен ұлттық мемлекеттің орнауы ғана ол үшін өркениетті дамудың алғышарты болатын.

Кеңестік тарихнама алаш зиялыларының тарихи рөліне байланысты мұндай тұжырымға барғысы келмеді. Өйткені мұндай тұжырымдама тоталитарлық жүйе идеологтары жасаған «қазақ қоғамының ішінде оны ортағасырлық мешеулік пен дағдарыстан прогресс жолына алып шыға алатын әлеуметтік күш болған емес, бұл тарихи миссия орыс пролетариаты мен большевиктер партиясы үлесіне тиді» деген тұжырымға қайшы келетін еді. Соған байланысты кеңестік тарихнамаға қоғамдық дамуда мешеу, артта қалған, өз арасында көш бастаушы әлеуметтік-саяси күші жоқ, тек қараңғы, надан көшпелі шаруалар тобырынан тұратын қазақ қоғамына қазақ жеріне келіп орын тепкен қоныс аударушылардың ағартушылық, мәдениеттендіру миссиясын түсінүшілікпен қабылдап, әлемдегі ең алдыңғы революциялық теориямен қаруланған орыс пролетариатының авангардтық рөлін дұрыс түсініп, соңынан еруден басқа ештеңе қалмағандығын дәлелдеу ғана қалған еді.

Қазақ демократиялық зиялылары қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді. Ө.Бөкейханов 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере-бере жүретін алдымызда зор шарттар бар»¹, — деп жазды. Бірақ қазақ елі 1917 жылы олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал большевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Ол үшін Қазақ демократиялық зиялыларының ешқандай да кінәсі жоқ. Туған елінің бостандығы үшін соңғы деміне шейін күрескен оның өзі де империялық зорлықтың құрбаны болды.

¹ «Қазақ». 1917, №235.

Қазақ демократиялық зиялыларының ұстазы әрі көп бастаушысы Ө.Бөкейханов 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «мен ұлттық мәселелер турасында ашылып тек Байтұрсынов және Дулатовпен ғана сөйлесуім ықтимал, бірақ солардың өзімен сырласқан күннің өзінде біз қандай да бір тактикалық мәселелер төңірегінде пікір алысқан емеспіз, ал егер «ұлтшылдық» тақырыбына сөйлесе қалған күнде, біз тағдырға налып «егілумен» болдық»¹, — деп көрсетті.

Бұл, әрине, дүлей күштің алдында шарасыздықтан туған көңіл күйі екендігі түсінікті және ол қазақ демократиялық зиялыларының ғасыр басында атқарған зор тарихи еңбегі нәтижесіз аяқталды дегенді білдірмейді. Ө.Бөкейхановтың қаһарлы 17-жылы қойған сауалына жауапты тарихтың өзі берді. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өз халқын ұйқыдан оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін жүргізген жанпида күресі туған халқымен бірге мәңгі жасамақ, ал бүгінгі күнде олардың азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі ретінде қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде.

Қазақстан өз мемлекеттік дербестігін алғаннан бергі уақытта жаңадан қалыптаса бастаған мемлекеттің сипаты жөнінде айтыс қайта тұтанып отыр. Өтпелі кезеңдерге төн бұл әңгімеде, белгілі дәрежеде, ғасыр басындағы ұлт зиялылары да қатысып отырғандай әсер қалдырады. Осыған орай А.Байтұрсынұлының ОГПУ тергеушілеріне берген мынадай жауабы еріксіз еске оралады. Ол Кеңес өкіметіне қатынасын білгісі келген тергеушінің сауалына: «Менің идеалым қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын»², — деп жауап берген еді. Ұлы күрескердің бұл пікірін мүдірместен демократиялық дәстүрлерге берік бүгінгі қазақ, Қазақстан зиялылары да қайталайтындығына біздің ешқандай да шүбәміз жоқ.

1-кітаптың соңы

¹ ҚР ҰҚКМ, 78754-іс, 3-т., 192-п.

² Сонда, 6-т., 77—78-п.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
---------------	---

I тарау. ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІҢ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ

Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі кейбір ерекшеліктері ...	36
Қазақ жерін отарлаудың жаңа кезеңі және негізгі қорытындылар ...	43
а) Қазақ жерін пәрменді отарлау саясатына көшуге дайындық	—
ә) Қазақ жерін отарлаудың жаңа кезеңі және оның негізгі қорытындылары	50
б) Жерге орналастыру саясаты	72
Қазақ облыстарындағы отаршыл әкімшіліктің қызметі	85

II тарау. ҰЛТТЫҚ ЕЗГІГЕ ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ КҮШЕЮІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1905—1916 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ зиялыларының бірінші орыс революциясы жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі	104
Мемлекеттік Дума және қазақ зиялылары	131

III тарау. ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ ҮШІН КҮРЕС ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫ (1908—1916 ЖЫЛДАР)

Ұлт зиялыларын қудалау саясаты	160
«Қазақ» газеті. Отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы күрес идеологиясының қалыптасуы	181
Қазақ ағартушылығы	196
Қазақ ұлтшылдығы	210

IV тарау. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТҮСЫНДА

Қазақ зиялылары Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде	230
--	-----

Ұлт зиялыларының 1916 жылғы көтеріліс қарсаңындағы және тұсындағы қызметі. Көтерілістің ұлтаралық қақтығысқа ұласуы	240
Қазақ зиялылары майдандағы қара жұмысқа алынған отандастары арасында	261

V тарау. АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢУІ ЖӘНЕ ҰЛТ- АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Ақпан революциясы және қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жаңа міндеттері. Қазақ комитеттерінің құрылуы және олардың қызметі	284
Ө.Бөкейханов Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары	320
Уақытша үкіметтің жер саясаты және Ө.Бөкейханов	335
М.Тынышбаев және О.Шкапский Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшелері, қырғыз босқындарына көмек ұйымдастырушылар	351

VI тарау. I ЖӘНЕ II ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІ. «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ МЕН АЛАШОРДА (ҰЛТ КЕҢЕСІ) ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

I (шілде) жалпықазақ съезі. «Алаш» партиясының құрылуы және оның қоғамдық қызметі	382
II (желтоқсан) жалпықазақ съезі. Алашорда үкіметінің құрылуы	423
а) Алашорда және Қоқан автономиясы	438
ә) Алашорда және Кеңес үкіметі	458
Қорытынды	467

Автор монография-
лық еңбегін
толықтырып екінші
басылымын даярлауда
қолдау жасаған
Алтынбек Сәрсенбаев
атындағы қорға өз
ризашылығын білдіреді.

Научно-популярное издание

Койгельдиев Мамбет Кулжабаевич

ДВИЖЕНИЕ АЛАШ

Монография

В двух томах

Том первый

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное, дополненное

Редакторлары *Ш. Дүйсенбайұлы, А. Тажидаева*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*

Корректоры *З. Парманқұлова*

Компьютерде беттеген *Г. Әлімшеева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ №6298

Басуға 30.06.21 қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі «Школьная». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 25,20+1,68 жапсырма. Шартты бояулы
беттаңбасы 25,73. Есептік баспа табағы 24,12+1,287 жапсырма.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Факс: 8(327) 277-85-11, 277-85-44.

Тел.: 8(327) 277-82-50, 242-26-24.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz